

Мырза Мұхаммед Айдар Дулат

# ТАРИХ-И РАШИДИ

## Толық нұсқасы

**Парсы тілінен аударған**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
«Тұран-Иран» ғылыми-зерттеу орталығының директоры,  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
Ислам ЖЕМЕНЕЙ*

1-кітап

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2020

ӘОЖ 94 (574)  
КБЖ 63.3 (5 Каз.)  
М 86

**Ақылдастар алқасы:**

Ә. Дербісәлі, М. Мырзахметұлы, С. Елубай, Б. Кәрібай, Т. Тебеген,  
Ы. Палтөре, Т. Төлебай, Н. Абдырақын

**Мұхаммед Айдар Дулат**

М 86 **Тарих-и Рашиди. 2 кітап** / ауд. И. Жеменей. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. 1-кітап. – 367 б.

**ISBN 978-601-04-4314-3 (ортақ)**

**ISBN 978-601-04-4315-0 (1-кітап)**

«Тарихи-и Рашиди» шығармасының қазақша аудармасы Душанбе, Ташкенттің қолжазба нұсқалары және Тегранда жарық көрген А. Фаффарифәрдтың текстологиялық еңбегі негізінде жасалған. Шығыстанушы И. Жеменейдің 2014 жылы Тараз мемлекеттік университетінде жарыққа шыққан парсы тіліндегі текстологиясы мен Табатабаи университетінің ғалымы Бейруз Бабаимен бірлесіп, Иран-Қазақстанда жаңадан жарық көрмек басылымы бойынша толық нұсқасы ұсынылды.

Бұл ғалымдарға, тарихсүйер қауымға, дінтану, филология, психология, философия, география, этнография, саясаттану, тіл және т.б. салалардағы зерттеушілерге берері мол еңбек болмақ. Кітапта алғаш рет адам есімдері, жер-су аттары түгелдей қазақ әліппесінің таңбасы бойынша транскрипцияланды.

**ӘОЖ 94 (574)**  
**КБЖ 63.3 (5 Каз.)**

ISBN 978-601-04-4314-3 (ортақ)  
ISBN 978-601-04-4315-0 (1-кітап)

© Жеменей И., 2020  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020



## АЛҒЫ СӨЗ

«Тарих-и Рашиди» еңбегін Мырза Мұхаммед Айдар Дулат парсы тілінде 1542–1546 жылдары Кашмирде жазған. Энциклопедиялық шығарма XIV ғасырдың бірінші жартысынан бастап – XVI ғасырдың орта шеніне дейінгі Орта Азия, Тибет, Иран, Үндістан, Ауғанстан және т.б. аймақтардағы тарихи-саяси оқиғаларды баяндайды. Мырза Айдар бұл кітапты жазуда Шыңғыс ханның Шағатай ұрпағынан болған Тоғлықтемір ханнан бастап, оның соңғы нәсілі Саид хан мен оның баласы Рашид ханның саяси тарихын келешек ұрпаққа жеткізуді мақсат еткен. Сондай-ақ еңбекте аталған ғасырларда Шағатай, Жошы әулеттері, Әмір Темір және Ирандағы билік құрған Шейх Сәфи династиясы арасындағы саяси бәсекеден туындаған тартыстар мен шайқастар және оның салдары туралы тұшымды мәліметтер беріледі. Сонымен бірге Орта Азиядағы түркінің саяси құлашының Қытай мен Үндістанға дейінгі кеңістікке созылғанына куәлік береді. Қазақ елінің тарихындағы саяси бастауларға негіз болған себептер жайлы сөз қозғап, Қазақ хандығы 1465 жылы құрылған деп шамалап жазғаны – аса маңызды мағлұмат. Мұны тарихшылар дерек ретінде қарастырады. Сондай-ақ «Тарих-и Рашидиде» қазақ халқының көшпенді мәдениетін шынайы суреттей білген. Бұл еңбекте көрсетілген бұрыннан қолданыста келе жатқан түркілердің ондаған сөзі тіл мамандарын да бей-жай қалдырмайды. Аталған жайттар еңбектің тарихи құндылығын арттыра түседі. Тарихи маңыздылығымен бірге кітаптың әдебиет және география ғылымдарына қосқан үлесі де бір төбе. Ал сопылық әдебиеттің дүниесімен етене танысу үшін бұл еңбек – баға жетпес туынды. Қысқасы, «Тарих-и Рашиди» – тарих, әдебиет, тіл, география, философия, психология, елтану, дінтану салаларына берері мол шығарма ретінде өте құнды еңбек. Ғасырлардың қойнауынан жеткен құнды кітапты оқыған кез келген ізденуші өміріне сарқылмас рухани, ғылыми нәр аларына бек сенімдімін. Бұл Тәжікстан, Өзбекстан және А. Ғаффари-Фардтың Лондондағы қолжазбаларының негізінде жасалған текстологиялық еңбектің арқасында күні бүгінге дейін жасалған ең толық аударма нұсқа боп саналады.

Екіншіден, осы басылымда кітаптың тарихи, әдеби, діни және тілге қатысты мән-маңызы жайында кіріспе жазып, оқырманның кітаптың ішкі мазмұнымен терең танысуына мүмкіндік бердік. Үшіншіден, «Тарих-и Рашидидің» күні бүгінге дейінгі жасалған аудармалары, қолжазба нұсқалары, текстологиялық еңбектері және кітаптың пайдаланған қайнарлары һәм оны дереккөз ретінде қолданған өзге еңбектерді де көрсеттік. Төртіншіден, кітапта қолданылған түркі өлеңдері мен көне түркі сөздеріне де тоқталып, түсінік бердік. Бесіншіден, адам аттары мен жер-су, тайпалардың атауын қазақша транскрипцияладық.

Қорыта айтқанда, бұл еңбектің артықшылығымен қатар кемшін тұстары да болуы мүмкін. Оқырман таразыға салып, әділ бағасын берер деп үміттенеміз.

Қазіргі уақытқа дейін қазақ әдебиетінде адам және жер-су аттарын жазу мен айтуда бірізділік болмай келеді. Оның себеп-салдарын анықтау үшін қазақ әдебиетін Абайға дейінгі ауыз әдебиеті және Абайдан кейінгі жазба әдебиеті дәуірі деп қарастыруға болады. Себебі бірінші дәуірде қазақ тіліне шет тілдерден енген адам, жер-су аттары айтылуы әртүрлі болып қолданылды. Мәселен, محمد есімі: «Мұхаммед», «Мәмет», «Мәмбет», «Мағамбет», «Махамбет» сынды түрленіп айтылды. Ал екінші дәуірде кириллицаға көшкен соң қазақ оқымыстылары адам, жер-су аттарын орыс тілінен көшіріп, орысша транскрипциямен бере бастады.

Әр ұлттың өзіне тән дыбыстық аппараты бар. Сондықтан әр ұлт өзіне тән фонетика заңына сай дамып, жетіледі. Осыған орай қазақ тілі шет тілден енген сөздерді өзінің дыбыс заңдылығына бағындырып айтады. Мәселен, مرواريد сөзі парсышада «Морварид» болса, қазақ тілінде «Меруерт» делінеді. Мәселен, حسن және حسين есімдері: «Асан» және «Қасан», «Үсен» және «Құсан» болып айтылады. Ал кеңестік дәуірде қазақ тілінің табиғи заңдылығы жасанды түрде өзгеріске ұшырады. Онда «Асан» мен «Қасанның» орнына орысша айтылуына еліктеп «Хасан» дей бастадық. (حيدر) «Айдар» немесе «Қайдардың» орнына орысша айтылуымен «Хайдар» деп жаза бастадық. Әр ұлттың тілі таза болып қалуының бір факторы – сол тілдің фонетикалық заңына бағыну.

Қазақ тілінің екінші проблемасы – грамматикалық ережеге көңіл бөлу қажет. Кеңестік дәуірде қазақтың шығыстану саласы толықтай жабық күйде болды. Сол себептен қазақ ғалымдары ортағасырлық араб жазуының негізінде қолданыста болған араб, парсы және түркі тілдерін үйренуден ажырап қалды. Сондай жағдайда орыстілді шығыстанушы-ғалымдардың еңбегі арқасында «Түркістани», «Фараби», «Тарази» сынды ғалымдардың атын ести бастады. Ондай лақап есім алғандар өздерінің туған өлкесін ұмыттырмау үшін әдейі қойған. Мәселен: Түркістан өлкесінен екенін білдіру үшін «-и» (ی) жұрнағын (ترکستان+ی)=(Түркістан+и) жалғады. Сонда «-и» жұрнағы араб-парсы тілдерінде қатыстылықты білдіреді. Қазақша айтқанда, «түркістандық» болып шығады. Кеңестік дәуірде «Дулат» деген лақап есім сондай үлгіге сай «Дулат+и» болып жазылып кетті. Ол кезде Қазақстанда шығыстану аяққа нық тұра қоймаған болатын. Адам немесе ру-тайпалардың атына «-и» жұрнағы жалғануы қазақ тілінің грамматикалық заңына сай келмейді. Қазақтан «Қай рудансың?» деп сұрағанда, «Мен дулаттықпын», – демейді. Сондықтан қатыстықты білдіретін «-и» (ی) жұрнағын қолдану ана тіліміздің ережесіне қайшы. Ал жер-су, мекен аттарына қазақ тілінде де жұрнақ қолданылады: «-дық». Мәселен, «Мен тараздықпын». Демек, «тараз+и» сол «тараздық» ұғымымен сәйкес.

Кейін осы ізбен «Тарих-и Рашиди» еңбегінің авторы «Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати» болып айтылып әрі жазылып кетті. Бұл 1989 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Шығыстану факультеті



шығыстанушы-ғалым Әбсаттар Дербісәлінің бастамасымен ашылғанға дейін қалыптасып кеткен. Мұндағы «Хайдар» мен «Дулати» қазақ тілінің дыбысталу заңы мен грамматикалық ережесіне сәйкес емес. Дұрысы – «Айдар Дулат», яғни толықтай «Мырза Мұхаммед Айдар Дулат».

«Тарих-и Рашиди» кітабының авторы еңбегінде өзі жазғандай, туған ата-сының толық атын алған: «Мырза Мұхаммед Айдар». Ал оны атасымен шатастырып алмау үшін достары қысқартып «Мырза Айдар» атап кеткен. Автор кітабында «Дулат» лақап аты туралы мүлде сөз қозғамаған. «Сонда «Дулат» атауы қайдан шықты?» деген сұрақ туындайды. Оның жауабын табу үшін ізденіп, дерегіне жеткен болдық. Бабыр империясының үшінші патшасы Ақбар шаһ (1542–1605) тұсында жарық көрген «Мыңжылдық тарих» (تاریخ الفی) еңбегін жазуда авторлар «Тарих-и Рашидиді» дереккөз ретінде пайдаланған. Мырза Айдардың елін көрсету үшін шыққан тайпасының атауын қосады. Содан бастап «Мырза Мұхаммед Айдар Дұғлат» деп қолданылды. Кейін Еуропа ғалымдары да «дұғлат» лақабымен қосып атады. Ш. Уәлиханов жазбаларында «дұғлат» деп жазады.

Ел-жұрт «Дулати» деп айтқанмен, ғылыми немесе көпшілік жазбаларда «Дулат» деп дұрыс атауды кейінгі ұрпаққа үйреткен жөн. Әсіресе дулат – түркілер тайпасының тарихи аты. Шетелдің бірде-бір зерттеуші ғалымы «Дулати» деп айтпаған және жазбаған. Жалпы тілдің даму процесінде қатаң дыбыстар жазылса да айтылмай, сөздің жеңіл де нәзік айтылуының – ұяң дыбыстарға ауысудың өрісі кеңейіп келеді. Осы заңдылыққа орай «Қайдар» қазақ тілінің дыбысталу заңына сәйкес болса да, айтылуға жеңіл «Айдар» нұсқасын таңдадым. ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Тіл комитеті осы маңызды мәселеге көңіл бөліп, «Тарих-и Рашиди» кітабы авторының аты-жөнін айтылған уәждерге сәйкес «Мырза Мұхаммед Айдар Дулат» деп аталуын тиісті мамандармен комиссия құрып, олардың кеңесі негізінде бекітіп берген жағдайда бір ізге түсер еді.

Осы орайда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанұлы мырзаға «Тұран-Иран» ғылыми-зерттеу орталығын ашып, тұрақты және жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізуге мұрындық болып, тарихымызды жанаша көзбен зерделеуге мүмкіндік туғызғаны үшін зор алғыс айтамын. Университеттің зерттеу орталығында түркі тарихы мен әдебиетіне қатысты ондаған мақала жарияланып, бірнеше еңбек жарық көрді. Әбсаттар Дербісәлі, Мекемтас Мырзахметұлы, Смағұл Елубай, Берекет Кәрібай, Темірхан Тебеген, Ықтия Палтөре, Тұрқанжан Төлебай, Нұрхалық Абдырақын сынды ғалымдар тарихи тамырымызды тереңнен зерттеуде қолдау білдіріп, демеп жүргендіктен оларға һәм тілектес зиялы қауымға ризашылығым шексіз.

Ислам ЖЕМЕНЕЙ

Кітаптың негізгі мәтіні 98-беттен басталады. Сол беттегі тік жақша арқылы көрсетілген сандар Тәжікстанның Душанбе жазба деректер институтының қолжазба қорындағы № 475 қолжазба негізінде беттелген.

Сондай-ақ кітаптың соңында берілген адам және жер-су аттары қолжазбадағы беттер бойынша көрсетілді.



## ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКНАМАЛАРЫ

Кез келген ел өзінің тарихын зерттеуде үш дерекке жүгінеді. Олар: археология, жазба дерек және фольклор (салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ауыз әдебиеті...). Бұл үш саланың өзіндік ерекшеліктері бар. Оның құпиясы бүгінгі сол елдің тілімен шешіледі. Яғни оның құпия-сырын тек қана ана тілімен ұға алады. Сол себептен әр саланың дерегін ана тілде сөйлету тарих құпиясын ашуға көмектеседі. Ал біз жазба деректерді қазақ тілінде сөйлетуді арман тұтамыз. Тарихи шындықты тану үшін өз тілімізге жүгінуді қажетсіндіреді. Осы орайда «қазақ» сөзіне, мәдениетіне, тіліне және тарихына қатысты бірнеше жазба дерек бар. Саралап көрейік.

### «ЗАФАРНАМА»

«Қазақ» сөзі ортағасырлық парсы, түркі тілдеріндегі жазба деректерде қай уақтан бастап қолданылған? Қандай мағынада қолданып келген?» деген сұрақтарға жауап іздейік. Қолда бар жазбаларға сүйенсек, алғаш рет «қазақ» сөзін тарихшы Шарафеддин Әлі Йәзди (туған жылы белгісіз – 1454 жылы қайтыс болған) 1424–1425 жылдары парсы тілінде жазған «Зафарнама» кітабынан кездестіреміз. Кітап негізінде Әмір Темір салтанат құрған (1370–1405) жылдардағы оқиғаларды қамтиды. Ал кіріспе бөлімінде түркі тайпаларының пайда болуы, Шыңғыс ханның төрт ұлының билігінің тарихы, Орта Азия мен көршілес елдердің XIV ғасырдың бірінші жартысындағы саяси ахуалы, сол кездегі ру-тайпалардың кіші билеушілерінің аймақтарды әмірліктер мен сұлтандықтарға бөлшектеп билегендері және таққа талас-тартыстары сипатталады. Сондай аласапыран кезде Әмір Темір саяси сахнаға шығып, түркі тайпаларын бір орталықтан басқару жүйесін енгізіп, ұлы мемлекет құрғанын айқын сездіреді. Сонымен қатар жаңаша сипатта Қазақ хандығының құрылу барысы жүріп жатқанын байқауға болады. Біз аталмыш кітапта Әмір Темірдің Орталық Азияда ру-тайпалық шашыраңқы биліктерді ұлы мемлекетке айналдырғанын көреміз. Ол Самарқанд қаласын астана етіп, жаулап алған елдерден құрылыстың майталман шеберлерін жинап, қаланы көркейтіп, дамытты. Сол себепті күні бүгінге дейін Сармақанд шаһарын әлем жұртшылығы көріп, тамашалауға асық боп, дүниенің түкпір-түкпірінен ағылып кеп жатады. Әмір Темір және оның ұрпақтары Орталық Азия, Иран, Ауғанстан, Үндістанға дейінгі кеңістікті билеп, өнер мен әдебиеттің өрістеуіне өлшеусіз үлес қосты. Десе де тарих Әмір Темірдің өзге қалаларды ойрандап, мыңдаған адам баласын қырғынға

ұшыратып, бастарынан мұнара жасап, қанын судай ағызған жауыздығын да ұмытқан жоқ. Әмір Темірдің қайшылыққа толы мінез-құлқы, дүниетанымы талай зерттеулерді талап ететіні сөзсіз. Ондай зерттеулердің артықшылығы – оның өмір сүрген кезеңіне қатысты жазба деректердің молдығы. Тарихтың осындай аласапыран кезеңінде жазылған «Зафарнама» шығармасынан қылдай етіп тізбекке алсақ та, «ерлік пен еркіндік» символы болған «қазақ» сөзінің құпиясына бір адым болсын жақындай түсеміз. «Зафарнама» мәтінде «қазақ» сөзі былай хатталған: «Сарбұға мен Әділшах Қамареддинге қосылған соң оны алдап, пасықтық іске итермелегені үшін Қамареддиннің жан дүниесіндегі кек оты одан әрі лаулай түсіп, ол жорыққа шығып, Әндіжанға бет алды. Осы оқиғадан кейін қазақ һазарелері әмірзада Омар Шейхтан бас тартып, оған қосылды». Осы мәтінде «қазақ» сөзіне «һазаре» тіркесі бар. Ал «һазаре» парсы тілінде «мыңдық» деген мағынаны білдіреді. Осыған орай бұл тіркестің қандай жағдайда айтылғаны ойландырады. Сондай-ақ «қазақ» сөзі шамамен 1363–1375 жылдары Әмір Темір мен әмір Қамареддин арасында болған шайқастар кезінде тілге тиек болып, хатқа түскен. «Зафарнама» кітабында екінші рет «қазақ» сөзі Әмір Темір Ташкентке барып, кейін қазақ уәлаятына қарай шабуыл жасағанын баяндағанда кездеседі. Ол оқиға былай көрсетілген: «Ол Ташкентке қарай бет алды. Ол уәлаятты әділет пен игілік нұрына және кешірімділік пен алғысқа бөледі. Ол аймақтың тұрғындары бұдан бұрынырақ Әмір Темір алдына келіп бас иіді. Мойынсынғандары үшін сый-сияпат алды. Осылайша Әмірдің шапағат шашқан назарына ілігіп, қан мен үрейден аман қалған-ды. Тағдыр үкімінің ағысы іске асып: «Әскер оларға мүлдем тиіспесін һәм азды-көп зиян да келтірмесін. Содан әлем жұртшылығы әркім өздерінің жақсы не жаман істерінің жазасын тартатынын білетін болады. Мына аятқа сай: «Кім ізгі іс істесе, өзі үшін. Жамандық істесе де өзі үшін...» (41-сүре, 46-аят) – деп бұйрық берді. Саһиб қыран ол жерден өтіп, Қазақ жұтұр уәлаятына жорық жасады. Жеңімпаз жанкешті әскері биік тауларды мекендеген адасқандардың барлығын жамандықты өртеуші семсердің жемтігіне айналдырды. Қазақ жұтұр елін тонады. Мал-мүлік пен мол олжа қолға түсті». Мұнда қазақтың аймағы мен елі сөз болады. Бұл оқиғалар XV ғасыр аясында болып жатқанын ескерсек, «қазақ» сөзі мен тарихы Қазақ хандығы құрылмастан бұрын айтыла бастап, одан әлдеқайда заманның терең қатпарларында жатқанын байқатады. Өйткені жерді иелену мен ел болып қалыптасу ұзақ уақытта жүзеге асады. Сол себепті 1465 жылы Қазақ хандығы құрылмастан бұрын қазақ халқы қалыптасу процесін бастан өткізіп, халықтық сипатқа ие болуға ұмтылыс жасаған сияқты. Шарафеддин Әлі Йәзди мензеп отырған қазақ елінде қалалар болған. Олар түрлі шабуылдардың кесірінен XVI–XVII ғасырларда ойран болғанын да тарихи жазбалардан оқи аламыз. Бұл тақырып жеке зерттеу объектісі болады. Бұл мәтіндегі «жұтұр» сөзі қандай мағына беретінін түсіне алмадық. Сөздіктерден де таба алмадық. Сосын «жұтұр» сөзі «жұрт» деп өзгертіліп айтылған болуы мүмкін деп ойладық. Бұл жайтты тіл ғалымдары анықтап берер деген үміт

бар. Өйткені автор түркі тілін білмеген әрі араб әліппесінің таңбалары тілдің дауысты дыбыстарын таңбалауға жеткіліксіз болып келеді.

Шарафеддин Йәзди еңбегінің тағы бір тұсында: «...Олардың аттарын олжалап, мың кісі қос атпен жедел түрде жүріп отырып, Хожент өзенінен өтіп, «Қазақ жолы» арқылы Самарқандқа бет алды», – дейді. Бұл сөйлем қазақтың өз атауымен территориясы болғанын анық байқатады. Тарихшы ғалымдар кітапта аталған «Қазақ жолы» деген тіркеске көңіл бөліп, оның тарихи мәніне сараптама жасап, ой білдірсе, қазақтың сөзінің де, өзінің болмысының да тарихи кеңістікте орнын айқындауға біртабан жақындай түсер едік.

### «БАБЫРНАМА»

Қазақ туралы жазған тағы бір жазба – әйгілі «Бабырнама» кітабы. Бұл кітаптың авторы – Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр (1483–1530). Ол өз еңбегінде көріп-естіген, оқығанын және 1493–1529 жылдар аралығындағы тарихи оқиғаларды жылнама түрінде қамтып жазып, мұра етіп қалдырған. «Бабырнаманы» түркі тілінде жазған. Еңбек өте құнды болғаны үшін парсы һәм әлемнің өзге тілдеріне аударылып келеді. Бұл кітаптың тілі жеңіл, түсінікті болуымен қатар мазмұны маңызды тарихи оқиғаларға, философиялық-дидактикалық ойға, көркем образды бейнелеу сөздерге өте бай. Бабыр қарапайым сөздер мен тең ойлар арқылы тілдің құдіретін көрсетіп әрі беделін асырып отырады. Сондықтан ойы бар, жаңалығы бар құнды туындыларды әрбір халық өз тіліне аударып алуға мүдделі болатынын көрсетеді. Бабыр аталған кітабында «қазақ» сөзін түрлендіріп, әртүрлі мағынада қолданған. Мәселен: «еркіндіксүйгіш», «халықшыл» сынды ұғымдарға сыйдырып пайдаланған. Солардың бірсыпырасы мынадай:

«ایکینچی قیزمینگی والدیم قتلق نگار خانیم ایدی. اکثر قزاق لایق لار دا و فترت لارده  
مینینگ بیلان بیله ایدی لار»

*«Екінші қыз менің анам Құтлық Нигар ханым еді. Көбінесе қазақылықтарда таққа таласып бүлік шыққанда менімен бірге еді».*

Бұл сөйлемде анасы Құтлық Нигар ханымның автормен қазақылықтарда бірге болғанын ескерсек, Бабыр анасын қарақшылық пен барымта жасауға өзімен бірге алып жүрмесі анық. Сондықтан «қазақ+лық» аталған мәтінде орталық биліктен шеттеп, еркін жүрісті меңзейді. Бұл жайт үш себепті орын алуы мүмкін: бірі – таққа таласқан қарсыластың қуатты болуынан даланы пана тұтып, қашқын күйде жүруі. Екіншісі – орталық билікке бағынғысы келмейтіндер далада аң аулап, сәтті уақытын күтіп тіршілік ете тұруы. Үшіншісі – болмыс-табиғаты қалалық тіршілікті сүймейтін жандар, қазақылық өмір салтын ұстанады. Олар –

даладағы еркін өмірді қалайтын адамдар. Мұндай жайттар «Тарих-и Рашиди» кітабында да жазылған.

Бабыр «Алашы» атауының шығу себебін де өз еңбегінде жазғанын атап кеткен жөн. Ол Сұлтан Әбусаид мырза әулеттері туралы былай жазған: «Сұлтан Маһмұд ханнан кіші баласы Сұлтан Аһмет хан еді, ол Алшы ханға мәшһүр дүр», Алшы аталу себебі жайлы: «Қалмақ пен моғол тілдерінде өлтіргішті Алашы деген. Қалмақты неше қайта басып, қалың жұртын қырғаны үшін Алашы депті, көп қолданыла келе Алшы болып тұр» деген. Алаш атауын осы себепке байланысты болжаған Бабыр – «алаш» сөзінің шығу түбірін алғаш зерделеген ғалым.

Бабыр Қазақ хандары Әдік сұлтан мен Қасым ханды былай еске алады: «Өзгеден кіші, тағы бір қыздан үлкен Сұлтан Нигар ханым еді. Оны Сұлтан Маһмұд мырзаға ұзатқан-ды. Мырзадан Сұлтан Уайыс атты бір ұлы болды. Оның әңгімесі осы тарихта келтіріледі. Сұлтан Маһмұд мырза өлгеннен кейін Нигар ханым ұлын алып, ешкімге хабар қылмай Ташкентке, ағаларына барып еді. Шейбани хан Ташкент пен Шахрохие қалаларын басып алғанда Нигар ханым он-он екі моғол нөкерімен қашып Әдік сұлтанға барды. Бірнеше жылдан соң Әдік сұлтанға тиді. Ол Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы нәсілінен, қазақ сұлтандарының бірі болған. Әдік сұлтаннан екі қызы болды. Біріні Шейбан сұлтандарына және біріні Сұлтан Саид ханның ұлы Рашид сұлтанға берді. Әдік сұлтаннан соң Қазақ ұлысының ханы Қасым хан болды. Әңгімелерге қарағанда, Қазақ хандары мен сұлтандарының арасында ешкім ол ұлысты Қасым хандай берік қолға алып билеген емес. Ерікті әскері үш жүз мыңға жуық болған. Қасым хан өлген соң Нигар ханым Қашғарға, Сұлтан Саид хан қасына келді». Бабырдың Қазақ хандығы жайын жақсы білгенін жоғарыдағы әңгімеден байқауға болады.

Сондай-ақ «Бабырнама» кітабының түпнұсқалық түркі тіліндегі мәтіні мен сөйлем құрылымын қаз-қалпында беруге тырыстық. Шындығына келгенде, мәтіннің санаулы сөзін қазақшаға бейімдеп аударғанда бәрі түсінікті болады. Бабыр тілін бүгінгі заманда бізге жатсындырған екі себеп бар: біріншісі – арадан ғасырлар өткендігі, екіншісі – осы уақыт аралықта екі түрлі графикамен таңбаланып кеткендігі болып тұр.

Бабыр Қазақ хандығын жақсы білген. Оған Қасым ханға берген бағасы дәлел. Бабырдың Қасым ханға ондай баға беруі – аса маңызды һәм шындықтың тарихи мәйегі. Өйткені, біріншіден, Бабыр патша – Қасым ханның замандасы, екіншіден, Бабыр негізін қалаған тарихта теңдесі жоқ ұлы империясы жүздеген жылға жалғасып, адамзат мәдениеті мен руханиятына баға жетпес жәдігерлер қалдырған тұлға ретінде Қасым ханға берген бағасының айрықша мәні бар. Сол себептен Қасым ханның Қазақ хандығындағы ерекше орнына тереңірек көңіл бөліп, зерделеуге тиіспіз. Оның бір айғағы Қасым хан қыпшақ даласын түгелдей Қазақ хандығының иелік етуіне жол ашты.

Бабыр тағы да әкесінің әмірлерін таныстырып баға берген тұсында «қазақ» сөзінің тіркесін былай қолданған: «...Тағы бірі Қасымбек еді. Қаушын (ру) еді. Бұрынғы Әндіжан қосынының бектерінің бірі еді. Асанбектен соң менің жа-

нымда билік иесі болды. Өмірінің соңғы кездерінде билігі мен беделі артты және өксімеді. Мәрт кісі еді. Бір мәрте Касан өңірін шапқан өзбектің артынан барып жайпап тастаған. Омар Шейх мырза қасында қылыш сермеп жүргенді. Йәсі кешіті (өткелі) ұрысында да жақсы шабысты. Қазақылықтарда Мәсша тауынан Сұлтан Маһмұд ханның қасына бармақ ниетін қылғанда Қасымбек айырылып, Хұсрау шаһ қасына кетті. Бұл мәтінде «қазақ+лық» сөз тіркесі «еркін өмір салтындағы далалық» деген ұғымды білдіреді. Бұл адамдар өмірден шаршап-шалдыққанда жайлауға барып демалып, бой жазған жағдайды меңзейді. Екінші жағынан түркілер қаншалықты қалада тұрса да далаға, оның еркін өміріне сағынышы жоғалмаған. Сондықтан «Бабырнама» кітабын өзге тілдерге аударма жасаған аудармашылар «қазақылық» сөзін «барымта» деп бір сарында аударма берген. Бұл – бір сөздің түрленіп, бірнеше мағынада қолданғанына көңіл бөлмегеннен туындап отырған жайт. Өйткені «қазақылық» тіркесін барлық жерде «барымта» деп тәржімаласак, Бабыр патша барымтаға барып жүрген болса, оның есімі ұлы патша қатарында ұлы барымташы деген атпен де танылар еді. Барымта жасау – Бабыр табиғатына жат қылық.

«Қазақылық» тіркесін Бабырдың мына сөйлемінен қарайық. Онда: «...Тағы бірі Уәйіс Лағәри еді. Самарқандтық Тоқшы елінен еді. Омар Шейх мырза қасында соңғы кездерде өте жақын жүрген еді. Менімен бірге қазақылықтарда жүретін. Ақыл-парасаты жақсы болатын. Біршама бүлікшіл еді», – деп жазған. Бұл мәтінде де «қазақылық» барымташылық мағынадан алыс тұр. Себебі олжасы жоқ бұл қандай барымташылық? Бабыр барымтаға шыққан болса қай жерге барымта жасап, қандай мал-мүлікті олжалағанын бір рет болса да айтар еді.

Бабыр Сұлтан Аһмет балаларының жайын жазғанда «қазақылық» сөзін тағы да қолданады. Онда: «...Үшінші қызы Айша Сұлтан бегім еді. Бес жасында Самарқандқа келгенде маған атастырған еді. Соңыра жорықтарда Хожентке келді, алып едім (үйленген едім). Самарқандты екінші рет алғанда біргәне қызы болып еді, неше күн соң тәңірі рақметіне барды. Ташкенттің бүлігінен бұрынырақ әпкесінің түрткісімен менен шықты (ажырасты)». Бұл мәтінде «қазақ+лық» сөзі «жорықтар» дегенді меңзейді. Бәлкім, партизандық тұтқиылдан жасалатын жорықтар болып тұрған. Бабыр осында Айшаның жалғыз қызы болғанын «біргәне қыз» деп береді

Бабыр Сұлтан Әбу Саид мырзаның балалары жайын айтқанда:

«اوچونچى قزاق بېگيم ايدى»

«Үшінші Қазақ бегім еді», – деп жазды.

Бабыр кітабының тағы бір тұсында «Қыпшақ» деген жазылады. Онда:

«خسرو شاه ايدى تركستان ليق قپچاق دين دور»

«Хұсрау шаһ еді, ол түркістандық қыпшақтан дүр», – делінген.

Осы Қыпшақ тайпасы кейінгі тарихта қазақ халқының құрамындағы бір ру болып аталады. Сол кезде қазақ халқынан бөлек тарихнамаларда аты аталып



жүрген ру-тайпалар кейін қазақ құрамына енгенін көреміз. Бұл жайтты дерекпен зерделесек, «қазақ» сөзінің этимологиясын анықтауға септігін тигізеді. Ал Түркістан түркі тайпаларының біртұтас ел болғандығының атауы еді. Өйткені тарихшылар Түркістан атауын тілге тиек еткенде түркі елін меңзейді. Сондықтан Қазақ елі тарихи Түркістан кеңістігінің бір бұтағы болып, жаңаша атаумен тарихи арнасында өз Елдігін атажұртында жалғастырып келеді.

Бабыр еңбегінде 1496 жылғы оқиғаларды баяндағанда «қазақ жігіттер» деген тіркесті қолданған:

«تولون خواجه مغول نى ايکى اوچ يوز قزاق ييگيت لار بيله ايلغار يياردوک»

*«Төлен қожа моғолды екі-үш жүз қазақ жігіттермен жорыққа аттандырдық».*

Бұл мәтіндегі «қазақ жігіттер» сөз тіркесіне зер салғанда «қазақ» сөзі «партизандық іс-қимылға шындалған ерікті жауынгер» дегенге саяды. Бабыр «қазақ» сөзін осы мағынада қолданғанын кітаптың тағы бір тұсында көреміз:

«تولون خواجه آتلیق بارین نینگ مردانه و سرآمد و قزاق ييگيت لار يدين ايدي. آتام غمر

شیخ میرزا رعایت قیلیب ایدی و هنوز رعایت قیلماق ته ایدی. مین خود تربیت قیلیب بیگ قیلیب

ایدم. عجب مردانه و قزاق ييگيت ایدی. رعایت ارزنده سی ایدی»

*«Төлен қожа атты барынның ер, бетке ұстары қазақ жігіттерден еді. Әкем Омар Шейх мырза жанашырлық қылып еді, қазір де жанашыр болып жүр. Мен өзім тәрбиелеп, бек қылып едім. Ғажап ер және қазақ жігіт еді. Жанашырлыққа лайықты еді».*

Бабыр біз негізге алған түркі тілінде жазылған «Бабырнама» кітабының 86- және 88-беттерінде де «қазақ+лық» тіркесті қолданған. Сонымен бірге моғол ұлысы туралы өз көзқарасын білдірген. Онда:

«مينينگ آتم قاشيدا مينگ بيش يوز ايکى مينگ گا ياووق مغول اولوسى دين بار ايدي. ينه

حصاردين حمزه سلطان و مهدي سلطان و محمد دوغلت الار بيله اوهمونچه چاغليق مغول کيلىب

ایدی: هميشه يمانليق و بوزوقچى ليق مغول اولوسى دين بولاکيلگاندور»

– *«Менің анамның қасында мың бес жүз, екі мыңға жуық моғол ұлысынан бар еді. Тағы хисардан Әмзе сұлтан, Мейди сұлтан және Мұхаммед дұғлат. Олармен бірге де соншалық моғол келіп еді. Қашанда жамандық пен бұзақылық моғол ұлысынан болатұғын»*, – делінген.

Осы тұста моғол ұлысына қатысты Бабырдың берген бағасына тоқтаған себебіміз ол моғол, қазақ, тағы басқа ұлыстарды бір-бірінен ажыратып, оларға өз көзқарасын анық білдіріп отырған. Мұнда Бабыр өзінің моғол еместігін нақтылап тұрса да, еуропалық ғалымдар оның Үндістанда құрған империясын Моғол империясы деп атағанының жөні жоқ екенін көрсетеді. Оларға Бабыр империясын Моғол империясы деудің не қажеті болған? Екінші мәселе – парсы және түркі тарихшылары Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарын «моғол»



деп жазады. Ал қазақ ғалымдары оны моғол, моңғол, монғұл, моңғұл, тағы басқа түрлендіріп жазып жатады. Оны қалай түсінеміз? Тарихта бір шындық бар. Ол жаулаушы ел ұдайы жаулап алған жергілікті күшті елдің құрамына еніп, ассимиляцияға ұшырап, сол елдің болмысының бір бөлшегіне айналып отырған. Еуропалықтар, арабтар, парсылар һәм түркілер осындай тарихи процестерді басынан өткізіп, талай рет өзге ұлыстарды өз құрамына енгізіп, бойына сіңіріп отырды. Сондай заңдылық негізінде Түмен Балтабасұлы (1884–1957): «Бұл жерден кімдер кетіп, кім қалмаған?! Қара жер қаза жетсе кімді алмаған?! Қызылбас, Қытай, Қыпшақ, Қырым, Қырғыз, Айладыр алтау болса, Қалмақ жетеу – Ерлерден ертедегі қалынған жер», – деп жырлағандай, қазақ халқы да жеті жұртты өз бойына сіңіріп келді.

Бабыр тағы бір әңгімесінде:

«اندجان دا قيشلاماق دين غنيم كيشى سى گا هيچ ضرر و آسيبى ييتماس بلکه اوغورليق و قزاق ليق بيله كوچلا تماكى نينگ احتمالى باردور»

«Әндіжанда қыстаудан жаудың кісісіне еш зарары мен зияны тимес, бәлкім, ұрлық пен қазақылықпен бірге күшейіп кетулерінің ықтималы бар», – деген еді. Сондай-ақ:

«اوشبو قيشلاق ته ايكاندا خداى بيردى توغچى كيم يانگى رعايت قىليب ييگ قىليب ايدىم. ايكى اوچ قاتلا توشوب تنبل نينگ قراغىنى باسيب باشلار كىسيب كىلتوردى. اندجان و اوش نواحى سيدىن هم قزاق ييگيت لار : عيارليق بيله تينماى بارىب ايلقى لارين سوروب كيشى لارين اولتوروب بسيار عاجز قىلدىلار»

«Сол қыстауда болғанда Құдайберді Тоқшыға мейір-шапағат көрсетіп, бек қылып едім. Ол екі-үш рет қайта барып Тәнбәлдің қарсылығын басып, басын кесіп алып келген. Әндіжан мен Ош өңірінде де қазақ жігіттер әшиарлықпен тынбай шабуылдап, жылқыларын айдап, кісілерін өлтіріп, қатты әлсіреткен болатын». Бабыр жоғарыдағы үзінділерде «қазақты» «әиар» сөзімен балама сөз етіп қолданған. «Әиар» сөзіне парсы түсіндірме сөздіктерінде былай анықтама берілген: «әиар – шапшаң, батыр, зерек, епті, жасампаз және сиқыршы адам. IX ғасырда керуен жолын кесіп, алған олжаларын халық игілігіне жаратып жүретін мәрт, жауанмәрт, жауынгер, батыр». Жақып ибн Лейс Саффар есімді әиар 868–878 жылдары әиарлар топтарының қолдауымен Бағдаттағы халифаға қарсы шығып, Иран мен Ауғанстан аймақтарындағы Кабул, Герат, Керман және Фарс территориясын халифатқа бағынбайтын дербес, өз билігіндегі ел деп жариялады. Сөйтіп Иранның шығыс өңірінде орналасқан Систанда Зэрәнж қаласын астана етіп, алғаш рет халифаттан тәуелсіз саффари үкіметін құрды.

Бабыр өз шығармасында «қазақ» сөзін молынан қолданып, лексикалық мағынасын зерттеп-зерделеуге зор мүмкіндік береді. Оның еңбегінде кездесетін «қазақ» сөзінің тізімі әрі қарай жалғаса береді. Тек қана осы тұста Бабырдың

айтқан ойынан ой туып, бір ұрымтал сөздің реті келіп тұр. Бабыр Үндістан елін жаулап алғандығы туралы айтқанда, ол елдің өткеніне біраз көз жүгіртіп, кітабында былай жазған:

«حضرت رسالت زمانیدین بو تاریخ قه چه اول یوز پادشاه لاری دین اوچ کیشی هندوستان ولایتیغه مسلط بولوب: سلطنت قیلیب تورلار. بیر سلطان محمود غازی و اولادی هندوستان مملکتی دا مدت مدید سلطنت تختی غه اولتوروب تولار ایکینجی سلطان شهاب الدین غوری و قول لاری و توابعی کوب ییل لار بو ممالک دا پادشاه لیق سوروبتورلار. اوجونچی مین دورمین»

*«Әзіреті Рәсул заманынан бұл тарихқа дейін жүздеген патшадан үш кісі Үндістан уәлаятын жаулап, салтанат құрған. Бірі – Сұлтан Маһмұд Ғазналық және әулеттері Үндістан мемлекетінде ұзақ уақыт патша тағында отырған. Екіншісі – Сұлтан Шаһабеддин ғури мен айналасындағылар көп жыл бұл мемлекетте патшалық құрды. Үшіншісі мен дүрмін».* Бабыр осы мәліметті бере тұрып, Үндістан тарихына шолу жасап, пікір білдіреді. Онда ол:

«ولی مینینگ ایشیم اول پادشاه لارنینگ کا اوخشلماس: نی اوچون کیم سلطان محمود هندوستان نی کیم مسخر قیلدی: خراسان تختی انینگ تحت ضبطی دا ایدی و خوارزم و دارالمرز سلاطینی انگا مطیع و منقاد ایدی. سمرقند پادشاهی انینگ زیر دستی ایدی: چریکی ایکی لک بولماسا خود بیر لک ته نی سوز ایدی. ینه غنیم لاری راجه لار ایدی. تمام هندوستان بیر پادشاه دا ایلمس ایدی. هر راجه بیر ولایت ته اوزباشی چه پادشاه لیق قیلور ایدی»

*«Бірақ менің ісім ол патшалардікіне ұқсамайтын, не үшін десек, Сұлтан Маһмұд Үндістанды жаулап алды, Хорасан тағы оның билігінде еді және Хarezм шекаралас сұлтандар оған бағынышты болған. Самарқанд патшалығы оның қол астында еді. Ерікті әскері екі жүз мың болмаса да, өзі бір жүз мыңды құрайтын. Әрі жаулары ражалар еді. Бүкіл Үндістан бір патшалық емес-ті. Әрбір ража бір уәлаятта өз басына патшалық құрған еді».*

Бабырдың әңгімесіне мұқият зер салғанда бүгінгі біртұтас Үндістан атты ірі мемлекеттің түркі патшаларының сол елге жасаған жорықтары әрі өктем саяси билігінің арқасында ражаларын біріктіріп құрған бір ел екендігін байқаймыз. Дәл осылай Қытай, Ресей, Мысыр және мұсылман Таяу Шығыс, Еуропа елдерінің біртұтас ел болып бірігуіне түркі билеушілері әсер етті. Бабыр мен Әмір Темір ұрпағымын, сол үшін күресіп жүрмін демеді. Ол түркімін деген сынай танытып түркі әдебиетінің теориялық еңбегін жазды, түркі тілін дамытып, сол тілде прозалық, поэзиялық шығармалар жазды. Сол себепті оның өмірлік жетістіктері мен шығармалары барлық түркітекес халықтың ортақ қазынасы іспеттес. «Түркілік» ұғым барлық түркітекес халық үшін тарихи-саяси һәм рухани-мәдени тұрғыдан маңызы зор екендігін қазақ ғалымдары кеңестік дәуірдің өзінде терең ұға білген. Сол үшін де өз тұжырымын жасап жариялаған. Олар өз көзқарасын 1967 жылы жарық көрген «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы» атты оқу құралына енгізіп, тарихи батыл қадам

жасаған. Олар: «Қазақ халқының құрамына енген рулар ерте замандарда Орта Азия мен Қазақстанды, Шығыс-оңтүстік Сібірді, орта және төменгі Еділді, Каспий жағалауларын мекендеген; кейін әзірбайжан, түрікмен, қарақалпақ, өзбек, қырғыз, ұйғыр, хакас, башқұрт, татар халықтарының құрамына енген ру-тайпалармен аралас, көршілес өмір сүрген. Сол себепті ертедегі қазақ тайпаларының тарихы да, оның әдебиеті де осы тайпалардың экономикалық, әлеуметтік өмірімен тығыз байланысты.

Ерте уақыттарда арғы-бергі тарихтарда аталатын скиф, ғұн, қаңлы, сақ, сармат, алан, қарлұқ, хазар, оғыз, құрман – бәрінің шыққан тегі бір. Олар – ерте замандарда Қытай мен Рұм (Византия) аралығын мекендеген түркілер. Түркі, моңғол ру тайпалары үнемі бір орында, әуелгі мекен еткен жерінде отыра бермеген. Кейде өзара жауласып, соғысу салдарынан, кейде басқа жақтан келген бөтен тайпалардың жорығы салдарынан да бір жерден екінші жерге, бір өлкеден екінші өлкеге көшіп, мекендерін жиі өзгертіп отырған. Әсіресе Александр Македонскийдің жорығы, ғұндардың қоныс аударуы, арабтардың жаулап алуы, моңғолдардың шабуылы, онан кейінгі түрлі жаугершіліктер әлгі тайпаларды жойқын қырғынға ұшыратып отырды.

Кейін қазақ халқының құрамына енген ру-тайпалардың бірқатары біздің заманымызға дейінгі IV ғасырда Сырдарияның орта, жоғарғы ағысын, ал I ғасырда Ыстықкөл төңірегін мекендеген. Біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында Шу, Талас, Қаратау, Сарысу алабын, VII–VIII ғасырларда Орталық Азия мен Шығыс-оңтүстік Сібір территориясын, X–XIV ғасырларда орта, төменгі Еділ және Каспийдің шығыс, солтүстік, батыс жағалауларын мекендеген». Бұл тұжырым қазақ халқының тарихи әрі түркілік санасының өшпестен жаңғырып келе жатқанын көрсетеді. Сондай-ақ қазақ өнерін зерттеуші фольклорист-ғалым Ақселеу Сейдімбек әу бастан қазақтың түркі тарихымен сабақтас екендігін жазған. Ол: «Түркілік мәдениет әлдекімнің қалап-қолдауын немесе мүсіркеуін қажет ете ме? Ол тарихи бар ақиқат емес пе? Тарихи ақиқат құбылысты кемел ғылыми зерде ғана жеріне жеткізе тани алса керек. Өкінішке орай, әзірше әрісі шығыстануда, берісі түркологияда шешімін күткен проблемалар шаш-етектен», – деп ой түйіп, тұшымды жауап іздейді. Содан ол «Қазақ әлемі» атты этномәдени пайымдау еңбегін жазды. Онда қазақ тарихы мен өнерін түркілік тарих һәм өнерімен бір кеңістікте, бір қайнардан сусындағанын дәйектеп, дәлелдей түседі. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пәрменді әрі парасатты саясатының арқасында түркі халықтарының біртұтас тарихи-рухани кеңістігін құру үшін Түркі елдерінің басшыларымен көптеген мәдени ұйымның дүниеге келуіне белсенді атсалысты. Солардың алғашқылары болып ТҮРІКСОЙ ұйымының негізі 1992 жылы Түркияда, түркітілдес елдердің Мәдениет министрлері бас қосқан алғашқы кездесуде қаланған болатын. Ұйымның түркітілді мемлекеттердің мәдениеті мен өнерін бірлесіп дамыту жөніндегі мұрат-мақсаты бүгінде жүзеге асып, өзінің жемісті

жұмысын атқарып келеді. ТҮРІКСОЙ тарапынан атқарылған шаралар сан алуан болғандықтан аталған ұйымды қазіргі кезде түрік дүниесінің, түркі болмыс-бітімінің ажырамас бір бөлшегіне айналып кетті деуге болады.

Біз «қазақ» сөзінің шығу тегіне зер салып, зерттегенде Абай Құнанбайұлының h пікірін де ескергеніміз жөн болар. Абай: «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» әңгімесінде көп жайтты айтқан. «Есте жоқ ескі мезгілде, маңғұлдан бір татар аталған халық бөлінген екен. Қытайлар «та-тан» деп жазды. Асыл түбі қазақтың – сол татар. Осы күнде де қазақтың төре нәсілдері өзін-өзі біз татармыз деп айтысады. Онысы біз келіміз емес, түпсіз емес, таза тұқымбыз деген орынға айтылады, татардың кім екенін білгендігімен айтқаны емес», – деген пікіріне қарағанда Абай Нәдір шаһ Афшар (1100–1160 хижри қәмәри, 1688–1748 милади) заманында өмір сүрген тарихшы Әбуасан ибн Мұхаммед Әмин Гүлістане жазған «Мәжмәл-от-Тәуарих» атты кітабын оқығанға ұқсайды. Өйткені Абай алыстан сермеп, «қазақ» сөзінің тарихын VII–VIII ғасырларда Ислам дінінің түркі даласына келуімен ұштастырып, маңғұлдан шыққандығына тоқтаған.

**P.S.** «Қазақ» сөзі әуелі әскери бір топқа берілген. Сосын бір саяси одаққа теңелген. Соңында арнаулы бір қауымның есіміне айналған», – деп жазылған «Исламдық қауымдастықтар тарихы» атты кітапта.

لاييدوس در كتاب تاريخ جوامع اسلامي عنوان مي كند كه «كلمه قزاق ابتدا به يك طبقه نظامي اطلاق مي شد، سپس به يك اتحاديه سياسي اطلاق گرديد و نهايتا به عنوان نام يك گروه خاص قومي قرار گرفت»



## «ШЕЙБАНИНАМА»

«Қазақ» сөзі мен қазақ жұрты туралы мәлімет берген алғашқы жазба деректердің қатарында Шарафеддин Әлі Йәзди 1424–1425 жылдары жазған «Зафарнама» кітабы мен Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың 1493–1529 жылдар аралығында болған тарихи оқиғалардың жылнамасын қамтыған «Бабырнама» ғұмырнамасын таныстырып, қазақ жайында жазғандарын келтіріп, саралаған едік. Солардың қатарындағы тағы бір еңбек – «Шейбанинама» дастан кітабы. Бұл шығарма «Тарихи шайқастар дастаны, оны Мұхаммед Салиһ Сараи 1506–1507 жылдары жырлаған. Дастан Шейбан хан немесе Шаһибек хан (1451–1510) жорықтарын бейнелейді. Шығарма 8902 өлең жолынан тұрады. 76 тарауды құрайды. Оның 16 тарауы – дастанның кіріспесі, оның да 1-3 тараулары Аллаға, пайғамбарға мадақ болып келеді. 4-тарауда сөздің анықтамасы берілген. 5-14 тараулар Шейбани ханның сипаты мен мақтауына арналған. 15-тарауында кітаптың не себепті жырланғаны баяндалады. 16-тарауында Молла Әбдірахим жайында сөз болады. 17-тарауынан бастап шығарманың сюжеті – негізгі бөлімі басталады. Кейінгі тараулар 1499–1500, 1505–1506 жылдарда болған тарихи оқиғалардың хронологиялық ізімен баяндалған.

Дастанда XVI ғасырдың басындағы Орта Азия халықтарының тұрмысы, кәсіп-тіршілігі, соғыс өнеріне қатысты қызықты мәліметтер бар. Мұнда Сұлтан Маһмұд, Темір Сұлтан, Бабыр, Үсейін Байқара, Бақи Тархан, Сұлтан Әли, Бәди Заман сияқты ондаған тарихи тұлға суреттелген [6-Өзбекстан ұлттық энциклопедиясы, 12 томдық, IX т., 679-б.].

Мұхаммед Салиһ Сараидің «Шейбанинама» атты жыр-дастанының қолжазба нұсқасын алғаш рет Вамбери Арминус (1832–1913) шығыстанушы һәм түркітанушы ғалым В.В. Бартольдтың (1869–1930) қорындағы қолжазба нұсқасын 1885 жылы Венада шығарып, ғылыми айналымға енгізді. Кейін 1904 жылы П.М. Мелиоранский Бартольд пен Вамбери нұсқаларын салыстыра отырып Санкт-Петербург қаласында баспадан шығарды. Бұл басылымды А.Н. Самойлович қайта қарап, баспаға дайындап, алғы сөз жазып, 1908 жылы Санкт-Петербургте тағы да жарыққа шығуына себеп болды.

«Шейбанинама» жыр-дастанындағы басты ерекшелік мадақ пен мінажат жанрының әдеби шығармаларда орын алуы еді. Өйткені орта ғасырдағы түркі елінде билікке қол жеткізу үшін мүдделі топтардың арасында ұрыс-тартыс аса жоғары қарқынмен жүріп жатса да ғалым, ақын-жыраулар өз шығармасында жаппай түркі, тіпті, тұтастай Орталық Азия халықтарын бір дін, бір мәзһабты ұстануға мадақ пен мінажат арқылы насихаттап, танымдық көзқарастарын бір арнаға жетелеп отырды. Ондай үрдіс Сүнни мәзһабын ұстанған түркі, парсы

тілдеріндегі туындыларда анық байқалады. Мәселен: мұны Жүсіп Баласағұн («Құтты білік»), Аһмет Йәсауи («Диуани хикмет»), Маһмұд Қашғаридің («Диуани лұғат ат-түрк») түркі тіліндегі шығармаларынан, ал парсы тілінде Хафиз Ширази (ғазалдары) мен Сағди Ширази («Гүлстан мен Бустан») еңбектерінен көре аламыз. Әдеби шығармалардағы сондай танымдық һәм идеологиялық ұстаным «Шейбанинама» жырында да орын алған. Шығарма былай басталады:

انكا كيم تيلم ايتي گويا      حمد انكا كيم كوزوم ايتي بينا حمد  
حمد انكا كيم تنيمه جان بردی      حمد انكا كيم منكا ايمان بردی  
حمد انكا كيم منكا عشق ايتي نصيب      قيلمادی عقل دياريدا غريب

Шығарманың бастапқы тарауындағы Аллаға мадақ бәйіттері екі жолдан ұйқасып келеді. Бұл – әлемге ұлы сопы ақын ретінде танылған мәулана Жалаледдин Руми шығармасының мәснәви жанры. Оған әр бейіттегі екі өлең жолындағы ұйқас сөздері дәлел. Мәселен: гуя – бина, жан – иман, нәсиб – ғәриб. Сондай-ақ ақын қарапайым тілде әрі көркем де танымдық философиялық илаһи түсініктерді Алланы тану мен сүю жолында оқырманға ойдағыдай бере алғанын байқаймыз:

*Мадақ оған тілімді анық еткені үшін,  
Мадақ оған көзімді жарық еткені үшін.  
Мадақ оған тәніме жан бергені үшін,  
Мадақ оған маған иман бергені үшін.  
Мадақ оған маған махаббат нәсіп еткені үшін,  
Және де ақыл өлкесінде ғаріп етпегені үшін.*

Бұл жолдар осылай жалғасып, Алла тағаланың адамзатқа берген нығметтерін саналай келіп, Жаратушыны адам санасына, адамдық болмыс-бітіміне сай мадақтайды. Алланы мадақтаған соң пайғамбарды мақтап жыр етеді. Сонан кейін Алла елшісіне лайық дос-жарандары, мұсылмандар тарихының бастауында пайғамбарға орынбасар болған Ислам дүниесіне әйгілі төрт халифа (шәдияр): Әбубәкір (632–634), Омар (634–644), Осман (644–656), Әли (656–661) әзіреттерін өлең жолдарына қосып ұлықтайды. Алла, пайғамбар, сосын төрт халифаны мадақтау олардың шындығын насихаттаумен бірге Ислам дінінің сүнниттік мәзһабын дәріптеп, елді иландыруы да халықты түрлі діни бағыттардан сақтап, бір ізге түсіру болды. Олар бұл мақсатына толықтай қол жеткізді. Оған айғақ бүгінгі Орталық Азияда қазақ, өзбек, тәжік, түрікмен, қырғыз, Кавказда татар, башқұрт, құмық, тағы басқалар, Анадолыда османлы түріктер біртұтас сүнни мәзһабта болғандықтан бір-бірімен қырқысқан емес. Мұндай татулық халықтар арасында достық пен туыстық орнығуға сеп болды. Ортағасырлық әдеби-тарихи шығармалар бұл мақсатқа өте үлкен қызмет көрсете білді. Алла әркімнің пейіліне берсін, ешкім басқа біреуге жол сілтей

алмайды. Бірақ ұрпағымызды туған халқымыздың ынтымағы үшін бабалар діні мен салт-дәстүріне тәрбиелеуге тиіспіз. Өйткені түрлі діни бағыттар, секталар, сан алуан мәзһабтар елдің ауызбірлігіне кесірін тигізетіні анық.

Ендігі жайт «Шейбанинама» қазақ туралы не деп жырлағаны жайлы болмақ. Кітаптың негізгі бөлімі 225 беттен тұрады. Оның 32-, 57-, 61-, 116-, 127-, 131-, 180-, 195- және 214-беттерінде «қазақ» деген сөз кездеседі («Шейбанинама»). – Санкт-Петербург, 1908 жылғы басылым бойынша).

32-бетте:

قزاق شهر ايچيكا كوپ كيردى      مالدين شهر ايلين آيردى      چون

57-бетте:

طاقتي قالمادی قاجماق بيرله      قوتولا المادی قاجماق بيرله  
 كرجه خندق قه ييتا المادی خان      قانی خندق طرفی بولی روان  
 بولدی خندق يقا سيدا اول اوروش      بيرمادی جمرى قزاقلارغه توروش

61-бетте:

کيمکه توشتی قزاق ايلکيکا برون      بيردی بر باد قولاق بيرله بورون

116-бетте:

خداوند کريم غفار      ايلاکای خانغه عنایت بسيار      کيم  
 فتح بولغای انکا تبریز و عراق      بو ساری مانکقط و قلماق و قزاق

127-бетте:

خان بو سوز بيرله ايکی مينک جه کيشی      ييبارب صبر و ثبات اولدی ايشی  
 قالدیلار خان بيله سلطانلار هم      اليدا جان بيله اوغلانلار بيله  
 خان ييبارکان ايکی مينک جاغلی قزاق      توزوبان خان يوايدا مهر و وفاق

131-бетте:

سلمادی کوز کيمه کا بايری قزاق      کيمه سوزيدین اوزين توتی ييراق

180-бетте:

کيدیلار جييه لارینی کوزبجه      دیدیلار قتل سوزینی یوزبجه  
 ينه باقی تیلاب الدی آنی      تا خلاص اولدی اولومدين جانی  
 بيش قزاق بيرله اوزاتی لار انی      بولوبان مال لاری بيرله غنی

195-бетте:

تاشکند ايچره سيونچيک سلطان      اولتوروبان يورتادور فرمان  
 يسی سوراندا کوچوم سلطان دور      قزاق انينک ايشيدا حيران دور

214-бетте:

قىلدىلار انى پيدا ياشونوب تورغانيدا جنكل ارا عاقبت  
خرس ايدى جنكل ارا بولسه نى عيب جنكل اول خرس بيله تولسه نى عيب  
توتوبان جون انى كىلتوردىلار تورھ لار آليغھه بيتكوردىلار  
آيىريب باشىنى تىندىن فى الحال قىلدىلار بايرى قزاقلار پامال

Мұхаммед Салиһ Сараидің «Шейбанинама» жыр-дастанында қазақ туралы азды-кем мағлұматты жоғарыда мысал келтірген өлең жолдарында кездестірдік. Бір байқағанымыз, Шейбан ханның өзі болсын, өзге хандар болсын Қазақ еліне тікелей шапқыншылық жасамаған. Ара-тұра шет жағасына тигенмен, Қазақ хандығының сол кездегі айбарлы хандарын немесе кең-байтақ даласын бастық, таптадық деген сөздерді жырау аузына да алмайды. Қазақ көшпенді азат тіршілік салтымен һәм айбынды қуаты әрі біртұтас дәстүрлі өмірімен ешкімге бағынбай келген. Сондай-ақ өзгелер бағындыра алмағаны үшін қазақ туралы отырықшы патшалардың хатшылары онша көп жаза қоймағанға ұқсайды.





### «МЕ ЫМАНХАНА БҰХАРА»

(Қазақ елі туралы әңгімесі мол шығарма)

«Мейманхана Бұхара» (مهمان خانه بخارا) кітабы – қазақ тарихы мен мәдениеті үшін аса құнды жазба дерек. Мұны бірі білсе, бірі біле бермейді. Шын мәнінде, қазақтың тарихшылары да бұл еңбекке аса жоғары көңіл бөліп жүрген жоқ сияқты. Бұл жазба деректің авторы – Фәзлolla ибн Рузбеган Хәнжи. Бұл еңбекті автор «Бұхара сапарнамасы» (سفر نامه بخارا) деп атаған. Бірақ Мұхаммед хан Шейбанидің бұйрығы бойынша «Мейманхана Бұхара» деген атқа ие болды. Автор бұл кітапты әуелі Бұхарада жазуға кірісіп, біршамасын сонда жазып үлгерді. Кейін Герат (هرات) қаласына қоныс аударды. Сол себепті кітаптың жазу ісін 914 хижри қәмәри жылының төртінші – Рәбиһ-әл ахәр (ربيع الآخر) айында (1508 милади жылы) Гератта жалғастырды. Оны 915 хижри қәмәри жылының алтыншы – Жұмади-әл ахәр (جمادی الآخر) айының жұма күні кешкі мезгілінде (1509 милади) аяқтаған. Кітаптың бастауы мен бітіру уақытына қарағанда Мұхаммед хан Шейбанидің он төрт айға жуық билігінің тарихи оқиғаларын қағазға түсірген.

Кітап Мұхаммед Шейбани хан ахуалының тарихын баяндаумен шектелмейді. Ол тақырыбы сан алуан 54 әңгімеден тұрады. Оның 38 әңгімесі тарихи тақырыпқа арналған. 13 әңгімесі діни тақырыптағы фикһ пен кәлам салаларын қамтиды. 2 әңгімесі автордың жай-күйін баяндайды. 1 әңгімесі – құтпа мен кіріспе. Сондай-ақ еңбекте автордың 852 бәйіт – өлең жолдары көптеген жайтқа арналып жазылған. Мәселен, әртүрлі жағдайдан хабарландыру не сақтандыру, үгіт-насихат айту, табиғаттың түрлі көрінісін сипаттау, Мұхаммед Шейбани ханды мақтап-мадақтау, мешіттер, сарайлар мен ғимараттарды баяндап – сипаттау сынды тақырыптарды қамтыған. Сондай-ақ автор еңбегінде әңгіменің орайы келгенде шығыстың атақты ақындарының өлең жолдарын тұздық етіп келтіріп отырған. Онда Кемаледдин Исмайыл, Сағди ширази, Әбілқасым Фирдауси, Мәулана Жалаледдин Бәлхи, Хафиз Ширази, Аттар Нишабури, Омар Хайям сынды ақындардың бәйіттері енген. Араб тіліндегі бәйіттер де бар. Мәселен: Имам Шафи, Мүһиеддин Араби, Кәб ибн Зәһир, тағы басқалардан арабша өлеңдер үлгісін көре аламыз. Мұхаммед Шейбани ханның түркі тіліндегі өлеңдері де шығарманың сәні болған. Құран сүрелері, хадис, даналық сөздерден тиісінше нәр алып, шығармасының құны артқан. Бұл кітап авторының сол заманда қолданыста жүрген араб, парсы, түркі тілдерін жетік білгенін және ислам құндылықтары мен Құраннан да мол хабардар екендігін көрсетеді.

Фәзлolla ибн Рузбеган Хәнжидің табиғи дарындылығы, көп білгенімен қоса тағы бір артықшылығы – көп көргендігі. Ол сапарға жиі шығып, қалалар

мен ауылдарды аралап, түрлі өлкеге барған. Түркістан мен Хорасанда болған. Ол – барған мекендеріне зер сала қарап, ой түйіп, көргендерін шынайылықпен суреттей білген тарихшы, қаламгер. Сол үшін Сығанақ қаласы мен Самарқанд шаһарын, Қожа Аһмет Йәсауи мазарының құрылысын, Қангүл жайлауын, Артық камалын, Кәлат қорғанын, Сығанақтағы Әбілқайыр хан қабірін, Самарқандтағы хание медресесін кітабында мәңгі жәдігер етіп бейнелеп жазған. Қазақтардың сүйікті сусыны – қымызды күні бүгінге дейін Фәзлollaдаы ешкім жан-жақты сипаттап, оның шапағатын баяндай алмаған шығар. Ал қазақтың сәйгүлігін қалай ардақтап жазған! Қапақ (قیف) ойынын сондай тамаша баяндаған. Автор табиғат көріністерін сипаттауда сурет салушы шебердей табиғаттың қалтарысындағы құпия-сырын бейнелеп бере білген. Оқырман оқып отырып оның қаламынан туған көріністерді өз көзімен көргендей болады. Мәселен, Сырдарияны, Түркістан қалаларының құбылған әсемдігін суреттегенде, Қазақ мемлекетінде қардың көп жауатынын, ауа райының суықтығын баяндағанда, көшпенділердің жылжымалы үйін жырлағанда, қазақтың тегі, діні, қымызы сынды сусынын түсіндіргенде, Самарқандтың тұзды шөлін әңгімелегенде, Сейһун өзенінің мұз қатқан сәттерін тілге тиек еткенде, түнгі жорықтарды, қыс мезгілінде болған шайқастарды, Түркістан даласының көктемi мен жайлауын, Сыр суының толқынды ағыстарын сипаттағанда қуатты қаламгер екенін аңғартады.

Фәзлolla ибн Рузбеган Хәнжидің «Мегманхана Бұхара» атты шығармасының екі қолжазба нұсқасы бар. Бірі «Нұр османие» кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы, № 3431, тарих: 951. Бұл нұсқаның текстологиясын жасап, алғы сөз жазып, түсініктеме беріп, ұшан-теңіз еңбек сіңіріп баспадан шығарған – Мәнучегр Сутоде. Біз осы нұсқаны пайдаландық. Екіншісі – Өзбекстанның Ташкент қаласында орналасқан Әбу Рейһан Бируни атындағы Шығыстану институтының қолжазба қорында № 1414, свр /1/ 137-нөмірімен сақтаулы тұр.

«Мегманхана Бұхара» кітабында Қазақ елінің тіршілік жайы, салт-дәстүрі, ұлттық тағамдары, тегі мен діні, тағы да басқа ерекшеліктері туралы молынан мәлімет беріп, талдап шыққан. Нақты айтқанда, кітаптың 54 әңгімесінің 20-сы тұтастай қазақ және қазақтың хандары мен қалаларына арналған. Олар:

1. «ذکر امورى که داعى شد بغزای قزاق» – «Қазақпен шайқасуға түрткі болған істер жайында әңгіме».

2. «داستان توجه ببلاد ترکستان از راه بادیه بخارا» – «Бұхара сахарасы жолымен Түркістан қалаларына бет алу жайындағы дастан».

3. «وصول بقلعة ارقوق که اول قلاع ترکستانستذکر» – «Түркістан қорғандарының біріншісі – Арқұқ қорғанына жету жайында әңгіме».

4. «ذکر توجه از قلعة ارقوق بصوب دیار قزاق» – «Арқұқ қорғанынан Қазақ өлкесіне қарай бет алу жайында әңгіме».

5. «ذکر ابتلاى منشى این اوراق بامراض و رفتن بصوب سقناق» – «Осы жазбалардың жазушысының ауруға шалдығуы, Сығанаққа қарай кетуі жайында әңгіме».

6. «ذکر کیفیت وقوع بلاد ترکستان و دیار قزاق» – «Түркістан қалалары мен Қазақ өлкесіне орнығу жағдайы қалай болғандығы жайында әңгіме».

7. «ذکر اسباب نزاع و مخالفت برندوق خان با حضرت خلیفه الرحمن» – «Бұрындық ханның әзірет халифа әр-рахманмен дауласуы һәм қарсылық көрсету себептері жайында әңгіме».

8. «ذکر توجه حضرت خلیفه الرحمن بصوب دیار قزاق» – «Әзірет халифа әр-рахманның Қазақ өлкесіне қарай бет алуы жайында әңгіме».

9. «ذکر آنچه از اعتقاد و اعمال قزاق معلوم شده و بیان فتوی در باب قتال ایشان» – «Қазақтың сенімінен және істерінен мәлім болған жайттар жөнінде әңгіме және оларды қырып тастауға фәтуа (діни үкім, жарлық) беру жайын баяндау».

10. «ذکر موجبات توجه حضرت خلیفه الرحمن نوبت سیوم بجهاد قزاق» – «Әзірет халифа әр-рахманның Қазақ жиһадына үшінші рет бет алуының себеп-салдары жайында әңгіме».

11. «ذکر توجه حضرت خلیفه الرحمن از حدود سقناق بجانب الوس قزاق» – «Әзірет халифа әр-рахманның Сығанақ маңынан Қазақ ұлысына қарай бет алуы жайында әңгіме».

12. ذکر نزول حضرت خلیفه الرحمن در وسط بلاد قزاق در یورت قرا ابدال و روان» – «Әзірет халифа әр-рахманның Қазақ қалаларының ортасына енуі және сұлтан Жаныш уәлаятына шабуылдауға сұлтандарды жөнелтуі жайында әңгіме».

13. ذکر محاربه سلطانان با جانش سلطان و غلبه عسکر منصور و هزیمت جانش و قتل» – «Сұлтандардың сұлтан Жанышпен шайқасы және жеңімпаз әскердің жеңісі һәм Жаныштың күйреп, ыдырауы, сондай-ақ оның ұлы Аһмет сұлтанның өлтірілуі жайында әңгіме».

14. ذکر غارت کردن سلطانان الوس جانش سلطان قزاق را و عود عساکر سلطانی بسوی» – «Сұлтандардың Қазақ Жаныш сұлтанның ұлысын тонауы және сұлтандық әскердің хан ордасына қайтып оралуы жайында әңгіме».

15. ذکر عزیمت حضرت خلیفه الرحمن بجنگ برندوق خان و غارت کردن الوس تانش» – «Әзірет халифа әр-рахманның Бұрындық ханға қарай бет алуы және Жаныш сұлтанның бауыры Таныш сұлтан ұлысын тонауы жайында әңгіме».

16. «ذکر معاودت رایت آفتاب اشراق از دیار قزاق بصوب ولایت سغناق» – «Қазақ өлкесінен Сығанақ уәлаятына қарай достық жалауының қайта желбіреуі жайында әңгіме» [8-241-б.].

17. ذکر حال منشی این اوراق از وقتی که بسغناق رفت تا بشرف ملازمت خانی مشرف» – «Осы жазбалардың жазушысының Сығанаққа барған кезден бастап, Йәсі қаласында хандық қызметке көтерілгенге дейінгі халі жайында әңгіме» [8-248-б.].

18. ذکر توجه حضرت خلیفه الرحمانی از سغناق بزیرات مرقد مقدس خواجه یسوی زاد» – «Әзірет халифа әр-рахманның Сығанақтан Қожа Аһмет Йәсауидің киелі қабіріне (әлем жиегінде жарқыратып Алла жаратқан пенде) зиярат мақсатында бет алуы жайындағы әңгіме».

ذکر حضرت خلیفه الرحمانی از نهر سیحون مشهور به آب خجند بعزم رجوع از ترکستان» 19. «بسمرقند بهشت مانند Сейһун өзенінен өтіп, Түркістаннан жұмақ іспеттес Самарқандқа қайтып кетуі жайында әңгіме».

20. «ذکر فتح قلعه کلات در سال فتح قزاق» – «Қазақты жеңген жылы Кәлат камалының жаулап алынуы жайында әңгіме».

Фәзлалла ибн Рузбеган Хәнжидің «Мейманхана Бұхара» кітабының қазақ тарихын зерттеп, зерделеуде қаншалықты маңызды екенін пайымдау үшін жалпы шығарманың 54 әңгімесінің 38-і тарихқа қатысты екенін ескерсек, оның 20 әңгімесі Қазақ елінің тарихына арналған. Осы жайт бұл кітаптың қазақ тарихы үшін аса зор мәні бар екендігін аңғартады. Сондай-ақ еліміздің көптеген географиялық атауын зерделеп ұғынуға септігін тигізеді. Мәселен, кітаптың жазылу мерзімін, автордың өзі жазғандай 1508–1509 жылдарды есепке алсақ, бүгінгі Түркістан деп атап жүрген қаламыз сол уақытта «Йәсі» аталғанын осы кітаптан білеміз. Оған автордың «Йәсі» қаласын Қожа Аһмет Йәсауидің мазары орналасқан қала ретінде сипаттаған әңгімесі дәлел болады. Онда:

«وصف یسی- و بلدة یسی که مزار حضرت خواجه است بغایت مملکتی رحب الاطراف»  
خصب الاکناف است و تخت ممالک ترکستان و نواحی او سبز و خرم همچو گلستان» از ارجاء ممالک ازبک که ناحیه شمالست و انحاء مسالک اندجان تا بحدود ختای که نهایت معموره شرق است امتعه و نفایس به بلدة یسی نقل کنند و در آنجا خرید و فروخت شود و آن محل اوقار تجار و مرتحل طوایف مسافران امصارست»

«Йәсіні сипаттау: Йәсі қаласында Әзіреті Қожаның мазары бар, айналасы асқан шүйгін, жауын-шашыны, суы мол, құнарлы жер болғандықтан жеміс-жидегі көп, жасыл жайлауының өрісі кең. Түркістан мемлекетінің құрамында болған және оның аймақтары гүлстан іспеттес жап-жасыл боп құлпырып тұратын. Солтүстік аймағы Өзбек мемлекетінің шегі мен Әндіжан жолдарының сызығынан Қытай шекарасына дейін шығыстың аса абат-көкорай, бау-бақшалы гүлденген жері-тін. Тауарлар мен бағалы заттарды Йәсі қаласына таситын. Сонда алып-сатып сауда жасайтын. Сондай-ақ ол жер саудагерлердің қымбат заттарын сақтайтын мекені әрі жолаушылар тайпасының қонып, түнейтін қалаларының бірі болған». Қожа Аһмет Йәсауи мазары орналасқан мекенді Шарафеддин Әлі Йәзди 1424–1425 жылдары жазған «Зафарнама» кітабында «Йәсі ауылы» деп атаған. Өйткені «Зафарнама» мен «Мейманхана Бұхара» кітабының жазылу арасы – 83-84 жыл. Осы аралықта Йәсі ауылы қалаға айналуы заңдылық. Әсіресе Әмір Темірдің бұйрығы бойынша Қожа Аһмет кесенесі салынған соң ол ауылға елдің көңілі мен көзқарасы кенет өзгеріп, ауылдың айтулы қалаға айналуына көп үлес қосты. Шарафеддин Әлі Йәзди «Зафарнама» кітабында Йәсі туралы былай деп жазған: «حضرت صاحب قران بقریه یسی بزیارت خواجه احمد»: یسوی فرمود که ار فرزندان امام زاده محمد حنیفه است رضی الله تعالی عنهم و بعمارت آن مزار «متبرک اشارت عالی ارزانی داشت» – «Әзірет Саһибқыран Қожа Аһмет Йәсауидің зияратына, Йәсі ауылына енді. Ол имамзада Мұхаммед Қанифа ұрпақтарынан болған (Алла тағала оларға риза болғай). Ол мүбарак мазардың ғимаратын

асқан ынтамен тұрғызып, тарту болсын деп нұсқады» [1, 608-б.]. Осыған орай автор сол кезде «Түркістан» сөзін «Йәсі» қаласына емес, бәлкім, «Түркістан мемлекеті» ұғымына сай қолданған. Сонымен қатар «Түркістан даласы» деген сөз тіркесін «Қыпшақ даласы», «Түркістан мемлекеті» «Қыпшақ мемлекеті» дегенге балама ретінде қолданған. Фәзлолла ибн Рузбеһан Хәнжидің «Мейман-хана Бұхара» кітабында «Түркістан даласы» сөз тіркесін өлең жолында былай жыр еткен:

بیا ساقی غنیمت دان بهار و گشت ترکستان بده جامی که میخوام شکار دشت ترکستان

Келші, аяқшы, көктемде Түркістанда серуендеуді ғанибет біл,  
Кесенді берші, Түркістан даласында аңға шыққым келеді.

(Мұнда «кесенді берші» деген «шарап құйшы» деген мағынада қолданылып тұр).

دشت دشت قباچاق می تواند بود و برندق که خان قزاق است از محل / آب سر / رو بدشت کرده» – «Қазақ ханы Бұрындық Абсәр мекенінен Қыпшақ даласына қарай бет алған-ды». Сондай-ақ автор «Тұран» атауына да тоқталады. Ол: «جماعت علماء و فضلاء ایران و توران که بر حسب مراتب خود عز جلوس داشتند» – «Иран мен Тұранның ғалым, ғұлама жамағаты өздерінің мәртебесіне орай (ханның жанында) отыру құрметіне ие болған».

Фәзлолла ибн Рузбеһан Хәнжидің әңгімелеріне қарап мынадай қорытынды жасауға болады: Түркістанның тарихи атауы Йәсі деп көрсетілген. Өйткені «Түркістан» мемлекеттік атауы Ислам дінінен кейін мұсылман халифатымен әдебиетімізге енді. Яғни «Түркі елі» халифатының билігі орныққан соң «Түркі+стан» болып өзгерді. «Түркі елі» мен «Түркістан» мағыналас. Бірақ екіншісі сол тарихтың билеуші күшінің қолдануына ыңғайлы болды. Осыған қарап «Түркістанның 1500 жылдығы» деп атап өттік.

Тағы бір түйін: тарихи жазба деректер бойынша бізге мұраға қалған ұлан-ғайыр даламыз бұдан да кең-байтақ болып, әуелі «Тұран» атанған. Кейін тарих барысында «Түркі елі» (Түркістан), тарих құбылысында «Қыпшақ даласы», тарихтың заңды бөлісінде «Қазақ елі» болып, қазақ халқының еншісінде қалды. Ендеше, түркі затынан Тұран туды. Тұран табиғатынан Түркі елі пайда болды. Түркі елінен Қыпшақ елі мирас болып қалды. Қыпшақ елінен Қазақ елі дүниеге келіп, Түркінің кенжесі болып қара шаңыраққа иелік етіп келеді. Мемлекеттігіміздің әр дәуірі – жаңа бастау. Әр бастауда ел бастаушы бір тұлға – тарих көшінің басшысы болатыны анық. Сондықтан Тұран дәуірінің басты көсемі – Афрасиаб «Алып Ер Тоңа», Түркі елінің жаңаша исламдық (Түркістан) дәуірінің бас тұлғасы – Боғра хан, Қазақ хандығы дәуірінің құрушылары – Керей хан мен Жәнібек хан болса да қыпшақ даласын иемденген ұлық ханы Қасым хан болды. Елдіктің рухани дәуірінің басында Абай Құнанбайұлы тұр, Алаштан жаңа саяси жүйе арқылы жаңа мемлекеттік дәуірдің көсемі болып

*Мұхаммед Айдар Дулат* \_\_\_\_\_

Әлихан Бөкейхан бой көрсетіп, елдігіміздің жалауын аспандатты. Тәуелсіз елімізге Елбасы болып Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақ Елі – Мәңгілік Ел» деген идеясымен қазақ халқының тарихи терең тамырына бойлап, Еліміздің мәңгілік жолының толғауын жырлап, келешек ұрпақтың санасына бүгіннен ене берсін деп аманат етті.



## МЫРЗА АЙДАР ДУЛАТТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ (1499–1551)

Мырза Айдар – тарихшы және қаламгер ретінде екі шығармасымен тарихшылар мен зерттеуші ғалымдар арасында кеңінен танымал тұлға. Екі еңбегінің бірі – парсы тілінде жазылған «Тарих-и Рашиди» атты ғұмырнамалық туындысы болса, екіншісі – түркі тілінде жылаған «Жаһаннама» атты қыр-дастаны. Ол кітабында өзінің толық аты-жөнін Мұхаммед Айдар ибн Мұхаммед Үсейін көреген деп жазған. Ел ішінде достары қысқартып Мырза Айдар деп атаған. Ал лақап есімі барлық тарихи хәм зерттеу еңбектерінде Дұғлат деп кездеседі. Біз еңбегімізде Дұғлат атауын қыпшақ диалектісімен Дулат деп жазуды ұйғардық.

Мырза Айдар Дулаттың әкесі – Мұхаммед Үсейін деген кісі. Ол Жүніс ханның баласы Сұлтан Маһмұд ханмен жақын дос болғандықтан хан оны «адаш», яғни «дос» деп атады. Шынайы достықтарының арқасында Сұлтан Маһмұд хан өз әпкесі Хуб Нигар ханымды 1494 жылы Шашта той жасап, Мұхаммед Үсейінге тұрмысқа берді. Сөйтіп Мұхаммед Үсейін «көреген», яғни күйеубала (хан тұқымынан болмаған біреу ханшайым қызға үйленсе, «көреген» деген атқа ие болатын) атағына ие болды. Олардың үйленуіне байланысты Сұлтан Маһмұд Өретөбе аймағын жездесіне басқаруға тапсырды. Оның билігінің алтыншы жылында, 1499 жылы Мырза Айдар дүниеге келді. Ол екі жасқа толмай анасынан айырылып, жетімдік тауқыметін тартты. Мырза Айдар 1503 жылға дейін Өретөбеде әкесімен бірге болды. Сол жылдың маусымында Шаһибек хан (Мұхаммед Шейбан) Ташкент пен Өретөбеге шабуыл жасап, аймақты жаулап алды. Ойран болған өлкеден Мұхаммед Үсейін көреген балаларын алып қашуға мәжбүр болды. Сол жылдан бастап үш жасқа толған сәби Мырза Айдардың өмірі жаңа оқиғалардың желісіне енді.

Шаһибек хан Ташкент пен Өретөбені жаулап алғанын естігенде Мұхаммед Үсейін көреген Қаратегін тауларына қашып шықты. Хұсрау шаһ Шаһибек ханның Хорасан уәлаятында жүргенін пайдаланып Қаратегін аймағына шабуыл жасады. Оған сонда жүрген Мұхаммед Үсейін көреген әскерді топтастырып қарсы соғысты. Бірақ Бақ Бәсәр Оғлан, Хош Рәй Көкалдаш сынды бірнеше әмірі Хұсрау шаһқа қарсы шайқаста қаза тапты. Сондықтан Мұхаммед Үсейін көреген алты адаммен қашып кетті. Олар Қашғар мен Әндіжанның арасында, осы уәлаяттардың шығысында орналасқан Ферғана тауына қарай тартты. Кейін Шаһибек ханмен тіл табысып, онымен бірге Хұсрау шаһқа қарсы жорыққа шықты. Екі жақтың қақтығысы нәтижесінде Мұхаммед Үсейін көрегеннің ұлы Мырза Айдар мен оның қарындастары, інісін Хұсрау шаһ тұтқындап, Құндызға жөнелтті. Төрт жасқа аяқ басқан Мырза Айдар бір жылдай Хұсрау



шаһ қамауында болды. Кейін Шаһибек ханның бұйрығымен Құндызға шабуыл жасаған Сұлтан Маһмұд өзімен бірге Мырза Айдарды Мұхаммед Үсейін көрегеннің алдына ертіп келген-ді. Сонда әке мен балалары қауышып, мәресәре болды. Мұхаммед Үсейін көреген бұрынырақ Құндызда болған кезде Хұсрау шаһтың қалауымен Сұлтаним Бегіммен үйленіп, одан Абдолла атты ұлды болған еді. Мырза Айдар әпкелері мен інілері Абдолла туралы кітабында жалпылама түрде жазған. Онда: «Тұңғышы Әбиба сұлтан ханиш еді. Ол Шаһибек ханның Ташкенттегі некелеп алған әйелінің жанында тұратын. Ал Шаһибек ханның әйелі Сұлтан Маһмұд ханның қызы еді. Аты – Айша Сұлтан ханым. Қазір ол Моғол ханым лақап атымен мәшһүр.

Біраз уақыт өткен соң Шаһибек хан сән-салтанатпен Әбибаны Маһмұд сұлтанның баласы Ұбайдолла ханға берді. Одан кішілеу Гауһар Шад бегім еді. Оны Шаһибек хан өзіне хабар жеткізгені үшін әмір Жан Вәфаның ұлы әмір Иарға берді. Ол өзбектердің арасында құрдастарынан ерекшеленіп тұратын. Одан жасы кішілеуі мен едім. Әкеммен бірге болатынмын. Менен кейінгісі Мұхаммед шаһ еді. Әкемнің туыстарының бірі біз кеткеннен кейін оларды Хорасанға алып келді. Кенжесі Абдолла мырза-тұғын», – деп жазған.

Мұхаммед Үсейін көреген осы сапарында барлық баласын алып Ташкент маңындағы Шаһрсәбз қаласындағы Шаһибек хан өзіне тарту еткен аймаққа қоныстанды.

Сөйтіп, Мырза Айдар балалық шағының бір мезгілін Шаһрсәбзде өткізді. Бірақ онда ұзақ қала алмады. Себебі Шаһибек хан әкесі Мұхаммед Үсейін көрегенді өлтіруге ниеттенді. Одан қорыққан әкесі Ташкенттен қашып, Хорасанға қарай бет алды. Мырза Айдар еңбегінің «Әкем Мұхаммед Үсейін көрегеннің Шаһибек ханға бару себебі» атты әңгімесінде Шаһрсәбз қаласында тұрған кезде, 1507 жылдың көктемінде әпкесі Әбиба сұлтан хаништің күйеуі – Шаһибек ханның бауыры Маһмұд сұлтанның ұлы Ұбайдолла ханның шақыруымен оның астана етіп отырған Бұхара қаласына барып тұрғанын айтты. Мұхаммед Үсейін көреген Хорасанға қашар кезде балаларының арасынан ұлы Мырза Айдарды таңдап алды. Нөкерлерімен қосқанда барлығы он алты адам болып жолға шықты. Олар Шаһрсәбз қаласынан түнделетіп шығып, келесі күні кешкісін Әму өзенінің жағасына жетті. Одан кейін Бәлх қаласына соқпай, Гератқа қарай жүріп отырды. Бұлар Хорасанда болған кезде Әмір Темірдің әйгілі ұрпақтарының бірі Үсейін Байқара қырық сегіз жыл бойы Герат қаласын астана етіп Хорасанды билеп отырған-ды. Мырза Айдар «Тарих-и Рашиди» еңбегінде Үсейін Байқараны «Мырза Сұлтан Үсейін» деп жазыпты. Біз реті келгенде Үсейін Байқара туралы толығырақ мәлімет береміз. Үсейін Байқара билік еткен жылдарда өнер мен әдебиетке көңіл бөліп, аса көп шығармашылық тұлғалар сол заманның рухани және мәдени өрлеуіне үлес қосты. Мырза Айдар әкесімен Хорасанда болған күндерде ұлы шайырлар, тақуа сопылар мен өнер адамдарымен түрлі жиналыстарда жақын танысты. Хорасандағы көрген-білгендері оның алдағы өміріне үлкен әсер етті.



Мырза Айдар Хорасанда болған кездері әкесіне ілесіп, елге танымал тақуа сопылардың бірі – мәулана Әбу Саид Аубеһидің құзырында талай рет болды. Сондай-ақ мәулана қожа Куһи және Хафиз Маһмұд Зиярәтгаһи атты тақуа сопылардың алдына әкесімен бірге барып, сәлем беріп, баталарын алды. Осылайша Мырза Айдар балалық шағынан бастап әкесінің жанында сопы ақындар мен әдебиетші ғалымдар, сол заманның көркемсөз өнерінің белді өкілдерімен кездесіп жүрді. Соның арқасында көзі мен құлағы көркем мінез бен әсем сөзге үйір болып өсті.

Хорасан өлкесі Мырза Айдар үшін рухани өмірінің үлкен бастауы болды. Сонда барған соң әкесі оны мектепке берді. Мектепке барар алдында әкесі оны сол заманның әйгілі сопы ғалымдарының бірі – ұлы ғұлама, ғалымдардың таңдаулысы мәулана С'әдеддин Тәфтазанидің немересі Шейх әл-Ислам алдына алып барып, бата сұрады. Мырза Айдар Хорасанда мектепке барған күндерін еске алып хатқа түсірген. Ол кітабында: «Әкем Хорасанға келгенімізге бірнеше күн өткен соң бала төрт жас, төрт ай, төрт күн толғанда мектепке беретін ежелгі дәстүр бойынша мені мектепке беруге ниет етті де, ақ жол тілеп, батасын алуға алдымен Шейх әл-Исламның алдына алып барды. Маған ақыл беруін өтінді. Шейх басымнан сипап, мейірімділікпен тізесіне отырғызды. Өте бір мейірбандылықпен, жылы жүзбен ақыл-кеңесін берді. Бүгінде сол тарихи сәттен бері отыз сегіз жыл өтсе де Шейхтың мұбарак жүзі, оның өсиеті мен мейірімі тасқа басқан суреттей жадымда сақталып қалыпты. Үмітімнің осындай шапағаты күні бүгінге дейін жеткен болса, бұдан кейін де бұл дүниеде жалғасын табатын болады», – деп ерекше тебіреніспен жазған.

Мырза Айдардың сол кездегі Хорасан өлкесінің астанасы – Гераттағы өмірі жақсы өтті. Өйткені сол заманда Хорасанды билеп отырған Үсейін Байқара оның әкесі Мұхаммед Үсейінді өзінің ерекше құрметіне бөлеп, патшалық ілтипатын көрсетіп жүрді. Бірақ бұл кезде Үсейін Байқара қартайып, өмірінің соңғы күндерін өткізіп жатқан еді. Көп ұзамай, 1438 жылы туған Үсейін Байқара 1506 жылы қайтыс болды. Мырза Айдар ол кезде жеті жаста еді.

Үсейін Байқара өлімінен кейін Хорасан өлкесін жаңа саяси ахуал күтіп тұрған-ды. Сұлтан Үсейін Байқараның балалары тайыз ойлы, жігерсіз, өзара ынтымағы жоқ болатын. Шаһибек хан бұл жағдайды тиімді пайдаланып, Хорасан өлкесіне шабуылын үдете түсті. Сөйтіп, 1508 жылы Шаһибек хан Кәлат камалын қоршауға алған кезде Герат қаласына Мұхаммед Үсейін көрегенді өлтіруге адам жіберіп, оны азапты өлімге душар етті.

Осы оқиғадан кейін Мырза Айдар шешеден де, әкеден де айырылып, тұлдыр жетімге айналған тоғыз жасар бала еді. Шаһибек хан Мырза Айдарды да Хожент өзеніне батырып өлтіруге шешім қабылдады. Бұл ойын іске асыру үшін Бұхараға адам жіберіп, Ұбайдолла ханға оны өлтірсін деп тапсырды. Ұбайдолла хан Мырза Айдардың туған жездесі болса да Шаһибек ханның бұйрығын орындауға мәжбүр еді. Сонда Алла тағала жар болып, Мұхаммед

Үсейінді сыйлайтын сопылар оның баласын қауіпті жағдайдан құтқаруға кірісті.

Мырза Айдар өзі жазғандай, әкесі өлімін сезгендей алдын ала баласын ұстазы Хафиз Мирим және имани досы мәулана Мұхаммедке тапсырған еді. Сондай қарбалас заманда мәулана Мұхаммед Қазидің тапсырмасымен мәулана Мұхаммед тамаша жоспар құрып, Мырза Айдарды Бұхарадан Һисар Шадманға дейін алып шықты. Һисар базарында мәулана Мұхаммедті Мұхаммед Үсейіннің қызметшілерінің бірі танып қалды. Мәулана Мұхаммед бұл оқиғадан кейін тез арада Һисардан шығып кетуді ойлады. Жолға аяқасты шыққанның кесірінен Мырза Айдар есектен құлап, шынтағын шығарып алды. Жол-жөнекей сынықшы табылмай, екі ай бойы тыныш ұйықтай алмай азапты күндерді басынан өткізді.

Екі айдан кейін Хотлан уәлаятының әйгілі ауылдарының бірі – Пушангқа жетіп, сондағы қожа Әбиболла атты мейірімді ауылнайдың үйіне тоқтады. Ол кісі сынықшы тауып, Мырза Айдардың шынтағын қайта салдырды. Сөйтіп ол азапты түндердің дертінен құтылып, түнгі рақат ұйқыға батты.

Бірақ ертеңгі күні тағдыр мәулана Мұхаммед пен Мырза Айдарға жаңа сынақ дайындап қойып еді. Олар аялдаған қожа Әбиболланың үйіне бір сарбаз келіп, Мәулана Мұхаммедке өзінің бұрын Мұхаммед Үсейіннің қарауында істегенін айтып сендірді. Сол кезде одан көрген жақсылықтары үшін алғыс айтып, қолынан келер көмекті аямайтынын тілге тиек етеді. Сөйтіп, бір күн, бір түнді бірге өткізеді. Ертесіне оның қоштасып кеткені сол-ақ екен, қожа Әбиболлаға сенімді жақын адамдарының бірі келіп, мәулана Мұхаммед пен Мырза Айдар мұның үйінде екені ауылдың Шейхым атты тыңшысының құлағына жеткенін айтады.

Қожа Әбиболла жасырғаны үшін айыпты болғанына қарамастан олардың қалаған жағына тездетіп жүріп кетуіне көмектесті. Олар Бадахшанға қарай жолға шықты. Хотланның әйгілі Дели Базар ауылына жеткенде таулы аймақтың бәрін Шаһ Рәзиеддин бастаған кәпірлер тобы өз қарамағына алып басқарып отырғанын естіді. Сондай қиын жағдайды естіген мәулана Мұхаммед Хотлан уәлаятынан қашып шығу жолдарын іздестіріп жүргенде, Никпей шаһтың есімі құлағына шалынды. Естуінше, Никпей шаһ мұқтаж адамдарға көмектесіп жүрген әмір екен. Ол Хотлан әмірі Әмзе сұлтанға бағынғанымен Мырза ханның тілекшісі досы екен. Сондай-ақ Рәзиеддин шаһпен де жақсы қарым-қатынаста болған.

Құдай қалап, мәулана Мұхаммед Никпей шаһпен кездесіп, оған Мырза ханның ұстазымын деп таныстырып, өздерінің жағдайын, Зафар камалына, Мырза ханның жанына бара жатқанын айтты. Никпей шаһ мәулана Мұхаммедті құрметтеп, оларды Рұстақ елді мекеніне жеткізіп салуға бес адам қосып шығарып салды. Күн батып, айналаны қараңғылық басып, жұлдыздар жымыңдай бастаған мезгілде бес кісінің пейілі бұзылды.

Жолда кездескен үш жолаушымен бірге мәулана Мұхаммед пен Мырза Айдардың мал-мүлкін тартып алып, өздерін өлтірмек болды. Сол кезде

мәулана оларға: «Мырза Айдар – Мырза ханның бөле інісі, Бұхарадан қашып, Мырзаның жанына бара жатыр. Бір үлкен топ қызметшілер артымыздан келе жатыр және бірнешеуі Никпей шаһтың жанында қалған болатын. Егер біз Зафар қамалына уақытында жетпесек, олардың сіздерге не істейтінін білетін боларсыздар. Содан кейін сіздердің тағдырларыңыз не болар екен?» – деді. Кенет бес қарақшының бойын үрей билеп, алғандарын дереу қайтарып беріп зытып отырды. Сөйтіп, олар Дұстақ мекеніне аман-есен жетті. Келесі күні Зафар қамалына қадам басты.

Сол кездері Бадахшан аймағы түрлі саяси күштердің тартысына түсіп, бөлшектеніп кеткен-ді. Бадахшан сардарларының бірі Мұбарак шаһ болатын. Ол өзбектердің шабуылынан қорғайтын мықты мекен тауып, сол жерде өзбектерге қарсы шайқасып, оларды күйретеді. Сондықтан ол қамалды – «Зафар қамалы», яғни Жеңіс қамалы деп атап кеткен. Бұл қамал Бадахшанның астанасы еді. Мұбарак шаһты Зүбейр Зағи өлтіріп, билік тізгінін өз қолына алады. Кейін оны Мырза хан өлтіреді. Мырза хан Бадахшанның Зафар қамалының бір бөлігін биледі.

Бадахшанның жоғары жағындағы көптеген Һазари («Зафарнамада» қазақ «Һазарелер» деп беріледі) тайпаларын мырза Әбубәкір өзіне бағындырып, төменгі жазық бөлігін өзбектер өз қарауындағы аймаққа қосып алған болатын. Бадахшанның қалған шырайлы жерін Рәзиеддин шаһ өз билігінде ұстап отырған. Міне, осындай қарбалас заманда Мырза Айдар Зафар қамалына, бөле ағасы Мырза ханның жанына келеді. Бұл шамамен 1509 жылдың көктем мезгілі еді. Мырза Айдар осында бір жыл аялдап, он бір жасқа толғанша Зафар қамалында тұрды.

Бадахшан аймағын түгелдей қолына алып билеуді көздеген әмірлердің арасында қақтығыстар өршіп тұрды. Сондай тартыстың бір мысалы – Шаһ Рәзиеддиннің оң қолы болып есептелетін адамдар арасында алауыздық туып, ақыры олар Шаһтың басын шауып, Мырза ханның алдына алып келді.

Бадахшанның шиеленіскен жағдайы хәм Шаһ Рәзиеддин бастаған кәпірлердің тақталасынан туындаған жік бір жағынан Мырза ханның билігіне оң өзгеріс әкелсе, екінші жағынан Бадахшандағы аласапыраннан хабар бергендей еді. Аймақта болып жатқан қарбалас оқиғаларды Кабул тағында отырған Мырза Айдардың туған бөлесі Зәһиреддин Бабыр естіп, Мырза Айдардың қауіпсіздігін уайымдайды. 1510 жылы маусымның аяғы, шілденің бас кезінде Мырза ханға оны өзіне жіберу керектігін айтып хат жазады. Бабыр патша: «Менің нағашы жездем, яғни Мұхаммед Үсейін мырзаның баласы сенің жаныңда екен. Өзбектер мен қашғарлықтардың тарапынан сенің аймағыңа үнемі қауіп төніп тұрғандықтан, бұл жай мені алаңдатып отыр. Енді онда қалуы мүмкін емес. Сондықтан оны бізге жібергенің жөн болар», – дейді.

Мырза хан Бабырдың хатын алған соң Мырза Айдарды Кабулға сән-салтанатымен көк көйлегін кигізіп шығарып салды. Бұл шығарып салу рәсімі ережеп айының (шілденің соңына таман) басында болды. Мәулана Мұхаммед

бастаған топ он алты адамнан және екі ат көлігінен тұратын. Олар жолға алып шыққан заттары жұпыны болғандықтан қиналыңқыраса да, аман-есен Кабул шаһарына жетті. Онда оларды мемлекеттік қазынашы шеніндегі Шырын деген кісі қарсы алды. Ол Бабыр мен Мырза Айдарға бөле болатын. Шырын қонағын үйіне аса құрметпен қабылдады. Бабыр «Үш күннен кейін сәтті күн туады, сол кезде кісі жіберіп алдырамын» деген хабар жіберді. Сол күн келіп жеткенде Бабыр патша Мырза Айдарды мәртебелі құзырына шақырып, мейірі мен ілтипатқа толы нұрлы жүзімен: «Үлкен жездем мен хан атам және ағайын-туыстардың шейіт болуының тауқыметін бастан өткердің. Құдайға шүкір, міне, аман-есен жеттің. Енді олардан айырылып қалдым деп мұңайма, олардың орнын басар мен бармын. Бәлкім, олардан да артығырақ жағдай жасармын», – деді.

Мырза Айдар Бабырмен алғашқы кездесуінен бастап өміріндегі жоқшылық пен тауқыметті ұмытып, үлкен ілтипат пен патшалық қолдаудың арқасында білім алып, ой-өрісін кеңейтті. Сондықтан патшаның қамқорлығы әкешешесінің мейірімінен кем түспеді. Содан Мырза Айдар екі-үш жылдай Кабул шаһарында, Бабыр патшаның еңсесі биік сарайында емін-еркін тәрбие алып, 1512 жылға дейін өмірінің шуақты күндерін өткізді.

Мырза Айдардың туған бөлесі Бабыр 12 жасында Әндіжанда патшалық таққа отырған, одан 16 жас үлкендігі бар еді. Мырза Айдарды жанына алған 26 жасында ол тек саяси билікті ғана ойламады, жалпы өзі әдебиет, сәулет өнеріне құмар, сұлулық, әсемдікке құштар жан еді. Оның рухани самалы, нәзік талғамының Мырза Айдардың рухани болмысына әсері болмаған дей алмаймыз. Бабыр шығармаларын зерттеуші доктор Шәфиға Йарғын оның Кабул қаласына деген ерекше мөлдір сезімін, сүйіспеншілігін айтады. Бабыр заманының Кабулы қазіргі ойраны шыққан мұнды қала емес-ті дегенді меңзейді. Соған қарап, Бабыр әсем жүрегін тек поэзия емес, тіршілік ортасына да сый етіп жүрген жан болған деген ойға келесің. Оның бақса әдеби шығармаларынан өзгешеленіп тұратын «Бабырнамасы» әлемнің 70 тіліне аударылған. Осы шығарманың жазу өнеріндегі Мырза Айдардың өз еңбегінде де оқиғалардың баяндалуы мен шежіре айтуы көрініс береді. Оқиғалар мен кейіпкерлердің шынайы болмысын беруге тырысқандығы Бабырдың шығармашылық үрдісін жаңғыртып тұрғандай көрінеді. Мұның өзі Мырза Айдарды қалам ұстап, көркем дүниелер жазуға құштар еткендігі оның өмір жолынан айқын көрініс тапқан. Өйткені Мырза Айдар Бабырдың жанынан Саид ханның құзырына кеткеннен кейін одан кешірім сұрап хат жазғаны туралы «Бабырнама» еңбегінде: «Әкесін өзбектер өлтіргеннен кейін ол үш-төрт жыл менің қасымда болды. Содан кейін рұқсат сұрап Қашғарға, (Сұлтан Саид хан) ханның жанына кетті. Енді ол орнықты, байсалды азамат болып, жақсы жолға түсіпті деп естідім. Жазуға, сурет салуға, оқ жонуға, найза және садақ жасауға, әйтеуір әр нәрсеге қолы епті екен. Өлең жазу шабыты да бар. Маған (жағдайын) баяндап жазыпты, қалам саптауы да жаман емес-ті», – деп баяндалып, оған әжептәуір оң баға берген. Демек, Мырза Айдардың Бабырға

хат жазып тұратыны оның сол балғын шақтан Бабыр алдында жүріп жазуға еліктей бастағанын көрсетеді.

Мырза Айдар Мұхаммед Бабырдың сарайында болған жылдарда патша Құндызға жорық жасады. Ол Мырза Айдарды бала көріп, өзімен алып жүргісі келмеді. Бірақ Мырза Айдардың өзі патшаның жанында болғысы келіп одан сұрады. Сөйтіп Құндыз жорығында оның жанында болды. Сол 1510 жылдың қыс мезгілінде Бабыр патша Күлік даласына жорық жасағанда да Мырза Айдар қатысты. Көктем шығысымен Кабулда қонақта болған Саид ханға Бабыр патша Әндіжанға қайтуға рұқсат етті. Саид хан сол кезде Мырза Айдарды өзіне қызметте болуға шақырды. Мырза Айдар да Саид ханмен Әндіжанға кеткісі келді. Бірақ оған Бабыр патша ренжіді. Сол себепті патшаның жанында қалуға мәжбүр болды. 1511 жылдың тамыз айында Мауараннәһрге жасаған жорықтарында да оның жанында жүрді. Бабыр патша әуелі Һисар уәлаятына барды. Сондағы болған шайқаста өзбектерді жеңуіне Мұхаммед Үсейін көрегеннен оның ұлы Мырза Айдарға мұрагерлік жолмен қосылған үш мың қызметшілері зор үлес қосты. Анығын айтқанда, олар Һисарда Бабыр патша әскерінің қатарында шайқасып жүрген Мырза ханның қосынына дер кезінде көмектесті. Әйтпесе өзбек әскері Бабыр жағын талқандап, өздерінің жеңіс жалауын желбіретер еді.

Һисар уәлаятында Бабыр патша Мырза Айдарға бағынатын үш мың қызметші бар екенін білгенде оған: «Сен әлі жассың әрі саған мұндай жауапты істерді тапсыруға болмайды. Өзің мәулана Мұхаммедпен бірге бірнеше кісімен менің жанымда бол, ал қалған адамдарыңды Мырза ханға көмекке жібер», – деп қол астындағы адамдарының Мырза ханның қосынына көмектесуін бұйырған-ды. Бұл шара өзінің жемісті нәтижесін бергенін жоғарыда айттық. Һисарда Әмзе сұлтан басқарған өзбектерді жеңіп Жан Аһмет Атаке өзбектің бір беделді адамын тұтқындап, Бабырдың алдына алып барды. Оған Бабыр патша ерлігі үшін жүлде беріледі деп уәде берді. Жан Аһмет Атаке басқарған үш мың қызметші Мырза Айдардың қарамағында болғандықтан Бабыр: «Бұл – Мырза Айдардың бірінші ерлігі, жақсы ырым. Хатшылар дәптерде жүлдені оның атына тіркеп қойсын!» – деп бұйырды.

Бабыр патша әскерінің Һисар уәлаятындағы жеңісінен кейін Мырза Айдар онымен бірге Бұхара, сосын Самарқанд шаһарына да барды. Ол қалалардың тұрғындары Бабыр патшаны аса қуанышпен қарсы алып жатты. Бірақ патшаның шаһ Исмаилмен одақтас болғанын ұната қоймады. Өйткені шаһ Исмаил Иранның Шейх Сәфи әулеттерінің шийттік мәзһабын ұстанған патшасы еді. Ал Бұхара мен Самарқанд тұрғындары сүнни мәзһабы, Әбу Қанифа бағытын ұстанған мұсылмандар болатын.

Бабыр патша сол 1511 жылдың тамыз айында Самарқандта таққа отырып, сегіз ай басқарды. Ол шийт бағытын ұстанған шаһ Исмаилға бағынышты болғандықтан ел арасында беделін төмендетіп алған еді. 1512 жылдың ақпан айының соңында Көлмәлік мекенінде болған шайқаста Ұбайдолла хан үш мың

жауынгерімен Бабыр патшаның қырық мың қарулы атты, толық жасақталған қосынының тас-талқанын шығарды. Мырза Айдар безгек ауруына шалдығып, бұл шайқасқа қатыса алмай, Самарқандта қалуына тура келген еді.

Бұл оқиғадан кейін Бабыр патша Самарқандқа қайта оралғанымен патша тағында бекем отыра алмады. Бұл кезде Мырза Айдар да ауруынан сауығып қалған еді. Бабыр патшаға қарсылық көбейе түскен соң Мырза Айдарды өзімен бірге алып Һисарға жол тартты. Содан кейін шаһ Исмаилдан бірнеше рет елші жіберіп көмек сұрады. Шаһ Исмаил да алпыс мың әскерді бас әмірі болған Әмір Нәжімнің қолына тапсырып, Бабыр патшаға көмектесуге жіберді.

Бабыр патша Һисарда болған кезде Әндіжаннан Саид хан Мырза Айдарды сұрап оған адам жіберді. Патша Саид ханның өтінішіне қанша ренжисе де, ақыры Мырза Айдарға Саид ханның жанына баруға рұқсат берді. Бұл оқиға 918 жылдың ережеп айында (1512 жылдың қыркүйегі) болды.

Бабыр патша көмекке келген жаңа әскерімен әуелі Қаршы қамалына шабуылдап, оны жаулап алды. Содан қамалға бекінген өзбек әскерін, оларға қолбасшы болған Шейхым мырзамен қоса түгелдей тұрғындарын да үлкенкіші демей қырып салды. Қаршы оқиғасынан кейін Ұбайдолла хан жеңіліс тапқан соң, Бұхараға кетті. Одан Түркістанға қашты. Мырза Айдар Бабыр патшамен Бұхараға барғанда әпкесі Әбиба сұлтан Ұбайдолла ханның қашқын көшіне ілесе алмай сонда қалыпты. Содан інісі Мырза Айдармен кездесті. Сол кезде Саид хан Бабыр патшамен кеңесуге Бұхарадан келген болатын. Сөйтіп, сәті түсіп Мырза Айдардың әпкесін немере ағасы Сейіт Мұхаммед мырза өз қолымен Саид ханға ұзатты. Ал Қаршы жойқынынан кейін Бабыр патшаның берген кеңесі бойынша шаһ Исмаил сарбаздары Ғәждуан қорғанына шабуыл жасады. Бірақ Әмір Нәжім мен барлық қызылбас әскері жеңіліп, тозақ отына аттанды. Қалғандары Һисарға шегінді. Сөйтіп, Бабыр патша мен Саид ханнан қалған моғол әмірлері, патшаның қызметінде жүргендер және басқа да моғолдар арасында алауыздық туды.

Осы тұста Мырза Айдар өзбектер мен Бабыр патшаны жақтап шайқасқан әскердің соғысын діндарлар мен дінсіздер арасындағы шайқас деп бағалады. Оның себебі Мырза Айдар әкесі мен ұстаздарынан сүннилік бағытта тәрбие алған еді.

Бабыр патшаның адамдары моғолдардың қарсылық соққысына төтеп бере алмай, Һисар қамалына тығылды. Бұл жағдайды көрген патша Һисарды өз адамдарына тапсырып, Құндызға қарай бет алды. Құндыз өлкесі Мырза ханның билігінде болды. Содан Бабыр амалсыз Кабулға оралды. Ол жерді Мауараннәһрге аттанар алдында сұлтан Насыр мырзаға тапсырған еді. Кабулға келісімен Бабыр патша билікті өзіне қайтарып алды.

Біздің кейіпкер Мырза Айдар Бабыр патшадан Әндіжанды билеп тұрған Саид ханның сұрауы бойынша жанына кеткенін жоғарыда айттық. Сондықтан Мырза Айдардың тағдырының бағыты өзгергеніне байланысты Бабыр патшаның өмір хикаясының жалғасын басқа уақытқа қалдырдық.



Мырза Айдар Өндіжанға Саид ханның жанына барған соң 1533 жылдың маусым айына дейін, яғни ханның өмірінің соңғы күндеріне дейін хан билігінің қажетіне жарап келді.

Мырза Айдар Өндіжанға, Саид ханның жанына барғанда он үш жаста еді. Сол кезде оның немере ағасы Сейіт Мұхаммед мырза Саид ханның кеңесшісі болғандықтан мемлекет жұмысына байланысты кеңеске міндетті түрде басшылық жасайтын. Немере ағасы ылғи Мырза Айдарға қамқорлық жасап, оны Саид ханның алдында мақтайтыны аздай, тіпті оны жоғары кеңес болып жатқанда мәжілістің жоғары орнына отырғызып жүретін. Бұл жөнінде Саид ханға ұсыныс жасап, оны төрге отырғызудың себебін түсіндіріп жататын. Сейіт Мұхаммед мырза бірде Саид ханға Мырза Айдар туралы: «Ол – мәртебелі сізге бауыр, туыс-жекжаттығы жағынан ең жақын адам. Менің ағамның баласы болса да оның өзімен жоғарырақ отырғанын лайық көрем әрі солай болуы тиіс деп білемін», – деді.

Мырза Айдар Саид ханның жанында, бір жағынан немере ағасының қамқорлығында болса, екінші жағынан Саид хан оны ең әзиз жанындай жақсы көретін. Ханның мейір-шапағатқа толы әкелік сезімін және ханның оған жасаған жақсылықтарын Мырза Айдар өз еңбегінде жазыпты. Онда Саид ханның өзімен қарым-қатынасы туралы: «Егер Саид хан атқа мініп, серуенге шығатын болса, мен оның үзеңгілес серігі болатынмын. Аңға шыққанда міндетті түрде уақыт тауып мені аң аулауға үйрететін. Егер аңға бастап шықса, онда іске қызу кірісіп, бұл кәсіпке мені қызықтырып, жанынан қалдырмайтын. Ал оның ұсынысын құптамаған жағдайда бұл іске мәжбүрлемей-ақ міндеттей білетін. Ол маған әртүрлі істі тапсырып, олардың пайдасы жөнінде айтып отыратын», – деп баяндайды. Сондай-ақ бірде Саид хан Мырза Айдарға әкелік өсиетіндей етіп кеңес бергенін жазады. Сонда Саид хан: «Жігіттер қызмет еткісі келмесе, өнегелі, тәрбиелі адам болып өсе алмайды. Халықтың әртүрлі топтары хандар мен сұлтандар, әмірлер мен басшылар жиналған көпшілік алдында, сондай-ақ мереке-жиындарда ірі істерді атқаруда сасып жаңылысады, сөйтіп адамдар оны тындаудан қалады. Алайда жігіттер жасы үлкендерге қызмет жасайтын болса, олардың мұндай істерге, оның қыр-сырына бойы үйреніп, жамағаттың жиындарында өзін сенімді ұстайтын болады. Өзіне деген нық сенімнің арқасында халықтың көңілінен шығып, ілтипатына бөленеді, ал олардың абыройлы болуы дүниені басқаруда қуаттылықтың, мықтылықтың себебі болмақ. Ал егер бұл қызметті білімі жоқ адам атқарар болса, ол басқаларға тиісті тапсырма бере алмайды, тапсырманы орындауда жіберген кемшіліктерді, оларды жою жолдарын көре алмайды. Әкем мен немере ағамның қызметінде болған кезімде олар көптеген қызмет атқаруға міндеттеді әрі сол істерімен де маған зор көмек көрсетті. Мен саған үлкендерден үйренген өнегемді айтып отырмын, сен де бұдан өз өміріңе пайдасы тиер ғибрат аларсың», – деп ақыл-кеңесін беретін.

Жиырма төрт жасқа дейін Мырза Айдар барлық қызметті бар ынтасымен атқарды. Осы уақыт ішінде ханның ірілі-ұсақты істерін айтпай-ақ атқарып

жүрді. Басқосулар мен әмірлер мәжілісінде жол сақтап, өз орнында отыруды үйренді. Отырған орнында ханға әлдебір қызмет көрсетуге қолайлы сәт тауып, соны істеуге әрекеттенсе, хан оны тоқтатып: «Мереке-жиындарда үлкенді сыйлау қажет, себебі ел істің анығын байқап қалмауы керек», – дейтін.

Мырза Айдардың жасы 25-ке келгенде Саид хан оны қарапайым қызметтерден толық босатып: «Айтқанымның бәрін екі етпей бар ынтаңмен орындадың. Енді сен біз күткен істерді атқаруға кіріс», – деді. Жасы отызға толған кезде Саид хан оған әскер ісін сеніп тапсырды. Дегенмен жанына тәжірибелі әрі белгілі әмірлерді қосып беріп: «Сен бұл кісілердің айтқан кеңесін еш уақытта екі етпе, барлық істе оларға құлақ асып, мойынсынып жүргін», – деп тапсырады. Осыдан соң бірнеше жорықтан кейін, оған жиналыс пен кеңестерде «Өз ой-пікіріңді айт» деп әмір етті. Отызға жеткенше мұндай бұйрық алған жоқ еді, яғни ешқашан өз ойын айтып, ауыз ашпаған. Жиындарда аузын жұмған балықтай болып отыратын. Осындай жиындарда ойын айтуға рұқсат беріліп, сөйлейтін болса, хан: «Оны не үшін айттың, қандай айғағың бар? Оның дұрыстығы неде? Немен дәлелдейсің?» деп саул қоятын. Сонда Мырза Айдардың жауабы негізді, дәлелді болса, айтқан істің жай-жапсарына сәйкес келсе, онда мақұлдай отырып, жиынға қатысушылардан да мақұлдауды өтінетін, сөйтіп осы шешімге тоқтайтын. Егер ол ойын дәл жеткізе алмаса, онда түзетіп: «Ол мынаны айтқысы келіп отыр» деп әмірлерге ескере отырып, оның ойын өзі дұрыс қорытындылап беретін. Ал егер оның пайымдауында о баста қателік кеткен болса, ол мұны жиналыста әдемілеп жеткізетіні соншалық – Мырза Айдарға бұл істің қыр-сыры түсінікті бола түсетін.

Осылайша біршама уақыт өткен соң Саид хан: «Сенің пікіріңе менде толық сенім пайда болды», – деді. Содан кейін барлық әскери және мемлекет істерін оған сеніп тапсырды хәм бүкіл істе оның қолына шексіз билік, еркіндік берді және ханның жарлықтары мен үкімдері оның атына жіберіліп отырды. Сондай-ақ оның өз атына ханның жеке хаты да келіп тұратын. Қашмир жорығынан оралғанда Тибетте ханның құзырына барды. Ханның оңаша да, жұрт көзінше де оны «бауырым» деп атайтынын Мырза Айдар асқан ризашылықпен еске алып жазған.

Мырза Айдар сәбилік шағынан Мауараннәһр, Хорасан, Қашғар өлкелерінде болып жатқан саяси тартыстар мен билікке мүдделі топтардың өзара шайқасына куә болып жүргені оның пешенесіне жазылған тағдыр іспеттес еді.

Ол Бабырдың жанында жүргенде бірнеше жорыққа қатысқан болса, бұл үрдіс Саид ханның жанына келген соң да жалғасын тапты. Соның бірі – 1512 жылдың көктемі шығысымен Шаһибек ханның өзбектері Мауараннәһрге билік құрғанда Саид хан сол жылдың қыс мерзімінде келесі шайқастары өзбектермен қалай болар екен деген оймен оған қандай айла-шара қолдану керектігін ойлап жатқан-ды. Сол арада қазақ ханы Қасым ханның шабуылға шыққаны туралы күтпеген хабарды естіген болатын. Қасым хан шабуылға



шыққанға дейін Саид хан Ташкентке қарасты Аһәнгәран атты елді мекенге жорық жасады. Сол жорықта Мырза Айдар ханның жанында бірге болды. Он үш жастағы тәжірибесі аздау бозбала болғандықтан Саид хан оны қожа Әлі Баһадүрге тапсырды. Сөйтіп, Мырза Айдар батырлардың майдандағы ерлігін көзімен көріп, түрлі соғыс тәсілдеріне қаныға бастады. Оның жетіліп-пісуіне, алдағы уақытта талай рет қосын басқарып, жорыққа шыққан кездерінде осы шайқастарға куәгер болып қатысуы үлкен әсер етті.

Саид хан Аһәнгәран елді мекенін шабуылдағаннан кейін Әндіжанға мол олжамен оралды. Ізінше Қасым хан Ташкентке Сүйіншікке шабуыл жасау ойынан қайтып, жұртына оралды. Оны естіген Саид хан қазақтарға қарай бет алды. Ондағы ойы Ташкентті алуға тағы да қазақтарды үгіттеу болатын. Өкініштісі, Саид ханның дәл осы сапарында Мырза Айдар сырқаттанып, Саид хан мен Қасым ханның Шу маңында болған кездесуіне қатыса алмады. Сондықтан Мырза Айдар моғол мен қазақ хандарының кездесуіндегі болған сыр-сұхбатты кейінірек Саид ханның аузынан естіді.

Саид хан қазақ даласына Қасым ханмен кеткен кезде Мырза Айдардың келешек тағдырына байланысты қызық оқиға болып жатты. Ол былай болған: Мырза Айдарды Шаһибек ханның қастандық істерінен қорғап, оны қауіпті жағдайдан құтқарған әзірет мәулана Мұхаммед Қазиді Саид хан қазақ ханымен кездесуге кеткенде Әндіжанда болатын. Сонда оның құзырына Мұхаммед Үсейін көрегеннің қызметшісі, ал әзірет мәулана Мұхаммед Қазидің шәкірті болған Рашид Көкалдаш атты кісі барып: «Мұхаммед Үсейін көрегеннің баласы Мырза Айдар Саид ханның қарындасын қалыңдыққа алып, «көреген» атауына ие болса дұрыс болар еді. Өйткені ол Нисардан Әндіжанға осы мақсатпен келген-ді. Бұл шаруаға әмірлердің бәрі қарсы болып тұр», – деді. Оның әңгімесін тыңдап болған соң мәулана Мұхаммед Қазиді: «Бұл некені Хақ Сұбхана Тағаланың жазғанын айқын көріп тұрмын. Әмірлердің әрекеті пайдасыз болады. Әрине, бұл іс сөзсіз орындалады», – деп жауап берді. Саид хан қазақ ханының кездесуінен оралған соң ағайындарының алдында құрмет көрсетіп, Мырза Айдарды өзіне күйеубала етті. Сөйтіп оған «көреген» деген мәртебелі атақ берді. Бұл оқиға 1513 жылдың тамыз айында болды. Бұл Мырза Айдардың он бес жасқа қараған шағы еді.

Моғол хандарының ханшайымдарымен үйлену Дулат әмірлері арасында қалыптасқан үрдіс еді. Соның жалғасы іспеттес Мырза Айдар да Саид ханның қарындасына үйленіп, мәртебелі «көреген», яғни «Моғол ханының күйеубаласы» деген атаққа ие болды. Саид хан Мырза Айдардың немере ағасы Сейіт Мұхаммед мырзамен кенесіп, өзбектермен соғысу жеңіс әкелмейтініне көзі жетті. Сондықтан қолда бар әскерімен Қашғарды жаулап алған Әбубәкір мырзаға шабуыл жасап, Қашғар уәлаятын азат етуді жөн көрді. Сөйтіп, 1514 жылдың көктемінде Әндіжаннан шығып, Қашғарға бет алды.

Мырза Айдар да Саид ханмен бірге Қашғар жаққа жүріп кетті. Саид ханның әскері қала шекарасына жеткенде Мырза Айдар Әбубәкір мырзаның қала

төңірегіне шамамен елу жәриб (әр жәриб – он мың шаршы метр) аумағы бар жерге жеті күнде қамал салдырғанына куә болды. Қамалдың биіктігі кейбір жерінде жиырма кезге жететін. Қамалдың әр бұрышындағы сәулетті де биік мұнараның айналасы отыз кезден асатын. Қамал үстінің кеңірек жерінен төрт салт атты кісі қатар жүре алатын ерекшелігі Әбубәкірдің ғажайып істерінің бірі еді. Мырза Айдар Әбубәкір мырза туралы өз еңбегінде әжептәуір мәлімет берген.

Қашғар өлкесін Әбубәкір мырзаның билігінен азат ету үшін Саид хан үш-төрт ай Қашғар, Жаркент және Ғисарды қоршап, көп еңбектенді. Оған сол кездегі мықты баһадүрлер мен әмірлер атсалысты. Мәселен, Қашғар аймағын жаулаудың кілті саналатын Йәнгі-Ғисар қамалын жаулап алатын кезде Саид хан 1514 жылдың 22 тамыз күні қамал айналасындағы жерлерді жаулап алу үшін әскеріне бөліп берді. Сонда қамалдың батыс жағында Саид хан орналасқан болатын. Ал Саид хан орналасқан жақтың басқа бір мұнарасы Мырза Айдарға тапсырылды. Осылайша Мырза Айдар соғыс майданында алғашқы басқару тәжірибесін өткізді.

Саид хан әскері Йәнгі-Ғисар қамалын жаулап алған соң Жаркентке бет алды. Олардан бұрын Саид ханның қожа Әлі Баһадүр атты сардары Жаркентті бағындырғаны туралы хабар жетті. Сөйтіп, Саид хан 1514 жылдың қыркүйегінің екінші жартысында Жаркент қаласына кірді. Мырза Айдар ханның жанында болып, оның әмірлері, қолбасшыларымен өткізетін кеңес мәжілісіне қатысқан.

Саид хан Қашғар аймағын жаулап алған 1515 жылдың күзінен бастап, 1522 жылдың желтоқсанының соңына дейін жауынгерлік мінезімен қатар думаншыл да шарапқа әуестігімен ерекшеленіп өмір сүрді. Соңғы жылдың аяғында жүрегіне иман сәулесі ұялап, біржолата тақуалық өмірге бет бұрды. Соған қарамастан Саид хан мемлекеттік істерге, сондай-ақ Мырза Айдардың тәрбиесіне айрықша көңіл бөлді. Мырза Айдар Саид ханның әкелік ілтипатын, өзіне көрсеткен тәлім-тәрбиесін тебірене отырып өз шығармасында жазған. Ол Саид ханның жанында жүргенде тәрбие алып, үйренген түрлі саладағы білім-өнерін нақтылап жазған. Ол бұл жайында: «Өртүрлі өнер-білім, тәлім-тәрбие алдым, өмірім сән-салтанатты жағдайда өтті. Оқу, жазу өнерінен, өлең шығарудан, шығарма жазудан, сурет салудан, алтынмен аптаудан, сондай-ақ басқа да қолөнер түрлерінен: асыл таспен безендіру, ағаш ою, зергерлік, тасты тілу, оқ жону, садақ ию, сауыт, кездік соғу, жабу, ат әбзелдерін жасаудан қатарластарымның арасынан алдыма жан салмадым, құрылыс жұмыстарының ағаш ұсталығы ісінде асқан шеберлікке жеттім. Басқа игерген қолөнер түрлерін баяндау әңгімені ұзартып жіберер. Қолөнердің барлық түрін шебер игергендігім сондай – бұл кәсіптің шеберлері маған шәкірт болуға да жарамайтын, осының бәрінде хан мені сүйеп, қолдап отырды.

Мемлекет істеріне қажет барлық нәрседі және соғыс әдістері, садақ ату, аң аулауды ұйымдастыруда нағыз ұстазым әрі тәлімгерім ханның өзі болды», – деп еске алады.

Саид хан Мырза Айдарды 1509 жылы туған баласы Әбдірашидпен бауыр болсын деген ниетте болатын. Сондықтан ұлы он үш жасқа толғанда оны Моғолстанға жіберуді ұйғарды. Әбдірашидті аттандырар кезде Саид хан Харезмнен өзінің барлық қару-жарағын алғызып, Мырза Айдарды шақырып алып: «Рашидтің қылышы мен қорамсағын сен өз қолыңмен беліне байлап, атына мінгіз. Бұл сенің берген батаң болсын әрі әскери істе ол сенің шәкіртің болсын!» – деді. Ол Саид ханның айтқанын орындады. Содан кейін хан тұрып «Фатиһа» сүресін бірнеше рет оқып, ұлына былай деді: «Есіңде сақтап, ұмытпа, сенің беліңе алғаш қылыш байлаған – бұл Мұхаммед Айдар. Сен енді оның шәкірті болдың. Егер біреу сенен: «Әскери істе кімнің шәкіртісің?» – деп сұраса, «Сен кімді айтар едің?» – деді. Сонда Рашид хан: «Мен Мырза Айдардың шәкіртімін деймін», – деді. Бұдан соң Саид хан бұл сөзді бірнеше рет қайталап, «Фатиһа» сүресін оқып, Рашид сұлтанды шығарып салды. Ол Моғолстанға кетті.

Бірде Мырза Айдар Моғолстанда болғанда Саид хан бадам, яғни жаңғақтың бір түрін жеп отыр екен. Бір бадамды тісімен қыршып қалғанда, қақ айырылып, ішінен екі дән шықты. Хан Рашид сұлтан мен Мырза Айдарды қасына шақырып алып, екеуіне екі дәнді берді де: «Үлкендердің салты бойынша, егер екі адам дос болғысы келсе, осындай бадамның бір-бір дәнін жеуі керек. Оның мағынасы – екі дән бір қабықта, бір-бірінен бөлек болмай, нағыз бірлікте болады. Мен де сендерге осындай тілек тілеп, дос болыңдар деп әмір етемін», – деді. Сол кезден бастап Рашид сұлтан мен Мырза Айдар жақын дос болды. Бұл жайтты Мырза Айдар кітабында анық жазды. Онда: «Екеуіміз де салт бойынша жерді сүйдік және бір-бірімізге астымыздағы атымызды сыйға тарттық. Екеуіміз Ақсуда өте тату болдық. Достық, бірлік, мейірім және бір-бірімізге деген сеніміміз сондай жоғары шекке жетті. Одан асу мүмкін емес-ті. Біздің достығымыздың беріктігі соншалық – егер ол жайлы жазар болсам, оны оқығандар бұл жай қызыл сөз ғой деп ойлап қалуы мүмкін», – деп Рашид ханмен жақын достығы мен татулығын еске алады.

Рашид сұлтан Моғолстанға барғанда қырғыз, қазақ, өзбектердің әскери қуаты күшейіп, саяси билігі нығая түскен кезге тап болып, Қашғарға қайтуға мәжбүр болды. Бұл сәтсіздік оған келешек саяси билігінің территориялық аумағын жаңаша қарауға мәжбүр етті. Сондықтан Рашид сұлтан әкесінің орнына таққа отырғаннан кейін билік саясатын өзгертті.

Рашид ханның Қашғарда болуы оның Мырза Айдармен қоян-қолтық қарым-қатынас жасауына мүмкіндік тудырды. Соның бірі Саид хан 1528 жылдың қыс мезгілінде Мырза Айдарды Рашид сұлтанға қосып саяси толқу өрши түскен Бәлур өлкесіне жібергені әрі тапсырманың сәтті орындалуы екеуін бір-біріне жақындата түсті. Сол сапарда Мырза Айдардың тәрбиесінен өткен Рашид сұлтанның мінез-құлқы жақсарып, әжептәуір жетілді.

Саид хан Йәңгі-Ғисар қамалын жаулап алған соң, Қашғар істерін реттеп, 1514 жылдың қыркүйегінде Жаркент қаласына кірді. Сонда жеңіс жалауын желбіретіп, Саид хандығының негізін Қашғар аймағында қалады.

Мырза Айдардың өмір жолы сол 1514 жылдан бастап, Саид хан өмірден өткен 1533 жылға дейін Қашғариямен тікелей байланысты болды.

Саид ханмен ол Жаркентке келген соң медресеге барды. Онда беделді ұстаздардан Құран, хадис, тәпсір, тарих, география, пәлсапа, мантық (логика) пәндерінен дәріс алды. Сонымен қатар Саид ханмен бірге басшылар мәжілісіне жиі қатысып, мемлекеттік істердің барысымен жақын танысуына жол ашылды.

Мырза Айдар өз қабілетімен Саид ханның күйеубаласы болып, көреген атағына да ие болды. Әрі әскери жорықтарға ханмен бірге қатысып жүрді. Сондай-ақ ханның ұлы Әбдірашидті тәрбиелеп, оның азамат болып қалыптасуына зор үлес қосты. Сондықтан ол Саид ханның алдында үлкен беделге ие болды.

Саид хан 1514 жылы Қашғарияда өз хандығын құрған соң Шағатай мемлекетінің бұрынғы аумағын қайтарып, үлкен мемлекетті қайта қалпына келтіргісі келді. Сөйтіп бар күшін соған жұмсай бастады. Сол себептен Маураннәһрде Шейбанды өзбектерден қайтарып алуды мақсат етті. Ол үшін бір жағынан өзбектерге Қазақ хандығын қарсы қойғысы келсе, екінші жағынан, қазақ пен қырғыз арасына іріткі салып, олардың одақтасуына кедергі жасауды көздеді.

Бірде Моғолстанда тұрған Мұхаммед қырғыз Түркістан әкімі Шаһибек хан әулетінен болған Абдолламен шайқасып, оның адамдарының көбін өлтіріп, өзін тұтқынға алды. Бірақ Абдолланы бір күн ұстап, сосын оны босатып, құрмет көрсетіп басқа да аман қалған кісілерімен бірге Түркістанға жіберді. Бұл хабарды естіген Саид хан ызаланып 1517 жылдың маусым айында Мұхаммед қырғыздың сазайын тартқызу үшін Моғолстанға жорыққа шықты. Соғыста жеңіске жетіп, Мұхаммед қырғызды тұтқынға алды. Оны бес жылдан кейін, 1522 жылы босатып, еркіне жіберді. Бұл шайқас болған жылы Мырза Айдар он сегіз жасқа енді толған жігіт еді.

Бұл оқиға – Саид ханның Мырза Айдарды жастайынан жауапты істерге үйрете бастағанының көрінісі. Соның тағы бір мысалы – Саид хан 1519 жылдың жазында Мырза ханға қарсы Бадахшанға жорыққа шыққанда Мырза Айдарды Қашғардағы істерді реттеп, билік тізгінін ұстап отыруға қалдырды. Әрине, мұндай жауапты міндет Мырза Айдар үшін үлкен сын әрі керекті тәжірибе болатын. Саид ханның жас та болса оның парасатына сеніп, сондай жауапты істерді тапсырып жүруі оған деген ерекше әрі шынайы ықыласынан туатын.

Қашғарияда 1520–1522 жылдар аралығында тыныштық орнады. Соның арқасында Мырза Айдар Саид ханның мемлекеттік және басқа да басқосуларына жиі қатысып жүрді. Содан оның беделі басқа әмірлер мен ақсүйектер арасында да биіктей берді. Саид хан 1522 жылы Мұхаммед қырғызды босатып Моғолстанға жіберді. Өйткені ол әмірлерімен кеңесіп, ең соңында Мырза Айдардың немере ағасының берген кеңесі бойынша өз ұлы Рашид сұлтанды Моғолстан билігіне қоймақшы болды. Бірақ Мұхаммед қырғыз Моғолстанға барған соң Рашид Сұлтанға көмектесіп, Моғолстанды билеуіне тіреу болуының

орнына Саид ханға қарсы әрекеттер жасай бастады. Сол себептен Саид хан Моғолстанға барып, қырғыздарды бағындыруды ойлады.

Саид хан Моғолстан сапарында Сұлтан Жүніс ханның қызы Сұлтан Нигар ханымның араша түсуімен қазақ ханы Таһир ханмен татуласты. Одан кейін Саид хан Қашғарға қайтпас бұрын хандық билігін мойынсынбай бара жатқан Мұхаммед қырғызға соғыс ашып, оны қайтадан тұтқындап, Қашғарға алып келді. Мұхаммед қырғыз сол уақыттан Саид хан өмірден өткенге дейін қамауда болды.

Саид хан Қашғарға қайтты да, Мырза Айдарды Моғолстанда қалдырды. Ханның бұл шешімінің негізгі мақсаты Мырза Айдар Моғолстан халқын тыныштандырып, олардың Қазақ хандығымен жақындасып кетуіне кедергі жасау еді. Бірақ Мырза Айдар Саид ханның көздеген ниетін ойдағыдай орындай алмады. Өйткені қанша тырысса да, қырғыздар қайтадан Моғолстанның шалғай аймақтарына кетіп, Таһир ханға қосылды. Қалған аз бөлігі сол орнында қалды.

Саид хан 1524 жылы өзбектерді басу үшін Әндіжанға жорық жасады. Бірақ оның жиырма бес мың әскері өзбектің жүз мың әскерімен шайқаса алмады. Саид хан амалсыз әскерінің бір бөлігін Қашғарға жіберіп, өзі Моғолстанға аттанды. Моғолстанның атақты жері Оттықта немесе Отлықта отбасы мүшелері орныққан еді. Ол отбасына қосылып, Моғолстанды Рашид Сұлтанға қалдырып, өзі Қашғарға кетті. Мырза Айдарды да Рашид Сұлтанның қасында қалдырды. Кейін хан Қашғардан өз отбасымен бірге қайта оралып, Мырза Айдарға әпкесі Сұлтан Нигар ханымды Қашғардан Моғолстанға алып келуді тапсырды. Саид ханның бұл әрекетінен көздегені Сұлтан Нигар ханым өзі мен Таһир ханның арасындағы қайшылықты бейбіт жолмен шешуге дәнекер болсын деген ниет еді.

Шаһ Мұхаммед Сұлтан оқиғасына байланысты Саид хан Мырза Айдар мен ұлы Рашид Сұлтан ағайыннан біраз жырақта болсын деп Бәлурға ғазауат жорығына аттануға бұйрық берді. Бәлур кәпірлердің елі болатын. Олардың халқының көпшілігі таулы аймақта тұратын. Бәлур ислам дінін қабылдап үлгермеген аймақ еді. Бәлурстан шығысында Қашғар уәлаяты мен Жаркент, солтүстігінде Бадахшан, батысында Кабул мен Ләмған, оңтүстігінде Кашмирмен шектесетін. Бәлурстанды кейбір зерттеуші ғалымдар «Кәпірстан деп аталған, Ауғанстанның солтүстігі немесе Үндікеш тауының оңтүстігінде орналасқан аймақ» дейді. Мырза Айдар Бәлурдың табиғаты мен тіршілігін: «Тегіс жер мен жайлауы аз болғандықтан, олардың малы да шамалы болатын. Онда біраз ешкі мен қой ұстайтын. Олардың жүнінен киім тігетін. Аздаған сиыры бар. Оның сүті мен майын өндіретін. Одан басқа ештеңесі болмайтын. Әрбір шатқалдың және әрбір тайпаның өз тілі бар. Олар бір-бірінің тілін түсінбейтін. Араларында ұдайы соғыс болып тұратындықтан, өз ауылынан басқа жерді көрмеген адамдар да бар еді. Бәлурда әдемі бақтар, жеміс-жидектер көп, әсіресе, анары өте дәмді әрі көп болатын. Сол жерде анардың бір түрі бар, Бәлурдан басқа жерде кездеспейді. Ол анардың дәні ақ, өте жылтыр, таза, тәтті һәм дәмді болатын. Бал да өте көп еді», – деп сипаттайды.

Мырза Айдар мен Рашид сұлтан 1527 жылдың қыс мезгілін Бәлурда өткізді. Ауыр шайқастар жүргізіп, жеңіске жетті. 1528 жылдың көктемінде зиян шекпестен қайта оралып, Сары Шопанға келді. Соғыстарда жеңіске жетіп, көп олжаға кенелген олар бестен бірін Саид ханға бөліп бергеннің өзінде әрқайсысына мың құлдан артық үлес тиді. Сосын олар 1528 жылдың көктемінде келесі бір жорыққа Бадахшанға баруға дайындық жүргізе бастады.

Бадахшан уәлаятын Бабыр патшаның ұлы Һұмаюн мырза 1520 жылдан – 1529 жылға дейін биледі.

Үндістанды жаулап алған Бабыр патша баласы Һұмаюнды Бадахшаннан Үндістанға өз жанында болсын деген ниетпен шақыртты. Өйткені Бадахшан ылғи өзбектердің шабуыл өтінде тұрған қауіпті аймақ болатын. Содан Һұмаюн Бадахшан билігін Фәкир Әліге тапсырып, өзі Үндістанға аттанды.

Һұмаюн кетісімен Бадахшан тұрғындары өзбектердің шабуылына төтеп бере алмайды деген уәж айтып, Фәкир Әлі Саид ханға қайта-қайта кісі жіберіп, Бадахшанға шақырды. Сол себепті Саид хан 1529 жылдың қыркүйек айында Рашид Сұлтанды өз орнына Жаркентте қалдырып, аттанды. Бұл ханның Бадахшанға екінші рет жорығы еді және бұл жолы да Мырза Айдарды өзімен бірге алып жүрді. Саид хан Сары Шопанға жеткенде Мырза Айдарды алға жіберіп, өзі ізімен жүріп отырды. Мырза Айдар Бадахшанның астанасы Зафар қамалына жеткенде одан он екі күн бұрын Һұмаюн мырза Бабыр патшаның кенже баласының ұлы Һендал мырзаны бұрынғы өз орнына Бадахшанды билегуге жіберген екен. Мырза Айдар Зафар қамалына қақап тұрған қыс мезгілінде келген болатын. Ол қамалдағы Һендал мырзаға жағдайды айтып, одан уақытша Бадахшанның кейбір аймағын Саид ханға тапсыруды сұрады. Бірақ Һендал мырза келіспей қойды. Мырза Айдар олар Бадахшан тұрғындарына көмек беру үшін келгенін, сондай-ақ қыс мезгілі өтісімен қайтып кететіндерін қанша айтса да қарсы жақ сенбей қойды. Амалы таусылған Мырза Айдар Зафар қамалының төңірегін тонап күн көруге мәжбүр болды. Бірнеше күн өткен соң Саид хан да келіп жетті. Хан Зафар қамалын үш ай бойы қоршады. Оның әскері қамал төңірегінде Мырза Айдардың тонауынан қалған нәрседен ештеңе қалдырмай алып кетті.

Мырза Айдар сол 1529 жылдың қыс мезгілінде қол қусырып бос отыра алмай түркі тілінде «Жаһаннама» атты дастанын жырлап шықты. Саид хан әу бастан Бадахшан халқының өтініші бойынша оларды өзбектердің шабуылынан қорғауға барған болатын. Сондықтан өзі мен Бабыр патша әулеті тарапынан туындаған түсініспеушілікке қарамастан қыс біткен соң Зафар қамалын тастап, Қашғарға бет алды. Саид хан 1530 жылы көктем шыға Жаркентке барды. Ал Бабыр патша Саид ханның Бадахшанға барғанын естіп немересі Һендал мырзаны Үндістанға шақыртты. Оның орнына Сүлеймен шаһты жіберді. Сонымен Сүлеймен шаһ Бадахшанды ұзақ уақыт Бабыр патшаның атынан биледі.

Саид ханмен Жаркентке оралған Мырза Айдар одан кейін Ақсуға баруға ханнан тапсырма алды. Оның себебі Қашғариядағы Ақсу аймағының билігін



Саид хан Имин Қожаға тапсырған еді. Имин Қожа мен Саид хан ағайын болатын. Сондықтан Саид хан Мырза Айдардың немере ағасы Сейіт Мұхаммедтің қызын Имин Қожа сұлтанға алып берген. Екі тату ағайын мен жекжаттар арасына Мырза Әлі Тағай алауыздық отын лаулатып, Саид ханды Имин Қожаға, ал Имин Қожаны Саид ханға жамандап, екеуінің арасын суытып жіберді. Мырза Айдардың немере ағасы Сейіт Мұхаммед екі оттың ортасында қалды. Бірі туған күйеубаласы болса, екіншісі өмір бойы оған адалдықпен қызмет жасап келе жатқан Саид хан еді. Бірақ хан көңілінде күдік қалмасын деп Саид ханға «Мемлекеттің мүддесі бір адамның мүддесінен жоғары тұрады. Сондықтан Имин Қожаны Ақсу уәлаятынан астанаға шақыртып, орныңызға ұлыңыз Рашид сұлтанды жіберуіңіз жөн болар» деген мәнде кеңес берді.

Саид хан Сейіт Мұхаммедтің кеңесінен кейін Имин Қожаны орнынан алып, Рашид сұлтанды отырғызып, оның қасына Мырза Айдарды қосып, Имин Қожа сұлтанды Жаркент сарайына жіберуін ескертіп Ақсуға аттандырды. Саид хан Мырза Айдарға: «Рашид сұлтанның барлық ісін толықтай жөнге келтіргеннен кейін оралғаның жөн болар», – деп тапсырды.

Мырза Айдар Саид ханның жарлығынан кейін екі күн өткен соң Ақсуға бет алды. Ошқа жеткенде Шаһбаз мырза оны қарсы алды. Оштан өткен соң Имин Қожа сұлтанның барлық адамы Мырза Айдарды қарсы алғанда Имин Қожа сұлтан кенеттен болған бұл жағдайды түсіне алмай, Мырза Айдармен кездескісі келді. Бірақ ол кездесудің пайдасы жоқ екендігін, Саид ханның бұйрығы анық болғанын түсіндірді. Сөйтіп жолға қажетті нәрсенің бәрін әзірлеп, Имин Қожа сұлтанның жанына бірнеше сенімді адамды қосып Жаркентке қарай жөнелтті. Содан Ақсудың барлық әскері мен халқы тынышталды.

Мырза Айдардың Ақсуда жасаған істерінен соң Рашид сұлтанмен арасындағы достық пен бауырмалдық байланыс нығая түсті. Соған қарамастан бұл берік байланыс алдағы уақытта, яғни Рашидтың әкесінің орнына таққа отырғаннан кейін құбылып, өзгере бастады. Рашид сұлтан әкесі Саид хан өлген соң Мырза Айдар мен оның ағайындарына қастандық жасай бастады.

Мырза Айдар Ақсу күндерін былай деп жазған: «Ақсудың барлық әскері мен халқын тыныштандырдым. Олардың ісін өз жөнімен орындадым. Қара халық, сондағы әскер мен Рашидтің бұрынғы қызметшілерінің ісін тәртіпке салып, Ақсу уәлаятының салық дәптерін есептеп, ауыл-аймақтың арасындағы алым-салықты тең етіп бөліп, барлық елдің көңілін тыныштандырып, алты ай бойы сол жерде болдым.

Барлық іс Рашид сұлтанның мақсатына сай істелінген соң және өзінің істерін алға жылжытуға ынталы екенімді көзімен көргеннен кейін һәм өзіне деген мейірім мен сүйіспеншілікке толы көңілімді сезген соң, ол да мені соншалықты бауыр тартты. Бұдан кейін көп жыл бойы нығайған бауырмалдықпен жақсы көрді. Сол күндері Ақсуда бір-бірімізден бір сәтке де бөлінген емеспіз және ешқашан бір-бірімізге қатты сөйлеп көрмеппіз. Ол не істесе де маған ерсі көрінбейтін. Мен не айтсам да ол солай қабылдайтын. Сондықтан ол бөлініп



қалған ескі достарым, яғни Шаһ Мұхаммед сұлтан мен Баба сұлтанға деген жүрегімдегі сағыныш сезімін басқан еді. Сол сағыныштан Рашид сұлтан достық пейілімен арылтықан. Бір жолы маған Рашид сұлтан: «Бұдан бұрын Моғолстанда моғолдар салты бойынша һәм мәртебелі ханның бұйрығы негізінде біздің арамызда достық орнап, атымызды алмастырып мінсек те ант ішкен жоқ едік. Сондықтан қазір байырғы достығымызды күшейту мақсатымен салтанатты түрде ант бергім келеді», – деді. Мен де бұл сертті қабыл алдым. Уәделескен сертіміз былай болды. Мен: «Ханның көзі тірі тұрғанда одан басқа ешкімнің де қызметінде болмаймын. Ал (Алла жамандықтан сақтасын) егер хан дүниеден өтсе, сенен басқа ешкімді паналамаймын. Оның орнына сені хан деп санаймын!» – деп ант еттім. Рашид сұлтан: «Ханнан кейін сені өзімнің ағам деп білемін және егер ел алдында ханға көрсеткендей құрметті маған ашық көрсетсең, сіңірген енбегіңе қарай мен де құрмет көрсетемін. Әрі ханның кеңесі бойынша ағайындарыңа қамқорлық жасап тұрамын. Мен бұл жөнінде баса айттып, уәде беремін!» – деп серт етті. Бұл жазба Мырза Айдардың Рашид сұлтанға жасаған үлкен қызметі мен адал достық пейілін көрсетеді. Рашид сұлтан осындай үлкен сезімге құрылған достығын есте сақтап жүрсе, алдағы уақытта бұл достық күрт қастандыққа айналмас еді.

Мырза Айдар Ақсудың басқару ісін реттеген соң, Рашид сұлтан оған Саид хан құзырына баруға рұқсат берді. Содан Мырза Айдар Йәнгі-Һисарда Саид хан құзырына барды. Хан оған ерекше ілтипат көрсетті. Бірақ Жаркентке баруға рұқсат бермеді. Есесіне Саид хан оны Моғолстанның шекарасындағы Түйінбасыға аңға шығуға өзімен бірге ала кетті. Аңнан кейін Саид хан Йәнгі-Һисарда қыстауға қалып, Мырза Айдарды Жаркентке жөнелтті.

1530 жылдың көктемін Жаркентте өткізген Мырза Айдар сол жылдың жаз бен күз мезгілдерінде Саид ханның тапсырмасын орындау үшін Ақсуда болды. Ал қысты Жаркентте өткізді.

Мырза Айдардың өмір жолы тікелей Саид ханның тыныс-тіршілігіне бағынышты болып келгендей көрінеді. Өйткені Мырза Айдар оның туған баласындай әкелік тәрбиесін көрді. Ол саяси кеңес мәжілістеріне қатысып жүрді. Әрі Саид ханның жорықтарына қолбасшы да болды. Тіпті, хандықтың әрбір аймағында саяси ахуал шиеленіскен жағдайда оның өкілі ретінде, тиісті шараларды іске асыруға лайықты тұлға ретінде Саид ханның ең сенімді адамы болып қызмет атқарды.

Сондықтан Саид хан Тибетке Ислам дінін тарату үшін ғазауат жорыққа аттанған 1532 жылдың жаз мезгілінде Мырза Айдар да Тибет жорығына қатысты. Мырза Айдар кітабында Тибет жайында мол мәлімет берген. Ол Тибетті сипаттаған бір тұсында: «Тибет жолының аса қиындығынан, тау, құз, асулардың қауіптілігінен, ауа райының суықтығы мен судың тапшылығы, шөптің жетіспеушілігінен, оның үстіне қарақшылардың торуылынан саяхатшылардың бірде-бірі ол жерге аяқ басып, жер жағдайынан толық хабардар бола алмаған», – деп әңгімесін өрбіткен. Бұл қысқа сөйлем Тибет сынды ғажайып

өлкені көз алдымызға күрделі табиғатымен елестетеді. Тибеттің солтүстігі Балти аймағымен шектеседі. Ал ол Бәлур және Бадахшанмен шектеседі. Оның шығысында Жаркент уәлаяты, ал батысында Кашмир орналасқан. Саид хан Мырза Айдарды Ескендір сұлтанмен бірге Балтиға аттандырды. Өзі Хотән арқылы Дулпа атымен мәшһүр Алтыншыға бет алды.

Мырза Айдар 1532 жылдың тамызында жолға шығып, сол жылдың қыркүйегінде Тибеттің бай аймағы Нубраға жетті. Сонда бара сала ел арасына жаушы жіберіп, оларды ислам дінін қабылдауға шақырды. Мырза Айдардың шақыруын жаппай халық қабыл алғанмен өлкенің басшылары ислам дініне мойынсынудан бас тартты. Аймақтың бірінші басшысы Бурқәба деген кісі болды. Ол Мырза Айдар қосынына қарсылық білдіріп, аймақтың ең үлкен қамалы Һундарға тығылды. Содан Мырза Айдар қамалды қоршауға алды. Ол қоршауда қалғандардың жағдайы туралы: «Кәпірлер қамалды тастап, үрейленіп, басы ауған жаққа қарай бытырап, жоқ болып кетті. Мұсылмандар қолынан келгенше олардың ізіне түсті. Осы адасқан қауымның ешбірі құтылып кете алмады. Бурқәбаны барлық әскерімен өлтіріп, олардың кесілген басынан биік мұнара пайда болғаны сондай – сол маңайдан кәпірдің миынан көтерілген түтін аспанға жетті. Содан бастап ешкімнің асылық жасауға шамасы келмей қалды. Нубра уәлаятын тұтастай жаулап алдық, олардың қамалына біздің әскеріміз кіріп, жорығымыз ойдағыдай аяқталды», – деп мәлімет береді.

Һундар қамалдың шаруасын біржақты еткен соң Мырза Айдар Мариул уәлаятына қарай бет алды. Мариулды басқарып отырған екі әкім болды. Бірі – Латажуғдан, екіншісі – Ташикун, екеуі де Мырза Айдарға бағынды. Бұл 1532 жылдың қазан айы болатын. Тибеттің ауа райы өте суық болғандықтан, мұнда қыстауға аттарға жеткілікті жем-шөп, ал адамдарға азық-түлік табылатын түрі болмады. Сондықтан Мырза Айдар әмірлерімен ақылдасып қыс мезгілін Кашмирде өткізуді жөн көрді.

Сол кездері Саид ханның да өзі жүрген жаққа ат басын бұрғанын естіген соң, Мырза Айдар олармен кездесуді күтіп жүрді.

Саид хан Тибет сапарын Хотән арқылы Алтыншыға қарай бағыттаған еді. Содан ол бір айлық жолды Хотән тауларының үстімен өтті. Таулы аймақта су мен өзендер түгел мұз қатып, жануарларды суару әрі оларды жем-шөппен қоректендіру мүмкін болмай қалды. Сол себептен бұған дейін де көп әскер осы жолда көліксіз жаяу қалған. Саид хан бұл мәселеге көзі әбден жеткен соң Мырза Айдардың ізімен барып ғазуат істерін онымен бірге жалғастыруды ойлап, оған қарай жолға шықты. Саид хан таулы аймақтың биік шыңдарында тұншықпасы асқынып, дәрі-дәрмек ішіп, Мырза Айдармен кездескенше қатты қиналып келді.

Саид ханның Мырза Айдармен кездескен сәттен бастап Нубра қамалына жеткенше денсаулығы түзеліп, бұрынғы қуатты қалпына ене бастады. Онда жеткен соң барлық әмірін жинап кеңес ашты. Сол кеңесте Мырза Айдар: «Бұл

маңайда мыңнан астам адам қыстап шығар жердің жоқтығы бізге мәлім болып отыр. Ол мың адамның бүлікшілерге қарсы тұрар мүмкіндігі жоқ. Көп қолдың қыстап шығуына Кашмирден қолайлы жерді бізге ешкім көрсете алмады. Ал онда барар жолда көптеген таулы асу бар, одан өтуге мәртебелінің ықтияры болса, мың адаммен бірге аман-есен бақыт тізгінін Балти жаққа бұрып, бет алғаны жөн болмақ. Өйткені Балти жақта таулы асулар да, тұншықпа ауруы да жоқ. Ал маған ол қалған әскермен қыстап шығу үшін Кашмирге аттануға бұйрық берсін, ал ерте көктемде уақыттың ыңғайына қарап атқаратын істі орындаймын», – деді. Хан барлық айтылған ұсыныстың ішінен осы пікірді құптап, шешім қабылдады.

Мырза Айдардың Балти жорығына шыққанда екі мың әскері болатын. Кашмирге аттанар кезде Саид хан өзінің үш мың адамының екі мыңын Мырза Айдар қосынына қосып берді. Сөйтіп Мырза Айдар төрт мың жауынгермен Кашмирге қарай бет алды. Саид ханның екі мың адамының ішінде Әмір Даим Әлі мен Баба Сары мырза сынды бірнеше беделді әмір де болды.

Мырза Айдар Нубра қамалынан жаңадан қосылған әскерлер мен әмірлерді алып, олармен бірге Мариул шекарасында өз әскеріне барып қосылды. Содан жеделдетіп Кашмирге қарай жүріп кетті.

Кашмирге 1532 жылдың 29 желтоқсанынан – 1533 жылдың 26 қаңтарында Жужи деп аталатын Кашмир асуы арқылы жетті. Оған дейін Кашмир әмірлері Мырза Айдар әскері келе жатыр деген хабарды естіп, Лар шатқалын басып алған болатын. Мырза Айдар да Жужи асуынан өткен соң әскер ішінен төрт жүз адамды таңдап Түмен Баһадүр Қалыштың қолбасшылығымен алға жіберді. Олар Лар шатқалындағы Кашмир әскерін жеңіп, қалғандарын қашуға мәжбүр етті. Ізінше Мырза Айдар да алғы шептегі жеңімпаз әскеріне қосылып, сонда түнеп, ертесіне Кашмир қаласына келді.

Мырза Айдар Кашмир жайын кітабында кеңінен әңгімелеген. Онда: «Кашмир – әлемнің ең мәшһүр қалаларының бірі. Әртүрлі таңғаларлық әрі сирек кездесетін жерлерімен мәлім», – деп оқырманын ғажап бір әсем дүниеге жетелеп сөз бастаған. Мырза Айдардың Тибет пен Кашмир туралы жазған естеліктері кейінгі ғалымдардың зерттеу жұмысына әжептәуір дереккөз болып келеді.

Кашмир тұрғындарының діни ұстанымы, патшалары мен табиғаты, сондай-ақ қоғамдық ерекшеліктері һәм ислам дінінің Кашмирге кіру тарихы туралы жазғандары керемет дүние. Ол Кашмирдегі наным-сенімдер мен ислам діні жайлы да шынайы жазған.

Мырза Айдар Кашмирді қалай жаулап алғаны жайында «Әңгімеміздің соңына қайта оралу» тарауында әңгімелеп берген. Ендеше, Кашмирдің жаулануын қолбасшының өз аузынан естийік. Ол онда Кашмир оқиғасын: «Біз Лар шатқалынан оңай өтіп, қаланың кіреберісіне дейін жеткен едік. Кашмирдің әскері жан-жаққа бытырап, тұрғындар қаланы тастап, әркім тау мен сайға қашып кетті. Олардың барлық мүлкі үйінде қалып қойды. Мен Ражданда аял-

дадым. Ражданның қоршалған жеріне әскерді орналастырдым. Бірнеше күн бойы қабырғаның арғы жағында адамдардан нышан байқалмады. Әскеріміз бен атымыз қайта күш алғанша жиырма төрт күн сол жерде болдық. Кашмир әскері қаланың оңтүстігінде, он екі шақырым жерде батпақты жердің ортасында отырған еді, сол жерден бой көрсетті. Беделді кісілер бізге қаланы ұстап тұрудың қажеті жоқ деп кеңес берді. Біз сыртта торуылдап жүріп, қолайлы сәтті күтіп, реті келсе шайқасуымыз қажет. Өйткені олардың әскер саны мен қару-жарағы өте көп әрі біздің күш-қуатымыздан артық. Сондықтан Кашмирдің әскерін айламен ғана күйреткен дұрыс.

Қаладан қашып шығып, олардың әскерінің алдынан орағытып өттік те, Кашмирдің шығыс жағындағы Баклане деген мекенге аялдадық. Қорыта айтқанда, сол уақыттан наурыз айының аяғы, көктемге дейін Кашмир әскерін айналып қашыңқырап жүрдік. Кашмир әскері бұл әрекетімізден соң тәкаппарланып, батылдана түсті. Басында біз бір жерден екінші жерге орын ауыстырған кезде, олар бірнеше күн аялдап, бізге қарсы сенімді һәм мықты мекен тауып, алдымен жасырын түрде ол жерді тексеруден өткізіп, өздері білетін барлық амалымен бекітіп, түн мезгілінде барып бой тасалайтын. Кейіннен қорықпай-ақ біз жолға шыққан күні ізімізге түсетін болды. Ақырында Бағбұн деген мекенде олар батылданып жазыққа шыққанда, мен бұрылып олардың қарсы алдынан шыға келдім. Бұл әңгімені егжей-тегжейлі баяндау ұзаққа созылады. Токетері, Алланың ілтипатымен бізге бір сәтте-ақ жеңіс самалы есіп, бақытсыздық шаңы мен құм тозаны жау төбесіне жауа бастады.

Кашмир әмірлерінің ішіндегі басшысы Мәлік Әлі еді. Ол Кашмирдің сардарлары болған беделді бірнеше басшысымен бірге жүздерін құрдымға қарай бұрып, өлімге бас тіккен топты басқарды. Олардың бәрі де ажал құшты. Аман қалғаны тау басына қашты. Көбісі жарақаттанған еді, ал сауларының жүрегі қорқыныш пен үрейден қарс айырылды. Олар ертеңге дейін қалу мүмкін болмағандықтан, сол түні-ақ қашуды ойластырды. Әскер сардарлары сергелдеңге түсіп, естен танған еді», – деп баяндайды. Мырза Айдар бытырап, күйзеліске түскен жаудың әскерін әрі қарай шабуылдап, біржолата талқандаудың орнына мырза Әлі Тағайдың теріс кеңесін тыңдаймын деп әуреге түсті. Оның сөзіне алданған Мырза Айдар өзіне жанашыр мырза Даим Әлінің де ақылына құлақ аспады. Тауға көтеріліп кеткен жау әскерін қуғындаудың орнына төменгі Кашмирде тұрып жатқан олардың отбасы мүшелеріне тиісіп, тауға тығылған Кашмир әскерінің бір бөлігін төмен түсуге мәжбүр етеміз деген оймен төмен түскен жерінде не әрі кететін, не жоғары көтерілетін жағдайы болмай тығырыққа барып тіреліп, қашқындағы Кашмир әскерінің қайта жиналып, бас қосуына мүмкіндік берді. Сөйтіп, Кашмирді жаулап алу ісі қиындай түсті. Екінші жағынан, Мырза Айдар әмірлерінің арасында алауыздық туындады. Өйткені мырза Әлі Тағай барлық істе тек өзіне тиімді жұмыстарға көңіл бөлетін. Басқа мемлекеттік істерге немкеттілік танытатын. Міне, сол адамның теріс пиғылынан Кашмирді жаулау жоспары толық іске

аспай қалды. Сондықтан Мырза Айдардың алдында екі жол тұрды. Бірі – мырза Әлі Тағайды өлтіріп, Кашмирді жаулап алғанша сонда қалу, екіншісі – оны өлтірмей-ақ Кашмирді тастап, қайта оралу еді. Соңында Мырза Айдар екінші жолды таңдап, Кашмирді тастап кетуді жөн көрді.

Сол кезде Кашмирдің билігі Мұхаммед шаһта болатын. Мырза Айдар онымен және басқа да мәртебелі Кашмир билігіндегі басшылармен бейбіт келісімге келіп, жаулаған Кашмирді өздеріне қалдыратын болды. Кашмир әмірлері сенер-сенбесін де білмей, Мырза Айдардың бейбіт жолмен келісімге келу ұсынысын қабыл алды. Ондағы келісімшарт бойынша: Хұтпа Саид хан атына оқылсын. Сондай-ақ теңге оның атымен шығарылсын. Әрі моғол салты бойынша Кашмирдің малы қанша жиналса, соны алып кетуге келіссін. Мұхаммед шаһтың бойжеткен қызы Саид ханның ұлы Ескендір сұлтанға әйелдікке алынсын. Мырза Айдардың әмірлері өз лауазымына лайықты Кашмирдің сұлтандары, мәліктерімен кездессін деген баптарға екі жақ келісті.

Қысқасы, екі жақтың келісімі бойынша Мырза Айдар Мұхаммед шаһпен, әмір Даим Әлі, Абдол Макримен, мырза Әлі Тағай, Лаһур Макримен, Баба Сары мырза, Қажы Жекпен, Маһмұд мырза болса Риги Жекпен кездесуді ұйғарды. Сөйтіп екі жақтың әмірлері мен шенділері кездесіп, бір-біріне сыйсияпат жасады.

Сонымен Мырза Айдар қосынымен бұрынғы келген жолымен қайта оралды. Бұл әңгімені жалғастырмастан бұрын Мырза Айдардың Кашмирге жасаған жорығын Ражерз мырза Мұхаммед Қасым Үнду шаһтың «Періште тарихы» атты еңбегінен қорытып жазған. Ол онда: «1533 жылы Қашғар сұлтаны Саид шаһ ұлы Ескендір ханды Мырза Айдар және 12 мың кісімен бірге Тибет пен Лар жолы арқылы Кашмирді жаулап алуға жіберді. Кашмирліктер олардың даңқы шыққан айбынынан үрейленіп, Кашмирді соғыспастан босатып, жан-жаққа қашып, тауды паналады. Қашғарлықтар Кашмир уәлаятына кіріп, бұрынғы шаһтардан қалған зәулім ғимараттарды жермен-жексен етіп, қаланы өртке орады. Жер астына тыққан барлық қазына, байлықты тауып алды да, әскерді мал-мүлікпен байытты. Жасырынып қалған Кашмир тұрғындарынан хабардар болысымен оларды тауып өлтіретін немесе тұтқынға алатын. Үш ай бойы бұл іс жалғасты. Мәлік Қажы Жек, Мәлік Абдол Макри, т.б. атакты сардарлар Жекдәре мекеніне барып, ол жерді шайқасуға дұрыс деп таппады. Сосын Каһвәр мен Баредар жаққа барып, содан Бадаға тау арқылы енді. Сонда моғолдармен соғысқа әзірленді. Ескендір хан мен Мырза Айдар бастаған қашғарлықтарға қалың қолмен қарсы шықты. Кескілескен шайқаста кашмирліктерден Мәлік Әлі, әмір Асан, Шейх әмір Әлі, әмір Кемал сынды сардарлар қаза тапты. Қашғарлықтардан да батырлар өлім құшты. Кашмирліктер соғыс майданынан қашпақ болды. Қараңғы түскен соң екі жақ та жауларының жағдайын сарапқа салып, әрқайсысы өз ордасына қайтты. Содан кейін екі тайпа да соғыстан бас тартып, келісуге көнді. Қашғарлықтар жүн, т.б. бағалы сыйлықтар алып, Мұхаммед шаһқа жолдап, құда түсті. Мұхаммед шаһ та Мәлік Абдол Макри мен Қажы Жекпен бірге бейбіт

хатты жазып, Кашмирдің тамаша сыйлықтарымен қашғарлықтарға жіберді. Сондай-ақ Мұхаммед шаһ қызын шаһзаде Ескендір ханға некеге беруге келісті. Әрі моғолдардың тұтқынында болған кашмирліктер босатылсын делінді. Қысқасы, қашғарлықтар бұл бейбіт келісімге көніп, Қашғарға қарай бет алды. Осылайша Кашмирдегі аласапыран аяқталып, тыныштық орнады», – деп жазды.

Мырза Айдардың Кашмирге жасаған жорығы жайында жоғарыда екі түрлі мәлімет бердік. Бірі – Мырза Айдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегінде жазған мәліметі болса, екіншісі – Ражерздің Мұхаммед Қасым Үнду шаһтың «Періште тарихы» атты еңбегінен алынған мәліметі.

Енді Мырза Айдар мен Мұхаммед Қасым Үнду шаһтың Кашмирге жорығы жайындағы пікірлеріне қарасақ, нәтижесі бір нүктеге келіп тіреледі. Ол – соғысты тоқтатып, бейбіт келісімге келу, араларындағы қақтығысты бейбіт жолмен шешіп, татуласу еді.

1532 жылдың желтоқсан айының екінші жартысында Ескендір сұлтан мен Мырза Айдар жасақтаған қол Лар жолына түсіп қайта оралды. Тибет аймағына жеткенде жергілікті халық оларды жақсы қарсы алды. «Бірақ Тибеттің Кәрсө (Кәлсе) деген бір уәлаятында шатқал бар-тын. Ол сараңның пейіліндей өте тар әрі аяғы құз-жартасты терең сай еді. Оның тереңдігі сонша – күндіздің өзінде қараңғы түндей көрінетін. Уәлайат тұрғындары осы шатқалға сеніп, ешбір пенденің мұны жаулап алуға шамасы келе қоймас деп бағынудан бас тартты һәм салық төлеу ісіне немқұрайлы қарады». Сондықтан Ескендір сұлтан мен Мырза Айдар олармен соғысуға шешім қабылдады. Екі жақ шайқаса бастады. Нәтижесінде Мырза Айдар қосыны жеңіске жетті. Тибеттіктер өздері мен балашағасының жанын аман алып қалу үшін бар байлығын жеңімпаз жаққа тарту етті. Сөйтіп Ескендір сұлтан мен Мырза Айдар әскері Тибет өлкесінің маңызды аймағының бірі саналатын Пурик уәлаятының бар байлығын жинап, оны әмірлер мен әскердің арасында бөліске салды. Саид ханға да арнайы сирек кездесетін біраз бағалы затты таңдап, ханның үлесін бөліп қойды. Олжаны бөліп реттеген соң Ескендір сұлтан мен Мырза Айдар қосынымен бірге Мариулге бет алды.

Олар Мариулда Саид ханмен кездесті. Хан әкелік мейір құшағын ашып, Мырза Айдарға патшалық ілтипат көрсетіп, келешекте орындалуы қажет мемлекеттік маңызы бар істерді анықтап берді. Онда Саид хан: «Саған деген хан әулетінің алғысы зор һәм шексіз, өйткені бұрын әлемді жаулаушы хандардың шығыстан бастап күні бүгінге дейін ешқайсысының билік қолы Кашмирдің жағасынан алуға жетпеген-ді. Қазіргі уақытта сенің жанкештілік ұмтылысыңның, күш-жігеріңнің арқасында Кашмирдің мінберлері моғол хандарының атақ-даңқымен әшекейленді. Оның сұлтандары мен әкімдері бұрынғы уақытта бағынған әлемнің басқа сұлтандары сияқты мойынсынып, моғол хандарының алдында дәрменсіз болып қалды. Бұл – бізге һәм барлық моғол хандары, мемлекет адамдары үшін, әсіресе, біздің балаларымыз үшін айрықша құрмет тұтуға парыз іс. Мұндай ұлы істер бізді атақ-даңққа бөлейді, ал даңққа бөленген біздің атымызды олар мақтаныш етуге тиісті», – деп



Мырза Айдарға Кашмир жорығының жетістіктеріне орай зор баға берген. Бұған қарағанда, Саид хан алдағы уақытта орындалуға тиіс істердің мол екендігін жеткізген.

Саид хан Мариулдағы ордасында екінші күні ұлы Ескендір сұлтан мен басқа әмірлерді қабылдады. Осы күні Мырза Айдар да хан құзырында болды. Сонда Мырза Айдар олжалаған бағалы заттарды һәм Кашмирде Саид ханның аты жазылып соғылған біршама мөлшердегі күміс пен алтын теңгелерді ханға тарту етті. Саид хан жиналғандардың ой-пікірін тындап болған соң Мырза Айдарға қаратып сөз сөйледі. Онда ол: «Мен әрқашан шын әрі таза ниетпен Алла жолында ғазауат жорығын жасауды һәм бұл құрметті парызды күллі мұсылман билеушілерінің ішінен өзіме орындауды нәсіп етсе деп тіледім. Менің ниетіммен бүкіл қытайдың табынатын жері болған Урсанг пұтханалары қиратылды. Бұған дейін ислам патшаларының ешқайсысының үлесіне оны жаулап алу бұйырмапты һәм мұсылмандардың ол жерге ешқашан жолы түспеген екен. Алайда оған тікелей қатысуға денсаулығым жарамады. Іштей қатты әлсіреп кеткенімді сезініп отырмын, дертті күйім сырт келбетімнен де көрініп тұр. Соған қарамастан, осы ғазауат жорықтары менің негізгі ниетімді белгілі дәрежеде іске асырды. Енді мені құдіреті күшті Алла тағаланың пәк қанатының астына тапсыруың қажет. Сен менің өкілім ретінде ыждағатпен бекем бел буып, сол пұтханаларды қиратуға кіріс, мен өз орныма қайта оралам. Сөйтіп барлық істі саған тапсырамын. Ал мені және өзіңнің немере ағанды бір тыныш жерге ғибадат ету үшін жайғастыр. Өйткені біз екеуміз де қартайдық. Мемлекет ісін қолға ал. Біз өзіміздің қайырлы дұғамызбен сені қолдап отыратын боламыз, сен де бізді қайырымды істеріңмен қолдап отыр», – деп өз ойын айтты. Соңында Мырза Айдарға бірнеше артықшылық жасап: «Мырза Айдар қалаған кез келген адамды өзімен бірге алып жүруге өкілеттілігі бар, оның бұйрығын орындамауға екшімнің құқы жоқ», – деп жарлық берді. Бұл жарлық Мырза Айдар үшін мемлекетті билеудегі биік жетістік әрі Саид ханның оған деген үлкен сенімі іспеттес еді.

Мырза Айдар Саид ханның ілтипатқа толы жарлығынан кейін әмірлер мен әскерін жаңа жорықтарға дайындау ісіне кірісті. Сөйтіп ол басқару тобына бауыры Абдолла мырзаны, немере ағасының ұлы Маһмұд мырзаны, Жанакке мырза мен Бәһрике мырзаны қолбасшылыққа тағайындады. Сонымен қатар ең мықты жауынгерлерден екі мың кісіні таңдап алып, қосынын жасақтады.

Мырза Айдардың Саид ханмен қоштасар күні де келді. Бұл ол үшін ұмытылмас ерекше күн болды. Өйткені Саид хан өз ұлынан артық көрмесе, кем көрмейтін Мырза Айдармен қоштасуға айрықша көңіл бөліп, оны оңаша шақырып алды. Шақырып алған соң түрік халқына тән қоштасу рәсімін жасады. Онда Саид хан Мырза Айдарға қолында бар киімін сүйерғалы ретінде тарту етті. Сондай-ақ бірнеше ат қосып сыйлады. Оған қоса бір белбеу, өзі қолымен соққан бірнеше пышақты қынымен, бір қалта гауһар және асыл бұйымдарды беріп: «Бұл – менің жасағандарым, оларды саған естелік ретінде



беремін. Егер аман-есен қайта оралып, мені аман-сау көретін болсаң, бұларды маған қайтарасың. Саған аманат етіп, сақтау үшін беріп отырмын. Әрі бұлар саған құт әкелсін деп ырым еттім. Егер тағдыр пешенеме жазып, мені мен сені мәңгілік айыратындай күн туса, онда бұл бұйымдар саған естелік жәдігер болып қалсын», – деді. Мұндай үлкен құрметке Мырза Айдар қуанды. Саид хан болса өзінің ең жақын, сенімді, әзиз жанымен соңғы рет қоштасып жатқанын сезіп тұрғандай болды. Мырза Айдар да сондай бір сезімді бастан өткізіп, өксіп жылап, көзіне жас алып, Саид ханға: «Сіздің осындай сөзіңізді тыңдауға қандай жүректің қуаты мен көңілдің тыныштығы қажет және сізге қызмет етуден артық мәртебе бар ма?! Мен сіздің бақытты үзеңгіңіздің жанынан мемлекеттің астанасы Жаркентке дейін табылатын боламын. Керек кезде сол жерде боламын һәм сіз толық сауығып, бақыттың қолдауымен таққа отырғанша сізбен бірге болып, сонан соң қайта ораламын. Ал қалған жауынгерлер Тибет жайлауына аттарды жаюмен айналыса тұрсын», – деп көңіл қалауын айтты. Бірақ хан оған көнбей: «Жұмысты кейінге қалдыру ақылға қонбайды. Менің сөзімді сен дұрыс ұққан жоқсың. Ешбір тірі жанның өлім туралы ойламайтыны күмәнсіз, бұл ешқандай ауру-сырқауға байланысты айтылған сөздер емес. Менің айтпағым жолда бір нәрсеге ұшырап қалсам дегенге саяды. Ал егер де туған жерге қайта аман оралсам, онда бұл қорқыныштан құтылатын боламын. Алайда осы арамыздағы айырылысу ұзаққа созылатындықтан, жоғарыдағы айтылған жайттардан сақ болу үшін, қазір әңгімелесетін сәт туып тұрғанда саған айтарымды айтып, хабардар еттім және бұл а – саған менімен бірге барып, қайта оралу керек деген сөз емес. Қалайда Аллаға сеніп, барлық істе оған үміт арту керек. Мен сені бір Аллаға тапсырдым һәм тағы да бір-бірімізбен амандықта кездесеміз деп үміт етемін. Сен де бар болмысыңмен істі орындауға кірісіп, мақтан етерлік талпыныс көрсет. Камширді жаулап алудың арқасында шыққан жақсы атың мына іспен екі есе артып, көкке жетсін. Сол атқарылған істің бәрін қолдау менің атыма байланысты болады. Ол жұмыстың игілігі үшін бәрінен гөрі саған алғыс айтамын», – деп жауап қайтарды.

Дегенмен Мырза Айдардың Саид ханмен қоштасқысы келмеді. Сол себептен хан Тибеттің Мариулынан айырылып, Жаркент жаққа бет алғанда оны бір күндік жерге дейін шығарып салды. Хан да, Мырза Айдар да бір-бірін кимай қоштасып, екеуі екі бағытта жол тартты.

Алла тағаланың жазмышын сезгендей, Саид хан ақыретке аттанып бара жатқандай киімі мен бағалы заттарын естелікке беріп, оңашада өсиет сөздерін де бүкпесіз Мырза Айдарға айтты. Өйткені хан Мариулдан кейін Сақри асуынан өтіп, Нубраға аялдады. Сонда Құрбан айтты өткізіп жүріп кетті. Құзар шыңын мұз басқан таулардан да өтіп, ауа райы қолайлы жерге он сегіз шақырым қалғанда тұншықпа ауруы асқынып, тыныстауы мүмкін болмай, 1533 жылдың 9 шілдесінде жан тапсырды.

Мырза Айдар Саид ханмен қоштасқаннан кейін оның өмірден өткеніне дейін екі рет хат алды.

Мырза Айдар Мариулда Құрбан айтты өткізді. Ол 1533 жылдың 24 маусым мен 4 шілде аралығы еді. Содан Мариулдан Урсангке (Өрсәнг – бұл түркі мен парсы сөзінен құралған: «өрілген тас» немесе «өрелі тас», яки «өрнекті тас» мағынасында болуы мүмкін. Өйткені оны аталған қаланың әйгілі зәулім пұтханасына қатысты қойған атауы болар деген ойдамыз) дейін екі айлық жол болатын.

Қосынымен Урсанг пұтханасын қиратуға жолға шыққанда ол жиырма күн жол жүрсе де тибеттік кәпірлердің бірде-біреуімен ұшыраса алмады. Өйткені олар жаудың келе жатқанын біліп, алынбайтын мықты қамалдарды паналаған-ды. Сондықтан Мырза Айдар Ескендір сұлтан мен інісі Абдолла мырза және немере ағасының баласы Маһмұд мырзаны ауыр жүгі және болдырған қашарларымен қалдырып, тың аттар мен мықты жігіттерді жанына алып жеделдетіп жүріп кетті.

Шілде айының оныншы күні Барйанг деген мекенге жеткенде Тибеттің Жанпа тұрғындары мен үлкен тобын кездестіріп, оларға шабуыл жасады. Көптеген тұтқын, үш жүз мың қой, жылқы, дүние-мүлік олжалады. Содан кейін олжалардың көптігіне байланысты хәм аттарды дем алдыру үшін бір ыңғайлы жайлауда Ескендір сұлтан мен інілері келгенше күтуді жөн көрді. Қосын жайлауға қалдырып, өзі алға кеткен кезде, шілденің 23-жұлдызында Ескендір сұлтанның тобы Кардун қамалына қарай бет алған болатын. Қамал тұрғындары жағдайы өте нашар болғандықтан Үндістан райларының бірінен көмек сұрайды. Олар қарулы үш мың әскер жіберді. Ескендір сұлтан мен Абдолла мырза екі жүз адаммен оларға қарсы шықты. Үнді әскерімен болған шайқаста Абдолла мырза қаза тапты. Мырза Айдар өз кітабында інісі Абдолла мырзаның үнді әскерімен майданда нендей себеппен, қалай қаза тапқанын баяндаған. «Бауырым Абдолла мырза батыр жігіт еді. Ол осы ерлігіне мақтанып, масаттанды білем. Сөйтіп жанындағы үш адаммен басқа адамдар мен әскерді күтпестен жаудың үш мың әскерінің қақ ортасына көзсіз шапты. Олар оны қоршап алды. Сол кезде менің немере ағамның баласы Маһмұд мырза төрт жауынгермен жетіп, бауырын мынадай халде көріп, ерлікпен жауға шабуыл жасады. Сөйтіп бауырымды сондай қауіпті өлімнен құтқарды. Абдолла мырза тағы да жауға қайта шапты. Олар оны тағы қоршап алды. Маһмұд мырза оны тағы да құтқарам деп шабуыл жасағанда, оны да қоршап алды. Осы кезде беделді баһадүрлерден бес кісі келіп жетті. Олар екі ағайындының мына халін көріп, жауға тап берді. Бірақ бұл кезде жау Абдолланың парша-паршасын шығарған еді, оның дене мүшесі мен киімі әр кәпірдің қолында кеткен еді», – деп еске алады.

Бұл оқиғадан кейін Мырза Айдар таңдаған жайлауда бірнеше күн аялдады. Аттар мен адамдар дем алды. Қолға түскен олжаны сол жерден қайтарды. Әскерден тоғыз жүз кісіні таңдап алып, Урсангке бет алды. Тибеттің Мариулынан бір айлық жол жүргеннен кейін айналасы екі жүз қырық шақырым болатын бір көлге жетті. Оның жағасында Лук-о-Ләбук деген қамал бар еді. Сонда түнеп, таң атқанда қараса, аттың көбі аймақтағы тұншықпа ауруынан өліп қалыпты.

Содан әскердің бестен бірі ғана көлікке мініп, қалғаны жаяу қалды. Екінші күні Ним (Һәри) уәлаятына шабуыл жасап, тұрғындарын тұтқынға алды. Содан жүруге жарамды тоқсан әскерімен төрт күндік жердегі Аскабрак деген жерге шабуыл жасап, жүз мыңға жуық қой, жиырма мың қодас және сол шамада ат пен құлдарды олжалады. Аскабрактан Урсангке дейін сегіз күндік жол қалған еді. Бірақ Мырза Айдар әскерінің аттары болдырып, түгелдей қалжырап жолға жарамсыз болып қалғандықтан, кері қайтуға мәжбүр болды. Содан алты күн жүріп Ним қамалындағы әскеріне қосылды. Одан кейін кері қайтып Мариулдан жиырма күндік жердегі Тамлық мекеніне жетті. Онда бұрынырақ олжаларды артып жіберген адамдар Мырза Айдар тобын күтіп отырған болатын.

Мырза Айдар Тамдыда болған кезде Тибеттің ең үлкен уәлаяттарының бірі Көкеден бір топ адам келіп: «Біздің Көке – Тибеттің ең үлкен уәлаяттарының бірі. Біз бәріміз салық төлеуді қабылдаймыз, өзіңіз мұбарак қадам жасап келіп, шамамызға қарай салық мөлшерін белгілеңіз», – деп өтініш жасады. Мырза Айдар олардың өтінішін қабыл алып, Тамдыдан Көкеге бір түн жол жүріп барды. Сонда үш күн болып, салым мөлшерін үш мың тибеттік мысқал деп белгіледі. Олардың әрбір мысқалы бір жарым шарифаттық мысқалға тең келеді. Содан Тамдыға қайта оралды.

Осы жерден бастап Мырза Айдардың өмір тарихының жаңа беттері ашылды. Бұл жаңа өмірінің басталуына Саид ханның өлімінен кейінгі Жаркентте болған жауларының зымиян әрекеттері себеп болды. Сол үшін хан өлген соң Қашғарияның астанасында болған қандай оқиғалар Мырза Айдардың Тибеттегі өмір жолына әсер еткенін білейік.

Саид хан Мариулдан Жаркентке қайтар жолда таулы аймақта тұншықпа ауруынан мерт болған соң оның жанында бірге жүрген мырза Әлі Тағай мен Қожа шаһ Мұхаммед бұрыннан Мырза Айдарды қызғанатын болғандықтан хан өлімін пайдаланып, мырза Әлі Тағайдың күйеубаласы Ядгар Мұхаммед арқылы Ақсуда тұрған Саид ханның ұлы Рашид сұлтанға хат жолдап, «ханның айтқан өсиеті бар» деп жалған сөз жазған. Онда: «Тибет ғазуат жорығына баруға мен ниет еткен емеспін, осыған итермелеген Сейіт Мұхаммед мырза мен Мырза Айдар болатын. Егер оларды өлтірмесең, өз ұлым Әбдірашидке мен ешқашан риза емеспін. Олардың өлімі менің кегімнің қайтқаны болмақ. Сондықтан олар тірі тұрғанда сенің тақта отыруың мүмкін емес» деп жазған. Осы жалған сөздің әсерінен Рашид сұлтан әкесінің жерлеу рәсіміне қатысуға Жаркентке келгенде алдынан жағасын жыртып, сақал-мұртын жұлып, көк сәлдесін жерге ұрып, мойнына қара киіз орап, көрісуге беттеген Мырза Айдардың немере ағасы Сейіт Мұхаммед мырзаның «неткен қайғы, неткен қасірет, неткен нала!..» дегеніне тыйым салып, «оны ұстандар!» деп бұйрық берді. Оны жан-жағынан лап беріп ұстаған соң басын денесінен бөліп тастады. Сейіт Мұхаммед мырзаның басын алған соң Әлі Сейітті де азаппен өлтірді. Рашид сұлтан осы екеуін шейіт еткен соң барып аттан түсті. Әкесінің қабірінің басына барып, аза рәсімін жасағаннан кейін мырза Әлі Тағайды Қашғарға жіберді. Сонда тұратын Сейіт Мұхаммед

мырзаның баласы Үсейін және Әбубәкір мырзаның баласы Мансұрды, Сейіт Маһмұд мырзаның баласы Сұлтан Мұхаммед мырзаны өлтірді. Бәрі де Мырза Айдардың немере ағаларының балалары болатын. Олардың жасы әлі жиырмаға да жетпеген еді. Рашид сұлтан Мырза Айдардың туыстарына соншалықты кектенгенін әкесі Саид ханды аза тұту рәсімінде байқатты. Салт бойынша әкесінің қазасынан кейін оған арнап мал сойып, Құран оқытып, аза тұту керек-ті. Бірақ Рашид сұлтан Мырза Айдардың немере ағасы Сейіт Мұхаммед мырза мен Әлі Сейіт, сондай-ақ немере ағаларының балаларын өлтіргеннен кейін барып әкесінің аза тұту рәсімін жасады. Бұл оқиға Рашид сұлтанның бәсекелестердің өсек-аяңына иланып, дулат әмірлері мен әмірзадаларына асқан өшпенділігін көрсетті.

Рашид сұлтанның пәрменсіз көр түйсігінің тоқтауы болмай, Тибеттегі Мырза Айдарға да лебі тиді. Бұлай дейтініміз Рашид сұлтан Мырза Айдардың туыстарын өлтіріп, әйелдерін қорлықпен қаңғытып жіберген соң Тибеттегі інісі Ескендір сұлтанға хат жазып жіберді. Онда: «Тибет уәлаятын біз оған сыйға тарттық. Мырза Айдар мен Маһмұд мырза сол жерде қалсын» делінген және басқа әскерлерге: «Қай жамағат болсын Тибетте қалып қоятын болса, олардың әйелін, бала-шағасын қырғыздарға беріп, жылқыға айырбастаймыз. Осы бұйрықты ала салысымен сендер тарап, Жаркентке бет алуларың керек», – делінген. Бұл жарлықтың мазмұны жаман бастаманың нышаны екендігі айқын көрініп тұр. Жарлық Ескендір сұлтанның қолына тигенде Мырза Айдар Көкеде болған. Хат мазмұнынан хабардар болған әскер ол жерді тастап, Жаркентке бет алды. Ескендір сұлтан мен Сейіт Мұхаммед мырзаның ұлы Маһмұд мырза бірнеше адаммен олардан қашып, сонда қалды. Мырза Айдар екі күн өткен соң Көкеден келіп, әскердің тарап кеткенін білді. Ескендір сұлтан мен Маһмұд мырзаның ұсынысын тыңдап, Мырза Айдар сонда түнеуді жөн санады. Өйткені қашып кеткен әскердің кейбірі жол-жөнекей ойланып, қайтып келер деген үміт болды. Мырза Айдар Көкеде болған кезде ордасын тастап кеткен әскерден басқа өз жанында жүрген жауынгерлерге ерекше сеніммен қарайтын. Бірақ олардың да түн қараңғылығын пайдаланып қашып кеткеніне Мырза Айдар қынжылды. Ол жайында: «Ұзын саны жүзден астам адам менің жанымда болатын. Олардың бәрі шетінен батыр әрі сардар және аталары менің аталарыма қызмет етіп, маған да мұра болып жеткен еді. Олар шайқастарда талай рет құрметке бөленіп, сыйлы болды, әбден шынығып, әрқайсысы әмір атағын алды. Олардың кейбірі емшектес бауырым еді. Сондықтан олар «көкалдаш» деп аталады. Олардың мойынсынбай тарап кеткеніне сену қиын. Түн жұлдыздарының әскері бытырап қашқан кезде көк аспанның хас шабандозы шұбар ала тұлпарына жалғыз өзі қонған еді, күндіз табансыздық танытып ғайып болып кететін жұлдыз әскері сияқты сенімді серіктерімнің түні бойы менен қашып кеткенін білдім», – деп жазған.

Мырза Айдар өзі сенген жүзден аса жауынгерінің тастап қашып кеткеніне іштей ренжісе де онымен емшектес бауыр болған Жан Аһмет Атаке, «көкалдаш»

достар арасынан Шаһ Мұхаммед, тағы солармен бірге бір топ жауынгер, бес шәкірт жауынгері де қайтып оралғанын көріп, біраз болса да жаны тынышталды. Өйткені оның жанында өзімен бірге Ескендір сұлтан мен Маһмұд мырзадан басқа ешкім қалған жоқ еді. Осылайша олар шағын бір топты құрып Мариулге бет алды. Ол 1533 жылдың қысы енді басталып жатқан шақ болатын. Сол уақытта күн суытып, аяз күшейген еді. Аяздан олардың елу адамының қырықтан астамы бірі қолын, бірі аяғын, енді бірі құлағын және біреуі мұрнын үсікке шалдырды. Осындай тауқыметпен олар жиырма бес күнде Мариулге жетті. Одан бұрын бұл жерді Мырза Айдар өз қосынымен шабуылдап әбден тонаған болатын. Дегенмен Мариулдың әкімдері: Ташикун және Лете Жұғадан еш сыр бермей, әртүрлі қызмет жасап отырды. Олар Мырза Айдарға: «Төрт жүз жылдан бері аталарымыз ұрпақтан-ұрпаққа біреудің қол астында келе жатыр. Ал сіз – патшасыз, біз – құлмыз. Сіз құлдардың қорғаушысысыз. Егер сіздің сән-салтанатыңыз асып, қуатыңыз асқақатап тұрған кезде, біз үрей үстінде қандай да бір қателік жасаған болсақ, онда бізді тәрбиелеу патшалық дәстүрге жатады. Сол уақытта Тибет басшыларының әрқайсысы сізге мойынсынып, қызмет істеген болса, ол қорқыныш һәм үрей негізінде жасалды. Ал біз қазір сізге деген сеніміміз бен адалдығымыз негізінде қызмет етудеміз. Кімдекім сізге сенім білдіріп, мойынсынып, қызмет етуге мүдделі болса, оны тілінің ұшымен емес, шын жүректен істегені», – деді. Содан кейін олар Мариулдың астанасы Шиеш қамалын Ескендір сұлтан мен Мырза Айдарға табыс етті. Сол жерде оларға әскерден қалып қойған бірнеше адам қосылды. Оның ішінде мәулана Дәруіш Мұхаммед Қаратағ бар болатын. Ол тибет тілін өте жақсы білетін. Сондықтан оның топқа қосылуы Мырза Айдарға зор табыс болды. Кашмирден де бір қажы келді. Сөйтіп келушілердің саны артып, олар алпыс адамнан асып кетті.

Жаркентке беттеген әскер ауа райының бұзылуына байланысты жолда қатты қиналды. Олардың мал-мүлкі түгелдей шығынға ұшырады. Күннің қатты суытып кетуінен жүз елудей адам қаза тапты. Қалғандары өліп-талып Жаркентке жетті. Ал келесі бір топ күйзеліп, жол ортасынан кері қайтып, Мариулге оралды. Олардың ұзын саны бес жүз адам болды. Әрі он мыңға жуық қой да қолдарына тиді. Сөйтіп, Мырза Айдар ес жиып, тынышталды. Сосын Жан Ахмет Атаке мен Шаһ Мұхаммед көкалдашты қолға түскен сыйлықтарды беріп Жаркентке, Рашид сұлтанның жанына аттандырды. Сонымен қатар араларындағы бұрынғы уәдені ескере отырып, бірге болған күндерінің куәлігі ретінде бірнеше бұйым қосты. Олар қара қоңыр түсті араб тоны мен болаттан соғылған айбалта еді.

Мырза Айдар Рашид сұлтанға жаушыларын сыйлықтармен бірге жіберген соң оның жауабын асыға күтті. Рашид сұлтанның жауабын және Сұру мен Зангискарда болған күндерін, немере ағасы Сейіт Мұхаммед мырзаның ұлы Маһмұд мырзаның қалай қаза тапқанын әрі Мырза Айдардың оның өлімінен көрген тауқымет пен жан күйзелісін өз жазбаларынан келтіргенді жөн көрдік.

Мырза Айдар ол күндерді былай еске алған: «Сол қыс аяқталған соң Рашид сұлтан менің емшектес бауырым Жан Аһмет Атакенің баласы Бидакан мен Асан диванды оған серік етіп жіберіпті. Ол өткен істеріне кешірім сұрап, өкініш білдіріпті: «Ақымақтықпен істеген істерім бұл дүние мен ақыретте де ұятқа қалуыма себеп болды. Енді сол қадірменді досты қанағаттандыру үшін мен кешірім сұраймын әрі мәулана Құдашты екі жүз адаммен қызмет етуге жіберіп отырмын. Мына жерге қайтып келген сіздің қызметшілеріңіз кері оралады һәм ешкім де қалып қоймайды». Ол маған бір ат және бірнеше сыйлық жіберді. Осы хабар үшін мен оны арқа сүйер тауымдай көрдім әрі көптеген тибеттік мұны мойынсынып қабыл алды.

Осы кезде мәулана Құдаш және онымен бірге менің сенімді бірнеше қызметшім келді. Осы жамағатқа арқа сүйеп, Кашмир шекарасындағы Балтиға бет алдық. Бүкіл Балти ерікті түрде міндетті алым-салығын мал беріп төледі.

Сұру Балтидың сенімді қорғаны және сол өлке үшін берік мекен еді. Мәулана Құдаш сол жерден алым-салық алу үшін менен рұқсат сұрады. Мен келіспедім, өйткені кәпірлердің бұған мүлдем риза болмайтынын білетінмін. Себебі олар мекенжайын көрсетуді қаламайтынына кешірім сұрап, міндеттелген алым-салықты біз тұрған жерге толық жеткізіп беретініне сендіріп, сондықтан бізге барудың қажеті жоқ екенін түсіндірді. Тағдыр аңшысы опасыздық дәнін ажал тұзағына салса, онда ешбір зерек құс тұзақтан құтыла алмайды.

Мәулана Құдаш қайта-қайта жалынып сұрап, рұқсатымды алып кетті. Сұру адамдары тар шатқалда мәулананың әбден намысына тиіп, қорлап, шайқассыз-ақ оны жиырма төрт беделді адамымен өлтірді. Әскердің саны жеті жүзге жуық болғанымен күштің жоқтығынан және соғыс жабдығының жетіспеушілігінен олардан кек алу мүмкін болмады.

Жыланның уға толы тістеріндей азумен һәм жыланның заһарға толы өтіндей ызалы жүрекпен Балтидан Тибет жаққа қарай Зангискара деген уәлаятқа жүріп кеттік. Бұл жерге келгенімізде егін әлі піскен жоқ еді. Содан егін жинайтын кез басталғанға дейін Балти басшыларының бірі Танги Сакаб деген кісі келді. Ол бұрын бізге айтарлықтай қызмет жасаған адам болатын. Ол Құдашты өлтірген адамдарға, яғни Суру еліне шабуыл жасап, оларды құлдыққа түсіріп, «еріктілерінен кек алатын уақыт келді» деді. Сол сәтте арып-ашығандарды Мариулге жіберіп, қарулы деген адамдармен жолға шықтық. Мариулге барар бір күндік жол қауіпті болғандықтан мен немере ағамның баласы Махмұд мырзаны сол жерден адамдарды алып өтуге жібердім. Түнде ол сол маңда түнеп, қауіпті жер болғандықтан атын алысқа жібермей, жанында ұстаған. Ұйықтап жатқан уақытында ат оның бас жағына келіп жайылған. Әрірек жайылсын деп дыбыс берген кезде, ат оскырынып оның маңдайын тарпып жіберген. Бас сүйегі ат тұяғының ізіндей мөлшерде ішке кіріп кеткен. Ертеңіне ол маған келді. Мен оның жарасын көріп, моғол сынықшыларының әдісімен сынған сүйегін сипалап, емдеуге кірістім. Сол халді Танги Сакабке хабарладым, ол: «Сіздің мұнда келуіңізге кедергі тауып отырғандықтан егер бізге бірнеше адам



жіберсеңіз, Сұруды аламыз, түскен олжаның бестен бір бөлігін сізге жібереміз. Бұл да лайықты қызмет болар еді» деген мазмұнда хат жазып, жауап берді.

Менің тұрған жерім Зангискардан Танги Сакабтың қонысы Сүт деген жерден бес күндік жол еді. Мен Тибет басшыларымен жақсы қатынаста болғандықтан Мәулана Дәруіш Мұхаммед Қаратақты және сенімді нөкері Нұр Әлі Диванды жетпіс адамға басшы етіп жібердім. Бұл екеуі де жолдан оралған еді. Хабар алмасып, осы шешім қабылданып, адамдар жіберілгенше екі айға жуық уақыт өтті.

Маһмұдтың жарасы асқына түсті. Мына суықта Зангискарда қалу оған қиын болды. Шарасыздан Маһмұдты Мариулге жіберіп, өзім Зангискарда аялдадым. Маһмұд аман-есен Мариулге жеткен соң, Сұруға жол тартып, ризықты сонда табармын деп ойладым.

Маһмұд басын ат тарпыған жерге жеткесін, сол жерде түнеуді қалады да, таңертең атқа мінердің алдында басының жарақатын қайта таңбақшы болады. Сөйткенше суық ауа жаралы миынан өтіп, оның басы айналып, есінен танып қалады. Бесін намазы кезінде маған бір адам келіп, осы жайды айтты. Мен жеделдетіп жүріп кеттім. Түн ортасында жетсем, ол ес-түссіз жатыр екен. Келесі күні есін жиды. Өз-өзіне толықтай келді. Екінші күні де толық есін біліп жатты, ал үшінші күні сандырақтай бастады. Келесі күні тірілер сұхбатынан тойып, өлілермен сұхбаттасуға, келмес сапарға аттанды.

Көзімнің қарашығындай болған Рашид сұлтан сұлу-залымның кірпігіндей зұлым қылышымен немере ағам мен оның бала-шағаларын өлтіріп, жан-жүрегімді жаралады. Сол жарақат әлі жазылмай жатып Маһмұд қазаға ұшырады. Мына асау тағдыр жапа шектіруді, қатыгездікті оған үйретті ме, әлде өзі одан үйренді ме білмедім.

Тағдырдың тасада жатқан бүкіл қайғы-қасіреті жасым отыздан асып, қырыққа жетпеген кезде тап келіп, бәрін бірден маған жолдағандай болды.

Алайда әрбір оқиғаның, жаңадан болатын әртүрлі орынсыз оқиғалардың өз ретімен болуында мыңдаған хикмет жатыр. Жақсы жеміс беретін бақыт пен дәулет ағашы ауа райы қолайлы болған көктемде мол миуа береді.

Осы арада Сұруге жіберілген жамағаттан бір кісі келді. Оның хабарлауынша, Нұр Әлі Диван өз жолдастарымен бірігіп, мәулана Қаратақты тұтқынға алып, Бағанға кеткен. Баған – Тибет уәлаятындағы басшыларының бірі. Ал мәулана Дәруіш Мұхаммед Қаратағ бір жерде айла-кулықпен жарақаттап, оны өлімге дейін апарған. Осы залымдар сол мұсылманды мына кәпірге тарту етті һәм одан рұқсат алып, Жаркентке тартып кеткен болатын. Ал әлгі кәпір ағаштан біз жасап, сол бізбен мәулананың аузын тігіп өлтірді. Сұру істері осыған байланысты тоқтап қалды.

Мен Маһмұд мырзаның денесін Мариулге алып келіп, сол жерден оның аталары жерленген мазарға, Қашғарға жібердім. Тибетте суық түсе бастағанда Мариулге кеткен едік. Сол қыс өте қатты болып, қиыншылықты бастан өткіздік.



Көктемде жетпіс адам аттарды жаю үшін тау шатқалындағы Отлық деген жерге кеттік. Ол Тибеттегі шөбі шалғын атақты жайлау еді. Сол аймақта уақытымызды құлан, жабайы қодас аулаумен өткізіп, қайта оралдық. Мен Ескендір сұлтанды бір топ адаммен Мариулге қалдырып едім. Бәрі бір жерге жиналып, жылқылар да семіріп, қондана түсті. Адамдар пәлекет пен азапқа шыдай алмай бірден тарап, Жаркентке кетті. Олардан елу адам қалды, басқалары қашып кетті. Сол кезде Жан Аһмет Атаке Жаркенттен келді. Оны екі жыл бұрын Урсанг жорығынан қайта оралған кезімде Рашид сұлтанның жанына жіберген едім. Сол Жан Аһмет Атаке Тибетте қалмау керектігі туралы бұйрық ала келіпті. Аялдамауымыздың себебі мынадай еді: «Егер мен өз еркіммен бір жаққа кетсем, онда антты бұзғаным үшін датталу маған жүктелер еді. Өйткені уәденің өзі имандылыққа тән нәрсе. Ал Рашид арамыздағы келісімді бұзып, сырттай өзін уәдеге берік етіп көрсетті. Қазір ол барлық жолды жауып, әскерді тарату туралы бұйрық жіберіпті. Жан Аһмет Атаке бізге қосылған соң Бадахшанға қарай бет алдық». Осы жазбаларына қарағанда Мырза Айдардың жан азабы әкесінің Шаһибек ханның қолынан ажал құшқаны, інісі Абдолла мырзаның үнді әскерімен шайқаста қаза болғаны, сондай-ақ жанашыр немере ағасы Сейіт Мұхаммед мырза мен оның балаларының өлімі енді Маһмұд мырзамен жалғасып, тереңдей түсті. Оған жазмышын мойындауға тура келді. Өңгіменің тоқетері, Рашид сұлтан таққа отыра салысымен өзінің басты жауын дулат әмірлері деп білді. Оларға қолынан келген жауыздық әрекеттің бәрін жасады. Соның бірі Мырза Айдарға дос кейпін танытып, іс жүзінде оны қолға түсіру амалын қарастырып жүрді. Сондай-ақ қыспаққа алу үшін ол жүріп құтылар барлық жолды жауып тастауға бұйрық берді. Содан Мырза Айдар тобына Кашмир, Қашғар, Тұрфан, Үндістанға кету мүмкін болмай қалды. Себебі онда баратын жолдың бәрін Рашид сұлтанның адамдары бақылауға алған еді. Осы арада Жаһан шаһ деген кісінің айтуына қарағанда таулы аймақтағы Тағанақ деген жерден Памирдың Бадахшанына баратын жол бар екендігін білген Мырза Айдар жол қиындығына шыдай алатын жиырма жеті адаммен жолға шықты. Ол Бадахшанға жасаған сапарын, сондай-ақ жол-жөнекей болған оқиғалар жайын: «Мен жиырма жеті адаммен жолға шықтым. Сапарға қажетті жабдықтар жетіспеуінен, ат-көліктің шалдығуынан, жолдың қиындығынан және сүмбіле мезгіліне қарамастан күн суық болып, кеш батқанда біз Қарақорымға әрең жеттік. Онда ағып жатқан үлкен өзенге тұтастай мұз қатқан еді. Біз қай жерін жарсақ та, бір тамшы су таппадық. Құптан намазына дейін үлгеруге тырыстық. Аттар күні бойы тұншықпа ауруы бар жермен жүріп отырып, суы жоқ және шөбі сынап сияқты жойылып кететін жерге келдік. Өзімізде бар арпаны алдына тастасақ та, аттар су болмағандықтан жемеді. Сонда Жан Аһмет Атаке: «Мен шамамен осыдан тоғыз шақырымдай жерде бұлақ көрген едім. Сол жерге бару керек», – деді. Сол мұзды тескенімізде су шығып, аттарды суғардық. Ең мықты, жүк артатын бір қашарымыз бар еді. Оның да шөлден жағы қарысып, қанша

әуреленсек те бір ұрттам су іше алмай өлді. Оған артылған жүк сол жерде калып қойды. Жолдың соншалықты ауырлығы осындай еді.

Аса қиындықпен Бадахшанға баратын өзімізге бейтаныс соқпақпен жүріп келіп, жолайрыққа жеткенде Ескендір сұлтан менен рұқсат сұрады. «Мен Рашид сұлтанның жанына барамын. Бәлкім, бауырлық мейірімі оянып, Һұмай құсындай рақымшылық көлеңкесін маған түсіріп, адасқан жолынан үзген мейірін татулығымен жалғастырар», – деді. Мен: «Шынында, сенің бауырың Алла тарапынан парыз әрі мұсылмандықтың негізі болатын бауырмалдыққа адал бола алмады. Оған біз естіген, оның істеген істері айғақ. Ол бұл дүниенің қызығына бой ұрып, қателіктер жасады. Қара жүрек, ниеті теріс Мұхаммеди Барластың алдап-азғыруына ілесті. Рашид сұлтан оны адам қатарына санап, пікірлес болды. Сондықтан одан ешқашан туыстық, рақымшылық күтуге болмайды», – деп өз уәжімді айттым.

Ескендір сұлтан кеткеннен кейінгі оқиғаларды автор өз еңбегінде былай жалғастырады: «Осы тақырыпта Ескендірге біраз сөз айттым, алайда жолдың қиыншылығы мен Тибеттегі бәлекет оқиғалардан әбден күйзелген болуы керек, оның парасатты көзқарасы тура жолды көрмеді. Ол рұқсат сұрап, табан тіреп отырып алды. Содан амалсыздан рұқсат беріп, жанына төрт адам қосып бердім. Жиырма жеті адамнан бес кісі бөлінген соң мен жиырма екі адаммен сол бейтаныс жолмен сапарға шықтым. Таға болмағандықтан бірнеше ат тайып жығылды. Ескендір сұлтан бізден бөлініп кеткен күні, бесін намазы уақытысында бір жабайы қодасты өлтірдік. Оның терісінен ат аяғына аяққап жасап және етін шамамыз жеткенінше алдық. Бізде арпаның талқанынан бір-екі күнге жетерліктей ғана азық қалған болатын. Одан басқа талғажау етерлік ештеңе қалмады. Содан бұл қодастың еті ризық берушіден бір нығмет болды. Жол азығын ат-көлігіміздің күші жеткенше алдық. Шамамен бес күндік азық болар қодас етінің төрттен бірін алдық, басқасы сол жерде қалды. Оны, мүмкін, сол маңдағы аң-құс пен құзғын қарғалар бір апта бойы даланы басына көтеріп таласып-тармасып, қарқылдасып жеген болар. Сөйтіп біз шамалап жүріп отырдық. Келесі күні тағы бір үлкендеу қодасты өлтірдік. Үшінші күні де жолымыз болды.

Жаһан шаһтың айтуына қарап, сірә, алты күннің ішінде бір елді мекенге жететін шығармыз деп шамалап, Ескендір сұлтанның бөлінгенімізге үш күн өткен соң, түскі мезгілде бір елге жеттік. Олар бірнеше отбасымен бізді қуана қарсы алды. Біз олардан жол жағдайын сұрадық. «Бұл шатқал Раскам деп аталады. Бұл жерден Памирге дейінгі жол бес күндік», – деп жөнін айтты. Осы адамдармен кездескен соң, бірнеше күндік қиыншылықтан демалдық. Олар болдырған атымызды алып, орнына өте мықты тың аттар берді. Ішіп-жейтін тағамдарды бар ықыласымен тарту етті. Сонан соң олардың әрқайсысы мені көргенде жылап: «Аллаға шүкір, біздің төрт жүз жылдық патшалар әулетінен сен жалғыз тірі қалыпсың. Біз бәріміз сенің құрбаныңбыз хәм жолыңа садақа болайық», – деді. Олар бала-шағасымен мені қоршап алды. Қанша тыйым

салсам да оларды тежей алмадым. Қай жерге жетсек те, сол жердің адамдары түгелдей бала-шаға, әйелдерімен бізге еріп отырды. Жеті күннің ішінде бізді шексіз құрмет пен ізетке бөлеп, Памирге дейін жеткізіп салды. Олар тіпті бізбен бірге Бадахшанға дейін баратын да еді. Бірақ оларға қайта-қайта айтып, әрең көндіріп, оралуына рұқсат еттік те, өзіміз Бадахшанға тарттық.

Мен Бадахшанға жеткен соң Сүлеймен шаһ мырзаға келдім, ол бөле ағам Мырза ханның баласы еді. Сүлеймен шаһ мырза бізді қарсы алып, қолынан келгенше қызмет көрсетуді уәжіп санады. Әйтеуір, осындай тауқыметтен кейін аман жеткенімізге мыңдаған рет Алла тағалаға шүкіршілік еттім. Сондай қауіпті жағдайдан өтіп, тыныштыққа жеттік.

Бадахшанмен шектесетін Вахан деген жерге жеткенімізде бір жұмыспен сол жерде жүрген Рашид сұлтанның қызметшісі маған келді. Мен түркі тілінде өлең жазып, оның қолына ұстатып Рашид сұлтанға жібердім. Ол өзіне немере әпке болып келетін менің әйелімді ілтипат көрсетіп, қасына Ескендір сұлтанды қосып шығарып салыпты. Рашид сұлтанның тағы бір қайырымдылығы – тонап, талан-таражға ұшыратпай дүние-байлығын қоса жіберіпті. Әйелім әбден қиналып Бадахшанға әрең жеткен. Менің отбасымда бір табын мал болатын. Рашидтің мәрттігіне ілігіп қуылған он шақты адам отбасы, мал-мүлкімен келді.

Сол қыс Бадахшанда тыныш, көтеріңкі көңіл күй жағдайында өтті. Көктемді Бадахшанның даласы мен тауларында өткізіп, жазда Кабулға келдім. Менің үй ішімнің ізінен Рашид сұлтан Саид ханның қадірлі әйелі Зейнеп сұлтан ханымды, балалары: Ибраһим сұлтан (ол ханның ең сүйікті ұлы еді), Мұһсін сұлтан және Мұхаммед Жүсіп сұлтан – барлығын қуып жіберіпті. Олар Кабулға жиналды, ал мен Үндістанға жүріп кеттім.

Мен Лаһурға келгенде Бабыр патшаның баласы Камран мырза сол жердің билеушісі еді. Ол мені құрметтеп, ізет білдіріп қарсы алды әрі нағыз патшалық сый жасады. Қорқыныш пен үрейден кейін, мынадай ізет пен құрметке жеттік», – деп әңгімелейді Мырза Айдар.

Мырза Айдар ұзақ уақыт Рашид ханның жауыздық жасауы мүмкін ойынан сескеніп, Бадахшанды паналап, ұдайы үрейде болды. Енді Камран мырзаның құзырына келіп, көрген азабы ұмытылып, патшаның мейір-шапағатына бөленді.

Мырза Айдар Лаһурға жеткенде, Камран мырза Қандаһарда шаһ Тәһмасптың бауыры, яғни Шаһибек ханды Мәрв маңында жеңіп, оны өлтірген Шаһ Исмайыл сәфәвидің ұлдарының бірі Сам мырзамен соғысып, жеңіспен Лаһурге оралған кезі еді. Келесі жылы көктемде Шаһ Тәһмасп бауырының кегін алу үшін Қандаһарға шабуыл жасап, шаһарды Камран мырзаның адамы – мәулана Мұхаммед Сәдр ұлы әмір Қожа Кәланнан тартып алған болатын. Бұл хабар Камран мырзаға жеткенде, ол Қандаһарға аттануға шешім қабылдап, Үндістанның өзіне қарайтын барлық аймағын, сарай мырзалары мен мемлекет адамдарын түгелдей Мырза Айдарға тапсырды. Сондай-ақ мемлекеттің барлық иелігінен түсетін кірістері мен істерін оған табыстап, өзі Қандаһарға қарай жүріп кетті.

Шah Тәһмасптың өкілдері ол Қандаһарға жеткенде бейбіт түрде шаһарды беріп, Иракқа кетті. Камран мырзаның бұл сапары бір жылдан көбірек уақытқа созылды. Осы уақыт ішінде Мырза Айдар Саид ханның жанында жүріп үйренген білімі мен жиған тәжірибесін мемлекет ісінде барынша пайдаланды. Сөйтіп, иеліктегі тәртіпті қадағалау және алым-салық жинау, мойынсынбаған қарсыластарды тәртіпке келтіру, шекараны бақылау, ислам негіздерін нығайту жұмыстарын толықтай орындады. Сондықтан Камран мырза жеңімпаз болып, астанасы Лаһурға жеткенде Мырза Айдардың жалақысын он бес ләктен елу ләкке дейін көтерді. Мемлекетті билеудегі асқан қабілетінің арқасында Мырза Айдардың беделі өсті. Әрі өзімен қатарлас замандастарынан оқ бойы озып, биік тұрды.

Мырза Айдардың өмір жолы өз заманының әйгілі хандары мен патшалары тоғысып жатқандығымен де ерекшеленеді. Өйткені Аграға жолы түскенде Бабыр патшаның ең үлкен әрі атақты ұлы Һұмаюн құзырына барғаны да оның тағдырын жаңа арнаға түсіріп, өмірінің тағы бір белесін парактап беруге себеп болды.

Мырза Айдардың өмір тәжірибесі тек қана тарихи оқиғалармен шектеліп қалмады. Өйткені ол әкесінің жанында жүріп талай рет сопы ғалымдар, ақындармен кездесті. Сондай-ақ олардың шығармасымен де танысты. Кітабында көптеген ақын, өнер адамдарын, түрлі шебер-ұсталарды әрі мәнерлі жазатын мамандарды атап кеткен. Тіпті, кейбірінің қысқаша өмірбаянын да келтірген. Сонымен бірге олардың шығармасы жайлы да мәлімет беріп, талдаған. Әбдірахман Жәми, мәулана Сәдеддин Қашғари, мәулана Низамеддин Хамуши, қожа Алаеддин Аттар, мәулана Алаеддин Мәктәбдар, мәулана Шәмседдин Мұхаммед Мәрвәжи, қожа Әбділ-әзиз Жәми, Шейх Пуран, мәулана Әбусайд Аубеһи, мәулана Мүйінеддин Ваез, мәулана қожа Маһмұд Зияратғани сынды сопылар мен сопы ақындардың, Сәдеддин және оның шөбересі Шейх әл-ислам Тәфтазани сияқты ғалымдардың, Әлішер Науаи, әмір Шейхим Аһмет, Асан Әли Жалайыр, Аһи, Һелали, Асефи, Банай, Сейфи секілді ақындардың, мир Үсейни мүәммай, мәулана Мұхаммед Бәдәхши мүәммай, мәулана Кәмал мүәммай, мәулана Шаһаб мүәммай тәрізді жұмбақшылардың, мир Әли Тәбризи, мәулана Әли Мәшһәди, Шейх Байәзид Пурани, мәулана Жәфәр, мәулана Алаеддин, мәулана Мұхаммед Әбришәми, мәулана Зейнеддин Мамұт, Сұлтан Мамұт Нұра сықылды кітап көшіруші хатшылардың, Бейзад, Қасым Әлі Чегрегошай, Мақсұт, мәулана Мирәк наққаш, ұстаз Баба қажы, ұстаз Шейх Аһмет пен мәулана Жөнейд, ұстаз Нисымеддин, мәулана Жүсіп, мәулана Дәруиш Мұхаммед сынды суретші шеберлердің, мәулана Иари ою-әшекейлеу шебері туралы, Хафиз Бәсир, Хафиз Асан Әлі, Хафиз Жәми, қожа Абдолла Мүрвәрид, ұстаз Саид Мұхаммед (Аһмет) Ғәжәқи, ұстаз Құл Мұхаммед, ұстаз Айдар Шаһ, Айдаршаһ Бәлбани, ұстаз Шейх Наи есімді әншілер, сазгерлер жайлы жасаған антологиясы да «Тарих-и Рашиди» еңбегінің бір артықшылығы саналады.

Мұның өзі Мырза Айдардың өнер мен әдебиет жайын тарихтан да аз білмегенін көрсетеді. Ол бір кезеңнің тарихымен және сол тарихты жасаған Бабыр патша, Саид хан сынды тұлғалармен қатар жүрді. Сондай тұлғалармен бір дастарқан басында отырып, сыр-сұхбатына қатысты. Олармен поэзиялық кештерді бірге өткізді. Олардың шығармашылық туындыларына куәлік етті. Олардың әскери-саяси әрі шығармашылық сәттеріне куәлік ете отырып, тарихи туындыларын оқығанын өмір жолынан білеміз. Сондықтан болар, ол тарихпен қатар әдебиетке де көңілі ауғаны табиғи құбылыс. Өйткені ол Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр патшадан кейін Саид ханның жанында жиырма төрт жыл бойы сырлас, дастарқандас болып етене жақын жүрді. Саид хан болса онымен бірге оңаша қалғанда өлең оқып, өзінің суырыпсалма өнерін де көрсететін. Сондықтан ол Саид ханнан мемлекет істері жайын үйрене жүріп, поэзияға да іңкәрлік сезімі оянды.

Саид ханның өнер мен әдебиетке жақын жан екендігі Мырза Айдар еңбегінің «Сұлтан Саид ханның мақтан етерлік қасиеті және ерекше мінезі жайында әңгіме» атты тарауында: «Сұлтан Саид хан (1486–1533) қадірлі, бақытты және қуатты патша еді. Әртүрлі қасиет дарыған, мақтан етерлік мінез-құлық бойына біткен ол жасы қырық сегізге қараған шағында Хақ тағаланың рақымына бөленіп, о дүниеден орын алды», – деп бастап, Сұлтан Саид ханның өнер мен шығармашылық дарыны жайында: «Білімдарлығына келгенде мен оған тең келер кісі көрмедім. Егер оның қолына сауатсыз, мәтіні түсініксіз хат түсетін болса, мейлі өлең, қара сөз болсын – бәрібір кідіріссіз оқи алатыны соншалық, оны көрген біреу мәтінін жаттан білетін шығар деп күмәнданатын. Ол нәстәлік жазу үлгісімен көрнекі жазатын. Парсыша, түркіше өте сауатты, мінсіз жазатын.

Түркі тілінде шығарма жазғанда оған басқалардың теңесуі мүмкін емес еді. Өлең шығарғанда оның күш-қуаты мен дарынына тең келер адам сирек кездесетін. Ол ешқашан өлеңді ойланып отырып жазбайтын, ылғи шабыттанып отырып айтатын. Басқосуларда алдындағы өлеңдер жинағын ашып, қандай мақам, қандай ырғақ демей, өлеңді суырып салып айтып, бір-екі рет оқитын. Естіген жан жадында сақтап қалатын, олай болмаған жағдайда жазып алуға келіспейтін. Мен сондай жиындардың бірінде хан суырып салып айтқан өлеңдерін есімде сақтап қалған едім. Солардың ішінен бірнеше бәйітті осы жерде келтіре кетейін», – дейді де, мына бәйітті келтіреді: Өлеңнің қазақша тәржімасы былай:

Бақшада өскен гүлдердің қайсысы саған тең келер,  
Мыңға жуық ғашықтан шырайлы саған сай келер.

\*\*\*

Неге керек жаннат жайы, көңілде хор жүргенде,  
Жаннат жайы, жар ауылы нұр ойнаған жүзімде.

\*\*\*

Ғажап кекіл шашыңның төгілгенін көргенде,  
Арманым бар, әй, Саид, абыржыған көңілде.

Бәйітші Саид ханның жоғарыдағы түркі өлеңдері думан-тойдың көңіл ашар бәйіттері екенін ұғыну қиын емес. Саид хан Мауараннәһр мен Жетісудан ығыстырылып, Шығыс Түркістанда өзінің жаңа хандығын құрған кезде билік басындағы әскерилердің көпшілігі түркі тайпаларынан еді. Саид ханның той-думандарда түркі бәйіттеріне көбірек назар аударуы да содан. Бірақ қанша түркі тіліне құрметпен қарадым дегенімен, араб-парсы тілдеріне зор мән бергенін оның өлеңдерінен көре аламыз. Өлең шумақтарындағы араб-парсы сөздерінің көптеп кездесуі де соның әсері болса керек. Бүгінгі ұйғыр ғалымдарының Саид ханның Шығыс Түркістандағы билігі туралы сөз болғанда: «Саид хан дәуірінде мәдениет саласы айтарлықтай өркендегенмен, әдебиет пен өнер араб және парсылардың ықпалына көбірек түсті. Нәтижесінде ұйғыр тілінің тазалығы бұзылды. Бұл жағдайды Саид хан дәуірінің мәдениет саласындағы кемшілік тұсы деуге болады», – деп сынауы да сондықтан болар.

Ұйғыр ғалымдарының пікірінше, Саид хан бәйіттерінің тілі ұйғыр тілінің негізі болып есептеледі. Ал, біздің пайымдауымызша, бұл – көне шағатай тілі. Өйткені, жоғарыда біз талдап-тарқатқанымыздай, бәйіттер тілінде көне оғыз, қыпшақ тілдерінің диалектілері басым. Ал шағатай тілі Орта Азия, тіпті, Кавказға дейінгі аумақта түркі халықтарының ортақ тілі болып, ХХ ғасырдың бастапқы жылдарына дейін қолданылды. Қазақ тілі көшпелі өмірдің арқасында араб-парсы тілдерінің ықпалына көндікпей келсе де, жазба әдебиетте шағатай-түркі тілін ХХ ғасырдың алғашқы ширегіне дейін қолданып келді. Бұл сөзімізге «Молда Мәди Меркішұлының шығармалары» атты еңбек айғақ бола алады.

Мырза Айдар саяси тарихтың тәжірибесінен өтіп жүрсе де, өнер мен әдебиеттен де алшақ болмады. Сондықтан Һұмаюн патшаның жанына барған сәтте өмірдің түрлі сынағы мен тәжірибесінен өткен ойшыл тұлға ретінде көрінді. Бірақ Аграда Һұмаюн патшаның құзырына барғанда оның жағдайы онша маз емес-ті. Біріншіден, асқан батырлығына қарамастан мәулана Мұхаммед Пәргари сынды кесірлі достардың ықпалымен теріс жолға түсіп, апиынға үйір болып кеткендігі болса, екіншіден, қол астындағы пәтуасыз әмірлердің алауыздығы, ал, үшіншіден, өзінің туған бауырларымен тақталасқа түсіп жүрген кезі болатын.

Кейіпкеріміз Мырза Айдардың Һұмаюн патша мен Шерхан патшаның арасында Ганг жанындағы шайқасқа қатысқандығы, Камран мырза мен Һұмаюн патшаның оған ұсыныс жасауы әрі қарай әңгімемізге арқау болады.

Камран мырза Шерханға қарсы шайқасуға Аграда бір айдан ұзағырақ болып, сол жерде Шерханнан жеңіліп қалды. Оның жеңілісінен кейін Һұмаюн патша да Аграда жеткен еді. Сонда (27 шілде 1539) Бабыр патшаның барлық ұлы, ағайыны кеңес құрып, Шерханға қарсы соғысу стратегиясын анықтап



алуға ниеттенді. Бірақ пәлендей нақты нәтижеге қол жеткізе алған жоқ. Ағайындылар бір келісімге келе алмай уақыт өткізіп, жеті ай бойы бір-бірімен қырқысып жатқанда Шерхан Ганг өзенінің жағасына ат басын тіреді, әскері өзеннен өтті. Сол кездері Камран мырзаға Үндістанның ауа райы жақпай, көтеу ауруына шалдықты. Содан амалсыз Лаһурге қайтуға мәжбүр болды. Бұл хабарды естіп, жауларының саны азайып, қуаты әлсірей түсетінін білген Шерхан қатты қуанды. Себебі Һұмаюн патшаға көмектесе алатын ең жақын бауыры Камран мырза еді.

Осы тұста ескеретін бір жайт бар. Мырза Айдар өз еңбегінде Һұмаюн патша мен оның бауырларын «Шағатай әулеті» деп атайды. Бұл атау оларға жанаспайды. Өйткені Һұмаюн патша мен Камран мырза – Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр патшаның балалары, Бабыр патша болса – Әмір Темірдің тікелей ұрпағы, ал Әмір Темір – Барлас тайпасынан шыққан тұлға. Барлас тайпасы – зерттеуші ғалымдар дәлелдегендей, түркітекті тайпа. Сондықтан Бабыр патшаның Үндістанда құрған империясын Шағатай ұрпақтары деп атау шындыққа сәйкес келмейді. Анығы – Бабырдың Үндістанда құрған империясы түркі халықтарының құрған ортақ империясы деп жазылуы тиіс. Екіншіден, Мырза Айдар нағыз шағатайлар, яки Шағатай ханның ұрпақтарын «моғол» деп атауында не сыр болған?! Сондай-ақ батыс ғалымдары Бабыр империясын «Моғол империясы» деп атауы да түркі халықтарының империя құрудағы саяси қабілетін мойындамау сияқты көрінеді.

Әлқисса, Шерхан Ганг өзенінің жағасына жеткенде Һұмаюн патша қол қушырып, жауға бере салмайын деген ниетпен Аградан Гангге қарай бет алды. Дәл осындай қарбалас жағдайда Мырза Айдарға екі ұсыныс айтылды. Бірі – Камран мырза, екіншісі – Һұмаюн патша тарапынан болды. Мырза Айдар екі патшадан да жақсылық көрді. Екеуі де оған жекжаттық тұрғысынан бірдей жақын. Өйткені екеуі де туған бөлесі Бабыр патшаның балалары еді.

Камран мырза науқасына байланысты Мырза Айдарға сенім артып, өзінің барлық мемлекет ісін оған тапсыруға дайын екендігін айтып, Лаһурге оралуды ұсынды. Камран мырза: «Қашғардан мұнда өзің өмір бойы қызметінде болған туыстарыңмен алауыздық салдарынан келдің, олардың саған жасаған қиянатын өзің білесің. Сен келген кезде арамыздағы туыстыққа орай бауырымдай, тіпті одан да артық көріп қарсы алдым, барлық ісімді саған сеніп тапсырдым. Мемлекеттік істерді шешуде сені басшы еттім. Егер де осы шаруаларды істеу барысында бір нәрсені бұрыс жасаған болсам, түзеуге келсе, оны айтқын. Бірақ дұшпан менің иеліктерімді жаулап алып, жеңіске жеткен уақытта, тәнімді дерт меңдеген кезде маңызды қайырымдылық істен азап шеккен бауырмалдық қолыңды алып кетпе, мені осы екі қауіптен босатып, Лаһурге жеткіз», – деп өз уәжін айтты.

Камран мырзаның ұсынысынан кейін Һұмаюн патша да Үндістанда болып жатқан оқиғаларға байланысты Мырза Айдарға өз ойын ашық айтты. Өйткені Һұмаюн патша сол заманның дәстүрі бойынша оған «дос» деген ат берген еді һәм өзінің патшалық жарлықтарында Мырза Айдарды айрықша



ілтипат әрі үлкен мәртебеге лайық екендігін айтатын. Оны «Ұлы сұлтандардың ұрпағы», «Қадірлі басшылардың ұрпағы», «Жақсы қасиеттердің жиынтығы», «Ұнамды кемелдік – мінез-құлықтың қайнары», «Бауырдан да артық дос», «Тандаулы дос», «Мұхаммед Айдар көреген» деп атайтыны да сондықтан еді. Һұмаюн патша Мырза Айдарды өзіне сондай жақын тұтқандықтан ол Камран мырзаның қызметінде жүрген болса да мемлекеттік істерге байланысты Һұмаюнмен кеңесіп отыратын. Сондықтан Мырза Айдар Камран мырзаның жасаған ұсынысына келіспейтінін айтып түсіндірді. Өйткені Һұмаюн патша Мырза Айдарға жағдайды өзінше түсіндірген еді. Ол: «Егер Камран мырза саған Лаһурге алып бар десе, бұл оның дертінің асқынып кетуінен, қалай әрекет жасау керектігін ойлауға оның денсаулығы мүмкіндік бермейді. Сен оны Лаһурге алып баратындай ешқандай да қажеттілік жоқ, Лаһурге жіберуге байланысты ешқандай істің саған қатысы жоқ. Егер ол денсаулығын айтып шағымданатын болса, сен емші де, дәрі де емессің. Ал егер туыстық жағын айтса, сенің онымен туыстығың Бабыр патшаға бөле болудан басталады, бұл жағынан алғанда мені мен Камран мырзаның жолы тең. Менің айтқанымның дұрыстығына әділдік тұрғысынан қарап ойланып көрші. Бүкіл Үндістанның ісі мен Бабыр патша ұрпақтарының тағдыры мені мен Шерхан арасында болатын шайқасқа байланысты болмақ. Осындай шешуші іс күтіп тұрғанда сен Камран мырзаның сырқатына байланысты Лаһурге кетпекпісің?! Бұдан екі түрлі қорытынды жасауға болады: біріншіден, сен қауіптен қорқып, басыңды сақтап қалу үшін Камран мырзаның науқасын сылтау етіп, бәрін тастап қауіпсіз жерге кетесің. Сөйтіп барлығы қырылып, сен аман қаласың. Екіншіден, сен Бабыр патшаның туған бөлесісің, оның балаларының бәріне туыстығың бірдей. Сондықтан Бабыр патшаның барлық ұрпағының қамын жегенің жөн. Сен осындай шапқыншылықта ешкімнің қамын жемей, жағдайдың қалай болатынына қарамастан қара басыңды бағып Лаһурге кетпексің. Ал Лаһур ұнамай бара жатса, қай жақ қауіпсіз болса, сонда кетпексің. Әгәрәки осы әрекетің достық пен бауырмалдықтың жөнімен болса, онда солай істе. Шынында да, жұрт саған Камран мырза ауырып жатқанда Лаһурге алып бармады, бірақ жалпы мүддеге орай Ганг жанындағы шайқасқа қатысу үшін әскерде қалды деп кінә артуы мүмкін. Өйткені мұндай соғыста өзің қызмет етуге міндеттісің, осы әулеттің барлық ісі, тағдыры шешілгелі тұр. Ал сен болсаң барлығын маған тастап, Камран мырзаның ауруын желеу етіп, тыныш жерге барып бой тасаламақсың. Өңгіменің шындығына келсек, егер осы жердегі істің барлығы ойсырайтын болса, Лаһур бірінші болып сол қылыштың өткір жүзімен ойрандалады», – деп түсіндірді.

Мырза Айдар билік басындағы екі ағайынның уәжін тыңдаған соң Камран мырза оған Үндістанда қалуға рұқсат бермесе де, Һұмаюн патшаның жанында қалуды ұйғарды.

Бұл әңгімені осы жерден тоқтатып, Һұмаюн патшаның Шерханмен Ганг өзені бойында болған шайқасына қысқаша шолу жасасақ жөн болар.

Себебі Мырза Айдардың өзі де қатысқан Ганг шайқасынан кейін оның келешек тағдырының жаңа бағытына әсерін тигізетін жаңа түйіндер, шешімдер қабылданды.

Ғұмаюн патшаның кемшіліктерін жоғарыда айттық. Сонымен қатар Камран мырза сырқаттанып қалғанын желеу етіп Лаһурге жүрмек болғандықтан, ұялғаннан ағасына көмек ретінде мың жауынгерді Ескендір сұлтанның басшылығына беріп, Ғұмаюн ордасында қалдырды. Басқаларын түгелдей өзімен бірге Лаһурге алып кетті. Камранның бұл әрекеті жауларының көңілін көтерді. Осындай жағдайда Ғұмаюн әскері Ганг өзенінің жағасына жетті, ал Шерхан екінші жағасына орналасты. Олар бір айға жуық бір-біріне қарсы тұрды. Екі жақтың да әскер саны екі жүз мыңнан асып түсетін.

Соғысқа Ғұмаюн патшаның әскері жеті жүз арба, олардың әрқайсысына төрт жүп өгіз тартып жүріп қатысты. Сондай-ақ сақпан мен зеңбірек те қару-жарақтарының қатарында болды.

Ғұмаюн патша Мырза Айдарды сол қапталына тағайындады. Мырза Айдар өзіне тиісті мыңға жуық шенділер мен қызметшілердің ішінен төрт жүз адамды тандап, жанына алды. Бәрі де ұрысқа әбден шындалған һәм соғыс тәжірибесі мол, сауыт киген атты жауынгерлер болатын. Бірақ та Ғұмаюн патшаның лайықсыз әмірлері соғысуға лайықты әскер даярлай алмады. Бұл жайтты Мырза Айдар былай қорытады: «Бұл жерде атына лайықсыз әмірлер де болды. Олардың «әмір» деген атынан басқа затында ешқандай әмірлік жоқ еді. Олар қазына мен билікке түгелдей ие еді де, бірақ ақыл-парасат, ынта-жігер, қайрат, батырлық пен ерліктің негіздері дегенде оларда бұл қасиеттердің жұрнағы да табылмас еді». Сондықтан да Ғұмаюн патшаның әскер саны Шерхандікінен артықтау болса да оларға қарсы тұра алмай, жан-жаққа бытырап кетті. Олардың біразы Ганг өзеніне батып кетсе, енді бір бөлігі қашып бара жатқан жерінен еш қарсылықсыз жау қолынан қаза тапты.

1540 жылдың 17 мамырында басталған шайқастың соңы Ғұмаюн патша қолының күйреуімен аяқталды. Сонда өзеннен өткен қашқын әскері мен Ғұмаюн патша да судан жалаңаяқ, жалаңбас күйде атпен шықты. Ганг шайқасының жеңілісінен кейін Мырза Айдар да Аграда тұра алмай, Ғұмаюн патшаның адамдарымен Лаһурге тартты.

1540 жылдың 6 маусымында Лаһурде Бабыр патша әулеті болашақ жоспарды талқылауға бас қосты. Сондай бір кеңесте Ғұмаюн патша Мырза Айдарға нұсқап: «Қазіргі жағдайға байланысты қандай шара қолдануды жөн деп білесің?» – деп сұрады. Мырза Айдар патшаға қаратып: «Сұлтан Үсейін мырза Хорасанда өлген кезде, оның он сегіз баласының арасында ынтымақ болмағандықтан, Хорасанды Шаһибек ханға беріп қойды және күні бүгінге дейін олар елдің қарғысына қалып келеді, қарауындағының бәрі оларға лағнет айтуда. Осындай абыройсыздықпен олардың бәрі өмірден өтті. Бір жылдың ішінде олардан Рұмға кеткен Бәди әз-Заман мырзадан басқа ешкім де қалған жоқ. Марқұм Бабыр патша осындай кең-байтақ Үндістанды соншама қиындықпен

жаулап алып, сізге тапсырып, дүние салды. Енді сөйткен Үндістанды ана Шерханға беріп, қалай қарап отырмақсыз? Үндістаннан түсіп тұрған кіріс пен Хорасан арасында қаншалықты айырмашылық бар екенін және Шерхан мен Шаһибек ханның арасында қанша өзгешелік бар екенін өзіңіз ойлап көріңізші. Сізге деген елдің реніші қаншалықты болатынын қазір терең ойланып-толғанып, намыс, қажырлылық жағасынан бас шығару керек. Осылайша ел арасында беделге ие бола аласыз. Бұрын істерді реттеу оңай болатын. Қазір істерге немқұрайды қараушылықтан һәм ауызбіршіліктің болмауынан істеу қиын. Енді істерді реттеу үшін белсенділік пен табандылық танытпаса болмайды. Мен осыған қатысты ойымды сізге баян етемін, бұл үлкен қиындықтармен байланысты болмақ. Өйткені жеңіл істерді өзіңіз қиындатып жібердіңіз. Енді одан әрі қиындатпау үшін осы ауыртпалықтарды шыдамдылықпен шешуіңіз керек, әйтпесе бұдан да күрделеніп кетеді.

Менің кеңесім: «Шерхан Лаһурге келгенше төрт ай уақыт өтеді. Осы төрт ай ішінде Үндістан тауларының етегіндегі аймақтарды сұлтандарға бөліп беріңіз, олар өз күштеріне қарай белгілі бір жерді қорғайтын болсын. Ал мен пақырға қолдау жасаңыз, екі айдың ішінде Кашмирді иеленуге міндеттенемін. Әркім өзіне тиесілі істі орындайтын болсын. Менің Кашмирге келген хабарым жеткен кезде әркім өз отбасы мен дүние-мүлкін сонда жіберіп, ал өздері тауда қалсын. Біз Сәрһенд тауынан Сарәнг тауына дейін, таулардың етегінде бекіне тұрамыз. Шерханның сеніп жүрген қару-жарағы – сақпан (қолда ұстайтын тас атқыш құралы) мен зеңбірек. Оны арбаларымен таситын. Олар қалай болғанда да тауға көтеріле алмайды. Ал ол мұндай қару-жарасыз соғыса алмайды. Оның қаптаған әскері астықтың аздығынан ыдырайды да, ол амалсыз қайтуға мәжбүр болады». Сонда Камран мырза бұл ұсынысқа қабағын шытып: «Сөзіңнің жаны болғанмен, оны іске асыру бізге өте қиынға түседі», – деді. Сонда Мырза Айдар: «Біріншіден, мен бұл істің қиын екенін басында баяндағанмын. Қазір оңай істің бәрі артта қалып, қиыны бізде қалды. Егер әлдекім бұдан оңайлау істі ойлап тапса, онда айтсын», – деп жауап берді. Ал Камран мырза болса тағы да оның пікіріне қарсы уәж айтты. Ол: «Қазір біздің адамдарымызда екі жүз мың отбасы бар. Сенің кеңесіңмен әрекет етіп, осы іс жүзеге асса жөн. Ал егер кенет бұл істі жүзеге асыра алмасақ, онда елге жойылып кету қаупі төнеді. Сондықтан патша Һұмаюн мен барлық мырза өздері ғана қалып, қалаған жақтарына: не тауға, не Кашмирге кетсін, ал отбасыларын маған қоссын – мен Кабулға жеткізейін. Оны тындырған соң қайта оралып, әскерге қосылайын», – деді. Кеңес мүшелері бұл әңгімені естіп, айран-асыр болып: «Ант бергенде не деп едік, енді не болды? Кім өз бала-шағасын Кабулға жіберіп, жалғыз қалғысы келеді?» – десті.

«Лаһурден Кабулға дейін өзен, таулар һәм жолда торуылдаған қарақшылар бар. Камран мырзаның айтқаны мүлдем қисынсыз нәрсе. Біз осы пікірді Мырзаға қаншама айтсақ та, үзілді-кесілді өз пікірінен қайтпады». Осылайша ынтымақ туралы ой-ниет тағы да алауыздыққа айналып, жиналған жұрт тарасты.

Уақыт осылай өтіп жатты. Шерхан бұл кезде Сұлтанпур өзенінің жағасына жетті. Әркім өзіне орын белгілеп жатты. Осыдан кейін Һұмаюн патша бұл жайында тағы да Мырза Айдармен кеңесті. Мырза Айдар оған тағы да: «Қазір Кашмирге байланысты істі қолға алғанды жөн көремін. Не де болса мені алға жіберіп, өзіңіз ізімізден жүріп отырыңыз. Қандай жағдай болса да мен Кашмирді жаулап алып, жеңіске жететінімізге кепілдік беремін!» – деді. Содан Һұмаюн патша қолынан келгенше Мырза Айдарға көмектесіп, оның Кашмирге жүруіне рұқсат етті.

Мырза Айдар Һұмаюн патшаға Кашмирді оңай жаулап алуға болатындығын, ол өлкенің саяси ахуалын жақсы білетіндігін түсіндірді. Өйткені Мырза Айдар Тибет жорығынан білетін Қажы деген кісі арқылы Кашмирдегі әмірлер арасында таққа талас ушығып тұрғанынан хабардар еді. Кашмир әмірлерінің өзара дау-дамайынан сондағы Қажы шаһ, Абдол Макри, Зэнги Чек атты әмірлер қуылған-ды. Сондықтан қуғынға ұшыраған Кашмир әмірлері қарсыластарға қарсы шығуға Мырза Айдардан жәрдем сұрап, оны Кашмирді билеуге шақырды. Ал ол Кашмирдің қарбалас жағдайын білген соң өлкені жаулау оңай шаруа екенін сезіп, Һұмаюн патшадан көмек беруін сұрады.

Мырза Айдар ойлағандай өзіне жақтас болған Кашмир әмірлерінің қолғабыс беруінің арқасында Кашмирді 1540 жылдың 22 қарашасында жаулап алды. Бұл жеңісті Мырза Айдар әбжәд есебі бойынша «Жиырма екінші ере-жеп» сөзімен белгіледі.

Кашмирді жаулап алған күнді Кашмирдің мемлекет хатшысы мәулана Мұхаммед Жүсіп «Қайталаған жеңіс» деп белгіледі. Өйткені бұдан бұрын Саид ханның ұлы Ескендір сұлтан бастап келген қосын Мырза Айдардың қолбасшылығымен 1533 жылы жаулап алды. Бұл жорықта Кашмирді екінші рет жаулап алғандықтан қайталанған жеңіске балады мәулана Жүсіп.

Мырза Айдар Ибраһим шаһтың ұлы II Нәзікшаһ Кәрәттің әкесінен кейін Кашмирдің патшалық тағына отырғанына алты ай өтпей жатып, Кашмирді жаулап алды. Мырза Айдар Кашмирді басқарған кезінде хұтпасын Нәсиреддин Мұхаммед Һұмаюн патша (лақап есімі – Жәннәт Аштияни) атына оқып, айналымдағы теңгеге Һұмаюн патшаның атын жаздырды. Кашмирде Һұмаюн патша атына шығарылған теңгелердің саны өте аз болды және түр-сипаты бұрынғы патшалардың теңгесіне ұқсас болды. Жазуында ғана біршама өзгешелік байқалатын. Сондай-ақ сол кезден табылған бір теңгенің оң жағында «Һ» әрпі жазылған. Бұл да болса «Айдар» есімінің бірінші әрпі болған деуге болады. Һұмаюнның атына шығарылған теңгелердің тарихы Мырза Айдардың Кашмирде билік құрған кезеңімен сәйкес келеді.

Мырза Айдар Кашмирдегі бастапқы жылдарында түрлі ағымдағы саяси топтарды орталық билікке бағындыру үшін көп күш жұмсады. Бір-екі жыл шамасында Кашмирде тыныштық орнаған соң ол түрлі кәсіп мамандарын жан-жақтан шақырып, өнер мен шеберлік кәсіптің дамуын қамтамасыз етті.

Әсіресе музыка саласы өркендей түсті. Түрлі саз аспаптарының келуіне жол ашты. Ғалымдар мен өнер адамдарын қатты құрметтеді.

Сондай белсенділігінің арқасында Кашмир гүлденіп, онда әсем ғимараттар бой көтерді. Оқымысты адамдардың ортасы молайып, өзінің де әдебиетпен айналысуына мүмкіндік туды. Сол заманның әйгілі ғалымдарының кітаптары мен қолжазба нұсқаларын жан-жақтан алдырып оқи бастады. Оқыған кітаптары әдебиет, тарих, өнер, пәлсапа, тағы басқа салаларды қамтыды.

Мырза Айдар бала шағынан Бабырдың тәрбиесінде білім әлемімен танысты. Кейін Саид ханның қамқорлығымен жетілді. «Бабырнама» шығармасын оқып, соның әсерімен өз өміріндегі көрген-білгендерін хатқа түсіруге бейімделді. Әсіресе білім саласының кең дүниесімен танысып, Ата Мәлік Жовейнидің «Тарих-е Жаһангошай» («Әлемді жаулап алушының тарихы») атты еңбегін, Рашиеддин Фэзлолланың «Жаме-әт-Тауарих» («Жалпы тарих») кітабын, Шарафеддин Әлі Йэзидің «Зафарнамасын» («Жеңіс кітабы») оқыды. Ұлықбектің «Төрт ұлысын», тағы басқа құнды тарихи кітаптарды оқып, көрген-білген, естігендеріне арқау етіп 1541–1546 жылдар аралығында өзінің әйгілі «Тарих-и Рашиди» еңбегін парсы тілінде Кашмир өлкесінде жазып шықты. Өйткені жоғарыда аталған еңбектердің бастапқы үшеуі парсы тілінде жазылған-ды.

Мырза Айдар Кашмирдің көршілес аймақтарын да жаулап алды. Соның ішінде Тибет, Пекли, Дуалкиді жаулаған соң ол аймақтарды Мәлік Әбді Зинеге тапсырды. Хұтпаны Нәзік шаһтың атына оқытты.

Мырза Айдар өмірінің соңғы жылдарында түрлі діни секталарға қарсы күресте қатаң шараларға барды. Кейбір дінбасыларын өлтіруге әмір етті. Соның салдарынан жергілікті адамдарға сенімі төмендеп, көбіне қашғарлықтардың көмегіне жүгінетін болған сыңайлы. Сондықтан ол Кашмир жұртымен мықты байланысын, жасалған келісімін ұмыт қалдырып, беделді сардар Мәлік Зэнги Чектің еліне шабуылға шықты. Мәлік Зэнги Чек жекеленіп Үндістанға қашты. Қашғарлықтар әлсіздерді зарлатып, оларды күшпен көндірді. Жұртшылық олардың зұлымдығына төзе алмай, Кашмирдің ауқаттыларына арыз айтты. Мәлік Әбді Зине, Үсейін Макри, қожа Қажы Мамди Мырза Айдардың сәнсалтанатын жою үшін шара қолдануға уәделесті. Осы негізде амалын тауып, қашғарлықтарды күйретуге Жәбал Салар, Мәлік Сэрвал бірікті. 958 (1551) жылы Мәлік Әбді Зине Мырза Айдарға: «Қашғардың таулы аймақтары билікке көнбейді. Сондықтан әр жерде белсенді әскерді орнықтыру керек», – дейді. Мырза Айдар өз бауыры Қара Баһадүрді бір топ Қашғар баһадүрлерімен осы жұмысқа жұмылдырды. Мәлік Әбді Зине, Үсейін Макри, қожа Қажыға «Сіздер де өз адамдарыңызды жолдас етіп қосыңыз», – деп тапсырды. Мәлік Әбді (Ейди) Зине ұлы Шәмседдинді қосты. Олар Мырза әскерін түрлі айла-шарамен топтан ажыратып, іскер адамдарын жан-жаққа бөліп тастады. Бір тобын Тибет бағытына, бір тобын Пиклиге қарай, тағы біразын Кештвар мен Ражур жаққа жөнелтті. Мырза Айдардың жанындағы әскер онша көп еместігіне көз жеткізіп, көңілдері орнықты. Сонымен шарифат заңдарына орайластырып

барлау тобындағы Қара баһадүрдің көзін құрту үшін сәтті жағдайды пайдалануға мүдделі болды. Ханнур маңындағы Дәдберонға жиналды. Ғази хан мен Мәлік Дулат Чек те оларға қосылды. Қара Баһадүр Мұхаммед Кауыске жеткенде түнде кашмирліктерді оның әскерінен шығарды. Қашғарлықтарға қастандық жасау ниетімен Кашмирге қарай бет алып, таудың биік шыңына шыққанда бір тобын өлтірді, біразын тұтқындады.

Молда Қасым мен молда Бақи басшылығымен Тибетті жаулап алуға жөнелтілген топта болған. Сол аймақта молда Қасым қазаға ұшырап, молда Бақи қашып кетті.

Молда Абдолланың қолбасшылығымен Шәһнәкке баруға тағайындалған топта Абдолла жүрек талмасы ұстап, сол күйде Кашмирге келе жатып, Бар Һәмүлеге жетпестен өлтірілді.

Атақты баһадүрлердің бірі Көке басқаруындағы топты Кештвар жаққа жөнелтті. Олар сол маңда қырылды. Мың бес жүз адам сол сапарда өлді. Мырза Айдардың бақыт жұлдызы жарқырып тұрса да отбасы мүшелерін Андәркөл камалына қалдырып, Кашмир әмірлерінен кек алу мақсатында Онюр ауылына бет алды. Ол Кашмир әмірлеріне тосыннан шабуыл жасауды ұйғарды. Кашмир әмірлері болса оның бұл шарасынан хабардар болып, тосқауыл жасауға әрекеттенді. Мырза Айдар Кашмир әмірлерінің ахуалын тексеру ниетімен олардың ордасына кіріп, ағаш бұтақтарының арасына тығылды. Тағдырдың жол тоғысында сол кезде Кемал Дуни атты бір қасап ренжүлі бір іспен айналысып жатқанда бір аттының шетіректе тұрғанын байқап қалып: «Сен кімсің? Қайдан келдің?» – деп сұрады. Мырза кашмир тілін жақсы білмегендіктен не парсы тілінде емес, не кашмир тілінде емес жауап қатты. Қасап бұған қарап оны мырзаның тыңшысы деп санап, сиыр соятын балтасын оған қарай сілтеді. Балтаның соққысынан Мырза жарақаттанып, самайына зақым келді. Және сол зақымнан жойылған өлкесінің жолаушысы болды. Бұл оқиға 959 (1551–1552) жылы болды. Кашмир тұрғындары Мырзадан жандары біршама жаралы болса да Қара Баһадүр мырзаның балаларын, отбасыларын әдеппен барлық құрал-сайман, жиһаздарымен отанға жөнелтті.

Мырза Айдар Һұмаюн патшамен бөле болатын. Мырза Айдар қаза тапқан соң Мәлік Әбді Зине билік дабылын асқақтатып қақты. Жеңіс жалауын, мемлекетті билеу ісін көк шыңына жеткізді.

Қара Баһадүр – Мырза Айдардың немере бауыры, Кашмирді және кашмирліктердің салт-дәстүрін жақсы білетін. Ол он екі мың моғол қауымымен Кашмирге қарай бет алды. Бұл хабарды естіген Ғази хан аса жылдамдықпен Теһеге жетті. Келесі күні ол жерден көшіп, Луһер Кутте (Өндер Күт) бас қосты. Сол басқосуда бір айла ойлап тапқан Ғази хан: «Әркім бір моғолдың басын алып келсе, бір алтын манат сыйлық алады!» – деп бұйырды. Оңбағандықпен, ұрлықпен аты шыққан Арқұн тайпасы таңертеңнен түске дейін жеті мың басты Ғази хан құзырына алып келіп, сыйлыққа кенелді. Намысы мен ары бар жауынгерлер соғысты. Майданнан тыс қалғандар жан-жаққа бытырап,



өз жөндерімен кетті. Ғази хан жеңіске жетіп, ордасына қайта оралды. Осыдан кейін ол бар ынтасын әділдік пен мейірге жұмсады деген уәж айтады зерттеуші ғалымдар. Дегенмен Мырза Айдардың Кашмирдің гүлденуіне зор үлес қосқанына ешбір зерттеуші күмән келтірмейді.

Мырза Айдар ғұмырының соңғы жылдарын барынша жемісті өткізуге тырысты. Оның Кашмирге жасаған игі істері, мәдени шаралары һәм жазып мұраға қалдырған «Тарих-и Рашиди» мен «Жаһаннама» шығармалары қаламгерлік табиғатына қаншалық адал да белсенді еңбек еткенін айғақтайды. Сондай-ақ Мырза Айдар Орталық Азия, Тибет, Қашғар, Үндістан өлкелерінде өткен көптеген саяси-мәдени шараға белсенді қатысып, сол кезең тарихында өзіндік орнымен де тарихи тұлғаға айналды.

Мырза Айдар Үндістанның Кашмир штатының орталығы Сринагар қаласындағы «Сұлтаннар мазары» деген қабірстанда жерленген.



## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ «ТАРИХ-И РАШИДИ» КІТАБЫ

Ортағасырлық парсы және түркі тілдерінде қазақ жұрты туралы біраз сөз еткен еңбектер қатарында Шарафеддин Әлі Йәзидидің «Зафарнама» кітабы, Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» еңбегін жоғарыда таныстырдық. Аталған екі шығарма алғашқы болып қазақ халқы туралы мәлімет берген. Осы екі тарихнама кейін Мырза Айдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» кітабын жазуына түрткі болды. «Тарих-и Рашиди» еңбегінің алдыңғы екеуінен артықшылығы: Қазақ хандығы 1465 жылы құрылғанын нақты жазған һәм қазақ туралы молырақ мәлімет берген. Біз әуелі «Тарих-и Рашиди» еңбегі туралы, оның қолжазба әрі кейінгі жылдардағы аудармалары жайлы соңғы мәліметтермен қатар жазбамыздың соңында автор пайдаланған тарихнамалар, «Тарих-и Рашидидің» қолжазба нұсқаларының түпнұсқалық көшірмелері, «Тарих-и Рашидиді» пайдаланған ғалымдардың ғылыми-зерттеулері әрі аударма еңбектерінің мұқабасын ұсынамыз.

Мырза Айдар Дулат 1499 жылы Ташкент маңындағы Өретөбе мекенінде дүниеге келіп, 1551 жылы қазіргі Үндістанның Кашмир өлкесінде қаза тапты. Ол өзінің қоғамдық-саяси күрделі өміріне қарамастан әлем мәдениетіне екі шығарма жазып, мұра қалдырған. Бірі – «Жаһаннама» поэмасы, оны түркі тілінде жырлады. Екіншісі – «Тарих-и Рашиди» шығармасын парсы тілінде жазды.

«Тарих-и Рашиди» еңбегі тарихшылар мен зерттеушілер тарапынан өте сұранысқа ие. Оның басты себебі кітапта Шыңғыс ханның Шағатай мен Жошы ұлдарының Түркістан кеңістігіндегі билігі мен олардың ұрпақтарының саяси-қоғамдық тағдыры тілге тиек болған. Сондай-ақ кітап – түркі еліндегі ислам дінінің дамып, қанат жаюын зерттеуде құнды дерек бола алатын шығарма. Әрі Үндістан, Тибет, Кашмир туралы географиялық құнды мәліметтер берген. Қазақ-түркі тілін зерттеушілерге де қызықты сөздік қор жинақталып, қолданыс тапқан. Тарихи оқиғалар негізінде автордың терең ой-тұжырымдары шығарманың философиялық сипатын қуаттайды. Ал шығарманың Қазақ елі үшін тарихи-саяси мәні ерекше екенін айта келе, түркі тарихымен сабақтас туынды екендігін де ескерсек, бұл еңбек әдебиеттанушы, тарихшы, дінтанушы, география ғылымын зерттеуші, саясаттанушы, қоғамтанушы, психологтер һәм философтардың жан-жақты көптеген зерттеу жұмысына негізгі қор бола алады. Аталған ерекшеліктің барлығы кітаптың қазіргі заманға дейін ғылыми айналымнан түспей кәдеге жарап келе жатқанына негіз болды.

«Тарих-и Рашиди» еңбегінің авторы туралы туған бөлесі – адамзат тарихының ұлы падишасы, ерекше дарын иесі Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр «Бабырнама» шығармасында Жүніс хан балалары жайын сөз қылғанда,

Мырза Айдардың дарынды екендігіне өз бағасын беріпті. Бабырдың жазғанын оқығанда Мырза Айдардың бойындағы даралықтың әу бастан болғанын байқаймыз. Бабыр еңбегінде:

«اوچونچى قىز خوب نىگار خانىم ايدى» محمد حسين كوركان دو غلت قه بىرىب ايدىلار. بىر قىزى بىر اوغلى بولوب ايدى قىزىنى عبىد خان آلىب ايدى مین بخارا و سمرقند نى آغاندا چىقماى قالىب ايدى. سلطان سغىد خان دىن عمى سىد محمد مىرزا سمرقند غه منگا ايلچى لىك كا كىلگاندا ادگا قوشولوب باردى سلطان سعید خان آلدى اوغلى حیدر مىرزا ايدى: آته سى نى اوزبك اولتورگاندىن سونك كىلىب ملازمتىم دا اوچ تورت يىل بولدى سونگره اجازت تىلاب كاشغر غه خان قاشىغه باردى. «باز گردد باصل خود همه چیز – زر صافى و نقره و ارزىز» بو تاريخ دا ديدور لار كىم تايب بولوب يخشى طریقه پيدا قىلىب تور خط و تصوير و اوق و پىكان و زهكىر هر نىمه كا ايلكى چىپاندور. طبع نظمى هم باردور منگا عرضه داشتى كلىب ايدى: انشا سى هم یمان اىماس»،

«Үшінші қыз Хуб Нигар ханым еді. Мұхаммед Үсейін көреген Дулатқа ұзатқан еді. Бір қызы, бір ұлы болған еді. Қызыны Обейд хан алып еді. Мен Бұхара мен Самарқандты алғанда шықпай қалып қойған. Сұлтан Саид хан тарапынан немере ағасы Сейіт Мұхаммед мырза Самарқандқа маған елшілікке келгенде оған қосылып кетті. Сұлтан Саид хан оған үйленді. Ұлы Айдар мырза еді, әкесіні өзбек өлтіргеннен соң келіп, менімен бірге үш-төрт жыл тұрды. Соңыра рұқсат сұрап Қашғарға, ханның қасына барды.

Бәр нәрсе өз тегіне қайтып оралады,  
Сап алтын, күміс, қорғасын болған-ды.

Бүгінгі тарихта әңгімелерге қарағанда тәубеге келіп, жақсы жолға түсіпті. Жазуға, сурет салуға, оқ пен найза жонуға, қайыс пен сүйектен садақшылардың саусағына арнап сақина жасауға және әр нәрсені жасай алатындай икемі бар екен. Өлеңге де шабыты бар, маған одан хат-хабар келіп еді, шығармасы да жаман емес-ті» [2, 13-б.], – деп жазған.

«Тарих-и Рашиди» – қазақ тарихы үшін орны айрықша, тарихи дерегі мол еңбек. Өйткені қазақтар туралы жан-жақты қызықты мәлімет беріп қана қоймай, «Қазақ хандығы 1465 жылы Керей хан мен Жәнібек хан тарапынан құрылған» деп анық жазылған құнды тарихи құжат.



## «ТАРИХИ-И РАШИДИДІҢ» КӨРКЕМДІК ТАБИҒАТЫ

Мұхаммед Айдар Дұғлаттың (1499–1551) «Тарихи-и Рашиди» атты шығармасы Орталық Азия, Ауғанстан, Тибет, Иран, Үндістан елдерінің саяси-мәдени тарихын баяндап, саралайды. Сонымен бірге мемуарлық жазба ретінде көркемдік сипатымен де ерекшеленеді.

Осынау бағалы жәдігердің тамаша мазмұны, қызықты хикаялары мен шытырман оқиғалары, мұндағы ислам құнарына суарылған қуатты ойлар, айшықты образдар және ажарлы тілдік оралымдар әлемдегі адамзаттың тарихы мен мұраларын құмарта оқитын сан ұрпақтың таңдайын қақтырумен келеді. Бұл құбылыстың сыры неде? Академик З. Қабдолов: «Өнердің кәусар туындысы халық өмірінің терең және мөлдір қайнарынан шымырлап шығады да, сол халықтың өзінің рухани сусынына айналады» [1.31-б.], – деп жазған болатын. Демек, Мырза Айдар еңбегінің көркемдік-эстетикалық маңызын осы тұрғыдан қарастыра отырып, ғұлама шығармасына тән поэтикалық әдіс-тәсілдердің асыл тегін автордың өз заманындағы қоғамдық-әлеуметтік көзқарастары мен ақындық ортасынан, сол дәуірдегі әдебиеттің даму заңдылықтарынан іздеген жөн сияқты. Әлбетте, бұған орта ғасырда ерекше қарқынды дамыған араб-парсы және түркі әдеби байланыстарының үлесін қосыңыз. Дегенмен бұл ретте Мырза Айдардың ақындық таланты мен жазушылық қабілеті, ақыл-парасаты мен әдеби білімі, сондай-ақ жеке қаламгерлік стилі де үлкен орын алары даусыз.

Шынында да Мырза Айдар Дұғлат аса талантты жан болғаны мәлім. Ол туралы өзінің туған бөлесі тамаша тарихшы әрі шайыр, даңқты падиша Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр: «Он саусағынан өнер тамған жігіт. Ақындық дарыны да бар еді» [«Бабырнама», 31-б.], – деп тегін жазбаса керек. Сұлтан Мырза Қайдардың «тегіне тартып, өнерлі азамат болғанын» көреміз. Мырза Қайдар Бабырдың біраз уақыт жанында жүріп, тәлім-тәрбие алған болатын.

Мырза Айдар «Тарих-и Рашидиде» өз дәуірінің бірталай белгілі шайырын тілге тиек етіп, олардың әрқайсысының ақындық машығы мен шығармашылық ерекшеліктеріне тоқталып өткен. Ол, әсіресе, Әбдірахман Жәми, Әлішер Науаи, Шейхим Аһмет Сүһейли, Үсейін Әлі Жалайр, Аһи, Һелали, Бинаи, Сейфи, Мұхаммед Бәдәхши, Мәулана Кәмал Мүһәми, т.б. ақындардың есімдерін құрметпен еске алады [«Тарих-и Рашидиде» парсы тіліндегі текстология. – Тараз университеті, 2014. – 269-275 б.]. Мырза Қайдардың «...Ақындарға арналған кітап бөлімін қайтадан әзірет Мәулана Жәми есімімен бастаған жөн. Сондай-ақ Хорасан әулиелері жайындағы бөлімде: «Әулие кісілердің басы, атақтылардың атақтысы, адамзаттың мақтанышы Мәулана Нұраддин деген Әбдірахман Жәмидің есімімен бастау лайық болмақ» [«Тарих-и Рашидиде» парсы тіліндегі

текстология, Тараз университеті, 2014. – 269-б.] – деген пікірі де оның Жәмиді аса қадірлеп, өзіне ұстаз тұтқанын көрсетсе керек. Сонымен бірге Науаи мен Бабырға да ілтипатпен қарап, шығармашылық жолында олардың еңбектерін әрдайым үлгі ретінде ұстанғаны байқалады.

Әйтсе де «Тарих-и Рашиди» жанры жағынан ғұмырнамалық, тарихи мемуарлық шығарма болғандықтан оның сюжеттік құрылымы жөнінен парсының белгілі тарихшысы Шарафеддин Әлі Йәзидидің әйгілі «Зафарнамасына» көбірек ден қойғанын байқау қиын емес.

Бұл орайда Мырза Қайдар кітабының он жеті тарауын аталмыш еңбектің үзінділерімен толықтыруы өз ойымызды растай түседі.

Жалпы «Тарих-и Рашиди» – парсы тілінде жазылғанымен, сюжеттік, тілдік тұрғыдан ғана емес, көркемдік жағынан да баға жетпес қымбат қазына. Еңбек негізінен проза жанрында түзілсе де, мұнда парсы тіліндегі өлеңдермен қатар, түркі поэзиясының аса айшықты үлгілерін көруге болады. Анығында, тек өлең ғана емес, Мырза Қайдар қаламынан туған қара сөз – баяндауларының өзі баз бір поэзиялық нұсқалардан әлдеқайда көркем. Әрі терең мағыналығы ерекше көзге түседі.

Зерттеу барысында ортағасырлық көптеген ғұмырнамалық және тарихи-прозалық шығармалардағы секілді «Тарих-и Рашидиде» қара сөзбен баяндалатын әңгімелер арасында «қыстырма» бәйіттер мен ғазалдардың, яки рубайлар мен жекелеген өлең жолдарының жиі ұшырасатынына назар аудардық. Бұл – осы жанрда жазылған шығыстық жәдігерлердің көпшілігінде кездесетін тұрақты құбылыс, әдеби заңдылық.

Мұны ғұмырнамалық шығарма жазушылар әдейі қолданатын ерекше көркемдік әдіс десе де болғандай. Тарихи оқиғаларды баяндау барысында өзінің не болмаса өзге бір шайырдың өлеңдерінен үзінді келтіріп отыру – «Бабырнамаға» да тән. Әдетте бұл тектес қысқа бәйіт не ғазалдың мағынасы суреттеліп отырған оқиға мазмұнымен үндес, астарлап келеді. Мысалы, автор: «Алланың ілтипатымен бір сәтке-ақ жеңіс самалы есе бастады һәм бақытсыздық шаңы мен құм тозаңы жаудың төбесіне жауа бастады», – дей келіп, автор:

Тау-тау өлік көресің қыраттан да, сайдан да,  
Аяқ басып жүретін жер қалмады майданда, –

*[Тарих-и Рашиди. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 604-б.]*

деген бәйітті келтіреді. Яғни бәйіттің мазмұны жоғарыда сөз болған соңын қорытындылай отырып, оған деген жазушының көзқарасын, ішкі көңіл күйін білдіреді, сөйтіп баяндалған жайдың эмоциялық әсерін күшейтіп, шығарманың эстетикалық құнарын арттыра түседі.

Мырза Қайдар сөз арасында басынан кешірген жағдайларын ретіне, ыңғайына қарай сол оқиғаға қатысты тарихи тұлғалардың, ұстаздары мен

замандастарының, әрине, көбінесе өзінің өлеңдерінен үзінділер беріп отырған. Ол Сұлтан Саид ханның сарайында жиырма төрт жыл қызмет еткен және оның мәрттігі мен поэзияға құштарлығына тәнті болған. «Сұлтан өлең шығарғанда оның күш-қуаты мен дарынына тең келер адам өте сирек кездесетін. Ол ешқашан өлеңді ойланып отырып жазбайтын, ылғи шабыттанып айтатын», – дей келе, Мырза Қайдар ханның бірнеше бәйітін мысалға келтіреді:

Қай гүлзарға барсаң да гүл кездеспес тең саған,  
Сен гүл болсаң, мен – бұлбұл, шын ғашығын аңсаған.  
Жаннаттан хур (үр) мен алманы іздеп не керек маған,  
Жар ауылында жүз мыңдаған жаннат алма барғын.  
Ақ жүзің мен желпілдеген шашыңды мен көргелі,  
Ей, Саид, көңілімде, ғажайып бір арман бар.

[*Тарих-и Рашиди. 1-кітап. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 185-б.*].

Мырза Қайдардың жазуынша, Сұлтан Саид хан өте білімді, арабша нәсх және нәстәлік жазу үлгілерін жетік меңгерген, әртүрлі жанрдағы шығармаларды құштарлана оқитын білімдар кісі болған. Бұған қарағанда, «Тарих-и Рашиди» авторының сөз өнеріне деген сүйіспеншілігін оятқан да осы Сұлтан Саид хан деп түюге негіз бар.

Жоғарыда жазғандай, Мырза Қайдар өзі де тарихи оқиғаларды әңгімелеу барысында қара сөз бен өлең жолдарын кезектестіре кестелеп отырады. Мысалы, ол: «Моғолстан гүлденген уақытында ғалымдар мен дарынды кісілер көп болған. Сірә, олар тарихи, басқа да шығармалар жазған шығар. Қазіргі кезде жүз елу жылдан астам уақыт өтіп, ол адамдар туралы із де, тіпті, олар жазған шығармалар жөнінде мәлімет те қалмаған. Гүлденген сол қалалар көрікті жерлерде ойраннан кейін қираған қабырғалар мен қалқиған мұнаралардан басқа еш із, белгі жоқ...» – дей отырып, мына бәйітті келтіреді:

Елден ол жерде әсер де қалмаған,  
Істерінен ешкімде хабары да болмаған.

[*Тарих-и Рашиди. 2-кітап. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 2-б.*].

Көріп отырғанымыздай, жазушы әрбір тарихи оқиғаның маңызды тұстарында, соған қоса өзінің осыған байланысты пікірін білдіру мақсатында әлгі деректі баяндауларды қыр шумағымен бейнелейді, сұлу сөздерді сыналай келе, шығарма шырайын шыңдай түседі. Мына арада автор: «Менің әкем (оған Алланың нұры жаусын!) және немере ағаларым моғол хандары (оларға Алланың мейірімі түссін!) жайында өз әкесінен және сенімді кісілерден естіген әңгімелерін айтып беретін еді», – десе, одан әрі:



Әкемнің жаны нұрға толы болғай,  
Маған берген әйгілі үгіті, ақыл болған –

[Тарих-и Рашиди. 2-кітап. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. 3-б.]

деп, өзіне талай тарихтан сыр шертіп, өмір жолында көп кеңес берген әке рухы алдында тағзым етеді. Мырза Қайдардың бұл деректеріне қарағанда, оған моғол хандарының тарихы жайында кітап жазуға ақыл беруші өз әкесі – Мұхаммед Үсейін болуы ғажап емес. Сондай-ақ жазушының: «Бұл «Тарих» моғол хандарының ішінен Ислам дінін қабылдаған Тоғлықтемір ханнан Сұлтан Жүніс ханға дейін өзім сенімді кісілерден естіген және оған қарсы сөздер айтылмаған нақты әңгімелерге сүйене отырып жазылды. Қайшылықтарға толы, күмән тудыратын әңгімелер кітапта жазылған жоқ [Тарих-и Рашиди. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 192-б.], – деген мәліметі аса маңызды. Мұның өзі Мырза Қайдардың «Тарих-и Рашиди» ғұмырнамалық баянын жазуға үлкен жауапкершілікпен келгенін айғақтайды, яғни автор аталған шығармасын тек шынайы деректер негізінде жазып шығуды мақсат тұтқан.

Академик З. Қабдолов: «Шындық күрделі болса, одан туған шығарма да күрделі. Өмірдегі оқиғалар шым-шытырық болса, оны суреттеген шығарманың мазмұны да әр алуан» [Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 168-б.], – деп жазған. Олай болса, Мырза Қайдар шығармасы реалистік (шыншыл) бағытта, сол дәуірдегі прозалық еңбектерде кеңінен қолданылған аралас стильде жазылғаны анық.

Жалпы аралас стиль жөнінде айтқанда, бұл әдеби құбылыс тек ортағасырлық түркілік мұраларда ғана емес, бертінде өмір сүрген Абай, Мәшһүр-Жүсіп, Шәкәрім, т.б. қазақ қаламгерлерінің шығармашылығында сирек те болса кездесетінін атап айтқан жөн. Абай өлеңдері мен қара сөздерінің арасында тілдік тұрғыдан да, тақырыптық-идеялық жағынан да терең байланыс барын сеземіз. Бұл жөнінде академик Р. Сыздықованың: «Абай сияқты гуманист ойшыл суреткер өз заманы, өз замандастарының мінез-қылықтары, ондағы қайшылықтар туралы күңірене толғаған ойларын көркем сөздің бір ғана тәсілі – өлеңмен ғана білдіріп қоймай, оған қоса прозамен де қайталай түсуі немесе, керісінше, қара сөзбен айтқан ойын екінші қайыра, жанына жақын поэзия тіліне аударуы әбден заңды нәрсе» [Сыздықова Р. Абай және қазақтың әдеби тілі. – Алматы: Арыс. 242-б.], – деген пікірінің жаны бар.

«Тарих-и Рашиди» – өз заманының озық та ойлы, көрнекті һәм көркем туындыларының бірі. Шығарманың тарихы құндылығын былай қойғанда оның айшықты тілі мен бейнелі образдары, даналық иірімдері мен имандылыққа жетелейтін түрлі сөздері оқыған жанды бей-жай қалдырмасы анық.

Мырза Қайдар мұрасын орыс тіліне аударушылар шығарманың поэтикалық қуатын бағамдай келе: «Осының бәрі көркем ауыстыру, эпитет және өте

дәл тенеулерге толы образды әдеби тілмен бейнеленеді. Сөз жоқ, «Тарих-и Рашиди» авторы әдебиетке деген қабілеті болғандықтан оның әңгімелері оқырманды толғандырады. Суреттелген оқиғаларды аса іңкәрлікпен қабылдап, кейіпкермен бірге тебіренуге мәжбүр етеді» [Мырза Хайдар Дұғлат. Тарих-и Рашиди. – Ташкент: Фан, 1996. – 727-б.], – деген тұжырымға тоқтайды. Расында, «Тарих-и Рашиди» кітабы – кең тынысты, текті де тегеурінді һәм терең пәлсапалы ғажайып еңбек.

Ғұмырнамалық шығарманың эстетикалық келбетін айшықтайтын және ондағы образдар жүйесінің жүгін көтеретін көптеген бейнелеу тәсілі қолданылғанын көреміз. «Тарих-и Рашидидің» соңғы әңгімесі жүз он жеті тараудың өн бойында сан алуан мінездер, портрет, кейіптеу, қозғалыс-әрекет, пейзаж түрлері ұшырайды. Әсіресе, жеке тұлғалардың портрет-кескіндеулері шытырман оқиғалар мен қайшыласқан, таусылмас тағдыр тауқыметі, арпалысты сәттер үстінде ерекше бейнелі де шынайы сомдалған. Ғылым-білімді барынша меңгерген, қилы өмір сынақтарын басынан кешірген Мырза Қайдар үшін әрбір кейіпкерінің тыныс-тіршілігі, олардың қайғы-қасіреті әбден етене, жүрегіне жақын. Сондықтан қаламгер жадында сақталған халық мақалдары мен даналық мәйектерін молынан қолдана отырып, сөз өнерінде қайталанбас соны суреттер салады.

Оның шығармасында отырықшы жұрт пен көшпелілердің, қоғам мен мәдениеттің, фәни мен бақидің, моғол ақсүйектері мен қараша халықтың арасында өтіп жатқан бітіспес майданның нағыз бет-бейнесі шынайылықпен мүсінделген. Ең ғажабы – соның бәрі аумалы-төкпелі жаугершілік заманның рухына сай романтикалық сарынмен асқақтата, төгілте суреттеледі. «Тарих-и Рашидиде» ұшырайтын кейбір кісі кескіндеріне (портреттерге – *И. Ж.*) назар аударайық. Мысалы: «Сансыз мырза қайтыс болғаннан кейін Қашғардың барлық аймағын Мұхаммед Қайдар мырза биледі. Жиырма төрт жыл өлкені қайырымдылық және әділет жолымен басқарды» [Тарих-и Рашиди. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 159-б.]. Мырза Қайдар билік тағына жайғасқан әміршілердің мәртебелі тәжді қалай кигені мен оған қайтып қол жеткізген атышулы оқиғаны баяндай келе, аталған ханның қарамағындағы халықпен қарым-қатынасын, жеке кісілік мінез-құлқы мен әдет-салтын, ерекше қасиеттерін атап көрсетеді. Одан әрі билеушінің қалған өмірдегі атқарған ізгі, яки зұлым істері толықтай әңгімеленеді.

Әдетте жазушы ақсүйектердің әрқайсысына өзінің жеке мінездемесін бергенде олардың кейбіреуі батыр да байыпты, сақи әрі саликалы болып келеді, екіншілері керісінше, сауықшыл, зинақор, тұрақсыз, яки қорқақ жандар болып шығады. Мәселен, автор Моғолстан билеушісі Жүніс ханды әзірет Ишанның аузымен: «Мен Жүніс ханды моғол деп есептегенмін, сондықтан оны бір көсе, моғол қылықты, басқа сахара түркілері тәрізді елестеттім. Алайда оны көргенде оның әңгімешіл, қою сақалды, тәжік өңдес, сөзі биязы, тәжік арасында өте сирек кездесетін адам екеніне көзім әбден жетті» [Тарих-и Рашиди. 1-кітап. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 135-б.]. Бұл мысалда аталған адамдардың біріншісі

оның кісілік қасиеттеріне қарай, соңғысы сыртқы тұлғасына орай жағымды кейіпкер санатында сипатталған.

Осындай мінездеулер мен кескіндеме тәсілдері Мырза Қайдардың ағасы Әбубәкір Мұхаммедтің портретінен де көреміз: «Мырза Әбубәкір Мұхаммед Қайдардың жанында болғанда нағыз ержүрек әрі жомарт, күшті де батыл болып көрінетін. Бойының ұзындығы соншалық – егер жүздеген қара жаяу топтың ішінде келе жатқан болса, оны көрген кісі аттың үстінде отырған шығар деп ойлайтындай еді» [Тарих-и Рашиди. 1-кітап. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 136-б.].

Бір айта кетер жайт, тарихи ғұмырнамалық шығармада кейіпкерлер портреті эпостың басқа жанрларындағы сияқты адамның сыртқы келбетін суреттеу арқылы емес, жеке тұлғаның сапалық қасиеттерін ерекшелеп көрсету арқылы жасалады. Айталық, «Қыз Жібек» жырында бас кейіпкердің портреттік мінездемесі оның сыртқы пішінін бейнелеу барысында керемет теңеулер мен айшықты ауыстыруларды мол әрі орнымен қолданумен көрініс тапса, «Тарих-и Рашиди» авторына өзі сөз етіп отырған ақсүйек, яки әміршінің тіршіліктегі бірер ғана кісілік істерін не оның кемшілік қасиетін айтудың өзі әлгі адамның «кім екендігін» айқындауға жетіп жатыр. Мысалы, Мырза Қайдар Дос Мұхаммед хан туралы: «Оның жасы он жетіде болатын. Ол парасатты адамдар қатарына жатпайтын, көптеген ісі ақылға қонбайтын, бір сәтте мастықтан есін жиған емес» [Тарих-и Рашиди. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 124-б.], – деп жазды. Бар болғаны екі сөйлем. Осыдан-ақ аталған әміршінің кісілік дәрежесі қандай екенін пайымдау қиын емес. Әдебиеттанушы З. Қабдолов жазғандай, «деталь – затты шындықтың бір қыры арқылы бар сырын тұтас, түгел және бірден, шапшаң танытатын нақты штрих» [Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 373-б.]. Академик қаламгер Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романындағы «ауылына келген кісіге баласынан бұрын итін мақтайтын Абыралы әулетінің ежелгі бір әдеті еді» деген мінездеме – сөйлемді талдай келіп, «Осы сөйлемге бүтін бір рулы бай ауылының қашаннан келе жатқан парықсыз, дарылдақ, даңғаза мінезі сыйып кететінін, ал сөз үнемдеу – өнердің ұлы заңы болғанда, қысқа жазу – тек таланттыға тән қасиет екенін» [Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 99-б.] орынды ескерткен.

Мырза Қайдар шығармасының өн бойы осындай күрделі, бейнелі тіркестермен, айшықты ауыстырулармен көмкерілген кейіптеулерге, көркем сөз маржандарына толы. Әбдірашид хан туралы айтқан мына сөздері осыған айғақ: «Батырлығына келсек, *қаһармандық орман – арыстан іспеттес. Ал буырқанған теңізде аждаһаны жұтып қояр ақула сынды* көрінеді. Шешендігі – *әсемдік теңізінің бірегей жауһарындай әрі көз жауын алар гауһармен айшықталған гажайып сандықшадай* көрінетін. Алуан түрлі *саз аспаптарын* шебер жандандырып орындайтыны соншалық – оның жанында *Шолтан* һәм *саз бағында сайраған бұлбұлдар әуені* көмескі тартып қалатын. *Шарапатты шабыты* қара сөздің өзін *жақұт жырға* айналдыратын» [Тарих-и Рашиди. – Алматы:

ҚАЗАқпарат, 2015. – 200-б.]. Ондағы қаһармандық орманы, әсемдік теңізі – метафораға жатса, қалғандары «көз жауын алғандай» – *теңеу, айқындаулар*. Де-генмен автор Әбдірашид ханның бейнесін аталған көркемдік құралдары арқылы сомдай отырып, портрет пен кейіптеудің ерекше әсерлі үлгісін ұсынған.

Мырза Қайдар – аса дарынды суреткер. Оның қаламынан туған асыл сөз оралымдары біресе парсының дәруіш ақындары сомдаған сопылық мақамдарды еске түсірсе, енді бірде өмірге автордың кәдімгі ержүрек моғол әмірінің шынайы пенделік – табиғаттың өз қойнынан нақты бейнелер мен нақышты ойлар іздейді. Жазушы ұстаздар алдында өзін әрдайым төмен ұстайды, алдыңғы уақыттың шежірешілеріне құрметпен бас иеді. Төменде Мырза Қайдардың ұлылығымен қоса, тақуа ғалымдарға тән пақырлық мәртебесін қалай сипаттағанына куә боламыз: «Мен өз әлсіздігіме қарамастан *тәкаппарлық дауылы, надандықтың толқыны мені дарынсыздық өзенінің жағалауына лақтырып тастаған қыш тостағанға ұқсайтынымды мәлімдеймін*» [Тарих-и Рашиди. 2-кітап. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 698-б.]. Өзі жайында осыншалық кішілік пен сыпайылыққа суарылған қарапайым пікірді әрі қуатты ой иірімі мен сыршыл суретті толғаныстарды тек ғылым тұңғиығына құлаш ұрған діндар сопылар ғана айта алар! Автопортреттік тұрғыда айтылатын пақырлық, міскіндік пен ғаріптік ұғым-түсініктер Қожа Аһмет Йәсауи хикметтерінде жиі кездеседі.

Мырза Қайдар шығармасында осы тектес көркем суреттеулер мен күрделі метафоралық коллданыстар өте көп, олардың біразы мынадай: *тәкаппарлық желі, сопылық сәулесі, жомарттық нұры, кәпірлік түнегі, күпірлік мекені, наразылық тозаңы, үрей шаңы, игілік етегі, шыдамсыздық тозаңы, ақыл айнасы, үміт ағашы, ұят айнасы, жүрек патшалығы, дауыл демі, тыныштық қорғаны, ұят таты, жомарттық тағы, жеңіс самалы, жеңіліс тозаңы, ажал тырнағы, үміт жібi, ұят бұлты, дұшпандық оты, қиял тақтасы, мұң тозаңы, көңіл айнасы, сабыр тізгіні, парасат биігі, жалғыздық етегі, ғұмыр кесесі, дәулет кесесі, достық бағы, қастандық талы, ажал шәрбаты, ұяттың тері, жеңіс үзеңгісі, парасат ағашы, жақсылық жемісі, шыдамдылық тізгіні, кешірім теңізі, үрей иірімі, сабырлылық қырманы, бақыт самалы, барлық орманы, ынтымақ сақинасы, парасат ұясы, әділет аяғы, өмір жібi, жеңіс көкжиегі, аспан тағының әміршісі, ерлік маржаны, шабыт мұхиты, айдың күміс кесесі, кешкі шапақтың алқызыл шарабы, ләззат кесесі, махаббат, ол – қызыл от, ниет кесесі, уәлаят құлпы, қылыш кілті, бақыт үзеңгісі, билік тізгіні, заман дәптері, инабат көйлегі, кінәрат тікені, сағыныш шөлі, қауышудың мөлдір бастауы, ауру шеңгелі, қиял қаламы, бақытсыздық шамы, фәни желі, бақи теңізі, фәни ауылы, ажал қолы, махаббат елі, т.б.* Бұлардың көпшілігі метафораланған эпитеттер деуімізге де болады. Себебі жоғарыда келтірілген бейнелі сөз тіркесінің екінші сыңары ауыспалы мәнге ие.

Ал «Тарих-и Рашидидегі» эпитеттердің, яғни нақты айқындауыш сөздердің өзі бір төбе. Оларды түске, сапаға, қасиетке және сын-сипаттық т.б. мағынасына қарай топтастыруға болады. Мысалы, мұндай эпитеттерге: *жапырақсыз гүл,*

тақуа имам, діндар әмір, арсыз маңдай, ғұлама ғалым, мұбарак жүз, құлын дене, бал ерін, шикі ой, құрма бойы, лағыл ерін, гауһар тас, азапты өлім, кеңпейілді ілтипат, сарғайған жүз, нұрлы әлем, көктемгі қызғалдақ, жетімдік мұңы, жоқшылық азабы, жібек белбеу, бал шарап, бақытты жан, алтын тостаған, күміс белбеу, алтын тақ, ақша бұлт, сәуір күні, қалың қосын, қара бұлт, көк аспан, сәулелі жүрек, ержүрек, жомарт жанды, кеңпейілді, ақылды жан, шын ғашық, буырқанған теңіз, әлсіз қалам, алтын ай, сұлу бұрым, т.б.

Жоғарыдағы мысалдардан ақсүйектер сарайына тән салтанатты тұрмыс пен моғолдардың жауынгер бектерінің өмірін шынайы әрі биік рухта бейнелейтін әсерлі де әдемі тіл өрнектерін аңғару қиын емес. Келтірілген эпитеттердің кейбіреуі айқындаулардың (тақуа имам, ғұлама ғалым, құлын дене, бал ерін, алтын тақ, көк аспан, ақша бұлт, т.б.) қызметін атқарса, енді біреулері (мұбарак жүз, шикі ой, жапырақсыз гүл, арсыз маңдай, буырқанған теңіз, сұлу бұрым, т.б.) зат пен тұлғаға, яки кез келген басқа нысанға қатысты құбылтып айтыла беретін сипаттамалар қатарына жатады. Ортағасырлық мұраның көркемдік бедерін ажарлау тәсілдерінің бірі – *теңеу*.

Бұл – құбылысты не жанды затты басқа бір нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі [1, 323-б.]. Академик З. Қабдолов әдеби тілге үстеме мән беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралының қатарына теңеуді жатқызады [Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 227-б.].

Мырза Қайдар Шаһибек хан мен Хұсрау арасындағы қақтығысты баяндай келе: «Ол келесі жолы келгенде Хұсрау шаһтың адамдары қолын бір сілтегеннен-ақ дастарқан үстіндегі шыбындай бытырай кететінін түсінді» [Тарих-и Рашиди. 2-кітап. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 19-б.], – деп жазған болатын. Автор әскердің қашар сәттегі көрінісін жай шыбындардың емес, дастарқан үстіндегі құжынаған шыбындардың қалай шошып ұшқанына ұқсатып, тың теңеулермен соны сурет жасаған. Мырза Қайдар қаламы жүйрік, қиялы ұшқыр. Ол кез келген құбылысты әсерлі суреттермен безендіріп, көріністерді салыстыруда жоғары шеберлік танытады. Сондай-ақ оның теңеулері кейде қалыпты қолданыстағы *-дай*, *-дей* тұлғасынан басқа да тілдік оралымдар арқылы жасала береді. Мысалы, автор өз әкесінің Хорасанның сол кездегі орталығы – Герат қаласына келген кезін: «Әкем жаннатты еске түсіретін қалада үлкен құрмет пен ізетке, түрлі сый-сияпатқа бөленді» [Тарих-и Рашиди. 2-кітап. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 90-б.], – деп сипаттайды. Бұл жерде жазушы Герат шаһарының сұлу келбетін жаннат бағына теңеу арқылы аталған қаланың ғажайыптығын қайталанбас образ арқылы жарқырата ашқан. Мұны ежелгі шығыс халықтарының ауыз әдебиетінде кең қолданыс тапқан «табу» – жасырын бейнелеу әдісіне де жатқызса артық емес. Сондай-ақ шығармада күрделі синтаксистік жолмен жасалған теңеулер де баршылық. Мысалы, Мырза Қайдар өз әкесі Мырза Мұхаммед Үсейінді Зәһиреддин Бабыр патша қалай қарсы алғанын: «Патша бұрылып, ... жүзінде жаңа бұтақтың

бүршік атқанындай күлкі ойнап, қуанып әкемді қарсы алды» [Тарих-и Рашиди. 2-кітап. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 96-б.], – деп суреттейді. Мұнда автор көптен көрмеген әрі аралары суық тартып жүрген әкесіне Бабыр көрсеткен кешірім мен мейірімнің соншалықты ілтипатты болғандығын аса бір терең, нәзік сағынышпен бейнелеуге тырысқанын аңғарамыз. Тағы бір жерде әзірет Ишанның аузымен Сұлтан Маһмұд хан туралы: «...Өзім білем дегенді істемеу керек, томағасын сыпырған бүркіт тәрізді қандай аңға салса, соған шүйілуі керек» [Тарих-и Рашиди. 2-кітап. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 114-б.], – деп жазған. Бұл да бағзы жырларында жиі ұқсататын әйтеуір бір бүркіт емес, «томағасын сыпырып аңға салғалы тұрған қандыбалақ, қандыкөз қыранның» нақ өзі. Бұлардан басқа да теңеулер бар. Мысалы: *теңіздей, сары ауыздай, тағы аңдай, күн жарығындай, сынаптай, желдей, көктемгі бұлттай, таудай, арыстандай, жолбарыстай, ақуладай, неке түніндей, теңіз толқынындай, жүндей, көзіне сурме салғандай, аққан жұлдыздай, алмастай, әскердей, қар секілді т.б.* Бұл теңеулер аумалы-төкпелі шақта өмір кешкен жиһангер әулеттер мен олардың жанкешті сарбаздарының тағдырына қатысты оқиғалардың шырайын кіргізіп, айбынын асырғандай болады. Бір ғажабы – мұндай теңеулер күрделі, эпитеттермен көмкерілген көмескі жайттардың өзі айқындалып, әңгіме желісі екпінді романтикалық сарынға ауысады.

«Тарих-и Рашидиде» бірқатар *гиперболалық ұлғайту* түріндегі троптар кездеседі. Әрине, өз кезегінде бұлар да суреткердің тілі мен стиліне өзгеше бояу қосады, сөздегі суретті түрлендіреді, жана өрнектер төгеді, сөйтіп, көркем шығарманың оқырманға әсерін арттыра түседі [Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 239-б.].

Мырза Қайдар өзінің Рашид ханмен қоштасып, Тибетке аттанған сәтін ерекше әсерлендіре сипаттайды. Ол: «Достық бірлік, мейірім және бір-бірімізге деген сеніміміз сондай жоғары шекке жеткен еді», –дей келіп, мынадай ғазал айтады:

Біздер кетіп барамыз бауырымыз езіліп,  
Қоштасудың күйігі *жүз мың дерт* боп сезіліп.  
Сенің жүзің кем емес Ләйлі сұлу жүзінен,  
Біздер қайтып барамыз Мәжнүннің ізімен.  
Қалай жалғыз барасың деп сұрайсың сен менен,  
Қимастық пен сағыныш бірге барады менімен.  
Әбдірашид шаһ біздің – *мұхиты гой пейілдің*,  
*Теңізде рақым жүзуге мен бейіммін.*

[Тарих-и Рашиди. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 698 б.; 2-кітап, 194-б.].

Бұл арада *жүз мың дерт* (эпитет) және *пейіл мұхиты* (метафора) деген тіркестері арқылы автордың өзінің досы – билеушісіне деген қимас сезімі



барынша көтеріңкі көңіл күймен, жеріне жеткізе айтылғанын аңғару қиын емес. Мәселен, мына тұста жазушы Шаһибек ханның Хорасан жерінде әкесі, яғни мырза Мұхаммед Үсейін мен Сұлтан Маһмұд ханды өлтіріп, көптеген аксүйек әулетін және олардың сарбаздарын қалай қырғынға ұшыратқанын былайша сипаттайды: «Ол қысқа уақыт аралығында соншама көп мемлекет басшыларын, лауазымды адамдарды құрдым желіне тозаңдай ұшырды, олардың көкке ұшқан күлінен аспанға шашылған бағана көтерілді, ал олардың күрсініс желінен сол далада құйын ұйтқыды» [Тарих-и Рашиди. 2-кітап. – Алматы, ҚАЗАқпарат, 2015. – 107-б.]. Бір қарағанда осы көрініс ұлғайтудың ғажайып үлгісі, тіпті, айшықтаудың тағы бір түрі, *градацияға* (дамыту) жақын тұр. Автор өзінің Шаһибек ханның зұлымдығынан аман қалғаны үшін Алла тағалаға көп шүкірлік ете, мадақтай келіп: «Егер Алла ерік бермесе (қандай бір іске болсын...), жендеттер де пенденің басындағы бір тал шашын да қисайта алмайды, қырықаяқтың бір аяғын да кеміте алмайды» [Тарих-и Рашиди. 2-кітап. – Алматы, ҚАЗАқпарат, 2015. – 107-б.], – деп жазады. Мұнда, керісінше, автор *бір тал шаш, қырықаяқтың бір аяғы* сөз тіркестерінде кішірейту – литота тәсілін қолданады, сөйтіп айтайын деген ойы мен өзінің әлгі оқиғаға байланысты көңіл күй толғаныстарын әсерлі жеткізе білген.

Осындай бейнелі сөздер Сұлтан Саид хан мен мырза Әбубәкірдің арасында Қашғар маңында өткен соғысты суреттеуге пайдаланылған. Мәселен, сол көріністегі тұлпар аттың образына қазақтың «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурылдың шабысы көзге елестейді:

Тұяғынан тұлпардың айналды сол заматта,  
Аспан – алты, жер – жеті, таулар тоқсан қабатқа»

[Тарих-и Рашиди. 2-кітап. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 230-б.]

Немесе:

Арыстандай айбатты, жолбарыстай жүректі,  
Қалың қосын аспанды найзамен тірепті.  
Барлығы да арыстандай айбарлы,  
Шеттерінен, –

[Тарих-и Рашиди. 2-кітап. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 231-б.]

деп келетін өлең жолдарындағы ұлғайту мен дамыта әсірелеудің айрықша көркем нұсқаларын оқыған жанның тамаша эстетикалық әсер алары даусыз. Мұндай әсірелеудің үлгісіне «Шолпан жұлдыз ерлердің сүңгісінен сескенер», «Алтын таққа бір аттап аяғын ол басқанда, Бүкіл әлем бас иіді, бас иіді оған

аспан да», «Көздің жасын жинаса бір телегей болар-ды», т.б. бейнелі тіркестерді жатқызамыз. Жалпы, байқап отырғанымыздай, ақсүйектер әулетінен шыққан дегдар, атақты жаһангер билеушілермен иық теңестіре ғұмыр кешкен Мырза Қайдар шығармасында шығыс әдебиетінен таңдаған образдар жердегі ұсақ заттарға емес, буырқанған теңіз, тұңғыық мұхит, тәкаппар аспан мен жұлдыздар әлеміне көбірек ден қоятын себебі – оның өмір сүрген заманы буырқанып, құбылып тұрған заман бейнесі болды.

Ғұмырнамалық шығармада орын алған көркемдік тәсілдердің бірі – шендестіру, егіздеу (параллель) әдісі болып келеді. Фигураның (айшықтау) бұл түрлері адам өмірі мен табиғатты, құбылыс пен затты, кереғар ұғымдарды салыстыру арқылы жасалады. Мәселен, егіздеудің *синтаксистік, психологиялық және пәлсапалық үлгілері* ұшырасатыны мәлім. Мысалы, «Ертеңгісін Шығыс күні ұстарадай семсерін Көкжиек қырынан суырып алған кезде, оны шұғыласының сәулесі әлемді нұрландырып жіберді, нұрлы әлем ханның көз алдында қараңғы тартты» [3, 260-б.]. Мәтінді шола отырып, оның мағынасы психологиялық егіздеуге құрылғанын, яғни Сұлтан Махмұд пен Сұлтан Хәлел Шаһибек ханның түрмесіне қамалып, ал Сұлтан Саид ханның өзіне де осында «сый» әзірленіп жатқан сәтте оның көз алды тұманданып, жарық дүниені қараңғыдай сезінуі әбден заңды емес пе?! Мына бір үзіндіден де жазушы қиялының ұшқырлығы тағы байқалды: «*Мен оған қазір ажалдың шәрбат кесесін думан кесесімен ластау – адамгершілікке жат, қорлау деп қаншама айтқаныммен пайда болмады... Қызғылт шарап Шаһибек ханның үкімінен сары аурудай сарғайған жүздерді раушан гүлі мен көктемгі қызғалдақтай қызартып алаулатты*» [3, 261-б.]. Бұл мысалдағы ажалдың шәрбат кесесі мен думан кесесі қарама-қарсы ұғым ретінде ауыстыру әдісімен шендестіріліп тұрса, сарғайған жүздер мен қызғылт шараптың астарында көктемгі қызғалдақ «қылтияды». Сөзсіз, әсерлі образ! Түстердің қарсы қойылуы психологиялық суреттеулерге жол ашады. «Бұл жаманат хабарды оқығанда бет-жүзіндегі шараптың қызыл түсі жойылып, үрейден сарғыш түске айналды» [3, 262-б.].

Автор кей тұста қарама-қарсы ұғымдарды антитеза ретінде шебер шендестіреді: «*Әйтеуір кісі өлетін анадай жоқшылық пен тауқыметтен жаныңды шүберекке түйген қапастан кейін мынадай дарқандық – аста-төк молшылық пен тыныштыққа кенеледі деп кім ойлаған*» [3, 269-б.]. Мәтіндегі сөздер антонимдік қатар түзе отырып, Мырза Қайдардың азапты күндерден кейін Саид ханның сарайына – салтанатты өмірге тосыннан тап келген кезін өте тамаша сипаттаған. Жалпы кітаптың өн бойында осы тектес *антонимдік контраста* негізделген шебер шендестірулер мол. Мына бір бәйіттен де осыны аңғарамыз:

Достық бағын бағып күт, бұлбұл сайрап береді,  
Қастандықтың талын жұл, бұл да қайрат береді [3, 271-б.].

Осындай тәсілмен «Зұлымдықтың ащы дәмі» мен «Дүниенің тәтті дәмі», «Тозақ терезесі» мен «Жұмақ есігі», «Ақиқат пен өтірік», «Қайғы мен қуаныш», «Ақ пейіл мен қара пейіл», «Жеңіс пен бақытсыздық», «Мұсылман мен кәпір», «Сағыныш пен жек көру», «Ажырасу мен қауышу» т.б. әр алуан ағымдардың тіркесуі нәтижесінде антоним арқылы егізделген, шендескен күрделі әрі айшықты суреттер беріледі. Бұл қатардағы бейнелі қолданыстарға синонимдік (мағыналас, ұғымдас сөздер) тіркестер де жатады. Мысалы: «Ақ бөкендей ағызып, құйындайды киіктей» деген бәйіттің жолында түз тағысы екі түрлі аталса да, оның бір ғана «киікті» айтып тұрғанын және осы қайталау арқылы жырдың экспрессивтік қуатын күшейтіп тұрғанын байқаймыз. Ал «Алтын, күміс қазына, сый-сияпат, шүлені» деп келетін өлең жолында Мәнсұр ханның інісі Саид ханға жасаған тартуын байлық дәрежесін байқататын мәндес сөздермен жинақтайды. Сондай-ақ «Сағыныш шөлін басу» мен «Қауышудың мөлдір бастауы», «Пәктік пен тазалық», «Бақыт құшағы» мен «Дәулет етегі», «Көріктілер мен сұлулар», «Әмірші» мен «Билеуші», «Патша мен Сұлтан» т.б. мәндес сөздер, тіркестер шығарма шырайын кіргізуге септесетін поэтикалық ізденістердің арқауы деуімізге болар еді.

Әдетте, Шығыс қаламгерлерінің жәдігерлері жұмбақ қолданыстар мен аллегориялық образдарға бай келеді. Мұндай қасиет «Тарих-и Рашидиге» де тән десек, артық айтқандық емес. Сондай көрікті үзінділердің кейбіреуіне назар салайық:

«...Шыдамсыздық тозаңы ешқашан оның ақыл айнасының жиегіне қонған емес» [3, 224-б.]; «Оның жүрек патшалығында махаббат әуенінің сазы үкімет дабылын қағып жататын-ды» [3, 225-б.]; «Бұл әңгіме, насихаттың әлденеше інжу-маржанын ізгі ой-ниеттің жібіне өткізіп, зерде құлағыма оларды сырға етті» [3, 248-б.]; «Халайықтың өмір ағашының жапырақтары оның қаһарлы ызғарынан әрдайым қалтырап, дірілдейтін. Қараңғылықтан көкірек көзі сырт көзінен де соқыр еді... Оның әділет диуанынан зұлымдық жазбадан басқа ештеңе оқи алмаған» [3, 256-б.]; «Патшаның құзырына келген кезімде назарын маған аударды, сол сәтте оның мейір мен шапағат, қуаныш толы көздерінен лағыл шағылып түскендей болды» [3, 268-б.]; «Оның алақаны – жомарттық теңізінің түбіндегі лағылды дүр тостаған сынды» [3, 314-б.]; «Ол бақытсыздың батпағына батып бара жатқандай аңқаулықтың етегіне жарамсақтанып, осы арқылы құтылу жағалауына жетуден дәмелі болды» [3, 346-б.]; «Аспан тағының әміршісі жеңіс жалауын көгілдір аспанның қамалын алу үшін желбіреткен кезде хан атқа қонды» [3, 346-б.]; «...Күнәлардың қоқымына бітеліп қалған жүрек алаңы ашылып, жүрек сарайы қоқыстардан тазарып, шынайы махаббат әміршісі жүрек тағына отыруға лайық болды» [3, 378-б.]; «Хандық абырой ағашы бақытты, дәулетті мемлекет бағында күткен жемісін берді. Үміт дианы екен тілек дәнінен өнім алынды. Жаннат бағындағы жас ағаш патшалық бағында бүршік жарды, ал хандық ағашы – жаңа сұлтандық жемісін берді» [3, 372-б.]; «...Аспандағы Шолпан жұлдызы

*сол тойдың шабытына бөленіп билей жөнелгендей еді. Ай да аспаннан сол тойға айрықша қарап тұрды» [3, 394-б.]; «Бірде-бір тәкаппар адамның жағасы ажал қолынан аман қалмайды» [3, 487-б.].*

Мырза Қайдар еңбегінде табиғат пейзаждары да ұшырасады. Ол айнала қоршаған әлемді өзі сипаттап отырған оқиғаларға қатыстыра отырып, ғажайып көріністерді көз алдына әкеледі. Мысалы: *«Жұлдыздар әміршісінің жалауы шығыс жиегінен желбірей көтеріліп, аспанның көк күмбезі түн қараңғылығын сейілте бастаған кезде олар жорыққа аттанды» [3, 341-б.]. Тұнық түн таңғы аспанның бейбіт шапағы және соғысқа аттанған моғол жауынгерлерінің дабылы қайшыласқан өмірдің шынайы, контрасты бояуын танытқандай. Өте әсерлі сурет! Ал мына бір үзіндіде жазғытұрымғы дала келбеті аса көрікті сипатталған: «Көктем келді. Көк аспан тағының падишасы (күн) Тоқты шоқжұлдызы тағына орнықты. Ағаштар бүршік атып, жапырағын жайды, олардың жасыл әскері сап түзеді, бұлттың қалың қосына садақтан оқ жаудыра бастады да, су тамшылары қалқан сияқты беденің жапырағында жалтырай бастады һәм әрбір шөптің басында тұрған тамшылар күн сәулесіндей жарқырайды. Әрі таңғы жұпармен кешкі самал жасыл әскерді тәртіпке келтіріп, ағаштарды құлпыртып жіберді. Осының бәрінен әрбір дене жанданып, әрбір жүректе үміт оты оянды» [3, 389-б.]. Тағы бір мысал: «Көктем басында бұлт әскері жалынды қылыштай қыннан шығып, найзағай мылтығынан жасын отының көмегімен бұршақ атқылағанда, жасыл әскер соғыс майданында өткір қанжардай қылқиып көрініп, көк жапырақтарының астынан гүл жара бастады» [3, 528-б.]. Мырза Қайдардың «жасыл жер» деп отырғаны ағаштардың жапырағы мен көктемгі көк шалғын болса керек. Қаламгер мұның бәрін текке суреттемейді. Ол табиғаттың осынау ғажап құбылысын түрлі теңеу, метафоралық сөз айшықтарымен безендіре отырып, алдағы болар оқиғаны астарлай сипаттайды. Бұл – соғыс нышаны.*

Жоғарыда келтірілген бейнелі, образды үзінділердің арасында кейіптеу де, аллегориялық, тұспалдық көріністер де қамтылған. Мұндай өрнекті сөйлемдерде кейіпкердің ішкі психологиялық портреті мен іс-әрекет мінезі, фәни мен бақи дүние арасындағы тынымсыз тіршіліктің мұнарлы елесі, қайғы мен үмітке толы тағдыр-талайы ерекше сарынмен суреттеледі. Бұл айтылғандарды академик З. Қабдоловтың сөзімен түйіндесек: *«...осы теориялық түйіндердің әрқайсысы әдеби тілдегі әр тәсілге – ажарлауға, құбылтуға не айшықтауға байланысты жеке-жеке қорытыла тұрса да, іс жүзінде әрқайсысы жеке-жеке қалып қоймайтыны мәлім. Анығырақ айтқанда, әр шығарма тек бір ғана тәсілмен жазылмайды, керісінше, бір шығармада әр алуан тәсіл қатар жүреді» [1, 253-б.].*

Мырза Қайдар шығармасында бұл айтылған көркемдік әдістерден басқа *идиомалар* (тұрақты тіркестер), даналық сөздер, мақал-мәтелдер, сондай-ақ ислам дінінің имандылық негіздерінен мәлімет беретін әрі пәлсапалық ойға құрылған көптеген астарлы сөз, эвфемизмдер, т.б. ұшырайды.

Тұрақты тіркестердің қатарында мынадай үлгілер кездеседі: *жанын шүберекке түйіп жүрген; құралайды көзге атқан; алауыздық пайда болды; ат құйрығын кесісіп; кірпік қақпастан; ат басын тіредік; қой үстіне торғай жұмыртқалаған заман; мұрнының ұшынан артық жерді көре алмайтындар; тасқа таңба басқандай; құйрығын қысты; көңілдері су сепкендей басылды; шаш ал десе, бас алған; қара қылды қақ жарған; төбесі көкке жетті т.б.*

А. Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің тарихын екі кезеңге бөліп, алғашқысын Діндар дәуір, Ділмар дәуір деп атаған. Одан әрі ғұлама діндар әдебиеттің ішкі жанрларына тоқталып, оның қисса, хикаят, мысал, насихат, мінажат, мақтау, т.б. түрлеріне сипаттама береді. Мәселен, А. Байтұрсынұлының «насихат деген ақыл, үгіт мағынасындағы насихат деп атаған. Діндар дәуірде насихат айтушылар насихатын шарифат жолына тіреп айтқан» [8, 437-б.] деген пікірі – осы жанрға қатысты алғанда өте дәл тұжырым. Бұл пікірге сүйенсек, ХІХ ғасырдың соңғы ширегіне дейін жазылған әдеби шығармалардың қай-қайсысында да Ислам дінінің құндылықтары мен имандылық жайын насихаттайтын ой-пікір, үгіт сөз, пәлсапалық сөз маржандары ұшыраспай тұрмайды. Ал «Тарих-и Рашидиге» келер болсақ, Мырза Қайдардың Ислам дінінің тірегі – Алла мен Құран сөзін, пайғамбар хадистері мен мұсылман ғұламаларының даналық өсиеттерін мүмкіндігінше кең пайдаланғанын ілгеріде айтқанбыз. Олардың кейбіреуі мынадай: «Егер жер-көкте Құдайдан басқа күдірет болса, онда жаратылыс тәртібі бұзылар еді» [3, 237-б.]; «Егер ұстаз болмаса, ғылым да болмас еді» [3, 227-б.]; «Алланың көмегі – бұл сирек сый, ол лайықты құлға ғана беріледі» [3, 229-б.]; «Ұйқы – өлімнің бауыры»; «Әділдің өлімі жақсы адамдар үшін – өлім, жаман адамдар үшін өмір; ал заманның өлімі – жақсылар үшін өмір, жамандар үшін – өлім» [3, 354-б.]; «Жиғаныңнан не қалар, ол да бір күн жоғалар; Жылатқаның – жылатар, тонағаның – тоналар» [3, 356-б.]; «Жаратушы Алла тағала адамға о баста мадақтауға бөленуге тиісті сипат пен ұнамды мінез беруге бұйырған соң, әрине, әрдайым одан игіліктен басқа еш қылық шықпау керек»; «Егер біреу оған жамандық жасаған болса да ол сол жамандыққа тек қана жақсылықпен жауап бермек және басқаша әрекет жасау оның еркінде болмас та еді» [3, 365-б.]; «Кішілердің ізеті – тіл алу, ал үлкендердің әдеті – ілтипат көрсету. Енді жасы кішілер бұл дәстүрді ұмытатын болса, онда әдепке шақыру – үлкендердің міндеті болады» [3, 366-б.]; «Шын мәнінде опасыз дүние-байлыққа сүйенбеген патша – нағыз патша, өйткені опасыз дүние – өтпелі, тұрақсыз. Байлық дегеніміз – әділет пен игіліктің салтанат құруы, әрі имандылық бақыты жұмсақ бағына осы әлемнен жетеді» [3, 376-б.]; «Егер жаралған пенде осы дүниеден өзімен бірге Хақ тағалаға деген сүйіспеншілігін алып кетсе, өтеуге дайын болуы керек» [3, 380-б.]; «Бүгін қолда барда дүние-дәулетің ақыреттің кіріптарлық дәні етпеуі керек. Тура жолға түсіп, әділеттілікке қызмет етуді ғибадат санаған жөн» [3, 381-б.]; «Хақ тағала тәкаппарлар мен залымдарды дұшпан деп санайды» [3, 381-б.]; «Мақтаған әкеңнен ұстаздың шапалағы артық» [3, 420-б.]; «Күннің нұрлы бо-

луы – біздің иманымыздың тазалығына, ал біздің тіршілігіміз күн нұрының шапағатына байланысты» [3, 476-б.]; «Тіршілік киімін тастаған адам ғана мәңгі баққа жол таппақ» [3, 487-б.]; «Өтірікке ұқсайтын шындықты абайлап айт, ал ақиқатқа ұқсайтын өтірікті түгел айт» [3, 501-б.].

Мырза Қайдардың ғұмырнамалық-тарихи баяны осы тектес. Ислам әлемінің мөлдір бастауына суарылған даналық хикметтеріне толы. Жазушы белгілі бір аят не ғұламалардың қанатты сөздерін баяндаған оқиғаның өрбуіне, кейіпкерлердің іс-әрекет, мінез-құлық пен мақсат-мүддесіне орайластыра келтіріп отырған. Бұл тәсіл – шығарманың құрылымдық-сюжеттік байланыстары мен кейіпкерлер образын ашуға көмектесумен бірге оқырманды Алла тағала көрсеткен, Құранда парыз еткен және Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) өсиет еткен тура оқушылардың эстетикалық талғамын ислами негізде қалыптастыруға да үлкен ықпал етері хақ.

Байқап қарағанда, «Тарих-и Рашиди» орта ғасырлардағы түркілер мемлекетінде сопылық ағымның ықпалында жазылған алғашқы көркем прозаның үлгісі десек те болады. Қалай десек те, мұнда ондаған сопы ақындар мен дәруіш ғалымдардың өлеңдері һәм өсиет сөздері, олардың Моғол мемлекеті тұсындағы хан-сұлтандарға тигізген игі ықпалдары аса бір ілтипатпен «Құрмет қаламына» іліккенін айтпай кетуге болмас.

«Тарих-и Рашиди» кітабында кезігетін *эвфемизм*, яғни «сыпайылап айту» үлгілері де көркемдік әдіс ретінде кеңінен орын алған. Бұл әдеби тәсілдің өзі де ілкіде сөз еткендей, ислам мәдениетімен біте қайнасып жатқан, Шығыс халықтарының, оның ішінде Орта Азия түркілерінің әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілігімен сабақтасқан ежелгі дәстүрдің ізі екенін көреміз. Шынында, «ығысын тауып, ыңғайымен қолданған жағдайда эвфемизмдердің де әп-әсем рөл атқаратыны даусыз» [1, 243-б.] деген қазақ ғалымының пікірі осыған айғақ.

«Бәрінің де кездесетін орны – бақи үйі», – дейді бір сөзінде Мырза Қайдар [3, 487-б.]. Бұл – оның өзінің әміршісі, сарай иесі Саид ханның қайтыс болар оқиғасын баяндар алдында жазған ойларының үзігі. Хан Тибет асуынан өтер тұста тұншықпа ауруына шалдығып, ақыры айыға алмады – «тағдырдың жазғаны болды». Соңғы сөзді автор тұспалдап жеткізеді. Турасын айтқанда, «*тағдырдың жазғаны болды*» дегеніміз Саид ханның дүниеден озғанын білдіреді. Бірақ біз дәл айтқан жоқпыз, дұрысы – *хан өлді*. Міне, эвфемизм, яки сыпайылап сөйлеу деген осы. Енді «Тарихи-и Рашиди» авторы өлімге, қазаға байланысты жайттарды қалай сипаттағанына назар аударайық. Мырза Қайдар Саид ханның өлімі туралы: «Содан соң оның пәк рухы мына лас дүниеден киелі пәк әлемге көшіп кетті» [3, 489-б.], – деп жазған. Кітапта бұдан өзге кісі өлімін ишаралайтын мынадай сөйлемдер ұшырасты:

– Фәни дүниеден бақи дүниеге, топырақ әлемінен киелі биіктікке аттанды [3, 223-б.].

– Мына қырсыққа толы әлемнен ана дүниеге жол тартты [3, 237-б.].



- Шаһибек хан менімен бірге сені мәңгілікке аттандырып жібере ме деп қорқам [3, 247-б.].
- Ұлан-байтақ мына әлемнің кеңдігінен тар қабірді жөн көрді [3, 288-б.].
- Тым артық қимыл жасап, өз өмірінің жібін үзді [3, 339-б.].
- Оның киелі жаны мына қапас дүниеден мәңгілік мекенге көшті [3, 373-б.].
- Келесі күні тірілер сұхбатына тойып, өлілермен сұхбаттасуға келмес сапарға аттанды [3, 506-б.].
- Мұхаммед осы күнде жалған дүниемен қоштасыпты [3, 498-б.].
- Біз – Алланың пендесіміз және оның алдына қайтып барамыз [3, 499-б.]. Соңғы мысал Құран сүресінен алынған аяттардың бірі («Бақара» сүресі, 156-аят).

Жоғарыда келтірілген мысалдар адам баласының ең қиын сынағы саналатын өлімді «қыршынынан қиылды», «о дүниелік болды», «қайтпас сапарға аттанды», «марқұм болды», «дүниеден өтті» деген секілді сөз тіркестері арқылы адам өлімі туралы ишаралайды. Сондай-ақ біреу қайтыс болғанын естірткенде «ақ сұңқар ұшты», «бәйтерек құлады», «теңіз суалды», «көл құрғады», «ту жығылды», «асқар тау құлады», «кең дүние тарылды», «гүл солды», т.б. бейнелі астарлы сөз тіркестерімен жеткізгені белгілі. Мәселен, белгілі қазақ ақыны, сопылық ағымның соңғы өкілдерінің бірі саналатын Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының жерлесі атақты Мұса Шорманов (1819–1885) қайтыс болғанда шығарған жоқтауында мынадай тұспал сөйлемдер ұшырайды:

- Сапар қылды дүниеден алпыс алты жасында,
- Уа, дариға, есіл ер, дүниеден көшіп кеткен соң;
- Дүниеден қашан өткенше басынан бағы таймаған;
- Бұйрық жетсе, ағалар, болжалсыз өлім алыс па?
- Не жақсылар өтпеді, не жақсылар кетпеді;
- Көлеңкелеп отырған құлады түптен терегі;
- Ай батқандай қылды да, адастырып жөнеді;
- Алладан әмір келген соң, өлшеулі демің біткен соң;
- Бұл опасыз дүние кімдерден дейсің қалмаған?
- Жазмыштан пәрмен болған соң, өлшеулі демі біткен соң [9, 81-89-б.].

Ілгеріде жазғанымыздай, мырза Қайдар шығармасының мазмұнында сопылық әдебиет сарыны өте мол. Сол сияқты Мәшһүр-Жүсіп өлеңдері мен қара сөздерінде осы ағымның үлкен ықпалы болғаны мәлім. Демек, Мырза Қайдар мен Мәшһүр-Жүсіптің дүниәуи және ақыреттік ой-пікірлері үндесіп жатса, оны бұлардың ортақ ілім қайнарынан – сопылық поэзия өкілдерінің мектебінен білім алғандығының нәтижесі деп ұққан жөн. Басқа қазақ шайырларына қарағанда Мәшһүр өлеңдерінде аллегориялық, тұспал сөздердің көбірек кездесуі осының дәлелі.

Мырза Қайдардың өзі ғұмырнамалық-тарихи шығармасының соңын: «Ей, Алла! Біздерге бұл дүниеде де жақсылық беріп, ақыретте де игілік беріп, тозақ отынан сақтай гөр!» – деген мінажат дұғаларымен тамамдайды [3, 530-б.].

Олай болса, біз де қазақтың тұңғыш кәсіби тарихшысы, ғалым әрі шайыр, ірі ойшылдың шығармасында қолданылған көркемдік тәсілдің түрлеріне қолдан келгенше талдау жасай отырып, төмендегі тұжырымдарға келеміз.

Ең алдымен, Мырза Қайдардың жазушылық стилінің қалыптасуына игі ықпал жасаған ортағасырлық парсы-түркі шежірешілері мен жылнамашыларының тарихи-мемуарлық еңбектері болды. Атап айтқанда, Шарафеддин Әлі Йездидің «Зафарнама», Әмір Әлішер Науаидің «Тазкир-е Әулие», Бабыр падишаның «Бабырнама» атты іргелі еңбектері Мырза Айдар шығармашылығына үлгі болды. Оның қаламгер ретінде қалыптасуына, әдеби стиль тұрғысынан қалам ұстап, ақындық, ділмарлық қасиеттерінің ашыла түсуіне әсер еткен басты тағылым мектебі де осылар еді.

Ал жазушының поэтикалық шеберлігін шыңдауға, әсіресе, парсының классикалық әдебиеті мен оның аса көрнекті өкілдері: Хафиз Ширази, Әбдірахман Жәми, Сағди, Шейх Аттар т.б. ақындардың шығармашылығы зор үлес қосты. Мырза Қайдардың өзі осылардың арасында Әбдірахман Жәмидің және түркі шайыры Әлішер Науаидің есімін ерекше атап, олардан поэзия жөнінен көп нәрсе үйренуге болатынын айтқан еді. Мәселен, ол Абдолғафур Ларидің «Нафахат әл-унсі» туралы түсіндірмесінен мына деректі мысалды келтірген:

«Мәртебелі мәулана Жәми өмірінің басынан соңына дейін тұспал, басқаша айтқанда, аллегория бейнелер әлемінде ғұмыр кешкендіктен, махаббат сыбырының сазы оның жүрек патшалығында үкімет дабылын қағып жататынды» [3, 76-б.]. Осы үзіндінің өзі Мырза Айдар шығармашылығындағы біз айттып өткен аллегориялық образдар мен тылсым бейнелердің жасалу тәсілдеріне Жәмидің поэтикалық еңбектерінің де рөлі айрықша болғандығын айғақтайды.

Расында, жазушының әдеби-эстетикалық талғамдары мен өмірлік көзқарастарының қалыптасу жолында ислами, имани бұлақтар мен сопылық әлемінің иллаһи соқпақтарының іздері сайрап жатуы кездейсоқ емес. Оның дүние ісі мен ақырет жайындағы әңгімелерінің әрбір сөйлемінен сопылық әдебиет дәстүрінің ежелгі тақуалық тариқатымен үндес көптеген әуезді әрі айшықты мақамды табарымыз анық. Сірә, Мырза Айдар Саид ханның пірі әйгілі Қожа Аһрардың ұрпағы Шихабалдин Маһмұдтың өмірі туралы жазбаларында: «Ол жайында жазу – біздің кітабымыздың мазмұнын анағұрлым айқын әрі көркем ете түседі. Екіншісі – кітаптың басында осы сопылардың әңгімесі бірнеше жерде келтірілді. Ол тағы да қайталанар, онсыз бұл кітаптың қадір-қасиеті, салмағы мен сәнінің болмасы анық. Өйткені осы таңдаулы адамдардың әңгімесін келтірмегенде бұл кітаптың қадір-қасиеті болмас еді!» [3, 361-б.], – десе, мұның өзі «Тарих-и Рашиди» кітабының стильдік келбеті мен сөз өрнегінде сопылық дүниетаным, оның поэтикалық және эстетикалық негіздері алғашқы орындарды иеленетінін толық дәлелдейді.

Әрине, орта ғасырлардағы түркі дүниесі, қазақ, моғол, басқа да бұрынғы Алтын Ордадан бөлінген ұлыстары, қала берді кәрі Азия құрлығының көптеген аймағында Жошы, Темір, Шағатай ұрпақтары арасында өзара билік пен

жиһангерлік соғыстары жүріп жатқан алмағайып шақта Мырза Айдар шығармасы бірыңғай сопылық ағымның тізгінінде кетті деуге де болмас. Академик С. Қирабаев өзінің Мағжан Жұмабайұлы жайында жазған әдеби-зерттеу мақаласында: «Оның адам тіршілігі, ондағы қайшылықтар, өмір мен өлім, арлылық пен арамзалық, қуаныш пен қайғы, тұрақтылық пен опасыздық туралы толғамдары халықтық ұлттық ұғым, түсініктен тарайды. Сондықтан қайшылықты дәуірде өмір сүрген ақын шығармашылығы ауыр сезімге бөлесе, соншалықты қазақ халқының жүрегінен жылы орын алады. Ол – сол дәуірде өмір сүрген әдеби процестің бөлінбейтін бір бөлігі болып табылады» [10, 134-б.], – деп жазған болатын. Дәл осы пікірді өзгертпестен Мырза Айдар шығармашылығына байланыстыра айтсақ, еш артық еместей көрінеді.

Қазақтың тырнақалды төл прозалық мұрасы – «Тарих-и Рашидидің» тілі мен көркемдік табиғатында өз ұлтымыздың әлеуметтік және мәдени өмірінен сыр шертетін әдемі де әсерлі көріністерді шығармадан көптеп кездестіреміз. Әсіресе, күн сайын нығайып келе жатқан Қазақ хандығы мен оның баһадүр билеушісі Қасым хан, сахара көпшелілерінің жауынгерлік рухы, елдің этнографиясы туралы баяндаулары ерекше көркем, бояуы қанық нақышты бейнелеулермен назар аударады.

«Тарих-и Рашиди» – көркемдігі жөнінен орта ғасырларда жазылған көркем әдебиет пен тарихи шығармаладың жиынтық көркі. Ол исламдық дүниетаныммен ұштасқан ғажайып ой мен сезімнің кеңістігі. Сондықтан парсы мен түркі тарихында олардың ежелгі әдебиет пен мәдениеті, дүниетаным мен философиясына жаңа серпін берген исламтанудағы жаңа белес екенін көре аламыз. Сондықтан парсы, түркі қаламгерлерінің ең әйгілі деген туындыларының қорытындысы іспеттес. Онда парсы, түркі әдебиетінің асқақ та ажарлы, күрделі де кесек тұстары бейнеленіп тұрғанын анық аңғарамыз. Өйткені оның өн бойынан айшықты ауыстырулар мен айқындауларды, керемет теңеулер мен кестелі портреттерді, ғажайып суреттер пен табиғат пейзаждарын, қанатты тіл орамдары мен ислами даналық мәйектерін, сондай-ақ келісті кейіптеулер мен өзге де көріктеуіш әдіс-тәсілдердің қайталанбас үлгілерін көптеп кездестіруге болады. Шығарманың мұндай үйлесім мен жарасымды болуына Мырза Айдардың даналығы мен көрегендігі негіз болған.

Қорыта айтқанда, Мырза Айдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» ғұмырнамалық-тарихи баяны – өз дәуірінің озық туындысы ғана емес, ғасырларды көктей өтіп, бүгінге жеткен, қазіргі қазақ оқырманы мен болашақ ұрпақтарға берер тағылымы мол, эстетикалық деңгейі биік, маңызы зор ұлттық қазыналарымыздың бірі. Ол – тарихи шығарма ғана емес, қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған баға жетпес рухани байлығымыз. «Тарих-и Рашиди» кітабы – адамзат тарихы мен дүниежүзілік әдебиеттің інжу-маржандары қатарына қосылатын іргелі шығарма ретінде әлі де талай-талай ғылыми зерттеулерге өзек болары анық.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 373 б.
2. Зеһир-ед-дин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. – Ташкент, 1968. – 68 б.
3. Мұхаммед Қайдар Дулат. Тарих-и Рашиди / парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалаған Ислам Жеменей. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 698 б.
4. Сыздықова Р. Абай және қазақтың әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.
5. Мырза Хайдар. Тарих-и Рашиди. – Ташкент: Фан, 1996. – 727 б.
6. «Қазақстан халықтарының мәдени-тарихи мұраларын оқып үйрену және дамыту мәселелері» атты V халықаралық Дулати оқуларының материалдары (13-14 қазан 2005). – Тараз университеті, 2006. – 336 б.
7. Қазақ тілінің сөздігі, жалпы ред. басқ. Телқожа Жанұзақов. – Алматы: Дайк-пресс, 1999. – 774 б.
8. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст.: Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
9. Әнвар. Диван-и Әнвар өлеңдер жинағы. – Тегһран: Неғаһ, 1376. – 744 б.
10. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 228 б.



## «ТАРИХ-И РАШИДИ» ЕҢБЕГІНІҢ АУДАРМАЛАРЫ ҒӘМ ҚОЛЖАЗБА НҰСҚАЛАРЫ ЖАЙЫНДА ӘҢГІМЕ

«Тарих-и Рашиди» шығармасы қазақ тарихы үшін өте құнды. Себебі бұл еңбек – Қазақ хандығының құрылған кезін 1465 жыл деп жазған жалғыз жазба дерек. Әрі екі дәптерден тұратын шығармасының алты әңгімесінде қазақ жайында сөз қозғаған.

Осы орайда еңбектің қолжазба нұсқаларын, әдебиет ретінде қолданылғанын, аудармаларын, текстологиясын, тағы да басқа кітапқа қатысты жайттар туралы айтылады.

«Тарих-и Рашидидің» парсы тіліндегі қолжазба нұсқалары:

– Британия мұражайында. Add 24090. 342 парақ. Нәстәлік жазуымен жазылған. Әр парағы екі беттен тұрады. Әр беті 19, кейде 18 жол болып келеді. Бет көлемі – 18/11. Жазу аясы – 14/7.5 см. Толық нұсқа қатарында.

– Ирандағы Тегеран университетінің орталық кітапханасы, № 3218. Суретке түсірілген нұсқасы. Екі беттен тұратын 185 парақ. Әр бет – 15 жол, жазу алаңы – 14/7 см. Нәсх графикасы. Толық емес, жартысына жуық бөлігін, яғни Алаеддин Аттардың өмірбаяны басталған бетке дейінгі көлемді құрайды. Дегенмен қолжазба нұсқасының бастапқы беттері жоқ.

– Өзбекстанның астанасы Ташкенттегі Әбу Рейхан Бируни атындағы Шығыстану институтында, парсы қолжазба нұсқаларының қорында. № 1430. 321 парақ. 23/13.5 см. Нәстәлік графикасы. Толық нұсқа қатарында.

– Тәжікстанның Душанбе жазба деректер институтындағы қолжазба қорында. № 475. Толық нұсқа қатарында.

Ескерту: парсы тіліндегі қолжазба нұсқалар қатарында Ресейдің Санкт-Петербург қолжазба қорында, Кашмир, тағы басқа елдердің қолжазба қорында бар екендігі айтылады. Менің жеке қорымда Санкт-Петербург, Лондон нұсқаларының баспадан шыққан текстологиялық нұсқалары бар. Сондай-ақ Өзбекстан, Тәжікстан және Иран қорларындағы қолжазба нұсқаларының көшірмесі бар. Иран қорындағы фотосурет көшірмесін шығыстанушы-ғалым Әбсаттар Дербісәлі Тегераннан алып келіп, маған сыйлаған еді. Бірақ толық емес.

**«Тарих-и Рашиди» қолжазбасын дереккөз ретінде пайдаланған еңбектер:**

Мырза Айдардың «Тарих-и Рашиди» қолжазба нұсқасын алғаш рет дерек ретінде пайдаланған – парсы тілінде жазылған (تاریخ الفی) «Мыңжылдық тарих» атты кітаптың авторлары: Қази Аһмет Тәтәви мен Асефхан Қәзвини.

Аталған кітап Жалаледдин Мұхаммед Акбар шахтың (1556–1605) бұйрығы бойынша 1585 жылы жазыла бастаған. Бұл – Ислам әлемінің жалпы мыңжылдық тарихын – Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) дүние салған жылынан Акбар шахтың заманына дейінгі аралықты қамтитын зерттеу еңбек. Авторлары алғаш рет Мырза Айдарға өзге де аттастарынан ажырата білу үшін «Дұғлат» тайпасынан болғандықтан оның аты-жөніне «Дұғлат» лақабын қосымша жалған.

Одан кейін Әмин Аһмет Рази 1593–1594 жылдары бастап, алты жыл көлемінде парсы тілінде жазып аяқтаған (هفت اقلیم) «Һәфт ықлим» атты кітабында Мырза Айдардың еңбегін пайдаланды.

«Тарих-и Рашиди» толықтай ағылшын тіліне аударылғанша бірнеше рет ағылшын ғалымдар тарапынан тарихи дерек ретінде пайдаланды. Атап айтқанда: доктор I.W. Bellew, ол 1873 жылы D. Forsyth басқарып барған Қашғар сапары тобының бір мүшесі болып барды. Сол сапардың нәтижесі ретінде «Шығыс Түркістан тарихы» атты еңбек жазып, кейбір тарауларында Мырза Айдардың жазбаларын пайдаланды. Сондай-ақ R.V. Shaw Жаркент пен Қашғарда іссапарда болғанда «Тарих-и Рашиди» еңбегінің бір бөлігін тәржімалап, 1876 жылы «Географиялық қоғам» журналында жариялады. Одан соң Elliot «Үнді тарихы» атты зерттеуінде «Тарих-и Рашидидің» шағын бөлігін профессор Dowson аудармасымен енгізген. «Moorcroft сапарнамасы» атты еңбегінде де Мырза Айдардың аты аталады. Ол 1822 жылы M. Айдардың қолжазбасымен танысқан, егер оны пайдаланған болса, «Тарих-и Рашиди» қолжазбасын пайдаланған алғашқы ағылшын зерттеушісі болып есептеледі.

Ағылшын ғалымы Уильям Ерскин 1854 жылы Лондонда баспадан шыққан «History of India» (Үндістан тарихы) атты кітабында алғаш рет Мырза Айдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегінің бір бөлігін ағылшын тіліне аударып, зерттеу еңбегіне пайдаланды. Оның аса маңызды тарихи жазба екендігін сезген Ерскин ұлы тарихшы Мырза Айдардың «Тарих-и Рашиди» туындысы жедел түрде тәржімаланып, жарық көру керектігіне кеңес береді. Сонымен бірге Ерскин Мырза Айдарды беделді, дарынды ғалым ретінде бағалайды. Ағылшын тіліндегі екі томдық «Үндістан тарихы» атты кітаптың көшірме нұсқасын маған академик, мемлекет қайраткері Әділ Ахметов 2008 жылы мені арнайы қабылдап, тарту етті.

Француздар да XIX ғасырдың орта шенінде «Тарих-и Рашиди» еңбегін тарихи дерек ретінде пайдалана бастаған сияқты. Біз білетін мәлімет бойынша француз тарихшысы Рене Гроссе (1885–1952) «Көшпенді империясы – Аттила, Шыңғыс хан, Әмір Темір» (Lempire des steppes – Attila, Gengis-khan, Tamerlan. Par: Rene Grousset) атты зерттеу еңбегін 1939 жылы жарыққа шығарды.

Орыс ғалымы В.В. Вельяминов-Зернов (1830–1904) «Тарих-и Рашиди» еңбегін жазба дерек ретінде қазақтар туралы зерттеулерінде кеңінен пайдаланды. Неміс текті Ресей ғалымы В.В. Бартольд (1869–1931) «Орта



Азия түріктерінің тарихы» атты зерттеуіне пайдаланған. Тағы да басқа орыс ғалымдары Мырза Айдар еңбегін пайдаланған сияқты.

**«Тарих-и Рашиди» еңбегінің өзге тілдердегі аудармалары жайында:**

Түрік тіліне алғаш тәржімасы тарихшы һәм аудармашы Мұхаммед Садық Қашғари (1725–1849) тарапынан жасалды. Бұл аударма Қашғар әкімі Юнес Тәжібек ибн Ескендербек ибн Әмин Қаженің бұйрығы бойынша қолға алынды. Бұл аударма толық болмаса да түркі тіліндегі тұңғыш аударма болды. Аударманың қолжазба нұсқасы: Мәскеудегі Азия халықтары институтының шығыс әдебиеттер бөліміндегі қолжазба қорында № С569 (590 о) сақтаулы тұр.

«Тарих-и Рашиди» еңбегінің тағы бір түркі тәржімасын Мұхаммед Нияз Ахунд Ниязи 1253 һижри жылында (1837–1838) Хотән әкімі Мұхаммед Әзиз Ванг бұйрығымен жасаған еді. Оның қолжазбасы жоғарыда аталған қолжазба қорында № D 0192 сақтаулы.

Мұхаммед Нияз ибн Әбдіғәфур «Тарих-и Рашиди» бірінші дәптерін 1837–1838 жылдары Хотән әкімі Мұхаммед Азиз Ванг пәрменімен өлең мен қара сөз етіп түркі тілінде тәржімалағанын зерттеуші ғалымдар растайды. Бұл нұсқа да өзге нұсқалар сияқты толық емес. Нұсқасы: № 120 (590 ое). Мұхаммед Нияз түркі тіліне аударған деген болжаммен тағы бір нұсқа: № D 121 (590 of) санмен сақтаулы.

1747 жылы тәржімаланған «Тарих-и Рашиди» аудармасының тағы бір шағын нұсқасы: № С 570 (590 of) санымен белгіленген. Оның 1322 һижри (1904–1905) жылында Қажы Жүсіп ибн Молла Ашур халифам ибн Құрбан Суфи ибн Дәулет Суфи көшіріп жазған нұсқасы бар.

Сондай-ақ Ресей Ғылым академиясы, Санкт-Петербург қаласындағы Шығыстану институтының қолжазба қорында «Тарих-и Рашиди» түркі тәржімаларының толық және толық емес жеті қолжазба нұсқасы бар делінеді.

Парсы тілінен тікелей түркі тіліне аударылған толық нұсқасы Өзбекстанның Ташкент қаласындағы Әбу Рейһан Бируни атындағы Шығыстану институтының қолжазба қорында № 10191 // II нөмірімен сақтаулы тұр. Ресей мен Өзбекстан қолжазба қорларындағы аталған түркі тіліндегі нұсқалар әзірше бір-бірімен салыстырып, артықшылық пен кемшіліктері, бір-бірінен айырмалары сарапқа салынып, текстологиясы жасалған жоқ. «Тарих-и Рашидидің» парсы және түркі тілдеріндегі қолжазба нұсқаларының текстологиялық жұмыстары қолға алынып, канондық нұсқасын дайындау ғылыми тұрғыдан маңызы зор жоба екенін ескергеніміз жөн.

Ағылшын тілінде толықтай тұңғыш рет 1895 жылы жарық көрді. Бұл аудармада Британия мұражайындағы үш қолжазба нұсқасы, Кембриж университетінің қорындағы бір қолжазба нұсқасы, сондай-ақ түркі тіліндегі екі аударма нұсқасы пайдаланылды. Оны Эдвард Денисон Росс тәржімалап, Иранның Хорасан және Систан аймақтарында бас консул болған Н. Елиас аталмыш аудармаға көлемді алғы сөз, һашийе (кітаптың жиегіне түсініктеме

жазу) әрі қосымшалар жазып ғылыми һәм танымдық құнын арттыра түсті. Сонымен қатар Түркістан, Тибет, Кашмир территорияларының картасын дайындап кітапқа енгізіп, еңбектің тарихи бағасын жоғары деңгейге көтерді. Бұл еңбек кейін 1988 жылы қайта басылды. 1991 жылында тағы да Делли қаласында баспадан шықты. Бұл басылымында аталған карта алынып тасталған делінеді.

Біздің қолда бар мәліметтерге қарағанда ағылшын тіліне толықтай екінші рет W.M. Thackerston тәржімалады. Бұл аударма Британия мен Ресей (Санкт-Петербург) қолжазба нұсқалары негізінде жасалды. Сөйтіп 1996 жылы Гарвард университеті атынан жарық көрді.

«Тарих-и Рашидидің» парсы тіліндегі Өзбекстан қолжазбасын қазақ тіліне алғаш рет И. Жеменей аударды. Аударма 2003 жылы Алматыдағы «Тұран» баспасынан жарық көрді. Сондай-ақ осы жолдардың авторы «Тарих-и Рашидиді» парсы тілінен тікелей қазақ тіліне аударумен қатар тұңғыш рет оның «ғұмырнамалық әдеби шығарма» екендігін анықтап, профессорлар: Әбсаттар Дербісәлі, Мекемтас Мырзахметұлының ғылыми кеңесшілігімен 2007 жылы Әдебиет және өнер институтының академик Серік Қирабаев төрағасы болған ғылыми кеңесінде сәтті қорғап шықты. Аталған докторлық диссертация солжылы «Мұхаммед Хайдар Дулат – тарихшы, қаламгер» деген атпен Алматының «Зерде» баспасынан жарық көрді. «Тарих-и Рашиди» екінші рет Қазақ хандығының 550 жылдығына орай толығырақ қазақша транскрипциясымен «ҚАЗАқпарат» баспасынан шықты. Осы жолы «Тарих-и Рашиди» қолжазбаларының өзбек, тәжік және Лондон нұсқаларының ортақ мәтінін жасаған соң толық аударылып, қазақ тілінің транскрипциясымен басылмақ.

Эдвард Денисон Росстың (Eduard Denison Ross) ағылшын тіліндегі аудармасының тарихқа қатысты тұстарын Осман Каратай түрік тіліне тәржімалады. Ол аударма 2006 жылы Стамбұлда «Selenge» баспасынан шықты.

Өзбек тілінде «Мұхаммед Хайдар Мырза – Тарих-и Рашиди» деген атпен Ваһаб Раһманов пен Янглиш Эгамова аудармасымен Ташкенттегі «Шарқ» баспасынан 2010 жылы жарық көрді.

Түркі тіліндегі аудармасы «Мырза Мұхаммед Айдар Аязи – Тарих-и Рашиди» деген атпен Аманбек Үсейінбекұлы Жалиловтың алғы сөзі, түсініктемесі бойынша баспаға дайындаған нұсқасы Ташкенттің «Өзбекстан» баспасынан 2011 жылы жарыққа шықты. Оны парсы тілінен түркі тіліне Хаже Мұхаммед Шәріп 1837–1838 жылдары аударған.

Ұйғыр тілінде Мұхаммедтұрды Мырза Аһмет баспаға дайындаған нұсқасы «Мырза Мұхаммед Айдар көреген – Тарих-и Рашиди» атымен 2011 жылы Үрімжінің «Шынжаң халық баспасынан» жарық көрді. «Тарих-и Рашидидің» бұл басылымына Молла Мұхаммеднияз Бенни Әбділғәфурдың түркі тіліне аударған нұсқасы негізге алынған. Оның қолжазба нұсқасы Санкт-Петербург қолжазба қорында № С.0759 нөмірімен сақтаулы тұр.

**«Тарих-и Рашиди» еңбегінің парсы тіліндегі қолжазбаларына үш рет текстология жасалды:**

1. W.M. Thacrston алғаш рет Ресей (Санкт-Петербург) қолжазба нұсқасына текстология жасады. Аталған еңбек 1996 жылы Гарвард университетінің атынан жарық көрді. Бұл текстологияда ешқандай индекс немесе түсініктеме жазылмаған.

2. Доктор Аббасқұли Ғаффарифәрд Лондон және Тегһран қолжазбаларын қарастырып, текстологиясын 2004 жылы жарыққа шығарды. Адам, жер-су аттары, терминдер мен Құран аяттарына молынан түсініктеме жазып, өте құнды дүние ұсынды.

3. Ислам Жеменей Тәжікстан қолжазбасын негізге ала отырып, Өзбекстан қолжазбасы мен Аббасқұли Ғаффарифәрдтың Лондон нұсқасы текстологиясын қатар салыстырып, жаңа текстологиясын жасады. Ол еңбек 2014 жылы Таразда жарық көрді. Осы текстологиясының толық жаңа нұсқасы Тегһрандағы Табатабаи университетінің түрколог-ғалымы, доктор Бегһруз Бекбабаимен бірге жасаған анықтамалық кітабына қоса Тегһран және Алматыда жарық көрмек.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Жеменей И. Мырза Хайдар Дулат (1499–1551) – тарихшы, қаламгер: монография. – Алматы: Зерде, 2007. – 360 б.

2. Мырза Хайдар Дулат. Тарих-и Рашиди (парсы тіліндегі текстологиясы). – Тараз: Сенім, 2014. – 660+32 қосымша б.

3. Гросс Р. Көшпенділер империясы. – Тегһран: Ғылыми-фәрһанги, 1365. – 1016 б.



## КІРІСПЕ

### Мейірімді һәм рақымды Алла атымен!

Әлемді билеу тарихы және бақыттың пайда болуының бастауы: «Ей, патшалық иесі Алла! Кімге қаласаң патшалық бересің»<sup>1</sup> деген аятқа сай мемлекеттің іргесі жойылудан аман қалады. Онда ауысу нысаны байқалмайды. «Кімге қаласаң салтанат сыйлайсың»<sup>2</sup> деген аятқа сәйкес Алланың ұлылығы мақтауға лайық. Сондай-ақ «Кімге қаласаң патшалық бересің»<sup>3</sup> деген аят та мемлекеттің баянды болуын сипаттайды.

Жерден көкке дейін, күннен айға дейін,  
Түркістанға, игілігі Үнді жолына дейін.  
Бас июге бет алған қаптан-қапқа дейін,  
Жан-жақтан малшылар да бел бұған.

Жаратушының ұлылығы серік қосу, қарсыласу, дау-дамайдан аулақ болған. Рухани салтанаты да талас-тартыстан жырақ болған. Оның ұлы дәрғаһына айбынды сұлтандар мүсәпірлік пен әлсіздіктен қорлық қамытын мойнына іліп, топырағына бас иген. Билік төңірегіндегі хандар ұлылық табалдырығы мен Илаһи дәрғаһысына жалбарынып дұға етіп, қажетін сұраған [1-б.]. Жәмшид сияқты күнді, зерленген күртеде»<sup>4</sup> төртінші аспанның тағында планеталар патшалығына Шолпанды қолбасшы етіп, хатшылық қаламын тапқырлардың есепші мекемесіне бақылаушы еткен. «Бол дейді. Ол бола қалады»<sup>5</sup> және «Нұн, Қалам және оның жазғандарына серт»<sup>6</sup>, – деп билігіне шарапатын сыйлаған.

Кеуде көтеріп, шалқайған патшалардың басы,  
Оның табалдырық топырағына ділгір болды.

---

<sup>1</sup> «Әл-Имран» сүресі =3, 26-аят

<sup>2</sup> «Әл-Имран» сүресі =3, 26-аят

<sup>3</sup> «Әл-Имран» сүресі =3, 26-аят

<sup>4</sup> (كرته): Күрте – арасына мақта салып, матадан не былғарыдан тігілген қысқы жылы киім. Орта ғасырларда Мауараннәһр жұрты пайдаланып, бұл киімді осылай атаған. Әлі күнге дейін қазақ тілінде қолданыста жүр. Әйелдер киетін күртегі батыста «құрсақша» деп атайды. Оны бұрындары бай-ауқаттылар алтынмен қаптап зерлейтін еді. XIX–XX ғасырларда күміспен қаптап безендірген үлгілері Иран қазақтарында болған.

<sup>5</sup> «Бақара» сүресі =2, 117-аят

<sup>6</sup> «Қалам» сүресі =68, 1-аят

Асауларға да тізе батыра қоймайды,  
Тасығандарға да сұрқиялық жасамайды.  
Ұлылық пен (илаһи) мені оған жеткізетұғын болғаны,  
Оның мүлк билігі бақилық, білімі шексіз болғаны.

(Жаратушының) көркем сарайының табалдырығына ой мен қиял барлау жасағанда, ой-қиялдың шарықтап кеткенінің өзінде, жетер биігі Тәңірінің зәулім сарайының төңірегін ғана шарпып өте алады. Оның ұлылық сарайының табалдырығына сол биіктіктен қарағанда, қиял мен ойдың барлаушысы тек қана оның ұшқынын көріп саяхат жасай алады.

Патшалар табалдырығына тәжім етіп,  
Сұрау жарлығына қол созар.  
Жалғыз, түпсіз әзиз ізетіне,  
Пәк, мәңгі ұлық ұлылығына.

Мөлдір пәк сәлемі жәрдем саналып, тақуалар сәлемімен оның бастапқы бетінен «Пайғамбарға Алла мен оның періштелерінің сәлемі болғай»<sup>1</sup> деген жазумен мөрленіп, сәнделеді.

Оның нұры киелі періштелер шұғыласының сәулесінен,  
Оның нәрі илаһи құдіретің ғарыштық бұрышынан.

Сұлтандардың сұлтанының сарайына сыйланған, тәж бен тағымен, құпия сарайдың сырласы «уақытын, Алламен бірге болғанда» Бақыт жалауын «адам мен табиғатқа» желбіретіп, ең жарық жұлдыздардан биіктеу жалындатып, бағана көлеңкесін «қара-қызылға бірдей жібердім» жол айрығының алты бағыты мен жеті ықылымына түсіріп, оның әлемді жаулаушы салтанатты дабылы «Ең биік тұғырына»<sup>2</sup> «Адам су мен топырақтан жаратылмай тұрып, пайғамбарымыздың пайғамбар болғаны» атағымен топырақ ылдиынан көктердің биік шыңына жеткізіліп, мәңгі дәулет туы мен мәңгілік бақыт жалауы [2-б.] «менің пайғамбарлық семсерім» шарықтап, ең асқақ күмбезінің қақ маңдайынан өткізілді.

Пайғамбарларға тәж беруші, патшалардың салық алушысы,  
Мәңгі иелік патшасы, жетінші пейіш қарауылы.

Оның елшілік ісінің бірі, Кәсра ісіне кесір салғаны, оның ұлылық даңқы Рұм император сарайын күйреткені, оның жалт-жұлт найзағайдай

---

<sup>1</sup> «Әһзаб» сүресі =33, 56-аят

<sup>2</sup> «Иншераһ» сүресі =94, 4-аят

зымыраған пырағы»<sup>1</sup> көкті шарлаған бұлт секілді жомарт қолы Һатәм есімін орап кеткен.

Көктер тағында патшалардың патшасы,  
Екі дүниенің сұлтаны, пайғамбарлар көсемі.  
Зерттеу алаңының майдангер шабандозы,  
Екі әлемнің зерттеу бәйгесін де алады.  
Оның сарайын сыпырушы періштелер,  
Оның әскерінің ең кемтары Сүлейман.  
Ғарыш тағына оның тағасы Тәж,  
Аянға әмин болған, миһраж сырына ие.

Досты сыйлаған «Әрине, сені куә болсын деп елші етіп жібердік»<sup>2</sup> дұшпанды күйдіруші «Тура жолға түсіру үшін елші етіп жібердік»<sup>3</sup>, – оның дәрғаһының нөкерлері және дәрғаһының серкелері өткір семсерінің соққысымен «Мүшріктерді өлтіріңдер»<sup>4</sup>, – содан от жаудырған найзаның жарқылы «Әуелі жақын ағайындарды қорқытып»<sup>5</sup> жер жүзін күпір мен шіріктің тозаңынан тазалады. Сондай-ақ адасқандар даласы мен надандықта жоғалған сергелдеңдерді мына аяттың нұрына «Сіздің дініңізді кемелдік шегіне жеткіздік»<sup>6</sup>, – бөледі.

Ол – Әбтәһ шаһы, Сүлеймен – оның қайыршысы,  
Мәруа мен Арафатқа тәжім оның сәулесі.  
Адам, адамзаттың таңдаулы тұңғышы,  
Пәк зат дәрғаһысының шаңын сүртушісі.  
Әлемді көрсетуші алтын қап, күн кесесі,  
Оның ұлық шаңырағының жарық бір күркесі.  
Бес кезек оның патшалығы болған-ды,  
Кәсра, Ескендір, қаған болғандар – оның тіленшісі.  
Көк аспанды жаратудағы мақсаты,  
Оның шексіз дәулет құсының сән-салтанаты [3-б.].  
Жәбірйіл елшілік гүлзарының тауысы болды,

---

<sup>1</sup> (براق): Бұл діни әдебиетте ислам пайғамбарының түнгі сапарында Әл-Һарам мешітінен Әл-Акса мешітіне дейін мініп барған жүйрік тұлпары болған екен.

Пайғамбардың бұл сапары жайында Құранда айтылады («Исра» сүресі, 1-аят)

Пырақ – фольк. қиял-ғажайып ертегілерде, эпостарда кездесетін қанатты тұлпар.

<sup>2</sup> «Әһзаб» сүресі =33, 45-аят

<sup>3</sup> «Тәубе» сүресі =9, 33-аят

<sup>4</sup> «Тәубе» сүресі =9, 5-аят

<sup>5</sup> «Шүһәра» сүресі =26, 214-аят

<sup>6</sup> «Маиде» сүресі =5, 3-аят



Аян берген кезінде сарайының бұлбұл құсы болды.

Ол мәртебелі әзіреттің пайғамбарлық дәрежесі биік сатылар мен аспанның миһражына көтерілгені соншалық – оның елшілік қадір-қасиетінің арқасында Адам сәфи және Ибраһим хәлел (Оларға Алланың сәлем-салауаты болғай) мақтаныш аяғын дөңгеленген күмбездің маңдайына ғана қойған. Сондай-ақ Сүлеймен, Дәуіт, Жүсіп сыддық (оларға сәлем-салауат болғай) бауырластық берекетінің арқасында ізет тәжіне және мемлекет тағына лайық болды. Иса Мәриям оның мүбарак қадамын сүйіншілеп: «Сүйінші! Менен кейін Аһмед атты пайғамбар келеді»<sup>1</sup>, – деп әлемнің шартарабына жар салды. Жан беруші «Алланың әмірімен өлгендерді тірілтем»<sup>2</sup>, – деп тапқан-ды.

Иса сенің келу күндеріңді сүйіншіледі,  
Сол қасиетті демінің құтынан өлгенге жан берді.

Кәлим Мұса (Әй, Алла, бізді Мұхаммедтің үмметінен қыл) деуімен оның мәңгі дәулетінің тізгініне қол созғандықтан ол нұрлы қолға ие болу бақытына жетті.

Мұхаммед – зиялы қауымның көз нұры,  
Жаратылыс сарай бағының гүлі.  
Мұхаммед – барлық сардардың сардары,  
Тәж сияқты екі әлемнің басына қонған.

Олардың барлығына, үрім-бұтағы, сахабалары, әулет-зәуаттарына Алланың сәлем-салауаты болғай! Олар таңдаулы және санаулы жандардың кеңістігінің төрелеріне «Айт: Мен елшілігім үшін ағайындарыма достық пен махаббаттан өзге еш нәрсе сұрамаймын»<sup>3</sup>, – деп айтқын. Сондай-ақ қайырымды жандар, жақтаушылар, достар мен жарандар, ақиқат майданының күрескері, тариқат құпиясына пәк те шынайы көңілмен берілгендер, әсіресе, қайырымды жандардың көсемі, жақсы-жайсаңдардың таңдаулысы «Үңгірлес болған екеуінің бірі»<sup>4</sup>, – мейірлі жолдас, көне дос әмір әл-мүминин Әбубәкір Сыддық (Алланың оған ризалығы пен сәлемі болғай).

Табандылық пен жомарттықтан сөз болғанда,  
Сыддық Әкбәрге тең келер кім болар сонда.

---

<sup>1</sup> «Сәф» сүресі =61, 6-аят

<sup>2</sup> «Әл-Имран» сүресі =3, 49-аят

<sup>3</sup> «Шаура» сүресі =42, 23-аят

<sup>4</sup> «Тәубе» сүресі =9, 40-аят

Уәдд<sup>1</sup> пен Сәуаһ<sup>2</sup> пұттарының табынушы құлдарының өлтірушісі, халифаттық мансабының әйгілісі, дұрыс пен бұрыс арасын ажыратушы әмір-әл мүминин Омар ибн Хаттаб (Алланың оған ризалығы болғай).

Дін күні ең биік шыңына жеткен кезі,  
Омар көлеңкесі – мұсылмандарға түскен күні.

Құранның таралып кеткен сүрелерін жинақтауға көп еңбек сіңірген, барлық уақытта сабыр мен ұяттың иесі болған – әмір-әл мүминин Осман ибн Аффан (Алланың рақметі жауып, оны жарылқағай).

Айтпадым ба Ай мен Шолпан жұлдызды,  
Күнге теңеп сыр-сипатын айтпаң-ды.

Айбаты мен байыбы асқан имам, дүлдүл тұлпары мен зұлфәқар семсерінің иесі, жарлық жалауын желбіретуші «Замана ағымында сондай ұзақ дәуір өтті»<sup>3</sup> майдандарда ерлігімен танымалы, ішкі-сыртқы құпиялардың сырласы, жеңімпаз арыстан – Әлі ибн Әбутәліп.

Құдайдың уәлісі, пайғамбардың өсиеті,  
Күмәнсіз де күдіксіз болған Әлі.  
Дәруіштік бейнесі күн сияқты болды,  
Төртінші аспаннан көрініс тапты.  
Ғылым, сабыр, ұят онымен түйінделді,  
Мұхаммедтің немере бауыры, Құдай арыстаны Әлі.

(Алланың ризалығы мен сәлемі болғай), әрине, оған қошемет білдірген – пайғамбардың көз қарашығы, ең қайырлы ұрпағы Бәтүлге. Ол ғарыштың ең биік сатысында мекендеген және екі әлем Раббысының елшісінің бауыр еті болған.

Дін ісі түбегейлі онымен аяқталды,  
Екеуіне де болғай сәлем мен дұғай!

Жақсы-жайсаңдарға бас болған ұлық немере ағасы, жақсылықты таңдаушы, шарифат шаңырағының тіреуі, дін үйіне ірге еткен әмір-әл мүминин Әмзе, Аббас (олардың пәк рухын сүйіншілеп, шат қылғай) халифат тағы олардың арқасында нұрланып, сәнденді. Парасат заманасының иесі, өркені өс-

---

<sup>1</sup> (وَد): Уәдд – кәлб тайпасының табынатын пұты болған

<sup>2</sup> (سَوَاح): Сәуаһ – һәзил тайпасының табынатын пұты болған

<sup>3</sup> «Инсан» сүресі =76, 1-аят

кен дамыту кеңістігінің әкімі, олардың барлығына Алла тағаланың ризалығы болғай!

Ендігісі мұның бәрі парасат иелерінің көздерінен, сондай-ақ білім сахабаларының түйсіктерінен жасырын [5-б.] да құпия қалмасы анық. Көктен түскен қасиетті сөз, ақ-қараны ажырататын мақтаулы Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) – Алланың ең ұлық кереметтері. Аһмед (таңдаулы) болуына айқын айғақ. Сондықтан Алланың сөзі үш сипатпен ерекшеленеді: біріншісі – тәуһид, Алланың жалғыз екендігі, ұлылықтың айғағы. Екіншісі – Мұхаммедке (Алланың сәлемі мен салауаты болғай) тән шарифат үкімдері кітаптың үштен бірі басқа тарихтарды «Тек қана қолы тазалардың оған қолы жетеді»<sup>1</sup>, – деп білген, тарих – бұрынғылардың өткенін білу. Бұл айқын айғақтар тарих ғылымының артықшылығы іспеттес. Бұл ғылымның пайдалы екендігін әртүрлі топ пен жамағат мақұлдайды. Үмметтердің көптеген тобы, тіпті, барлық әлем тұрғыны бұл ғылымды біледі және өз бабаларының өткен тарихын рауаят түрінде айтып береді. Айғақ деп қабылдап, оған жүгінеді. Әсіресе түркі елдері барлық міндет пен істің жасалуын көбінесе екеуара әңгімелегенде, өткен тарихын тануда бабалар сөзін, рауаяттарын негіз етеді. Содан (құлшылықтың ең үлкені – Аллаға құлшылық жасап, оған жақын болу) дегендей, мен Мұхаммед Айдар ибн Мұхаммед Үсейін көреген, жақын достар арасында Мырза Айдар лақап атымен танымалмын, мүмкіндіктің әрі білімімнің аздығына қарамастан, осы үлкен жұмысқа ден қойдым. Өйткені дәл осы дәуірде моғол хандары мемлекет басқарудан, биліктен шеттеп, гүлденген әлемнен кетіп, сахараны мекендеуді қанағат тұтқан. Сол себепті олардың арасында тарих жазылмаған. Сондықтан естіген рауаяттар арқылы ата-бабаларын еске алып отыратын болған.

1544 немесе 1545 жылы ол хикаяларды аталған тайпадан есінде сақтап қалған бірде-бір адам қалмаған. Егер де мен батыл түрде осы маңызды іске бел шешіп кірісіп, бет бұрмасам, моғол хандарының есімі түгелдей тарих беттерінен [6-б.] жойылып кетер-ді. Бұл кітаптың кіріспесі мен сөз бастауында Алла мен пайғамбарға арнап мадақ жазу керек болды. Бірақ мен ақылға салып, қанша ойлансам да оны көркем түрде жазуға гауһарым жете қоймасын байқадым.

Махаббатқа ұрынған мен бейшара сергелден,  
Алланың сипаттарын қалай сөз етіп жатайын.  
Мен сенің тәуһидтің<sup>2</sup> шіркін жүрегім дірілдейді,  
Сенің тек қана сөзіңді тілге тиек етсем жарайды.

---

<sup>1</sup> «Уақиға» сүресі =56, 79-аят

<sup>2</sup> (توحيد): Тәуһид – а) Алланың жалғыз екендігіне иман келтіру, ә) Аллаға мадақ айту (әдебиет)

Сондықтан мен құт пен берекет жұғысты болсын дегенді ырымдап зерттеушілердің бас жетекшісі, сопылардың таңдаулысы, шарифаттың негізгі һәм қосымша заңнамасы мен нақыл да ақыл сөздің майталман ғалымы мәулана Шарифеддин Әлі Йәзидің «Зафарнама» кітабының алғы сөзін – «Ендігісі» сөзіне дейінгі бөлігін қаз-қалпында келтіріп, кітабымның кіріспесіне енгізіп отырмын.

Моңғол халқы мен хандарының ахуалы Шыңғыс ханнан Тоғлықтемір ханға дейін тарихнамаларда жазылған. Бірақ Тоғлықтемір ханнан кейінгі хандар жайлы еш нәрсе жазылмапты. Бәлкім, жер-жерде сөздің реті келген кезде айтылып, одан әрі оған онша көңіл бөле қоймаған.

Сөйтіп, мен пақыр бұл тарихтың бастауын Тоғлықтемір хан етіп қаладым. Үш себепке орай. Біріншіден, Тоғлықтемірден бұрынғы хандар туралы жазылған. Бірақ та Тоғлықтемір ханнан кейінгілер айтылмаған. Сондықтан жазуға тура келді. Тоғлықтемір ханға дейінгі белгілі тарихты қайталау «Ефраттың жағасынан құдық қазумен бірдей» еді.

Екіншіден, Тоғлықтемірден кейінгі хандардың салтанаты, мәртебесі ол жеткен өреге жете алмады.

Үшіншіден, моғол хандарының ішінде ол Ислам мемлекетіне алғаш ие болды. Одан кейін моғол мойнына ілініп тұрған кәпірліктен құтылып [7-б.], Ислам еркіндігінің арқасында басқа елдер сияқты Ислам жамағатының қатарына енді.

Ал кітаптың «Тарих-и Рашиди» аталуының да үш түрлі себебі бар. Оның біріншісі Тоғлықтемір хан ислам дінін мәулана Әршәдеддиннің арқасында қабылдады. Жақын арада баяндалады.

Екінші бір себебі Тоғлықтемірге дейін-ақ исламды Барақ хан, одан кейін Кебек хан қабылдаған еді. Алайда осы хандар дәуірінде моғол ұлыстарында ислам дами алмай құлдырап, жаһаннам ылдиына бет алды. Ал дәулетті Тоғлықтемір хан бақытты моғол ұлысын ислам жолында толықтай алға жетелеп отырды. Бұл тарихтың бастапқы беттеріне осы әңгіме арқау болғандықтан «Рашиди»<sup>1</sup> есімімен бекітіледі.

Үшіншіден, моғол хандарының соңғысы Әбдірашид хан болғандықтан, бұл тарих соның атына арнап жазылады. Осы үш себептен бұл тарих «Тарих-и Рашиди» деп аталып отыр.

Бұл тарих екі дәптерден тұрады. Бірінші дәптер Тоғлықтемір ханның өмірінен басталып, бүгінде хан тағы оның атымен сәнделіп тұрған Әбдірашид ханның әңгімесіне тоқталады. Екіншісінде мен пақырдың өмірі және өзбек, шағатай, тағы басқа хандар мен сұлтандардан көрген-білген, сондай-ақ солардың тарихынан немесе өз замандастарымның оқиғалары баяндалады.

---

<sup>1</sup> (ارشاد و رشيد): Әршәд және Рашид: түбірлес, мағыналық тұрғыдан «тура жол» ұғымын білдіреді. Әрине, өзге де мағыналары бар. Бірақ автор бұл еңбегінде Алланың жолында жүргендерді меңзеп отыр.

Хақ тағалаға шүкір, өзінің ерекше мейірімі түсіп мені моғол ұлысынан тыс және, бәлкім, бөлек ерекшелеп, олардан тәуелсіз етті. Сонда да моғол ұлысының ішінде болған бөле мен нағашыларымның [8-б.] маған деген теріс көзқарастары болды. Олардың кейбіреулері тіптен нағашы әпкелер мен ағалардың балалары болатын. Бұл жайында екінші дәптерде біршама айтылады. Олардың қатыгездігі шегіне жеткені соншалық – егер де менің «Айдар» атымның мәнін «менде өмір бар» деп ұғынатын болса, әрине, менің қамымды жеп, өздеріне өлім таңдаған болар еді.

Сен жұмаққа барар болсаң,  
Таңдар ед басқалар тамұқты.

Сондықтан мына рубайда жырланар:

Сенің дерт пен мұның шарасыздан маған жар,  
Сенен жеткен жапа да бал татыр.  
Маған бақыт болар, мені көріп қаларың,  
Мына пақыр менің тұтқыным деп ойлағын.

Менің анам, әжем және арғы әпкелерімнің бәрі де хан тұқымынан шыққан, ханның әпкелері еді. Әкелері жағынан да осылай болатын. Оған қарамастан мен жетім қалып, он үш жасымда Сұлтан Саид ханның қызметінде болдым. Тіпті мені жақсы көргендігі, маған деген құштарлығы өз балалары мен ағайындары арасында қызғаныш тудырды. Жиырма төрт жыл сарайында әртүрлі өнер-білім, тәлім-тәрбие алдым, өмірім салтанатты өтті. Оқу, жазу, сурет салу, өлең шығару мен оның әдіс-тәсілі, шығарма жазу және сәндеу жұмыстарынан достарымның арасынан алдыма жан салмадым. Басқа да өнер салаларында, мысалы, ою, тас қашау, зергерлік, ер-тоқым, оқ пен найза, пышақ жасау, ағаш ұсталығы, алтынмен зерлеу, кеудеше тігу және құрылыс жұмыстарында аса шеберлікке жеттім. Осының бәрінде [9-б.] ханның мақтанарлық мұбарак ынта-ықыласы мен көмегі дем беріп отырды.

Мемлекет жұмыстарына қажет соғыс әдістері, қазақшылық<sup>1</sup> пен түнгі жорықтар, садақ тарту, аң аулаудағы нағыз ұстазым әрі тәлімгерім ханның өзі болды. Аталған пәндердің көбісінде ханның толық шәкірті болдым. Оның балаларынан көрген теперішімді ханның мейір-шапағатымен салыстырғанда әлдеқайда молырақ болса да бұл қысқа тарихты ол қабыл алса да, қабылдамай тастаса да ханның перзентіне арнамақпын. Менен оған, онан әлем жұртшылығына естелік болып қалсын. Бұл кітап оның әйгілі атына арналды және оның қадірлі лақабы толықтай: «Ол қаған ибн қаған, сұлтан

---

<sup>1</sup> (فزاقي): қазақшылық – орталық билікке бағынбаған не қудаланған ханзадалар мен ірі қайраткерлердің биліктен жырақ, сахарада ау аулап, еркін өмір сүруді таңдағанын меңзейді.

ибн сұлтан, Алланың сүйген құлы, қайырымды билеуші Әбу-л-Мұзафар  
Әбдірашид хан ибн әл-сұлтан әл Мобәрур қаған әл-Ғәфур әл саид әл шәһид  
Әбу-әл фәтх сұлтан Саид хан».

Көп айтуға әңгімем жоқ,  
Айдарға қашанғы әңгіме айтуға  
Болар дейсің.  
Әбдірашид шаһтың айбын мұхиты,  
Қап тауының айбынына тең болған.  
Сенің айбарыңнан, әй, патша,  
Бұдан артық айту мұң болар.





## 1-ӘҢГІМЕ

### «ТАРИХ-И РАШИДИДІҢ» БАСТАЛУЫ

Мәртебелі, пәк Жаратушы рухтардың жаратылыс бастауында: «Мен сендердің раббыларың емеспін бе?»<sup>1</sup> – деп барлық рухты шақырды. Кейбірін: «Алла қалағанын тура жолға салады»<sup>2</sup>, «Иә» деген жауапқа табыстырып, бақытқа кенелтеді. Рақымға ие болмаған тауқымет тобын «Алла олардың жүректерін, құлақтарын бітеген әрі көздеріне перде қойып»<sup>3</sup> олардың маңдайына қал сияқты дақ салып, «саңырау, соқыр» күйге түсірген.<sup>4</sup>

Бірінші топтың жеңісінің хикметі, сондай-ақ екінші топтың жазалауының себебін білу ақыл шеңберінен тыс. Ол жайында терең ойлауға тыйым салынған. Пенде Оған тек қана бас июге міндетті. Сондықтан «иманды» жүрекпен құптап, тілмен мойындайды. Иманның ақиқаты – ғайыпқа иман келтіру. Ал бұл дәулетке жету ақыл жолымен мүмкін емес.

Әуре болма бекерге ақыл-ойға елендеп,  
Құдайдан басқа түк те жоқ, ештеңе жоқ әлемде!

Әу бастан (тура жолға) жетектеу – Алланың адамзатқа өмір бақилық ілтипаты. Ал жетектеу – ғайыпқа иман келтіру және ол (Алланың) сыйы сырттан берілмейді.

«Кәшф әл-мәһжуб»<sup>5</sup> кітабының авторы Әзіреті Әлиден (Алланың оған мейірі жаусын) таным жайын сұраған. Ол: «Мен Алланы Алла арқылы таныдым және Алладан өзгені Алланың нұрымен таныдым», – деген екен. Сонымен Жаратушы тәнді жаратып, оның тіршілік етуін жанға тапсырды және жүректі жаратып, оның тіршілігін өзіне қаратты. Сондықтан ақылдың тәнді тірілтуге қуаты болмайды әрі жүректі тірілтуі де мүмкін емес. Былайша айтқанда: «Кезінде Өлі болған, алайда Біз жан дүниесін тірілттік»<sup>6</sup>. Осылайша жүректің тірлігін Өзіне қаратқанын айтады.

<sup>1</sup> «Әһраф» сүресі: 172-аят

<sup>2</sup> «Нұр» сүресі: 46-аят

<sup>3</sup> «Бақара» сүресі: 46-аят

<sup>4</sup> «Бақара» сүресі: 18- және 171-аяттар

<sup>5</sup> «Кәшф әл-мәһжуб» – педагогикалық, сопылық жайында жазылған еңбек. Авторы – Әли ибн Осман Гәжвири. Ол сүнни Әнбәл имам мәзһабында болған. Кітапты парсы тілінде 1072–1076 жылдар аралығында жазған.

<sup>6</sup> «Әнһам» сүресі: 122-аят

Сосын айтты: «және адамдар арасында адаспай жол тауып жүруі үшін жарық нұр нәсіп еттік»<sup>1</sup>. Жаратушы: «Мүміндердегі нұр менмін», – деді. Әрі: «Сондай-ақ жүрегін Бізді еске алмайтындай етіп өзіміз ғапыл қылған, нәпсісінің қалауына ерген әрі бүкіл ісі шектен шыққан әлдекімге ерме»<sup>2</sup>, – деп бұйырғандай, жүректің жабылу-ашылуы, өрістеу-тоқталуы (Алла тағаланың) қолында болғандықтан, оған жетекшілік ету мүмкін емес. Ал жүректен өзге одан төмен сатыда тұрған барлық нәрсенің болу-болмауының себеп-салдары бар. Ал себеп пен салдар ешқашан оның ілтипатынсыз себеп болуға жол таба алмайды. Өйткені пенде жол кесуші бола алса да, жол табушы бола алмайды. Осыған дейін «Кәшф әл-мәһжуб» шығармасынан алынған. Менің одан артық айтуым мүмкін емес.

Мәңгіге басталған жетекшілік самалы есіп тұрса, одан – жүрек гүлзарынан иман қауызы ашылар еді. Егер де жетекшілік ілтипаты болмаса, «Ад»<sup>3</sup> қауымын түгелдей боранды желін көтеріліп жойғандай жүрек гүлзарын түбірімен қопарып тастайды. Бірде-бір жапырақ қайта гүлдемейді.

Гүл бола ма самалдан шашылып гүл қалмаса,  
Балта жара алмаса, отын емес – далбаса!

Герат пірі<sup>4</sup> (оған Алланың шапағаты тигей) айтқандай: «Әбужәһл»<sup>5</sup> Қағбадан шығады, ал Ибраһим – пұтханадан. Істің болары Алланың ілтипатына қатысты, ал басқаның бәрі – себеп-сылтау».

---

<sup>1</sup> «Әнһам» сүресі: 122-аят

<sup>2</sup> «Кәһәф» сүресі: 28-аят

<sup>3</sup> Ад тайпасы (عاد): Ад қауымына Алла тарапынан Һуд атты пайғамбар жіберілді. Бірақ олар өте жауынгер, батыл болғандары үшін тәкаппарланып, Аллаға иман келтірмей қарсы болып жүрді. Соңында Алланың қаһарына ұшырап, елі жер бетінен жойылды. Құран кітабында олар жайлы бірнеше аятта айтылған.

<sup>4</sup> Герат пірі: Ауғанстанның Герат қаласында 1006 жылы туып, 1088 жылы сонда дүние салған ғалым, атақты сопы ақын-қожа Абдолла Әнсари. Ол сопылықтың ең жоғары мәртебесіне жеткені үшін «пір» атағына ие болған. Мұсылман, сүнни Әнбәли мәзһабында болған. Ол Гератта жерленген, оның мазарына арнап кесене салынған. Мұраға қалдырған шығармалары – сопылық әдебиеттің ең терең, мағыналы, құнды да аса көркем дүниелері. Атап айтқанда: «Минажатнама», «Махаббатнама», «Илаһинама», «Қәләндәрнама», сондай-ақ «Жүрек трактаты», «Жеті қорған», «Үгіттер», «Сопылардың қазынасы», «Сопылардың жомат жаны» сынды тамаша туындылары бар.

<sup>5</sup> Әбужәһлдің толық аты – Әбіһәкәм әмру ибн Һәшам ибн Мүғире Мәхзуми. Құрайыш тайпасының, Меккеден шыққан кәпірлердің ең танымалы, оның басты мақсаты ислам дініне қарсы түрлі шараны іске асыру болды. Соның бірі арабтардың Һәшем мен Құрайыш тайпаларының арасын бұзып, оларды жауластыру болғандықтан ұдайы оларға зорлық-зомбылық көрсетті. Сондай-ақ пайғамбарға қастандық жасап, оны өлтіруді жоспарлап, жүзеге асырғысы келген де осы кісі болған. Исламға қарсы Бәдр соғысында қаза тапқан. Ол кезде жасы жетпіс бірде болған.

Бұл кіріспенің айтайын дегені – Тоғлықтемір ханның исламды қабылдау себебі былай болған: Шейх Жамаледдинді оның жанына алып келеді. Ол келгенде хан иттерге шошқа етін беріп жатыр еді. Хан оған: «Сен жақсысың ба, әлде мына ит пе?» – дейді. Шейх: «Егер иман менде болса, мен жақсымын, иман менде болмаса, мына ит артық», – деп бұйырды. Осы әңгімеден хан әсерленіп, Ислам махаббаты жүрегіне орнығады, ол жайлы таяуда кеңірек баяндалады. Алла тағала бұйырса.

Тоғлықтемір хан – Есенбұға ханның ұлы, Есенбұғаның ататегінің шежіресі былай болған: Есенбұға хан ибн Дәва хан ибн Барақ ибн Дәвамсу (Қара Су) ибн Мамкай ибн Шағатай ибн Шыңғыс хан ибн Иусукай ибн Бертан ибн Қәбәл ибн Тұмәне ибн Байсұңқар ибн Қайду ибн Думанин ибн Бұқа ибн Бұзәнжер хан – Аланкуа Көріктіктің ұлы. (Аланкуа) пәк әйел еді. «Зафарнаманың» кіріспе сөзінде оның хикаясы былай жазылған: «Оның ішіне нұр сәулесі еніп, ол жүкті болады. Дәл осылай Мәриям Омранқызы Жәбрейілдің демімен күйеусіз жүкті болғандай екеуі де Өз және Ұлық Құдайдың құдіретінен болғаны тансық жайт емес».

Мәриямның хикаясын естігенде,  
Аланкуа тағдырына сенесің.

Бұл кітаптың мақсаты – ол әңгімелер емес. Бұзәнжер хан әкесіз анадан туды. Оның анасы Аланкуа Көріктіктің шежіресі барлық тарихнамада тегі Яфез ибн Нұхқа (ғ.с.) барып тіреледі. Аланкуа Көріктіктің аталарының әрбірінің ахуалы тарихнамаларда бар. Сондықтан бұл жерде ұзақ әңгіме керексіз.

Бұл кітапта алғашқы айтылғандай тек моғол хандарының ислам дініне кіргеннен кейінгі өмір тарихы жазылады. Ол туралы кітаптың кіріспесінде айтылды.



## 2-ӘҢГІМЕ

### ТОҒЛЫҚТЕМІР ХАННЫҢ БАСТАПҚЫ АХУАЛЫ

Моғолдың сенімді дуалы ауыздарының айтқанынан естігенім бар және әкем, әкемнің ағайындарының айтуы бойынша (Алла олардың жанын жаннатта қылғай) Тоғлықтемірдің әкесі Есенбұғаның Сатилмиш хатун атты бәйбішесі болған. Тағы Меңлік атты басқа да әйелі болған. Сатилмиш хатун бедеу еді. Сондықтан ханда бала болмаған. Хан бірде жорыққа кетеді. Моғолдардың ескі әдет-ғұрпында әйелдердің билігі бәйбішенің қолында болады. Егер қажет деп тапса сарайда ұстайды, ал олардың әрқайсысын қаласа басқа күйеуге бере де алады. Сатилмиш хатун Меңліктің ханнан жүкті екенін біліп қояды. Қызғаныштан оны Ширәввәл Дохтойға береді. Ширәввәл Дохтой мәртебелі әмірлердің бірі болған. Хан жорықтан оралып, Меңлік хатун жайын сұрайды. Сатилмиш хатун оған: «Мен оны басқаға сыйладым», – деп жауап береді. Хан: «Ол менен жүкті еді ғой», – дейді. Хан осы себептен ренжиді, бірақ моғол салты солай болған соң [13-б.] ештеме айтпайды.

Жақын арада Есенбұға хан қайтыс болады. Моғол ұлысы хансыз қалады. Моғол жұртында әркім өз басымен қалады да, ұлыс күйзеліске ұшырайды. Әмір Болатшы дұғлат<sup>1</sup>, мен пақырдың атасы болған, ол елді қайта жөнге түсіріп, тәртіп орнату жұмысына кіріседі. Тастемір<sup>2</sup> есімді адамды жіберіп, Дохтойды тауып, Меңліктің жүктілік жайын біліп, егер де ұл туған болса, ұрлап алып келуді тапсырады. Тастемір: «Бұл міндетті орындауға өте ұзақ та қашық жол жүру керек болғандықтан оған шамалы ас пен жүк тасушы ат көлігі жарамайды. Ол үшін үш жүз ешкі сыйласаңыз, олардың сүтін ішіп, елден-елге шығып, аралап, бұл мақсатқа қол жеткізу керек», – дейді.

Әмір Болатшы оның сұрағанын орындап, жөнелтті. Тастемір ұзақ уақыт Моғолстан атырабын аралайды. Содан үш жүз ешкіден тек бір көк ешкі<sup>3</sup> қалғанда Ширәввәл Дохтойдың еліне жетеді. Меңлік пен оның баласының жайын сұрайды. Оған ұл туғанын және Дохтойдан да бір ұлы бар екендігін, ол екі ұл бірге тұратынын әрі хан ұлына Тоғлықтемір ат қойғанын, Ширәввәлдың ұлының есімі Инжу Мәлік екенін айтады. Қысқасы, ол амалын тауып Тоғлықтемірді ұрлап алады да, Әмір Болатшыға қарай бет түзейді.

---

<sup>1</sup> (بو لاجی دو غلات): Болажи Дұғлат

<sup>2</sup> (تاش تيمور): Таштемір

<sup>3</sup> (كوك اوچكو): Көк ешкі

Бұл кезде Әмір Болатшы Ақсуда болатын. Шағатай хан өз иеліктерін бөліске салғанда Болатшының атасы Өртөбеге Маңлай субені берген. Маңлай Субе күнгеі беті болған, оның шығысы Қусан және Тарбұғыр [14-б.], ал батысында Самғоз және Жақышман (Жақсыман) Ферғана уәлаятының шеткі аймағы болған. Ал солтүстігі Ыстықкөл, оңтүстігі Тұрфан мен Сарыұйғырмен шектескен. Осы аймақты Маңлай Субе деп атаған. Мұнда Әмір Болатшы билік ететін. Сол заманда бұл өлкеде бірнеше үлкен қала болған. Олардың ең үлкені Қашғар, Хотан, Жаркент, Касан, Ахсикент, Әндіжан, Ақсу, Ат Басы, Қусан еді. Әмір Болатшы аталған қалалардың ішінде Ақсуда тұратын.

Тастемір ханға жеткенде оның жалғыз көк ешкісі қалған еді. Сондықтан ол Көк ешкі лақабына ие болды. Қазір де оның бір топ ұрпағы осылай аталады.

Ол Ақсуға таяғанда саудагерлер керуеніне жолығады да, бірге жолсерік болады. Мазарат асуынан өтіп бара жатқанда кенет хан мұз шатқалына түсіп кетеді. Тастемір шыдамсыздана айқайға салады. Бірақ ешкім оның жайын елемейді. Керуен асудан өтіп барып аялдайды. Тастемір Бекжак есімді саудагерлердің біріне келіп ханның хикаясын баян етеді. Ол бірнеше жолдасына бұл жағдайды айтып, Тастемірмен бірге мұз шатқалына барады. Бекжак өзі төменге түсіп, ханды аман-есен табады. Сол жерде ханнан өзіне мейірімділік көрсетілсін деп уәде алады. Одан кейін сақтық шарасын нақтылау үшін ханнан кешірім сұрап: «Егер мына шатқалдан сіз бірінші шықсаңыз, мені ешкімнің шығаруға шыдамы жетпес, ал мен бірінші шықсам, сізді шығаруға бәрі міндетті болады», – дейді. Ханнан қайта-қайта кешірім сұрап, «Арқан таста!» – деп айқайлайды [15-б.]. Арқан тастайды. Бірінші боп ол жоғары көтеріледі. Сонан соң ханды шығарып алады. Олар ханды бірге Ақсуға, Әмір Болатшыға алып келеді. Әмір мұнда оны хан етіп көтереді. Тоғлықтемір күн өткен сайын Моғолстанды түгелдей, тіпті, Шағатай жұртының<sup>1</sup> басым бөлігін азат етті. Бұл жөнінде алда баяндалады.

---

<sup>1</sup> (يورث): юрт= жұрт



### 3-ӘҢГІМЕ

#### ТОҒЛЫҚТЕМІР ХАННЫҢ ИСЛАМ ДІНІН ҚАБЫЛДАУЫ

Құдайдың сүйген құлы мәулана Қожа Аһмет (қабірі нұрланғай), мәулана Әршәдеддиннің ұрпағы еді. Ол ірі қожалар ұрпағынан шыққан өте құрметті, құт-берекелі және тақуа адам болатын (Алла олардың жанын нұрландырсын). Мен онымен жиырма жыл бойы жақын қатынаста бола тұра, тек екі рет олардың ғибадатханасы – мешіттен өзге мекенде таппадым. Ол барлық уақытында оңашада, өз ғибадатханасының бір түкпірінде құбылаға бетін бұрып, Құдайға құлшылық етумен отыратын. Ол өзі тектес тақуалардың сөзін өзгелерге өте әдемі жеткізетін. Әрбір адам түрлі себеппен тыңдай қалса, оның әңгімесінен әсерленіп қалатын.

Одан естігенім бар. Ол былай айтқан: «Менің ата-бабаларым жайлы тарихта былай жазылған: мәулана Шожаеддин Маһмұд, Хафизеддин Кәбир Бұхаридің бауыры ең соңғы мүжтәһед<sup>1</sup> болған. Қожа Хафизеддиннен кейін басқа мүжтәһед шықпады. Шыңғыс хан Бұхарада аялдаған кезде имамдарын жиып, Шыңғыс хан салты бойынша Қожа Хафизеддинді шәһид еткен. Ал мәулана Шожаеддин Маһмұдты отбасымен бірге қуғындап, Қаракорымға алып кетеді, мәулана сонда дүние салады. Қаракорымның аласапыран кезінде оның ұлы Луб Катак [16-б.] Тұрфан мен Хотан арасындағы белгілі қалаға кетеді. Ол онда қадірлі, сыйлы адам болды. Сол жерде бірнеше ұрпағы тұрды. Олардың аттарын мәуланаға түгелдей айтып берген. Әрқайсысының хал-ахуалын кеңінен баяндап берген болатын. Бірақ оның барлығы менің есімде қалмаған. Олардың ең соңғысының есімі Шейх Жамаледдин еді. Ол тақуа және байсалды кісі болған. Катакта тұрған.

Бірде жұма күні жұма намазын орындап болғаннан кейін халыққа: «Бұған дейін сіздерге көптеген уағыз бен насихат айтсақ та, ешкім құлақ асып, қабыл ала қоймады. Енді мәлім болғандай, Хақ Сұбхан тағала осы қалаға үлкен бір пәлекет жіберді. Мен осы пәлекеттен құтылуға бұйрық хәм рұқсат алдым. Бұл менің соңғы уағызым, бүгін сіздерден рұқсат сұраймын және қайыр болсын деп қиямет күніне дейін қош айтысқалы тұрмын», – деген уағыз айтты.

Шейх мінбеден түсті. Мешіттің азаншысы оның соңынан еріп, көшейін дегенде ол Шейх сөздеріне толық сенді әрі одан өзін жолсерік етуді өтінді. Шейх: «Өте жақсы болар еді», – деп бұйырды. Азаншы да жолдас болды. Олар

---

<sup>1</sup> (مجتهد): мүжтәһед – фикһ ғылымында ең биік дәрежеге жеткен ғалым



қаладан үш фәрсәх<sup>1</sup> жерге барып аялдады. Азаншы қалаға барып шаруаларын тындыруға шейхтан рұқсат алады. Шаруасын орындаған соң қайта ұлық шейхтың құзырына баруға беттейді. Қайтып бара жатқанда орталық мешіттің жанына жетеді. «Қайыр болсын деген дәстүрге орай құптан намазға азан айттайын», – деді. Мешіттің мұнарасына көтерілді. Құптан намазының азанын айтты. Азан [17-б.] айтып жатқанда аспаннан қар сияқты, бірақ құрғақ бір нәрсе жауып жатқанын көрді. Азан айтып, бір сағат тоқтады. Салауат айтып, төменге түсті. Байқаса, мұнараның есігі жабылған, шығуға жол таба алмады. Қайта аса сақтықпен мұнараға көтерілді. Қараса құм жауып, қаланы түгелдей құм басқан. Бір сағат өткен соң жер беті жақындап қалғандай көрінеді. Сақтық жасап қараса, бір қадамдай қалыпты. Баурайына түсіп, үрейден дірілдеп, жолға шықты. Түн ортасында шейхтың жанына жетіп, болған хикаяны айтты. Сол сағатта шейх жолға шығып: «Құдайдың қаһарынан алыстау болған тәуір болар», – деп барынша жылдам қаша бастады.

Сол қала күні бүгінде құм астында жатыр. Кейде жел құмды ұшырып алып кетсе, мұнараның басы немесе күмбездің төбесі көріне қалады. Жел қатты соққанда үйлердің төбесін ашып тастайды. Үйдің ішіне енсең, жиһазы сол қалпында тұр, үй иесі аксүйекке айналған. Үйде жансыз болған нәрсе ақаусыз қалған. Мұндай жайт көп көрінген. Айтпағымыз: құмның астында қалған Катак үлкен қала болған. Қысқасы, шейх Катактан Ақсу аймағындағы Айкөлге<sup>2</sup> келді. Сол кезде Тоғлықтемір Ақсуда еді. Мұнда келгенде оның жасы он алтыда болатын. Он сегізде болғанда шейхпен кездеседі.

Ол кездесу былай болған. Хан аңға шықпақ болып, ешкім аңға шығудан шет қалмасын деген жарлық береді. Аң аулап жүрген кезінде хан бақылаушылары бір отбасы жамағатымен кезігеді. Оларды байлап-матап хан алдына әкеледі. «Олар хан бұйрығын бұзып, аңға [18-б.] дайындалмай келген. Енді не істеу керек?» – дейді. Хан олардан: «Сендер неге менің әмірімді орындамадыңдар?» – деп сұрайды. Шейх: «Біз ойрандалған Катактан келе жатқан ғаріп елміз. Аң және аңның жарлығынан бейхабармыз. Әйтпесе бұйрықты бұзбаған болар едік», – деп жауап береді. Хан: «Тәжіктер адам емес», – дейді. Ол бұл сәтте иттеріне шошқа етін беріп отырған еді, ызаланып шейхтан: «Сен жақсысың ба, әлде мына ит пе?» – деп сұрайды. Шейх оған: «Иман менде болса мен жақсымын, иман менде жоқ болса, онда ит артық», – деді. Хан кенет шетке барып, «Анау тәжікті құрметпен атқа мінгізіп алып келіндер» деп біреуді оған қарай жіберді.

Моғол шейхтың алдына өз атын көлденең тартты. Шейх аттың ертоқымына шошқа қаны тигенін көріп, «Жаяу-ақ барамын», – деп бас тарғайды. Моғол оған: «Бұйрық осылай, атқа мініп бару керек», – деп баса айтады. Мәулана дәрет орамалды<sup>3</sup> ер үстіне жауып, атқа мінеді. Бір шетте жалғыз

<sup>1</sup> (فارسخ): фәрсәх – 6 шақырымға тең

<sup>2</sup> (ای کول): Айкөл

<sup>3</sup> (رويمال): орамал

тұрған ханның жүзін мұң басқанын байқайды. Шейх қасына жақындағанда хан одан: «Адамды иттен артық ететін бұл не нәрсе?» – деп сұрайды. Шейх: «Иман», – деп жауап береді. Содан кейін иман мен мұсылмандық шарттары жайлы толық түсіндіреді. Сонда хан жыларман болып, оған: «Егер хан болып тәуелсіздік алсам, есінде болсын, менің жаныма келуің керек. Әрине, мұсылман боламын», – дейді. Шейхті құрметпен шығарып салады. Осы оқиғадан кейін шейхтің әңгімесі былай болған.

Оның өте шыншыл, батыл мәулана Әршәдеддин атты бір ұлы болған. Ол да тақуа сопылар қатарында екен. Шейх оған: «Мен бір түс көрдім. Онда бір төбенің басына бір шырақты көтеріп келемін [19-б.]. Оның нұрынан бүкіл Шығыс жақ жарқырап кеткен. Осыдан кейін мен Ақсуда Тоғлықтемір ханға кезіктім», – деп өткен оқиғаны ұлына баяндайды. Менің өмірім опа етпей жатса: «Сен ол жігіттің хан болуын бақылап жүр. Өйткені ол өз уәдесін орындап, Ислам дінін қабылдар болар. Сол бақытқа еңбектенсең, сенен бүкіл әлем нұрға бөленеді», – дейді.

Шейх өсиетін айтып болғаннан кейін дүниеден өтеді. Содан жақын арада Тоғлықтемір хан болады. Бұл хабар мәулана Әршәдеддинге жеткенде Ақсудан Моғолстанға аттанады. Ұлы патша болған ханға мәулана өз тілегін айтпақ болып, қанша тырысса да кездесу мүмкін болмайды. Содан әр таң сайын хан ордасының маңында азан айтады. Бірде таңертеңгісін хан қызметшісінің бірін шақырып алып, «Осы дауысты естігелі бірнеше таң болды, бір кісі айқай салып тұр. Барып, оны алдыма алып кел», – деп бұйырады. Азанын айтып бітірмей жатып моғол жетіп келіп, мәулананың кеңірдегінен ұстап, оны сүйрей отырып хан құзырына әкеледі. Хан оған: «Сен кімсің, таңғы тәтті ұйқының кезінде айқайлап жатасың?» – деп сұрайды. Шейх: «Мен сол баяғы өзіңіз «мұсылман боламын» деп уәде берген кісінің баласы едім», – деп, болған хикаяны кеңінен баяндап береді. Хан оған: «Қош келдің. Ал сенің әкең қайда?» – деп сұрайды. Мәулана: «Әкем дүниеден өткен, бұл жұмысты маған өсиет етті», – дейді. Хан сонда: «Мен хан болғаннан бері осындай уәде бергенім ылғи есіме түсетін. Тек ол кісі келмей қалды. Енді сен қош келдің [20-б.], не істеу керек?» – дейді. Сол таңда турашылдық күн, шапағат шығысынан шыға бастап, күпірдің қараңғы зұлматын жойды. Мәулана ханды ғұсыл жасатып, иман сөзін айтқызды. Хан мұсылман болды. Енді олар иманды жайып, Ислам дінін қалай өрістету керектігін кеңесіп, былай шешім қабылдады: әмірлерді бір-бірлеп шақырып алсақ, әрқайсысы ислам дінін қабылдаса, мұратқа жеткеніміз, әйтпесе мына аятқа<sup>1</sup>: «Сондай-ақ мүшріктер сендермен түгел соғысқандай, сендер де олармен түгелдей соғысыңдар» делінді.

Таң атқан соң маған немере ата болып келетін әмір Түлек мемлекеттік мансапта болатын. Әуелі оны жалғыз шақырды. Ханның алдына келгенде хан шапырда бір тәжік ер адаммен отырғанын көрді. Әмір Түлек барып, жандарына

---

<sup>1</sup> «Тәубе», 9-сүре, 36-аят

отырды. Хан сөз бастап, Исламға шақыруды жеткізді. Әмір Түлек жылап: «осы-дан үш жыл бұрын Қашғар жақсыларының қолынан иман келтіріп, мұсылман болдым. Сізден қорқып, көрсете алмай жүрдім. Бұдан артық қандай бақыт болмақ?!» – деді. Хан орнынан тұрып, қошеметпен қасына отырғызды. Үш кісі мұсылман болды. Осылайша әмірлерді бір-бірден иманға шақырып жатты. Кезек Жарасқа келгенде ол бас тартып: «Сәнғой Бөке атты бір кісім бар. Егер мына тәжік онымен күресіп жеңсе, иман келтіремін», – деп шарт қойды. Хан және басқа әмірлер: «Бұл не деген ақылға қонымсыз шарт», – десті. Мәулана: «Осылай болғаны дұрыс. Егер мен оны жеңе алмасам, оған мұсылман болуға ұсыныс жасамаймын», – деді [21-б.]. Хан мәуланаға: «Мен ол кісіні білемін. Екі жасар түйені арқалап жүреді. Ол адам қатарына жатпайтын кәпір», – деп айтты. Мәулана: «Егер Хақ Сұбһан тағала қаласа, моғол исламды қабылдайды, әрине, бұл бақыт атыма тіркелетіні маған қуат береді», – деп жауап берді. Хан және мұсылман болған кісілер бұған риза емес-ті. Көптеп жамағат жиналған соң ана кәпірді алып келді. Кәпір алға шықты. Мәулана да ханның жанынан тұрып барды. Ол кәпір өз күш-қуатына мастанып, тәкаппарлана алға келді. Мәулана, оның ойынша, өте әлсіз көрінді. Қол ұстасып қалғанда мәулана бір қолын оның төсіне қойып итеріп қалып еді, кәпір құлап, естен танды. Бір сағаттан соң есін жиып, иман сөзін аузына ала отырып, жылап орнынан тұрды. Мәулананың ізінен ерді. Халайық қуаныштан думан құрды. Сол күні жүз алпыс адам иман келтірді де, шаштарын алды. Хан өзін-өзі сүндетке отырғызды. Осылайша ислам нұры күпір түнегіне жарық сәулесін шашты. Ислам Шағатай жұртына жайылды. Аллаға шүкір, күні бүгінге дейін Ислам дәулеті осы жоғары мәртебелі әулетте орнықты. Аталған қуатты хан бұрынғы аталарына ұқсамай ислам дінін күшейтуге барлық ынта-жігерін жұмсап келеді. Қуатты ханның ұрпақтары бұрынғы аталары сияқтанбай бірінен кейін бірі дінді күшейтуге бар ынта-жігерін жұмсап келеді. Ол жайында алда тағы айтылады.

Бұл хикаяны мен әзіреті мәулана Қожа Аһмет (қабірі нұрланғай) сенімді болған адамнан естіген едім. Бірақ моғолдар арасында Тоғлықтемір хан мәулана Әршәдеддин [22-б.] арқасында мұсылман болды деген әңгімеден өзге хикая болмаған. Дегенмен ол жайлы «Зафарнамада» жазылған. Оны сол күйінде келтіреміз.



#### 4-ӘҢГІМЕ

### «ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ. ТОҒЛЫҚТЕМІР ХАННЫҢ МАУАРАННӘҺР АЙМАҒЫНА ЖОРЫҒЫ ЖАЙЛЫ

Айтылған оқиғалардың болуына байланысты Мауараннәһр елдерінің жағдайының астан-кестені шыққан еді. Тоғлықтемір ибн Есенбұға хан ибн Дава хан, Шағатай хан нәсілінен Жете патшасы болған-ды. Шежіре бойынша сол елдердің патшалық тағы өзіне тиесілі болғандықтан қол астындағылар, ағайын-туыстар мен нөкерлерін жиып, әскерді тәртіпке келтірді. 1360 жылы (Тышқан жылы) ақпан-наурызда ел жаулау салты бойынша армандап, Мауараннәһрге жолға шықты.

Бұл кезде Термеширин ханның дүниеден өткеніне отыз үш жыл толған еді. Осы жүз жыл ішінде Шағатай ұлысында<sup>1</sup> сегіз хан патшалық құрған екен.

Тоғлықтемір хан Ташкент даласындағы Хожент өзенінің маңындағы Жаңақбұлақ<sup>2</sup> деген жерге жеткенде әмірлер, үкімет серкелерін жиып кеңес ашады. Кеңесе келе керейт тайпасынан – Ұлық Тоқтемірді, арқанут тайпасынан – Қажыбекті, қаңлы тайпасынан – Бекжакты маңғлай рәсімі бойынша<sup>3</sup> алғы шепке жіберуді жөн деп тапты. Маңғлай рәсіміне орай олар алға шығып, жүрді.<sup>4</sup> Бұл үш әмір жарлықты орындау үшін міндеттеріне кірісіп кетті.

Олар Хожент өзенінен өткен сәтте әмір Баязид Жалайыр өз қауымымен бірге бағыныштылық танытып, өз қолымен оларға қосылды. Әрі бірге Шаһрсәбз<sup>5</sup> қаласына жорыққа аттанды [23-б.]. Әмір қажы Барлас Кеш, Карши мен оның төңірегінен қол жиып, олардан қорғануға және шайқасуға атқа қонды. Алайда бұл шешімді жөн көрмеген соң, екі жақ әскері кездеспес бұрын тізгінді Хорасан жаққа бұрды.

Істі ақылға салып, шешер болсақ,  
Есен қалу шайқасудан тәуір болмақ.

---

<sup>1</sup> (الوس): Ұлыс. 1. Ұлыс күні: наурыз мейрамы; 2. Бірнеше тайпаның бірлестігі.

<sup>2</sup> (چناق بلق): Жаңақбұлақ

<sup>3</sup> (به رسم منغلاي): маңғлай рәсімі бойынша

<sup>4</sup> Бұл жерде ескертетін жайт: автор керейт, арқанут, қаңлы үштігіне «аумақ» сөзін қолданған. «Қазақ тілінің сөздігінде» «аумақ» сөзі: «ауқым», «көлем», «мөлшер» деп берілген.

<sup>5</sup> (شهر سبز) = Шаһрсәбз. 2700 жылдан аса тарихы бар. Бұрынғы аты – Кеш. Әмір Темір 736 н.к. (1335 милади) сонда туған. Қазіргі кезде Самарқанд қаласының оңтүстігінде сексен шақырымда орналасқан. 1992 жылғы санақ бойынша 53000 халқы бар. Теңізден 622 метр биіктікте тұр. ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра тізімінде бар.



## 5-ӘҢГІМЕ

### «ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ. САҢИБҚЫРАННЫҢ ӘМІРЛЕРМЕН МӘЖІЛІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЕЙ ҺУН ЖАҒАЛАУЫНАН ОРЛУЫ, СОНДАЙ-АҚ ТОҒЛЫҚТЕМІР ӘМІРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУІ ЖАЙЛЫ

Кеңес батырлықтан озат тұр,  
Кеңес алда, батырлық екінші тұр.  
Адам осы екеуін бірге ұстар болса,  
Жете алады биік белестерге қаласа.

Құдіретті даналығы әрбір істің жүзеге асуын қандай да бір себепке тәуелді етеді. Ал кез келген мақсатқа жетуді бір себепке байланыстырған. Ұлы патшалық ісі осы илаһи құдіретінің арқасында болғандықтан, оны екі адами қасиетке байланыстырды. Біріншісі – зерделі ақыл. Түнгі түнекке тап болғанда Оның нұрлы сәулесі құтылу жолды көрсетер.

Семсермен бірді-жүзді сиретер,  
Ақылмен бір қосынды күйретер.

Ал екіншісі – нағыз ерлік. Ол шайқас пен бүліктің толқыған тасқынында жүректілік пен табандылық үзеңгісіне аяқ сала білуі керек.

Қысылтаяң іс болған жерде,  
Жігер керек, бір пара төзім жетсе.

Мәртебе бойынша сана, батырлықтан алда һәм биіктеу тұр. Сананың табыстары семсер мен жебенің пайдасынан молырақ һәм ауқымдырақ [24-б.]. Семсердің өткірлігі қаншалықты айшықты болғанымен мына аятқа: «Біз саған ап-айқын жеңіс нәсіп еттік»<sup>1</sup> сәйкес алтын ақылдың тәлімінен екенін үйретеді. Жебе майдан сахнасында шамшырақтай жалтырап тұрса да жеңісі дұрыс ойдың сәулесінен пайда болады. Ал семсер дұрыс ақылға бағынып жатса, өктемдік үкімі қабылданып, жаулардың желкесінен енеді. Жебе қимылы ақылдың шешімімен болып жатса, жаудың жүрегінен орын алады. Бақыттың жалтылдаған қарашығы соғыс алаңының шаңынан үлкейе түседі, ал ұрыстың кара түнегіне жарқын ақыл нұры сәуле шашады.

<sup>1</sup> «Фәтһ» сүресі= 48, 1-аят

Дұрыс ақылмен шара қолданған кезде,  
Шағыл теңізіндей жүз қосыннан ерекше.

Бұл сөздің түйіні мынада жатқан еді: Әмір Қажы Барлас жете әскерінің бет алуынан үрейленіп, бұрынғы жұртын тастап, Хорасан бағытына жолға шықты. Шөлден<sup>1</sup> өтіп, Жейхун<sup>2</sup> жағалауына жетті.

Жаһан билеуші Жәм асқан қадірлі,  
Ақырет үрейі, жұлдызды шоғыр.  
Темір несібесі көкке жеткей,  
Оған Ұлылық иесінің мейірі болғай!

Әзіреті Саһибқыран бұдан артық тартына берсе, атажұрты біржолата астан-кестені шығатынын анық түсінді. Және мұралық билігі әлсірейтінді. Өйткені осы жылы оның әкесі Әмір Торағай Хақ кешірімінің қатарына қосылған еді.

Әке дүние салған, аға ұзақтап кеткен,  
Ел жат қолынан әуре-сарсаңға түскен.  
Қарсылас үстем, ұлыс қатерде қалған,  
Бәлекет бүркіті қанатын жайған.

Осындай жағдайда оның мұбарак жасы әлі жиырма бестен аса қоймап еді [25-б.]. Әрі оның пәк жүрегінің айнасы әлі өмір тәжірибесінің ұштауымен жарқырай түсе қоймаған еді. Қиындықтың түйінін шешуші тек қана Алланың құптауының арқасында нұрлы жолға қойылып, шексіз мейірінің құпиялы қазынасынан тауқыметті оқиғалардың шешу жолы табылмақ еді. Мына аятқа сай: «Олармен әр істе кеңесіп отыр»,<sup>3</sup> орындалып, кеңестің салты бойынша Әмір Қажының жүрегінің кітабына нақышталды. Егер мемлекет билеушісіз қала қойса, әрине, оның жағдайына есепсіз кесірін тигізеді. Оның тұрғындары, азаматтары қарсыластардың қаһары мен айласынан мүлдем жойылар еді.

Басшысыз қалған ел жаны жоқ тән сияқты,  
Жаны жоқ тән анық талқандалып қалады.

«Егер де сіз Хорасан бағытына жүрсеңіз, мен Кешке қайта оралғаным дұрыс болар. Ұлыстың емін беріп әрі қарай ханға барып, әмірлермен және үкімет басшыларымен жүздесіп, елді күйреуден сақтандырайық. Сөйтіп қалың жұрт Жаратушының аманаты әбігерге түспесін».

---

<sup>1</sup> (چول): шөл

<sup>2</sup> Әмудария

<sup>3</sup> «Әл-Имран» сүресі = 3, 159-аят

Әмір Қажы бұл сөз Алладан түскен аянының жемісі болғандықтан бақыт сезініп, ол пікірді жақсылыққа жорыды. Әзіреті Саһибқыран бақыт тізгінін сол уәлаятқа бұрып, аттанды. Хұзар мекеніне жеткенде Қажы Маһмұд шаһ Иәсуридің Жете әскерінің алдыңғы бөлігінде жол бастаушылықта жүргенін, қалың топтың асыға алға жылжып жатқанын және қомағайлана, тістерін қайрап осы уәлаятты тонап, талан-таражға салып, оның қазынасымен тойымсыз арманының қапшығын толтыруға осы өлкенің мал-мүлік, жиһазына көз тіккенін көрді. Олар ұрлап, талап қалталарын толтыруда екенін көрді. Әзіреті Саһибқыран, Қажы Маһмұд шаһ Иәсури қонған бақытының көмегімен оны жұбатып: «Сіз осы арада біраз аялдадыңыз. Мен әмірлермен жолығып, олардың қолдауымен ғана қазіргі жағдайға керегін шешемін» [26-б.], – деді. Олар алға ұмтылуға қаншалықты құштар болса да, оның сөзін көктен түскен бақыт санап, қарсылық көрсетпей, оны тағдыр үкіміндей қабылдап, сол жерде тоқтады.

Әзірет Саһибқыран аман-есен жолға шықты. Ол Кешке жеткенде Жете әмірлері сонда жеткен болатын. Осындай үш әмірмен жолығады. Оның маңдайынан көк тәңірінің жарық сәулесін көрген олар салтанатпен қарсы алып, құрмет көрсетіп, ханға бағынғанына мадақтау айтты. Сонымен әмір Қаражардың түмені және Кеш уәлаяты мен оған қарасты аймағы бірге Саһибқыран қарамағына өтті. Түйінді шешуші құт шараның арқасында сол өлкеге бет алған қаһар мен пәлекеттің сел тасқыны тоқтады. Орнына осы өлкенің тұрғындары үмітін үзген игілік пен мейір жаңбыры жауа бастады.

Қайғы сенің арқанда шаттанады,  
Ғұмыр сенің назарыңда мәңгі жасайды.  
Дауыл сенің ауылыңның шаңын тозаққа алып кетеді,  
От түгелдей тіршілік өзеніне айналады.

Осы мазмұнға орай көрініс тапты. Алысты көре білмейтін пенделер ол әзіретке бұл жағдай ұлан-ғайыр дәулет деп ойлаған. Бірақ тағдыр мың бір тілмен мәнін жеткізген болатын.

Жұпарыңды таңғы самал таратпады әзірше,  
Күте тұр саған таңғы самал желпінгенше [27-б.].

Әзірет Саһибқыран жете әмірлерінің жанынан қайта оралып, бар ықыласын ел басқару ісі мен ұлысты қорғауға жұмсады. Ол Сәбз қаласынан Жейһун жағалауына дейінгі өлкеден қол жинауға жарлық берді. Қысқа мерзім ішінде үлкен әскер жиналды. Ол жерден шығып, әмір Хәзр Иәсуриге қосылды. Сол кезде жете әмірлерінің арасында алауыздық туды. Олар өз әскерімен ол аймақтан кетіп, Тоғлықтемір ордасына<sup>1</sup> келіп қосылды. Әмір Баязид Жалайыр өз адамдарымен әзірет Саһибқыранға және әмір Хәзр Иәсуриге келіп қосылды.

---

<sup>1</sup> (اردو): орда





## 6-ӘҢГІМЕ

### «ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ. ТОҒЛЫҚТЕМІРДІҢ МАУАРАННӘҺР ӨЛКЕСІНЕ ЕКІНШІ ЖОРЫҒЫ ТУРАЛЫ

Тоғлықтемір хан Мауараннәһр мемлекетінің билігіне қол жеткізу үшін сансыз әскер жинап 762<sup>1</sup> – Жылқы жылы<sup>2</sup> көктем айында осы өлкеге сапар шекті. Ол Хожентке жеткенде әмір Баязид Жалайыр оған бағыныштылық танытып бас иді. Әмір Баян Солдыз бас игендік ниетпен оны қарсы алу үшін Самарқандқа дейін келді. Әмір Қажы Барлас алғашқыда қарсыласқанына қарамастан тәуекел етіп ханның алдына барды.

Бұл аралықта хан әмір Баязидті ұстап өлтіруге жарлық берген болатын. Әмір Қажы Барлас осыдан соң үрейленіп, қашуға бел буып, Кеш уәлаятына бет алды. Өз ұлысының бір бөлігін Жейһун<sup>3</sup> өзенінің арғы бетіне көшірді. Жете әскерінің көбісі оның соңынан қуа келіп [28-б.] шайқас бастады. Осы шайқаста Жоғам барлас қаза тапты. Әмір Қажы Хорасанға кетті. Сәбзеуар уәлаяты, Жовейн қаласы маңындағы Хораше ауылына жеткенде бір топ қарақшы оны Едіге<sup>4</sup> бауырымен бірге қапелімде қолға түсіріп, өлтірді. Көп ұзамай Хорасанды жаулап алғаннан кейін әлемді жаулаушы Саһибқыранның ыза-кек семсерімен олардың бір тобы өлтірілді. Содан сол ауыл Темірдің тартуы ретінде әмір Қажы ұрпақтарының мұрагерлік мүлкіне айналды. Тұрғылықты халқы әлі күнге олардың жұмысшысы және іс жүргізушілері болып келеді.

Жете әмірлерінің ішінде ханға еркін кіре алатын тек Әмид болатын. Ол Көлкүт тайпасынан<sup>5</sup> еді және өз ағайындары мен құрбы-құрдастарынан кемел ақыл, асқан парасат және айрықша қабілетімен ерекшеленіп тұратын. Сондықтан ол ханға үгіт-насихат және игі ниетпен бірдеме айта қойса құпталатын. Осы аралықта ол Саһибқыранның батырлық пен батылдығы жайында ханға біршама айтып жеткізген болатын. Сөйтіп, ол әзіретке мұрагерлік мұрасы ретінде тиісті уәлаятына рақымшылық жасауды сұрады. Хан оны мұқият тыңдап, пікіріне қосыла отырып елші<sup>6</sup> жіберіп, Саһибқыранның алдына келуін талап етті. Әзіреті Саһибқыран оның ым-ишаратымен ханның алдына келді.

<sup>1</sup> 1361 милади, көктем

<sup>2</sup> (اد بئل): Жылқы жылы

<sup>3</sup> Жейһун – Әмудария

<sup>4</sup> (ايدگو): Едіге

<sup>5</sup> (اوماق): аумақ: «тайпа, ру» мағынасында қолданылған

<sup>6</sup> (ايلچى): елші

Хан оны ізгі ниетпен қабылдап, құрметтеді. Кеш уәлаяты және түменнің<sup>1</sup> мұрагерлік иелігін, оларға тиісті нәрселерді оған тарту етті.

Хан сол қыста әмір Үсейінмен соғысуға бел буып, оған қарай бет алды. Әмір Үсейін де әскерін жиып, Вэхш өзенінің жағасына келіп ордасын тікті. Хан [29-б.] Дәрбәнд-е Аһәниннен өтіп, сонда жеткенде екі жақтың әскері бір-бірінің қарасын көріп, сап түзеді. Осы кезде Кейхұсрау Хотлани өз қолымен әмір Үсейінді тастап, сапты бұзып, хан әскеріне келіп қосылды. Әмір Үсейін бұл жағдайды көріп қаша бастады. Жеңімпаз хан оның артынан қуып, Жейһуннан өтіп, Құндызға дейін келді. Оның әскері осы өлке мен атыраптағы ел<sup>2</sup>, ұлысты<sup>3</sup>. Үндікеш<sup>4</sup> асуына дейінгі аралықта тонады. Көктем мен жазды олар осы аймақтың төңірегінде, шеткі аудандарында өткізді.

---

<sup>1</sup> (تومان): түмен – саны он мыңға жететін әскери бөлік

<sup>2</sup> (ایل): ел

<sup>3</sup> (الوس): ұлыс

<sup>4</sup> Гиндукеш – Үндікеш



## 7-ӘҢГІМЕ

### «ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ. ТОҒЛЫҚТЕМІРДІҢ ӨЗ ОРДАСЫНА ОРАЛУЫ ТУРАЛЫ

Күз түсісімен хан Самарқандқа бет алды. Жол-жөнекей әмір Баян Солдызды моңғол шариғаты бойынша<sup>1</sup> өлтіруге жарлық берді. Самарқандқа келгенде Мауараннәһрдың билігі толығымен оның қолына көшкен еді. Барлық әмір мен нояндар<sup>2</sup> шарасыздықтан оны мойындады. Хан сенімсіздік білдірген адамдарын өлтірді, ал сеніміне кіргендерге ілтипат көрсетті.

Мауараннәһр өлкесіне ұлы Ілияс Қожа оғланды билеуші қылып тағайындады. Жете әскерінің ішінен бәрінен озат Бекжакты оның қызметіне тағайындады. Ал Саһибқыранды ерекше құрметтеп, ұлының қасында қалдырды. Өйткені болған оқиғалар барысында әзіреттің батырлығы мен ерлігінен парасаты байқалатын. Сол үшін мемлекет істерінің [30-б.] орындалуын оның ақыл-парасатына жүктеді. Ал өзі сән-салтанат пен жеңісті күйде ордасына оралды.

Жеңіс қызметінде, жетістігі жанында, дәулет жары,  
Арқасүйер құт-бақыты – айбынды, тасқан күші.

Тоғлықтемір Мауараннәһрдан қайтып оралды. Жете әмірлерінің басшысы болып әмір Бекжак сайланды, ал сол елдің билігін жүргізу ісі әзірет Саһибқыранға тапсырылды. Әмір Бекжак хан жарлығын орындаудан бас тартып, зорлық пен жаулық жолына түсті. Елде қысым көрсету, зәбірлік, бүлік орын алды.

Айбынды Саһибқыран хан жарлығының орындалмай, мемлекет істері өз арнасынан ауа бастағанын – осының бәрін өз көзімен көргендіктен, енді бұл жерде қалуды жөн көрмеді. Ол әмір Үсейінді табу мақсатында жолға шықты. Әмір Үсейіннен еш хабар болмағандықтан оның жағдайына қанығайын деп сахараны аралауға шықты.

Қысқасы, осы жағдайлар жайлы моғолдардың ауызша әңгімесі мына шамада болған: Самарқандқа дейін ғана Тоғлықтемір билігінде болған. Бұл жайлы одан артық мәлімет жоқ.

Алдыңғы тарауда Тоғлықтемір хандығын құрған әмір Болатшы екендігі айтылды. Сондай-ақ Шыңғыс ханнан мұра етіп берген тоғыз мансап – Тоғлық-

---

<sup>1</sup> (ياساق): ясақ – моңғол шариғаты деген мағынада. Түркі-моңғол сөзі

<sup>2</sup> (نويان): ноян – «ханзада», «косын әмірі» деген мағынада. Түркі-моңғол сөзі

темір ханның қол қойған жарлығы жөнінде айтылған болатын. Бұл тоғыз артықшылық жарлық бойынша менің отбасыма мұра боп жеткен еді. Мен өз көзіммен көрдім, онда моғолша: «Құндызда жазылған» деген жазу болатын. Осы жарлықтағы Құндыздың аталғанына орай [31-б.] Тоғлықтемірдің билігі Құндыз аймағына дейін жүргендігін дәлел етеді. Ал «Зафарнама» жазбасынан ханның 764 жылы<sup>1</sup> қайтыс болғаны белгілі. Ел аузындағы әңгімелерде әмір Болатшы ханды қалмақтан он алты жасында алып келген, ал он сегіз жасында хан болған дейді. Жиырма төрт жасында мұсылман болған, ал отыз төрт жасында дүниеден өткен. Оның туған жылы – 730<sup>2</sup> жыл.

---

<sup>1</sup> 764 һижри қәмәри – 1362–1363 милади

<sup>2</sup> 730 =1329–1330



## 8-ӘҢГІМЕ

### ІЛИЯС ҚОЖА ХАН ТУРАЛЫ

Ілияс Қожа хан жайлы моғолдар арасында еш мәлімет жоқ. Мен Ілияс Қожа хан жайлы тек өз әкемнен естігенім ғана есімде (Алла оның қабірін жарық қылғай). «Зафарнамада» ол жайлы тілге тиек еткендей болады. Мен де мұнда сол жазбаларды айнытпай келтіремін.



## 9-ӘҢГІМЕ

### «ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ. ӘМІР ҮСЕЙІН МЕН ӘЗІРЕТ САҢИБҚЫРАННЫҢ ТАЙХАНҒА ЖӘНЕ БАДАХШАНҒА ЖОРЫҒЫ ӘРІ ОЛАРДЫҢ ПАДИШАҢЛАРЫМЕН БЕЙБІТ КЕЛІСІМГЕ КЕЛУІ ЖАЙЫНДА

Әмір Үсейін мен әзіреті Саһибқыран бірге Құндызға аттанды. Ол жерде Болдай<sup>1</sup> елін жиып, Бадахшан бағытына жөнелді. Олар Тайханға кеп жеткенде ажырасып жүрген күндердегі сілекейінің ащы суын «өзара келісімге келіп жарасу – қайырлы іс»<sup>2</sup> деп бейбітшіліктің тәтті дәміне малындырды [32-б.]. Бадахшан патшаларымен келісімге келіп, кез келген сәтте үкіметтің мазасыздануына себеп болатын қарсылықтан туындайтын үрейді мүлдем жойды.

Олар одан Арһәңгқа оралды. Өзеннің арғы бетіндегі Сали-Сарай бағытына өтіп, Хатланға беттеді. Одан шөлге келді. Шөлден өтіп, Күлік даласына қос тікті.

Түнде мына үкімге сай: «сондай-ақ түнді тынығу үшін жараттық»<sup>3</sup> тынығу шабытына бөленді. Әзірет Саһибқыран демалуға беттеп, етігін шешкеннен кейін әмір Үсейін қабылдауында болуды өтініп, адам жіберді. Өтініші мақұлданған соң мәжіліске келді. Бас қосқандар Болат Бұға мен Шир Баһрам болды. Әмір Үсейін әзірет Саһибқыранға Шир Баһрамның шағымын: «Дәл біз жаумен бетпе-бет келген сәтте ол елге қайтамын деп, ажырасқысы келіп, мәрттік пен табандылықты келісім мен достықтан іздемейді», – деп бастады. Бақытқа бөленген Саһибқыран оған түрлі насихат айтты, сөкті де, бірақ оның жауабы мына мазмұнда болды:

Менде тыңдар құлақ жоқ.

Әмір Үсейін оның [33-б.] бірбеткей қасарыспа ісіне қанша ашу оты лаулап тұрса да, жағдайға қарап шыдап бағуды жөн көрді.

Ер қанша мықты, күшті болса да,  
Кейде-кейде ашуын жұту керек сонда да.

<sup>1</sup> ( ایل بولداي، نولداي، بولدان ) = Болдай ел

<sup>2</sup> «Ниса» сүресі = 4, 128-аят

<sup>3</sup> «Әнһам» сүресі = 6, 96-аят

Ақырында Шир Бахрам Белжуанға қарай бет алды. Осы аралықта Тоғлық Солдыз бен Кейхұсрау жете әскерін басқарып, біршама жете әмірімен жорыққа шықты деген хабар анық болды. Темір Түмекенұлы, Сарық, Шенкөм, Тоғлық Қожа Қажыбектің бауыры және Көштемір Бекжақұлы, тағы басқа Ізәре әмірлері және қосыны жиырма мың жауынгермен Жаладан Пол Сэнгинге дейінгі аралықта орналасты. Ал мына жақта алты мыңнан көбірек жауынгер мұбарак ордасында бар еді. Өзірет Саһибқыран пәк қағиданың жақтаушысы, мынаған сай: «Алланың рұқсатымен қаншама аз топ көп топты жеңген»<sup>1</sup>, – деп шынайы, ықылас құлақпен жеңісті ғайыптан еститін. Әрі дәулетінің күн сайын артып жатқанын Илаһи құптауымен жалтыраған айнасында жеңістің жаңғырығын сенім көзімен [34-б.] көретін.

Егер әлемдегі теңіздер ақуладан толып кетсе,  
Егер тауды да, даланы да барыс жайпап кетсе,  
Бақыт біреуге жар болып, қонып жүрсе,  
Бір тал шашына да зақым келмесі анық сонда.

Саһибқыран екі мың батыр жауынгермен тәуекел етіп, жауға қарай алғы шепке шықты. Екі жақтың әскері Пол Сэнгинде кездесті. Мына аятқа сай: «таңсәріге ант»<sup>2</sup> таңғы ас уақытында салтанат туы көтеріліп, «тыныш тапқан түнге ант»<sup>3</sup> түн жалауын нысанаға алғанша соғыс отының шұғыласы «жалынды от»<sup>4</sup> хикаясын айтып тұрған жаяу әскер мен аттылының у-шуы «Жер алапат сілкініспен сілкінген кезде»<sup>5</sup> құлақ пен жанның тұсынан жебе зуылдап бара жатып: «жалындаған оттай қуалап»<sup>6</sup>, адым жерге жібермей көзін жояды. Найзағай оғы: «Олардың көздерін найзағай жұлып әкете жаздады...»<sup>7</sup> – дегендей, жүрек көздерінде жаңғырып жатты. Шынында, өткір тілдің мағынасы: «Сонда аяқтарын, мойындарын сипай бастады»<sup>8</sup>, – деп желге нақты дәлелдермен ілесіп: «Толысқан оқиға, қандай толысқан оқиға десеңші?»<sup>9</sup> – аятқа сай айқын жүзеге асты [35-б.].

Түн жарымына дейін батыр жауынгерлер екі жақтан бетпе-бет келіп, Пол Сэнгин басында соншалықты алысқандықтан бірде-бір жігерлі жүрек баһадүрдің шыдам тамшысы қалмады. Түн ортасы ауа екі жақтың әскері де

---

<sup>1</sup> «Бақара» сүресі = 2, 249-аят

<sup>2</sup> «Дұһа» сүресі = 93, 1-аят

<sup>3</sup> «Дұһа» сүресі = 93, 2-аят

<sup>4</sup> «Қариһа» сүресі = 101, 11-аят

<sup>5</sup> «Зелзал» сүресі = 99, 1-аят

<sup>6</sup> «Сафат» сүресі = 37, 10-аят

<sup>7</sup> «Бақара» сүресі = 2, 20-аят

<sup>8</sup> «Сад» сүресі = 38, 33-аят

<sup>9</sup> «Қариһа» сүресі = 101, 1-2 аяттар



тізгіндерін ұрыс алаңынан шетке алып шықты. Қарсыластың әскерінің көптігі шектен тыс болды. Сондықтан Әзірет Саһибқыран батырлық семсерін жарқын ой-парасаттың сәулесіне жарқыратпаса, жеңіс бейнесін көре алмайтынын түсінді. Сондай-ақ батырлық жебе парасат саусағынан атылмаса, зуылдаған дауысынан жеңістің сүйінші хабарын ести алмайтынын сезді. Сөйтіп биік ойын осы соғыс оқиғасының дайындау барысына шолу жасауға жұмсады. Содан шайқас жобасының жақсартылуы оның құптау қаламымен көңіл бетіне жазылды.



## 10-ӘҢГІМЕ

### «ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ.

### ӘЗІРЕТ САҢИБҚЫРАНЫҢ ПОЛ СӘНГИН ЖАҒАЛАУЫНАН ҰРЫСҚА ШЫҒУЫ ЖӘНЕ ЖЕТЕ ӘСКЕРІНІҢ КЕЙІН ШЕГІНУІ ТУРАЛЫ

Әзірет Саһибқыран әмір Мұса мен әмір Мүәйед арлат және Үшқара баһадүрдің мың бес жүз жауынгерін мыңға татитын әрбіріне бес жүз әскерді басқартып, Пол Сәнгінде жау қосынына қарсы қойды. Ол құт демімен соғыс майданының шаңын көз сүрмесі етуді армандап жүрген мың бес жүз атты жауынгермен бақ заманында бақытқа қарай өзен үстінен от майданына қадам басты. Кектің жарқын майданында түн ортасының түнегінде салмен<sup>1</sup> өзеннен өтті. Әрі тау жаққа қарай бет алды.

Келесі күні бағынбаушылардың қарауылы<sup>2</sup> ат тұяғының ізінен қосынның өзеннен өткенін байқады. Сондықтан оларда үрей пайда болды. Түн болған соң:

Жаһан басына қара жібек жабылды,  
Сүрме түнек қармағына ілінді.

Ел жаулаушы, жауға тұсау салушы әзірет Саһибқыран: «Биік таулардың басына от жағыңыз!» – деп бұйрық берді. Бұйрық бойынша іске кірісіп, биік таулардың басына от жағылды. Оны көрген қарсылас қосын от жалынын [37-б.] әскер қарасы ма деп үрейге беріліп, қорқыныштан аяқтары дірілдеді, құты қашқандықтан үзеңгіге аяқ салып, төзімділік тізгінін үрей қолына ұстатып, бақытсыздық бетін қашуға қарай бұрды. Жаратушының көмегімен сондай қалың қол, яғни бір аттыға семсер мен жебесі бар он жауынгердің болғанына қарамастан шайқаспай-ақ күйрей түсті. «Алла кімді қаласа, өз жәрдемімен қолдайды»<sup>3</sup>. Бәрекелді, жарқын ойдың дәл нысаны жеңіс ұраны болды. Өйткені алыстан лаулап тұрған от жалыны кекшіл қарсылас һәм жаһанға шүйіре қараушының салтанат қырманын жағып жіберді. Олар семсермен қаруланған, тұлпарға мінген бірнеше мың майдан батырлары, әмірлер мен сардарлар болған.

<sup>1</sup> (سال): сал – терең сулардан өту үшін бір-біріне байластырған бөрене кеспелтек ағаштар

<sup>2</sup> (قراول): қарауыл: белгі

<sup>3</sup> «Әл-Имран» сүресі = 3, 13-аят

Бір-ақ жаяу сарбаз табандылық таныта қойса,  
Бір аттының күшімен бір елді болар еді жаулауға.

Ғажабы, Алланың ілтипатымен медет алған оған кім тең келер әрі ол Алланың ізеті, таңдаулысы болса. Оған жамандық ойлаған міндетті түрде қорланып, тағдыры теріс айналар еді.

Әлемді нұрландырушы шаһтың пейілі жаман болғанға,  
Қорлық пен бағы қайтудан өзге ештеме болмас.

Жаулары абыр-сабыр болып қаша бастағанда әзірет Саһибқыран жеңіс таңбалы қосынымен қаһарлы арыстандай, толқып тасыған ұшы-қиырсыз селдей тау белестерінен төменге қарай ағылып, Кәжрат майданына жетіп, өмір күйретуші семсер және жанды шаншитын найзамен [38-б.] олардың ғұмырын жойып жіберді.

Сол жолда көптеп жау қаза тапты,  
Дала жаппай төбе мен белеске айналды.

Сол жеңісті мекенге шаттық пен қуанышқа бөленіп тоқтады. Артынша әмір Үсейін де қалған қолмен жетті. Осы бағалы жеңістің самалы арасынан биік бақыт талының бұтағы жасылданып, нәр алды. Содан арман-тілектердің гүлзары жаңарып, айрықша бақылауға алынды. Көпшіліктің демеу жалауының арқасында биліктің шыңына жетті. Патшалық пен әскери сән-салтанаты бірден есейіп, мыңға ұласты.

Қосынның барлығы қол мен көңілге қуат жиды,  
Саһибқыранның жаңа бақытымен есін жиды.

Осы жеңіс әзірет Саһибқыран мәртебесін биіктете түсті. Содан ол билік пен басшылық майданында өз қаулы-қарарын кеңінен енгізуге мүмкіндік алып, өзінің екі мың жауынгерімен жолға шығып, Қәһлеге қамалына жеткенде, Кеш пен сол аймақ тұрғындары шат-шадыман көңілде лек-легімен келіп, оның бақытты нөкерлері қатарына қосылып жатты. Әзірет Саһибқыран өзінің екі мың жауынгерінен үш жүз әскерді іріктеп алып, мұбарак үзеңгісіне ертіп алды да, қалған жеңіс таңбалы қосынын сонда қалуға бұйырды. Үш жүз атты жауынгердің екі жүзін әмір Сүлеймен [39-б.] барлас, әмір Жакуй барлас, Баһрам жалайыр, әмір Жалаледдин барлас және әмір Сейфеддин мен Жолтемірге қосып, Кеш бағытына жөнелтті. Сонда: «Төрт қосынға<sup>1</sup> бөлініп, әрбір атты жауынгер екі жағына жапырақты екі үлкен бұтақ байлап жүргенде кою шаң көтеріледі,

---

<sup>1</sup> (قوشون): қосын

қарауыл сонда болса, каша бастайды», – деп бұйырды. Олар бұйрық бойынша жұмысты орындап, шара тағдырға сай іске асты. Өйткені Кеш жазығына жеткенде қою шаңды көрген Жете қарауылы үрейленіп қашып кетті. Олар осылай Кеш қаласына кіріп, қаланы қолға алуға кірісті.

Бұл да – Алланың шексіз ілтипатынан болған іс. Себебі патшалықтың берік іргесі үшін кейде от жалыны бір қосынның күйреуіне жол ашса, кейде шаң-тозаңның көкке көтерілуінен әскер талқандалып, бір мемлекет жауланды.

Тіл-көзден аулақ, бұдан артық істі жасау мүмкін болмас.

Бұл кезде Илияс Қожа хан ордасы Тасарықта<sup>1</sup> орын тепкен еді. Ол жер Кеш қаласынан төрт фәрсәх<sup>2</sup> қашықтықта орналасқан болатын. Мұнда әйгілі әмірлердің бас қосуы жүріп жатты және сан жетпес қалың қол да осында еді. Өйткені осы кезде Тоғлықтемір өз ордасында қайтыс болып, ұлық Тоқ Темір мен әмір Әмид Илияс Қожа ханды әкесінің тағына отырғызу үшін алып кетуге келген-тін.

Әзірет Саһибқыран өзіне нөкер болуға лайық жүз атты жасағымен түнделетіп, Хозарға келеді. Таң атты, іздеушілер жолдан жетіп, күн патшасы шығысқа қарай көңіл бөліп, қозғала бастады. Халық ол мұбарак әзіреттің келгенінен хабардар болып, оған келіп тағзым етіп, жерді сүюге асықты. Ол әзірет Хозар мен Кештен жасақ жинауға бұйрық берді. Сондай-ақ Қожа Салбериді оларға қолбасшы етті. Өзі айбынды әскермен Жекдаликке жолға шықты, ол жерге жеткенде бақытпен [40-б.] қоныс тепті. Мұнда оларға шейх Мұхаммед, Баян Солдыздың ұлы жеті қосын әскерімен келіп қосылды. Осы жерде жеті тәулік аялдады. Әмір Үсейін де өз әскерімен бірге сонда болды. Олар әзірет Саһибқыранның Қәһлегеге қалдырған қолы болып, кейін келіп қосылған болатын. Шиір Баһрам Күлік даласында бөлініп, өз еліне кеткен болатын. Қырық үш күннен соң Хатлан әскерімен қайта келіп қосылды. Әмір Үсейін мен әзірет Саһибқыран Барлық қолымен Хозарға бет түзеді. Онда олар Қожа Шәмсәддиннің мазарына барып тағзым етіп, дін жолындағы оның пәк, ұлы рухынан медет сұрады. Осылайша өзінің Аллаға деген ықылас пен шынайы иманын тағы бір рет баян етті.

Бірлік барда әлемді жаулап алуға болады.

---

<sup>1</sup> (تاش اریغ): Тасты арық – мекен аты

<sup>2</sup> (فارسخ): фәрсәх – 6 шақырымға тең



## 11-ӘНГІМЕ

### **«ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ. САНИБҚЫРАННЫҢ КӨРГЕН ТҮСІ, ОНДАҒЫ ЖАҚСЫЛЫҚ НЫШАНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ІЛИЯС ҚОЖА ХАНМЕН ШАЙҚАСУҒА НИЕТІ ТУРАЛЫ**

Пайғамбар айтты (Алланың оған сәлемі болғай): «Жақсы түс – пайғамбардың қырық алты сыйының бірі». Бақыт иесінің дәулетті маңдайына Сұбхан Алланың ілтипаты оның жаратылыс бастауынан бойлап, мына қазынасынан «Біз сені Жердегі билеуші еттік»<sup>1</sup> құнды шапанмен сәндейді. Оның нұрлы ішкі айнасын жарқын жеңіс сәулесі нұрландырады, сонымен ғарыштың ғайыптағы құпиясы көріне бастап, перденің сыртында жасырын істері оның санасында оқиғаның пайда болуынан бұрын қателік пердесін аша алады. Сондай-ақ ғайып әлемінің терезесінен адам рухы келешектің ахуалын болмай жатып көре алады. Бұл – мүбарак хадисте жазылғандай қиял терезесі.

Менің суретші қиялыма бұл мағына ұнады,  
Біздің сүйіктінің бейнесінен сурет салған-ды [41-б.].

Жүсіп Сыддық (Алланың сәлемі болғай) әкесі мен бауырларына кішіпейілдік көрсетіп, мына аятқа орай: «Әке-шешесін таққа отырғызды. Олар оған сәждеге жығылды»<sup>2</sup>, – деп хабар береді. Бұл оқиға болардан бірнеше жыл бұрын аталған терезеден көрген еді. Меккені (Алла оның шарапатын бергей) мына мүбарак мазмұн: «Расында Алла пайғамбардың түсін ақиқатқа сәйкес тура шығарды»<sup>3</sup>, – деген аят оның әңгімесіне сай болды. Сондай-ақ алдын ала Құдайдың айқын сөзі пайғамбарлар сұлтанының (Алланың сәлемі оған болғай) аян қабылдаушы жүрегінде сондай жолдың, яғни аян арқылы нақышталып қалатыны. Ал бұл керемет мемлекеттік істер мен патшалықтың мәслихатына қатысты болғанда сұлтандар, ұлы патшалар және хандардың таққа отыруы мұрагерлік арқылы жүзеге асады. Әзірет Саһибқыранның басынан өткен оқиға тәрізді. Сонда ол бір қорқынышты жағдайға тап болды, жау әскерінің бір қосыны мен оның азғана жауынгері қарсы шығып, соғысу керек еді. Бір күні таңғы шай уақытында осы жөнінде ойлап отырған. Ой үстінде мызғып

---

<sup>1</sup> «Сад» сүресі = 38, 26-аят

<sup>2</sup> «Жүсіп» сүресі = 12, 100-аят

<sup>3</sup> «Фәтһ» сүресі = 48, 27-аят

кетіп, айқын және анық тілмен: «Қуана бер, қам жеме, өйткені саған Құдай Тағала жеңіс сыйлайды», – деп үндеген бір дауыс естіді. Ұйқыдан оянған сәтте қателеспегенін анықтау үшін сонда отырғандардан: «Осы уақытта біреулер бірдеме сөйледі ме?» – деп сұрады. Барлығы бірдей: «Жок», – деді. Содан ол әңгіме ғайыптан құлағына жеткендігі анық болды. Ол самал мейір бағының сүйіспеншілік хош иісін алып келіп, оның Аллаға сенімі беки түсті. Ол жүрегі батылданып, көңілі марқайып, әмір Үсейіннің қасына келіп, болған оқиғаны айтып берді.

Бұл хабардан соң барлығы да бұл сүйінші хабардан арқаланып, рухтана түсті (Аланың бір ишаратына). Бағынышты көңіл оралып қалған бір қауыздай болған-ды, ғайыптан келген хабардан соң таңғы самал есуімен гүлдей боп ашылды.

Шаһ пен әскерді ойлап, көңілі мұңды болған,  
Сол бір қуанышты – сүйінші хабардан шат болған.



## 12-ӘҢГІМЕ

**«ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ.  
ӘМІР ҮСЕЙІН МЕН ӘМІР ТЕМІРДІҢ ЖЕТЕ ӘСКЕРІМЕН  
ШАЙҚАСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖЕҢІСІ ТУРАЛЫ**

Әмір Үсейін және Әзірет [42-б.] Саһибқыран патшалардың патшасы, ұлық һәм мәртебелі Аллаға мадағын айтып, шүкіршілік етіп, шаттық сезіммен бар сақтықты ескере отырып екі қолды<sup>1</sup> жасақтап, атқа қонды. Әмір Үсейін оң қанатты қарауына алып, соғыстың жеңімпаз байрағын<sup>2</sup> көтерді. Ал әзірет Саһибқыран ең батыл, ержүрек жауынгер болғандықтан, сол қанатты жеңіс жалауын желбіретер орталық етті. Осылайша сап түзеген олар ұрысқа шықты.

Жау әскері Тасарықта қос тіккен еді. Олар да дәл осылай екі қол жасақтап, соғыс майданының сол жағын: Илияс Қожа хан мен әмір Әмид қолын ретке келтірді. Ал оң қанатына Тоқ Темір мен әмір Бекжак көрік берді. Екі жақ әскері ызалана дөреке сөз айтып, бір-біріне қарсы бет түзеді.

Дәуір де, жер де сілкіне түсті,  
Жер жүзі ұшқысы келіп тұрғандай.  
Аттардың кісінеуі мен қосынның тозаңы,  
Күн нұрын да, ай сәулесін де жасырды.  
Әскер түгелдей айқай-шуға басты,  
Найзаларын бұлтқа қарай желпілдетті.

Екі жақтың әскері Қыбымын мекенінде бір-бірімен жүздесті. Даңғыраның дабылы, жауынгерлердің айқай-ұйғайымен көк күмбез де жаңғырып тұрды. Әуелі әзірет Саһибқыранның алдынан тәкаппарлана өздерінің асқан ыза-кегін көрсету үшін қарсыластардың әскері өтіп, күрес көлігін жарыс майданына қосты. Ал әзірет дінгек етіп, бекінген орталықта өз дәулетінің іргесін бекемдей түсті. Аталған жеңістің үзеңгісіне аяғын салып, құпталған қолдаудың арқасында садақ пен жебеге қол созды. Соғыс майданының сол жақтағы қолын әліп<sup>3</sup>, оң жақтағысын дал<sup>4</sup> сияқты түзеді.

<sup>1</sup> (قول): қол – әскер, жасак, жауынгер

<sup>2</sup> (بيرق): байрақ, жалау, ту

<sup>3</sup> «ә» арабшада – әліп әрпі тік таңба

<sup>4</sup> «д» арабшада – дал әрпі екі ұшты шеңбер тәрізді таңба, нұн әрпі дөңгеленген шеңбер



Жебесі әліп, нұн мен дал қуысынан,  
Жаман пейілдінің төсіне зуылдатқан [43-б.].

Жауынгерлер шаһтың үкімімен айдың айналасындағы жұлдыздай аспан садағынан лап етіп, от шашқан жебесін дұшпандарға жаудырды. Өткір жебені: «Жалынды жұлдызды шайтандарды атуға жасадық»<sup>1</sup> жүрегі қан жылағандардың халіне орай: «Барлығы ол үшін сәждеге жығылды»<sup>2</sup> еселей түсті. Қарсылас қосынның баһадүрлері кек отының қарқынынан желдей зуылдап келіп, жаңбыр суындай жерге қарай ағылып жатты. Кейбірі өмір нәрінен айырылып қалса, кейбірі от жалынды жебенің келтірген зақымына шыдас бере алмай, жерге сұлап жатты.

Жауынгер желсіз-ақ кек отынан жалындады,  
Жебе жарасы абыройын қандай жерге төкті.

Өлгендер арасында Бәһрин қауымынан даңқты екі жауынгер болды. Олар көк теңізде адам жейтін кит болған, ал шайқас тоғайында піл аулайтын арыстан болған. Сондықтан шаһ та, әскер де оларға арқа сүйеп, өздеріне сүйеніш пен мақтаныш еткен. Және жараланып құлағандар Тоқ Темір баһадүр, Бекжактың бауыры Бегей һәм Дәулетшаһ пен тағы басқа екі шаһзада. Олардың әрқайсысы – бір қосынға бас әрі пана болғандар.

Батырлардан табанды қалмады бір кісі де,  
Өлгені өлді, қалғаны қалжырап тынды.

Екі жақтың қолы кенет аттан түсіп, бір-бірімен алыса кетті. Шайқас майданында жаулардың соғысын жоғарыдан қарап тұрып, қан жылап тұрды.

Орындарынан таудай болып түргеліп,  
Екі жақ та әрқайсысы айқай-шуға салды.  
Дала қан теңізіне айналғандай болып,  
Жер жүзін қызғалдақ жайлағандай болды.

Жауынгерлердің шабуылы үдеп, ұрыс теңізде дауыл күшейген кезде, Өзірет Саһибқыранға ғайыптан сүйіншілеп берген: «Аллаға айрықша мадақ, бізге берген уәдесін орындағаны үшін»<sup>3</sup> уәде шынға айналып, жаудың асқан салтанаты сорлылыққа айналды. Содан: «Жауларға сырт бұрып, қаша бастады»<sup>1</sup> – осылай көрініс тапты [44-б.]. Жаңбыр тамшысы мен ағаш жапырағынан

---

<sup>1</sup> «Мүлк» сүресі = 67, 5-аят

<sup>2</sup> «Жүсіп» сүресі = 12, 100-аят

<sup>3</sup> «Зүмәр» сүресі = 39, 74-аят

да көп соншама қалың қол азғана қосыннан күзгі жас жапырақтай және көктемгі жаңбыр тамшысындай жан-жаққа бытырап кетті. Сонда: «Жеңіс тек хакім, құдіретті Алла тарапынан болады»<sup>2</sup> екен.

Илияс қожа, әмір Бекжак, Ескендір оғлан, әмір Әмид және әмір Жүсіп қожа тұтқынға алынды. Бірақ ханға құрмет көрсету салты түркілер арасында берік орнағандықтан ханды (Илияс қожа) тұтқынға түсірген бір топ жауынгер оны танып, өз басшыларына айтпастан Бекжак әмір екеуін ат беріп, босатып жіберді. Қалғандары тұтқындық бұғауында қала берді.

Сол түнде әзірет Саһибқыран түнделетіп Ям өзеніне жетіп, ол жерде тағы да жаудың жолын бөгеді. Сонда олардың көбісі қаза тапты.

Қаннан арық суы шараптың түсіндей болды,  
Кейде гауһар, лағылмен қызыл жақұттай болды.

Әмір Жаку мен әмір Сейфеддин бұйрық бойынша Самарқандқа бет алды. Бұл бағалы жеңіс Ұлу<sup>3</sup> жылында, 765 хижри кәмәри<sup>4</sup> болған еді. Жеңімпаз әзірет Саһибқыран көздеген мақсатына жеткенше тыным таппайтын. Содан кенесіп, әмір Үсейін мен Шер Баһраммен жедел түрде аттанып, Хожент өзенінен өтіп Ташкентте қос тікті. Осы жерде бірнеше күнге оның бақытты жүзін суық көзден сақтау үшін сырқат өз бояуын жақты.

Не нәрсе көзге түсіп ұнап қалса,  
Оған сұқ көзден зиян тиіп жатады.

Әзірет Саһибқыран да, әмір Үсейін де қонған мекенінде кенеттен аздап науқастанып қалды. Жуық арада: «Құраннан мүміндерге шипа және рақмет жібереміз»<sup>5</sup> дегендей шипа тапты. Үлкен әже Олжай Тұркан бақытты да сау-саламат Гәрмсир [45-б.] жақтан келіп жетті.

Белқәис Сүлейменге қайта оралғандай.

Әзірет Саһибқыран кері қайтуды ұйғарып, Хожент өзенінен кері өтті. Мұнда ол шырға<sup>1</sup> жасауды ұйғарды. Әмір Үсейін де Дезәк<sup>2</sup> мекенінде аңға барып, шырға құруға келісті. Олар екі жақтан шығып Ақар Қамарда қосылды. Осында шатыр тігіп, біраз күн көңіл көтеріп сергіді.

Мұршаң болса бас тартпа, көтергейсің көңілді.

---

<sup>1</sup> «Тәбе» сүресі = 9, 25-аят

<sup>2</sup> «Әл-Имран» сүресі = 3, 126-аят

<sup>3</sup> (لوی بیل): ұлу жылы

<sup>4</sup> 1363–1364 ж.

<sup>5</sup> «Исра» сүресі = 17, 82-аят

Ол жерден көңілді аттанып, Самарқанд қаласына келді. Бұл жаннат аймақтың тұрғындары патшаны салтанатты түрде қарсы алды. Өлке тұрғындарының үміт жанары мұбарак мәртебелінің атының шаңынан жарқырай түсті. Үлкен-кішілердің жағдайы замана оқиғаларынан тапталып, әбден қажыған кездегі алған жарасы рақым емі мен мейір дәрісімен жұбаныш тауып, емделгендей болды.

Тәңірінің нығметтеріне шүкір,  
Ақиқат өз орнына орнықты.

---

<sup>1</sup> (جرگه): шырға дегеніміз – аң аулаудың бір түрі, яғни қиқуға сала қаумалай шыр айналдырып қоршап ұстау

<sup>2</sup> (دزق): Дезәк – Шаш жолының бойында, Рамин-Самарқанд арасында орналасқан Мауараннәһрдың үлкен ауылы. Мұһжәм Әл-болдан.



### 13-ӘҢГІМЕ

#### «ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ. ӘМІР ҮСЕЙІН МЕН САҢИБҚЫРАНЫҢ ҚАБОЛШАҢ ОҒЛАНДЫ ХАН САЙЛАУ ЖӨНІНДЕ ШАҚЫРҒАН ҚҰРЫЛТАЙЫ ТУРАЛЫ

Мауараннәһр мен Түркістан мемлекеті және оған қарасты ауыл-аймақтар Жете билігінен құтылған соң ақсүйектер, ұлы әмірлер, нояндар және үкіметтің мәртебелі шенділері бір-бірін мойындамай, өзара қырқыса бастады. Өйткені әрқайсысы өз руының көптігіне арқа сүйеп, өзгеге бас игісі келмеді. Алланың сүннеті бойынша, көпшіліктің қорғаны – ынтымақ болмаған жерде қоғам тез арада азып-тозады. Әр мемлекеттің басқарушысы болып, барлық тұрғын оның бұйрық пен үкімін уәжіп деп керек қылмаса және оны бұлжытпай орындамаса, мемлекеттің тәртіп жүйесі бұзылып, зиянға ұшырайды.

Билеушісі жоқ жаһан басы жоқ тән дерсің,  
Басы жоқ тән жолдағы тозаңнан құнсыз дерсің [46-б.].

Сондықтан әмір Үсейін мен әзірет Саһибқыран бір-бірімен кеңесіп, Шағатай хан ұрпақтарының бірін хан тағына отырғызуды жөн деп тапты. Осы шешімге қол қою үшін олар 765 жылы<sup>1</sup> барлық ноян мен әмірлерді жиып, құрылтай<sup>2</sup> шақырды. Онда биліктің бітімгершілік жайын және мемлекет істерінің керекті тұстары жайлы сөз қозғады. Сонда шешім бойынша Дүрші ибн Елшігедей ибн Дауа хан ұлы Кабулшаһ оғлан хан болуға сайланды. Оны жазмыштың айла-құлығының соққысынан үрейленіп, кедейлік қоршауына түсіп, дәруіштік шекпенін киіп жүрген күйден шығарып, оның бақыт бойын хандықтың аса сәнді шапанымен сәндеу керек делініп, осы істің барлығы жүзеге асырылды.

Сән-салтанатты той жасалды,  
Хикаясын баяндау ұзаққа созылады.  
Күміс, алтын, ас, қалағанның бәрі,  
Түгелдей замана сахнасын сәндеді.

<sup>1</sup> 1363–1364 милади

<sup>2</sup> (قورلتای): құрылтай

Қабылшаһ оғланды бәрі бірге салтанат таққа отырғызды. Түркі сұлтандарының салты бойынша<sup>1</sup>, оған кесе ұсыну рәсімін жасады.<sup>2</sup> Фәрд:

Мықтылар мен даңғойлардың барлығы,  
Бір рет емес, тоғыз рет тізе бүкті.

Әмір Айдар Анхуди тұтқында еді, оны Зенде Чәшмның қолына берді. Ол сол түнде оның жұмысын бітірді. Сөйтіп, оның болмыс тағы өмір билік орнынан босатылды.

Адам өз шегінен сыртқа қойса қадам,  
Ақыры бір күн кетер басы, таппай шыдам.

Ол өлке ежелден әзірет Саһибқыран мен оның мәртебелі әулетіне тиесілі болғандықтан жомарттық танытып, қонағасы беруге дастарқан жайып, Әмір Үсейінге той<sup>3</sup> жасады. Әзірет нөкерлерінің мерекелік безендіруінен әнші Шолпан да [47-б.] оны көріп, таңдана күй шертіп, мына әнді әндетіп кетті:

Неғылған той, неткен той! Гүл бөленген бақыт па?  
Қызыр өзі қырмызы бал шараптан татып па?  
Ағыл-тегіл дастарқан, сый дегенің көл-көсір,  
Ақсүйектер мәжілісі, қара тобыр тойханасы.  
Күндіз-түні бақыт жыршы жырлайды,  
Әр адамның қолында сый-құрметтің кесесі.

Оның ілтисатының лебі тойшылардың бәрін сипап өтіп, әркімге лайық сый жасалып, әмір Үсейінге молынан лайықты сыйлықтар тарту етілді.

Лайық болған әр жанға әр нәрседен берілді:  
Тұлпар, семсер, дулыға, қос белдіктің бәрі де.

Өйткені әмір Әмид пен әзірет Саһибқыран әкелерінің арасында ежелден келе жатқан жақын достық қарым-қатынас бар еді. «Әкелердің достығы балаларының достасуына себеп болады» дегендей болды.

Осы тойда Саһибқыран ақыл-парасат айнасы, барлық жұрт басына іс түскенде түйінін шешу үшін барып ақылдасатын Олжайту Әпердімен кеңесе келе, әзірет Үсейіннен екі әмірдің өмірін сақтап қалуды, әмір Әмид пен

---

<sup>1</sup> (به رسمى كه آيين سلاطين ترك است): Түрік сұлтандарының салты бойынша

<sup>2</sup> Оған Түркістан патшалығының кесесімен таныстыру рәсімі жасалды. А. Ғаффарифард

<sup>3</sup> (طوی): той

Ескендір оғланды тұтқыннан босату жөнінде өтінді. Әмір Үсейін мұнымен келісе қоймаса да, мәртебелі әзіреттің көңілі үшін кеудесінен қақпай, ниетінің орындалуына рұқсат берді.

Жауың қолға түскенде өлтіре сал уақытында,  
Өкініш бармағынды тістеп қалмай жатқанда.

Осының бәріне қарамастан оларға мына аятта айтылатын уәде: «...әр нәрсенің мезгілі жазулы»<sup>1</sup>, – жақындай түскендіктен ол шара пайдасы болмай қалды. Әмір Үсейін өзінің Сали-Сарайдағы ежелгі қонысына кеткен кезде, бақытты Саһибқыран әмір Дәуіт пен әмір Сейфеддинді жұмсап, әмір Әмидті түрмеден босатып, құрметтеп алдына әкелуді бұйрық етті.

Әмір Әмид Баязид пен Иминнің қолында тұтқында еді. Бұл екеуі әлгі екі әмірдің [48-б.] төбесі көрінісімен Әмидті өлтіруге келе жатқан болар деп күмәнданып, «өйткені кейбір күмәндар күнә саналады»<sup>2</sup>, – олардан бұрынырақ қимылдауға ұмтылып, бірі шоқпарымен соққы беріп, бірі семсерін жұмсап үлгерді. Осылайша шәһид әмір Әмид таңдайына бостандықтың тәтті балы орнына өлім уының ащы дәмін татты. Өйткені «ешкімнің Оның үкіміне тосқауыл қоюға немесе жоққа шығаруға шамасы жоқ»<sup>3</sup>.

Егер тағдыр бөгесе тіршіліктің өзенін,  
Қызыр кесесі де көре алмас өлім мезетін.

Бұл хабарды естіген әмір Үсейін: «Бұл жағдайда нөкер ісі ұлықтардан артық екен», – деді. Ол асығыс түрде елші жіберіп, Ескендір оғланды алдырып, жазалады.

Тағдыр оғына тосар қалқан жоқ.

Осы қыста әмір Үсейін де, әзірет Саһибқыран да әрқайсысы өз ордасында тыныш дем алды. Тіршілік өз ағымында үміт пен тілекке сәйкес өтіп жатты. Ал үміт кесесі мөлдір достық пен бақыт шырынына толы болатын. Берген нығметі мен артықшылықтарына Аллаға шүкір.

---

<sup>1</sup> «Рәһд» сүресі = 13, 38-аят

<sup>2</sup> «Һұжырат» сүресі = 49, 12-аят

<sup>3</sup> «Рәһд» сүресі = 13, 41-аят



## 14-ӘҢГІМЕ

### «ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ. «БАЛШЫҚ СОҒЫСЫ» ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тікенді жайлауда жібектей гүл бар: «Бір жек көрген нәрселерің сендер үшін қайырлы болуы мүмкін»<sup>1</sup>, – дегендей, өз армандарына жету үшін тіршілікте тауқымет тартып, қиналған жұрттар, әрине, Алланың хикметіне берекелі дастарқанның сүйенішті хабарын таң самалынан естіген еді.

Ғашықтық – кейде достан жеткен құпия мейір,  
Оған қарсы жолында тікен бе, гүл ме бәрі қайыр.

Кейде бақыт мерейі сорлылықтың салдарынан пайда болады. Ал кейде талай топтарға бақыт басы сәтсіздік пен күйзеліске себеп болады.

Көп шұқырдың салдары мығымдықтың іргесі,  
Көп мұңнан келер оған шаттық көңіл белесі.  
Талай түрменің құлпы жоғалғанын көргені,  
Байқап қалса, құлып емес, кілттің өзі болғаны.

Осы тектес оқиғалар әзірет Саһибқыран өмірінде де кездеседі. Мәртебелі әзірет өзінің дәулетті ордасында [49-б.] қыс мезгілін тыныштықта өткізіп, көктемге жетті. Батыр көктем қызғалдақ жалауын желбіретіп, өсімдіктің ұйқыдағы жасыл әскері бақ пен гүлзарлар майданына аттанды.

Таңғы самал өзен бойлап жорыққа шықты,  
Шайқасқа керек-жарақ дайындады.  
Қауыздан найза, гүлден қалқан түзеді,  
Сауытты суға салып, тікенді найза қайрады.

Осы кезде Жете әскерінің қайта шабуылға шыққаны жайлы хабар таранды. Әзірет Саһибқыран әскерін жинай бастады және әмір Үсейінге адам жіберіп, болған жайттан хабардар етті. Әмір Үсейін: «Болат Бұға, Зенде Чәшм, Мұхаммед Қожа Әперді мен Мәлік баһадүр өз қолымен тез арада сайланып

---

<sup>1</sup> «Бақара» сүресі = 2, 216-аят



Сахибқыран әскеріне қосылсын», – деп бұйырды. Олар әзіретке қосылған соң барлығы бірігіп шабуыл жасау мақсатында әрекет етті. Қол қаһарлана көк тәңірінің зәрін шаша, жұлдыздай зымырап алға жылжыды. Ақар<sup>1</sup> аймағына жеткен соң ат-көліктің жағдайына орай осындағы жайлауға бірнеше күн аялдады. Содан кейін тек Сейһун өзенінен өтіп бір-ақ тоқтады.

Әмір Үсейін үлкен қол жинап, олардың соңынан шықты. Ол өз қолымен бірге өзен жағалауына жеткенде, жау әскерінің алғы легі де көрініп қалған еді. Әзірет Сахибқыран Шынас<sup>2</sup> пен Ташкент аралығындағы өзен жағасына өз қосынын орналастырды. Әскеріне: «Атты темір тұсаумен мықтап байлап, өз орындарыңа бекініп, сақтық шарттарды орындаңдар», – деп бұйырды. Әмір Үсейін арттағы барлық әскерімен Сейһун өзенінен өтіп, өздеріне тиісті, белгілі орға қоныстанды. Арғы жақтан жау әскері де Канд-е Бадам өзеніне жете тоқтады.

Әмір Үсейін мен әзірет Сахибқыран орындарынан қозғалып, жолға шықты. Екі жақтың қарауылы бірін-бірі көрген кезде әскер де сап түзей [50-6.] бастады. Оң жақ қанатта әмір Үсейіннің көкке өрлеген айбынды жалауы желбіреді, оның тобында Тіленші арлат болды. Алғы шепте Олжайту Әперді, Шер Бәһрам, Болат Бұға, Фарһад Әперді, Мәлік баһадүр сынды ерен батырлар болатын. Сол қанатта әлемнің жаны, шайқастың жүрегі болған әзірет Сахибқыран ай бейнелі соғыстың жеңіс жалауын көктің үшінші қабатына желбіретіп тікті. Ол әмір Сарбұғаны қыпшақ қауымымен алғы қатарға бөліп, ал алғы бөлімге Темір қожа оғланды қойды. Әмір Жаку, әмір Сейфеддин, әмір Мұрат барлас, Аббас баһадүр және басқа да ержүрек сансыз жауынгер әскери тәртіппен жау әскерінен бұрын алға шықты. Бірақ мына аятқа сай: «Һүнәйін күні де Алла сендерге мүмкіндік берді. Сол уақытта көп болғандарыңа маз болған едіңдер»<sup>3</sup>, – олар күтпеген жазатайымнан сақтана алмады. Қыбымытын шайқасындағыдай бұлар да саны көптігіне қарамастан жеңіліс тапты. Осы кезекте мына жақтың әскер саны көп болғандықтан айла-шара ойластырып, қасиетті тас Сәнг-е жәденің<sup>4</sup> ғажайыптары Жаратушының билігінде болғанына, оның құдіретіне сүйенді.

Жете әскерінің шайқаста шыдамы болмады,  
Сикырлықпен тастан шара-амал іздеді.  
Жәде тасына айлагер кісі зер салды,  
Әлемді жауын-шашын, бораннан қажытты,

<sup>1</sup> Ақар – Хожент өзенінен біраз төмендеу Сейһунның сол жағалауы маңындағы мекен. 12-әңгімеде айтылған: Ақар Қамар болуы ықтимал (А. Фаффари). Ал «Ақар Қамар» деген «Ағар+Қамар» түркі және арабтың екі сөзінен тұрады. Қазақша мәні: «арайланған ай»

<sup>2</sup> (جیناس): Чыназ – қазіргі Өзбекстан Ташкент облысының жоғарғы жағында орналасқан мекен. М. Мырзахметұлы

<sup>3</sup> «Тәубе» сүресі = 9, 25-аят

<sup>4</sup> (سنگ جدہ): Жәде тас – қасиеті бар тас.

Бұлт күркіреп, дауыл гуілдеді,  
Жаһанға найзағай түскен болды.

Күн жарқырап шығып тұрса да, кенет бұлттың қара сауытты әскері:

Жел Сүлеймендей астында,  
Найзағай ақырып, жай от шашты.

Жасын оты жалт-жұлт етіп тағдыр қалтарысынан шығып, көкті тіліп жатты. Күн күркіреп, көк күмбезі әп-сәтте жаңғырып кетті. Жай оғы найзағай садағынан жан-жаққа атылып жатты. Жаңбырдан жебе жасап, оқты жаудыра бастады. Бұл күндері тағдырдың бүлік пен дауға ынтық сезімі қайта оянды. Сөйтіп, қара бұлттың көз жасы төгілгені соншалық – сел болып ақты [51-б.].

Сол өлкені топан су басқанда бұлт дерсін,  
Естіді ме сол сәтте Нұх дұғасының сөздерін.

Жаңбырдан сел болғаны соншалық – Жерді көтеріп тұрған өгіз суда балықша жүзді. Майдан аттары балшыққа батып, қарнымен жер сызды. Судың суық зәрі аттардың сүйегінен өтіп, тұла бойын тітіретіп, дірілдетті. Құстың қанаты қайырылып, тұмсығы сынып жатты. Жаңбыр өткен киім мен қару-жарақтың ауырлағаны сонша – тіпті атпен де, жаяу да алға жылжу мүмкін болмады. Осыған қарамастан шектен тыс күш-жігер жұмсау мен ерліктерінің арқасында жауынгерлер шабуылға шықты. Жау әскері бір орнынан тапжылмастан басына киіз жамылып, мүмкіндігінше қару-жарағын жаңбырдан қорғаған еді. Жауынгерлер оларға жақындағанда бастарындағы киізін лақтырып тастап, тың аттарына мініп, су тимеген қару-жарақпен ұрысқа кірісті.

Ұрандаған, шулаған теке-тірес қосындар,  
Жаһан бойы тітірер үнге құлақ тосындар,  
Тұра алмайды батырлар кернейлетпей<sup>1</sup>, тырс етпей  
Аспан өзі қозғалып кеткендей бір сәтке  
Астан-кестен дүние, тарылады тынысын,  
Ажал оқ боп қиратар тіршіліктің шынысын.  
Тандырады есіңнен қияметтың әсері,  
Арыстанның айқайы, қалың оқтың нөсері.  
Бас жарылып, көз шыққан адам үшін зор апат,  
Жапырылған үңгірдей пайда болар жарақат.  
Зымыраған жебелер тиген тұсын тесе өткен,  
Тарылғанда тынысың, өртенеді қос өкпең.

---

<sup>1</sup> (كرناى): керней

Әзірет Саһибқыран Алланың қолдауымен ғана сол қанаттан соққы беріп, әмір Әмидтің бауыры Шенкүм ноян бастаған жаудың оң қанатын талқандады. Мұны көрген Ілияс Қожа хан [52-б.] қаша бастады. Бірақ тағдыр әділетсіздігіне шара бар ма? Жаудың сол қанаттағы алдыңғы бөлімі, Шереуіл мен Қажыбек бастаған қолы әскердің оң қанатын талқан етті. Тіленші мен Зенде Чәшмды соңынан қуа оларды әмір Үсейін әскеріне дейін тықсырды. Бұл қанат ауыр соққыға шыдамай, бытырап қаша бастады. Шир Бәһрам мен Болат Бұға табан тіреп тұрып, тапжылмастан ерлікпен күресті. Қажыбектің соққымен оң қанатты бұзып өткенін көрген Фарһад пен Бек Темір аңырап тоқтап қалды. Ана жақтан әмір Шәмседдин ауыр қолмен ызғар шашып, ерлік көрсетті. Әзірет Саһибқыран намыс оты жарқылдап, Алланың қолдауымен айбаттана шайқасып жатты.

Сілтегенде бұл батыр семсерінің жарқылы,  
Сойып жатқан секілді күн сәулесі арқылы.  
Арыстандай айбаты мұндай мықты қайда бар,  
Дулығасы темірден, ал астында айдаһар.

Ол он жеті қосынмен ұрандата айқайлап, олардың берік қырманына шабуыл ызғарымен от жаудырды. Әмір Шәмседдин әзіреттің шабуылынан үрейленіп, шайқас алаңын тастап қашты.

Әрлі-берлі ойқастап, бұзып-жарып өтеді,  
Аяғынан тік тұрған тәлтіректен кетеді.

Әзірет Саһибқыран жеңісінен әмір Үсейіннің үміті қайта оянып, әскерін топтап қайта ұрысқа кірді.

Шаһ басынан осылай талай жеңіс өткерді,  
Сол жеңістер әскерге жігер болып от берді.

Әзірет Саһибқыран өз нөкері Табан баһадүрді әмір Үсейінге жұмсап: «Қазір дұрыс шешім сол, егер әмір өз қолымен бізге келіп қосылып, тізе қоса отырып шабуылдасақ, жаудың мықты іргесін әлсіретер едік, өйткені оларда бізге қарсыласар күш қалған жоқ» [53-б.], – деді. Саһибқыранның бағы күштілігінен әмір Үсейіннің басынан бақ жұлдызы тая бастағандай еді. Саһибқыранның бақыт биігінен оның билік күні бақытсыз түнге айналғандай. Мына аятта: «Ра-сында бір қауым өзін өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді»<sup>1</sup>. Оның келбеті бұл күндері өзгерген еді. Ол жарамсыз қимылдар мен ұнамсыз әрекеттер жасай бастады.

---

<sup>1</sup> «Рәһд» сүресі = 13, 11-аят

Табан баһадүр оған келіп, әңгімесін айтқан соң соғып кеп жібергенде ол құлап түседі. Саһибқыран оған тағы да әмір Үсейіннің баһадүрлерінен болған Мәлік пен Һәмдәмиді жұмсады. Оларға: «Оңтайлы сәтті қолдан шығарып алмас үшін ол міндетті түрде келуге тиіс», – деді. Бұл сөзді естіген әмір Үсейін ашуға мініп, жаушыны ұрып балағаттады. «Мен қашып кеткендей неге қайта-қайта шақырады?! Егер сендер жеңіп жатсаңдар, дұшпан менің кегімнен аман қалады деп ойламасын!» – деді.

Мәлік пен Һәмдәми баһадүрлер ренжіп, әзірет Саһибқыранның жанына қайта оралып: «Енді қайтып ол пақырдың ісіне сене бермеңіз, сіз енді бұл іске онша күш салмаңыз», – деп жалбарына сұрады. Әзірет Саһибқыран олардың айтқанына қарсы шықпады және өз ойынан бас тартты. Екі жақтың сол қанаттары да өздеріне қарсы келген жаудың оң қанатын ысырып тастаған еді. Енді ұрыс шебіне жеткен екі жақ әскері де тоқтады.

Жауынгерлер жаужүрек тұрар жерде тұрысты,  
Күн ұяға қонғанда аяқтады ұрысты.  
Қандай тәтті тыныштық ұлы айқастан кейінгі,  
Содан кейін жатты олар сәске түске дейін бір.

Осы түнде әмір Үсейін әзірет Саһибқыранға неше рет кісі жіберіп жүздесуді сұрады. Бірақ Үсейіннің орынсыз әрекеттерінен мұбарак көңілі қалған әзірет оның өтінішіне үн қата қоймады. Осылайша оның өтініші қабылданбады [54-б.]

Ұлы сұлтан күн патша ертеңіне ертемен,  
Көтеріліп теңіздей, тау тұлпарын ерттесін.  
Екі жақтың әскері қайта бастап шуларын,  
Бисутунның тауындай биіктетті туларын.  
Тірілтердей өліні керней біткен сарнады,  
Тыныштықты оятты оқ-жебенің орманы.  
Жебе өзін өлімнің шын жолдасы санайды,  
Ажал ашып аранын, жалмап жатты талайды.

Ұрыс сынынан өткен азулы ерлер бір-бірімен қоян-қолтық шайқасқа түскен сәтте Жете әскері жеңіліп, қашуға мәжбүр болды. Ал әзірет әскері жаны тәнді қуған аруақтың соңдарына түсті. Аласұрған тағдырға ілігіп жүргенде бөлініп қалған әмір Шәмседдиннің қолы олардың сергелдең тобымен жолығып қалды. Жауды ізімен қуып келе жатқан қол тізгінін кілт тартып, аттың басын соларға қарай бұрды. Қашып бара жатқан жау әскері қайта топтанып, аспан мен жерді сілкіндіріп қарсы шабуылға шықты.

Қарасаң да қай жаққа, өңшең жүйрік лап берген,  
Шарт-шұрт еткен қылыштар бірін-бірі қақ бөлген.

Жаркылдатып семсерін ерлер әбден сайланды,  
Оқ жауыннан қалқандар көк сауытқа айналды.

Тағдырдың салты тұрақсыздық, дәулетке желбіреген жалауды бақытсыздық кенет құлатты. Мына жақтың әскері жеңіп тұрып, жеңіліске ұшырап қашты.

Тағдыр жолы қым-қиғаш, бекітілген бұл салт,  
Тыныштықты бұзып та жанға салар жарақат.

Сол шайқаста сасқалақтап бас сауғалай қашқан көптеген әскер батпаққа батты. Сонымен әлсіреген дұшпан қайта бас көтеріп, жеңіске жетті және олардың діттеген мақсатына орай қастық семсерінің жүзінен он мыңдай адам қаза тапты. «Алланың әмірі тұжырымды бір үкім»<sup>1</sup> [55-б.]. Бұл оқиға 766 h.к. жылан жылы<sup>2</sup> рамазан айында болған еді. Көпшіліктің айтуынша, сол уақытта Сарышаян шоқжұлдызы айында, жұлдызшылардың пайымдауынша, үштік жақындау болған, оны бөлініп жақындау деп атаған. Бұл әңгімені көктің жағдайынан хабардар ету мақсатында дерек болсын деп айтқан емеспін. Өйткені барлық нәрсеге Алладан басқаның ықпалы жоқ».

Әмірлер ол жерден қайта оралып, Кешке жетті және әрқайсысы өз елін Жейһун өзенінен өткізуге бел буды. Әмір Үсейін: «Үй мен елді судан өткізу жөн», – деп әзірет Саһибқыранға айтты. Әзірет: «Басқа әмірлер судан өтуге шешім қабылдады. Бірақ мені өз аймағымды жауға тастап, дұшпанның табанына таптатып қоюға намысым жібермейді. Сондықтан тағы да қол жинап, қарсыластарыммен шайқасуға бел буып отырмын», – деп жауап қайырды.

Әмір Үсейін Сали-сарайға бет бұрып, көздеген жерге жеткен соң барлық ел-жұртын көшіріп, судан өткізді әрі белестер мен асулардан өтіп Шұбартау мекеніне қоныстанды. Жете әскерімен үнемі байланысын үзбеу үшін хабаршылар тағайындады. Солардың бір қауіпті сесі байқалса, Үндістан жаққа бой тасалауды ойластырып қойды.

Әзірет Саһибқыран әмір Үсейін Кештен аттанып кетісімен-ақ қол жинауға кірісті. Парасат саясында он екі қосынды реттеп, Темір Қожа оғлан, Жауыршы және Аббас баһадүрді жеті қосынмен маңғлай<sup>3</sup> салты бойынша Самарқандқа жөнелтті. Ал Жауыршы ол жақта шарап ішуге салынды. Шарап оған әсер етті. Арабша өлең:

Шарап самал желпісе, жұпар болып иіс келер,  
Өлік бетін сипаса, сасық ауа тез келер.

---

<sup>1</sup> «Әһзаб» сүресі =33, 38-аят

<sup>2</sup> (بیلان ییل): жылан жыл – 22 мамыр 1365 ж.

<sup>3</sup> (منغلاي): маңдай

Жауыздықтан іші өртеніп, аузынан жалын болып лаулап шығып жатты [56-б.]. Дәуіт Қожа мен Үнді шаһты: «Пәленше деген кісі, яғни әзірет Саһибқыран сіздерді ұстап әмір Үсейінге жіберу ойында бар, ал ол сіздерді көзді ашып-жұмғанша жоқ етеді», – деп қорқытты. Олардың үрейі ұшып, алды-артына қарамай қашып, дұшпанының қолтығына кірді. Көкінек жеріне жеткенде Жете әскерінің қолбасшылары: Ұлық Тоқ Темірдің ұлы Кепек Темір Шереуіл және Қажыбектің ұлы Әңгіршақ бастаған топ алғы шепке келіп, оларға жол бастап берді. Темір Қожа оғлан, Жауыршы және Аббасты бытыратып, олардың одағының тас-талқанын шығарды.

Әзірет Саһибқыран бұл жағдайдан хабардар болған соң үкімет жұмысында едәуір кемшілік бар екенін сезіп, жанталастың пайдасыздығын түсінді.

Болсаң бәрін жөндемек, қолыңа бір қамшы алып,  
Тағдырыңның өзінен қолдау керек соншалық.

Ол Амуие өзенінен өтті. Бәлхқа жетіп, мұбарак ордасын тікті. Өзінің бытырап кеткен түмен мен елін жинады. Кепек ханның және Елші Бұға Солдыздың да түменін жинады. Тағы бір топ әскерді судың жағасына сақтық үшін күзетке қойды. Темір Қожа оғланды жіберген қателігі үшін жазалады. Содан кейін таң шапағы шыққанша шаттанып той-думанға кірісті.

Қолдан келсе егер де, дос болғайсың шаттықпен,  
Шат бола біл, әй, қожа, біткенінше ақтық дем.



## 15-ӘҢГІМЕ

### «ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ. ЖЕТЕ ӘСКЕРІНІҢ САМАРҚАНДТЫ ҚОРШАУҒА АЛУЫ

Жете әскері Самарқандқа жеткен уақытта қаланың қамалы болмаған еді. Сол кезде Мәуланазада Самарқанди, мәулана Хүрдәк Бұхари, Әбубәкіргелді Нәддаф қала тұрғындарын көшеде бөгет жасап, қаланы [57-б.] қорғауға шақырды. Халық асқан ержүректілікпен қаракұрым әскерге қарсы шығып, жан аямай ұзақ уақыт шайқасты. Олардың қаһармандығы арқасында қала тұрғындарының мал мен жан намысы қорғалды. Алайда дұшпан қаланы ұзақ мерзім қоршап тұрғандықтан әбден титықтап шаршаған еді. Таусылғанға Алла тағала жол табар. Алланың рақымы жанға жайлы самалдай еседі. «Демек, әрбір қиындықпен бірге жеңілдік бар. Иә, рас, әрбір қиындықпен бірге жеңілдік бар»<sup>1</sup>, – дегендей, Алланың шапағат желі есіп, оба ауруы Жете аттарына қырғидай тиді. Сондықтан әр төрт адамда біреуден артық ат қалмады. Әбден әлсіреп, әбіржіген Жете әскері қайтып кетуді жөн деп тапты. Ал көбісі қорамсағын аркалап жаяу шұбыруға мәжбүр болды. Әлбетте, ауыр қолды патшаның арыстандай айбарлы күшімен шайқасып, жеңіске жету – қара тобыр үшін өте керемет, ғажайып іс, сол себептен жеңістеріне масаттанып, бұзақылық пен қантөгіс жасауға кірісіп кеткен болатын.

Хан болмасын қайыршы, Құдай одан сақтасын!

Жете жасақтары қайта орала бастаған кезде әзірет Саһибқыран жағдайды біліп, тінту үшін Аббас баһадүрді қамалға жіберген болатын әрі бұйрық бойынша ол тексеру жұмыстарын қорытындылап баяндаған еді. Әзірет Жете әскерінің қайта оралатынын білген соң әмір Үсейінге хабаршы жіберіп, ахуалды мәлімдеді. Оған бері қарай келуі керектігін айтты. Адам жіберген соң, ол хабарды жеткізді. Әмір Үсейін хабар алысымен қатты қуанып, дер кезінде Шұбартаудан көшіп, Сали-сарай бағытына бет алды.

Әзірет Саһибқыран үй іші мен ел-жұртын [58-б.] өзеннен өткізіп, бұрынғы қонысына орналасты. Өзі әмір Үсейінді қарсы алу үшін жолға шықты. Екеуі Бағланда кездесті. Бірімен-бірі салт бойынша құшақтасып көрісіп, құрмет көрсетісті. Өткен-кеткен және келешектен талай әңгіме айтылып жатты. Қазір және болашақта өткеннен сабақ алып, не істеу керектігін кеңесіп, ең соңында

---

<sup>1</sup> «Әншерәһ» сүресі =94, 5-, 6-аяттар



көктемнің басында Самарқанд жағына бірге бет алуға шешім қабылдады. Өзірет Саһибқыран қайтып оралуға ниет етіп, Жейһуннан өтіп, едәуір жолды басып Қаршыға аяқ тіреді. Қаланың Қаршы аталу себебі Кебек хан Нәсәф пен Нәхшәб маңында екі фәрсәх<sup>1</sup> қашықтықта сарай салған, сарай моғолша «қаршы» деп аталды. Өзірет қыс мерзімінде сол жерде тоқтап, Қаршы сарайын жөндетуге бұйрық берді. Жөндеу жұмысы асқақтап тұрған дәулетінің арқасында сол қыста аяқталды.

Бақыттысың: тағдырың тауынды бір шақпады,  
Бақыт дәні себілген үмітіңді ақтады.

---

<sup>1</sup> Фәрсәх – 6 шақырымға тең



## 16-ӘҢГІМЕ

### ИЛИАС ҚОЖА ХАННЫҢ ІСІ АЯҚТАЛУЫ ЖӘНЕ ОЛ ДҮНИЕ САЛҒАННАН KEЙІНГІ БОЛҒАН ОҚИҒАЛАР ӘРІ ӘМІР ҚАМАРЕДДИННІҢ ТАҚҚА ОТЫРУҒА ЖҮРГІЗГЕН КҮРЕСІ ТУРАЛЫ

Моғол елінің аңыз-әңгімелерінде Илияс Қожа хан туралы ешнәрсе айтылмаған. «Зафарнамадағы» дерекке қарасақ, онда Тоғлықтемір хан қайтыс болған соң хан болғаны жөнінде мәлімет берілген. Илияс Қожа хан әкесі қайтыс болғасын «Балшық шайқасы»<sup>1</sup> жеңісінен кейін, Самарқандты қоршауға алып, көптеген ат-көліктен айырылып, кейін оралған соң аз уақыт патшалық құрған. Моғол аңыздарында Тоғлықтемір хан өлген соң көп ұзамай Илияс Қожа ханның да өлгені айтылады (Алла біледі).

Бірақ Тоғлықтемір хан қайтыс болғаннан кейінгі [59-б.] оқиғалар моғол аңыз-әңгімелерінде былай баяндалады. Әмір Болатшы<sup>2</sup> жайлы Тоғлықтемір ханның өмірбаяны туралы айтылғанда мәлімдеген. Олар бес ағайынды болған. Біріншісі – әмір Түлек, ханның ислам дінін қабылдау тарихында ол жайында баяндалған еді. Олардың екіншісі жоғарыда аталған әмір Болатшы делінген. Ал үшіншісі әмір Шәмседдин – жөнінде «Балшық шайқасын» баяндаған кезде «Зафарнамада» айтылады. Төртіншісі – әмір Қамареддин туралы алда толығырақ баяндалады. Бесіншісі – әмір Шейх Дулат. Оның өмірбаянынан еш мәлімет қалмаған.

Ұлысбегілік әмір Түлектен соң әмір Болатшыға тапсырылды. Ал ол үлкен ағасынан кейін көп ұзамай о дүниеге аттанды. Ұлысбегі әмір Болатшының ұлы әмір Құдайдадқа ауысты. Әмір Қамареддин хан алдына тізе бүгіп тұрып: «Ағамның орнына мен лайықтырақпын, оның баласы жеті жасар болғандықтан бұл іске лайық емес», – деді. Әрине, Тоғлықтемір хан өз шешімінен қайтқан жоқ, сөйтіп билікке жеті жасар Құдайдадты бекітті.

Әмір Қамареддин ержүрек болған әрі оның етігінің қонышына жеті жасар бала сыйып кетеді екен деген аңыз тараған. Қорыта айтқанда, ол қатты ренжиді, бірақ бірдеңе істеуге дәрменсіз еді. Хан дүние салған соң ол қарсы шықты. Бірақ «Зафарнамада»: «Илияс Қожа хан өлген соң ол қарсы шыққан», – деп айтылады, әртүрлі рауаяттарға қарағанда қалайда сол кезде мықты, тәуелсіз хан қалмағандықтан ол ашу-ызасын сыртқа шығармай тұра алмаған. Моғолдардың

<sup>1</sup> (جنگ لای): Лай шайқасы

<sup>2</sup> (بولاجی): Болажы

айтуына қарағанда, ол бір күннің ішінде он сегіз ханды өлтіріп, өзі хан атанған. Сөйтіп Моғолстанның бей-берекеті қашты.

Тоғлықтемір ханның емшектегі бір ұлы қалған еді. Оны әмір Құдайдад [60-б.] Мир аға деген шешесімен бірге жасырды. Әмір Қамареддин оған сұрау салып бірнеше рет адамдарын жіберді. Бірақ олар дер кезінде айласын асырып, жасырып отырды. Сонымен әмір Қамареддиннің іздеуші адамдары оларды таба алмады. Әмір Қамареддин Моғолстанның билігін жаулауға кірісті. Алайда әмірлердің оған қарсылық көрсетуі және Әмір Темір әскерінің Моғолстанға келуі оның аяғын нық басып, емін-еркін билік жүргізуіне кесірін тигізді. Солай бола тұра әмір Құдайдад әмір Қамареддиннің қастандығынан қауіптеніп, Қызыр Қожа ханды Қашғар мен Бадахшан арасындағы тауларға бой тасалауға жіберді. Осы тұрасында алда көбірек айтатын боламыз. Әңгіменің анық-қанығына көз жеткізу үшін әмір Қамареддиннің өмірі жайында сөз бастайық.



## 17-ӘҢГІМЕ

### ҚАМАРЕДДИННИҢ ӨМІРІ ЖАЙЫНДА

Бұрын айтылғандай, әмір Қамареддин таққа барын салып талпынып жүргенде әмірдің бәрі мүмкіндігінше оған қарсылық көрсетуге тырысты. Осы орайда айта кету керек: бірде керейт тайпасынан тараған Күфре және Өзбек Темір Әмір Темірге жалбарынып жәрдем сұраса, бірде Әмір Темірге қарсы шықты. Әмір Темір оларды басып-жаншу үшін жасақтанды. Өзі қол астындағы аймақта қалып, әскеріне әмір Баһрам жалайыр, Хытай баһадүр және Шейх Әли баһадүрлерді басшы етіп аттандырды. Олар Алматы<sup>1</sup> маңайына жеткен соң Айша хатун өзенінің жағасында кенеттен керейт елімен соғысты. Шайқас бейбіт бітіммен аяқталып, олар Әмір Темірдің жанына қайта оралған еді. Бірақ бұл Әмір Темірге ұнамай, өзі сол аймаққа аттанды. Бұл оқиғалар «Зафарнамада» былай баяндалады: «Алла тағала – жігерлі жандарға дос, жігерсіздерге қас» дегендей, Саһибқыран әр істі бастағанда көздеген мақсатына қол жеткенше көңілі көншімейтін. Сондықтан ол қырғын соғыстың соңы бейбіт келісімге ұласқанына мүлде риза болмады, әмірлердің қарсыластарға [61-б.] жеңіл-желпі қарап, тартыс пен шайқас майданын бейбіт бітімге ауыстырғанынан бас тартты.

Арыстанның шеңгелінен, шайқастан ол құтылды,  
Түлкі бұлаң бейбіттен кім-кімдер ұтты енді?

Әзірет Саһибқыран нақты шешім қабылдап, әскер жинауға жан-жаққа хабар жіберу жөнінде бұйрық берді. Сонымен жеңімпаз әскер шартараптан жинала бастады.

Жауынгерлер бас қосты патша сарай алдына,  
Жеңіс тапқан сарбаздар шайқасуда майданда.  
Шөл даланың құм тасынан артық санға,  
Шайқасуға бел буған арыстандар жаулауға.  
Бұлттай күркіреп, әскер келеді тулауға,  
Өткір семсердей атылған олар майданға.  
Көптігі даланың қиыршық тасындай,  
Әскер шабады патшаның үкімі берілсе.

---

<sup>1</sup> (الماتی): Алматы

Тау сілкініп тұрғандай әскер алға жүргенде,  
Патшаларының бағына арқаланып тұрғандай.

Саһибқыран желбіреген жеңіс жалауымен Сайрам<sup>1</sup> және Йәнгіден<sup>2</sup> өтті. Жүрегінде әзірет Мұстафаның (Аланың оған сәлем-салауаты болғай) мұбарак әулет-зәузаттарына ерекше достық пен сүйіспеншілік болғандықтан соның шапағаты тиіп, халық шаттыққа толы көңілмен қарсы алған күйде қалаға кірді. Қарсыластар әзіреттің қалаға бет алғанын ести сала, күйзеліске ұшырап қашты. Әзірет Саһибқыран жеңімпаз күйде қалың әскерімен Сәңгер Йәғаш (Сегіз ағаш) деген жерге дейін жетті. Жауынгерлер де көптеген тұтқын мен қыруар олжаға қарық болды. Жеңіс жалауын қолынан түсірмеген бойы сансыз олжамен Жаратушының сақтауының арқасында қайта оралды. Адун кури қорғанында әмір Мұса және Зенде Чәшм әзіреті Саһибқыраннан қаншама сый-сияпат пен ілтипат көрсе де [62-б.], тағы зұлымдық ойға кетті. Ол Қызыр Йәсури Әбу Ысқақтың ұлымен кеңесіп, ант-су ішісіп, әзірет Саһибқыран Қарасман қорғанына жетіп, аң аулауға шыққанда амалын тауып тұтқынға алады жоспарлады. Алайда бұл жоспарды ақыл-парасаты іске асыртпай тастады.

Қулықты қой, ей, түлкі, айлаң алпыс болса да,  
Арыстаннан аспайсың қартайса да, солса да.

Ханзада Әбілмәли Термәзи және Шейх Әбілләис Самарқанди бұдан бұрынырақ әзіретке қарсы шығу жөнінде уәделескен болатын. Соған қарамастан олар Әмір Темір жағына шығуға одақтасты. Олардың бұрынғы уәдесінен хабардар біреу оны қастық қаламымен әзіреттің көңіл қағазына түсірді. Тағдыр үкімі оларды жазаға тартуға бұйрық берді. Олардың бәрін тізерлетіп сұраққа алғанда, опасыздықтары дәлелденген-ді.

Бірақ сарайдың мәртебелі анасы Мәлік ханым әмір Мұсаның жиені болатын, сұлу, пәк ару Ағабегі Әмір Темірдің ұлының қалыңдығы болғандықтан әзірет Саһибқыран оған: «Сенің маған жасаған сатқындығыңды біле тұра, туыстығымызды ескеріп, қылмысыңды кештім, өш алуға да әрекеттенбеймін», – деді.

Ағайындық пен ақсақалдық білгенмін,  
Екеуі де тіршілікке үміт берген болатын.  
Әйтпесе басы кетер олардың ойланбастан,  
Бас тәннен айырылар жамандық ойлаған.

Ханзадаға бұйырды: «Сенің тегің Алланың елшісі мен оның әулетінің тегіне (олардың барлығына Алланың сәлемі болғай) тірелетін болғасын қан-

---

<sup>1</sup> (سیرام): Сайрам

<sup>2</sup> (بنگی): Тараз

дай жағдай болсын саған өмірде де бір шаң тигенін дұрыс дей алмаймын. Алайда сенің осы аймақты тастап кетуінді жөн санаймын». Ал Шейх [63-б.] Әбілләисға Ижазға баруға үкім берді, Қызыр Йәсуридің ұлы әмір Сейфеддиннің қайнағасы болғандықтан ара түсіп, шапағат сұраған соң сол пәлекеттен құтылды. Олардың қылмысы патшаның шапағатына бөленіп, жуылып-шайылып кетті.

Зенде Чәшмды тұтқындап Самарқандқа жеткізуге тиісті жарлық шығарылды. Ол қамалған түрменің сыртқа шығар есігі бітеліп тасталды.

Жауды өлтіріп, диюды қамау керек,  
Бәрінен де түбегейлі құтылу керек.

Ақылдың көреген көзі шытырман күрмеуді шешіп, дұрыс жолға салып жіберері анық, жыланды қалтаға салып, жауды дос санау парасат ісі емес.

Азу тісі түскенше көкжалды күш кернейді,  
Басын жаншып-езгенше жылан уын бермейді.

Әзірет Саһибқыран мәңгілік билік тағына қайта оралған соң Шұбырған билігі және Зенде Чәшм орнын Ақбұғаның ұлы Баян Темірге тапсырды.

Оның бақыты дәл осылай жер жүзін шарлайды,  
Сұлтандардан алып, қалың тобырға сыйлайды.



## 18-ӘҢГІМЕ

### «ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ. САҢИБҚЫРАННЫҢ ЖЕТЕ АЙМАҒЫНА, ЯҒНИ МОҒОЛСТАНҒА ҮШІНШІ ЖОРЫҒЫ ТУРАЛЫ

776 хижри кәмәри<sup>1</sup> жылы шағбан айының басында, бейсенбі күні әзіреті Саһибқыран әскерін жинап, екі дүние Раббысының құптауымен Жетеге, яғни Моғолстанға бет алды. Әзірет Рабат-е Қатаған мекеніне жеткен кезде ауа райы бұзылып, аспан кенеттен бұлттанды. Патшаның жомарт қолындай гауһар шашатын бұлт [64-б.] қар мен жауын шашып селдетті.

Қар жаумаған сияқты дәл осылай ешқашан,  
Жамыла ма жер бұлай аспан барын шашпаса.  
Желкілдеген мамық па, үлпілдеген мақта ма?  
Ажырата алмайсың аппақ тау да, ақ дала!

Суықтың күшейгені соншалық – мықтымын деген адамдардың қол-аяғы жансызданып қалды. Шыбын жандарына қауіп төніп тұрғандықтан адамдардың күш-көлігі жайына қалды: адамдар да, жануарлар да шығынға ұшырады. Әзірет Саһибқыранның оларға деген рақымшылығы мен шапағат сезімі Самарқандқа қайта оралуға себеп болды.

Екі ай бойы суықтың беті қайтқанша Самарқандта тоқтады. Сонымен тағы да қоян жылының<sup>2</sup> басында, шәуал айының бірінші күні, дүйсенбіде, жеңімпаз жауынгерлерін жасақтап Жете бағытына, яғни Моғолстанға бет алды. Әмірзада Жаһангерді манғылай салты бойынша алға жіберді және Шейх Мұхаммед солдыз, Әділшаһ Баһрам жалайыр ұлын (әкесі қайтыс болған соң әзірет Саһибқыран жалайыр елінің билігін оған тапсырған-ды) Ханзаданың қоштаушысы етіп жанына қосты. Олар Сайрамнан өтіп, Шарын мекеніне жеткенде бір жетені алып, Саһибқыранға жөнелтті. Одан жауап алғанда дулат руынан шыққан Қамареддиннің өз әскерін жинап Көктөбе жерінде Қажыбекті күтіп отырғанын және бұлардың әрекетінен бейхабар екенін мәлім етті.

Саһибқыран алғы шептегі әскердің аялдамай жүруіне бұйрық беріп, өзі де асығыс сондарынан ілесті.

---

<sup>1</sup> 5 қаңтар 1375 ж.

<sup>2</sup> (توشقان): қоян



Қамареддин [65-б.] көкке теңдес айбарлы жауынгерлердің келе жатқанын естіп ол жерде аялдауға батылы жетпеді. Сонымен олар Арғашлар<sup>1</sup> деген жерге бекінді. Онда өте терең үш шатқал бар әрі үшеуін де жарып үш үлкен өзен ағып жатыр. Қамареддин өз әскерімен екі шатқалды басып өтіп, үшіншісіне келіп тоқтады. Осы жерде қорғанысын мықтап орнықтырды. Ханзада Жаһангердің жау келгенде ел асар әскері жорыққа шықты. Барабан мен даңғыра дауысы аспан астында жаңғырып, баһадүрлер алға жүріп бара жатты. Баһадүрлер қорамсаққа қол салып, аңға түсер қыран бүркіттей шүйліге оқ жаудыра бастады. Содан жанды жаралайтын бұл рух оғы ұясынан ұшып, жау жүрегіне үрей салды. Сол айбатпен бұларға қарсы келіп тоқтады. Мұны көрген Қамареддин әскері дұшпандардың жолдаған хабары деп түсінді. Күн батып, қараңғы түсе бастағанда барлығы топырлап қаша бастады. Таң атқанда Жете қолының жауынгерлерінен ешкім де қалмаған еді. Жеңімпаз баһадүрлер сол дінсіздердің көбін қуып жетіп өлтірді.

Таң арайланып атқан кезде әзірет Саһибқыран қалған әскерімен оларға келіп жетті. Ол жаудың соңынан әмір Саид Дәуіт, Үсейін Үшқара баһадүрді жіберді. Бұйрыққа орай олар өзеннен төмен кетті. Олар бұйрықты екі етпей жаудың ізіне түсті. Үсейін суға батып, оның өмір жалыны сөнді. Жау еліне жеткенде оларды тонап, мал-мүлкін, төрт түлігін тартып алды. Ел болған назарелерді лек-легімен Самарқандқа жөнелтті.

Әзіреті Саһибқыран қарсыластарының алдын орау үшін Пайтақ мекеніне дейін келді. Әмір Қамареддинді ұстап тұтқындауға әмір Жаһангерге қосып бір топ жеңімпаз әскер жіберді. Ханзада бұйрық бойынша әскермен [66-б.] жолға аттанды. Үш және Фарман маңында қоныстанған мыңдаған жетені тонады. Қамареддиннің паналаған тауын тауып, оны ел-жұртынан, ұлысынан бездіріп қуып шықты. Оның барлық қорған-мекенін һәм ел-жұртын тонап, талан-таражға салды. Әмір Шәмсединнің әйелі Тұман Аға мен қызы Делшад Ағаны қолға түсірді. Ханзада өз жаушысын әзірет Саһибқыранға жіберіп, оған болған жайды жеткізді. Әзірет тағы да 53 күн сол жерде (Пайтақта) аялдаған еді. Мұндай қуанышты хабарды естіген соң ол жерден көшіп Қара Қысмаққа (Қарақыстақ) келді. Ханзада Жаһангер дұшпанды талқандап, әзіреттің алдында бас ию бақытына да жетті. Көптеген құл, жылқы, қойды – соғыстың олжасы ретінде Делшад Ағамен қосып әзіретке тарту етті.

Саһибқыран көңілді де шат болғай,  
Мыңдап күңі аумаған Делшад болғай.

Жаһангер жас болса да әзірет Саһибқыранның бақыт нұрынан ірі істерді қолымен атқара білді. Әзірет Саһибқыран секілді Алла бақ дарытқан адамның алдында мұндай істерді орындау онша таңғаларлық іс емес еді.

---

<sup>1</sup> (ارغش لار. ارغش لار. ارستلا. ارشال اتار. برکه غوريان)

Әзіреті Саһибқыран ол жерден шығып Атбасыға тоқтады. Одан соң Арпа Иази<sup>1</sup> даласына бет алды. Онда бірнеше күн демалып, думандатты. Мұбарак шаһ макрит һэзаре әмірлерінің бірі және бұрыннан әзіреттің жақтаушысы болғандықтан оның құрметіне той жасап, марапаттап, әртүрлі қызмет көрсетіп, сый-сияпаттар жасады.

Құлдыққа бел буды бекем,  
Жеңімпаз бұйрығына мығым.

Саһибқыран патшалық шапағатын көрсетіп, жорыққа шыққан сапарында жан берген Салар оғлан мен Үсейіннің жұртын оның баласы Хұдайдадқа сыйлады [67-б.].

---

<sup>1</sup> (ارپا و يازی): Ферғананың шығысынан бастау алатын екі өзен – *А. Ғ.*



## 19-ӘҢГІМЕ

### «ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ. ӘЗІРЕТ САҢИБҚЫРАН МЕН ДЕЛШАД АҒАНЫҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫ

Алла тағала айтқан: «Пәк әйелдерден екі, үш және төртке дейін алсаңдар болады»<sup>1</sup>.

Алланың рақымы шамасы бардың көпнекелілік бұйрыққа сүйеніп, керемет баһадүрлердің ішіндегі жасы, бақыттысы Саһибқыранға көңілашар кең далада құт шаңырақ сыйлады. Содан көпнекелі болу пәрменімен оның таңдау құсының бақ көлеңкесін Делшад Ағаның жапырағы жайқалған ағашының бұтағына түсірді. Сонымен сарай қызметшілері тойға қажет заттарды, өзге де керек нәрселерді дайындады.

Құт мереке түзелді,  
Ән сазымен би болды.  
Жайнаған мереке күн мен айды,  
Өзіне ғажап қаратты.  
Абыройлы бақ күні,  
Қауышуға лайықты.  
Әлем билеушісі ата-баба салтына,  
Пері жүзді өзіне тең жар етті.

Замана тілін қуанышпен құттықтауға ашып жатса, тағдыр гауһарын тарту етуге рәсімін жасап жатты.

Бұл мұбарак мерекеге гауһар шашу болсын,  
Тағдыр әу бастан гауһар шынысын толтырған.

Қуаныш дәулеті ақсүйек пен тобырға да шаттық сыйлады. Той-думанның қызығы ойлаған арман-қиялмен ұштасты. Қонақтар әр тарапқа сүйсіне қарап, жұғысты болсын деп армандап, шаттыққа бөленіп жүрді.

Күздік желден аман қалған бір гүлі,  
Жаңа көктемде жас бұтақ та ашылды.

---

<sup>1</sup> «Ниса» сүресі =4, 3-аят

Алтын кеселерге қызыл шарап толтырып таратылды. Ән әуені әр жақтан естіліп жатты.

Болмаса да Жүсіптей шыңырауда күн кешкен,  
Ай мен Шолпан нұр берген сияқты еді гүлдесте [68-б.]

Саздың ләззат берер әуені Ай мен Шолпанның көңілді сарайына дейін шалқыды.

Саһибқыран мәңгілік аман болсын, шат болсын,  
Оның жарқын жанына қайғы мен мұң жат болсын!

Содан кейін ол жерден шығып Йәсі асуынан<sup>1</sup> асып, Өзкентте аялдады. Мәртебелі Құтлық Тұркан Аға ханым өз адамдары және әмірлерімен оны қарсы алу үшін Самарқандтан шықты. Ол жерде мұбарак әзіреттің құрметіне салтанатты рәсім жасап, қошемет көрсетті әрі көңіл көтерер тойға ұластырды.

Өзкенттен соң Хожентке жеткенде Баһрам жалайырдың ұлы Әділшаһ аяғынан тік тұрып қызмет етіп, әзіретке той жасады. Жүйрік тұлпарлар тарту етті. Тойда ойлағандай қызмет жасалып жатса да оның көңілі басқа еді. Той үстінде өзгеше бір айлсын іске асырмақ болды. Бірақ әзірет Саһибқыран ұдайы Алланың қорғауында болғандықтан оның бұл ниетін көрегенділікпен тойдың хал-ахуалынан сезіп, аяқ астынан тойды тастап, атқа мініп өз ордасына бет алды.

Әзіреті Қамареддинге аттанған кезде Шейх Мұхаммед Баян солдыз, Әділшаһ жалайыр және Тұркан арлат егер мүмкіндік болып жатса, Саһибқыранды тұтқынға алуға уәделескен еді.

Алланың сақтаған жаны,  
Кісіден зиян көрмейді.  
Оның ісі бақ-берекелі болады,  
Күншіл құсадан жаны күйеді.

Сондықтан әзірет бақыттың қолдауымен аман-есен оралды. Әзірет әскеріне үйді-үйіне қайтуға рұқсат етті. Өзі Қаршыдан батысқа қарай екі қоналқы жерде орналасқан Шынжыр сарайда қыстауға шешім қабылдады [69-б.]. Осы қыста Әділшаһ бас иіп қызмет етуге бел буып, әлем падишаһының алдына келді. Әрі мына аятқа сай: «енді өз күнәларын мойындайды»<sup>2</sup>. Өзінің пасық ойы мен бұзық пейілін өз аузымен айтты. Әзіреті Саһибқыран ол жағдайдан бұрын хабардар болса да сыр бермей, Әділшаһты патшалық ілтипатқа бөледі.

---

<sup>1</sup> (عقبه یسی): Йәсі асуы

<sup>2</sup> «Мүлк» сүресі =67, 11-аят

Қыс алғы бітер кезде Жүсіп пен Жүніске қатысты айтылған «Сонда оны балық жұтты»<sup>1</sup> күйі келді. Әлем билеушісі жұлдыздай самғаған өжет әскеріне Харезмге жорыққа аттану үшін патша сарайына жиналуға жарлық берді. Барлық ноян мен әмірлер өз жасақтарымен жан-жақтан ағылып келе бастады.

Майдан соғысының жауынгер ұландары,  
Сарайына патшаның бір мезетте жиналды.

Әзірет Саһибқыран Шейх Мұхаммед Баян солдызды ұстауға және оның опасыздығын тергеуге әмір етті. Тергеуден кейін оның күнәсі анықталды. Сондықтан оған кешірім берілмей, тағдыры шешіліп те қойды. Оны өзінің туысы Шейх Мұхаммед Баян Солдыздың әділетсіз қылышынан мерт болған Һәрімәлік солдыздың бауырының қолына тапсырды. Бауырының өшін алушы: «Бір жыл бойы сатқан дүниенді енді бір күнде сатып ал!» – деді де, өлтірді. Саһибқыран Баязид жалайырдың екі ұлын: Әли Дәруіш пен Мұхаммед Дәруішті де жазалады. «Күпір айтқандарды ғана жазалаймыз»<sup>2</sup> дегендей және Түмен солдыздың иелігіндегі аймақты алып, оны Ақтемір баһадүр үлесіне қосты.

---

<sup>1</sup> «Саффат» сүресі = 37, 142-аят

<sup>2</sup> «Сәба» сүресі = 34, 17-аят



## 20-ӘҢГІМЕ

### «ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ.

#### ӘЗІРЕТ САҢИБҚЫРАНЫҢ ХАРЕЗМГЕ ҮШІНШІ РЕТ ЖОРЫҒЫ ЖӘНЕ САРБҰҒА, ӘДІЛШАҢ ПЕН БАҢАРАМ ЖАЛАЙЫР БҮЛІНШІЛІГІ САЛДАРЫНАН ЖОЛ ОРТАСЫНАН ҚАЙТА ОРЛУЫ

777 һижри кәмәри жылы көктемнің басында<sup>1</sup>, яғни Табиғат сұлтанның әмірімен жасыл әскер [70-б.] әр тараптан көтеріле бастады. Ал гүлдер сардары қала, қорған, бау-бақша, ағаштарды қорғауға тағайындалды. Ал гүлмайса сардары әскерін далаға қаптата бастады.

Көктем сұлтан жетті де, желбіретті жалауын,  
Жасыл әскер жеңімпаз тапты көңіл қалауын.  
Жас бұталар бой түзеп, гүлге оранды атырап,  
Тікен – найза, жел – сарбаз, қалқан болды жапырақ.

Әзіреті Саһибқыран дәулеті мен бақытына орай әрі парасатты шешімі, көрегенділігімен Харезмге баруға ниет етті.

Харезмге содан соң қажет болды барғаны,  
Думан емес, той емес, шайқас еді арманы.

Әмір Ақбұғаға Самарқандта билік жүргізу ісін тапсыраы. Әмір Сарбұға Әділшаһ жалайыр, Хытай баһадүр, Елшібұға мен басқа да һазаре әмірлерін отыз мың атты әскермен Жетеге, яғни сол Моғолстанға жіберіп, қалай болғанда да Қамареддинді іздеп тауып, көзін жоюға бұйрық етті.

Отыз мыңдай қалың қол сақадай боп сайланып,  
Соғыс майданының қашқынын іздеуші болып.

Алланың қолдауымен жеңіс туын желбіретіп, олар Харезмге бет алды.

Жер қайысқан қалың қол – қолбасшыға керегі,  
Заманында ешқандай теңдесі жоқ ерлігі.

---

<sup>1</sup> 1376 милади жылдың наурыз айы

Шеңгелі оның алғыр да, қолы сондай қайратты,  
Сілтесе егер семсерін, жауын баудай жайратты.

Жейһун өзені жағалауындағы Се Пайе мекені көкке жететін жарты ай жалауы келуіне байланысты төртінші көк күмбезінің қызғанышына айналған кезде Түркен арлат әскерімен өзеннің арғы жағына өтіп, әзіреттің мүбарак қосынына қосылғысы келген еді. Бірақ тіршілік талқаны таусыла бастағандықтан дұрыс пайымдай алмай, өз жұрты Кезреуан жаққа қашты. Әзіреті Саһибқыран Болат баһадүрді бір топпен оның ізінен жіберді. Олар ат шалдырмастан суыт жүріп отырып Андехұдтан өтіп, Фариаб суының жағасында қуып жетті. Түркен және бауыры Тұрмыш арлат пен өз адамдарымен қосылып су жағасында соғысуға [71-б.] кірісті.

Дұшпан да дүрлігіп қарсы шапты ажалға,  
Бірақ қозы не істейді қандыкөз көкжалға.  
Шыдатпайтын айбаты арыстанға тең болар ма?  
Қыса қашар құйрығын түлкі деген аңдар да!

Олар жеңіліс тапқан соң бытырап қаша бастады. Жеңімпаз әскер олардың артынан қуалай түсті. Болат баһадүр Түркен арлатты өкшелеп қуып жетті. Түркеннің аты шалдығып, ол жаяу қалды. Сосын Болаттың атын да бір жебемен атып құлатты. Болат тұрып үлгергенше оған және бір жебені атты. Алайда оқ дулығадан өтпей басы зақымнан аман қалды. Болат та жанұшыра қарсы атылып, екеуі алыса кетті. Болат әзірет Саһибқыранның бақыт нұрының қолдауымен Түркенді жерге алып ұрып, басын тәнінен бөліп тастады.

Шапты қылыш жау басын құдіретпен кектеніп,  
Семсерімен басын кесіп, қайтты өзі шаттанып.

Аман Сербедал Түркеннің інісі Тұрмыштың ізінен қуып ұстап алып, оның да ісін тындырды.

Оның-дағы кәлласын заматта ұшырып түсірді,  
Жан-жануар оның денесінен шаттанды.

Екі басты да ұлы тақтың алдына жеткізді. Әрине, салтанат құрған әзіреті Саһибқыран сарайының табалдырығы талай бас домалаған жер болатын. Онда өз аяғымен келмеген әрбір бас басқалардың қолымен алып келінген еді.

Әмірлердің басымен көп ойнаған бұл дәуір,  
Сол бастарды кезінде салған тағдыр саудаға.



Жете жаққа, яғни Моғолстанға мәртебелі әзірет жіберген әмірлердің ішінде Сарбұға және Әділшаһ уәлаяттың (Самарқандты) бос екенін біле тұра қателескенін сезбей, Хытай баһадүр және Елшібұғаны тұтқындады.

Әзірет Саһибқыран Әндіжанда бас күзетші<sup>1</sup> етіп тағайындаған адам – Һәмдәми олармен ауыз жаласып бірікті. Олар өз жұрты: жалайыр мен қыпшақтың басын қосып, Самарқандқа жетті де, қаланы қоршап алды. Тұрғындар [72-б.] оларға қарсылық көрсетіп, қорғандардан көз аштырмай садақтан оқ жаудырып, қала маңын қоршауға алуға мүмкіндік бермеді.

Қала әкімі әмір Ақбұға сарайдағы мәртебелі мырзаларға оқиғаның қалай болғанын хабарлады. Әзірет Саһибқыранның қолы Каттан өтіп, Хасқа бара жатқанда бұл жайтты естіді. Қайта оралып, әмірзада Жаһангерді алғы шепке жіберіп, өзі артынан жүріп отырды. Бұхараға жеткенде әмірлерін тәртіпке келтіріп алып, Рабатқа беттеді. Ханзада да Кермине аймағында жауға жетті. Екі жақ сап түзеп, соғыс басталды.

Құлақ түріп жан-жаққа заман әбден ашынды,  
Ыза-кектің қаһары біраз жерге шашылды.  
Жарқылдады алдаспан маржан шашқан тәрізді,  
Ұшып түскен кәллалар қызыл маржан тамызды.

Әмірзада Жаһангер «Жеңіс беруші Тәңірі»<sup>2</sup> құптап, оны мәңгі дәулетінің жеңісіне кепілдік бергендіктен, қашанда жауын жеңіп отырған. Бұл жолы да оларды қашуға мәжбүр етті. Олар Қыпшақ даласына барып, Өріс ханды паналады әрі оның сарайында қызметшісі болды. Жеңімпаз әзірет Саһибқыран өз ордасына оралып, салтанат тағына отырды. Жалайыр ұлысын әмірлеріне бөліп-бөліп, бытыратып жіберді. Әмірзада Омар Шейхты Әндіжанды билеуге жіберді.

Әділшаһ пен Сарбұға Өріс ханға қарсы әрекетті бастады. Ақырында олардың бойындағы бұзақылық пен жаман пиғыл бас көтеріп, Өріс хан жайлауға шыққан кезде қиянат қылышын опасыз қыннан суырып, Аушы би деген ханның сенімді өкілімен шайқасып, оны өлтірді [73-б.]. Сонан соң ол жерден қашып шығып Жете ұлысына, яғни Моғолстанға, Қамареддинге барды. Оны бүлік пен жамандық жасауға арандата бастады.

Қаны бұзық сұмырай салады ылғи сойқанды,  
Тек солардан шығады доңыздық пен сайқалдық.

---

<sup>1</sup> (داروغه): даруға – түрік сөзі: бас күзетші

<sup>2</sup> (الحج): «Һәж» сүресі = 22, 78-аят



## 21-ӘҢГІМЕ

### «ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ. ӘЗІРЕТ САҢИБҚЫРАНЫҢ ЖЕТЕГЕ, ЯҢНИ МОҒОЛСТАНҒА ТӨРТІНШІ РЕТ ЖОРЫҒЫ ЖАЙЫНДА ӘҢГІМЕ

Сарбұға мен Әділшаһ Қамареддинге барып қосылғаннан бастап оның ішіндегі бықсып жатқан бұрынғы кек отын қайта өршітті. Қамареддин әскер жинап, Әндіжан уәлаятына барды. Назаре қазақтары әмірзада Омар Шейхтан бөлініп, Қамареддинге қосылды. Шаһзада тауды паналап, әзіреті Саһибқыранға Данешманд деген кісіні жіберіп, «бүлікшілер толық жеңіске жетіп, Әндіжанның тас-талқанын шығарды» деп хабар берді.

Бұл жаманат хабарды естіген әзіреттің кек оты лаулап жанып, тұла бойын ашу-ыза кернеді. Бар мақсаты тек бүлікшілер болып, жолға суыт шықты. Қамареддин әзіреттің жорыққа аттанғанын білді. Сондықтан ол кідірместен кері бұрылды, ел-жұртын Атбасы деген жерге көшіріп, өзі қаруланған төрт мың атты әскермен торуылдады. Әзіреті Саһибқыран сол жерге жеткенде Қамареддиннің тосқауылдап күтіп жатқанынан бейхабар еді, әмірлерді барлық әскерімен жаудың соңынан қууға жіберді.

Іріктелген бес мың әскер бір топ сардар мен әмір Муиад, Хытай баһадүр, Шейх Әли баһадүр және Ақтемір жанында қалды. Хытай баһадүр мен Шейх Әли баһадүр дұшпанның көзін жою, ерлік пен батырлық жөнінде сөз қозғады. Сөйтіп ыза-кек жалынын өршітіп, олар да жау ізіне түсті. Оларға басқа жауынгерлер де қосылды. Әзірет Саһибқыранның жанында екі жүзден аса адам ғана қалды. Бұл жағдайға қатты қуанған Қамареддин төрт мың кекті, қарулы атты әскерімен [74-б.] торуылдап шығып, кек қылышын батылдықпен суарып әзірет Саһибқыраннан өш алуға лап қойды. «Алланың қолдауымен қанша аз топ көп топты жеңген. Алла сабырлылармен бірге»<sup>1</sup> деген Алланың сөзі ойына оралып, мұбарак көңіліне еш үрей ұяламады. «Жеңіс пен сәттілік – жомарт Жаратушының сыйы, оны әскердің, қару-жарактың көптігімен байланыстыруға болмайды. Батылдық көрсетіндер, сәл ғана осалдық танытсақ-ақ жеңіс қолдан шығып кетеді», – деп жауынгерлердің рухын бір көтеріп тастады.

Соны айтты да, асығып айнала бір жандай-ақ,  
Қолдауымен Алланың, үзеңгіге салды аяқ.  
Бірде гүрзі кәдімгі, бірде шокпар сермеді,

<sup>1</sup> «Бақара» сүресі = 2, 249-аят

Қанға толып кей кезде екі көзі көрмеді.  
Қара бұлттай түйілді, түйіп алды қабақты,  
Әр соққының орнынан бұрқ етті де, қан ақты,  
Қаһарының осылай құдіреті байқалды.  
Қара ормандай қалың қол есеңгіреп шайқалды.  
Қарсыласын қапысыз бір-ақ ұрып құлатты,  
Найзаменен шаншыды, семсерменен сұлатты.  
Оны көріп дұшпанның өңі жаман бұзылды,  
Қабырғасы қаусады, жұлыны да үзілді.

Жеңімпаз Саһибқыран бар күш-жігерімен аянбай соғысса да, жеңіске бір Алланың құптауы және жеңімпаз әскерінің ерлігі мен азаматтығының негізінде жеттік деп білді. Әйтпесе аз ғана жауынгермен төрт мың атты қас дұшпанды күйрете жеңу мүмкін емес еді.

Өз бетімен келмейді терең жеміс тамыры,  
Ол – Алланың қолдауы, ол – Алланың әмірі.

Егер осы жағдайға зер салсақ, әзіреттің ғажайып істері мен батырлық әрекеттерін саналы түрде сараласақ, оған іштей һәм сырттай күш беріп тұрған шын мәнісінде [75-б.] Алла тағаланың құптауы екенін ұғынамыз. Сол күнгі болған оқиғалар сезім терезесінен аян бергендей еді. «Ұйқыларыңды демалыс қылдық»<sup>1</sup> деген үкімге орай ұйқы шымылдығында жабулы қалпында қалған еді. Пәк жанының таза айнасынан Шейх Бұрһанеддин Қылыштың бейнесін түсінде көрді. Яғни пайғамбардың 46 сәуегейлігінің бір жақсы түсін көрді. Оның қасына барып бар ықылас-құрметімен Самарқандқа сырқат халде қалдырып кеткен сүйікті перзенті Әмірзада Жаһангердің шипа табуына Алладан жәрдем сұрауын өтінді. Шейх: «Алламен бол», – деп айтты. Баласы туралы үндеген жоқ. Әзірет ұйқысынан ояна келе бұл түстің көкейіндегідей болмайтынын сезді де, көңілі абыржып, жеке хатшысы Құтлықты Сәнг Көлден хатпен жедел түрде баласы жөнінде хабар алып келуге жөнелтті. Перзенті жайлы көрген түс оның мұбарак көңілін одан әрі мұңайта түсті. Әмірлері мен нөкерлеріне: «Өз баламнан біржола айырылып қалғандаймын, сіздер оның халін жасырмай айтыңыздар», – деп бұйырды. Олар тізе бүгіп, тәжім етіп, ант-су ішіп хабарсыз екендерін айтты.

Содан соң ол бұл жерден Сегіз Иғашқа<sup>2</sup> (سنگزر يغاچ) көшіп, тағы да Қамареддинге жетіп, соғыс бастады. Қамареддин тағы да жеңіліп қашты. Әмір Үшқара оның ізіне түсті. Орта жолда Қамареддин сегіз нөкерімен қайта бұрылды. Бұлар оны қоршап, найзаның ұшымен атын жаралап құлатты, өзін де

---

<sup>1</sup> «Нәбе» сүресі, = 78, 9-аят

<sup>2</sup> (سنگزر يغاچ): сегіз ағаш

жаралады. Ол әйтеуір жаяу-жалпылап жүріп, жаралы жанын аман алып қалды. Болат баһадүр де осы шайқаста қолынан жараланды. Алланың жазғаны болып, сол жолда кенеттен өрт шықты [76-б.]. Болат баһадүр өртті сөндіруге кірісті. Көп қимылдағаннан жарасы ашылып, соның зардабынан ол қайтыс болды.



## 22-ӘҢГІМЕ

### «ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ. ХАНЗАДА ЖА ҺАНГЕРДІҢ ҚАЙТЫС БОЛУЫ ЖАЙЫНДА

Әзірет Саһибқыран Ата Құмнан қайта оралып, Сейһуннан өтіп астанасы Самарқандқа жеткенде мемлекеттің барлық басшысы, әмірлер мен ақсүйектер қарсы алу рәсімін жасады.

Барлық халық қарсы алды ертеменен сабылып,  
Көздерінен қан ағып, жаппай қара жамылып.  
Беттеріне жалбырап қара шашы, қу шашы,  
Бетін жыртып жылады, бастарына құм шашып.

Осылай ел түгелдей басына қара жамылып қаладан шығып, көз жасы көл болып қан толқынында келе жатты.

Әрі діндар, әрі әділ Жаһангердің қазасы,  
Гүлдей боп жастық шақта желге ұшты.

Көктер сәкісінде жоқтау зары шарықтады:

Көзін жұмды падишаһ, опық қалды мәңгілік,  
Замана да, басқа да қала берді мәңгіріп.

Сөйтіп әзірет Саһибқыран жүрегі іштей сезген жағдайдың ақыры шындыққа айналды.

Падишаһтың перзенті – шаһзаданың қазасы,  
Батты елдің жанына, тұтты оның азасын.  
Қос жанары – қос бұлақ көздің жасын тамызды,  
Тіршіліктің мәнінен түк қалмаған тәрізді.

Мемлекеттің барлық жерінде бүкіл халқы әзіретті жеңіс тойын тойлап, қуанышқа бөлеудің орнына күңіреніп жоқтау айтқан соң мемлекет зар мен азаның мекеніне айналды.

Келген жанға дес бермей,  
Аза тұтты әскер.

Ұйқыларын қашырды,  
Қара жерге бас ұрды.  
Жақын-жуық құсалы,  
Қасірет-мұң қысады.

Әзіреті Саһибқыран [77-б.] бұл оқиғаға қатысты «перзенттеріміз – бауыр етіміз» дегендей есеңгіреп, түңіліп қалды. Алайда Тәңірдің заңы әр нәрсенің өлуі ақиқат болса да, тіршіліктің әрі қарай жалғасуы уәжіп екені хақ, «сондықтан сабыр етушілерді қуант»,<sup>1</sup> «Қашанда олар бір тауқыметке тап болса: біз Алланың пендесіміз және оның алдына қайтып барамыз»<sup>2</sup>, – жанының жарақатына ем болды. Марқұм шаһзаданың құт рухының құрметіне әртүрлі қайырымдылық істер жасады. Кедей-кепшіктерге ас беріп және мүскіндер мен пақырларға тағам жасатып садақа дастарқан жайды. Марқұмның пәк денесін Кешке алып барып жерледі. Оның қабіріне өте әсем де биік кесене орнатқызды.

Оның үшін арнап кесене салды,  
Бұл – ұлы өлмес падиша салты.

Оның ғұмыры жиырма жыл болды. Артында екі ұлы қалды: ханзададан туған әмірзада Мұхаммед Сұлтан және марқұмның қырқынан кейін Ілияс Йәсуридін қызы Бақыт Мәлік ағадан туған әмірзада Пір Мұхаммед.

Ол 777<sup>3</sup> хижри кәмәри жылы, яғни ұлу жылында<sup>4</sup> қайтыс болды. Әмірзада Сейфеддин бұл оқиғадан соң рақымсыз фәни дүниенің ісіне ренжіп, әзірет Саһибқыраннан рұқсат алып, Хижазға бет алды.

---

<sup>1</sup> «Бақара» сүресі =2, 155-аят

<sup>2</sup> «Бақара» сүресі =2, 156-аят

<sup>3</sup> 1375–1376 милади

<sup>4</sup> (لوی یتل): ұлу жылы



## 23-ӘҢГІМЕ

### «ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ. САҢИБҚЫРАННЫҢ ӘСКЕРІН ҚАМАРЕДДИНГЕ ҚАРСЫ ЖОРЫҚҚА АТТАҢДЫРУЫ ЖАЙЫНДА ӘҢГІМЕ

Әзірет Саһибқыран ұлының қазасына қатты қайғырып, патшалық істер мен басқару жұмысына ілтипат көлеңкесін түсірмей араласудан шет қалды.

Өмір салты, тіршілік көз жасына тұрмайды,  
Іркілген жас кірпікке енді қайтіп құрғайды?!  
Өмірімнің ақыры – бір топырақ үйілген,  
Жылап келіп, кетесің сол жылаған күйінде!  
Аралауға жер үстін арнадым мен құмды! [78-б.]  
Болмаған соң мәңгілік, қайтем алтын тұғырды?!

Атақты әмірлер мен нояндар патшаның алдына келіп құлдық ұрып, бас иіп, жер сүйді. Алла тағала әлемді жаратты және жаһанда тәртіп орнату үшін соған лайық биік тұлғалы патшалардың дәнекер болуын жөн көрді. Сонда ғана адамзат зұлымдық-зорлықтан аман-есен болып, өз тіршілігін жасар деген Алланың хикметі.

Шаһ қылышы қынында ұзақ жатып қалса егер,  
Бұл әлемде тыныштық орнайды деп ел сенер.  
Ал семсері қайырып, ешнәрсені шаппаса,  
Онда мына әлемді, айналаны тат басар.  
Патша деген Алланың көлеңкесі жердегі,  
Һәм сәулесі жаһанның, сезеді оны көрдегі.  
Нұрдан артық дер едім әділдігін бұл шаһтың,  
Жетпейді оған жарығы шамшырақтың он шақты!  
«Сеждемекен» шаһ үшін аспан әрі мәңгілік,  
Жақсылық пен жамандық қарар соған мәңгіріп.  
Сонда солсын әлемнің бар байлығы, сенімі.  
Болсын және жанында әлемнің де келіні!

Мұбарак әзірет Алланың ризашылығын алу үшін, әлбетте, халқының жағдайын ойлап, әділеттілік орнату ең игі іс екенін түсінді. Адамзат арасынан алғашқы әрі ең кемел шыңына жеткен соңғы пайғамбар да алпыс һәм жетпіс



жыл ғибадат етіп өмір сүрудің орнына бір сағат әділеттілікпен ғұмыр кешуді артық көрген.

Әділ болсан, көңілден шығасың,  
Пайғамбардың сен есігін қағасың.

Әзірет Саһибқыран қол астындағылардың бұл жүрекжарды шынайы ықыласпен айтылған сөздерін қабыл алды. Сөйтіп, бар ынта-жігерін салып, мемлекет жұмысына кірісті. Әскерді жасақтап, тәртіпке келтіру жөнінде жарлық берді.

Сол кезде Әділшаһ жалайырдың бір топ адамымен Қарашық<sup>1</sup> тауларында сергелденде жүргені жайында хабар жетті. Әзірет Саһибқыран Барат қожа көкілташ және Елші Бұғаны он бес атты әскермен оларды ұстап алып келуге жіберді. Олар Самарқандтан шығып, Отырарға жетті. Бір топ қуғыншы [79-б.] Әділшаһты таудың ішінен іздеп, ақыры Аксума деген жерден ұстап өлтірді. Аксума – Қарашық тауының мұзартына қарауылдау үшін салынған бағана. Осы жерден Қыпшақ даласын бақылап отыратын.

Сарбұға дұрыс жолдан тайып, бүлікшілік жасады. Екі жылдан соң ақылға келіп, ойланып, мәртебелі әзіреттің аяғына жығылып кешірім сұрады. Рақымды патша оның қылмысын кешіріп, жұртының билігін өз қолында қалдырды.

Содан кейін әмірзада Омар шейх пен әмір Ақбұға, Хытай баһадүр, тағы басқа да әмірлерге Қамареддинді табу үшін бар күш-қуатты жұмсауға үкім берді. Олар бұйрыққа сай барынша қимылдап, жедел Қаратөбе<sup>2</sup> даласында Қамареддинге жетіп, патшаның жарлығына сәйкес ұрысқа кірісті. Лағыл түстес қылыштың жүзі анардың түсіне айналды. Жаудың зәресі ұшып, жүзі қан сөлсіз бозарып жел ұшыраған сабандай жан-жаққа бытырап қашты. Қамареддин қашып, жеңіске ие болған әскер оның ұлысын тонап, біраз адамын тұтқынға алып, үлкен олжамен оралды.

Елін сүйген, ел сүйген шаһ әскері жеңіскер,  
Қай шайқасқа барса да олжалы болып оралар.

---

<sup>1</sup> (قراشيق): Қарашық

<sup>2</sup> (قرا توبه و قرا توقيده)



## 24-ӘҢГІМЕ

### «ЗАФАРНАМАДАН» ҮЗІНДІ. ӘЗІРЕТІ САҢИБҚЫРАНЫҢ КӨК ТЕКТЕС ӘРІ ЖҰЛДЫЗДАЙ САМҒАҒАН ӘСКЕРІМЕН ЖЕТЕ, ЯҒНИ МОҒОЛСТАНҒА БЕСІНШІ РЕТ ЖОРЫҚҚА ШЫҒУЫ ЖАЙЫНДА

Жеңімпаз әскері мол олжаға батып, Жетеден, яғни Моғолстаннан оралған соң әзірет Саһибқыран сол жылы тағы да Жетеге жорық жасауға ниеттенді. Әмір Мұсаның ұлы Мұхаммед Бекұлы патшаның бажасы болу құрметін иеленген еді, ол әмір Аббас пен Ақтемір баһадүрді алғы шепке жіберді. Олар тәулік бойы ат шалдырмастан суыт жүріп Ыстықкөлдегі Боғамда Қамареддинге жетті [80-б.]. Кескілескен шайқаста Қамареддин жеңіліп, тағы да қашуға мәжбүр болды. Жеңіске жеткен жауынгерлер елді тонап, тұтқындап, құлдыққа алды. Жеңімпаз әзірет Саһибқыран өзінің құт демімен Қамареддиннің артынан Қошқар<sup>1</sup> деген мекенге дейін қуды. Сол жерде әзіретке Тоқтамыш оғланның келе жатқаны туралы хабар жеткізді. Ол Өріс хан өзбектен қауіптеніп, әзіреттен пана іздеп бет алған еді. Әзірет Саһибқыран әмір Тұман мен Темір өзбекке: «Тоқтамыш оғланды қарсы алу рәсімін жасап және толық құрмет көрсетіп алып келіңдер!» – деп бұйрық берді. Өзі Ойнағы<sup>2</sup> арқылы өтетін жолмен жүрді. Өзкентте аялдап, берекелі күймен Самарқандқа жетті.

Әмір Тұман Тоқтамыш оғланды алып келді. Сарай басшылары оны әзірет алдына алып барды. Әзірет үлкен ілтипатпен қарсы алып, той<sup>3</sup> жасап, өткізгеннен кейін патшаға тән мейірімділік пен жомарттық танытты. Алтын, гауһар, мал, ат, түйе, шатыр, жалау, шапан, белдік, қару, қамшы, басқа да бұйымдарды оған және қосшыларына тарту етті.

Оны тіл жеткізіп, қалам жаза алмас.

Әзірет зор құрмет көрсеткені сонша – оны «ұлым» деп атады.

---

<sup>1</sup> (قوچقار)

<sup>2</sup> (ايناغو)

<sup>3</sup> (طوی)



## 25-ӘҢГІМЕ

### ӘМІР ҚАМАРЕДДИН ІСІНІҢ АЯҚТАЛУЫ ЖАЙЫНДА

Әмір Қамареддиннің өмірінің соңғы сәттері туралы Моғолстанның сенімді адамдарының айтуынша, ол Көл Кажырде<sup>1</sup> шемен ауруына шалдығып, дерті күшейіп кеткендігі соншалық – кіндік астының терісі жарылып, сұйық зат – сарысу<sup>2</sup> тыйылмаған. Дәл осы мезетте Әмір Темірдің қолы өзіне қарай бет алғанын естіп жатты, алайда атқа мініп, тізгін ұстауға әл-дәрмені жетпеді. Әйтеуір елі оны бірнеше күнге жететін азық-түлік пен жанына екі адам және емші қосып, орман ішіне жеткізген болатын. Қалған кісілер қашып кетті [81-б.]. Қуғыншылар оны және оның адамдарын орман ішінен қанша сарылып іздесе де таба алмады. Біртіндеп халық оның бүлікшілік әрекетін ұмыта бастады.

Әмір Темір де көңілі жайланып, Моғолстанға алтыншы рет жорық жасауға кіріспеді. Қорытып айтқанда, Моғолстанда тыныштық орнады.

---

<sup>1</sup> (كول قاجور)

<sup>2</sup> (زرداب)



## 26-ӘҢГІМЕ

### ҚЫЗЫР ХАН ТОҒЛЫҚТЕМІР ХАН ҰЛЫНЫҢ ӨМІРІНІҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ ЖАЙЫНДА

Бұрын айтылғандай, Тоғлықтемір ханның кенжесі Қызыр қожа ханды емшектегі кезінде әмір Құдайдадтың шешесі Мираға Қамареддиннің зұлымдығынан құтқарған еді. Қызыр хан он екі жасқа толғанда Қамареддиннен қауіптеніп оны Қашғарға алып кетті. Әмір Құдайдад оның жанына сенімді қызметкерлерін серік етіп қосуға ниет етті. Бірақ Мираға оған қарсы болып: «Өз нөкерлеріңнің ішінен ешкімді оған серік етпегін. Өйткені осы орайда ол (Қызыр) хан бола қалса, бұл әлжуаз ел беделге ие болады, беделді болған соң саған және сенің балаларыңа жау болады. Олар ел бізді менсінбейді деп ойлап қалып, негізгі шаруаны нөкерлер тындырады деп жауласа бастайды. Сол үшін жақын адамдарыңның орнына бөтен біреулерді серік етіп жібергенің жөн», – деп кеңес берді.

Сөйтіп, он екі адамды тобырдан таңдап оған қосты. Олардың әрқайсысы әмірлік денгейге көтерілді. Олардың ұрпағы қазір де бар. Мәселен, солардың бірі Жегірақ болатын. Итаршы әмірлері – оның ұрпағы. Ендігісі – Харезм саудагері. Оның ұрпақтары – Күнжі<sup>1</sup> әмірлері. Тағы бірі – Чалыштан шыққан аңшы. Оның балалары да әмір болды, лақап аттары құсшы<sup>2</sup> болған. Бірақ оларды Көкілташ<sup>3</sup> деп айтқан. Әмір лауазымына қол жеткізгендері, міне, осылар. Қалғандары әмір болмаса да басшылық орынды иемденген.

Ал олар Қызыр қожа ханды Бадахшан-Қашғар арасындағы тауға алып кетті. Ол мекенді Қамареддиннің тыңшылары біліп қалған соң, Хотан тауларына қашты. Бұл жерде де қауіптенген соң Сарыұйғыр [82-б.], Черчен және Луб Катарак жақты бетке алды. Он екі жыл бойы сол аймақты паналады. Қамареддиннің көзі жойылған соң халық өзіне хан іздей бастады, әмір Құдайдад кісі жіберіп Қызыр қожа ханды алғызды. Ел-жұртты жинап оны хан етіп сайлады, Моғол хандығының бейнесі шырайлана түсті. Мемлекет істері өрлеп, көркейіп, Әмір Темірмен бейбіт келісім жасады. Әмір Темірге хан тұқымынан шыққан Тәуәкел ханымды аттастырады. «Зафарнамада» бұл жайында ұзақ баяндалған.

Қысқаша айтқанда, хан патшалық құрған уақытта Қытай еліне ғазуат соғысын ашты. Тұрфан, Қарақожа екі ірі маңызды қалаларын басып алып, ис-

---

<sup>1</sup> (كونجی)

<sup>2</sup> (قوسجی)

<sup>3</sup> (كوكلداش)

лам дінін таратты. Ол жер қазір де ислам дінін ұстанады. Қашғардан кейінгі Моғол хандығының астанасы сол жерде. Сол өлкені ғазуат соғысы кезінде (Қызыр хан) шарифат жолымен бөліп, үлестерін алған деп айтады. Хан үлесіне бір (бөлік) атлас<sup>1</sup> пен бір сұр сиыр<sup>2</sup> тиіпті. Бұл аймақты ол бір кездері Тоғлықтемір хан қабылдаған ислам дінінің жоралғысы бойынша билеген.

Әмір Темір оның уақытында мәңгілік мекенінде жаны жай тапқан еді. «Зафарнамада» жазылғаны былай: «Әмір Темір Батыс және Солтүстік елдері тынышталған соң назарын Шығыс елдеріне аударған. Ол жақтағы ең ірі мемлекет Қытай болатын. Ол әскерін жасақтап, тәртіпке келтірді. Оны айттып жату ұзақ әңгіме. Қорыта айтқанда, сегіз жүз мың әскер шақырылып, жетіжылдық жем-шөп дайындап, Ирак пен Рұм<sup>3</sup> жорығына шыққандай әскерін жабдықтады. Қытай мен Мауараннәһр арасы онша өркен жая қоймаған өлке болғандықтан, азық-түлік<sup>4</sup> жеткілікті болу үшін «әр адам басына екі сауын сиыр, он сауылатын ешкі алсын. Азық-түлігі біткен кезде сиырдың сүтін ішсін, сүті біткен кезде етін жесін» деп әмір берді. Бәрін жөнге келтіріп, Самарқандтан жүріп кетті. Сол жылы Түркістанда [83-б.] қыстады. Қызыр Қожа ханға адам жіберіп, бар мүмкіндікті пайдаланып, егін салып, әскерге азық даярлауды тапсырды.

Әкемнен (Алла оны тозақ отынан құтқарғай) әлденеше рет естігенімдей, Моғолстанның әйгілі аймағы Көктөбеде (Күлтөбе)<sup>5</sup> ерте көктемде бие байланып, алғашқы қымыз дайындалып, моғолдың ежелгі салты бойынша қымыз<sup>6</sup> ішу тойы<sup>6</sup> жасалады.

Әмір Құдайдад қымыз құйылған кесені<sup>7</sup> хан алдына ұсына берген кезде мемлекеттің басшы қызметкерлері Әмір Темірдің елшісі<sup>8</sup> келгенін және елшінің әкелген хабарын айтты. Оны естіген хан: «Әмір Темірге қарсы келу қиын, қоналқа<sup>9</sup> мен сауын<sup>10</sup> беріп, алым-салық төлеу керек», – деді. Қымыз кесесін<sup>11</sup> қолына ұстап тұрып, қатты ойға кетті. Әмір Құдайдад: «Дәл қазір қымызды ішіп, тыныш дем алу керек», – деді де, мына бәйіттің мазмұнына орай:

Қайғы бұлты аспанды тұрған кезде торламай,  
Болашақта көрерміз деп, алдын ала ойланбай.

<sup>1</sup> Атлас – анықталмай келе жатқан есім.

<sup>2</sup> Бір сұр сиыр – анықталмай келе жатқан есім.

<sup>3</sup> Рұм – Кіші Азия

<sup>4</sup> (أذوق): азық

<sup>5</sup> (كوك توبه - كول توبه): Көдтөбе, Көктөбе

<sup>6</sup> (قمیزطوی): қымыз тойы

<sup>7</sup> (كاس): кесе

<sup>8</sup> (ایلچی): елші

<sup>9</sup> (قونالغہ): қоналқа

<sup>10</sup> (ساوون): сауын

<sup>11</sup> (كاسه قمیز): қымыз кесесі

Сонан соң: «Бір алманы аспанға лақтырсаң, төменге түскенше «Хақ тағаланың мыңдаған рақметі жауар, әзірше бұл сәтті көңілді өткізу керек», – деп айтқандай, сөзін аяқтағанша хан шатырының<sup>1</sup> жиегінен бір ақ киім киген кісі қара атпен шауып келе жатқанын көздері шалып қалды. Ол келе бере, халық салты бойынша хан шатырына кірместен бұрын шылауханаға<sup>2</sup> тоқтап, аттан түсу керектұғын. Алайда ол аттан түспеген күйі, елдің айқай салып тоқтауына карамастан, хан алдына бір-ақ жетіп [84-б.]: «Әмір Темір Отырарда өлді!» – деп жар салды да, қайта шауып кетті. Жұрттың: «Тоқта, хабарды нақтап айт», – деген айқайын құлаққа ілмей шауып кете барды. Оның соңына түскен қуғыншылар шаңына да ілесе алмай қалды. Бұл хабар сол күйінде анық-қанығы мәлім болмай қала берді. Содан қырық бес күннен кейін «Әмір Темір Отырарда қайтыс болды» деген анық хабар жетті. Әмір Темір дүние салып, жанын жегідей жеп күйзелткен қайғыдан біржолата құтылды.

Қызыр ханның туған күні – 770<sup>3</sup> жыл, ал бұл баяндалып отырған оқиға 807<sup>4</sup> жылы болған. Сонымен Қызыр қожа ханның Әмір Темірден кейін қанша жылдан соң қайтыс болғаны белгісіз (Алла біледі). Хан таққа отырған соң әмір Қамареддиннің үстемдігі және Әмір Темірдің бұйрықтары мен тапсырмаларынан құтылып, билікті мықтап құрды. Әрі ұмыт боп бара жатқан билік қағидаларын жаңғыртып, мемлекет іргесін барынша нығайтты. Соның бірі Әмір Құдайдадтың істеріне қатысты еді. Әмір Құдайдадтың арғы атасы Өртебура<sup>5</sup> Шыңғыс хан заманында оның жарлығы бойынша жеті артықшылық мансап алған. Біріншісі – дабыл, екіншісі – ту, түрікше түмен ту<sup>6</sup> немесе нақара – керней, үшіншісі – өз қызметшісінің екеуіне ол қосын ту<sup>7</sup> тапсырады. Әр қосын туы төрт тудан тұрады, төртіншісі – қорамсақ<sup>8</sup> ханның мәжілісіне өзінен басқа ешкім қорамсақ алып кіре алмайды. Хан мәжілісінде моғол дәстүріне сай Көре ханнан басқа ешкімге қорамсақ асып отыруға рұқсат етілмеген, бесіншісі – бұғы не қоян аулауға шыққанда нөкер болып қатысуына рұқсат етіледі [85-б.]. Түрікше «Бөдене мен қоян аулаушылардың қоршаған алаңына қатысып жүруіне рұқсат берілді» делінеді. Алтыншысы – моғолдардың ұлысына әмір болады және ол моғол ұлысының сардары деп жарлықтарда тіркеледі. Жетіншісі – әмірлер бас қосқанда ол төрде отырады, ал әмірлер екі жағынан бір жебе бойы төменірек отырады.

Шыңғыс ханның Өртебураға берген жарлығындағы жеті артықшылығы осындай еді. Әмір Болатшы қалмақ жерінен Тоғлықтемірді алып келіп, хан

<sup>1</sup> (كرياس بر وزن الباس» دربار پادشاهان و امرا و اعيان را گویند. برهان قاطع)

<sup>2</sup> (جلوخانه): шылаухана

<sup>3</sup> 1368–1369 милади

<sup>4</sup> 1405 милади

<sup>5</sup> (اورتوبرا)

<sup>6</sup> (تومن طوغ): түмен ту

<sup>7</sup> (قوشون طوغ): қосын туы

<sup>8</sup> (قور): қорамсақ

тағына отырғызғаны туралы бұдан бұрын айтылды. Содан Тоғлықтемір сол жеті артықшылыққа тағы екеуін қосып, тоғыз артықшылыққа жеткізген. Бірі – қосынның әмірін, яғни мың нөкері бар әмірді ханға айтпай-ақ басшылыққа тағайындауға не жұмыстан босатуға еркі бар және ол үшін хан үкімі қажет емес, екіншісі – әмір Болатшының ұрпақтары тоғыз қылмыс жасағанға дейін жауапқа тартылмайтындығы. Олардың ішінен біреуі тоғыз қылмыс істеген кезде оны екі жасар ақбоз атқа отырғызып, жауапқа тартылатын орынға алып келеді. Аттың аяқ астына құрмет көрсету үшін тоғыз ақ киіз төселеді және оның сөзін барлас руының әмірі ханға жеткізеді, ал ханның сөзін арқанұт руының әмірі жеткізіп тұрады. Тергеу жасап, оның тоғыз қылмысы анықталып, кінәсі дәлелденгенде оған өлім жазасы кесіледі де, күре тамырын қиып жібереді, әлгі екі әмір жаны шыққанша екі жағынан ұстап тұруға тиіс. Әбден қансырап жан тапсырған кезде екі әмір жылап-сықтап денесін алып кетеді.

Тоғлықтемір осы нақты тоғыз артықшылықты дәлелдейтін жарлыққа қол қойды. Мен сол Тоғлықтемір ханның [86-б.] жарлығын көрген едім. Ал ол дерек ретінде атадан-атаға өтіп, әкемде (Алла оны тозақтың отынан құтқарғай) қалған еді, Шаһибек ханның аласапыранында жоғалып кеткен. Жарлық көктем мезгілінде, доңыз жылы Құндызда моғол тілінде әрі моғол графикасымен жазылған еді. Осыған сүйене отырып Тоғлықтемір ханның Құндызға дейін билік еткенін болжауға болады. Ханның өмірі жайында ешкім ешнәрсе білмейді, ол туралы «Зафарнамада» жазылғанның бәрін мен осы «Тарихта» келтірдім.

Ал енді Қызыр қожа хан әмір Болатшының ұлы әмір Құдайдадтың күшқажыр жұмсауымен әмір Қамареддиннің қастандығынан құтылып, таққа отырғанда ұлы атасының жеті артықшылығын қайта жаңартып, әмір Құдайдад істерін реттеуде бұрынғы тоғызға тағы да үш артықшылық қосып, он екіге жеткізді. Біріншіден, той күні ханның үш жасауылы ат үстінде сап түзеп тұрады. Ал әмір Құдайдадтың бір жасауылы сап түзейді. Екіншіден, той күндері уақытша хан шатырының<sup>1</sup> жанында бір кісі ханның оң жағында ханға арналған пиаласын<sup>2</sup> және сол жағында әмір Құдайдадқа тән пиаласын<sup>3</sup> қолына ұстап тұрады. Хан мен Құдайдадқа арналған екі пиала<sup>4</sup> оларға беріледі. Үшіншіден, жарлық хатына мөр қойылғанда: жарлық біткен жерге әмір Құдайдадтың мөрі басылады, сол сөйлем басталар жерге хан [87-б.] мөрі басылады. Осы он екі артықшылыққа Қызыр қожа хан әмір Құдайдадтың атына жарлық берді.

Он екі артықшылық әмір Құдайдадтан кейін баласы әмір Мұхаммед шаһ көрегенге өтті. Әмір Мұхаммед шаһтан кейін немере інісі әмір Сейіт Әлі көрегенге өтеді. Әмір Сейіт Әліден кейін оның ұлы Мұхаммед Айдар мырза

<sup>1</sup> (کوركه): күрке – уақытша шатыр

<sup>2</sup> (پياله): пиала

<sup>3</sup> 1227 милади

<sup>4</sup> тамыз 1533 милади



көрегенге өтеді. Ал Мұхаммед Айдар мырзадан кейін оның баласы Мұхаммед Үсейін мырза көрегенге өткен. Бұл Мұхаммед Үсейін көреген мен пақыр Мұхаммед Айдардың әкесі болған. Ел арасында Мырза Айдар атымен таны-мал болғанмын.

Әкем (Алла оны тозақтың отынан құтқарғай) шейіт болған соң немере ағам Сейіт Мұхаммед мырза шейіттердің сұлтаны Сұлтан Саид ханға барып қосылды. Шейіт болған Саид хан (жұмақ гүлзарында мәңгі болғай) немере ағам бұл артықшылықтарды бекітіп берген еді. Ол жайлы осы «Тарих-и Рашидидің» екінші кітабында толық айтылады. Осы артықшылықтардың қолданылуы Шыңғыс хан кезінде басталып, 625 хижри кәмәри<sup>1</sup> Сұлтан Саид хан қайтыс болғанға дейін және менің немере ағам мұһәррәм айында 940<sup>2</sup> жылы мерт етілгенге дейін созылды. Сұлтан Саид ханның хандық кезеңі аяқталып, кезек сұлтан Рашидке жеткенде ол ата-бабалар тәртібін жоюға үкім берді (Жаратушының даңқы артсын). Өйткені кезек маған келген кезде мені біреуге құлдықта болудан тәуелсіз етіп, әйтеуір бір ханға мұқтаж болу қандай мансап болар. Әй Алла, сенің себепсіз те шексіз ілтипатыңның бір ұшқыны бұл дүние және ақыреттен құтқарады. Осылайша мені күйбең тіршіліктің бір ұшқыны фәни мен бақи екі дүниеміздің құтқарушысы болғандықтан менің дүниеуи өмірімді пенделерге құл болудан азат еткендей, жан дүниемді де барлық дүниеуи нәрселердің тұтқынынан босатып, өзіңе кіріптар қылғай.

Әй, Алла, барлық халықты маған анайы қылғайсың [88-б.],  
Әлем жұртынан мені бөліп, жақсыға сай қылғайсың.  
Көңіл көзімді әр тарапқа қаратпай, бір жаққа қаратқайсың,  
Көңіл хошымды да бір жаққа, бір бағытқа қылғайсың.

---

<sup>1</sup> 1229 жылы

<sup>2</sup> 1533 жылы



## 27-ӘҢГІМЕ

### МҰХАММЕД ХАН ЖАЙЫНДА ӘҢГІМЕ

Мұхаммед хан – Қызыр қожа ханның баласы. Оның Мұхаммед ханнан басқа да балалары болған: Шәмһ-е Жаһан хан және Нақыш-е Жаһан хан т.б. Әу баста Есенбұға ханнан кейін, Тоғлықтемір ханнан басқа, моғол жұртында Шағатай хандарынан ешкім қалмаған еді, бұл жағдай бұрын айтылған-ды. Тоғлықтемір ханнан кейін әмір Қамареддин ханның барлық баласын өлтірді. Тек қана Қызыр қожа хан аман қалды. Қызыр Қожа хан туралы толық мәлімет моғол аңыздарында сақталынбаған. Маған мәлім болғаны, ханның ата-бабаларының өмірбаяны толық айқын емес. Сондықтан Қызыр қожа ханның балалары ішінен моғол хандарының ең соңғысы осы Мұхаммед хан.

Мұхаммед хан дәулетті, мұсылман пейілді, әділ, іскер билеуші болды. Көптеген ізгі істі жүзеге асырды. Сондықтан оның мұбарак кезінде моғол ұлысының көп бөлігі ислам дінін қабылдады. Исламды пір тұтып, дәріптегені соншалық – егер бір моғолдың басында сәлде болмаса, кәллесіне таға шегесін қағатын еді.

Мұндай іс-әрекеттерді ол көп жасаған (Алланың шапағаты тисін). Моғолдарда әмір Құдайдад өз қолымен алты әмірді таққа отырғызған деген сөз бар. Солардың бірі осы Мұхаммед хан болатын.

Мұхаммед хан Шатыркөл<sup>1</sup> асуының солтүстік [89-б.] жағына Керуен сарай салған. Сарайды тұрғызған кезде пайдаланған керемет үлкен тастар Кашмир ғимараттарынан басқа ешбір жерде кездеспейді. Бұл керуен сарайдың кіреберіс аркасы – жиырма кез<sup>2</sup>. Дарбазадан өткен соң отыз кез жүргенде сол жерде биіктігі жиырма кез өте тартымды күмбез тұрғызылған. Күмбездің алдында есік бар, күмбез бен көше айналасына жинақы бөлмелер салынған. Оның батыс жағына биіктігі он бес кез мешіт тұрғызған. Жайдың бір-бірімен байланыстырып жатқан жиырмадай жапсары бар. Бәрі тастан жасалынған және маңдайшалары да тұтастай тастан істелінген. Кашмир ғимараттарын көрмегенше бұл құрылыс нысандары ғажайып боп көрінетін. Ол Шатыркөл асуын Керуен сарайдың атымен «Тас рабат асуы» дейді.

Мұхаммед хан заманында Мауараннәһрды мырза Шахрохтың атынан мырза Ұлықбек биледі. Ол обсерватория және «Зинж-е көрегени» атағын иеленген

<sup>1</sup> (چادر کول): Шатыркөл

<sup>2</sup> (کز – 16 گره یا 104 سانتی متر است. عمید 104)

данышпан патша болған. Хорасан мен Иракта мырза Шахрох патша болды. Тарих жылнамасында Ұлықбектің туған және өлген жылдары белгісіз. Егер сол кездегі даталарды салыстырар болсақ, ол шамамен 860 һижри қәмәри<sup>1</sup> жылы қайтыс болған (Алла біледі).

---

<sup>1</sup> 1455–1456 милади



## 28-ӘҢГІМЕ

### ШЕР МҰХАММЕД ХАН БИН МҰХАММЕД ХАН ЖАЙЫНДА

Мұхаммед ханның Шер Мұхаммед хан, Шер Әлі оғлан және басқа да балалары болған. Шер Мұхаммед хан әкесі қайтыс болған соң тәуелсіз хан болды. Оның билік құрған кезінде халайық [90-б.] тыныш әрі мамыражай тіршілік етті. Оның бауыры Шер Әлі оғлан он сегіз жасында қайтыс болып, таққа отырып үлгермеді. Одан Уәйіс хан атты жалғыз мұрагер қалды. Уәйіс хан мен Шер Мұхаммед екеуі бақталас болды. Ол жөнінде кейінірек сөз қозғаймыз. Уәйіс хан Шер Мұхаммед ханнан ұзағырақ патшалық құрды. Мырза Шахрохпен замандас болатын.



## 29-ӘҢГІМЕ

### УӘЙІС ХАН ӨМІРІНІҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІ ЖАЙЫНДА

Сұлтан Уәйіс хан әкесі Шер Әлі оғлан қайтыс болған соң немере ағасы Шер Мұхаммед ханның жанында болды. Алайда кәметке толған соң немере ағасынан кетіп, қазақылық салты бойынша<sup>1</sup> әртүрлі жерде жүрді. Осындай мақсатты көздеген, өзін баһадүр санар моғол ұлысының жастары оған жақындасты. Солардың бірі менің атам әмір Сейіт Әлі болатын. Мен Уәйіс ханға немере жиен болатынмын. Ал әмір Сейіт Әлі – менің бабам. Ол – Сейіт Аһмет мырзаның, ал Сейіт Аһмет мырза – әмір Құдайдадтың баласы. Бұл жерде әңгіменің ретіне қарай әмір Сейіт Әлі туралы жаза кеткен жөн.

---

<sup>1</sup> (به رسم قزاقی): қазақылық салты бойынша



### 30-ӘҢГІМЕ

#### ӘМІР СЕЙІТ ӘЛІ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАТЫСТЫ ӘҢГІМЕЛЕР

Әмір Құдайдад, жоғарыда айтқанымыздай, Моғолстанда хандардың қызметінде болды. Қашғар – Құдайдадтың атамекені. Ол Шыңғыс ханнан аталарына енші ретінде берілген жер еді. Бұл туралы екінші кітапта, Қашғар туралы айтылатын тарауда жазылған.

Әмір Сейіт Аһмет [91-б.] кекеш болғандықтан оның сөзін түсіну қиын еді, тек оны ден қойып, үлкен ықыласпен тыңдау керек-тін. Құлағының да мүкісі болатын. Сондықтан оған бір нәрсе айту үшін қаттырақ сөйлеуге тура келетін. Оны атасы Құдайдад Қашғарға билеуші етіп жіберді. Ол Қашғарда ұзақ уақыт билік құрды. Қашғарда қожа Шәріп деген нәзік, сүйкімді кісі болған. Халқының бәрі оған барып, өз мәселесі бойынша кеңес алатын. Ол Сейіт Аһмед мырзаға ренжулі еді. Сондықтан Мырза Ұлықбекті паналап, Қашғарды оған тапсырған еді. Содан Әмір Сейіт Аһмет Қашғардан қашып, әкесіне барды. Содан көп ұзамай қайтыс болды.

Сейіт Аһмет мырзаның ұлы Әмір Сейіт ірі кісі еді. Әмір Құдайдад Сейіт Әліні басқа балаларынан жақсы көріп, ерекше құрмет көрсететін. Әмір Сейіт Әлі қуатты, ержүрек, парасатты, теңдесі жоқ батыл еді. Сондай-ақ оны «Әліп»<sup>1</sup> деп атаған.

Әмір Сейіт Әлі Есенбұға ханның қызын ұлы Мұхаммед Айдар мырзаға алып бергені жөнінде айтылады. Мен оның бөлменің бұрышына шеге қаққанын көрген едім. Егер бір кісі тік тұрып, екіншісі оның иығына аяғын қойып, қолын созғанда әлгі бұрышқа қолы бір кездей жетпей қалатын. Бұл әңгіменің мақсаты әмір Құдайдад Сейіт Әліні басқа балаларынан не үшін көбірек жақсы көретінін көрсету [92-б.] болатын.

Сол күндері Темір мырзалары әулетінен шыққан Аһмет мырза атты әлдебіреу Мырза Шахрохтың қолынан осында қашып келген еді. Оның қарындасына әмір Сейіт Әлі қатты ғашық болады. Сол себептен әмір Құдайдад және басқа кісілер құда түсіп барса да қыз көнбеген. Ол: «Мен Моғолстанда тұра алмаймын, егер менің уәлаятыма барам десе ғана келісемін», – деп шарт қойған. Ол қыз көп ұзамай өз еліне бет алды. Әмір Сейіт Әлі де онымен жолсерік болды. Әндіжанға жеткенде, Мырза Ұлықбек адам жіберіп Аһмет мырзаны өлтіртті де, қарындасын өзі некелеп алды. Әмір Сейіт Әліні Самарқандта түрмеге салды. Түрмеде бір жыл отырды. Содан соң іш ауруына душар болып, хал үстінде

---

<sup>1</sup> аса ұзын бойлы болған соң «әліп» таңбасына теңеген

жатты. Мырза Ұлықбек емшілерге қаратса да еш дауасы болмады. Содан бір күні бір кісі қымыз<sup>1</sup> алып барды. Мырза Сейіт Әлі емшілерден ем қонбаған соң қымыз ішуге рұқсат сұрады. Олар басқа емнің шипасы болмағанын көріп, бәлкім, қымыз оның табиғатына сай келер деп қанша сұраса да беріп отырды. Сол сәтінде-ақ қымыздың игі әсері байқала бастап, ертесіне тағы қымыз берді. Сонымен мырза Сейіт Әлінің беті бері қарап, ауруынан айықты.

Сол мезетте Мырза Ұлықбек мәртебелі әкесі мырза Шахрохтың қызметіне бара жатқан еді [93-б.]. Әмір Сейіт Әлі жазылған соң оған ат пен ер-тоқым, қару-жарақ берілсін деп әмір етті. Хорасанға жолдас қылып өзімен ала жүруге әрі Хорасан еліне Моғолстанда қандай жаудың бар екенін көрсетуге ниет етті. Бір түні Қаршыда Ұлықбектің жатын бөлмесінің жанынан шырақ ұстаған бір топ өтіп бара жатты. Шырақтың сәулесі бөлмеге түскенде қасында жатқан әмір Сейіт Әлінің ұзындығы он төрт жұдырық болатын жебесін байқап қалды. Содан кейін ол «Сейіт Әлі мына жебені маған жұмсап, өлтіріп кетсе, оған кім қарсы тұрады?!» деп қауіптенді. Осыдан соң ол әмір Сейіт Әліні шақырып алып: «Сіздің Хорасанға баруыңыз өте қиын болуы мүмкін. Сондықтан Самарқандқа қайтып барғаныңыз жөн. Мен Хорасаннан оралған соң Моғолстанға баруыңызға рұқсат етемін. Сіз біз бен Шер Мұхаммед хан арасында дәнекерші болып, бейбітшілік орнатуға өз үлесіңізді қосасыз», – деп кері қайтуға рұқсат етті және жанына жолдас етіп бір кісіні қосты. Сосын: «Әмір Сейіт Әліге құрмет көрсетіп, оны сақтасын», – деді. Өзі ол кісіге: «Самарқандтың әйгілі әмірі Сейіт Әліні тұтқынға алсын», – деп астыртын тапсырды.

Әмір Сейіт Әлі Самарқандқа жеткенше жолсерігінің жүріс-тұрысынан оның ниетінің адал емес екенін түсінді [94-б.]. Жолсерігі Самарқандқа келген соң мұны бір кісінің үйіне қалдырып, өзі әкімге жолығуға кетті. Сонда ол да үйден шығып, жаяу-жалпылап Ташкентке бет алды. Әлгі кісі әкіммен бірге қайта келіп, әмір Сейітті іздегенде аты мен ер-тоқымын ғана көрді. Сұрастыра келе жаяу шығып кеткені мәлім болғанымен оны таппай қойды.

Әмір Сейіт Әлі бір топ дәруішке қосылып жүзін жасырған күйі Ташкентке жетті. Дәруіштер әмірге «Игілікті түйе» деп ат қойды. Өйткені әркім артық жүгін оған артып келе жатты, осылайша әлі де Йәнгі аталып жүрген Таразға дейін жетті. Онда моғол арасында Ишан мүлкет ата (мемлекет ата) деп аталатын «үңгір достар»<sup>2</sup> мазарының шейхы әмір Сейіт Әліні танып қалды. Ол Шадике атты баласын жолсерік етіп, Сейіт Әліні Моғолстанға, әмір Құдайдадқа жеткізді. Осы Шадике шейх әмір Сейіт Әлінің жақын сырлас адамдарының бірі болды. Содан «Опалы Шадике» атанды. Қазіргі уақыттың өзінде одан қалған ұрпақ бар, бірақ олар мұндай құрметке ие бола алмады.

Қысқасы, әмір Сейіт Әлі мәртебелі атасы Құдайдадтың құзырына жеткенде сол күндері сұлтан Уәйіс хан өз немере ағасы Шер Мұхаммед ханнан

---

<sup>1</sup> (قمیز): ҚЫМЫЗ

<sup>2</sup> (اصحاب كهف)



бөлініп, қазақ<sup>1</sup> болып жүретін. Әмір Құдайдад әмір Әліге: «Сен Уәйіс ханның жанына барғаның жөн болар, өйткені мұнда жүрсең зая кетесің», – деп, оны [95-б.] алпыс адамнан тұратын бір топ жаспен Уәйіс ханның жанына жіберді.

Әмір Сейіт Әлі Уәйіс ханның жанында игі қызметтер атқарды. Хан өз қарындасы Ұзын сұлтан ханымды әмір Сейіт Әліге некеледі. Әмір Сейіт Әлінің жақсы мінездері Уәйіс ханның жұмыстарын атқаруға өте ыңғайлы еді. Оны әңгімелеу аса ұзаққа созылады, бірақ оның кейбіреуі Уәйіс хан жайлы хикаяны баяндағанда айтылар.

---

<sup>1</sup> (قزاق): еркін



## 31-ӘҢГІМЕ

### ШЕР МҰХАММЕД ХАН МЕН УӘЙІС ХАННЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ ЖАЙЫНДА

Уәйіс ханның немере ағасы Шер Мұхаммед ханнан іргесін ажыратқанын, бір топ жас келіп оған қосылғаны жайлы айтқанбыз. Шер Мұхаммед хан қашық емес жерде қазақшылық салтпен тіршілік кешті. Уәйіс хан біраз уақыт Луб, Касак және Сарыұйғырда қоныстанды.

Сол күндері қарындасы Ұзын сұлтан ханымды әмір Сейіт Әліге ұзатып жатқан еді. Әмір Әлі той жасау үшін аңға шығып, екі бұғы атып алып, соның етімен той жасады. Бұл тойдың ұлан-асыр мол жасалғанын осы бір ғана мысалдан көз жеткізуге болады.

Ол аймақта бұдан басқа айтарлықтай оқиға болған жоқ. Сондықтан ол Түркістанға аттанып кетті. Сол кезде Түркістанда әмір шейх Нұреддин ибн Сарбұға қыпшақ әкім болатын. Ол Әмір Темірдің ұлы қолбасшыларының бірі болып, онымен қарым-қатынаста болды. Ал онымен Шер Мұхаммед хан арасында дұшпандық болғандықтан Уәйіс ханмен жақындасып, оған қызы Дәулет сұлтан бегімді тұрмысқа берді. Ондағы мақсаты – Шер Мұхаммед ханға қарсы келіп, шайқасуға көмектессін деген ниет.

Уәйіс хан немере ағасы Шер Мұхаммедпен ұзақ уақыт жауласып жүрген [96-б.]. Көбінесе Шер Мұхаммед хан жеңіске жетіп отырды. Бірде Шер Мұхаммед хан Моғолстанның Қараң Қаңлық<sup>1</sup> атты мекенінде болғанда Уәйіс хан алыстан айналып келіп түн ортасында оған жеткен. Олар төрт жүз адам болған. Айқай-шу естілген бойда Шер Мұхаммед хан судан ойылған жеріне секіріп қашып кетті. Уәйіс хан қосынды қоршап алып, таң атқанға дейін қолына түскен адамдарын өлтіріп, маңайды сүзіп іздесе де, оны таба алмады. Күн шығып, нұр сәулесін шаша бастағанда Шер Мұхаммед хан ортада көрінген сәтте оның адамдары төңірегіне жиналды, оны көрген Уәйіс хан қашты. Жаудың қуғыншыларынан азар-безер болып әрең құтылды. Жалпы айтқанда, Шер Мұхаммед қайтыс болғанша қорқыныш пен үрейде күн кешті. Шер Мұхаммед өз ажалынан қайтыс болды да, ақырында хан тағына Уәйіс ханның қолы жетті.

---

<sup>1</sup> (قرنگ قانکلیغ)



## 32-ӘҢГІМЕ

## УӘЙІС ХАННЫҢ ХАНДЫҒЫ ЖАЙЫНДА

Хандық кезек Уәйіс ханға жетті. Ол өз тұқымының ішінде шын пейілді мұсылман, отаншыл, іскер және ержүрек адам ретінде ерекшеленді. Хан мұсылмандарды моғолдардың жорығынан қорғап, олармен шайқасты. Қалмақтармен іргелес болғандықтан кәпірлерге қарсы үнемі соғысты. Ол көбіне жеңіліске ұшырап отырса да жиһад соғысынан бас тартқан емес. Сондықтан екі рет кәпірлердің қолына тұтқынға түсті.

Бірінші рет [97-б.] Мыңбұлақ<sup>1</sup> деген жердегі соғыста жау қолына түсті. Оны тұтқындап, Исан Тайшыға алып барды. Тайшы «Егер ол шын мәнінде Шыңғыс ханның ұрпағы болса, маған бас иемей, нөкер ретінде қабылдар» деп ойлады. Ханды алып келгенде Исан Тайшы ат үстінде болатын. Аттан түсіп, бас иіп жақындады, сонда хан одан бетін бұрып алып кетті. Қолын да берген жоқ. Осыдан кейін-ақ Тайшы оған қатты сеніп, құрметтеп, оның хан болып қалуына рұқсат етті. Ханнан: «Неге бас имедіңіз?» – деп сұрағанда, ол: «Егер ол қасыма жай келгенде мен қорқып бас иер едім, бірақ ол кәпірлердің ескі салты бойынша бас иіп, сәжде ете бастады. Ал шейіт болу уақытында кәпірге жылы жүзбен бас ию мұсылмандыққа жатпайды, сондықтан бас имедім», – деп жауап қатты. Хан дін жолында берік және адал болғандықтан, соның қасиетінің арқасында бұл бәледен құтылды.

Тағы бір рет Моғолстан шекарасының ең шеткі мекені Биш Кабада Исан Тайшымен соғысып, қайта жеңілді. Аты да жарақаттанды. Хан жаяу қалды. Оны тұтқынға аларда әмір Сейіт Әлі атынан түсіп, оған берді де, өзі жерге етпетімен жата қалды. Кәпірлер оны өлдіге санады да, бәрі оның басына жиналды. Жақындаған кезде әмір орнынан атып тұрып, олардың бірін шап беріп ұстап алды. Бағына орай, ол беделді біреу болып шықты. Әмір оның тонынан ұстап [98-б.] жүріп өзіне айнала қалқан етіп алды, өзі хан атының шылауын<sup>2</sup> ұстап, жаяу жүріп отырды. Сондықтан әмірге оқ ата алмай келе жатқан жауларымен алысып, алты шақырым<sup>3</sup> жүріп, Іле суына жетті. Қалмақты суға тастап, хан атының тізгінін қолына алып суға түсті. Су әмірдің төсіне дейін жетті. Басқа адамдар суға батып кетті. Ханның аты жүзіп келе жатты,

<sup>1</sup> (مینگ بولاق): Мыңбұлақ

<sup>2</sup> (چالو): шылау

<sup>3</sup> (فارسخ): фәрсәх – алты шақырымға тең

әмір хан атының басын жоғары ұстап жүріп, ханды ат үстінде хандық шапанды иығынан түсірмей судан өткізді. Сол күні көп адам суға батып кетті.

Мынадай бір әңгіме айтылатын: ханның екі немере бауыры болатын: бірін – Асан сұлтан, екіншісін Лұқпан сұлтан деп атайтын. Біріншісі – қызыл шапан, екіншісі көк шапан киетін. Суға түскенде екеуі де бата бастады. Әмір Сейіт Әлі бір қолымен ханның атының шылауын ұстап, екінші қолымен батып бара жатқан әлгі екеуге екі рет қолын созып, құтқарып қалуға тырысты. Бірақ шамасы жетпеді. Хан: «Көпке дейін олардың шапаны су бетінде қызыл, көк болып алыстан көзге түсіп бара жатты», – деді.

Осы оқиғадан кейін Уәйіс хан әмір Сейіт Әліге еңбегі үшін бес жұлде<sup>1</sup> берді. Әрбір жұлдені бір ісі үшін. Біріншісі – өзі жаяу қалып, ханға атын түсіп бергені үшін. Екіншісі – қалмақты тұтқынға алғандықтан. Үшіншісі – алты шақырым бойы қалмақты қалқан қылып өткені үшін. Төртіншісі – шапан жауып, ханды ат үстінде Іле суынан өткізгені үшін. Бесіншісі – бір қолымен хан атының тізгінін ұстаса, екінші қолымен батып бара жатқан бауырларын құтқаруға бар пейілімен екі рет қол созып тырысқаны үшін [99-б.]. Сосын хан: «Мен әмірдің зор күш-қуатына сенемін. Егер екі бауырымның біреуі қолына ілінгенде оны да судан алып шығарар еді», – деді. Бұл бес игілікті ісі үшін оған бес аймақты<sup>2</sup> жұлде ретінде сыйлады. Біріншісі – Түркат, екіншісі – Нибәт Шеранут, үшіншісі – Хотанда орналасқан өзбек аймағы, төртіншісі – Даруға, бұл да Хотанда, бесіншісі – Кукұт (Кукұнұт, Кукуфет және т.б.) аймағы, бұл да Хотанда.

Сұлтан Уәйіс хан тағы бір рет Тұрфанда Ишан Тайшымен соғысып жеңілді, өзі тұтқынға түсті. Ишан Тайшы: «Бұл ретте сені жайдан-жай босатпаймын. Құныңа өз қарындасың Мәхтұм ханымды беруге тиіссің!» – деді. Хан Мәхтұм ханымды беруге мәжбүр болды. Ел аузында мынадай сөз тараған: хан қалмақпен алпыс бір рет шайқасып, тек бір рет қана жеңіп шыққан, одан соң жеңіліске ұшыраған (Алла біледі).

Мәулана Қожа Аһметтен «хан нағыз тақуа болған» дегенді талай рет естігем. Ол жыл сайын Тарым, Луб, Катак маңайында жайылатын дала түйелерін аулауға аңға шығатын. Ол жайлы толықтай екінші кітапта баяндалады. Ұстаған түйенің жүнін өзі күзеп, шешесі Сұлтан Хатунға алып барып беретін. Ал шешесі жүнді иіріп, ханға күрте<sup>3</sup> мен дамбал<sup>4</sup> тоқитын. Хан ол киімдерді амалсыз киіп, үстіне шапанын жамылатын.

Тұрфанда су тапшы [100-б.] болғандықтан хан егіншілікпен айналысып, арықтан су алғызбай, құдық қаздырып, содан су тартып, егіндікті суғаратын. Мәулана Қожа Аһмет өзінің немере ағасы туралы маған: «Аптап ыстықта хан

<sup>1</sup> (جلدو): жұлде

<sup>2</sup> (ایماق): аймақ

<sup>3</sup> (كرته): күрте

<sup>4</sup> (تنبان): дамбал

жалшыларымен құдықтан су тартып, құмыраларымен егісті суғарғанын жиі көретінбіз. Оның егінінің көлемі шамалы болатын, он қыруардан<sup>1</sup> ешқашан асқан емес. Жылдық азығына ғана жететін» деп айтты.

Уәйіс хан мәулана Мұхаммед Кашанидің шәкірті болатын. Мәулана Мұхаммед болса әзірет қожа Асан Аттардың мүридi едi (топырағы торқа болғай). Ал Қожа әзірет қожа Баһаеддин Нақышбандидің мүридi болған. Олардың ең басшы пірі қожа Баһаеддин Нақышбанд киелі жан еді. Сұлтан Уәйіс хан патша болғанда өмірін осылай шарапатты өткізді. Әмір Құдайдад осы дәулетті хан заманында Меккеге барған. Моғолдарда «әмір Құдайдад өз қолымен алты ханды таққа отырғызды» деген әңгіме кең тараған. Олардың алғашқысы Қызыр қожа хан, ол туралы жоғарыда айтылды. Шәмһ-е Жаһан хан, Нақыш-е Жаһан хан, Мұхаммед хан, Шер Мұхаммед хан, соңғысы Уәйіс хан.

---

<sup>1</sup> خروار: 300 кг



### 33-ӘҢГІМЕ

#### ҚҰДАЙДАД ӘМІРДІҢ МЕККЕГЕ ҚАЖЫЛЫҚ САПАРЫ ЖӘНЕ ӨМІРІНІҢ СОҢҒЫ КҮНДЕРІ ЖАЙЛЫ

Әмір Құдайдадтың құт-берекелі ахуалы, ататегі туралы біраз айтылды. Сондықтан бұл тарауда оның басқа істері мен шарапатты ғұмырының соңғы күндері туралы баяндалады. Моғолдар бірауыздан оның жайсаң мінезі [101-б.] әрі әділ билік еткеніне куәлік береді. Мен моғолдың сенімді кісілерінен және әкемнен (Алланың нұры қабіріне жаусын және олардың істері үшін Алла жарылқасын), немере ағаларымнан естіп, есте қалдырғанмын. Ал олар өз бабаларынан рауаят еткен. Әмір билік құрған мерзім ішінде жиырма төрт мың шаңырақтың саны ешқашан кемімеген. Әмір Құдайдадтың ел билеуі 765 хижри қәмәрі<sup>1</sup> жылдан бұрынырақ басталған. Меккеге 850<sup>2</sup> жылға дейін барған. Тоқсан жыл билік жасаған. Қашғар, Жаркент, Хотан, Ақсу, Бай және Құсанды<sup>3</sup> (Куча – ұйғырша аударма нұсқасында) толық билеген. Осыған карамастан ешқандай табын малы, отары да болмаған. Мінетін аты да болмай қалады екен кейде. Көшіп-қону кезінде ағайындарының атымен көшетін болған. Әскери жорық жағдайы да осындай еді. Оның иелігінен түскен табысы мұсылман тұтқындарын құтқарып қалуға жұмсалатын. Сол заманда моғолдар Түркістанға үздіксіз шабуыл жасайтын. Шаш және Өндіжанды шауып, мұсылмандарды тұтқындап алып кететін. Әмір оларды моғолдан сатып алып, жол азығын беріп, еліне аттандыратын. Оның бар табысы осындай іске жұмсалатын. Кейде бірнеше шатырды тұтқындарға арнап, өзі түнде шатырдың бұрышына перде ұстап, намаз оқып, сәжде ететін. Өмірінің ғибадатханасы сол жер еді [102-б.]. Барлық шарапатты уақытын осылай өткізетін.

Ол кісінің керемет қасиеті мен мінезі туралы айтылатын, соның бірін мәулана Қожа Аһметтен естігенмін: «Қожа Қашғари өте тақуа және ұлы кісі болған. Әмір Құдайдад Моғолстаннан қожа Заһедтің әйеліне жұмыспен бір кісіні жібереді. Одан қожа Заһедтің орамалын тәбәрікке сұраған. Қожаның әйелі болса «Моғолстандағы қайдағы бір моғол кісіге қожаның орамалын жіберу лайық емес» деп ойлап, басқа бір орамалды бере салған. Әлгі орамалды алып келгенде әмір тәбәрік етіп бетін сипады. Содан кейін әкелген кісіге: «Егер осы орамал шынымен қожа Заһедтікі болса, бұл маған қажет емес», –

---

<sup>1</sup> 1363–1364 милади

<sup>2</sup> 1446–1447 милади

<sup>3</sup> Куча – ұйғыр аудармасы

деп, оны қайтарып берді. Қожаның әйелі орамалдың қайтарылғанын көргенде, таңғалып, қожа Заһедке болған оқиғаны баяндады. Ол әйеліне ұрсып, әмірдің қасиетті адамдарға жататынын айтып, кінә артты. Сонымен қожа өз орамалын беріп жіберді. Ол орамал әмірге жеткенде бетін сипап: «Мынау енді қожаның орамалы екен, қожанікі екеніне сенемін», – деді. Әмірдің кереметі туралы осындай әңгіме көп айтылады».

Қорыта айтқанда, мұбарак жасы [103-б.] тоқсан жетіге жеткенде ол қажыға барып келуге аңсары ауып, мүдделі болды. Уәйіс ханнан неше рет рұқсат сұраса да ала алмады. Сондықтан әмір мырза Ұлықбекке астыртын адам жіберіп: «Егер мырза келетін болса, Моғолдарды ойрандап, оған тапсырамын» деп хабар берді. Мырза Ұлықбек моғолдар тарапынан көп зиян көргендіктен және оларды күйрету ниеті әрқашан көкірегінде бұғып жатқандықтан Құдайдадтың ұсынысын тез қабылдап, аттанып кетті. Моғолстанның белгілі бір қорғаны Шу маңына жеткенде, әмір Құдайдад қашып, Ұлықбекке қосылды. Моғол ұлысы жан-жаққа бытырап кетті. Әмір Ұлықбекке: «Менің сізге көмектескен себебім – олардың қажылыққа баруыма рұқсат бермей жүргендігінен еді. Мұны сылтау етіп сізге алға қарай жүре беру жөн болмас», – деп ойын айтты. Оған мырза Ұлықбек құлақ асып, сол жерден кері қайтты. Әмір Құдайдадқа ізет көрсетіп, қатты құрметтеді. Самарқандқа жеткен соң, Мырза Ұлықбек әмірден: «Шыңғыстың төре<sup>1</sup> заңын сізден жақсы білетін ешкім жоқ, бізге қажет болғандықтан, жалпы жұмысты айтып берсеңіз», – деп өтінді. Әмір: «Біз Шыңғыстың төре заңын жинап қойып, ислам шарифатын алдық. Мырза өзі оқымысты бола тұра, шарифатты қажет етпей, Шыңғыс төресін керек етсе, онда төре заңдарын мырзаға үйретеміз», – деді. Мырза бұл әңгімеден қатты әсерленіп ұялды. Әмір төре заңдарын үйренбестен ол жерден кетіп қалды.

Әлқисса, әмір Меккеге кетті. Сол жерде дүние салды. Әкемнің (Алла кабірін нұрландырсын) Хорасанға барған уақытында ол туралы екінші кітапта айтылады, Хорасанда Сұлтан Үсейін мырза әмірлерінің бірі Сұлтан Әлі барлас атты жүз жасаған бір қартты кезіктіреді. Ол кісінің Сұлтан Үсейін мырзаның алдында беделі үлкен екен. Әкем оның ата-бабасын, өзі туралы сұрайды. Ол: «Әкем Шаһ Үсейін барлас моғолдардың барласынан шыққан. Бұл жерге Моғолстаннан әйгілі әмір Құдайдадпен бірге келген», – деп жауап берді. Осы хикаяны әкем естіген соң көбірек ықылас білдіріп, болған оқиғаның бәрін баяндауды сұрады. Ол кісі: «Менің балалық шағымда әмір Құдайдад Меккеге баруға ниет етті. Әкем де әмірмен серік болып жолға шықты, өйткені оның қол астында қызмет ететін. Сонымен біз Моғолстаннан қашып, қаладан қала асып, Меккенің қасиетті зиратына келдік. Содан кері қайтып келе жатып, неше күн жолда жүргеннен кейін әмір Мәдина бағытын сұрады. Мәдина қаласы басқа бағытта қалғанын естіген ол қатты қайғырды. «Осынша жол азабын шегіп, пайғамбардың кабіріне зиярат етпей қайту маған өте қиынға түседі», –

---

<sup>1</sup> (توره): төре



деді. Ол қызметшілеріне бағалы заттармен кері қайтуға рұқсат етті. Сонымен Моғолстандағы балаларына хат жолдап, болған жайттарды жазды. Жіберген аманаттарының бірі Құран Шәріп еді. Ол нұсқа бүгін менде [105-б.], бізге атадан ұрпаққа тәбәрік болып келе жатыр.

Сонымен әмір мен әйелі Мәдинаға бет алды. Бір арабқа молынан сыйлық беріп, оны жолбасшы етіп алды. Әкем мені өзімен бірге алып кетті. Әмірдің қызметінде жолға шықтық. Бірталай жол жүрген соң Мәдинаға жеттік. Пайғамбардың қасиетті зиратына зиярат етіп (Ең дана, даналардың данасына сәлем болғай), кейін бір үйге тоқтадық. Түн ортасында әмірде бір өзгеріс пайда болды, әмір әкем Шаһ Үсейін барласқа «Иасын» сүресін оқуды бұйырды. Әкем оқып келе жатып: «Әлбетте, күші жетеді...»<sup>1</sup> (36-сүре, 81-аят) деген сөздерге жеткенде әмірдің демі бітті. Бұл оқиғаға бәріміз таңғалдық. Таң атқан соң Мәдинаның ақсүйектері мен қара тобыр халқы қаракұрым боп жиналды. Олар: «Біреу қайтыс болды ма?» – деп сұрағанда, әмірдің қайтқанын хабарладық. Бәрі келіп аза тұтты. Олар: «Біз өткен түні пайғамбарды түсімізде көрдік. Пайғамбар: «Бұл түні бізге алыс жолдан бір қонақ келіп, осы жерде қайтыс болады, оны әмір әл-мүминин Осман (Алланың оған ризалығы болғай) халифа кабірінің аяқ жағына жерлеңіз», – деп, асаның ұшымен бір сызық сызды. Таң атқан соң оянып, сол жерге барсақ, сызық дәл сол жерде сызылған [106-б.]. Біз «Бұл кім болса да бақытты екен!» деп айттық», – деді.

Мәдина ақсүйектерінің барлығы құрмет көрсетіп, әмірді әмір әл-мүминин Осман мазарының жанына жерледі. Келесі түні әмірдің әйелі қайтыс болды...». Оны әмірдің жанына жерлеген Сұлтан Әлі барластың әңгімесі осы жерге жеткенде әкем қатты шаттанды. Оның неге қуанғанын сұрағандарға: «Әмір Құдайдад – менің ұлы бабам» – деп жауап берді. Сұлтан Әлі барлас орнынан тұрып, әкеммен құшақтасып: «Менің мойнымда сіздерге бір борышым бар еді, енді содан құтылдым. Өйткені әмірдің қайтыс болғаны туралы Моғолстанда ешқандай хабар жетпеді. Себебі біз қайта орала қойған жоқпыз. Көп уақыт Иракта қоныстандық. Ең соңында Хорасанды мекендедік. Ешкім бұл хабарды Моғолстанға жеткізбеді. Құдайға шүкір, сізге хабарын бердік. Әмір Құдайдад осылайша Алла тағаланың шарапатына бөленді».

Әлі де Моғол жұртшылығының аузында әмір Құдайдад туралы аңыз-әңгіме өте көп. Әмір Құдайдад Меккеге кеткенде Уәйіс хан оның орнына әмірдің Мұхаммед Шаһ атты үлкен ұлын қойды.

---

<sup>1</sup> сүре = 36, 81-аят



### 34-ӘҢГІМЕ

#### УӘЙІС ХАННЫҢ ШЕЙІТ БОЛУЫ ЖАЙЫНДА

Әмір Құдайдад Меккеге кетіп, әмір Мұхаммед шаһ қадірменді әкесінің орнына билік тағына отырды. Көп ұзамай Уәйіс ханның дүниеуи тіршілігі аяқталды. Оның оқиғасы былай болған еді. Әмір Темір хандарының бірі – Сатук хан еді. Әмір Темір хандық салты бойынша [107-б.] «Шыңғыс нәсілінен болған» хандардың бірін хандық таққа көтеріп, оны қаланың ішінде қоршалған бір маһаллаға орналастыратын. Қазіргі уақытта сол маһалла Самарқандта «Хан ауласы» деп аталады. Ол жер үлкен аумақты алып, бірнеше маһаллаға бөлінетін және әрқайсысының өзіндік атауы болатын. Соның бірі Самарқандтағы атақты маһалласы «Хан бағының хауызы» деп аталады. Онда Әмір Темір заманында Сүйер Ғатмыш хан болды. Әмір Темірдің Иракқа жорығы кезінде бірге қатысып, сонда қайтыс болған. Одан кейін Сұлтан Маһмұд ханды «Хан ауласына» қойды. Әмір Темірдің барлық жарлығы осы екі ханның атынан: «Сүйер Ғатмыш жарлығымен Темір көрегеннің сөзім» деген сөйлем түрінде жазылатын. Мырза Ұлықбектің жарлығы да осы сияқты Сатук ханның атымен берілетін. Мырза Ұлықбек Сатук ханды хан ауласынан алып, хандыққа басқа біреуді отырғызды. Сатук ханды Моғолстанға жіберді.

Уәйіс хан Ыстықкөл маңайындағы Бақабұланды болатын. Мен мәулана Қожа Аһметтен естідім. Ол мынаны айтқан еді: «Менің Абдолкәрім деген немере ағам бар еді. Ол кісі Уәйіс ханға өте жақын адам еді, әрі мынаны айтқан еді: «Бірде жұма күні, жұма намазына дейін Уәйіс хан ғұсыл етіп, шашын тақырлатып алған соң: «Менің басым тазалықтан басқа неге лайық?» – деп сұрады, «Тәж киюге», – деп айттым. Ол: «Жоқ, шейіт болуға лайық», – деді. Біз әңгімелесіп отырғанда [108-б.] біреу шауып келіп: «Сатук хан келіп қалды!» деп хабар берді. Хан тез арада атқа мінуге бұйрық берді де, өзі сауытын кие бастады. Сол екі арада жақын маңайдағылар да жиналып, оларға қарсы аттанды. Араларында өзен болғандықтан әскер екі жағалауда сап түзеді. Хан өзі алға шапты. Судан атымен өтуге ниеттенді, осы мезетте аттың алдыңғы аяғы ойыққа түсіп, ат омақаса құлады. Уәйіс ханның кейқұбад (кейқауыл) барин тайпасынан шыққан Жақыр атты нөкері болатын. Ол бұрын әмір Мұхаммед шаһтың қызметшісі болған, құралайды көзге атқан мерген еді. Бүкіл ұлыста оған теңдес мерген табылмайтын. Сол себеппен Уәйіс хан оны әмір Мұхаммед шаһтан сұрап, өз қызметіне алған еді. Сол арада Жақыр ханды танымай дұшпан екен деп ойлап, шабына оқ атты. Жебе тиген соң хан шалқасынан құлады. Ханды таныған Жақыр жүгіріп қасына келді. Дәл осы

кезде Сатук хан да жетті. Ол аттан түсіп, ханның басын құшақтай алды, сол кезде ханның соңғы демі бітті.

Сонымен Моғол ұлысы талқандалды. Олар Сатук ханға бағынбады, сондықтан ол Моғолстанда тұра алмай, Қашғарға кетті. Ол жерде әмір Құдайдадтың немерелерінің бірі – Қарақол Аһмет мырза Сатукты бас сала өлтірді. Көп ұзамай Мырза Ұлықбек әскер жіберіп, Қарақол Аһмет мырзаны ұстап, Самарқандқа алып келіп, денесін екіге бөліп тастады.



### 35-ӘҢГІМЕ

#### УӘЙІС ХАН ШАҢИД БОЛҒАННАН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Уәйіс хан шейіт болғаннан кейін моғол ұлысы бей-берекетсіздікке ұшырады. Дегенмен Сатук хан өлген соң ел арасы тынышталғандай еді. Уәйіс ханнан екі ұл қалды: Жүніс хан және Есенбұға хан. Жүніс хан [109-б.] үлкен ұлы еді, оның жасы сол кезде он үште болатын.

Әмірлердің арасындағы алауыздықтың кесірінен Құдайдадтың сыйлы адамдары: Иразан барин және Мирак түрікмен екеуі Уәйіс хан қайтыс болғаннан кейін адамдары және қару-жарағымен Құдайдадтың ұлы әмір Мұхаммед шаһ бөлініп, Жүніс ханға барып қосылды. Сөйтіп олар бүлікшіліктің негізін қалады. Басқа жамағат осылай оларға қосылды. Бірақ әмірлердің басым көпшілігі Есенбұға хан жағында болғандықтан аталмыш жұрт одан әрі Моғолстанда қала алмады. Отыз мың отбасын басқарып Иразан барин және Мирак түрікмен Жүніс ханды алып, Самарқандқа бет алды. Есенбұға хан қалған моғолдармен Моғолстанда қалды.



### 36-ӘҢГІМЕ

#### ЖҮНІС ХАН МЕН ИРАЗАННЫҢ САМАРҚАНДҚА МЫРЗА ҰЛЫҚБЕКТИҢ ЖАНЫНА БАРУЫ

Мырза Ұлықбек Иразан және Мирак түрікменнің келе жатқан хабарын естіген соң, Самарқандтан оларды қарсы алуға шықты. Моғолдарға жем беруге уәде беріп, «Әрбір отбасы жеке қорғанға келіп, жем алу үшін тіркелсін», – деп айтты. Моғол отбасылары жеке топ болып, қорған ішіне жем алу үшін үміт-тілекпен кірген-ді. Дарбазадан кірген кезде оларды күтіп тұрған бір топ адам отбасының қожасын өлтіріп, қалғандарын тұтқынға алып отырды. Қорғанға кіргендердің ешқайсысы қайта шықпады. Осылайша бұл істі Мырза Ұлықбек бірнеше күн ішінде аяқтады. Жүніс ханды олжаның бестен бір бөлігімен әкесі Мырза Шахрохтың жанына жіберген еді. Хан он үш жаста болатын. Мырза Шахрохтың алдына алып барғанда ол Мырза Ұлықбекке ханға жасаған әдепсіздігі үшін ұрысты және ханды басқа тұтқындардан бөліп алып, әкелік ілтипатқа бөледі. Сонан соң оны білім алу үшін мәулана Шарафеддин Әлі Йәзидің қолына тапсырды. Мәулана ханның атына көптеген өлең мен қасидалар жазған. Мәселен, мына өлең жолдарын арнаған еді [110-б.]:

Сен айтасың: «Қытайдан біздің елге хан келді!»  
Хан ғана емес дер едім, өзіміздей жан келді.

Қысқасын айтқанда, содан кейін мәулана өмір сүрген он екі жыл бойына оның тәрбиесінде болған. Хан мәуланамен бірге еді. Ол қайтыс болған соң Йәзден Ирак, араб және парсы жаққа қарай сапар шекті. Жиырма төрт жасқа келгенше хан мәулана Шарафеддиннің жанында болған. Содан соң қырық бір жасында Моғолстанға оралып, патша тағына отырады. Көп ұзамай ол туралы толық баяндаймыз.



### 37-ӘҢГІМЕ

#### **ИРАЗАН ЖЕҢІЛГЕННЕН КЕЙІН ЕСЕНБҰҒА ХАН ИБН УӘЙІС ХАННЫҢ ХАНДЫҚ ҚҰРУЫ ЖАЙЫНДА**

Жүніс ханды Иразан және Мирак түрікмен Самарқандқа алып кеткеннен кейін Моғолстан Есенбұға ханның билігіне тиді. Барлық әмір оның қол астында қызмет етті. Ханның істері реттелді. Әмір Сейіт Әлі ханның жұмысына көп еңбектенді. Хан әбден өз орнына орныққан соң Қашғарға кетуге рұқсат сұрады. Бұрын айтылғандай, қожа Шәриф Қашғари Қашғарды Мырза Ұлықбекке берген болатын. Әрі әмір Сейіт Әлінің әкесі әмір Сейіт Аһметті Қашғардан қуды. Сонымен мырза Ұлықбек әмір сұлтан Мәлік Дуладайды билеуге жіберді. Одан кейін Қажы Мұхаммед Шайете атты адамды тағайындады. Одан соң әмір Мұхаммед барласты жіберді. Әмір Сейіт Әлі өтініп: «Осы кезде Қашғарға көңіл аударудың сәті түсіп тұр, аталардың астана болған мекені, мінеки, біздің иеліктен кеткеніне төрт жыл болды. Енді біз ескі атажұртымызды қайтарып алмасак, онда толығымен әділетсіздік», – деп рұқсат сұрады. Хан оған рұқсат берді.



## 38-ӘҢГІМЕ

### ӘМІР СЕЙІТ ӘЛІНІҢ ҚАШҒАРДЫ АЛУЫ ЖАЙЫНДА [111-Б.]

Сол күндері Маңлай Сүбе аймағының көбісі, бұрын айтқанымыздай, дұғлат тайпасының билігінде болатын, оның ішінде Әндіжан мен Қашғар Самарқанд үкіметіне қайтарылған еді.

Ыстықкөл маңайы әртүрлі қозғалыстардан шытырман жағдайға келген еді. Басқа аймақтар көбінесе дұғлат әмірлерінің қолында еді. Сол кезде Ақсу, Қусан және Байда әмір Сейіт Әлінің бауырлары мен немере ағалары билік басында отырды. Әмір Сейіт Әлі Ақсуға келіп, онда отбасын қалдырып, өзі Қашғарға бет алды. Ол жөнінде әртүрлі аңыз бар. Әмір Ақсуға келгенде бауырлары: Әділ Мүмін мырза және Сейіт Мұхаммед мырзамен қақтығысып, соңында оларды жеңіп шықты. Бірақ сол тартыста көптеген туысы қазаға ұшырады. Бұл туралы әртүрлі әңгіме айтылады. Біз оның қалай болғанын толығымен баяндамай-ақ мазмұнына тоқталатын болсақ, ол барлық туысын жеңген соң Қашғарға бет алды. Әмірдің қызметінде жеті мың кісі болды. Қашғар шекарасына жақындағанда Қажы Мұхаммед Шайесте отыз мың атты және жаяу әскермен Қашғардан он сегіз шақырым қашықта жатқан Үш бәрханда қарсы шабуылға шықты. Әмірдің алғашқы шабуылынан кейін-ақ олар қашып, бытырай бастады. Моғол Шағатайдың артынан қуып жеткенде олар шайқаспай, қаруларын тастай салатын және кешірім сұрап жалбарынатын. Сол себептен бұл соғыс «Салай бегім» деп аталды. Яғни «Әмір, мен қаруымды тастадым» дегенді білдіреді. «Салай бегім» сол аймақтағы ең мәшһүр шайқас болғандықтан тарихи оқиғаға айналды.

Қашғар тұрғындары, босқындар қорғанға тығылды. Әмір Сейіт Әлі қорған сыртындағы бар нәрсені талан-таражға салып қайта оралды. Келесі жылы егін науқаны кезінде қайта келді, ешкім оған қарсы шықпады. Қажы Мұхаммед Шайесте қорғаннан шықпады. Қашғардың төңірегін шабуылдап, Қашғар қалаларының ішіндегі мықты бірі Алаку атты қорғанын қоршап [112-б.], соғысып, керекті істің бәрін жасап қайта оралды.

Қожа Шәріп Самарқандқа барып, Мырза Ұлықбектен қол ұшын созуын өтінді. Мырзаның жанында болған күндері Ұлықбек одан Қашғарда босқындардың бар-жоғын сұрастырды. Қожа Шәріп: «Қашғарға Шағатай келгелі мұндай хабарлар көбейді», – деді.

Сонымен Қожа Шәріптің жалынып-жалбарынуына байланысты ол Пір Мұхаммед барласты Қашғарға алып келді. Мырза Ұлықбек Қажы Мұхаммед Шайестені Самарқандқа алып кетті. Пір Мұхаммед барлас Қашғарға барғанда



Қашғар елі оны «Пір Мұхаммед бэнги» деп атады. Одан ешқандай қайыр көрмеді. Қожа Шәріп Шағатайлардан үмітін үзді. Үшінші жылы әмір Сейіт Әлі тағы Қашғарға бет алды. Қашғар тұрғындары Қожа Шәріп маңына жиналып, бұрынғы екі жыл егіннің зая кеткенін, ал биыл да солай болса жұт болатынын айтты. Әмір Сейіт Әлі Қашғар шекарасына жеткенде тұрғындар Пір Мұхаммед барластың қол-аяғын байлап, әмірдің алдынан қарсы алды. Әмір Сейіт Әлі Пір Мұхаммед барластың тіршілік шапанын үстінен шешіп, өлім кебінін кигізді. Қашғарда әділеттік орнатып, елге қайырымдылық көрсетті, зорлық-зомбылықты жойды. Осылай адамдардың өмірге деген құштарлығын оятып, жиырма төрт жыл лайықты билік етті. Мемлекетті гүлдендіргені соншалық-күні бүгінге дейін ол жайлы әңгімелер айтылады. Әмір аталған мерзімде елдің тұрмыс-тіршілігі мен егіншаруашылығын өте жоғары дәрежеге жеткізіп, өрісін малға толтырды. Әмірден үш ұл және екі қыз қалды. Бір ұлы Мұхаммед Айдар мырзаға, яғни менің атамның үлесіне бір жүз алпыс мың қой тиген еді.

Мен сауда һәм тақуалықта аты шыққан және уәдесінде тұратын қожа Фәхреддин Артужи деген ер-азамааттан естігем. Ол: «Әмір әр қыс сайын бір топ әскермен үш ай аңға шығатын, әскер санын даяшылары азықпен қамтамасыз ете алатындай мөлшерде ұстайтын. Осы үш ай ішінде әр адамға арнап әрбір тұрақтайтын жерге ұн мен ет берілетін. Кейде бір күнде бес жүз қойға дейін сойылатын, соған орай жем-шөп те жұмсалатын. Кейбір жылдары Сейіт Әлінің жанындағы адамдардың саны үш мың адамға [113-б.] дейін жетіп, олардың бәрін азық-түлікпен әмірлік қоналқасында<sup>1</sup> қамтамасыз етіп отыратын.

Ауыл тұрғындары әмірдің өз ауылдарына аялдауын сондай арман ететін, себебі оларға әскері жақын қоныстанса, әмірдің тұрғындарға сый-сияпаты мен қайырымы да мол тиетін еді», – деп айтқан.

Қожа Фәхреддин: «Бір рет олар біздің ауыл Артужға аялдады. Сонда аңшылардың бастығы – әмірдің жақын адамы бір әйелге ұн беріп: «Аңшыларға тағам дайында, сол үшін еңбекақыңды беремін», – деп уәде берді. Әйел нан пісіріп, әр алты наннан бір нанды еңбекақы үшін алды. Аңшылардың бастығы оған отын, тұз, ұн өздерінікі екенін айтып, «Неге нан пісіргенің үшін ақы сұрайсың?» – деп нанды бермей қойды. Әмір Сейіт Әлі аттанар кезде әлгі әйел келіп оған шағым айтты. Әмір аңшылар бастығынан жағдайды сұрағанда, ол әйелдің сөзін растады. Әмір: «Сен неге өзің нан пісірмей, бұл істі мына бейшараға тапсырасың?» – деп сұрады. Сол жерде темірші ұста дүкенінен бір қысқаш алғызып, аңшылар бастығының ит тісін суырып басына қақтырды», – деді. Бұл әңгімемен әмірдің елді қалай билегенін, қара қылды қақ жарар әділдігін көрсету болатын. Оның қайырымды істері Қашғарда күні бүгінге дейін ел-жұрттың аузында жүр. Ол әмірлік еткен осы жиырма төрт жыл ішінде талай оқиға болып, оларды бұдан былай мүмкіндігімізге қарай, шамамыз келгенше нақтырақ етіп баяндап отыратын боламыз .

---

<sup>1</sup> (قونالقه): қоналқа



### 39-ӘҢГІМЕ

#### ЕСЕНБҰҒА ХАНҒА ӘМІРЛЕРДІҢ ҚАРСЫЛЫҚ КӨРСЕТКЕН КҮНДЕРІНЕН

Жүніс хан кеткен соң Мауараннәһрге ұлыс түгелдей Есенбұға ханға бағынады. Бірнеше жыл осылай өтті. Хан жастығы мен кемелетке толмауы себепті әмірлерді қорлауға тырысатын. Тұрфандық ұйғыр тайпасынан шыққан Темір атты біреуді өзінің орынбасары етіп сайлады. Оның тәрбие ісіне қатты көңіл аударды. Сондықтан өзге әмірлер оның мәртебесінің өсуін, әрі өздерінің аяқ асты қор болып жүргендеріне шыдамай, бір күні хан мәжілісінде Темірді қолға түсіріп, паршалап, көзді ашып жұмғанша жан-жаққа бытырап кетті. Хан қатты үрейленіп, өзі де қашып кетті [114-б.].

Бұл хабар Қашғардағы Әмір Сейіт Әлінің құлағына жетті. Әмір Сейіт Әлі Моғолстанға барып, Ақ Қияс жерінде тауып, оны бірнеше адамымен алып келіп, Ақсуды ханға тапсырды.

Қалайда моғол әмірлерінің әрқайсысы бір қызметке ие болды. Әмір Мұхаммед Шаһ Атбасыға қоныстанады. Сол уақытта хат жазыса отырып, бір-бірімен уәделесіп келіскен соң әмір Сейіт Әлі өз немере інісін араға дәнекер етіп, Ақсудағы хан жанына барды. Содан өмірінің ақырғы күніне дейін құрметті әрі ауқатты болды.

Тағы бірі – әмір Кәрімберді де дұғлат еді. Моғолстан шекарасында Ферғана және Әндіжан бағытында «Алабұға» аумағында бір төбенің үстінде қорған салды. Күні бүгінге дейін оның орны көрініп жатыр. Әмір Кәрімберді Әндіжанға және мұсылмандарға шабуыл жасап тұрған.

Әмір Хакберді Бекжек Ыстықкөлдің Қойсу жерінде қорған салған. Ыстықкөлдің аралында бала-шағасымен әйелін қалмақтардың шабуылынан аман сақтау үшін орналастырып, өзі Түркістан және Сайрамды ойрандауға кірісті.

Жорас әмірлері мен Барин әмірлері Исан Тайшының баласы Амансанжы Тайшы қалмаққа кетті. Тағы басқа топ қалаушы, балғашы және бірнеше тайпалар Әбілқайырдың жанына Өзбекстанға кеткен еді.

Күнжі әмірлері, тағы басқалары Моғолстан даласында түгелдей дағдарысқа ұшырап, абыржып қалған болатын. Бірақ Есенбұға хан Ақсуда табан тіреген соң, бірінші болып әмір Мұхаммед шаһ ханның алдына барды. Одан кейін қалың бұқара ханға қайта орала бастады. Хан да жасаған істерге өкініш білдіріп, халықпен жақсы қатынасқа кірісті. Сонымен, толық өз күшіне енген соң, біріншеден, Сайрам, Түркістан, Ташкентке жорық жасап, ойрандап, қайта

оралды. Бұл жорық 855<sup>1</sup> жылдан бұрын жүзеге асты. Сол жерге осы дәстүр бойынша тағы бір рет шабуыл жасады.

Сол кезде Сұлтан Әбусаид мырза Мауараннәһрда патша болатын. Ол [115-б.] ханды қуып, тарихи кітаптарда Тараз деп жазылған Йәнгіде оған жетіп, соғыс басталып кетті. Моғол қашып кетті, мырза Әбусаид өз уәлаятына қайта оралды.

Мырза Сұлтан Әбусаид Хорасанды алғанда, Есенбұға хан Әндіжанға бет алды. Әндіжанды мырза Сұлтан Әбусаидтың атынан Мырза Әлі кішік деген әмір билеп тұрған. Ол Әндіжанның қамалына тығылды. Есенбұға хан әскерінің көптігі соншалық – үш қатар сап түзеп Әндіжанды қоршап алды. Әр жағынан жерасты үңгірін қазды. Сөйтіп, сыртқы қамалды жаулап алды. Содан Мырза Әлі Кішік хан сарайында қалды. Ең соңында көп сыйлық алып, татуласуға келді. Хан Әндіжан уәлаятының тұрғындарын түгел тұтқындап қайтты. Қазіргі заманға дейін тұтқынға алынған сол елдің ұрпақтары Қашғар мен моғол жерінде тұрады.

Сұлтан Әбусаид мырза бұл хабарды естіген соң, Есенбұға ханға тойтарыс беруге дәрменсіз еді. Өйткені ол Моғолстанға барса, Есенбұға хан Моғолстан шекарасына кетіп қалар еді. Самарқанд әскеріне кең-байтақ далада Есенбұға ханның қай түкпірге тығылып қалғанын табу қиын болып, амалсыз кері қайтар еді. Ал әскер кетісімен Есенбұға хан да өз жұртына қайтар еді. Сөйтіп, Есенбұға ханды жазалау мүмкін болмас еді.

Екіншіден, Есенбұға хан әскерінің көптігінен сұлтан Әбусаид әмірлерінің қарсыласуға шамасы келмеді. Сұлтан Әбусаид әскерімен Иракқа бет алуға мүдделі еді. Алайда ол, жоғарыда айтылғандай, Есенбұға ханның кедергісінен Иракқа бара алмады. Сондықтан Иракқа адам жіберіп, Есенбұға ханның үлкен ағасы Жүніс ханды алдырды. Ол Иракта жүрген мүсәпір еді. Бұл жөнінде бұрынырақ айтылған, алдағы уақытта тағы айтыла жатады. Есенбұға ханға қарсы қоюға Жүніс ханды жіберді. Осылайша екі бауыр бір-бірімен тартысып жатса, уәлаяттың шекарасы тыныш табар еді. Әрі моғол әмірлері ханнан бөлініп, әрқайсысы өз бетінше кетіп, қорған тұрғызған болатын. Ханға да бағынбайтын [116-б.]. Ханның да оларға тиіспей жүрген себебі бірде болмаса бір күні өзіне қайта оралар деген үміті бар еді.

Сол заманда Әбілқайыр хан қыпшақ даласына түгелдей билігін жүргізіп отырған еді. Жошы ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Жәнібек хан мен Керей хан одан қашып, Моғолстанға кетіп қалды. Есенбұға хан оларды құрметтеп қарсы алып, Шу маңы мен Қозыбасыны<sup>2</sup> тапсырған еді. Ол аймақ Моғолстанның батыс шегі еді. Олар бұл аймақта тыныш өмір сүрген. Әбілқайыр хан қайтыс болған соң Өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, арасында көп келіспеушілік туды. Олардың көбісі Керей хан мен Жәнібек ханның

---

<sup>1</sup> 1451 милади

<sup>2</sup> (قوزی باشی): Қозыбасы

жанына барған еді. Олардың саны екі жүз мыңға жететін. Олар өзбек – қазақ деп аталды. Алғашқы қазақ сұлтандарының үкіметі 870<sup>1</sup> жылы құрылды (Алла біледі). 940<sup>2</sup> жылға дейін қазақтар толықтай билік тізгінін ұстап тұрды. Өзбекстанның басым бөлігін Керей ханнан кейін Бұрындық хан басқарды. Одан соң Жәнібек ханның ұлы Қасым хан басқарып, қыпшақ даласын толық биледі. Оның әскері мың-мыңынан<sup>3</sup> көбірек болды. Жошы ханнан кейін сол жұртта одан ұлы хан болмаған еді. Қасым ханнан кейін оның ұлы Мәмаш хан биледі. Одан соң немере бауыры Таһир хан биледі. Таһир хан заманында қазақ күйзелді. Одан кейін бауыры Бойдаш хан билікті қолға алды. Қазақ Бойдаш хан кезінде жиырма мың болып қалған еді.

940<sup>4</sup> жылы Бойдаш дүние салды. Қазақ жойылды. Қорытып айтқанда, Есенбұға хан дәуірінен бастап Рашид хан заманына дейін моғол мен қазақ арасында достық пен татулық болған. Бірақ Рашид сұлтан оларды бұзды. Бұл ахуал жайлы Рашид хан шежіресінде айтылады, Алла бұйырса.

---

<sup>1</sup> 1465 милади

<sup>2</sup> 1533 милади

<sup>3</sup> миллион – ауд.

<sup>4</sup> 1533 милади



#### 40-ӘҢГІМЕ

### ЖҮНІС ХАН ХАНДЫҒЫНЫҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІ ЖАЙЛЫ [117-Б.]

Сұлтан Әбусаид мырза ибн сұлтан Мұхаммед мырза ибн Мираншаһ ибн әмір мырза Темір әке жағынан немере туыстарын жеңген соң Самарқандты Абдолла мырза Ширазиден өз билігіне алды. Және Хорасанды мырза Бабыр Қаландар ибн мырза Байсұңқар ибн мырза Шаһрох ибн Әмір Темір қайтыс болғаннан кейін өз қарауына қосты. Ол Темірдің ұрпақтары ішінде мемлекеттің тұтқасын берік ұстай білуде теңдесі жоқ жоғары мәртебелі патша еді. Хорасанды алған соң, Иракты азат етуге ниеттенді. Бұрын айтылғандай, Есенбұға ханның шабуылы кесірінен ол жаққа көңіл аудара алмай жүр еді. Сондықтан Есенбұға ханның ағасы Жүніс ханға адам жіберіп, Ирактан алғызды. Ханның Иракқа кеткен себебі туралы айтылған-ды.

Хорасанда, Заған бағындағы сарайда таққа отырғызды, патшалық салтанатты той ханға жасалды. Олар бірнеше мәселе бойынша уәделесті. Оның бірі сұлтан Әбусаид мырза ханға: «Әмір Темір билікке қарсы шыққан бастапқы кезде басқа әмірлер оны толық мойындамайтын. Әмір оларды жойып жіберсе, өзінің күш-қуаты әлсіреп қалатын. Сонда әмірлер: «Бір хан тағайындау керек. Сосын бәріміз оған бағыну керек», – десті. Әмір Темір Сүйер Ғатмыш ханды хандыққа тағайындады. Әмірлер оны мойындады. Әмір Темір ханды өз уысында ұстап отырды. Түркі тілінде жазылған үкімдер мен бұйрықтар оның атында болатын. Ол қайтыс болған соң, оның ұлы сұлтан Маһмұд ханды орнына тағайындады. Әмір Темір заманынан бастап мырза Ұлықбекке дейін бұл дәстүр жалғасып келді. Алайда хан деген сөздің құр аты ғана қалған еді. Соңғы кездері ханның өз уақытын көбіне Самарқандта қамауда өткізетін болды. Қазір патшалық кезек маған жетті. Менің үстімнен қарайтын ешкім жоқ, тәуелсіздігім соншалықты – маған хандық атақ керек болмай қалды. Қазір мен сіздің пақырлық киіміңізді шешіп, патшалық шапан жаптым және сізді ата-жұртыңызға [118-б.] жіберемін. Менің шартым мынау болсын: «өткен хандар Әмір Темір және оның ұрпақтарын өздерінің нөкері деп санайтын. Ескіде солай болғанмен, олай болып қалған жоқ. Қазір мен өз басыма дербес патшамын, басқа біреу маған нөкер болу қажет пе? Енді нөкер және мырза деген сөзді алып тастап, достық деп атасақ, бұрынғы хандар сияқты «Темірдің мырзаларына» деп жазбай, достық хат-хабар алысып тұрған жөн. Жаңа дәстүр ұрпаққа жалғаса берсе екен», – деді. Осындай әңгімелер төңірегінде уәделесті. Жүніс хан барлығын қабыл алды. Бұл уәде, шарттарын ант ішіп бекітті. Жүніс ханға рұқсат беріп, сол маңайдағы бар моғолды оған қосып жіберді.



## 41-ӘҢГІМЕ

### ЖҮНІС ХАННЫҢ ӨМІРІ ЖАЙЫНДА ТОЛЫҒЫРАҚ ӘҢГІМЕ

Бұдан бұрынырақ Жүніс ханның ахуалы туралы қысқаша айтылды, толығырақ айтқанда былай: Жүніс хан Уәйіс хан ибн Шер Әлі Оғлан ибн Маһмұд хан ибн Қызыр қожа хан ибн Тоғлықтемір ханның ұлы еді. Оның туған уақытын естімесем де, өлген күні мен өмір сүрген уақытына қарап оны 819<sup>1</sup> жылы туған деп санауға болады (Алла біледі).

Әкесі Уәйіс хан қаза тапқаннан кейін ол хан болды. Оны мен бауыры Есенбұға хан және әмірлер арасында келіспеушілік болды. Олардың оңбаған басшылары: Иразан мен Мирак түрікмен қарақшы моғолдардың бір тобымен ханды ұстап, Мырза Ұлықбекке әкетті. Хан ол кезде 13 жаста еді. Сол дағдарыс моғол үшін тарихи дата болды. Олар әлі күнге дейін ол жайлы әңгіме айтып келеді [119-б.]. Ол 832<sup>2</sup> жылы болды. Мырза Ұлықбек ханды бұрын айтылғандай әкесінің жанына жіберді. Мырза Шаһрох ханға құрмет көрсетіп, оны мәулана Шарафеддин Әлі Йәздиге тапсырды. Шарафеддин Әлі Йәзди терең ойлы ғалым еді. Оның тұсында Самарқандта, Хорасанда, Иракта оған тең келер бірде-бір данышпан ғалым болмаған. Ежелдегі жұмбақтар типі мүлде өзгеше еді. Қазіргі кезде халық арасында таралған жаңа түрдегі жұмбақты мәулана реттеп жазған. Осы пән бойынша «Һәллал» кітабын жазған және «Зафарнама» еңбегінің авторы. Оның сопылық тілде жазған «Қасида жайында түсініктеме» еңбегі бар. Ол сияқты ешкім түсінік бере алмаған. Басқа да көптеген кітабы бар. Олардың бәрін тізбелеп айтып шықсақ, әңгімеміз ұзарып кетеді. Ал біздің мақсатымыз – оның дарындылығын көрсету.

Хан он екі жыл мәулананың жанында болып, игерген білімінің тереңдігі сондай – оған дейін де, одан кейін де мұндай терең білімді адам Моғол хандығының ішінен шықпаған.

Мәулана қайтыс болғаннан кейін хан Йәзд қаласынан Фарс пен Әзірбайжан жаққа кетті. Ұзақ саяхатта болса да, көбіне бір күннен артық бір жерде қонбайтын. Соңында Ширазда қоныстанған. Онда ғұламалардың мәжілісіне қатысып, ғылымның әртүрлі кәсіби саласын да меңгерген. Сол себепті Ширазда ол «Жүніс ұста» деген атаққа ие болды.

Сол арада мырза Сұлтан Әбусаид Хорасанды жаулап алып, Иракты да бағындыруды мақсат етті. Бірақ Есенбұға ханның Ферғана, Шаш және

---

<sup>1</sup> 1416 милади

<sup>2</sup> 1429 милади

Түркістанға қауіп туғызуына байланысты Ирак мәселесі кейінге қалды. Сонда мырза Сұлтан Әбусаид адам жіберіп, ханды Шираздан әкелді және жасалған келісім, айтылған уәде бойынша оны Моғолстанға жіберді. Ханның қадірменді жасы сол кезде 41-ге келген-ді. Бұл 860<sup>1</sup> жыл болатын [120-б.].

---

<sup>1</sup> 1455 милади



## 42-ӘҢГІМЕ

### ЖҮНІС ХАННЫҢ МОҒОЛСТАНҒА КЕЛУІ

Бұрын айтылғандай, Моғолстанда әрбір әмір өзіне орнын тауып, билік тағына нық отырған еді. Әмірлердің қарсылығынан соң және олар Темір ұйғырды өлтіргеннен кейін Есенбұға хан Ақсуға келді.

Жүніс хан Моғолстанға келгенде ең алғашқы болып әмір Керімберді ханға қосылды, онан соң Күнжінің басқа әмірлері де бағынған болатын. Моғол аймақтарының кейбір жерлері хан билігіне өтті. Әмір Қажы Пір Күнжі сол кезде Түмен Күнжі әмірлігін билеп тұрды. Толық тәуелсіз болған. Хан оның қызы Исан Дәулет бегіммен некелесіп, одан үш бала сүйді. Олардың әрқайсысының жағдайын айта жатармыз.

Ыстықкөлде тұрған Бекжек әмірлерінен әмір Пір Хақберді қайтыс болған еді. Оның орнына ағасының баласы әмір Ибраһим отырды. Ол да ханға келіп қосылды. Ханға біршама ел жиналды, алайда біраз уақыттан бері әмірлер өз бетімен кетіп тіршілік еткендіктен нөкер мен мырза қарым-қатынасындағы дәстүрін орындай алмай жүрді. Хан барлық жағдайға көніп келді.

Хан олармен келісімге келіп, бірнеше жыл осылай өткізген соң, назарын Қашғарға аударды. Бұл әмір Сейіт Әлінің қартайып, атқа мініп жүруден қалған кезі болатын. Есенбұға ханға адам жіберіп, Қашғар қорғанын паналады. Есенбұға хан ол уақытта Моғолстанның шығыс жағындағы Жұлдыз жайлауына шығып кеткен еді. Бұл хабар Есенбұға ханның құлағына тиген кезде алпыс мың әскер жиып, Жұлдыздан Қашғарға он бір күнде жетті. Әлгі әскердің алты мыңы бірге келді, өзгелері жолда қалды. Әмір Сейіт Әлі оған қосылды. Оның қол астында отыз мың адам болды. Қашғардан он сегіз шақырым қашықта [121-б.], Ақсу жағында Хансалар деген жерде соғыс болды. Ақырында аса қиындықпен Есенбұға хан мен әмір Сейіт Әлі жеңіске жетіп, Жүніс хан қашып кетті. Ханның әйелі, бала-шағасы әмір Сейіт Әлінің қолына түсті.

Сол кезде Жүніс ханның үлкен қызы Mehr Нигар ханым Исан Дәулет бегімнің бауырында емшекте болатын. Әмір Сейіт Әлі оларға ат-көлік, азық-түлік беріп, ханның соңынан жіберді.

Жүніс хан Моғолстанға келгенде, халық одан теріс айналып кетіп қалды. Сондықтан Моғолстанда қала алмай, отбасын ғана қалдырып, өзі Хорасанға бет алды. Ол мұнда мырза Сұлтан Әбусаидтың жанына барды. Алайда ханның жағдайы мүшкіл болғандықтан мырзаға сыйға тартатын ештеңесі болмады. Сол себепті өзіне жақын қызмет етіп жүрген Бұиан құлы атты нөкеріне қатты жалынып, мырзаға құл етіп сыйға тартуға оның келісім беруін сұрады. Ол келісті.



Сөйтіп хан қызметкерін құл етіп сыйға берді. Сонан соң ол: «Сол маңайда бір уәлаятты берсең, тұратын мекен болып, моғол жұрты маған сеніммен қарайтын болар еді», – деп мырзадан көмек сұрады. Мырза келісіп, Әндіжан аймағының Жетікент деген жерін ханға тапсырып, сол жаққа жіберді. Хан аттанар сәтте Бұиан құлы еңіреп жылай бастады. Мырза себебін сұрады. Ол болған жайды жоғарыда айтқандай баяндап берді. Мырза жаны ашып, оған ер-тоқым мен ат беріп, ханмен бірге жөнелтті.

Қысқаша айтқанда, хан Моғолстанға қайта келді. Хан келгесін шашырап кеткен ел қайта бас қосты. Осы арада әмір Сейіт Әлі Қашғарда қайтыс болды. Оның Қашғардағы кесенесінің күмбезіне 862<sup>1</sup> жыл деп өмірден қайтқан мерзімін жазған.

Әмір Сейіт Әлі қайтыс болған соң, Жүніс хан тынышталды. Ол туралы алда айтылады.

---

<sup>1</sup> 1458 милади



### 43-ӘҢГІМЕ

## САНСЫЗ МЫРЗАНЫҢ ӘКЕСІ ӘМІР СЕЙІТ ӘЛІ ҚАЙТЫС БОЛҒАН СОҢ ҚАШҒАРДА БИЛІК ЖҮГІЗУІ ЖӘНЕ ОНЫҢ СОҢҒЫ КҮНДЕРІ ЖАЙЫНДА [122-Б.]

Адамзаттың пешенесіне жазылған тағдырдан әмір де қашып құтыла алмай, о дүниеге сапар шекті. Одан екі ұл қалды. Үлкен ұлы Сансыз мырзаның шешесі жорас тайпасының әмірлерінен еді. Екіншісі – Мұхаммед Айдар мырза, оның шешесі – Орын сұлтан ханым, Жүніс ханның әпкесі еді. Моғолдардың салты бойынша, әмір Сейіт Әлінің орнына үлкен ұлы Сансыз мырза таққа отырды. Ол өте ержүрек, жомарт, кеңпейілді кісі еді. Сұлтан ханымның құрметіне және туған бауыры Мұхаммед Айдар мырзаға мейір-шапағатын көрсетіп Қашғар және Йәнгі-Һисарды ханым мен Мұхаммед Айдарға тапсырды. Өзі Жаркентті астана етті.

Мұхаммед Айдар мырза және Жүніс хан екеуі Есенбұға ханға бірдей жиені болып келетін. Бірақ әмір Сейіт Әлі көзі тірі кезінде Есенбұға ханның қызы Дәулет Нигар ханымды Мұхаммед мырза Айдарға алып берген еді. Сол себептен Мұхаммед Айдар мырза Есенбұға хан жағын паналады. Әмір Сейіт Әлі өлген соң, көп ұзамай Есенбұға хан 866<sup>1</sup> жылы қайтыс болды. Билік оның баласы Дос Мұхаммедке ауысты, бұл жайлы айтылады.

Мұхаммед Айдар мырза Есенбұға ханның күйеубаласы болғаны үшін оны паналады. Хан өлген соң Дос Мұхаммед ханға жақындады. Ал Сансыз мырза, керісінше, Жүніс ханды пайдаланды. Сондықтан Мұхаммед Айдар мырза Қашғарда қала алмай, Ақсуға қашып, Дос Мұхаммед ханның жанына кетті.

Сансыз мырза Қашғарды түгелдей бағындырып, әділет орнатты. Сол себепті оның билеген уақыты сағындыратын ерекше кезең болады. Ол әмір Сейіт Әліден кейін жеті жыл билік құрып, 869<sup>2</sup> жылы дүние салды. Себебі бір күні аңға шыққанда аттан құлап, бөксесінің бес жерінен тамарйск ағашының бұтақтары жарақаттап, кейін жарасы іріңдеп, соның салдарынан қайтыс болды [123-б.].

Сансыз мырзаның қазасынан соң жергілікті тұрғындар Айдар мырзаны Қашғарға алдырды. Дос Мұхаммед хан Жаркентке кетіп, Сансыз мырзаның әйелі Жамал Ағаны некелеп алды. Сансыз мырзадан екі ұл қалды: мырза Әбубәкір және Омар мырза. Сондай-ақ Сұлтан Ханым атты бір қыз қалды. Дос Мұхаммед хан Сансыз мырзаның балаларын өзімен бірге Ақсуға ала кетті. Бұл жайлы кейін толық айтылады.

---

<sup>1</sup> 1462 милади

<sup>2</sup> 1464 милади



#### 44-ӘҢГІМЕ

### ДОС МҰХАММЕД ХАННЫҢ ХАНДЫҚ ЕТУІ ЖАЙЫНДА

Есенбұға хан өз ажалынан өлген соң, орнына ұлы Дос Мұхаммед хан патша болды. Ол он жетіде болатын. Ол парасатты адамдар қатарына жатпайтын. Көптеген ісі ақылға сыймайтын. Бір сәт болсын мастықтан есін жиған емес.

Ақылды жан, аулақ жүр, жынды бүгін тағы мас!

Ол дәруіш болуға бейім еді. Өзін Шәмс әбдал<sup>1</sup> деп атаған. Сондай-ақ барлық нөкеріне пәленше әбдал, түгенше әбдал деп ат беріп, сол атпен шақыратын. Ол тым жомарт еді. Осылай айтылғандай:

Жындыға ұқсайды деген де жындылық болар.

Ол жеті жыл патша болды. Патшалық уақытта бір рет әскерін Жаркент пен Қашғарға жорыққа шығарып, алғаш Жаркентке барған. Сансыз мырза қайтыс болған соң, оның әмірлері қорғанның есігін тарс жапқан болатын. Хан олардан Сансыз мырзаның әйелі және үлкен ұлы Әбубәкірді сұрады. Әмірлер талап бойынша Сансыз мырзаның әйелі мен ұлын бірге қосып жіберді. Хан одан әрі қайтып тиіспей Қашғарға жүріп кетті.

Дос Мұхаммед хан Жаркентке бет алған кезде Қашғар тұрғындары Мұхаммед Айдар мырзаны қалап шақырған еді. Ол да Қашғарға сұрау бойынша барған. Хан Қашғарға жеткенде Мұхаммед Айдар мырза қарсы алды. Хан Мұхаммед Айдарды Йәнгі-Ғисарға жіберді де, өзі Қашғарға келіп, ол жерді тонап, сосын Ақсуға кетті. Осы себептен Мұхаммед Айдар мырза ренжіп, Жүніс ханды паналады. Бұл жайында кейінірек тоқталамыз.

Дос Мұхаммед хан Ақсуға барып, біраз кідіріп қайтып келген соң [124-б.], өз қарындасы Үсн Нигар ханымды мырза Әбубәкірге тұрмысқа берді. Бірақ мырза Әбубәкір оның тұрақсыз мінезінен үрейленіп жүрді. Ақыр соңында қашып, Қашғардағы қадірменді немере ағасы Мұхаммед Айдар мырзаның қол астына барды. Оның артынан хан Үсн Нигар ханымды жіберді. Бұл оқиғадан

---

<sup>1</sup> Шәмс әбдал: Шәмс – күн. Әбдал – Аллаға жақын әулиелер, ел арасында танылып жүрмесе де жер жүзі ешқашан олардан кенде емес. Олардың саны жеті немесе жетпіс болады деп айтылады. Бірақ бірі дүниеден өтсе, басқа бірі дүниеге келіп, орнын басады (һамид – ауд.)

кейін Дос Мұхаммед хан әкесінің әйелдерінің біріне көңілі ауып, шариғат ғұламаларынан некелесуге рұқсат сұрады. Ешбіреуі бұған рұқсат бермеді. Хан олардың жетеуін өлтірді. Ақыр соңында хан мәулана Мұхаммед Аттар атты ойшыл ғұламаның алдына мас күйде келіп, қылышын ұмтыла ұстап тұрып: «Мәулана, мен өгей шешеммен некелескім келеді. Бұған рұқсат етесіңдер ме, жоқ па?» – деп ақырды. Мәулана: «Тек саған ғана рұқсат», – деп жауап қайырды. Хан тез арада некесін киюға әмір етті. Үйленген түні түсінде әкесін көрді. Әкесі қара атқа мініп келе жатыр екен. Оған жеткенде: «Әй, бейбак, біздің мұсылман дінін қабылдағанымызға жүз жылдан асты, сен кері кетіп, тексіз кәпір болдың!» – деп жебені бүйіріне атып жіберді. Атынан түсіп, қазанның түп күйесіне қолын сүйкеп, оның бетіне қара күйені аймандай етіп жақты. Дос Мұхаммед түсінен шошып оянды. Ол істеген ісіне өкініп, тәубесіне келді. Артынша шешесінің үйінен шығып ғұсыл жасады, бүйіріне қадалған шаншуды сезді. Таңға жуық денесі қалтырап, дірілдей бастады.

Ел-жұрт мәулана Аттардың төңірегіне жиналып: «Неге сен пәтуа<sup>1</sup> бердің?» – деп наразылық білдіріп, оны айыптады. Хан: «Мәуланаға тиіспеңіздер, өйткені мен одан бұрын жеті кісіні өлтірдім. Мәулананы зорлықпен алып келдім. Ол бейшара молда не істесін?!» – деп оған ара түсті. Мәулана: «Мен пәтуа берген жоқпын, «Саған ғана рұқсат, өйткені сен кәпірсің» деп айттым», – деді.

Қысқасы, Дос Мұхаммед мырзаның өкпесіне суық тиіп, алтыншы күні көз жұмды. Ол жиырма төрт жаста еді. Жеті жыл патшалық етті. 873<sup>2</sup> жылы қайтыс болды. Қожа Шәріп Қашғари бұл мерзімді «Шошқа өлді» сөзінен тапқан еді. Бұдан соң ел бір-бірімен тартысып, берекесі кетті. Дос Мұхаммедтен Кебек Сұлтан оғлан атты бір ұл қалды. Біреулер оны Тұрфан, Чалеш жағына алып кетті. Жүніс хан Ақсуға келіп, ел-жұрттың бәрін өзіне бағындырды [125-б.].

---

<sup>1</sup> Пәтуа – шариғат бойынша рұқсат беру – ауд.

<sup>2</sup> 1468 милади



#### 45-ӘҢГІМЕ

### ЖҮНІС ХАННЫҢ МЫРЗА СҰЛТАН ӘБУ САИДТАН ЕКІНШІ РЕТ ҚАЙТЫП ОРАЛУЫ ТУРАЛЫ

Сұлтан Жүніс хан екінші рет мырза Сұлтан Әбусаидтан Моғолстанға келгенде, мұндағы әмірдің барлығы тағы да хан маңына жиналды. Хан Моғолстанда біраз тұрып, Жетікентте тұрақтап қалды. Бірақ Есенбұға ханға тиесілі иеліктерге кіруге батылы бармады. Есенбұға хан мен әмір Сейіт Әлі өлген соң, патшалық тақ Дос Мұхаммед ханға тиген еді. Мұхаммед Айдар мырза мен Сансыз мырзаның арасындағы араздықты жоғарыда айтқан едік. Содан Мұхаммед Айдар мырза Ақсуға, Дос Мұхаммед ханның жанына кетті. Ал Сансыз мырза да Жүніс ханға қол ұшын беруді өтінді. Сөйтіп ханда біраз күш пайда болған еді.

Сол күндері Жүніс хан бірнеше рет Қашғарға барды, алайда Моғолстан әмірлерінің ешқайсысы Қашғарда тұрақтай алмады. Хан шарасыздықтан қайта оралған болатын. Неше мәрте осылай болды. Бұл әңгіме әртүрлі қайшылыққа толы болғандықтан оны баяндау тым ұзаққа созылып кетеді. Ол жөнінде қысқаша мынаны айтуға болады. Жүніс хан қашанда шаһарда тұруды армандайтын. Бірақ моғолдың әскері мен әмірлері қаладан қашқақтады. Сол себептен хан Моғолстанда тұруға мәжбүр болды.

Сансыз мырза өлген соң, Мұхаммед Айдар мырза Жүніс ханмен жақындасты. Осы екі арада Дос Мұхаммед хан да өмірден өтті. Жүніс хан Ақсуға барып, Дос Мұхаммед ханның халқын өзіне қаратты. Дос Мұхаммед ханның ұлы Кебек Сұлтан оғлан бірнеше ниеттесін алып Тұрфан жаққа қашып кетті.

Жүніс хан Ақсуда қалғысы келді, себебі Ақсу Моғолстанға қарағанда қалаға ұқсайтын. Бірақ моғолдардың жүріс-тұрысынан егер біршама уақыт тұратын болса, елдің көңілі Сұлтан Кебек оғланға ауатынын байқады. Сондықтан хан амалсыздан бар елін Моғолстанға әкетуге мәжбүр болды.

Сол кезде Исан Тайшының ұлы Амасанжы Тайшы [126-б.] (ол туралы Уәйіс хан жайындағы әңгімеде айтылған) Моғолстанға барды. Оның себебі Исан Тайшы Уәйіс ханның қарындасы Мәхтұм ханымды ханның өтеу құны ретінде алған болатын. Мәхтұм ханымнан екі ұл, бір қыз туды. Уәйіс хан Мәхтұм ханымды ұзатарда күйеубаласын мұсылман етіп, мұсылман жолымен тұрмысқа берді. Ханым балаларын да мұсылман қылып, ұлдарына Ибраһим, Ілияс деген ат қойды. Қызын Әмір Кәрімберді мырзаның баласы Қадірберді мырзаға ұзатты.

Мұсылмандық үшін Ибраһим унг мен Ілияс унг бір жақ болып, екінші жағынан Амасанжы Тайшы арасында тартыс басталды. Амасанжы үш жүз

мың адаммен Моғолстанға қашып кетеді. Ел ішінде кең тараған әңгімеге карағанда, он сегіз мың адам Ибраһим унг және Илияс унг жанында қалған. Аяғында оны мен қалмақ ханы арасында жауластық орын алды. Олар қалмақ ханынан қашып, қырық мың адаммен Қытай шекарасына қарай кеткен.

Ағайындар арасындағы араздық Дос Мұхаммед хан қайтыс болғанша созылды. Дос Мұхаммед 873<sup>1</sup> жылы қайтыс болды. Ибраһим унг пен Илияс унгтың Қытайға қашуы шамамен 910<sup>2</sup> жылдан бұрын болған еді. Бұл екеуі де Қытайда өлді. Олардың руы Бабулай деп аталды. Мансұр хан ғазуат шайқасымен Қытайға барған кезде осы тайпамен соғысқан. Бұл оқиға туралы Мансұр хан жайындағы әңгімеде айтылады.

Амасанжы Тайшы Ибраһим унг мен Илияс унгтен бөлініп Моғолстанға барды. Жүніс хан да Ақсудан моғолдарды көшіріп, Моғолстанға келген еді. Іле<sup>3</sup> өзені маңында соғысып, Жүніс хан жеңіліске ұшырады. Көптеген моғол әмірі [127-б.] сол шайқаста шейіт болды. Қалмақтың шабуылынан кейін моғол ұлысы түгелдей Түркістанға ауып кетті. Олар Түркістан жерінде, Сейһун өзені жағасында, Қаратоғай деген жерде қыстап шықты. Буруж оғлан моғол еліне шабуыл жасады. Бұл оқиғаны кейінірек баяндаймыз.

---

<sup>1</sup> 1468 милади

<sup>2</sup> 1504 милади

<sup>3</sup> (ایله): Іле



## 46-ӘҢГІМЕ

**ДОС МҰХАММЕД ХАННЫҢ ӨЛІМІНЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР,  
ЖҮНІС ХАННЫҢ БИЛІК ҚҰРУЫ, БУРУЖ ОҒЛАН ИБН  
ӘБІЛҚАЙЫР ХАН ӨЗБЕКТИҢ ӨЛТІРУ ТАРИХЫ ЖАЙЫНДА**

855<sup>1</sup> жылы Шыңғыс ханның баласы Жошы хан билік еткен жұртта, Қыпшақ даласында, оның ұрпағынан таралған Әбілқайыр хан патша болды. Сол жұртта, сол заманда одан күдіретті патша болмаған. Ол қайтыс болғаннан кейін ел арасында алауыздық туып, елдің көбі Керей хан мен Жәнібек ханға қосылды. Керей хан, Жәнібек хан мен Әбілқайыр хан балалары арасында бұрыннан қатты араздық бар еді. Сол себептен Әбілқайыр хан балалары моғол хандарымен де қас болды. Өйткені моғол хандары Керей хан мен Жәнібек ханның жақтастары еді. Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін олардың жұрты Буруж оғлан төңірегіне қайта топтасты. Буруж оғлан Әбілқайыр ханның үлкен баласы болатын. Керей хан мен Жәнібек хан толық күш алған соң Буруж оғлан олардан шет кетіп, Түркістан маңында болды. Моғолдардың Түркістанға келе жатқан хабарын естіп, біраз ойлана келе Қараторғайдағы Жүніс хан ордасына шабуыл жасады. Тағдырдың жазғаны шығар, ол күні хан ордасының барлық адамы аң аулау үшін Сейһун дариясының арғы бетіне мұз үстімен өтіп кеткен еді. Түс мезгілінде Буруж оғлан мұз үстімен өтіп, хан ордасына жетті. Хан ордасы қорғансыз қалған-ды. Буруждың жиырма мың әскері бар, ал моғолдар 60 мың [128-б.] шаңырақ еді. Әр шаңырақ ер-азаматсыз қалды. Буруж хан ордасына түсіп, мал-мүлікті тонауға кірісті. Әскерінің әрқайсысы да осы іспен айналыса бастады.

Анда жүрген Жүніс хан бұл хабарды естіген соң, жиналып бастаған әскердің түгелденуін күтпей, шұғыл жүріп кетті. Өзенде мұз әлі қатып жатқан. Хан ордасы судың жағасында болғандықтан хан қиқу салды. Өйткені сол кезде ешкім хан сияқты қиқу сала алмайтын. Елдің бәрі ханның қиқу салу дауысын танитын еді. Хан алты кісімен бірге, олардың бірі ту ұстаушы<sup>2</sup> ұран салып, судан өтіп, ордаға жетті. Үйге кірген әрбір өзбекті әйелдер сол жерде ұстап алды.

Буруж оғлан ұрандаған дауысты есіп, ту ұстаған алты кісіні көрген соң атқа мінуге жүгіріп шыққанда атшылары оны аттан түсіріп алды. Әйелдер де үй ішінен сыртқа жүгіріп шығып, Буруж оғланды ұстап алды. Дәл осы мезетте хан да жетті. Ханның бұйрығы бойынша Буруж оғланның басын кесіп,

<sup>1</sup> 1451 милади

<sup>2</sup> (توغچی): ту ұстаушы

найзаға түйреп, жоғары шаншып қойды. Жиырма мың өзбектен құтылып кеткендер кемде-кем. Хан жеңіспен ордасына келді. Ертесіне әскер жиналған соң өзге өзбектердің соңынан түсті. Әбілқайыр ханның тірі қалған сұлтандары да қашып кетті. Олардың әңгімесі туралы жеке әр жерде айтылып отыратын болады.





## 47-ӘҢГІМЕ

### ШЕЙХ ЖАМАЛДЫҢ ОҚИҒАСЫ ЖӘНЕ ЖҮНІС ХАННЫҢ ОНЫҢ ҚОЛЫНА ТҮТҚЫНҒА ТҮСУІ ЖАЙЫНДА

Жүніс хан қыс мезгілін Қаратоғайда өткізіп, көктем шыға Ташкентке келді. Сол кезде Ташкентті мырза сұлтан Әбусаидтың әмірлерінің бірі – Шейх Жамал хәр билеп тұрған. Сұлтан Әбусаид мырза ол уақытта Иракта өлген еді. Герат пен Хорасан сұлтан Үсейін мырзаның қол астында болатын. Самарқандты билеу [129-б.] Сұлтан Аһмед мырза ибн Сұлтан Әбусаид мырзаға тиген еді. Нисар, Құндыз, Бадахшан мырза сұлтан Маһмұд ибн сұлтан Әбусаид мырзаның қолына көшті. Әндіжан, Ферғананы мырза Омар Шейх ибн мырза Сұлтан Әбусаид биледі. Бұл үш мырзаны да Жүніс хан өзіне күйеубала еткен еді. Бұлардың әрқайсысы туралы реті келгенде айтылады. Қысқасын айтқанда, Шейх Жамал хәр сұлтан Әбусаид мырза әмірлерінің бірі болатын, ол Ташкентті биледі. Өзін Самарқандта тұрған мырза сұлтан Аһметке тәуелді санағанымен, оған тиісінше бағына бермейтін.

Жүніс хан Ташкент маңына жетті. Ол өзі жеңіліс тапқан қалмақтардан қорқып, Моғолстан жаққа жайылым іздеп бара алмады. Хан мен жоғарыда айтылған мырзалар туыстық, жекжаттыққа сеніп, еш күмән келтірместен Ташкент аймағына келген еді. Алайда ханның қызметіндегі моғолдар елі ханға ренішті болғандықтан астыртын Шейх Жамал хәрға адам жіберіп, ханға қарсы екенін жеткізді. Шейх Жамал хәр бұлардың пікірін қостаған соң, ханға құрмет көрсеткенсіп оны қарсы алуға алдына шықты. Шейх Жамал хәр ханға жақындаған сәтте оның жанындағы ел екіге бөлініп, ханды жалғыз қалдырды. Хан: «Бұлар қайда бара жатыр?» – деп сұрағанда, «Шейх Жамал хәрдың жанына бара жатыр» деген бірауыздан шыққан жауап естіді. Шейх Жамал хәр ханның дабылшысы мен туының жанына жақындап, ат үстінде тұрды. Ханның қасында ешкім болмай қалды. Шейх Жамал кісі жіберіп, ханды тұтқынға алды. Мүмкін, оның жанындағылар ханды ұстап берген де болар. Әйтеуір Шейх Жамал оны оңай тұтқындады. Хан бір жыл тұтқында болды. Моғол ұлысы толық Шейх Жамалдың қолына көшті.

Ханның әйелі, оның балаларының шешесі Исан Дәулет бегім, бұрын айтылғандай, сұлтан Аһмет мырзаға [130-б.] тұрмысқа шыққан Мейр Нигар ханымның және мырза Омар Шейхқа тұрмысқа шыққан Құтлық Нигар ханымның шешесі болатын. Шейх Жамал хәр, міне, осы екі ханымның шешесі Исан Дәулет бегімді қожа Кәлан атты беделді бір адамға сыйға тартады. Бегім бұл жайды естігенде еш қарсылықсыз риза екенін айтты. Қожа Кәлан қатты

қуанып, кешкісін Дәулет бегімнің үйіне барып, қызметкерлерін сыртқа, есік алдына тұрғызып, өзі ішке кірді. Одан бұрын Дәулет бегім өз қызметшілеріне есікті мықтап жабуды тапсырған еді. Есіктің бекем жабылғанына көзі жеткен Дәулет бегім қызметшілерімен бірге кенеттен қожа Кәланға тап беріп, пышақпен зақымдап өлтірді. Тәнертең өлігін далаға лақтырып тастады. Оның өлігін көрген ел Шейх Жамал хәрға жеткізді. Шейх Жамал Дәулет бегімге адам жіберіп, себебін сұрады. Бегім: «Мен Жүніс ханның әйелімін. Шейх Жамал мені басқа біреуге сыйға тарту етті. Бұл мұсылмандыққа, шарифатқа қайшы келеді. Одан да Шейх Жамал хәр мені өлтірсін деп оны әдейі өлтірдім», – деп жауап берді. Мұны естіген Шейх «Мың бір бәрекелді!» деп рақмет айтып, оны құрметтеп, ханның жанына жіберді.

Ханның тұтқындалғанына бір жыл толған соң әмір Кәрімберді дулаттың немересі әмір Әбділқұдыс бір топ адаммен бірге Шейх Жамал хәрға шабуыл жасап, оны өлтірді. Басын Жүніс ханға алып барып, оны тұтқыннан босатты. Шейх Жамалдың айналасына жиналған моғол әмірінің барлығы да хан алдына барып, оған кезінде қарсы болған себебін: өздерінің қаладан қатты безгендігін, ал ханның қалаға әуес екендігін айтып түсіндірді. Хан тәубе етіп, бұдан былай қалаға беттемейтіндігін баяндады. Бұл оқиғаға да өлең жолмен: «Әбділқұдыс хәрдың басын алып келді» деген хронограмма құрастырылыпты. Бұл тарих жұмбақ түрінде құрастырылған. Сонымен егер «хәр» сөзінің бас әрпі [131-б.] «х»-ні «Әбділқұдыс» сөзіне қосса, әріптің сандық мәні сегіз жүз жетпіс жеті деген тарихпен сәйкес болады.

Осындай жағдайдың арасында қалмақтар өз жұртына оралып, Моғолстан бос қалды. Хан моғолдар көшін бастап Моғолстанға келді.



## 48-ӘҢГІМЕ

### ШЕЙХ ЖАМАЛ ХӘР ӨЛТІРІЛГЕННЕН КЕЙІН ЖҮНІС ХАН МЕН МАУАРАННӘ ҺР БИЛЕУШЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ОҢИҒАЛАР

Жүніс хан қайта таққа отырған соң моғол елі мен әмірлері бұдан былай өздерін қала мен уәлаятта тұруға әмір етпеуге ханның уәдесін алды. Өйткені моғолдардың бар сергелдеңі мен реніші осыдан шыққан еді. Хан шарасыздықтан уәдесін беріп, Моғолстанға келді. Амасанжы Тайшы және қалмақтар өз ордаларына оралып, моғол жері қалмақтардан босады. Хан қаланы ұмытып, бірнеше жыл Моғолстанда тұрды. Моғол ұлысы ханды әбден жақсы көріп бағынды.

Мұхаммед Айдар мырза Қашғарда болып, ханды мойындауды уәжіп санады. Хан да хандық мейіріммен оған әкелік шапағатын көрсетті. Осылайша Моғолстан мен Қашғарда тыныштық орнады. Жүніс хан келген соң Тұрфанға қашқан Дос Мұхаммед ханның баласы Кебек Сұлтан оғланды жанындағы қызметшілер өлтіріп, басын ханның алдына әкелді. Қаншалықты жау болса да хан өз бауыры болғандықтан шыдай алмай, аза тұтып, оны өлтіргендерден кек алуға әмір етті. Ханға басқа ешбір тараптан қарсылас болған емес.

Жүніс хан Буруж оғланды өлтірген уақытта, өзінің үлкен қызы Мейр Нигар ханымды Сұлтан Әбусаид мырзаның ұлы Сұлтан Аһмет мырзаға тұрмысқа берді. Сұлтан Әбусаид мырза моғол мен шағатай арасындағы қастықты достыққа айналдырды, ал «мен бұл достықты туыстыққа [132-б.] ұластырдым. Менде егер қыз болса, Мырза Сұлтан Әбусаидтың ұлына берем» деген. Мейр Нигар ханым көз жұмғанша Сұлтан Аһмет мырзаның шаңырағында болды. Мейр Нигар ханымның жайы туралы «Тарихтың» екінші кітабында әңгіме етеміз.

Хан Моғолстанға Шейх Жамал өлтірілген соң келді. 880<sup>1</sup> жылы Мейр Нигар ханымның сіңлісі Құтлық Нигар ханымды Сұлтан Әбусаид мырзаның ұлы Омар Шейх мырзаға тұрмысқа берді. Хан мен Омар Шейх мырза арасында достық қатынастың жақсы болғандығы соншалық – ондай жақындық әке мен баланың арасында да кемде-кем болатын. Омар Шейх мырза Моғолстанға жиі барып, сол жерде болатын. Кейде ханды Әндіжанға шақыратын, ол да бір-екі ай Омар Шейх мырзаның үйінде қонақ болатын. Ол кездері Омар Шейх мырза ханнан Самарқандтың билігін үлкен күйеубаласы Мырза Сұлтан Аһметтен

---

<sup>1</sup> 1475 милади

өзіне алып беруді сұраған. Алайда хан оған көнбеген. Бұл сыбыс құлағына тиген Сұлтан Аһмет Омар Шейх мырзаға шабуыл жасамақ болды, бірақ ол ханды паналады. Ханға келгенде Омар Шейх ілтипат көрсетіп, кейбір уәлаятын оған бере салатын. Сұлтан Аһмет мырза сөйтіп ағасына қарсы соғыс аша алмады. Осындай жағдай бірнеше рет қайталанды.

Кейінгі кездері хан Әндіжанға әр қыс сайын барып тұратын болды. Барлық моғол ұлысы Моғолстанда қалатын. Хан өзі қызметшілерімен Әндіжанға келетін. Осындай сапарлардың бірінде Омар Шейх мырза хан қалаған өз уәлаятының бірін сыйға беретін. Көктем шығып, хан Моғолстанға оралғанда мырза қайтадан өз уәлаятына иелік ететін. Бір рет Омар Шейх өзінің ағасы мырза Сұлтан Аһметтен қауіптеніп Жүніс ханды шақырып, оған Ахсиды [133-б.] сыйлады. Хан Ахсиды қыстау етіп тұрды. Бұл хабарды мырза Сұлтан Аһмет естіп, жорық жасаудан бас тартты.

Омар Шейх мырза Сұлтан Аһметтің шабуылынан көңілі тынышталған соң, ханға Ахсиді беруді бергенмен іштей қимай өкіне бастады. Себебі Ахси Ферғананың ең үлкен қаласы болғандықтан қалалардың анасы атанған. Іштегі өкініш оған ақыры Жүніс ханға қарсы бүлік шығаруға әкеп соқтырды. Теке секірткен<sup>1</sup> көпірі маңында шайқас болды. Хан Омар Шейхты қанша үгітесе де көнбей қойды, соғыс жалғасып, мырза жеңіліп қалды. Мырзаны ұстап Жүніс ханның алдына әкелді. Оның қолы байлаулы еді. Хан орнынан тұрып, мырзаның қолын шешті. Содан соң мырзаға сыйлықтар беріп, елдің іші бүлінбей тұрғанда кетсін деп, оны Әндіжанға жедел жөнелтті. Өзі де артынан баруға уәде етті.

Омар Шейх мырза Әндіжанға кеткен соң, хан Моғолстанға баруға рұқсат етті де, өзі отбасы және бірнеше кісімен Әндіжанға барып, Мырза Омар Шейхтың үйінде екі ай қонақ болды. Араларында ешқандай кірбің, орынсыз әңгіме боған жоқ.

Тағы бірде мырза ханды шақырып оған Марғинанды берді. Хан Марғинанда болған кезде таза киелі, Алланың сүйікті әзіреті қожа Насыреддин Ұбайдолла сол жерге бір жағынан Жүніс хан мен Омар Шейх мырзаны және екінші жағынан Сұлтан Аһмет мырзаны татуластыру мақсатымен келді.

Әзірет ишан Марғинанға келгенде моғол мен басқа кісілердің бәрі қарсы алуға алдынан шыққанын шыншыл әңгімешілерден талай естігенмін. Моғолдар әзірет ишанды құрметтегені сонша – ер, әйел қалмай, аттарын алысқа, жол бойына байлап, топ-топ болып келіп, жерге бас иіп, ол басып өткен топырақты ырымға алып жатты. Ал Жүніс хан ишанды қарсы алуға жалғыз өзі шықты [134-б.]. Ишан жақындаған кезде хан атын бір жерге асыға байлап, қара жерге бетін тигізе бастады. Ишан жақындай түсті. Әзірет ишан жақындағанда оның қосшыларының ішінен біреу ханды танып қалды да, ишанға айтты. Әзірет ишан аттан түсіп, Жүніс ханның басын жерден көтеріп, батасын берді. Мен

---

<sup>1</sup> (تكاسكر وتكو): Теке секірткен

пақыр Мұхаммед Қазиден (Алланың рақметі жаусын!) әзірет ишан Марғинанға келгенде айтқан мына сөздерін естідім: «Мен Жүніс ханды моғол деп естігем, сондықтан оны бір көсе, моғол қылықты, басқа сахара түркілері тәрізді елестеттім. Алайда оны көргенде, оның әңгімешіл, қою сақалды, тәжік өңдес, сөзі биязы, тәжік арасында өте сирек кездесетін адам екеніне көзім жетті». Әзірет ишан ханды көрген соң, айналасындағы барлық патшаға хат жолдап: «Жүніс хан деген моғолды көрдім, ондай патшаға қараған елдің адамын құл етуге болмайды. Бұл ел мұсылман деп жария еткен», – дегенін естіген едім. Содан кейін ешкім Мауараннәһр мен Хорасанда моғолды құл етіп сатқан емес, оған дейін моғолды кәпірлер сияқты сатып келген екен.



## 49-ӘҢГІМЕ

### МҰХАММЕД АЙДАР МЫРЗАНЫҢ ҚАШҒАРДА БИЛІК ЖҮРГІЗУІ ЖАЙЫНДА

Әмір Сейіт Әлінің баласы Сансыз мырза қайтыс болған соң, әмір Сейіт Әлінің баласы Мұхаммед Айдар мырза, бұрын айтылғандай, Қашғарға әмір болды.

Мұхаммед Айдар мырза Қашғарға қоныс тепкен соң, Дос Мұхаммед хан өлгеннен кейін моғол ұлысын Жүніс хан Моғолстанға бастап алып келді. Ал онда, жоғарыда айтқандай, Буруж оғлан мен Шейх Жамал хәрдің оқиғалары болған еді. Содан кейін моғолдардың өтінішін қанағаттандыру, көңілін орнықтыру үшін Жүніс [135-б.] қала мен уәлаятта тұрудан бас тартты. Мұхаммед Айдар мырза да Қашғарды билеп отырғанда, Жүніс ханның әмірін мойындап келді. Сондықтан хан оны өз перзентіндей көрді.

Мұхаммед Айдар мырза 869<sup>1</sup>–885<sup>2</sup> жылдар аралығында Қашғарда өте тыныштықта әрі дәулетті жағдайда ғұмыр кешті. Қашғарды ол жиырма төрт жыл үзіліссіз биледі. Оның он алты жылын дербес биледі, қалған уақытында ханға тәуелді болды.

---

<sup>1</sup> 1464 милади

<sup>2</sup> 1480 милади



## 50-ӘҢГІМЕ

### ӘБУБӘКІР МЫРЗАНЫҢ БИЛІК ЖҮРГІЗУІ ЖӘНЕ ӨМІРІНІҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІ ЖАЙЫНДА

Сансыз мырза дүние салғаннан кейін Дос Мұхаммед хан Жаркентке келіп, Сансыз мырзаның әйелін некелеп алды. Оның үлкен ұлы Әбубәкірді өзімен Ақсуға ала кетті. Біраз уақыттан кейін ол қарындасы – Үсн Нигар ханымды оған тұрмысқа берді. Алайда Әбубәкір мырза Дос Мұхаммед ханның аумалы-төкпелі мінезінен қауіптеніп, қашып немере ағасы (әкесінің бауыры) Мұхаммед Айдар мырзаға келді. Дос Мұхаммед хан оның соңынан Үсн Нигар ханымды Қашғарға жіберді. Бұл жағдай бұрын айтылған-ды.

Мырза Әбубәкір Мұхаммед Айдар мырзаның жанында болған кезде нағыз ержүрек әрі жомарт, күшті де батыл болып көрінетін. Бойының ұзындығы соншалық – егер жүздеген қара жаяу топтың ішінде келе жатса, оны көрген кісі аттың үстінде отырған шығар деп ойлап қалатындай еді. Дегенмен Мұхаммед Айдар мырза әмірлікке мұрагер болғандықтан жауынгерді бағалай бермейтін. Өмір Сейіт Әлі сексен жыл ғұмырында дайындаған беделді әмірлер мен сардарлардың көбісі Мұхаммед Айдар мырза билік жүргізіп тұрған уақытта фәни дүниеден өтіп кеткен-ді. Ал көзі тірілері дүниеде жоқ сияқты ескерусіз қалды. Сардарлар мен еске алған әмірлердің балалары және немерелерінің Мұхаммед Айдар мырзамен жақындығы болмады. Әмірлердің барлық баласы мен әмірзадалар Әбубәкірге қызмет етуге күштар еді. Бұл ұзақ әңгіме, ол оқиғалар тұтас есте қалмаған [136-б.], одан бері жиырма жыл өтті. Сол кездегі куәгерлердің өзінен де ешкім қалмады, сол уақытта олар туралы белгілі әңгімелердің өзі ұмыт болған.

Сонымен, Мырза Әбубәкір Мұхаммед Айдардан қашып, Жаркент әкіміне жалған нышан (таңба) көрсетіп, айламен қаланы алды. Немере ағасы Мұхаммед Айдар мырзаға адам жіберіп, оны мойындап, қызметінде болатынын айтты. Мұхаммед Айдар мырза да оның бағынышты болам деген өтінішін қабыл алды.

Мырза Әбубәкірдің қызметіне Қашғар әмірлерінің үш мың жас әмірзадасы жиналды. Бауыры Омар мырза да осы Қашғарда болатын. Ол да оған келіп қосылды. Ағайынды екеуі сол аймақтарды алу мәселесінде бірге күш салды. Хотанды алу үшін бірге амал ойласты. Әңгімеміз осы жерге келіп жеткендіктен, енді Хотан және оның әкімдері жайында сөз қозғағанымыз жөн болмақ.



## 51-ӘҢГІМЕ

### ХОТАН МЫРЗАЛАРЫ

Хотан – Шығыстағы атақты қалалардың бірі. Хотанның толық сипаттамасы туралы тарихи кітаптарда баяндалған мәліметтің бәрі екінші кітапта келтірілді.

Дұғлат тайпасындағы әмірліктің кезегі мырза Құдайдаққа жеткенде (Алланың оған рақметі жаусын!), бұрын айтылғандай, ол дұғлаттарға тиесілі иеліктерді өз балалары мен бауырларына бөліп берді. Мысалы, Қашғар және Жаркентті өзінің кенже баласы Сейіт Аһмет мырзаға берді. Әмір Құдайдақтың Ілияс шаһ және Қызыр шаһ есімді екі бауыры болған. Ілияс шаһқа Ақсуды, Қызыр шаһқа Хотанды берді. Екеуін де Сейіт Аһмет мырзаға бағынатын етіп, оларды қызметке тағайындау мен босату құқығын да оған тапсырған еді. Ол екеуі жыл сайын басқа нөкерлер сияқты әмірдің алдына барып есеп беріп әрі уәлаятқа қайта оралу үшін рұқсат сұрайтын. Әмір Сейіт Әлі заманына дейін бұл дәстүр сақталды [137-б.]. Әмір Сейіт Әлі Есенбұға ханға Ақсуды берген кезде Ілияс шаһ мырзаның немересі (оның да аты Ілияс еді) Есенбұға ханның қызметінде болған. Ақсу қорғаны Дос Мұхаммед ханның кезіне дейін соның қол астында болды. Әмір Сейіт Әліден кейін Хотанда Қызыр шаһ мырзаның ұрпағынан екі ағайынды отырды. Бірінің аты – Хан Назар мырза, екіншісінің аты Құл Назар мырза еді.

Хан Назар мырза білегінің күштілігі жағынан өзін мырза Әбубәкірге, тіпті, әмір Сейіт Әліге теңейтін. Сонымен ол әмір Сейіт Әліге қарсы болып, тәуелсіздікке ұмтылды. Қашғарға бұрынғы бағыну дәстүрінен бас тартты.

Осыған байланысты мырза Әбубәкір Мұхаммед Айдар мырзадан Хотанды бағындыру үшін рұқсат сұрады. Хан Назар мен Құл Назар атадан ұрпаққа мұра болып келе жатқан дәстүрінен<sup>1</sup> айныды. Мұхаммед Айдар мырза да олардан ызалы еді. Бұйрық беріп, бұл іске одан әрі қайрай түсті. Сондықтан мырза Әбубәкір көңілі тынышталып, Хотан ісіне кірісіп кетті.

Хан Назар мырза темірден бір асатаяқ жасаған еді. Оны ешкім екі қолымен көтере алмайтын. Ал оны өзі бір-ақ қолымен көтеретін, кез келген аттың не сиырдың басына асамен ұрса, сұлатып түсіретін. Оның бауыры Құл Назар мырза да өте сабырлы, байсалды жігіт еді. Сол себепті бұл екі ағайынды жігіт билік жүргізуге мүдделі еді.

---

<sup>1</sup> (داب)





## 52-ӘҢГІМЕ

### МЫРЗА ӘБУБӘКІРДІҢ ХОТАНДЫ АЛУЫ ЖӘНЕ ХОТАН МЫРЗАЛАРЫН ӨЛТІРУІ

Мырза Әбубәкір Хотанды алуды мақсат етіп жүрген күндерде інісі Омар мырза онымен бірге болатын. Бірақ ол ағасының істерін ұнатпай, оған қарсы шықпақ ниетте жүрді. Оның бұл ниеті мырза Әбубәкірге аян еді. Әйтеуір амалын тауып ұстап, көзін шығарып, Мұхаммед Айдар мырзаның қол астына жіберді. Қашғар ойрандалған соң, Омар мырза Самарқандқа кетті. Оған ол жақта құрмет көрсетілді. 921<sup>1</sup> жылы Қашғарға оралып [138-б.], қайтыс болды және әмір Сейіт Әлі мазарының жанына жерленді.

Жалпы, Мырза Әбубәкір інісінен құтылған соң Хотанға бет алды. Алғашқы сапарынан бейбіт келісіммен оралды. Екінші ретте де бейбіт жолмен келісіп, бір-бірімен кездесуге уәделесті. Келіссөз жүріп, екі жақтың көзделген мақсаты мақұлданған соң, Құран ұстап ант ішуге шешім қабылданды.

Мырза Әбубәкір нөкерлерімен уәделескендей, өзінің ең жақын қызметшісінен Құранды Хан Назарға беріп жіберді. Өлгі кісі Құранды Хан Назардың алдына алып барды. Хан Назар қолын созып алар сәтте Құранды әкелген кісі екі қолынан ұстай алды. Әбубәкірдің нөкерлері жан-жақтан қылыштарымен Хан Назарға тұра ұмтылды. Олар алдын ала келісіп, дайын тұрған еді. Хан Назар бұдан бейхабар болатын. Хан Назар мырзаның нөкерлері капелімде әрекет жасауға үлгере алмай қалып, бас сауғалай қашты. Бірнеше адам Құл Назарды ұстауға дайын тұрып, оны қоршап алды. Сөйтіп айламен олардың тұқымын<sup>2</sup> Хотан уәлаятынан құртып, Хотанды азат етіп, толық күшіне енді. Көздеген мақсатына жеткен соң ол Мұхаммед Айдар мырзаға қарсы әрекетке кірісті.

---

<sup>1</sup> 1515 милади

<sup>2</sup> (تخم): тұқым



### 53-ӘҢГІМЕ

#### **ӘБУБӘКІРДІҢ МҰХАММЕД АЙДАР МЫРЗАҒА ЖАСАҒАН АЙЛАСЫ ЖӘНЕ МҰХАММЕД АЙДАР МЫРЗАҢЫҢ ОНЫҢ ҚҰРҒАН ТОРЫНА ТҮСІП, ӨЗ ӘМІРЛЕРІНЕН АЙЫРЫЛУЫ**

Сансыз мырза дүние салғаннан кейін жесірі Жамал ағаны Дос Мұхаммед ханның некелеп алғаны жоғарыда баяндалды. Енді Қашғарды Мұхаммед Айдар мырзаға берді. Бұл оқиға 869<sup>1</sup> жылы болған еді.

Дос Мұхаммед хан өлген соң, Мұхаммед Айдар мырза Мырза Әбубәкір мен Омар мырзаның [139-б.] шешесі Жамал ағаға үйленді. Мұхаммед Айдар мырзаның Жамал ағадан екі ұлы болған. Бірі – менің әкем Мұхаммед Үсейін көреген, екіншісі – әкемнің інісі Сейіт Мұхаммед мырза еді.

Мырза Әбубәкір Хотанды алып күшейген. Осыған орай Мұхаммед Айдар мырзаның әмірлері мырза Әбубәкірден қауіптеніп, оның істері бастан-аяқ мырзаға қарсы бағытта екенін және ешкіммен санаспай Жаркентті алғанын әрі ақылға сыймайтын сылтаулармен Омар мырза бауырының көзін шығарғанын және Хан Назар мен Құл Назарды өлтіргенін айтып, бұл адамның ешкімге опа бермейтінін, оның бар арманы Қашғарға ие болып, біртұтас аймақты билеу екенін ескертті. Алайда әмірлер бұл жағдайды Айдар мырзаға қанша айтқанмен, ағалық мейіріммен оған мән бермей келді. Екінші жағынан, Айдар мырзаға әйелі, балаларының, сондай-ақ мырза Әбубәкірдің шешесі Жамал аға әмірлердің сөзіне керісінше: «Ол – сіздің балаңыз. Жаркентті сіздің әмірлеріңіздің бірі биледі. Әбубәкір мырзаның Жаркентті әкесінің астанасы болғандықтан билеуге құқы бар. Өзіме де тиісті деп, сізге сеніп еркінситін шығар. Ал Хотанды алғаны – оны бәрібір басқа біреу биледі, сондықтан өзгенің орнына мырза Әбубәкірдің билегенінің ешқандай айыбы жоқ», – деп уәж айтты. Жамал аға Әбубәкірдің әрбір әрекетін мақұлдап, құптап отырды. Сөйтіп Мұхаммед Айдар мырза оған иланып, Әбубәкірдің бағынбауға деген әрекет дабылы ашық қағылғанға дейін көңілі орнында болды. Бұл аз болғандай, оның үстіне Жамал аға мырза Әбубәкірдің әмірлер үшін жауласып жүргенін айтып, «Олар сізге оны жамандап жүр», – деді. Ол мырза Әбубәкірге астыртын түрде: «Сенің жауласуыңның себебін де, ақталуыңды да айттым», – деп жеткізді.

Бұл хабар Мырза Әбубәкірдің ойына дәл келді. Ол да Мұхаммед Айдарға дәл сол әңгімені [140-б.]: «Маған қастандық жасап, жамандап жүрген әмірлерді қол астыңызда ұстап отыратын болсаңыз, мен сізге қызмет ете алмаймын. Егер

---

<sup>1</sup> 1464 милади

оларды жұмыстан босатып жіберсеңіз, мен сізге перзент ретінде емес, бәлкім, құлыңыз болып қызмет етер едім», – деп хабар жіберді.

Мұхаммед Айдар мырза аңқаулық жасап, оның жалған сөзіне иланып әмірлерін босатты. Ең беделді, сенімді әмірлерінен айырылған соң Мұхаммед Айдар мырзаның билігіндегі күш күрт қирады. Мырза Әбубәкір Қашғар уәлаяты мен Йәнгі-Ғисарға шабуыл жасап, басып алды. Мұхаммед Айдар мырзаның сенімді әмірлері жұмыстан босатылған соң, ол аймақты қорғап тұра алатын ешкім табылмады.



## 54-ӘҢГІМЕ

### ЖҮНІС ХАННЫҢ МҰХАММЕД АЙДАР МЫРЗАҒА КӨМЕК БЕРУГЕ ӘРЕКЕТТЕНУІ ЖӘНЕ МЫРЗА ӘБУБӘКІРМЕН СОҒЫСЫП ЖЕҢІЛУІ

Бұрын баяндалғандай, әмір Әбділқұдыс Шейх Жамал хәрді өлтіріп, Жүніс ханды тұтқыннан шығарып алған еді. Хан оған аса құрмет көрсетіп, «көреген» лауазымын беріп, дұғлаттардың барлық мансабы мен түменін оған тапсырды. Сондықтан онда көп ұзамай тәкаппарлық пайда болып, ханға мінез көрсете бастады. Дегенмен өзі де ісіне үрейленіп қалатын. Оның әңгімесі ұзақ. Қысқасы, ханнан қашып келіп Қашғарға, Мұхаммед Айдар мырзаға қосылды. Ол да әмірлерін жұмыстан босатып, ісі дағдарысқа ұшырап, өкінішті халде жүр еді. Әмір Әбділқұдыс келген кезде өте құрметтеп, қызы Аға Сұлтан Сұлтанымды оған тұрмысқа беріп, мырза Әбубәкірге қарсы шығуға әбден үгіттеді. Ол да мырза Әбубәкірге қарсы шайқасқа шықты.

Қысқасын айтқанда, мырза Әбубәкір бірден Йәңгі-Һисар жаққа шабуыл жасады. Ал Әмір Әбділқұдыс оған қарсы шықты. Көп күш-жігер жұмсағанымен әмір Әбділқұдыс әскерінің саны мырза Әбубәкір сарбаздарынан әлдеқайда артық болса да ұзақ соғыстан кейін жеңіліске ұшырады. Сондықтан ол намыстанып, Мұхаммед Айдар мырзаның жанына қайтып оралмады. Өз тізгінін толық тағдырдың еркіне беріп, Бадахшанға жол тартты. Үш жүз [141-б.] адаммен мырза Сұлтан Маһмұдқа барды. Мырза Сұлтан Маһмұд оны қатты қадірледі. Оның өтінішіне орай, Бадахшан мен Құндыз уәлаятының ең үлкен Хаст уәлаятын берді. Әбділқұдыс сол жерде катұр тайпасының көпірлерінің қолынан шейіт болды.

Қорыта айтқанда, әмір Әбділқұдыс кеткен соң, мырза Әбубәкірдің күші арта түсті. Үлкен айла-шарғымен Мұхаммед Айдар мырзаны жанындағы ең беделді әмірлері мен сенімді сардарларынан айырады. Әмір Әбділқұдысты жеңді. Сонымен Мұхаммед Айдар мырзаның ісі алға басудан қалды. Жамал аға өз ісіне өкінгенімен, одан ешбір пайда жоқ еді.

Ақырында Мұхаммед Айдар мырза жаяу және атты отыз мың әскер жасақтап, мырза Әбубәкірге қарай бет алды. Ол үш мың адаммен тойтарыс беруге шықты. Ауыр шайқас болды. Соңында Мұхаммед Айдар мырза жеңіліп, сағы сынып Қашғарға келді. Бұл жағдайда нағашы ағасы Жүніс ханға хабарлап, одан көмек сұрады. Хан жиенінің қарымтасын қайтару мақсатында он бес мың таңдаулы әскерімен өзі мырза Әбубәкір жаққа бет алды.

Мұхаммед Айдар мырза тағы да әскерінің бас-аяғын жиып, ханға қосылуға жүріп кетті. Олар бірге Жаркентке жетті. Мырза Әбубәкір Жаркент қама-

лына тығылды. Хан қамалдың шығыс жағына тоқтады. Келесі күні Әбубәкір қамал сыртындағы ауылдарда, аттылы-жаяу қол түзді, олар әмір Сейіт Әлі дайындаған жалпы саны үш мың әмірзадалар мен баһадүрлер болатын. Олар жүз мың әскерге қарсы соғысып, жеңіске жетіп, өкініштің өксікті дәмін таппаған еді. Мұхаммед Айдар мырза олардан кезінде қапы қалған-ды. Ал мырза Әбубәкір оларды төңірегіне жинады. Жүніс хан да қалың қолмен бір жағынан, Мұхаммед Айдар мырза екінші бір жақтан қамалға бет алды. Мырза Әбубәкір Мұхаммед Айдарға мән берген жоқ, барлық күшін ханға қарсы жұмсады. Сан мәрте шайқастан соң ханды талқандады, оның әскері қашып кетті. Мұхаммед Айдар [142-б.] мырза да өзге бағытта қашты. Мырза Әбубәкір үлкен қолды осылай күйретті.

Олар Қашғарға жеткен соң, хан Мұхаммед Айдар мырзаға: «Біз бұл істі жеңіл деп дайындықсыз аз әскермен келдік, сен биыл өз уәлаятыңды ұстап тұруға тырыс. Келесі жылы бар әскеріммен келіп, оның шаруасын бітіремін», – деді.

Хан Моғолстанға тартты да, Мұхаммед Айдар мырза Қашғарда қалды.



## 55-ӘҢГІМЕ

### ЖҮНІС ХАННЫҢ МҰХАММЕД АЙДАР МЫРЗАҒА ЖӘРДЕМ БЕРУ ҮШІН ЖАРКЕНТКЕ ЕКІНШІ РЕТ ЖОРЫҚҚА ШЫҒУЫ ЖӘНЕ МЫРЗА ӘБУБӘКІРДЕН ЖЕҢІЛУ

Келесі 885<sup>1</sup> жылы Жүніс хан моғолдың барлық әскерімен, яғни алпыс мың адаммен Қашғарға бет алды. Мұхаммед Айдар мырза да өз әскерін жасақтап, өткен жылғыдан жақсырақ халге келген еді. Екеуі бірлесіп, Жаркентке бет алды. Екеуінің әскер саны – жаяу сарбаз бен аттысы тоқсан мыңға жеткен еді.

Мырза Әбубәкір тағы да өткен жылғыдай Жаркент қамалына тығылды. Оның әскері жаяу, аттысы бар – бес мыңға жуық. Үш мыңы, бұрын айтылғандай, әмір Сейіт Әлі әмірлерінің балалары, елдің іріктелген ұландары еді. Мұхаммед Айдар мырза олардың қадірін біле алмай, қолдан шығарып алған болатын және де екі мың жаяу мергенді үміттендіріп, неше түрлі уәде беріп, уәлаят ішінен таңдап алды. Хан қамалды айнала қоршап алды да, өзі Қалдығаш Иари<sup>2</sup> (قالدو غاج) деген Жаркенттің шығыс жағындағы белгілі жерге тоқтады.

Намаздыгер<sup>3</sup> уақытында хан әскерінің әрбір қосынынан беделді адамдар шығып, қамалға барып, соғыс ашты. Қамалдан мырза Әбубәкірдің адамдары шықты: атты әскер мен жаяу әскер қалқан ұстап жүрді. Кескілескен ұрыс басталып кетті [143-б.]. Хан ордасында отырған еді. Бір топ адам келіп, шайқас барысын жасырмай баяндап, оның соғыс алаңын бір айналып көріп кетуі керектігін айтты. Хан біраз адамымен сауыт кимей-ақ аттанды. Олар жарқабаққа шыққанда екі жақтың жаяу жауынгерлері қатты соғысып жатқанын көрді. Алайда соғыстың барлық жағдайы бұл жерден анық көрінбегендіктен, хан жардан төмен түсті. Жар бойымен жүретін жалғыз-ақ жол бар еді. Хан төмен түскен соң, жаяу әскер соғысқа батылдана кірісті.

Осы кезде ханның беделді баһадүрлерінің бірі Әлім Шейх баһадүр шатырдың ішінде болатын, ол ханның соғысты бақылауға кеткенін естіді. Сол кезде оған өзін хан алдында өзгелерден ержүрек, батыр екенін көрсеткісі келген ой келді. Сауытын киіп, ханның жанынан өтіп барып, жаяу әскермен соғысқа араласты. Ханның жаяу әскері мен Әбубәкір мырза әскерінің аралығында екі жағынан сиыр қорасы қоршалған жер бар еді, ал осы екі қоршаудың ортасын қақ жарып жол өтетін. Әлім Шейх баһадүр сол жолға түсті. Зор дауыспен ұран

---

<sup>1</sup> 1480 милади

<sup>2</sup> (قالدو غاج): Қалдығаш

<sup>3</sup> نماز ديگر: намаздыгер

салып, мырза Әбубәкір әскеріне беттеді. Сол мезетте қолында қалқаны бар бір жаяу әскер кенеттен шыға келген Әлім Шейх баһадүрден қорқып, оның атының алдына қалқанды лақтыра салды да, өзі қаша жөнелді. Әлім Шейх баһадүрдің аты қалқаннан үркіп, жалт берді. Шейх баһадүр өзіне-өзі ие бола алмай аттан құлап түсті.

Қоршаудың артында тұрған жаяу әскер оны ұстап алды. Мырза Әбубәкірдің атты әскері ханның жаяу әскеріне шабуылға шықты. Жаяу әскері оларға төтеп бере алмай, кенеттен жан-жаққа қаша бастады. Майдан алаңына ұрыс барысын бақылауға келгеннің бәрі кейін шегінді. Хан да жардың ішінде болатын. Оның жанында жүргендер хан [144-б.] тезірек жардың үстіне шықсын деген кеңес айтты. Хан тездете жоғарыға бет алды. Адамдар ханның шапшаң жүріп бара жатқанын қашып бара жатыр деп топшылап, олар да қаша бастады. Сонымен жаяу әскер бытырай, орда жаққа беттеді. Хан әскерді тоқтатып, сабыр сақтауға тырысты. Бір жағынан оларды соққыға алып жатса да ешкім орнынан қозғала қоймады.

Осы арада Әбубәкірдің жаяу әскері соғысты жалғастыра берді. Аттылары да жардың үстіне шығып, ханның қашып бара жатқан әскерін қуып, олардың соңынан орда жаққа ілгерілей берді. Осыны көрген әскер тарыдай шашырап, ханның үгіт-насихатына қарамастан қаша бастады. Мырза Әбубәкірдің атты әскері таяп қалған кезде хан да Қашғарға қарай қаша жөнелді. Осылайша ханның қалың қолы бас-аяғы бір сағаттың ішінде тас-талқан боп, жеңіліске ұшырады. Ханның көптеген әскері оған бағынбай, біржола Моғолстанға қашып кетті. Хан Мұхаммед Айдар мырзаға мынандай жағдайда Қашғарда қалу дұрыс еместігін айтты. Сөйтіп ол ханмен бірге бес мың түтінмен көшіп, қосуға барды. Қашғардың бірталай елі Әндіжанға кетіп қалды. Қашғар мырза Әбубәкірдің қолына өтті. Бұл 885<sup>1</sup> жылы болған оқиға еді. Әкем Мұхаммед Үсейін көреген сол күндері он екі жаста екен. Жүніс хан Мұхаммед Айдар мырзамен Ақсуға кеткен соң, менің әкемді Жүніс ханның ұлы Сұлтан Маһмұд хан өзімен бірге Моғолстанға алып кетеді. Сол жерде екеуі айырылмас дос болды және Сұлтан Маһмұд өле-өлгенше әкемді «Адаш» деп атайтын. «Адаш» моғол тілінде [145-б.] «дос» деген мағына береді.

---

<sup>1</sup> 1480 милади



## 56-ӘҢГІМЕ

### ЖҮНІС ХАН БАЛАСЫ СҰЛТАН МАҢМҰД ХАННЫҢ ӨМІРІНІҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІ

Бұдан кейінгі әңгіме Сұлтан Маһмұд хан туралы болғандықтан, оның өмірін басынан бастап баяндаған жөн. Жүніс хан екінші рет Хорасаннан келген кезде әмір Сейіт Әлі қайтыс болып, Сансыз мырза Жүніс ханды паналаған еді. Жүніс хан сол күндері Қашғарға жиі барып-келіп тұратын. Сол кездері хан Бадахшанға Шаһ Сұлтан Маһмұдтың инабатты қызына құда түсуге Қашғардың беделді сейіттерінің бірі Әмір Зиаддинді жіберді. Шаһ Сұлтан Маһмұд Бадахши Файлакус Рұмиден тараған Ескендір Зұлқарнайынның ұрпағы еді. Ескендір бұл әлемді алған соң әмірлерімен кеңесіп: «Әлем сұлтандарының қолы жетпейтін бір мекен табыңыздар, менің ұрпақтарым сол жерде өмір кешсін», – дейді. Даналар Бадахшанды таңдайды. Содан соң жұмыс ережесі жазылады. Ол бойынша ешкім бұл уәлаятқа дауласа алмайды. Ескендір заманынан Шаһ Сұлтан Мұхаммед заманына дейін ешкім Бадахшанға тиіскен жоқ, сөйтіп ұрпақтан-ұрпаққа (Ескендір ұрпақтары) мемлекетті басқарып тұрды.

Шаһ Сұлтан Мұхаммед Бадахшанидің басқару кезегі жеткенде ол Ескендірдің ережесін басшылыққа алмады. Ол өте қабілетті, ақылды жан болатын. Оның өте бір әдемі өлең жинағы бар еді. Өзіне лақап есім етіп «Лағли» дегенді алған. Оның жырларына нәзіктік, тапқырлық тән еді. Ол жұмыс ережесін өз талғамына қарай өзгертті.

Оның алты қызы болды. Ең үлкенін Әмір Темір ұрпағы Сұлтан Мәсуд Қабулиға ұзатты. Екіншісін Сұлтан Әбусаид мырзаға берді. Одан [146-б.] Әбубәкір мырза деген ұл туған. Соңында Мырза Сұлтан Әбусаидтан кейін ол Сұлтан Үсейін мырзамен күресіп, оның мемлекетіне бірталай зиянын тигізді. Бұл жайлы Мирханд<sup>1</sup> және Хандмир Нерәви<sup>2</sup> тарихтарында айтылады. Үшінші қызын Ибраһим барласқа берген. Одан Жаһангер барлас туған, ол кейін Шағатай үкіметі басшыларының бірі болған. Төртінші қызы Шаһ бегімді Сейіт Зиаддин Қашғаридің құда түсуімен Жүніс ханға жіберген. Бесінші қызын Сейіт Шаһ Әмір Бозург Арһәнгиге берген, ол жөнінде кейін айтылады.

---

<sup>1</sup> Мирханд Бәлхидің (1433–1497) «Раузе ас-сафа» атты тарихи шығармасы жаһан тарихының бастауынан өзі өмір сүрген заманға дейін аралықты қамтиды

<sup>2</sup> Гияседдин Хандмирдің (1474–1535) «Әбиб әс-сеир» тарихи еңбегі Пишдад патшалығының соңғы кезеңінен бастап Исмайыл шақтың өмірінің соңына дейінгі оқиғаларды қамтиды



Алтыншы кенже қызын ол Шейх Абдолла барласқа берді. Одан Сұлтан Уәйіс барлас, Мизраб барлас және Сұлтан Санжар туған. Бұлар жайлы өз кезегінде алда айтыла жатады. Алайда олардың өмірі туралы Мирханд және Хандмир Һерәви тарихтарында баяндалады.

Қорыта айтқанда, Сейіт Зиаддин Шаһ бегімді Қашғарға алып келіп, ханға тапсырды. Шаһ бегімнен Жүніс ханның екі ұл және екі қызы болды. Үлкен ұлы Сұлтан Маһмұд хан 868<sup>1</sup> жылы дүниеге келді. Бір жылдан соң Сұлтан Аһмет хан туды. Ол туралы бөлек айтылады. Екі қызы – Сұлтан Нигар ханым мен Дәулет Сұлтан ханым жайында да кейін айтыла жатады.

Сұлтан Маһмұд хан есейгенше моғол әмірлері, бұрын айтылғандай, Жүніс ханға өте жөнсіз, ерсі әрекет жасаған. Сұлтан Маһмұд хан ержеткенде әлгі моғол әмірлерінің көбісі дүние салған еді. Қалғандарын Жүніс хан баласы Сұлтан Маһмұдтың күшімен өзіне толық бағындырды.

Жүніс хан жеңіліп, Жаркенттен Қашғарға келгенде Сұлтан Маһмұд хан [147-б.] Моғолстанда ел басқарып қалғандықтан, оның әскерінің қатарында бола алмады. Жүніс хан Мұхаммед Айдар мырзаның көңілін көтеру үшін әрі өзі де алаңсыз тыныстау үшін сол қыста Ақсуға кетті. Мұхаммед Айдар мырзаның ұлы Мұхаммед Үсейін мырза сол уақытта он екі жаста болатын. Жүніс хан оны Сұлтан Маһмұд ханның жанына жіберді. Сұлтан Маһмұд хан Мұхаммед Үсейін мырзаның келгеніне риза болып, онымен дос болды. Олар бір-бірін «адаш» деп атайтын. Мұхаммед Үсейін мырза Моғолстанда Сұлтан Маһмұд ханның жанында құрмет пен сыйға бөленіп тіршілік кешті.

---

<sup>1</sup> 1463 милади



## 57-ӘҢГІМЕ

### ЖҮНІС ХАН МЕН МҰХАММЕД АЙДАР МЫРЗА АРАСЫНДАҒЫ АҚСУДА БОЛҒАН СОҒЫС ЖӘНЕ ҚАТТЫ ҚАҚТЫҒЫСТАР ЖАЙЫНДА

Қыс түскенде хан Ақсуға кетті. Ақсу сай (☞) жағасында орналасқан. Екі қорғаны бар. Оның бірінде өзі, екіншісінде Мұхаммед Айдар мырза тұрған. Сол қыс тыныш өтті. Көктем келгесін Жүніс хан Моғолстанға баруға ниет етіп Мұхаммед Айдар мырзаға: «Қазір ерте көктем, мен Моғолстанға бармақпын. Сен осы жерде қалып, еліңмен бірге егін сал және Ақсу уәлаятын саған бердім. Егін пісетін уақыт жақындағанда, Моғолстанға мал жайлауға шығатын мезгіл болады, жылқы семіреді. Сол кезде біз сенімен Қашғарға бет түзейміз де, Әбубәкірдің ісімен айналысамыз. Мен сол жақтан, сен осы жақтан шығып, Қашғарда маған қосыласың», – деді.

Олар осылай белгіледі. Моғолстанға кету үшін хан сол арада мал-жанды жинап дайындықты аяқтасын деп адам жіберді. Бірақ бір топ бүлікшіл шығып, Мұхаммед Айдар мырзаға «Хан Моғолстанға сенің барлық еліңді тонап алып кетейін деп жатыр» деген қаңку сөз таратты. Олар осындай шайтани сөзді тыңдатып, Мұхаммед Айдар мырзаның бойына сіңіріп, аңғал мырзаны шара қолдануға итермеледі [148-б.].

Шайтандар айтты: «Хан көшетін уақытта оның қасындағы кенже ұлы Аһмет ханды алып қалып, қорғанды тарс жауып, Жүніс ханға қарсы шығамыз. Хан көшетін уақытта еш нәрсеге мұршасы болмай, Моғолстанға кетеді. Біз Ақсуда қаламыз». Бұл ақылға сыймайтын негізсіз іс Мұхаммед Айдар мырза тарапынан да мақұлданып, ханның көшетін уақыты болғанда Ақсу қақпасы жабылды. Сұлтан Аһмет хан қашып, Мұхаммед Айдар мырзаның жанына барды. Сөйтіп бүлік басталды.

Жүніс хан Мұхаммед Айдар мырзаға елші жіберді. Қанша үгітесе де еш пайда болмады. Ақырында Жүніс хан көшуін тоқтатты да, басқа бір қорғанға кіріп, қақпасын бекітіп, Сұлтан Маһмұд ханға хабаршы жіберді. Ол он екі күннен кейін отыз мың әскерімен келді. Қырық күн үзіліссіз шайқас болды. Мұхаммед Айдар мырзаның қорғанында аштық басталды. Бүлікшілер түнгі уақытта қамалдан қаша бастады. Сұлтан Аһмет хан өзінің перзенттік парызын есіне алып, ата-анасының алдына ағаттығы үшін кешірім сұрап барды. Мұхаммед Айдар мырза қорғанда қалды. Сол кезде қорғанға шабуыл басталды. Хан қорған ішіндегі тонаушылықтың алдын алу үшін өз әмірлерін алға жіберді. Бірақ әмірлері топырлаған халықты тоқтата алмады және Мұхаммед

Айдар мырзаны қиындықпен қолға түсіріп, хан алдына алып келді. Оның қолын байламақ болып еді, хан ұрысып, байлатқызбады. Оны өзіне шақырып алып: «Неге былай істедің?» [149-б.] – деп ұрысты. «Тағдыр сені бүлік жасауға жазса, мен кеткен соң да үлгеретін едің ғой. Мұның қалай?» – деді. Мұхаммед Айдар мырза жөнсіз әрекетіне өкініп, басын төмен салбыратып тұра берді. Хан: «Хош, солай-ақ болсын, енді Ақсуды саған-ақ бердім, сол жерде бол!» – деді. Мұхаммед Айдар мырза: «Ақсудағы елдің бәрі тоналған кезде онда қалай қалмақпын?» – деді. Хан оған үш жүз ат беріп: «Менімен бірге Моғолстанға жүр. Бұрын келісілгендей, егін піскен кезде Қашғарға барып, оны алып, саған беру үшін бір амалын істермін», – деді.

Патшалық пен ұлылыққа тән нағыз хандар кінәлілердің кінәсін осылайша кешіретін. Олар туыстарына деген құрметін көрсетіп, жиендері шалыс басып немесе қателік жасаса, сол сәтте-ақ беттерінің арын төкпей, кешіріп, мейірімділік көрсететін. Олар осындай ағайындыққа арқа сүйеп, асаулық танытатын. Егер біз олардың қылықтарына туыстық ілтипатымызды жасай алмасақ, ондай ағайындықтың құны қанша, туыс пен жаттың не айырмашылығы болғаны?! Ал қазіргі патшалар болса ешқандай күнәсі болмағанның өзінде күнәлі деп мойындатады. Әрине, сұлтандардың зұлымдығын жат адамдар да істемейді. Сондықтан қазіргі патшалар мұндай жағдайда туыстық жақындығы Жүніс хан мен Мұхаммед Айдар мырзадай болса да кінәлілерді аямай, қатал жауыздықпен көзін жояр еді. Ал егер кінәлі адам Алланың шапағаты тиіп, жазасынан құтылып, (болған іс болды енді) [150-б.] достық және туыстықтың жібін үзбейін деп елшілер жіберіп хат жолдайтын болса, олар жауап та жаза қоймас. Осындай патшаларды әлгі сұлтандардың ұрпақтары деп айтуға бола ма?

Үлгі алмаса әкеден, арғы ататегінен,  
Нәсілім деп, ұлым деп айта алмаймын оны мен.

Алла тағала мейірімділерге жасаған ілтипатына орай рақметін жаудырсын! Рақымдылығы рақым болатынына сенеміз. Өйткені «рақым еткенге рақым етіледі» дегендей, олар қылмыскерлерге рақым етті. Алла тағала да олардың күнәсін солай етсін. Әумин екі дүниенің жаратқанына! (Алла тағала қаласа) сұлтандардың жадынан мейірімділік самұрық құсындай ұшып шығып кеткен. Оларға Алла рақымдылық берсін. Пайғамбарға һәм оның ұрпақтарына Алланың шапағаты тисін.

Қысқаша айтқанда, Мұхаммед Айдар мырза Жүніс ханмен бірге Моғолстанға жүріп кетті. Көктемнің аяғында хан Қашғарға әскер жасақтауға кірісті. Осы аралықта Сұлтан Аһмет мырза Самарқандтан өз бауыры Омар Шейх мырзаны Ферғана уәлаятынан қууды мақсат етті. Бұл хабар Шейх Омардың құлағына тиісімен ол тез арада Жүніс ханды пана тұтып, шақыртты. Өйткені ұдайы үлкен ағасы Сұлтан Аһмет мырзаның қаһарына ұшырап,

жорығына ілінер кезде осы тәсіл арқылы құтылып отыратын. Бұл жайында бұрын қысқаша айтылғандай, хабар аласымен хан Әндіжанға бет алды. Себебі екі күйеубаласы арасында жанжал болмасын деп, өзара татуластырып отыратын.

Хан Әндіжанға келісімен Омар Шейх мырза қарсы алып, әртүрлі сый-құрмет көрсетті. Әрі оған Ош уәлаятын берді. Сол қысты хан Ошта өткізді. Басқа моғолдарды хан Сұлтан Маһмұд ханға тапсырып, Моғолстанға [151-б.] жіберді. Сонымен өзі Ошта қыстады. Хан Ош уәлаятын Мұхаммед Айдар мырзаға берді. Сұлтан Аһмет мырза ханның келгенін естіп, жорықтан бас тартты. Сөйтіп Омар Шейх мырзаға ағасы жағынан қауіп сейілді.

Қыс біткен соң, хан қайта Моғолстанға жүрер алдында Мұхаммед Айдар мырзаға: «Өткен жылы Моғолстанда тынышсыз өмір сүрдің, енді саған Ош уәлаятын бердім, осында бол. Келесі қыста тағы келемін. Сол уақытқа дейін осы уәлаятты менің атымнан басқар», – деді. Хан Моғолстанға кетті. Мұхаммед Айдар мырза Ошта қалды. Мұхаммед Айдар мырза ұлын – Мұхаммед Үсейін мырзаны ханнан жалынып-жалбарынып алып қалды.



## 58-ӘҢГІМЕ

**МҰХАММЕД АЙДАР МЫРЗАНЫҢ ҚАШҒАРҒА,  
МЫРЗА ӘБУБӘКІРГЕ ЖОРЫҒЫ ЖӘНЕ ОҒАН ТҮТҚЫНҒА ТҮСУ**

Сұлтан Жүніс хан Моғолстанға кеткенде, Омар Шейх мырза Ошқа ақсақал жіберіп, Мұхаммед Айдар мырзадан кешірім сұрады. Мұхаммед Айдар мырзаның іле-шала Моғолстанға баруға жағдайы да жоқ еді әрі осы жерде қалуға да болмайтын. Сондықтан ұлы Мұхаммед Үсейін мырзаны және Сейіт Мұхаммед мырзаны Омар Шейх мырзаның қолына тапсырып, өзі Қашғарға бет алды. Өйткені мырза Әбубәкір әрі бауыры, әрі немере ағасының баласы, әрі өгей баласы болғандықтан бейбіт жолмен маған бір аймақты беретін шығар деген дәмемен барды. Мырза Әбубәкір оны бірден тұтқындады. Ол бір жыл түрмеде отырды. Бір жылдан соң оны Бадахшан жаққа жіберді. Мұхаммед Айдар мырза Бадахшанға кетті.

Бадахшан ол кезде мырза Сұлтан Әбусаидтың ұлы Сұлтан Маһмұдтың қолында еді. Әмір Әбділқұдыс Мұхаммед Айдар мырзаның күйеубаласы, бұрын айтылғандай, Мырза Сұлтан Маһмұдтың жанында болатын. Біршама уақыт Мұхаммед Айдар мырза қонақ болып, онан соң Самарқандқа кетті. Ол жерде Қожа Насыреддин Ұбайдолланың құзырында болды (Алла тағала оның кабірін жарық қылсын).

Онда Мырза Сұлтан Аһметпен де кездесті [152-б.]. Ол оны жылы қабылдады. Мұхаммед Айдар мырза оған жылына екі рет екі мейрамда келіп тұратын болсын деп бекітті. Сұлтан Аһмет мырзаның үш бауыры болатын: Осман мырза, Сұлтан Уәләд мырза, Мәлік Мұхаммед мырза. Сұлтан Аһметтің жарлығы бойынша Мұхаммед Айдар мырза мәжілістерде Осман мырзадан төмен, бірақ Сұлтан Уәләд мырза мен Мәлік Мұхаммедтен жоғары отыратын болды әрі қонақ ретінде келіп тұратын болды. Сол кезде Жүніс хан тарапынан Мұхаммед Айдар мырзаның артынан бір кісі келді. Сұлтан Аһмет мырзаның сый-құрметі енді оны ұстап тұра алмады. Сөйтіп Мұхаммед Айдар мырза Жүніс ханның жанына жүріп кетті. Ол туралы ханның Ташкентке келген кезіндегі оқиғаларды баяндағанда айталады.



## 59-ӘҢГІМЕ

### **ЖҮНІС ХАННЫҢ ЖӘНЕ МОҒОЛ ҰЛЫСЫНЫҢ ТАШКЕНТКЕ КЕЛУІ. СҰЛТАН АҢМЕТ МЫРЗА, ОМАР ШЕЙХ МЫРЗА ЖӘНЕ СҰЛТАН МАҢМҮД ХАН АРАСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМ**

Екі ағайынды: Омар Шейх мырза мен Сұлтан Аһмет мырзаның арасында болған тартыстар, қарсылық әрекеттері Мирханд тарихында жазылған. Және оның мына «Тарих-и Рашидиге» қатысы жоқ. Бірақ айтып өтетін жайт – Шейх Жамал хәрден кейін Ташкентті Омар Шейх мырзаға беру жөнінде үкім шықты һәм Шахрохия деген берік қорған да мырза Омар Шейхтың қол астына берілді. Мырза Сұлтан Аһмет осы екі уәлаят үшін Мырза Омар Шейхқа қарсы шығып, қатты ұрыс-керістерге жол ашып берді. Сұлтан Аһмет мырза Ташкентке шабуыл жасаған кезде Омар Шейх мырза Жүніс ханды Ташкентке келуге үгіттеді.

Сол жылы хан Оштан кеткен кезде Ошты Мұхаммед Айдар мырзаға берген еді. Хан кеткен соң Омар Шейх мырза Мұхаммед Айдар мырзадан кешірім сұрады. Мұхаммед Айдар мырза Қашғарға кетіп, сонда тұтқынға түсті, хан бұл кезде Моғолстанда еді. Күз айы туып, мырза Сұлтан Аһмет Ташкентке шабуыл жасаған кезде, Омар Шейх мырза ханды Ташкентке келуін дәріптеп, Сайрамды ханға берді.

Әндіжаннан Ошты бергендей Ташкенттен Сайрамды берді. Хан Сайрамға бет алған кезде, ешқандай қалада тұруды қажет етпейтін моғолдар Сұлтан Аһмет ханның кенже ұлын азғырып, онымен бірге Моғолстанға қашқан еді. Хан оларға шара қолданып, кедергі жасамады. Өйткені сол кезде Моғолстанда онымен хандықта таласатындай моғол хандарының ұрпағынан ешкім де қалмаған еді. Сонымен хан оларды Моғолстанға жіберіп, өзі Сайрамға бет алды. Сол қыста Сайрамда болды.

Хан өзінің үлкен ұлы Сұлтан Маһмүд ханды отыз мың қолмен Сұлтан Аһмет мырзаға қарсы жіберді. Ферғана жағынан он бес мың адаммен Омар Шейх мырза келді. Бұл үш қол бір-бірімен жақындасып, соғыс алаңына кірді.

Бұл хабар Самарқандтағы әзірет Насыреддин Ұбайдоллаға жеткенде (Алла оның қабірін нұрландырсын) ол кісі жағдайды аңғарып, өзінің келе жатқанын хабарлап, адам жіберді. Хабарды естіген үш сұлтан өздерінің тұрған жерінде аялдап тоқтап қалды.

Әзірет ишан жеткенде мырза Сұлтан Аһметтің ордасына түсті. Хан мен Омар Шейх мырзаға адам жіберді. Әзірет ишанның бейбіт келісімге келуге шақырған ұсынысына ешкім қарсы шықпады, себебі Аллаға имандылықпен берілгендер өз-өзін ұмытып, бар болмыстың шынайы жаратушысы Хақ

Сұбхан тағала деп білетін. Қысқасы, әрқайсысы өз мақсат-мұратына орай әскерін жасақтап келген еді, бірақ олардың бәрін жұбатып, үш патшаны бір кілемге отырғызып, әзірет ишан ортаға жайғасты. Әрқайсысының алдына шарт пен міндет қойды. Олар оны қабылдады: келісіп, Ташкент үшін тартысқан екі ағайынның таласын тоқтатып, Ташкентті ханға берді [154-б.].

Әзірет мәулана Сейіт тегі Мұхаммед Қазы (Алланың мейірі мен шапағаты жаусын) «Селселат әл-арефинде»<sup>1</sup> бұл оқиғаны әзірет ишанның кереметтері жайында еске алғанда сипаттап жазған. Онда: «Мәжілістің барысы соншама қаһарлы болғандықтан мен қатты абыржып, дастарқанды<sup>2</sup> қайырып тастаппын», – деп жазылған. Мәжіліс аяқталған соң әзірет ишан: «Жақсы болды, әбден тойдық, тұру керек, бұл ретте осындай шамада ғана көтеруге болады», – деді.

Үш патша өз әскеріне кетті. Әзірет ишан Хожент өзеніне барып, жағасында дәретін жаңартты. Мен пақырға көңіл бөліп: «Мәулана Мұхаммед, біздің іс туралы өзіміз жазу керек», – деп айтты.

Әзірет мәулана Мұхаммед Қазы: «Әзірет ишанның сол әңгімесі «Селселат әл-арефин» кітабын жазуға түрткі болған еді», – деп жазады.

Токетерін айтқанда, Сұлтан Аһмет мырза – Самарқандқа, Омар Шейх мырза – Ферғанаға, Сұлтан Маһмұд хан Ташкентке кетті. Жүніс хан да Ташкентке келді. Әзірет ишан олардың артынан Ташкентке келіп, Жүніс ханмен тағы да жүздесті. Мен оны өз немере ағамнан естігенмін, ол былай деген: «Бір күні әзірет ишан да болған мәжілісте Сұлтан Маһмұд туралы сөз болды. Қатысып отырған кісілердің бірі: «Осы Сұлтан Маһмұд хан – өте тәкаппар және ұлық патшазада», – деді. Әзірет ишан: «Мұндай патшаның етегін құммен толтыру керек. Тәкаппарлық пен ұлылық тек Аллаға ғана тән, ал Сұлтан Маһмұд хан тәкаппарлық жасайтындай кім болыпты?!» – деп айтты.

Сұлтан Маһмұд хан кездейсоқ сол сәтте әзірет ишанның қызметіне, намаз уақытында келіп еді. Әзірет ишан намазға тұрды. Жайнамаздың алдыңғы жағында ошақта от жанып тұр еді. Әзірет ишан: [155-б.] «Жайнамаздың алдында ошақта от жанып тұру мәкру. Оның бетіне құм сеуіп тастау керек», – деп бұйырды. Сол жерде көптеген жамағат болса да хан орнынан тұрып, етегіне құм толтырып алып, оттың үстіне төкті. От өшкенше бірнеше рет бұл істі қайталады. Сол мәжіліске қатысушылар ханның топырақ тасуын тоқтатуын, бұл қызметті өздеріне тапсыруын сұрады. Мәжіліске қатысып отырғандардан ол бұл қызметті жалғыз өзі атқаруын өтінді. Хан кеткен соң қатысып отырғандардың бәрі таңғалды. Бұл хандардың бейбіт жиылысы Ташкентте 890<sup>3</sup> жылы болды. Әзірет ишан біраз уақыт Ташкентте болып, Самарқандқа оралды.

Сол дәуірдегі патшалардың әдеті<sup>1</sup> мынандай болған еді – әрбірі өз істерінің

---

<sup>1</sup> сопылардың ұрпағы

<sup>2</sup> (دستار خوان): дастарқан

<sup>3</sup> 1485 милади

өтінішін әзірет ишанның мүридтерінің біріне арқа сүйеп, оған жеткізуге дәнекерші ететін. Сұлтан Маһмұд ханның әзірет ишанмен арадағы қатынасының дәнекершісі мәулана Мұхаммед Қазидан болатын. Хан өзінің өтінішін мәуланаға айтатын. Бұл жөнінде мен әзірет мәулана Мұхаммед Қазидан талай хикая естіген едім. (Алла тағала бұйырса) өз ретіне қарай келтіре жатады.

---

<sup>1</sup> (داب): дәб





## 60-ӘҢГІМЕ

### ЖҮНІС ХАННЫҢ ІСТЕРІНІҢ АЯҚТАЛУЫ

Хан Ташкентте қоныстанған соң, ұлы Сұлтан Маһмұд ханға Сұлтан Аһмет мырзаның қызы Қаракөз бегімге<sup>1</sup> құда түсті. Қаракөз бегімнің келін болып түсуі жайында кейінірек айтылады. Сұлтан Жүніс хан сол арада сал болып, екі жылға жуық төсек тартып жатып қалды. Сол сырқаттан ол ақыры бұл дүниеден өтті. Оның жасы жетпіс төртте еді. Моғол хандарының ішінде мұндай жасқа ешкім жеткен жоқ. Олардың көпшілігі қырыққа жетпеген. Хан 818<sup>2</sup> жылы туып, 892<sup>3</sup> жылы дүние салды [156-б.]. Оны Ташкентте Шейх Хавәнд Тәһур мазарының жанына жерлеген. Ол жерде сәулетті ғимарат салынған. Қазір де бұл кесене жұртқа белгілі.

Хан сырқаттанып жатып Мұхаммед Айдар мырзаның Бадахшаннан Самарқандқа келгенін естіп шақыртады. Ол Самарқандтан ханға келіп, сырқаттанып жатқан күндері оған қызмет етеді. Мұхаммед Айдар мырза хирургия саласынан толық хабардар, сондай-ақ дәрігерлік тәжірибесі мол болатын. Төсек тартып жатқан хан оны өз жанынан бір сағатқа болса да шығармайтын һәм оған туған баласындай ілтипат көрсететін.

Мұхаммед Айдардың ұлы Мұхаммед Үсейін мырза Әндіжанда, Омар Шейх мырзаның қасында болатын. Мұхаммед Айдар Әндіжанға келместен бұрын Сұлтан Маһмұд ханның жанында болған. Олар әрқашан ханмен бір үйде, бір бөлмеде тұратын. Ол жайында алда айтылады.

---

<sup>1</sup> (فراگوز بیگم)

<sup>2</sup> 1415 милади

<sup>3</sup> 1487 милади



## 61-ӘҢГІМЕ

### СҰЛТАН АҢМЕТ МЫРЗА МЕН СҰЛТАН МАҢМҮД ХАН АРАСЫНДА ЖӘРДЕ БОЛҒАН ШАЙҚАС

892<sup>1</sup> жылы Сұлтан Жүніс хан қайтыс болған соң, сол жылы кеңесте моғолдардың салтымен Сұлтан Маһмұд хан таққа отырды. Ханның қайтыс болғаны туралы хабар тарасымен, мырза Омар Шейх пен мырза Сұлтан Аһмет әр тараптан Сұлтан Маһмұд ханға қарсы әрекеттер жасауға кірісті. Омар Шейх мырза ханның сенімді арнайы нөкерлерінің үлкен тобын Ташкенттің ең мықты камалдарының бірі – Оштор қорғанына жіберіп, орналастырды.

Сұлтан Маһмұд хан қорғанға келіп, кескілескен қырғын соғыс болды. Моғолдар күні бүгінге дейін ол шайқас туралы көп айтады. Қорғанды әрең дегенде жаулап алды. Омар Шейхтың сенімді адамдары тегіс қаза тапты. Олардың бірде-бір адамы кетпей, тегіс қырылып кеткенше бәрі шайқасты. Хан осы жеңістен соң үлкен күш жинады, есесіне мырза Омар Шейхтың қарсылық білдіретіндей шамасы [157-б.] қалмаған-ды.

Келесі жылы әмірлер Сұлтан Аһмет мырзаны азғырып: «Сіз Ташкентті Сұлтан Маһмұд ханға ешбір себепсіз бере салдыңыз. Олар сол жерде ұзақ тұрған сайын бізге қиын бола түседі», – деді. Өзірет ишан (Алла оның қабірін нұрландырсын) Сұлтан Аһмет мырзаға адам жіберіп: «Бұлай істеу болмас. Сұлтан Маһмұд ханмен татуласқан жөн. Олардан сіздерге ешбір қауіп төнбейді. Сіздер неге оны алаңдатасыздар?» – деді.

Сұлтан Аһмет мырза оған құлақ аспай, жүз елу мың атты әскерді жасақтап Ташкентке келді. Сұлтан Маһмұдқа қарсы тұрды. Арада бір арық болды. Жардан өту мүмкін емес-ті. Сонда екі жақ үш күн аялдады.

Сұлтан Аһмет мырзаның әскерінде Шаһибек хан болды. Осы Шаһибек хан Шаһ Бұдағ оғланның баласы еді, ал оның әкесі Әбілқайыр хан болатын. Бұрын айтылғандай, Буруж оғлан өлгенде Шаһибек хан жас еді. Басқа да сұлтандар қатарында жан-жаққа тарап кеткен-ді. Шаһибек хан көп тауқымет тартқан, бұл тарихи кітапта жазылған. Ең аяғында шөл даладағы сергелдеңге шыдай алмай Мауараннәһрда Сұлтан Аһмет мырзаға, дәлірек айтқанда, оның әмірлерінің бірі – Әбдіәлі дегенге нөкер болды. Шаһибек хан осы әскерде үш жүз нөкерімен болды. Сұлтан Аһмет үш күн аялдағанда, Шаһибек хан күнде Сұлтан Маһмұд ханға кездесу үшін жаушы жіберді. Сол түні екеуі екі жақтан келіп, уәделескен орында кездесті. Олар ақылдаса келе былай келісті: ертең Сұлтан Маһмұд хан

---

<sup>1</sup> 1487 милади

әмір Әбдіәліге шабуылға шыққан кезде әмір Әбдіәлінің нөкері Шаһибек әскер тәртібін бұзып, қашатын болды.

Келесі күні моғол әскері сап түзеп, екі жақ қосындарын ұрысқа дайындады. Моғолдың жаяу әскері жардан<sup>1</sup> өтті, аттылар да жар ішіне енді. Қарсы жақтың жаяу әскері де шайқасқа кірісті. Моғол әскері [158-б.] әмір Әбдіәлі қанатына күш салды. Осы арада Шаһибек хан үш жүз адамымен қаша бастады. Онысымен қоймай Сұлтан Аһметтің әскери азық қоймасын тонап, моғол әскеріне қосылды. Осы жағдайда пайдаланған бейбастақ бұзақылар да азық-түлік қоймасына шабуыл жасады. Содан аяқ астынан мырза Сұлтан Аһметтің әскері бытырай бастады. Жәр өзенін Ташкент тұрғындары «Аб-е Пәрәк» деп атайды. Бұл өзен Мырза әскерінің алдында болды. Содан әскерінің көбі сол өзенге батып кетті. Қалған қолы қатты жеңіліске ұшырады. Мырза әбден шаршап-шалдығып, жеңіліс тауып, Самарқандқа қашты. Содан кейін әзірет ишан Ұбайдолла Әһрарға себеп-сылтау айтып, барынша кешірім сұрады. Әзірет ишан тағы да: «Хан мен Сұлтан Аһмет мырза арасында бейбітшілік орнасын!» – деп бұйырды. Ишан Сұлтан Аһмет мырза Қаракөз бегімнің ұзату жұмысын қолға алып, әртүрлі ырым-салттарды орындап, оны Сұлтан Маһмұд ханға алып келді.

Осы жеңістен соң маңайдағы сұлтандар Сұлтан Маһмұд ханмен қатты санасатын болды. Ханның айбарынан қорқу сұлтандардың жүрегінде орын тепті. Олар ханды толық мойындады.

---

<sup>1</sup> (جړ): жар, биік қабақ



## 62-ӘҢГІМЕ

### СҰЛТАН МАҢМҮД ХАН МЕН ӘКЕМ МҰХАММЕД ҮСЕЙІН КӨРЕГЕННІҢ (АЛЛА ҚАБІРІН НҰРЛАНДЫРҒАЙ) ТУЫСТЫҒЫ

Әкем Мұхаммед Үсейін көреген (Алла оны тозақ отынан құтқарғай), бұрын айтылғандай, Қашғардан келгеннен кейін қазіргі кезге дейін Сұлтан Маһмұд ханның қызметінде болды. Тек арада екі жыл ғана Омар Шейх мырзаның жанында болған, бұл туралы бұрын баяндалды. Хан мен әкем Мұхаммед Үсейін мырзаның танысқан күнінен бастап, достығының беріктігі соншалық – олар қашанда бір үйде, бір бөлмеде бірге тұрды. Хан үйінің оң жағындағы бөлігі әкеме тиісті еді. Олар үй шаруасын ортақтасып істейтін. Ханның алдына не әкелінсе, әкеме де сол нәрсе әкелінетін [159-б.]. Хан атқа мінерде оған екі ат әкелінетін. Оның біреуін әкем мінетін. Ханға жаңа киім әкелінсе, дәл сондай киімді әкеме де кигізетін. Жалпы екеуін бір-бірімен ажырататындай емес-ті. Хан Қаракөз бегімге күйеу болған соң әкем күндіз уақытының көп бөлігінде Маһмұдтың бөлмесінде онымен бірге болатын. Түн болғанда хан келіншегінің жанына баратын. Әкем ханмен сол бөлмеде отырғанда тақтың жанына текемет<sup>1</sup> төселіп, әкем соған жайғасып, таққа сүйеніп отыратын. Қашанда бір-бірімен әңгіме-дүкен құрып жататын. Хан бірнеше рет әкеме: «Мен күйеу болғандықтан шаңыраққа кетуіме тура келеді. Сен болсаң бөлмеде қаласың. Бұл жатыс<sup>2</sup> достық пен адаштыққа сай емес», – деп кешірім сұрайтын.

Осылайша бір жыл өтті. Хуб Нигар ханымды әкеме тұрмысқа берді және оны «көреген» деп атады. Хуб Нигар ханым Сұлтан Маһмұд ханнан бір жас үлкен еді. Ол Сұлтан Жүніс ханның Исан Дәулет бегімнен туған үшінші қызы болатын.

Исан Дәулет бегімнің үлкен қызы Меһр Нигар ханымды Сұлтан Аһмет мырзаға берген еді. Ол туралы жоғарыда айтылған. Өзге жағдайы екінші кітапта айтылады. Одан кіші Құтлық Нигар ханымды Омар Шейх мырзаға берген болатын. Одан Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр патша және Ханзада бегім дүниеге келді, бұлар жөнінде айтыла жатады. Жүніс ханның үшінші қызы Хуб Нигар ханымды әкеме берді, ол менің шешем болады. Олар туралы да екінші кітапта баяндалады. Сұлтан Жүніс ханның тағы да Шаһ бегім Бәдәхшиден екі қызы болатын. Олардың үлкені – Сұлтан Нигар ханымды Сұлтан Маһмұд мырзаға ұзатып, Һисарға жіберген. Одан Мырза хан дүниеге келген, ол жайында екінші

---

<sup>1</sup> (زیلجه): ауқатты отбасылар қолданатын ою-өрнекті текемет

<sup>2</sup> (باتیش): жатыс – жай-күй

кітапта айтылады. Кенже қызы Дәулет Сұлтан ханым еді. Оның өмірбаяны да екінші кітапта жазылған.

Қысқасы, хан әкемнен екі жыл бойы кешірім сұрап жүрді. Себебі ол әйелінің жанына кетіп қалғанда: «Сенің үйде жатыс [160-б.] қылатының достыққа лайық емес», – дейтін. Сондықтан әкеме ұлан-асыр той жасап, Хуб Нигар ханымды алып беру үшін екі жыл бойы әртүрлі дайындық жүргізуге әмір етті. Бұл кезде мырза Аһмет Сұлтан, Омар Шейх мырза және Сұлтан Маһмұд мырза қайтыс болды, ол жөнінде алда айтатын боламыз.

Өретөбе<sup>1</sup> хан иелігінде болатын, енді ол жерді әкемнің иелігіне берді. Әкем Өретөбеге қоныс тепті және сол атыраптағы көптеген жерді өзіне қосып алды. Мұның бәрі осы «Тарихтың» екінші кітабында жазылады.

---

<sup>1</sup> (اوراتبه)



## 63-ӘҢГІМЕ

### СҰЛТАН МАҢМҮД ХАННЫҢ ТАШКЕНТТИ БИЛЕП ТҮРҒАН КЕЗІНДЕГІ ОҚИҒАЛАР ЖӘНЕ ОНЫҢ КҮЙРЕУІ МЕН ӨМІРІНІҢ СОҢҒЫ КҮНДЕРІ

Сұлтан Аһмет мырзамен татуласқанға дейін және Қаракөз бегімге үйленгенге дейін Сұлтан Махмұд хан Түркістанды басып алды. Түркістанды Сұлтан Аһмет мырзаның атынан билеп тұрған әмір Мұхаммед Мәзид тарханды ұстап алып тұтқындады. Бейбітшілік, татулық орнатудың басты себепкері осы Мұхаммед Мәзид тархан болатын. Себебі ол мырза Сұлтан Аһметтің нағашы<sup>1</sup> ағасы еді. Хан Түркістанды алғанда Шаһибек хан оның қызметінде болатын. Бұдан бұрын айтылғандай, Жәр соғысында көрсеткен қызметі үшін хан оған Түркістанды билеуді берген еді.

Қазақ хандары: Керей хан мен Жәнібек хан балалары бір жағынан, Сұлтан Махмұд хан екінші жағынан арасында ежелден келе жатқан достық осының салдарынан дау-дамайға айналды. Себебі олар: «Шаһибек ханның біздің жауымыз екенін біле тұра Түркістанға неге әмір етіп тағайындайсың?» – деп наразылық білдірді. Сөйтіп осы керістің салдарынан Сұлтан Махмұд хан мен өзбек-қазақ арасында екі рет шайқас болды. Екеуінде де Сұлтан Махмұд хан жеңіліске ұшырады. Оған мына нәрсе себеп болды. Жүніс ханның әрі беделді, әрі сенімді әмірлерге деген құрметі қалмаған еді. Ал Сұлтан Махмұд та таққа дәулетті мұрагерлер тәрізді «жақсының қолда барда қадірін білмей, кез келген біреуді тәрбиелесек, жақсы адам болып кетер» деп [161-б.] ойлайтын. Бұл мүмкін емес-ті. Осындай пасық қағидамен хан кейбір бұзақы адамдарды тәрбиеледі.

Ал бұл арамзалар бұрынғы мәртебелі әмірлерге қашанда жамандық істеуге тырысатын. Осындай зиянды әрекеттер салдарынан хан мәртебелі әмірлердің ең таңдаулыларынан бесеуін өлтіріп, үй ішін түгел құртып жіберді. Олардың орнына бес арамзаны алып тәрбиеледі. Сұлтан Махмұд хан мен өзбек-қазақ арасында Шаһибек ханға байланысты керіс басталып, ақыры соғыс болғанда осы бесеуі сардар болатын. Солардың кесірінен жеңіліске ұшырады. Ханның сол бес әмірдің игі істерімен шартараптағы сұлтандардың жүрегінен орын алған сән-салтанатымен айбынынан түк қалмады.

Осы аралықта Омар Шейх мырза үйінің шатырынан құлап дүние салды. Бұл оқиға 899<sup>2</sup> жылы болды. Бұл хабар Сұлтан Аһмет мырзаға жеткенде ол Әндіжан моғолдарының қолына өтіп кетер деген қауіппен әскер шығарды. Омар Шейх

<sup>1</sup> (طغای): түркі сөзі, «нағашы» деген мағынада

<sup>2</sup> 1494 милади

мырзаның әмірлері ерлік жасап, мырзаның он екі жасар ұлы Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр патшаны таққа отырғызып, Сұлтан Маһмұд ханнан көмек сұрады.

Сұлтан Аһмет мырза Марғинан маңына жетіп, сонда сырқаттанып қалды. Ол бейбіт жолмен татуласып қайта оралды, алайда хан орта жолда қайтыс болды. Бұл оқиға Омар Шейх мырза дүние салған соң қырық күннен кейін болған еді. Сұлтан Маһмұд мырза Һисардан келіп, Самарқандта ағасының орнына таққа отырды. Ол алты ай патша болып, өз ажалынан фәни дүниеден өтті, оның орнына баласы Мырза Байсұңқар патша болды.

Сұлтан Маһмұд хан Самарқанд тағынан дәмеленіп, сонда беттеді. Байсұңқар мырза оған Камиай деген жерде қарсы тұрды. Сұлтан Маһмұд хан сол баяғы арамза әмірлерінің кесірінен маңызды шаруа тындыра алмай жеңіліс тапты. Бұл шайқас әйгілі соғыстардың бірі болып, моғол [162-б.] мен Самарқанд тұрғындары арасында тарихи әңгіме болып қалды. Хан Ташкентке қайтып оралды. Жанындағы арамза әмірлері: «Самарқанд пен Бұхараны Шаһибек ханға жаулап алуға көмектесіп, соңынан оны сонда патша етіп, өзіміз Ташкентте тыныш отырайық», – деп кеңес берді. Хан оны құп алды. Әкем бұл пікірдің қате екенін қанша рет ескертсе де, хан құлақ аспады. Бұл ұзақ әңгіме. Ол екінші кітапта Бабыр патша туралы айтылғанда баяндалады.

Сонымен, Шаһибек хан олардың көмегімен Самарқандты алып, толық өз билігін орнатты және әскер санын елу мыңға жеткізді әрі қай жерде өзбек болса, оған келіп қосылып жатты. Ол енді ханды қудалауға тырысты. Хан өкініп, бармағын тістегенмен кеш еді. Себебі ханның арамзалары оған опа бермеді.

Бұл кезде Сұлтан Аһмет хан, бұрын айтылғандай, Моғолстанда еді. Ханның үрейін естіп, ағасына көмекке шықты. Шаһибек ханмен соғыста жеңіліп, екеуі де тұтқынға түсті. Дегенмен Шаһибек хан екі ханға құрмет көрсетіп, Моғолстанға аттандырды да, жанындағы моғолдарды алып қалды, бұл оқиға екінші кітапта сипатталады.

Сұлтан Маһмұд хан мен Сұлтан Аһмет хан ағайынды екеуі Моғолстанға келді. Сұлтан Аһмет хан қайтыс болды, бұл Сұлтан Аһмет хан жайында әңгіме-леген кезде айтылады.

Ал Сұлтан Маһмұд хан Моғолстанға келді. Онда бірнеше жыл қиыншылықпен өмір сүрді. Ақырында Шаһибек ханға жасаған бұрынғы жақсылықтарын арқаланып, одан өзіне жақсы қызмет дәметіп барды. Бірақ Шаһибек ханға: «Мен саған бір рет [163-б.] мәрттік жасадым. Енді екінші рет мәрттік жасасам, оным патшалықтың жойылуына себеп болады», – деп айтты. Содан ол Сұлтан Маһмұд ханды үлкенді-кішілі бала-шағасымен Хожент өзенінің жағасында шейіт етті. «Хожент өзенінің жағасы»<sup>1</sup> сөзі 914<sup>2</sup> олардың өлген жылының хронограммасын білдіреді. Бұл жөнінде екінші кітапта толық баяндалатын болғасын қысқа ғана айтып өттік.

<sup>1</sup> (لب دریاى خجند): Ләб-и дариан Хожент – Хожент өзенінің жағасы

<sup>2</sup> 1508 милади



## 64-ӘҢГІМЕ

### СҰЛТАН АҢМЕТ ХАН ЖАЙЫНДА

Жүніс ханның баласы Сұлтан Аһмет, бұрын айтылғандай, Жүніс хан Ташкентке келген кезде, ол қаланы жек көретін бір топ моғолмен бірге әкесінен қашып, Моғолстанда қалған еді. Оның Моғолстандағы тіршілік жағдайы және билік жүргізуі ұзақ әңгіме. Қысқасы, оған Моғолстанда қалған моғолдарды тұтас билеу үшін он жылдай уақыт керек еді. Себебі ол жерде бірнеше тайпаның әмірлері бар-тын. Оның ішінде арлаттың ұлы әмірлері оған қарсы шықты. Ақырында араларында соғыс болып, арлаттың тұқымын құртты. Әмір Сұлтан Әлі Жорас әмір Есенбұға ханға қарсылық көрсеткеннен кейін ешбір ханнан қолдау таппаған болатын. Хан оны да өлтірді.

Осы кезде сан жағынан Моғолстандағы ең көп тайпа қалушы тайпасы еді. Олардың бір топ сардары бірігіп, бір түнде ханға шабуыл жасап, маңайындағыларды өлтіріп, хан шатырынан оқ атқан. Хан бірнеше жерден жараланды. Ақырындап олардың бірі шатырдың ішіне кіріп, ханды өлтірмек болды. Алайда хан қылышын қолға алып қарсы шықты. Бірін-бірі жарақаттады, ол кісі қашып құтылды.

Екінші рет тағы да бірнеше адам бірге аттан түсіп, хан шатырына кірмек болды. Осы сәтте ханның сенімді сардарларының бірі Сүтемген баһадүр<sup>1</sup> [164-б.] келіп қалды. Әлгі топ оны көріп, қайта атқа қонып, алдынан шықты. Ол жалғыз еді. Сондықтан олар қашпай, соғыса бастады. Біраз уақыт шайқасып, Сүтемген баһадүрді өлтірді. Олар қайтадан хан шатырына келгенде, айқай-шу көбейіп, әр тараптан аттылы кісілер ханға қарай бет алды. Содан қалушылардың бұдан әрі қарсы тұруға шамасы келмей, қаша бастады. Бұлардың бәрі ханның жақындары-тын. Сондықтан бұған дейін ешкім оларға шүбә келтірмейтін. Олар ақырында қалмақтарға қашып кетті. Хан жарақатынан жазылған соң, оларды қайдан болса да іздестіріп тауып, екі жыл ішінде көздерін құртты. Содан соң ғана ханның жұмысы толық өз қалпына түсті. Моғолстанда оған ешкім қарсы тұра алған жоқ. Бірнеше рет қалмақтарға жеңісті жорық жасап, олардың көбісіне ажал тапқызды. Екі рет Исан Тайшымен соғысып, екеуінде де жеңіске жетті. Бұдан былай қалмақтар одан қатты сескеніп, онымен есептесетін болды. Олар оны «Алашы хан» деп атады. Ал моғолша «алашы» – «өлтіруші», яғни «өлтіруші хан» деген сөз. Ханды осы лақап атпен атай бастады. Қазіргі кезде моғолдар оны Сұлтан Аһмет хан десе, басқа тайпалар «Алашы хан» дейді.

---

<sup>1</sup> (سوت ایمنان بهادر): Сүтемген баһадүр



Мирханд пен Хандмир Һәрәви тарихында және басқа кітаптарда да «Алашы хан» деп жазылған.

Осы оқиғадан кейін ол өзбек-қазақтарға қарсы ұрыс салды. Оған мына нәрсе себеп болды. Сұлтан Маһмұд хан екі рет өзбек-қазақтармен соғысып, жеңілгенін еске алғанбыз. Сондықтан Сұлтан Аһмет хан өзбек-қазақтарға үш рет шабуыл жасап, үш рет оларды талқандады. Олар мұның ағасы Сұлтан Маһмұд ханға не істесе, бұл да солай өшін алды.

Моғолстанды [165-б.] өзіне толық қаратқаны соншалық – оның шекарасынан, қашықтығы жеті-сегіз айлық жолдардан қалмақ, өзбек өтпейтін. Сұлтан Аһмет хан Моғолстан ісін тындырған соң, мырза Әбубәкірге назары ауып, Қашғарға бет алды. Бұл 905<sup>1</sup> жыл – мен пақыр дүниеге келген кез болатын. Ол Қашғарға келген кезде мырза Әбубәкір Қашғар және Йәнгі-Һисарды әскермен нығайтып әрі азық-түлікпен қамтамасыз етіп, өзі Жаркентке кетті. Мырза Әбубәкірдің әмірлері Қашғар қорғаны мен Йәнгі-Һисарда ханмен бірнеше дүркін соғысты. Бұл ұзақ әңгіме, токетері: Сұлтан Аһмет хан Йәнгі-Һисар қамалын аса қиындықпен алды. Қыс мезгілін сол жерде өткізді. Отбасын Моғолстаннан сонда алдырып, көшті Қашғарға бұрды. Қыстың аяғында Жаркентке мырза Әбубәкірді іздеп барды. Алайда мырза Әбубәкір қамалдан сыртқа шықпады. Сұлтан Аһмет хан қамал ішіне кіруді жөн көрмей, Жаркент тауларынан олжалауға барып, мал мен олжасын алған соң Жаркент пен Қашғарға бет алды.

Мырза Әбубәкір қалың қолмен Жаркенттен шығып, тауда ханның жолын кесті. Кескілескен ұрыс болып, хан әскері жеңіліп қалды. Жеңілген хан Қашғарға келді. Ол жерде де тұрақтай алмай, Моғолстанға тартты.

Осылай бір жыл өтті. Ол Шаһибек ханның Сұлтан Маһмұд ханға қарсы шыққанын естіп, бауырлық көңілмен ағасына қолдау көрсету үшін жолға қамданды. Үлкен ұлы Мансұр ханға өзін ханмын деп атау құқығын беріп, өз орнына отырғызды. Екі ұлын: Сұлтан Саид пен Бабажақ сұлтанды өзімен бірге Ташкентке ала кетті.

Екі хан, яғни Сұлтан Маһмұд хан мен Сұлтан Аһмет хан Ташкентте кездесті. Осы уақыттағы оқиғалар жөнінде пікір алысты, бұл туралы екінші кітапта молырақ баяндалады. Оның ішінде Шаһибек ханға қарсы күресу жайын ойласқан болатын [166-б.]. Ақырында хандар мен Шаһибек хан арасында Ахсида ұрыс болып, хандар жеңіліске ұшырады. Екеуі де тұтқынға түсті. Шаһибек хан бұрын өзіне көрсеткен қызметі үшін екі ханға Моғолстанға кетуге рұқсат етті. Сол жерде моғол ұлысы адамдарының көбісі жібермей алып қалды. Екі хан да Ақсуға кетті. Олар қысты Ақсуда өткізді. Сұлтан Аһмет хан бірнеше созылмалы ауруға душар болды. Дәрігерлер оны емдеуде дәрменсіздік танытты. Қыстың соңына қарай, 909<sup>2</sup> жылы қайтыс болды (Алла жанын жаннатта қылсын!).

---

<sup>1</sup> 1499 милади

<sup>2</sup> 1503 милади

Сұлтан Аһмет хан өте діндар, мұсылман пейілді, шариғатшыл кісі болған. Сондықтан оның көптеген ісі шариғат жолымен өз шешімін табатын еді. Әрі ол шариғат жолына кір келтірмеуді көздейтін. Сонымен қатар Сұлтан Аһмет хан қайратты, батыл әрі нағыз ержүрек, ақылды, парасатты, кішіпейіл, өте бауырмал кісі еді. Дәруіш, ғалым, қайраткерлерге жан дүниесі жақын болатын. Көп уақытын дін жолын ұстауға жұмсап, бес уақыт намазын адамдардың арасында оқитын. Мінез-құлық, жүріс-тұрыс, әділеттілігі жағынан заманында оған тең келер жан жоқ еді. Отыз тоғыз жасқа келгенде дүние салды. Ол туралы толығырақ екінші кітапта айтылады.



## 65-ӘҢГІМЕ

**МАНСҰР ХАН ЖАЙЫНДА  
(АЛЛА ОНЫҢ КҮНӘЛАРЫН КЕШІРСІН)**

Мансұр хан – Сұлтан Аһмет ханның үлкен ұлы. Сұлтан Аһмет хан Ташкентке ағасы Сұлтан Маһмұд ханның қызметіне жүріп кеткенде, оны хан ретінде орнына отырғызып кетті. Бұл 909<sup>1</sup> жылы болатын, сонда ол он алты жаста еді. Әкесі Сұлтан Аһмет хан осы кезде қайтыс болды. Сұлтан Маһмұд хан Ақсуды тастап, Моғолстанға кетті. Мансұр хан Ақсуға қоныстанды. Әмір Жаппарберді екеуінің арасында дағдыға айналған мұрагерлік тартыс басталды. Сондықтан Мансұр хан әмір Жаппарбердіні өлтіру жолдарын ойластырды. Әмір Жаппарберді өз жанын құтқару үшін мырза Әбубәкірге кісі жіберуді жөн көрді. Мырза Әбубәкірдің көптен бері Құдайдан тілегені осы еді [167-б.]. Ол отыз мың әскермен Ақсуға бет алды. Әмір Жаппарберді мырза Әбубәкірдің алдынан қарсы алуға шықты. Мырза Әбубәкірдің алғы шептегі әскері соғысқа сақадай сай тұр еді.

Мансұр хан хабар жеткеннен кейін әскерін Ақсу қамалына бекініске қойып, өзі Бай және Құсан жаққа бет түзеді. Әмір Жаппарберді Әбубәкірді риза ету үшін өзі қоныстанған уәлаяты – Үш<sup>2</sup> қамалын беріп, Ақсуға онымен бірге кетті. Соғыспен Ақсу қамалын алды, Сұлтан Аһмет ханның, оның елінің жиырма бес жыл бойы тірнектеп жинаған тығулы қазынасы мен байлығына ие болды. Ақсу тұрғындарын моғолдар мен қара тобырға қосып, барлығын Қашғарға жіберді. Әмір Жаппарберді алдымен өз көшін<sup>3</sup> жолға салды. Ол мырза Әбубәкірдің сеніміне кіру үшін, екіншіден, өзін құтқару жолы деп ойлап осылай істеді. Мырза Әбубәкір оған: «Сенің көшің кейінірек жолға шықсын», – деп айтқанда, ол: «Көш ең соңында қалып қойса, қиындыққа тап болар, мен көшті жіберем де, өзім біраз осында болып, істерді реттеймін. Әрі шеткері аймақты тонап, әскеріңізді олжамен түгелдей қамтамасыз етемін. Сонан соң өзім әскермен бірге сізге қызмет етуге Қашғарға барамын», – деді. Әмір Жаппарбердінің бұл айласына Мырза Әбубәкір иланып, оның көшін Ақсудан Қашғарға алып келді. Он мың әскерін әмір Жаппарбердімен қалдырды. Сол аймақтағы қалған елді тонап, өздерімен алып келсін деп тапсырып, өзі Қашғарға кетті.

<sup>1</sup> 1503 милади

<sup>2</sup> (چوچ): үш

<sup>3</sup> (چكوش): көш – отбасы

Әмір Жаппарберді мырза Әбубәкірдің әскерін Бай мен Құсанға алып барып, сол аймақта бірнеше жорық жасап, бір үйір жылқыны алып, мырза Әбубәкір Қашғарға жетті-ау дегенде әскерден қашып кетті. Мырза Әбубәкірдің алданып әрі адасып қалған әскері дағдарып Қашғарға қайтты. Әмір Жаппарберді Ақсу маңында қалды.

Бұл жағдайды естіп Мансұр хан қатты әбігерленді. Өзін дәрменсіз сезініп, әмір Жаппарбердіге қарсы шығу туралы ойына өкінді. Өйткені әмір Жаппарберді Мансұр ханның нағашысы еді. Оның әпкесі Сахиб Дәулет бегімнен Мансұр хан туған. Сол уақытта әмір Жаппарберді келе жатыр деген хабар жетті. Мансұр хан оған кісі жіберіп [168-б.], кешірім сұрап, уәде беріп, әкесі Сұлтан Аһмет ханға көрсетілгеннен де артық құрмет көрсетті. Кейін Әмір Жаппарберді Мансұр ханның қызметіне кіріскен соң оның ісі өрістей түсті.

Сол кезде ел ішінде тайпалар арасында әр тұстан жауластық бұрқ ете түсетін. Ол мүмкіндігінше оларды татуластырып отырды. Ол оқиғалар айтарлықтай есте қалмағандықтан егжей-тегжейлі айтып жатпаймыз. Сол ұзақ хикаяның қысқасы, осындай жағдайда Моғолстанда Сұлтан Маһмұд хан, Сұлтан Саид хан және Сұлтан Хәлел сұлтан арасында қайшылық туды деген хабар жетті. Мансұр хан Моғолстанға барды. Онда немере ағасы Сұлтан Маһмұд ханмен жүздесті. Ал ағасының мәжілісінде інілері: Сұлтан Саид хан, Сұлтан Хәлел сұлтанды кездестірді. Олар Мансұр ханның інілері еді. Олар кеткен соң Сұлтан Маһмұд хан Моғолстанда қала алмай, осындағы шаруасын да бітіре алмай Мауараннәһрге бет түзеді, бұрын айтылып өткендей, сонда шейіт болды.

Сұлтан Маһмұд ханның уәлаятына қайтып кеткенін естіген Мансұр хан Моғолстандағы бауырларына келді. Ол келген кезде әлгі екі сұлтан қырғыздар және қалған моғолдармен Моғолстанда екен. Мансұр хан жеткенде Шарын – Шелек деген<sup>1</sup> жерде қатты соғыс болды. Соғыс Мансұр ханның жеңісімен аяқталды. Ағайынды екеуі уәлаятқа қашып кетті. Олар Әндіжанға жеткенде сол жердің әкімі Сұлтан Хәлелді өлтірді. Сұлтан Саид хан Кабулға қашты. Бұл екінші кітапта баяндалған және Сұлтан Саид хан туралы еске алған кезде де айтылады.

Мансұр хан Моғолстанда болған қырғыз және тағы басқа елді түгел Чалыш<sup>2</sup> пен Тұрфан жаққа көшірді. Қырғыздар Моғолстандағы барлық бүліншіліктегі ушықтырушы болғандықтан Мансұр хан ретін тауып, айламен олардың көбін өлтірді. Қырғыздың қалған аз ғана тобы Моғолстанға қашты [169-б.]. Бұдан кейін қалмақтарға шабуыл жасап, көбіне жеңіске жетіп жүрді. Сөйтіп ханның істері толық өз қалпына түсіп, дегені орындалды. Алайда кейде бауырлары бас көтеріп, қарсылық көрсетіп тұратын. Солардың ішінде Имин Қожа сұлтан бар. Екі рет Мансұр хан оның бүлігін кешіріп, ештеңе демеді.

---

<sup>1</sup> (چارون چالاک): Бүгінгі Қазақстан жерінің Алматы облысында орналасқан мекен

<sup>2</sup> Чалиш – бүгінгі Қара шаһар

Үшінші рет тағы да көтерілген кезде оны ұстап алып, Йарке Атакеге тапсырып, өлім жазасына кесті. Ол Имин Қожа сұлтанды бір жерге жасырып, ханға істі орындадым деп айтты.

Бұл оқиғадан бір жыл өткен соң Бабажақ сұлтан да, Мансұр ханның бауыры бола тұра, одан қашып Бай мен Құсанға келді. Мырза Әбубәкір және әмір Жаппарбердінің ойранынан кейін бұл мекендер әлі де күйреген қалыпта екен. Бабажақ сұлтан осында келіп, егін салып, қирап қалған қамалды тұтас қалпына келтірді.

Мансұр хан Бабажақ сұлтанға қарсы шықты. Алдымен келіп оны татуласуға шақырды. Бабажақ сұлтан оған: «Имин Қожа сұлтан да оған мен сияқты бауыр бола тұра, оны дұшпанындай өлтіргенінен кейін менде оған сенетін түк қалмады», – деп айтты. Мансұр хан үнсіз қалды. Ол Имин Қожаны өлім жазасына кескен үкіміне өкінді. Сол сәтте Йарке Атеке өзінің үкімді жүзеге асырмағанын мойындады. Мансұр хан оған қайта-қайта алғыс айтып, оның мәртебесін жоғары көтерді. Имин Қожа сұлтанды Бабажақ сұлтанға жіберді. Бабажақ Мансұр ханға бас иіді, сөйтіп олардың арасында татулық орнады.

Дәл осы кезде Сұлтан Саид ханның мырза Әбубәкірді жеңгені, Қашғардың азат етілгені туралы хабар келіп жетті. Бабажақ сұлтан Имин Қожа сұлтанды Саид ханға жіберді. Бабажақ сұлтан мен Мансұр хан бір шешеден туған еді. Сұлтан Саид хан Имин қожаның келгеніне қатты қуанды, бұл оқиға туралы [170-б.] екінші кітапта баяндалады.

Мансұр хан Сұлтан Саид ханнан қатты қауіптенетін. Себебі оның өзі Сұлтан Хәлелдің өліміне себепші болды. Ал Сұлтан Хәлел болса Саид ханмен бір шешеден туған бауыр. Содан Сұлтан Саид хан мен Мансұр хан арасында бітіспес араздық туған болатын. Мансұр хан сол үшін де Саид хан араларындағы ескі өшін алмай қоймас деп жүретін. Бірақ Сұлтан Саид хан ағасы Мансұр ханның мұндай пиғылына қарамастан оған кісілер, елші жіберіп, кездесуді талап етті. Бұл кездесу 912<sup>1</sup> жылы Ақсу мен Құсан арасында өтті. Сұлтан Саид хан ағасына мойынсынып, оның атына хұтпа оқыды. Сонымен бұл екі ағайын арасында таза туыстық қатынас орнады. Соның арқасында екі ел арасында жиырма жыл берекелі тыныштық орнады. Осының дәлелі ретінде айтсақ, мысалы, бір кісі Қытайдың Құмылынан Әндіжанға дейін жалғыз өзі жүріп өтсе, жол азығы мен көлікке мұқтаждықты сезінбес еді, өйткені әр күні бір үйде түнеп, қадірлі қонақ бола алатын. Құдіретті Хақ тағала бұл екі жақсы ағайындыға о дүниеде қасиетті кісілер ортасынан орын беріп, жанын жаннатта қылсын!

Аллаға сыйынып, Мұхаммед және оның даңқты ұрпақтары жолында шейіт болуға бел буып, Мансұр хан осы жиырма жыл ішінде бірнеше рет қалмақ пен Қытайға ғазуат соғысын жүргізді. Бәрінде де жеңіспен оралды. Осындай ғазуат соғыстардың бірінде әмір Жаппарберді және Қожа Тәжеддин Мұхаммед

---

<sup>1</sup> 1506 милади

те шейіт болды. Қожа Тәжеддин Құсан қожаларынан, мәулана Әршәдеддин ұрпағынан еді. Моғолдар мәулана Әршәдеддиннің арқасында ислам дінін қабылдады. Бұл жайында бұрын айтылды. Қожа Тәжеддин мәулана Әрі Әрран Тусиден (Алланың рақметі жаусын оған) оқыды һәм әзірет Қожа Насыреддин Ұбайдолла құзырында көп болған. Әрі оның ілтипатына көп бөленгенін мен Қожа Тәжеддиннің өз аузынан [171-б.] естігенмін. Ол: «Бір күні әзірет ишанның алдында болғанымда ол «Күмәнді тамақ жеуден сақтану керек» деді. Мәжілісте отырғандарға қарасам, барлығы да тақуа кісі. Менен басқа сақ болардай ешкім жоқ еді. Сол күннен бастап мен халал тағам екендігіне сенбесем, дәм татпаймын деп ниеттендім. Мен сіздің дастарқаныңыздан дәм тата алмағаныма кешірім сұраймын», – деді.

Бұдан Қожа Тәжединнің тақуа және ұстамды адам екені көрінеді. Елу жыл бойы ол Сұлтан Аһмет ханның және Мансұр ханның қызметінде болған. Ханның барлығы оған құрмет көрсететін. Ол хандар, сұлтандар, әскерлер мен әмірлер, тобырлар, саудагерлер – ешкімнен садақа мен сый-сияпат қабылдамайтын. Қожа Тәжеддин сауда және егіншаруашылығымен айналысатын. Осы жолда Сұбһан Алла тағала оған береке беріп, көп дүние жинаған. Тобырлар, диқандар, саудагерлер мен кәсіпкерлер барлығы оның пайдасын көретін. Сол себептен ешкім оны жоққа шығара алмайтын. Мемлекеттің барлық ісі оның құзырында шешімін табатын. Шынында да ол ұлы, ғалым, жомарт, төзімді кісі еді.

Ол Қытаймен болған ғазуат соғыстардың бірінде Мансұр ханның көз алдында дін үшін азап шегуші ретінде шейіт болған (Алланың рақметі жаусын оған).

Қорытып айтқанда, Мансұр хан Қытайдағы ғазуат соғысынан босаған соң, өзбек-қазақпен (اوزبک - قزاق) Моғолстанның Арыс деген жерінде соғысып, жеңіліп қалды. Сопы мырза бекжек – Мансұр хан мемлекетінің тізгінін ұстаушылардың бірі қаза тапты. Сол шайқастан кейін хан Чалыш пен Тұрфаннан көп шыға қойған жоқ. Кейінірек Сұлтан Саид хан қайтыс болған соң Ақсуға екі рет жорық жасап, екеуінде де жаулай алмай кері [172-б.] қайтты. Бұл кезде оның жасы 60-қа таяған еді. 950 хижри қәмәри (1543 милади) жылы қайтыс болды (Алла оны тозақ отынан құтқарғай).

Шағатай ұрпағынан шыққан хандардан Жүніс ханнан басқа ешкім де бұл жасқа жетпеген. 907 хижри қәмәри (1501 милади) жылы 16 жасында ол патша болды. Содан қырық үш жыл патшалық етті. Шағатай хандарының ішінде ешкім бұлай ұзақ билік жүргізген жоқ. Мұндай ұзақ ғұмыр мен мықты үкімет ешбір моғол хандарында кездескен емес. Оның өмірі басынан бастап, ақырына дейін берекелі болды. Әрі ол діни парызын уақытылы орындап отырды. Діни парызын орындап болған соң бар уақытын Құран оқумен өткізетін. Мен оның бір туыстарынан: «Уақытының бестен бір бөлігін патшалық істеріне жұмсайтын. Қалғанын Құран оқып, намазға тұрып, Аллаға дұға етіп, Алланы зікір етуге жұмсайтынын» естігем. Уақытты ұтымды пайдалану патшалар арасында да,

тариқат жолын ұстанушылар арасында да некен-саяқ. Осының арқасында ол ұзақ ғұмыр кешті, өзі тұрпаттас адамдар бұған дейін ала алмаған дүние дәулетін тапты. Алла тағала оның о дүниедегі тіршілігін де бұ дүниедегідей гүлдендірер деп үміт етеміз. Әумин, екі әлемнің Раббысы!

Тіршілік паркын білген, ақыл-парасаты мол кісі болды, мемлекетті басқару өнерін, әскерді ұйымдастыру, оған қолбасшылық жасау әдіс-тәсілдерін жақсы игерді. Оның бойында патшалық сән-салтанатқа, хандық ұлықтыққа деген іңкәрлік жоқтұғын. Керісінше, кішіпейіл, сән-салтанаттан аулақ, өзін басқа елден артық санамайтын. Сол уақытта Құранды жақсы оқитын хафиз<sup>1</sup> және керемет қари<sup>2</sup> болған. Сол өңірде Құранды одан артық ешкім білмейтін. Оны «Итшыбын хафиз» деп атаған. Алайда ол сонымен қатар ұстамсыз, жеңілтек кісі болған. Ол туралы толығырақ айту ұяттың пердесін түріп тастау болар...

Мансұр хан одан Құранды үйреніп жүрген. Бір онаша қалғанда найбтарының бірі ханға: «Бұл Итшыбын хафиз [173-б.] ұстаздыққа лайық емес, себебі өте ұстамсыз, оны жақында бір сиырмен ұстап алдық... Сондықтан ханға ондай адамға шәкірт болудың қандай орайы бар?» – деп сұрақ қойды. Хан: «Мен одан Құран үйреніп жүрмін. Ұрғашы сиыр мен жөнсіз нәрселерді үйреніп жүрген жоқпын», – деп жауап берді. Мұны айтып отырған себебіміз Мансұр хан өте діндар патша еді. Ол барлық шарапатты өмірін мұсылмандыққа сарп етті. Одан екі ұл қалды. Біріншісі – Шаһ хан, екіншісі – Мұхаммед сұлтан. Бір қызы болған, оны Сұлтан Саид хан өзінің ұлы Рашид сұлтанға алып берді, ол жайында екінші кітапта баяндалады.

---

<sup>1</sup> Құранды жатқа білуші

<sup>2</sup> Құранды әртүрлі әуендік ережеге сай өте жағымды оқи алатын маман



## 66-ӘҢГІМЕ

### МАНСҰР ХАННЫҢ ҰЛЫ ШАҺ ХАН ЖАЙЫНДА

Мансұр хан (Алла оның қабірін жарық қылсын) өмірінің соңғы күндері үлкен ұлы Шаһ ханды патшалық таққа отырғызды да, өзі оңаша ғұмыр кешуді қалады. Мансұр хан өлген соң, Шаһ хан толық дербестік алды. Бүгінде, 952<sup>1</sup> жылы әкесінің орнына Тұрфан мен Чалышта хан болып отыр. Ол мемлекет басында отырып, әкесінің нөкерлеріне қиянат жасады, хандық істер мен ел басқару әдістерінде қисық жолды ұстанып, олқылық мінез көрсетті. Ол теріс мінез-құлықтарымен аты шыққанын естіген едім, мұның өзі жұртқа аян болатын. Оны сипаттап жазу біздің мақсатымыз емес.

Ол қадірменді әкесінің көзі тірісінде абыройдан жұрдай болып, әке атына кір келтірді. Ол оған ойдағыдай ізет көрсете білмеді. Дұрыс перзент өз атына лайықты дүниемен жарылқайтын істер жасаған болар еді, бірақ бұл оның қолынан келмеді. Біздің шежірелердің салты – ұрпақтардың шежіресін қалай болса, дәл сол қалпында баяндап беруі керек [174-б.]. Өйткені патшалардың тек жақсы әдеттерін ғана жазып, жөнсіз қылықтарын бүгіп қалмай, әлем жұрты туралы тарихта сақталып қалу үшін барлық оқиғаны түгел баяндап қалдыру керек. Кейінгі ұрпақ өз ата-бабасының әріден қайдан таралатынын біліп қана қоймай, сондай-ақ жақсы мінез бен ұнамсыз қылықтары қандай пайда-зиян әкелерін бағамдап отыратын болуы керек. Бәлкім, бұл насихатты қабылдап, ізгі істерге кірісер, жаман істерден бойын аулақ ұстар.

---

<sup>1</sup> 1545 милади





## 67-ӘҢГІМЕ

**СҰЛТАН АҢМЕТ ХАННЫҢ ҰЛЫ САИД ХАН ЖАЙЫНДА**

Сұлтан Аһмет ханның он сегіз ұлы болды, ішіндегі ең үлкені Мансұр хан еді, ол жайында жоғарыда айтып өттік. Одан кейінгісі – Ескендір сұлтан. Әкесі қайтыс болған соң ол өз ажалынан өлді. Сонан соң Сұлтан Саид хан. Қалған он бес ұлы туралы екінші кітапта баяндалады. Сұлтан Аһмет хан ағасы Сұлтан Маһмұд ханға көмекке кеткенде Сұлтан Саид хан он төрт жаста еді. Ол екі ұлын – Сұлтан Саид хан мен Бабажақ сұлтанды өзімен бірге ала кетті. Хандар бірге болған кезде Сұлтан Саид хан қадірменді әкесінің мейірімі мен немере ағасының қамқорлығында бақытты өмір кешті. Осындай күндер Сұлтан Аһмет хан мен Сұлтан Маһмұд хан Ахсиде Шаһибек ханмен шайқасқанға дейін созылды, бұл шайқас жайы баяндалды.

Ахсиде болған соғыста бытырап қашқан сәтте Сұлтан Саид ханның жамбас сүйегіне оқ тиді. Сүйегінің бас жағы сынып, ол қозғала алмай жасырынып қалды. Кейін шайқас аяқталған соң, жасырынған жерінен оны сол маңайдың тұрғындары тауып алды. Аяғы сынғаны үшін басқа жерге алып кетпей, сонда қимылдатпай жатқызып қойды. Ол біраз күнді артқа салып барып сауыға бастады. Содан кейін оны Ахсидің әкімі Шейх Баязидке алып барды. Шейх Баязид пен оның бауыры Сұлтан Аһмет Танбал өмірі жайлы екінші кітапта айтылады. Шейх Баязид Сұлтан Саид ханды тұтқынға [175-б.] алды.

Келесі жылы орақ науқанында Шаһибек хан тағы да Ферғана уәлаятындағы Сұлтан Аһмет Танбалға жорық жасады. Сұлтан Аһмет Танбал және Шейх Баязид барлық бауырымен Шаһибек ханның қолынан қаза тапты. Сөйтіп Ферғана уәлаяты Шаһибек ханның билігіне өтті.

Сұлтан Саид хан Ахсиде Шейх Баязидтің қолында тұтқында болатын. Шаһибек ханның кісілері оны құтқарып, хан алдына алып барды. Ол Сұлтан Саид ханды өз перзентіндей көріп, балаларына жасаған қамқорлығын оған да жасады. Оны өзімен бірге Самарқандқа алып кетті. Одан шығып әскерімен бірге Ғисарға апарды. Хұсрау шаһ Ғисар, Құндыз, Бадахшан уәлаяттарын жаулап алғанда, Сұлтан Саид хан Шаһибек ханмен бірге болды. Шаһибек хан бұл істі атқарғаннан кейін ол Самарқандқа қайтып оралып, одан Харезмге бет алды. Саид хан сол уақытта одан қашып Моғолстанға кетті. Өзеннен өтіп, Жетікентке аялдады. Жетікентте сол уақытта Сұлтан Маһмұд хан отырған. Ол оның немере ағасы еді. Алайда Сұлтан Маһмұд ханның мемлекет істерін басқарудағы жіберген ағаттығынан оның көңілі қалып, Моғолстандағы өз бауыры Сұлтан Хәлел сұлтанның жанына кетті. Ол қырғыздардың патшасы-тұғын. Төрт жыл

Моғолстанда ағасымен қырғыздар арасында өмір сүрді. Осы төрт жыл ішінде Сұлтан Маһмұд хан мен Мансұр ханның және осы екі ағайынды кісінің арасында көптеген оқиға болды. Осы оқиғалардың ақыры Сұлтан Маһмұд ханның немере бауырларымен келісе алмай Моғолстаннан кетуіне әкеп соқты. Шаһибек ханнан жақсылық дәметіп сонда барды, бірақ ол оны Хожентте шейіт етті, бұл жайында бұрынырақ айтылған [176-б.].

Сұлтан Маһмұд хан Шаһибек ханның жанына кеткенде екі ағайынды – Сұлтан Саид хан мен Сұлтан Хәлел хан Моғолстанда, қырғыздарда қалды. Сол уақытта Мансұр хан Моғолстандағы қырғыздарды бағындыру үшін Чалыш пен Тұрфаннан бауырларына қарсы әскер шығарды деген хабар жетті.

Сұлтан Саид хан мен Сұлтан Хәлел екеуі барлық қырғыз-моғол елін жинап, Шарын-Шелек мекенін таңдап, сонда орналасып, дайындалды. Мансұр хан да әскерін жасақтап жетті. Кескілескен ауыр шайқас болды. Ақырында Сұлтан Саид хан мен Сұлтан Хәлел жеңіліске ұшырады. Мансұр хан қырғыздарды көшіріп, Чалышқа алып кетті, бұл жөнінде Мансұр хан жайындағы әңгімеде айтылған еді. Сұлтан Хәлел сұлтан майдан даласынан қашып кетіп, аз ғана әскерімен Ферғана уәлаятына, немере ағасы Сұлтан Маһмұд ханның жанына баруға шешім қабылдады. Өйткені туыстық борышпен Шаһибек хан қадірлейтін шығар деп ойлады. Сөйтіп ол Ахсиге жетті. Алайда Сұлтан Хәлел сұлтанды Ферғана уәлаятының әкімі – Шаһибек ханның немере ағасы Жәнібек сұлтан шейіт етті.

Ал сұлтан Саид хан жеңілгеннен кейін Моғолстанда қазақы салтпен тіршілік кешкен болды, бірақ қым-қуыт оқиғалардан соң Моғолстанда тұру мүмкін болмады. Ол жайында екінші кітапта айтылады. Әңгімені ұзаққа созбай, қысқаша айтқанда, сұлтан Саид хан да Әндіжанға кетуге мәжбүр болды. Бір себептермен ол жерден де қашып шығып, Кабулға, Омар Шейх мырзаның ұлы Бабыр патшаның жанына кетті. Ол сұлтан Саид ханның жиен ағасы еді. Бабыр патша оны қатты қадірлеп, ізет көрсетті. Ол Кабулда үш жыл болды. Шаһ Исмаил Шаһибек хан мен Мервте өлтірген соң, Бабыр патша Кабулдан Құндызға беттеді. Сұлтан Саид хан да онымен бірге Құндызға кетті. Осы арада Сейіт Мұхаммед мырза ибн Мұхаммед Айдар мырза – менің немере ағам Әндіжанға басып кіріп, Жәнібек сұлтанды [177-б.] қуып шықты. Ол Ферғана уәлаятын да жаулап алды. Бабыр патшаға хабаршы жіберіп, болған оқиғаларды жеткізді. Бабыр патша сұлтан Саид ханды оның қарауында қызмет етіп жүрген бір топ моғол әмірімен Әндіжанға аттандырды. Сұлтан Саид хан Әндіжанға жеткенде немере ағам Сейіт Мұхаммед мырза қарсы алды. Басып алған бар уәлаятты оған тапсырды. Хан шексіз алғыс айтып, оған моғолдарда ежелгі салт бойынша ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жалғаса беретін ұлысбегі атағын берді.

Осы кезде мырза Әбубәкір Қашғардан бір қол жасақтап алып, Әндіжанға бет алды. Оның Ферғананы басып алуға дәмесі бар-ды. Хан бір мың бес жүз адаммен алдынан қарсы шықты. Әндіжаннан он екі шақырым қашықта Тұтлық деген жерде екі жақ әскері кездесті.

Алланың жәрдемімен бір мың бес жүз адам жиырма мың әскерді жеңіп шықты. Кескілескен ауыр шайқас болды. Бұл жеңістен кейін Сұлтан Саид ханның ұстанған жолынан маңайдағы сұлтандардың көкірегінде үрей туды. Ферғана төңірегінде сұлтандар, Самарқанд, Ташкенттің өзбектері жиналып, бас біріктірді. Осы оқиғаның ізінше Бабыр патша Һисар Шадманда сол аймақтағы сұлтандармен соғысып жеңді. Сонан соң барлық өзбекті Мауараннәһрден қуып, Самарқандта таққа отырды. 917<sup>1</sup> жылы ережеп айында Сұлтан Саид хан Әндіжанға қоныс тепті. Ерте көктемде өзбектер тағы да Ташкентке келді. Ұбайдолла хан Бұхараға кетті. Бабыр патша Ұбайдолла ханға қарсы шықты. Бұхара маңында шайқас болып, Ұбайдолла хан жеңіске жетті. Бабыр патша күйзеліп, Самарқандқа кетті. Ол жерден бала-шағасын алып, Һисарға қашты. Өзбектер тағы жеңіске қол жеткізді [178-б.]. Сұлтан Саид хан Әндіжанда қалды.

Бабыр патша Шаһ Исмаилдан көмек сұрады. Ол өз әмірлерінің бірі – Әмір Нәжімді алпыс мың әскерімен жіберді. Патша оларға қосылып, Самарқандқа бет алды. Хан Әндіжан жақтан өзбектерге шабуыл жасау үшін Самарқандқа тартты. Ташкент маңайында ханға қарсы Сүйініш Қожа хан шықты. Басқа хан мен сұлтандар Самарқанд пен Бұхарада Бабыр патшаға қарсы шығуға әрекеттеніп жатты. Алайда Сұлтан Саид хан мен Сүйініш Қожа хан арасында Ташкент маңында соғыс болды. Ханның қолында бес мың адам бар еді. Ал Сүйініш жеті мың адаммен қарсы шайқасты. Ақырында күші басым Сүйініш Қожа хан жеңді. Сұлтан Саид хан босып, Әндіжанға кетті. Сондай-ақ Бабыр патша да Бұхара маңындағы Ғәждыуанда өзбек сұлтандарынан жеңіліп, Һисарға кетті.

Мен пақыр, осы «Тарихтың» авторы, Бабыр патша Әмір Нәжімге қосылған кезде рұқсат алып, Әндіжанға Сұлтан Саид ханның қызметіне аттандым. Бұл ханның Сүйініш Қожа ханнан жеңілген уақыты болатын. Көктем шығысымен Саид хан Қасым ханға кетті. Ол Қыпшақ даласының патшасы<sup>2</sup> еді. Ол заманда оның әскерінің саны үш жүз мың болатын. Қасым хан оған қатты құрмет көрсеткені сондай – хан көптеген жыл бойы ұмытпай, оны еске алып жүретін. Ол жерден қайта оралғанда мені «көреген» – ханның күйеубаласы етіп теңдестерімнің арасында ерекшеледі. Бұл туралы екінші кітапта айтылады.

920<sup>3</sup> жылдың көктемі келгенде өзбектің барлық беделді сұлтаны жер қайысқан сансыз қолмен Әндіжанға бет алды. Хан қарсы соғысуды жөн көрмей, жау әскері Ферғана шекарасына жеткенше Моғолстанға кетіп қалды. Жетікентке жетіп кеңес құрды. Мырза Әбубәкірдің бауыры – менің немере ағам Сейіт Мұхаммед мырзаның дұрыс кеңесі мен ынта-жігерінің арқасында [179-б.]

---

<sup>1</sup> 1511 милади

<sup>2</sup> (پادشاه دشت قیچاق): Қыпшақ даласының патшасы

<sup>3</sup> 1514 милади

Қашғарға бет алды. Онда кескілескен ауыр шайқас болды. Қашғар әскері бытырап, Қашғар қамалына барып тығылды. Хан Йәнгі-Ғисарға кетті. Үш ай бойы Йәнгі-Ғисар тұрғындары қоршауда болды. Соңында тұрғындар немере ағаммен байланысып, қамалды тапсырды.

Қашғар әскері бұл хабар құлағына тиісімен аймақты тастай қашты. Қашқында Жаркентте мырза Әбубәкірге барғанда, ол да қарсы тұрудан гөрі қашуды жөн көріп, Хотанға кетті. Оның соңынан Ізінше хан да Жаркентке жетіп, Әбубәкірдің ізінен әскер жіберіп, Тибет тауына дейін қуды. Моғол әскерінің қолына көптеген киім-кешек, есепсіз мал-мүлік, қашыр мен аттар түсті. Бұл жайында екінші кітапта айтылады.

Сұлтан Саид хан 920<sup>1</sup> жылы ережеп айында Қашғарда таққа отырды. Бұрын баяндалғандай, туған інісі Имин Қожа Сұлтан сол жылы қыстың соңында Тұрфаннан келді. Ол ханның барлық әмірін Мансұр ханды биліктен құлату үшін үгіттеп, оның осыған дейін Моғолстанда жасаған жаулық ісін, қателіктерін тізіп көрсетті. Саид хан: «Ол ағамыз болғандықтан, дәстүр<sup>2</sup> бойынша біз оған қызмет етіп, бас июіміз керек еді. Бірақ біз ол кезде соны істемедік. Сондықтан ол бізді тәрбиелеу үшін жазалады. Сол себепті біз онымен жауласуға тиіс емеспіз. Қайта одан қателіктеріміз үшін кешірім сұрауымыз керек», – деді. Ол Мансұр ханға мойынсынып, татуласу үшін елшілер<sup>3</sup> жіберді. Мансұр хан сол уақытқа дейін үрейленіп, жаны аузына шығып жүрген еді. Күтпеген жаңа сөз бен мұндай хабардан шексіз шаттанды. Алайда қорқыныш пен үрейге бой беріп, кездесуге бет алды. Олар Ақсу мен Құсан арасында кездесті. Сұлтан Саид Мансұр ханның атына хұтпа оқып, теңге соқтыруға әмір берді. Осылайша оған толық бас игенін білдірді. Мансұр ханның бұрынғы ісінің барлығын [180-б.] жақсылық пен мейірімділікпен қайтарды. Осы татулық пен ынтымақ арқасында ел ішінде тыныштық орнап, тіршілік жақсара бастады. Сондықтан адамдарға Қытай Қамұлынан Ферғана уәлаятына дейін жападан-жалғыз еш қорқынышсыз жүріп-тұруына мүмкіндік туды.

Бұл татулық жайында ғалымдар мен олардың шәкірттері мынадай: «Екі қуанышты әскер»<sup>4</sup> 922<sup>5</sup> хронограмма жасады. Келесі жылы Мұхаммед қырғыз Түркістан мен Сайрамға шабуыл жасап, мұсылмандарды тонап жүрді. Бұл мұсылман жамағаты үшін ауыр іс болғандықтан Сұлтан Саид хан Мұхаммед қырғызға шабуыл жасады. Мұсылман қауымына не жамандық көрсетсе, оны еселеп оған және қырғыз жұртына жасады. Мұхаммед қырғызды ұстап, қамауға алды. Ол он бес жыл қамауда болды.

---

<sup>1</sup> 1514 жылы мамыр-маусым

<sup>2</sup> (داب): дәп – автор бұл сөзді «салт-дәстүр» мағынасында қолданған. Бұл сөздің қолданысы Қазақстанның батыс өңірінде бар.

<sup>3</sup> (الچيان): елшілер

<sup>4</sup> (دولشگر بنشاط) «Ду ләшкәр бенешат»

<sup>5</sup> 1516 милади

928<sup>1</sup> жылы Сұлтан Саид хан баласы Рашид сұлтанды Моғолстанға жіберіп, тұтас Моғолстан мен қырғыздарды басып алды. Моғолстан елінің көбі Рашид сұлтанды қолдады. Аяғында маңғыттардың шабуыл жасауы салдарынан Қыпшақ даласында өзбек-қазақтың<sup>2</sup> тұруы мүмкін болмай қалды да, олар екі жүз мың адаммен Моғолстанға келді. Рашид сұлтанның қарсылық жасауға мұршасы болмай, өз жұртымен Қашқарға қайта келді. Сұлтан Саид хан Бадахшанға аттанды. Ол Бадахшанның жартысын басып алды, осы жер күні бүгінге дейін Қашғар басқаруына тиесілі. Бұл ұзақ әңгіме. Бадахшан әмірлері арасында Шах бегімге байланысты мұрагерлік дау-дамай көп болды, оның бәрі «Тарихтың» екінші кітабында баяндалған.

Хан екі рет Бадахшанға жорық жасады: біріншісі – 925<sup>3</sup> жылы, екіншісі – 936<sup>4</sup> жылы. 934<sup>5</sup> жылы хан мені Рашид сұлтанмен бірге Бәлурға жіберді. Бадахшан мен Кашмир арасында орналасқан ол жерді Кәпірстан деп айтатын. Ғажайып ғазуат (дін жолындағы соғыстар) жүргізіп, үлкен жеңістер мен көп олжамен [181-б.] кері оралдық.

Осыдан кейін біраз уақыт өтті. Адамдардың сайтандығы ма, әлде жаман пейілдігі ме, әйтеуір бір себептермен хан мені Рашид сұлтанмен Ақсуға жіберді. Бұрын айтылғандай, Ақсу Имин Қожа сұлтанға берілген еді. Ақсу мырза Әбубәкір жаулап алған уақыттан – 909<sup>6</sup> жылдан бастап, 923<sup>7</sup> жылға дейін ойран болып жатты. Ал Имин Қожа сұлтан ол жерді әсем етіп көркейтті. Алайда соған қарамастан мені Рашид сұлтанға қосып Ақсуға жіберді де, біз Имин Қожа сұлтанды еріксіз Қашғарға көшіріп жібердік. Мен Рашид сұлтанды Ақсуда қалдырып, әскері мен жұртының істерін реттеп, қайта оралып, хан қызметіне кірістім. Имин Қожа сұлтанды Үндістан жаққа жіберді. Ол Үндістан жерінде өз ажалынан қайтыс болды.

938<sup>8</sup> жылдың аяғында хан Тибеттегі Кәпірстанға ғазуат соғысын жүргізуге бет алды. Мені ол жерге бұрынырақ жіберді. Хан келгенше кейбір қамалдарды, Тибет уәлаятының көптеген аймағын өзіме қаратып алдым. Хан да артынан келіп қосылды. Екі қол бір-біріне қосылғанда әскер саны бес мың адам болды. Тибеттің барлық аймағын есептегеннің өзінде бес мың адамға қыс мезгілінде тамақ тауып беру мүмкін емес еді. Сондықтан хан мені Ескендір сұлтанға қосып, Кашмирге төрт мың адаммен жіберуді жөн көрді. Хан өзі Балтиге бет алды. Балти Тибет пен Бәлур арасында орналасқан уәлаят болатын. Сол қыста хан Балтиде ғазуат соғысын жүргізіп, көктемде қайта Тибетке оралды.

<sup>1</sup> 1521 милади

<sup>2</sup> (اوزبک-قزاق): өзбек-қазақ

<sup>3</sup> 1519 милади

<sup>4</sup> 1529 милади

<sup>5</sup> 1528 милади

<sup>6</sup> 1503 милади

<sup>7</sup> 1517 милади

<sup>8</sup> 1531 милади

Мен сол қыста Кашмирде болдым. Қыстың аяғында сол жердің билеушілерімен соғысып, құдіреті күшті Алла тағала жеңіске жеткізді. Кашмирдің барлық әскері мен әмірлері жойылды. Кашмирді жаулап алу қолда тұрған іс еді, әдетте бір нәрсені бүлдіріп жүретіндердің кесірінен, оны тұтас жаулап алу мүмкін болмай қалды. Кашмир әміршесімен бейбіт келісім жасалып, Кашмир патшасы Мұхаммед шаһтың [182-б.] қызын Ескендір сұлтанға қостық. Саид ханның атына хұтпа оқылып, теңге соғыла бастады. Кашмирден мүмкіндігінше мал жиып, сол қыстан кейінгі көктемде хан қызметіне қайтадан Тибетке келдім. Оның әртүрлі жомарттық ілтипатына бөлендім. Ол қайтып кетті де, мені Қытай және Тибеттің пұтханасы саналатын Урсанг жаққа жіберді. Өзі Қашғарға тартты.

Хан Тибетке келісімен-ақ пайда бола бастаған тұншықпадан қатты әлсіреп қалды. Ол бұл жерде болғанда сауығып кете алмады, дегенмен қалайда бұл жолды басып өтуге мәжбүр болды. Ол тұншықпасы күшейетін жерге жеткен кезде тұншығып, оның пәк рухы рухани биікке қанат қақты. Бұл 939<sup>1</sup> жылы болды, ол туралы екінші кітапта толық айтылады.

---

<sup>1</sup> 1533 милади маусым-шілде



## 68-ӘҢГІМЕ

### СҰЛТАН САИД ХАННЫҢ МАҚТАН ЕТЕРЛІК ҚАСИЕТІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ МІНЕЗІ

Сұлтан Саид хан қадірлі, бақытты және қуатты патша еді. Әртүрлі қасиет дарыған, мақтан етерлік мінез-құлық бойына біткен ол жасы қырық сегізге қараған шағында Хақ тағаланың рақметіне бөленіп, о дүниеге өтті. Оның қайырымды, игі істерінде қырағы көзге түсер кемшілік болмады. Әңгімесі өте айшықты, түркіше де, парсыша да сөзге шешен болатын. Егер біреуге тіл қататын болса, тілдесер алдында жымыып алатын, әрқашан көңілді, ашық-жарқын, қайырымды да кеңпейіл болатын. Мәрттік, жомарттық мінезіне қатысты мынадай бір әңгіме бар. Мақсұт Әлі деген кісі ұрыста ханның сол жақ иығын садақпен атып жарақаттайды. Содан екі жылдай ауырып жүреді. Әл үстінде сырқаттанып жатқанда бір топ кісі сол Мақсұт Әліні ұстап, хан алдына [183-б.] апарды. Бәрі хан кегін алады деп ойлайды. Алайда хан оны құрметтеп, иығына ілер артық шапаны болмаса да үстіндегі шапанын шешіп, сол кісіге жабады. Оған: «Сенің келгенің қандай жақсы болды, әйтпесе зерігіп отыр едім», – дейді. Осылайша өмірінің соңына дейін оған ілтипат көрсетті. Мұндай оқиғалар көп кездеседі. Оның көбісі екінші кітапта айтылады.

Оның жомарттығында шек жоқ еді. Мен жиырма төрт жыл оның қызметінде болдым. Ханның берген сый-сияпатының есепсіздігі сонша – кейде қазынада түк қалмайтын. Ол аз болса үйде жеуге ас та қалмай, гаремнен тамақтанатын. Осылайша сыйлыққа жұмсалатын шығындар оның иелігінен түсетін табыстан асып кететін.

Ол ержүректілігімен де өз қатарластары арасында ерекшеленетін. Бір жолы әскерді жеке өзі шабуылға бастап шыққан кезде жанында болғаным бар, ол туралы екінші кітапта баяндалады. Өз басым моғол ұлысында да, өзбектер мен Шағатайларда да ол сияқты мерген жанды көрген емеспін. Мен пақыр жеті-сегіз жебені бірінен соң бірін атып, бөкен, сондай-ақ қоян, құс аулағанда мүлт жібермейтінін талай рет байқадым. Оның мергендігі анды талғамаушы еді. Моғолстандағы қырғыздар және басқалармен болған ұрыстардағы оның мергендігі сол тайпалар арасында аңыз болып айтылатын.

Мен мұндай жаратылысы жомарт жанды сирек кездестірдім. Бір жолы Әндіжанға бір жанкешті келіп, ханға қастандық жасамақ болады. Бірақ ыңғайын таба алмайды. Содан ханның ат қорасынан бір атты алып қашады. Оны орта жолдан ұстап алып, ханға алып келеді. Ол ханға: «Мен мұнда сізді өлтіруге келіп едім, бірақ ретін таба алмадым. Сосын ақыры келгеннен кейін ханның ат



қорасынан ат алып қашайын, бір істі тындырғаным болсын» деп ойладым», – деді. Бұл ісіне бәрі өлім жазасын ұсынды. Сонда хан мен пақырға: «Сен оны өз нөкеріне тапсыр, олар оны ұстай тұрсын, сосын жазаға кесерміз», – деді. Жұрт тараған соң [184-б.] хан маған: «Хақ тағалаға оның бәлесінен құтқарғаны үшін шүкір етем, оған сол атты қайтарып бергін және өз нөкерлеріңе тапсыр, ордан біраз жерге дейін шығарып салып, босатып жіберсін. Сонымен о пақыр да өз мақсатына жеткен болып, балаларының алдында ұятты болмасын», – деді.

Ал білімдарлығына келгенде мен оған тең келер кісі көрмедім. Тіпті оның қолына сауатсыз, сөзі түсініксіз хат түсетін болса, мейлі өлең, қара сөз болсын бәрі бір кідіріссіз рақаттана оқи беретін. Ешкім де ол сияқты оқи алмайтын. Ол нәсх және нәстәлік жазу үлгілерін жақсы меңгерді. Парсыша, түркіше өте сауатты, дұрыс, мінсіз жазатын.

Түркі тілінде мінсіз шығарма жазғанда оған басқалардың теңесуі мүмкін емес еді. Өлең шығарғанда оның күш-қуаты мен дарынына тең келер адам сирек кездесетін. Ол ешқашан өлеңді ойланып отырып жазбайтын, ылғи шабыттанып отырып айтатын. Басқосуларда алдындағы өлең жинағын ашып, қандай қалып, қандай ұйқас демей, соған сәйкес өлеңді суырып салып айта беретін әрі оны бір-екі рет оқитын. Естіген жан жадында сақтап қалатын, олай болмаған жағдайда жазып алуға келіспейтін. Мен сондай жиындардың бірінде хан суырып салып айтқан өлеңдерін есімде сақтап қалған едім. Солардың ішінен бірнеше бәйітті осы жерде келтіре кетейін:

Қай гүлзарға барсаң да гүл кездеспес тең саған,  
Сен гүл болсаң, мен – бұлбұл шын ғашығын аңсаған.  
Мен жаннаттан іздеймін өзің туған төркінді,  
Көрсін халық нұрыңды, көрсін сенің көркінді.  
Шашың қара, бетің ақ, көрген адам ұғар ма?  
Көңілімде, ей, Саид, ғажайып бір арман бар [185-б.].

Тағы бір өлеңі:

Шүкір, Алла! Мас қылды махабаттың шуағы.  
Өле ғашық пендемін, болмағайсың шүбәлі.  
Гүлстанның кеудесін көрсең шаршы қадаған,  
Сол бір сұлу шаршыда кетсін сенің садаған!

Және де:

Адал болам деп маған ант ішкенсің тоқсан мың,  
Сөйте тұра сен менің жүрегіме дақ салдың.  
Жаралама жүректі, абай болғай сөзге де,  
Кәдімгідей сені мен қызғанамын өзгеден.



Адал болам мен саған дейсің қарап көзіме,  
Бірақ, бірақ сенің сол сену қиын сөзіңе!<sup>1</sup>

Ұзын сөздің қысқасы, бір күні мен ханға осындай суырыпсалма өлеңді парсы тілінде айтуға ұсыныс жасадым. Хан ойланып, Қожа Асан диуанын ашсын деп бұйырды. Сонда мына ғазелге көзі түсті:

Болмысымен біреудің өліп-өшкен жанысың...

Осы жерде отырғандар өлеңді әрі іліп әкетіп айта бастады. Хан мына бәйітті айтты:

Айт тағы бір қайталап: «Сен біреудің жанысың,  
Алпыс екі тамырда ағып жүрген қанысың».

Хан осы бәйіттен кейін ешқашан парсыша өлең жазбады. Оның жанының нәзіктігін осы жолдардан-ақ ұғынуға болады.

Саз аспаптарынан және көңілді көтеретін удта<sup>2</sup>, сетар<sup>3</sup>, дутар, чартар<sup>4</sup> және қобызды өте шебер меңгерген еді. Бәрінен де чартарды жақсы шертетін. Сүйекті жонуға асқан шебер болды, оқ атуды өте жақсы меңгерген, былғары қолғап пен томаға<sup>5</sup> жасау шебері де болған. Тұмылдырық тігудің ісері болатын. Аңшылықтың қыр-сырын толық меңгерді. Бұл істерге ол әрдайым ынталы еді. Керемет саятшы болатын. Мал шаруасы мен аңшылық істерін жақсы білген, оған ерекше ынталы болған. Өзінің барлық артықшылығынан [186-б.] ең бастысы осы деп санаған.

Ол жас шағында бейқам, ержүрек, думаншыл, көңілді, шарапқор және көңіл көтеруге әуес еді. Өйткені бір сағат шарап ішпей жүре алмайтын. Ораза күндерінен басқа күндерде есін жия алмай жүретін. Мұбарак жасы отыз жетіге толғанда, яғни 928<sup>6</sup> жылы ішуден бас тартты. Жақсы жолға түсті.

Мен екінші кітапты жазу үстінде «ханның бас тартқан...» деген жеріне келгенде оның тарихи жылы еске түсті, ол оқиғаны мен: «Хан 928<sup>7</sup> жылы ішімдік

<sup>1</sup> Жоғарыда Саид ханның суырыпсалма өлеңдерінің кейбір сөзін қаз-қалпында өзгертпей бердік. Оның себебі ол сөздердің жазылуы мен айтылуы бірдей, сол мағына бүгінгі қазақ тілінде қолданылып келеді. Ол сөздер: қайсы, жүзің, гүл, бұлбұл, мың, хур (хур), жаннат, алма, көңілім, көргелі, опа, жан, атпасын, қылдың, оғы, қорқадүр, қате, пенде, құса, айып етпеңіз, зар, жоқ, қылғай.

<sup>2</sup> (عود): үш немесе төрт ішекті музыка аспабы, арабтардан алынған есім.

<sup>3</sup> (سه تار): үш ішекті музыка аспабы

<sup>4</sup> (چار تار): төрт ішекті музыка аспабы

<sup>5</sup> (توماغا): томаға

<sup>6</sup> 1522 милади

<sup>7</sup> 1522 милади

ішуден бас тартты», – деп жазып қойыппын. Бірақ шариғат тыйым салған басқа нәрселерден бас тарта алмаған. Сол себепті оның бас тартқаны толық емес. Өйткені мына аятта: «Аллаға шын жүректен тәубе келтіріңдер»<sup>1</sup> деп жазылған. Әйтпесе «тәубе»<sup>2</sup> сөзінің соңғы екі «б» және «h» әрпі тіркелмей, ол екі әріпсіз тарихы есептеледі.

Әзірет мәхдуми Қожа Баһаеддин Маһмұд (Алла оған саулық бергей) Қожа Хавәнд Маһмұд лақабымен Қашғарға келгенде хан олардың риясыз достарының алқасына қадам басты. Дәулетті қызметшілерінің қатарында жолаушысы болды. Шарап ішуден алғаш бас тартқаннан кейін бес жыл өткенде тәубесін толықтырды. Сонымен аятта толық тарихқа айналады. Сонымен мына аятқа: «Аллаға шын жүректен тәубе келтіріңдер»<sup>3</sup>, – шын мәнінде сәйкес келді. Бұл ғажап көрініс болды. Ол қожалардың тариқатын ұстаған соң (Алла жандарын жаннатта етпей), нағыз әділетті болды. Содан көркем мінез жолын ұстанды. Мінезінің жақсылығы мен қылықтарының ұнамдылығы соншалықты – онан бұрынғы хандарда Уәйіс ханнан басқасының мұндай тартымды мінезі болмаған (Алла біледі). Оның мүбарак өмірі жайлы толық білгісі келген кісі екінші кітапты оқып шығуы керек.

---

<sup>1</sup> (التحریم): Тәһрим = 66, 8-аят

<sup>2</sup> (توبه): Тәубе: шариғат: «жасаған күнәсына өкініш білдіріп, күнәдан бас тартып, Хак жолына қайтып оралу» деген мағынаны білдіреді. Ал қазақ тілінің сөздігінде: «Тағдырға ризалық, шүкіршілік, қанағат тұтушылық», – деп түсінік берілген.

<sup>3</sup> (التحریم): Тәһрим = 66, 8-аят



## 69-ӘҢГІМЕ

### СҰЛТАН САИД ХАН ҰЛЫ ӘБДІРАШИД ХАН ЖАЙЫНДА

Бүгін, 953<sup>1</sup> жылы, салтанатты хан тағына, мәртебелі Саид ханның орнына ұлы Әбдірашид хан отырып, билік етуде. Бұл «Тарихты» [187-б.] мен, Мұхаммед Айдар пақыр, оның әйгілі есімі және қадірменді лақабымен сәндеп, реттегенмін.

Бұл «Тарих» моғол хандарының ішінен Ислам дінін қабылдаған Тоғлықтемір ханнан Сұлтан Жүніс ханға дейін өзім сенімді кісілерден естіген және оған қарсы сөз айтылмаған нақты әңгімелерге сүйене отырып жазылды. Қайшылықтарға толы, күмән тудыратын әңгімелер кітапта жазылған жоқ. Жүніс ханнан бастап, Сұлтан Саид ханның соңғы күндеріне дейін толық екінші кітапта жазылды. Бұл кітапта толық баяндалған оқиғаларды ұзақ әңгімелеу, қайталау артық болады. Сондықтан қысқа баяндап, оның егжей-тегжейлі әңгімесі екінші кітапта қалдырылды.

Бірақ Әбдірашид ханның өмірі екінші дәптерде жоқ. Сондықтан оны осында кеңірек баяндау жөн шығар. Сол күндері Сұлтан Саид хан өзінің інісі Сұлтан Хәлел сұлтан мен Мансұр хан Моғолстанға келді. Шарын-Шелекте шайқас болды. Бұл екі ағайынды жеңіліп, қашып кетті. Осыдан соң олардың Моғолстанда қалуы мүмкін болмады. Олар шарасыз күйде қалып, Әндіжанға кетті. Хан тұтқындалды және ол жерден қашып Кабулға, жиен ағасы Бабыр патшаның жанына барды. Бұл жайында екінші кітапта толық баяндалады.

Әбдірашид ханның шешесі қара халықтан шыққан. Ол сол уақытта ханның жанында күтушісі болып жүрген кезде хан некелеп алған еді. Хан Әндіжанда тұтқында болған кезде оңбаған өзбек оны ханнан бөлек ажыратып алған-ды. Бірақ ол ханнан жеті айлық балаға, дәл осы Әбдірашид ханға жүкті болатын. Хан Кабулға барып [188-б.] Бабыр патшаға қосылғанда, ханға сол қызметші әйелден бір ұл дүниеге келгені туралы хабар келіп жетті. Хан бұл хабарды патшаға айтты. Патша: «Оның аты Әбдірашид болсын. Бұл есімнің Сұлтан Саид ханмен ұқсастығы бар», – деді. Сөйтіп Әбдірашид хан деген әйгілі есімді патша қойды. Сөз жоқ, ол есім қадірлі болып, әкесінің орнына мұрагер ретінде таққа отырды.

Немере ағам Сейіт Мұхаммед мырза Ферғана уәлаятында болған кезде Жәнібек сұлтан өзбектерге қарсы шығып, олардан уәлаятты тазартқан еді. Құндызға патшаға адам жіберіп, Сұлтан Саид ханды алғызды. Әбдірашид хан

---

<sup>1</sup> 1546 милади

оңбаған өзбек әйелдің қолында тұтқында болатын. Әлгі жеңісте Әбдірашид құтқарылып, қадірлі әкесіне қосылды. Менің әпкем Әбиба Сұлтан ханиш Самарқандтан келгенде хан некелеп алып, оған Әбдірашид ханды тапсырды. Ол Әбдірашидті аналық мейіріммен тәрбиеледі һәм әмір Ғури барласты Әбдірашидке атабек<sup>1</sup> етіп бекітті. Сол кезде ол үш жаста болатын. Екі жылдан кейін әмір Ғури барлас қайтыс болды. Моғолдардың салты бойынша оның орнын немере ағасы Әлі Мирак барласқа табыс етті. Әбдірашидтің атабегі болып Әлі Мирак барлас бекітілді. Оған ұстаздық ету мәулана Мұхаммед Ширазиға тапсырылды. Ол өте білімді әрі мейірімді кісі болған. Бүкіл ғұмырын моғол хандарына қызмет етуге сарп етті. Мәулана Мұхаммед Ширази басқарма басшысы еді. Сұлтан Саид ханның сарайында ықпалы күшті болған. Рашид сұлтанның атабегі шын мәнінде осы мәулана болды. Әлі Мирак барлас атабек лауазымына ие болды.

Рашид сұлтан 915<sup>2</sup> жылы туған [189-б.]. Хан оны 928<sup>3</sup> жылы, он үш жасқа толғанда Моғолстанға жіберді. Оның тарихы былай: Сұлтан Хәлел сұлтанның баласы Баба сұлтан, бұрын айтылғандай, әкесін Жәнібек сұлтан Ахсиде өлтірген кезде емшектегі бала болатын. Рашид сұлтан сияқты Жәнібек сұлтанның сарайында тұтқында еді. Ферғана бағындырылған соң ол ханға қосылды. Хан бұл немере бауырын өз балаларынан да көбірек құрмет тұтатын және оны Қожа Әлі баһадүрге тапсырды, ол бұрын Сұлтан Саид ханның қызметінде болған адам. Қожа Әлі баһадүрге Баба Сұлтанның атабегі лауазымын берді. Қожа Әлі баһадүр моғол еді. Ол Моғолстанда ұзақ тұрған. Сондықтан осы ел оған қымбат еді. Әрі Моғолстанда болу оның арманы болатын. Сол себептен ол ханның Баба сұлтанға Моғолстан мен қырғыздарды беруін сұрады. Ол Баба сұлтанды Моғолстанға алып кетіп, қырғыздар мен Моғолстанның істерін басқаруды өтінді. Хан бұл іске ризалығын бергісі келді. Алайда менің немере ағам Баба сұлтан оның күйеубаласы бола тұра, бұл ұсынысқа наразылық білдірді. Ол: «Моғолдың аңсары Моғолстанға ауып тұрады. Баба сұлтан Моғолстанға орныққан кезде барлық моғол Моғолстанға кеткісі келеді. Оған тыйым салу – Баба сұлтанды ренжіту болады, ал егер сіз бұған тоқтау салмасаңыз, елдің Моғолстанға аууы сіздің мүддеңізге сай келмейді. Сөйтіп араларыңызда реніш туып, ол мәселе әбден шиеленісіп кетпей ме? Ал, керісінше, егер Рашид сұлтан өз балаңыз болса, оны жіберсеңіз [190-б.], қанша ел онымен кетсе де, сізге жаманат келмейді. Егер де сізге қолайсыз болып жатса, тоқтау сала аласыз. Рашид сұлтан жас болса да одан еш жамандық күтпейсіз. Сондықтан оның Моғолстанға барғаны жөн болар», – деді. Бірақ бұл ұсынысты немере ағамның өзінен басқа ешкіммен бөліспеді. Әсіресе мырза Әлі Тағай қарсы болды, ол толық Бабыр сұлтанды жақтады.

---

<sup>1</sup> (اتاييک): атабек – сәби ханзада ердің заңды атауы

<sup>2</sup> 1509 милади

<sup>3</sup> 1522 милади

Осы арада Қожа Әлі баһадүр ажалы жетіп, қайтыс болды. Сол себептен сапардың жоспары әбден бұзылды. Сосын хан Рашид сұлтан барсын деп шешім қабылдады. Бірақ жағдайдың болашағы әбден алаңдатып, күдік сейілмеді. Немере ағам Рашид сұлтанның мәселесін толық жүзеге асыруға тырысты. Ол ханға: «Ол істің жөні былай болмақ: Мұхаммед қырғыз біраздан бері Әндіжанда. Оны тұтқыннан босатып, моғол ұлысынан Моғолстанға барғысы келетіннің бәрін және малы барларды алдына мал салып, жанына беделді әмірлерді қосып жіберу керек», – деді. Ақырында хан бұл ұсынысты құп алды. Ол мырза Әлі Тағайды әмірлердің әмірі етіп, Мұхаммед қырғызды қырғыздарды басқаруға жіберді.

Сол күндері Әлі Мирак барлас қайтыс болған еді. Оның ұлы Мұхаммеди барлас дәстүр бойынша мұрагер ретінде Рашид сұлтанның қызметіне кірісті. Ол да солармен бірге жүріп кетті. Немере ағамның белсенділігімен хан Рашид сұлтанға патшалық дүние-мүлкінің үштен бірін, адам, әскер, қару-жарак, киіз үй мен шатыр беріп Моғолстанға жіберді. Аттандырар кезде хан шаңыраққа өзінің барлық аспап-сайманын алғызып: «Рашидтің қылышы мен қорамсағын сен өз қолыңмен беліне байлап, атына мінгіз, бұл құт ырым болсын әрі әскери істе ол сенің шәкіртің болсын!» – деп маған бұйырды. Мен пақыр бұл қызметті орындадым. Хан орнынан тұрып «Фатиһа» [191-б.] сүресін оқып, бірнеше рет қайталап: «Есінде сақтап, ұмытпа, сенің беліңе алғаш қылыш байлаған – бұл Мұхаммед Айдар. Сен енді оның шәкірті болдың. Егер де сенен: «Әскери істе кімнің шәкіртісің?» – деп сұрайтын болса, сен кімді айтар едің?» – деді. Рашид хан: «Мен пәленшенің шәкіртімін!» – деп айтамын», – деді. Хан айтты: «Ал Мұхаммед Айдар – менің шәкіртім». Бұдан соң ол бұл сөзді бірнеше рет қайталап, «Фатиһа» сүресін оқып, шығарып салды. Рашид сұлтан Моғолстаннан кетті. Қырғыздарды түгелдей Мұхаммед қырғыз жинап, Моғолстанды толықтай бағындырды. Сол кезде Моғолстанда қол көбейді. Оны толығырақ айту ұзаққа созылады. Қорытып айтқанда, өзбек-қазақ жорықтары және қырғыздардың қарсылық білдіруі Рашид сұлтанды Қашғарға қайтуға мәжбүр етті.

Бұл уақытта Баба сұлтан мен Шаһ Мұхаммед сұлтанға байланысты оқиғалар болды, ол туралы екінші кітапта толықтай баяндалады. Мұхаммеди барластың да оған қатысы болған. Шаһ Мұхаммед сұлтанның мұрагерлері оны айыптап, ханнан оны қанға – қанмен кек қайтаруға табандап сұрады. Мен және немере ағам екеуміз мұны болдырмадық.

Сонымен, сол қыста – 934<sup>1</sup> жылы хан мен пақырды Рашид сұлтанға қосып Бәлурға жіберді. Сөйтіп мен Бәлурға кеттім. Әскери қызметтерді орындадым. Ол кезде Рашид хан он сегіз жаста еді. Оның жанында бірде-бір тәрбиелі, әдепті адам болмады. Сондықтан ол әңгімелесу, күнделікті адамдармен қарым-қатынас жасау әдебін үйрене алмады. Әрине, оның жанында жиіркенішті

---

<sup>1</sup> 1528 милади

Мұхаммеди бастаған топ болды. Олардың адам деген аты болмаса, жүріс-тұрысы мал сияқты болатын. Мал сияқты адамдардан не үйренуге болады?! Аса қабілетім болмаса да өзімді сол топтан биік санайтынмын. Рашид сұлтанмен тығыз қарым-қатынаста болдым. Шаһ Мұхаммед сұлтан мен Баба сұлтанға деген ықыласым, сүйіспеншілігім Рашид сұлтанға көшті. Сонымен біз біршама уақыттан соң оралғанымызда хан өз баласының мүлде өзгергенін көрді [192-б.]. Рашид сұлтанның көзінше де, ол жоқ кезде де хан бірнеше мәрте: «Біз саған ризамыз, Рашид сұлтан сенің жаныңда жүріп көп өзгеріпті. Құдайға шүкір, біздің көңіл қалауымызға жақындай түскен», – деді.

Осы арада Ақсуда Имин Қожаның жауластық әрекеті жайында хабар келіп жетті. Менімен немере ағам екеуміз оны тыныштандыруға қанша тырыссақ та, еш нәтиже шығара алмадық. Осы туралы және мырза Әлі Тағайдың жасаған сайтандықтары жайлы екінші кітапта баяндалады. Ақырында хан мені Рашид сұлтанмен бірге Ақсуға аттандырды. Онда елдің бәрі аяғынан тік тұрып қарсы алды, ал Имин Қожа сұлтан ханға кетті.

Мен Ақсуда алты ай болып, уәлаяттың әскери істері және тобырдың істерін толықтай жөнге келтірдім. Мұның алдында бірде Моғолстанда хан бадам<sup>1</sup> жеп отыр еді. Бір бадамды тісімен қыршып қалғанда, қақ айырылып, ішінен екі дән шықты. Хан Рашид сұлтанды және мені қасына шақырып алып, екі дәнді екеумізге берді де: «Үлкендердің салты бойынша, егер екі адам дос болғысы келсе, осындай бадамның бір-бір дәнін жеуі керек. Оның мағынасы – екі дән бір қабықта, бір-бірінен бөлек болмай, нағыз бірлікте болады. Мен де сендерге осындай тілек тілеп, дос болыңдар деп, осыны істеуге әмір еттім», – деді. Екеуміз де әдеппен жерді сүйдік және бір-бірімізге астымыздағы атымызды сыйға тарттық. Екеуміз Ақсуда өте тату болдық. Достық, бірлік, мейірім және бір-бірімізге деген сеніміміз сондай жоғары шекке жетті. Одан асу мүмкін емес-ті. Біздің достығымыздың беріктігі соншалық – егер ол жайлы жазар болсам, оны оқығындар бұл жай [193-б.] қызыл сөз ғой деп ойлап қалуы мүмкін.

Қорыта айтқанда, алты айдан кейін біз бір-бірімізді қымай ажырастық. Мен ханның қызметіне кеттім. Қоштасу кезінде мен бір ғазел<sup>2</sup> айтқан едім. Содан төрт бәйіт үзінді келтірейін:

Біздер кетіп барамыз бауырымыз езіліп,  
Қоштасудың күйігі жүз мың дерт боп сезіліп.  
Сенің жүзің кем емес Ләйлі сұлу жүзінен,  
Біздер қайтып барамыз Мәжнүннің ізімен.  
Қалай жалғыз барасың деп сұрайсың сен менен,

---

1 Бадам – жаңғақтың бір түрі

2 (غزل): ғазел – араб-парсы классикалық әдебиетінің лирикалық жанры. Иран ақыны Хафиз Ширази бұл жанрды сопылық махаббатты жырлауда өте шебер қолданды

Қимастық пен сағыныш бірге барады менімен.  
Әбдірашид шаһ біздің – мұхиты<sup>1</sup> محیط ғой пейілдің,  
Теңіз рақымына батып бара жатырмын.

Кейін мен ханның қызметіне жеткенде, келесі жылы хан Тибетте ғазуат жүргізуге бет алды. Мені ол жаққа алдын ала аттандырды. Мен Тибет уәлаятының кейбір аймағының ісін реттедім. Хан іле соңымыздан келді. Тибетте бес мың әскер жиналды. Бес мың әскерді Тибет қамтамасыз ете алмайтын еді. Сондықтан мен ханның баласы Ескендір сұлтанмен – Рашид сұлтанның інісімен Кашмирге кеттім. Кашмирде қыстап шығып, көктемде хан қызметіне оралдым. Бұл оқиға баяндалғандықтан, осы жерде айтып жату мақсат емес.

Токетерін айтқанда, Тибетке ханның құзырына барғанымда хан Жаркентке бет алды. Мені Урсангтың пұтханасын талқандауға аттандырды. Мен төрт ай жолда жүрдім. Хан қайтып келе жатқанда қайтыс болды. Ханның қол астындағы әмірлері Рашид сұлтанға әкесінің өлімін естіртті. Менің немере ағам да бұл хабарды жеткізген. Немере ағам хан мазарының басына барып, аза тұтты.

940 жылы мұһәррәм айының 10 күні<sup>2</sup> [194-б.] Рашид сұлтан келгенде немере ағам дауыс салып алдынан шықты, ал анау болса тап сол жерде оны өлтірді. Немере ағамның бауыры Әлі Сейітті де оған қоса шейіт етті. Олардың шейіт болғаны хронограммада мына сөзбен: «Мұһәррәм айында екеуі өлтірілді», – деп белгіленді.

Ерлік пен мәрттік жолын ұстанғандар қағидасы бойынша патшалар мақтан ететін екі дәстүр бар. Бірі – егер бір адам достыққа шынайы қызмет етсе, ол қызмет әртүрлі сыйлықтармен марапатталатын. Немере ағам Жүніс ханның жиен қызының баласы еді және моғол ұлысының сұлтандары мен хандарының сарайында қызмет ету атадан балаға ауысып, мұра болып келе жатқан ұлысбегілік мансаптың иесі еді, екінші кітапта ұлысбегінің мәні баяндалады. Ол Рашид ханның әкесінің жанындағы ең жақын адамы болатын, оның қолындағыдай билік ешкімде болмайтын. Немере ағам сұлтан Саид ханның жанында жүргенде оған көп қызмет етті. Біріншісі – Әндіжанды жаулап алуы хан үкіметінің негізі болды. Оның екінші қызметі – сұлтан Саид ханды Қашғарға алып келуі. Бұл іске аса ынта танытып, кіріскен немере ағам еді. Егер олар бірге тізе қосып қимылдамаса, Қашғардан үміт жоқ еді. Осы тәріздес қызметтері көп-ақ. Хан оның қадірін білетін және ылғи айтып отыратын әрі сол үшін де құрметтейтін. Ал Рашид ханға еш қызмет етпей-ақ қылмыс жасаған болса оның күнәсін кешіретін себептер жоқ емес. Оған мысал: Рашид сұлтанды Әндіжанда өзбектердің қолынан құтқарған және одан әрі оның Моғолстанға барып патшалық етуді бастауына себеп болған да менің немере

---

<sup>1</sup> (محيط): мұхит

<sup>2</sup> 1 тамыз 1533 милади



ағам болды. Егер мырза Әлі Тағай мен Қожа Әлі баһадүрдің сөзі іске асқанда, Рашид сұлтанның орнына Баба сұлтан кеткен болар еді. Әрқашан Рашид ханның ісі жақсарып, алға басуына бар ынтасымен кіріскен де немере ағам, сөйтіп [195-б.] күйеубаласы Имин Қожа сұлтаннан бес жиен сүйіп отырса да осы арада ол Имин Қожаның орнына Рашид ханды жөн көрген. Ол Имин Қожа сұлтанды сергелдеңге түсірсе де еш бөгет болмаған. Барлық жағдайда оның арманын орындауға ынталы болған. Бұл жерде оның барлық қызметін тізіп шығу мақсат емес те шығар. Оның барлық жақсылығын ұмытып, бейкүнә жанды өлтіру таңырқарлық іс болды. Дұрысы, осы сөздермен қағаз бетін тездетіп жапқан жөн.

Хақ тағаланың қалауы солай шығар. Қалайда барлық нәрсе Оның күдіретінде және мына аятта: «Біз Алланың пендесіміз және оның алдына қайтып барамыз»<sup>1</sup> ден қойып оқу керек. Бұдан әрі таңғаларлық жағдай: Рашид сұлтан араға арандатушылық тудырғандардың мәртебесін көтерді. Соның бірі – мырза Әлі Тағай Рашид сұлтанның жанында беделге ие болып, немере ағамның орнына Қашқарға жіберілді. Ол Қашқарға кетті. Ол жерде немере ағамның балашаға және үрім-бұтағын құртуға бір сәтке де тыным таппады.

«Пайғамбардың өмірбаяны» атты кітабынан Шейх Саид Казеруни мынадай әңгіме айтқан: «Бәдр соғысы кезінде құрейш басшыларының жетпіс адамы тұтқынға түсті. Құрейштер Меккеден келіп олардың құнын төлеп босатып жатты. Әбіласты да тұтқыннан босату үшін құнын ала келді (Алла оған рақым болсын!). Ол пайғамбардың күйеубаласы еді. Зейнеп атты қызын оған берген еді. Пайғамбар көргенде оған назары түсті. Сол кезге дейін Әбілас исламға кірген жоқ болатын. Пайғамбардың назары түскенде Әбіластың жүрегіндегі кәпірлік татын тазартты. Сонда Әбілас сахабаларға айтты: «Менің жүрегіме ислам нұры қонды. Сондықтан мен Меккеге барып, қайта оралғанда иман келтіремін». Сахабалар оған: «Дәл қазір мұсылман болуың керек қой [196-б.]. Өйткені одан бұл дүниеде пайда бар. Сен құн төлеу үшін көп мал алып келдің. Олар Алла тағаланың қалауымен, пайғамбардың айтуымен саған адал болады», – деп жауап берді. Әбілас: «Қанша адал болса да мұсылмандық әуелі арамдықтан арылу арқылы болуы керек», – деді. Әбілас Меккеге кетті. Ел қарызын қайтарды. Сонан соң жұртқа дауыстап: «Кімнің менде қарызы қалды?» – деді. Бәрі: «Қарызымызды алдық, сенде ешқандай қарыз қалған жоқ», – деп жауап берді. Сөйтіп, ол ашық түрде иман келтіріп, Мәдинаға, пайғамбарға тартты. Пайғамбар Зейнепті алғашқы уәде бойынша оның үйіне жіберді. Оны айту себебіміз Рашид ханның таққа отыруы нақақтан қан төгу мен қатыгездік әрекеттен басталды.

Парасатты, тектінің, ақылдының, әділдің,  
Бүкіл байлық солардың қалтасынан табылды.

---

<sup>1</sup> «Бақара» сүресі =2, 156-аят



Деген күннің өзінде тамшы қанға татымас,  
Болмау керек безбүйрек, болмау керек қатыбас.

Рашид хан сенімді адамдарды өлтіргеннен кейін такқа отырды. Саид хан қайтыс болды деген хабарды естіп, Мансұр хан Ақсуға барды. Рашид хан немере ағасын жақтырмай, қарсы шықты. Мансұр хан мақсатына жете алмай, кері қайтты. Рашид хан да ордасына қайта оралды. Мансұр хан әрекетін қайталады. Рашид хан да алдынан қайта шығып, шайқасып, олжалы боп оралды.

Ханның әмірлері ханға қызмет етуден үрейлене бастады. Өйткені немере ағамды ешбір жазықсыз өлтірген соң, олар жақсы өмірге, оған деген сенімін жоғалтты. Мырза Әлі Тағай Қаратегінге қашты. Ақын айтқандай:

О, жексұрын жеңгетай, жүрсің бе әлі жан шықпай?!  
Жексұрыны еркектің бар болғаны қаншықтай!  
«Жақсы кетсін, мен қалам!» дедің-ау сен қамықпай,  
Жақсыларды сыйғызбай, қалдың бәрінің артында! [197-б.]

Мырза Әлі Тағай жын қуғандай қашқан соң, қалған хан әмірлері бірігіп, ханның кейбір балаларын алып, Хотанға кетті әрі ашық түрде қарсылық көрсетті. Рашид хан олардың соңына түсті. Өзге жұрт Рашид ханды қарсы алуға шықты. Дегенмен біраз тобы камалда қалды. Олардың бәрін байлап-матап ханның алдына алып келді. Рашид хан оларды кешіріп, бәрін босатуға әмір берді. Сөйтіп бұл топ қылмысты бола тұра, өлім жазасына лайық бола тұра жазаланбады. Олар ханға ешқандай қызмет жасамаса да құтылды, ал немере ағамның жақын туыстығы бола тұра әрі еңбегі сіңсе де, күнәсі болмаса да, сондай жаппай қырғынға ұшырады.

Ұғып болмас жалғанның құпиясын, жұмбағын,  
Жақсылардың белгілі тіршілігі жылдағы.  
Жақсыларды білмейді, қателесер тірілер,  
Екіжүзді адамдар табысына қолы жетер.

Жалпы, әмірлерінің ісін бітірген соң, немере ағаларын, бауырларын және әкесінің әйелдерін, соның ішінде Сұлтан Саид ханның ең сүйікті жары Зейнеп Сұлтан ханымды қуды. Сосын бұрынғы жаулары Шейбан өзбектерімен достасты. Бұрын айтылғандай, ежелден жауласып келе жатқан өзбек-қазақты жоюға кіріскен еді. Екі жақтың өзбектеріне Рашид хан қарындастарын беріп, ағайын-жекжат болды. Өзбек Шейбан ескі жаудай Рашид ханның қарындасын саудаға салды. Қысқасы, ол өзбек Шейбанмен одақтасып, өзбек-қазақтарды [198-б.] күйретті. Шынында, ол бұрынғы дәстүрді бұзған соң, өзбек-қазақты күйрету таңырқарлық іс болды. Сұлтан Жүніс хан 877<sup>1</sup> жылы Буруж оғланды Қаратоғайда<sup>2</sup> жеңді. Осы уақытқа дейін өзбек пен моғол ара-

сында көтпеген қактығыс болған еді. Әрқашан өзбектер жеңіске жетіп, ал моғолдар өзбектерден жеңіліп жүретін. Тек Рашид хан ғана өзбектерді жеңді. Алайда Сұлтан Аһмет өзбектерді жеңгені бартұғын. Бұрын жазылған-ды. Онда Сұлтан Аһмет шабуыл жасап күйретті, оларды майданда жеңген емес, ал Рашид хан оларды ұрыс даласында күйретті.

Осыған дейін Рашид ханның істері жайлы Үндістан мен Кашмирде естіген сенімді кісілердің әңгімесіне сүйене отырып жаздым. Өзбектерді жеңген соң Әндіжан мен Тұрфанға бет алды. Алайда оның мән-жайын сенімді адамдардан естімегесін, естіген қисынсыз әңгімені жазуға лайық санамадым. Сондықтан қалам тізгінін одан тарттым. Себебі бір ыңғайсыз істер үшін ел Рашид ханды айыптады. Ал ол қолайсыз істің барлығы Мұхаммеди барластан шығып отырғанын Рашид хан да біле бермейді. Мұхаммеди барласты осы дәрежеге көтеретіндей атқарған лайықты қызметі де жоқ және оның артықшылығын көрсеткен батырлығы да жоқтұғын. Осы істің барлығында оның болмыс-бейнесін көру керек.

Рашид ханның пенделікпен жасаған істері туралы жазыла қойса оқырмандар оны орынсыз деп ойланып қалуы мүмкін. Барлас қауымының «есек» деген лақап аты шынымен Мұхаммеди барласқа лайық келеді. Ол Рашид ханды немере ағаларын, нағашыларын, әмірлерді өлтіруге, жұмыстан босатуға, қудалауға, оларды ханның шаңырағындағы некелі әйелдеріне [199-б.] арандатып үйленуге мәжбүр ететін. Ханды әр нәрсеге мәжбүр қылып қоятын, мұның бәрін баяндасақ, асыра сілтегендей көрінуі мүмкін, сондықтан ол әңгімеден бас тартуды жөн көрдім.

Сол күндері Алла тағала Әбдірашид ханды осындай қасіреттен құтқарды. Ол «есек» ажал желегіне ілінді. Осыдан соң хан билік тізгінін ақыл-парасат құзырына беріп, қателіктерден сақ болуды көздейтін болар деген үміт пайда болды және аталары ұстанған қайырымды һәм ұлы жолмен әр «есектің» көңілі үшін оп-оңай біреудің өмірін өлімге бұйырмай, жөнсіз қылмыс жасамай, Хақ тағала әрқашан әділдікке табыс беріп, әділдік тағында болсын. Әрі хандық тағына ұзақ жыл бойы отырсын, Алла тағала мен оның пайғамбарлары неге риза болса, сондай болғай. Әрі осы жолда жасаған қателіктерінің орны толсын (екі әлемнің Жаратушысы қабыл алсын!).

Рашид хан істерді талдап шешуде, кісі тануда осалдық көрсеткенімен денсаулығы мықты, сөз орайын тауып сөйлеуден қатарластарынан алда болатын. Қадірменді әкесінен кейін мергендік жағынан онымен таласатын пенде сирек кездесетін. Батырлығына келсек, қаһармандық орманында – арыстан іспеттес: ал буырқанған теңізде аждаһаны жұтып қояр ақула сынды көрінетін. Оның шебер сөйлеп, таланты мен төгіліп тұрған шешендігі – әсемдік теңізінің бірегей гауһарындай әрі көз жауын алар гауһармен айшықталған ғажайып сандық-

---

<sup>1</sup> 1472 милади

<sup>2</sup> (قراتوقای): Қаратоғай

шадай көрінетін. Оның құнарлы қолы алуан түрлі саз аспаптарын шебер жандандырып орындайтындығы соншалық – оның жанында Шолпан<sup>1</sup> шертер сазының әуендері солғынданып һәм саз бағында сайраған бұлбұлдар әуені көмескі тартып қалатын. Оның асқан шабыт қуаты нәзіктік сәттердің тәтті дәмін татып жүрген. Шарапатты шабыты қара сөздің өзін жақұт жырға айналдыратын. Оның қабілет-дарыны барлық өнер саласын бойлай алатын [200-б.].

Өмірлердің біріне ол әдептілік пен қажеттілік салдарынан бірнеше хат жолдады. Соның ішінде бір хатына қағаздан қиып ағаш, оның бұтақ, жапырағын бейнелеп салып жіберген еді. Өте нәзік етіп жасағаны сондай – сол саланың хас шеберін таңдандырған.

Рашид ханнан іргеміздің ажырағанына ұзақ уақыт болды. Алайда бұл жерде менің кезімде игерген әрі өзімнің де қатысым болған оның қабілет-қарымы мен талантын ғана еске алып отырмын, тек саз аспабында ойнауды үйретуге менің қатысым болған жоқ. Бәлкім, іргеміз бөлінгеннен кейін үйренген шығар: өйткені ол тумысынан қабілетті, барлық нәрсені тез игеріп алатын дарынды еді. Барлық өнер қолынан келетін. Ол мұсылман пейілді әрі әділеттілікке мүдделі еді. Бірақ айтылғандай: Мұсаға уәзір болуға Һарун<sup>2</sup> лайық Һаман<sup>3</sup> емес. Егер перғауынға Һаман емес, Һарун уәзір болғанда, перғауын Алланың қолдауымен тура дін жолында жүріп, дау-дамайға бармас еді.

Әлдеқайда өзіңнен артық болса сырласың,  
Парасат пен иманға ие болар бір басың.  
Арпа менен сабанды бірдей ғой деп есептеп,  
Түбінде өзің жетесің жабу жауып есекке.  
Сөйтіп жүріп тозасың, тозып қалай оңасың?!  
Ақырында, не керек, өзің есек боласың.

Бұл әңгіменің мақсаты Әбдірашид ханның жаратылысынан әділ болуға ұмтылысын көрсету болатын. Бірақ Мұхаммедидің нұсқауымен жүріп, соның келісімімен әрекет етіп, жаман істерге мәжбүр болып жүрді. Енді Мұхаммедидің көзі жойылған соң Әбдірашид әділдік орнатып, халқына бақыт әкелер істер атқарар деген үміт бар.

---

<sup>1</sup> Шолпан – бақыт жұлдызы, автор оны әнші-сазгер деп атаған.

<sup>2</sup> Һарун – Мұса пайғамбардың ағасы. Мұса Мысыр перғауынына қайта оралғанда Һарун оған уәзір және жолдас болып, бірге аттанды. Һарун аса зерек, өте ақылды және шешен болғаны үшін Мұса Алладан оны өзіне уәзір етіп беруін сұрады.

Құран Кәрімнің «Мәриям» сүресі, 28-аятында аты аталады.

<sup>3</sup> Һаман – Мұса пайғамбардың замандасы; перғауын сарайының мәртебелі шенділерінің бірі. Перғауынның оң қолы, пасық, күнәһар кісі болған. Құранда алты рет перғауынмен бірге аты аталған. Олар: «Қесәс» сүресі=28: 6-, 8-, 38-аяттар, «Әнкәбұт» сүресі=29: 39, «Ғафер» сүресі =40: 24-, 36-аяттар.



## 70-ӘҢГІМЕ

### «ТАРИХ-И РАШИДИДІҢ» БІРІНШІ КІТАБЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ ЖАЙЫНДА

Білімімнің жеткіліксіз, әлімнің жоқтығына қарамастан, әлсіз қара қаламды қабілеттің ақ қағазына жазуға батылдық қайдан болсын. Алайда ислам дінінде болған бірнеше моғол ханы [201-б.] туралы сенімді адамдардан естіген, соның ішінде өзім көріп бақылаған кейбірінің ахуалы жайында жазуға тура келді. Өйткені қазіргі кезде өзім құралыптас кісілерге қарасам, онда осы естіген аңыз-әңгімелер мен сол хандардың өмір-тіршілігін білетін бірде-бір адам қалмаған. Егер мен мұндай батылдық көрсетпейтін болсам, онда моғолдар мен моғол хандары ата-бабаларының өмірі туралы егжей-тегжейлі білмек түгілі, өздерінің ататегі жайында мүлдем бейхабар қалмақ.

Егер жазуды білімді ғалымдарға жүктегенімде олар үлкен қиындыққа тап болар еді. Өйткені олар хандардың ахуалы мен жағдайын анық біле бермейтін һәм бұл әңгіме моғол және моғол хандарынан басқа ешкімге де қажет емес. Себебі дәл қазіргі уақытта моғолдардың қол астында ең бір шет жерлер мен аз тайпалар қалып отыр. Ал бір кездері Шыңғыс хан ұрпақтары<sup>1</sup> мен үрім-бұтақтары әлемнің гүлденген, қазыналы елдерінің төрттен біріне билік жүргізген.

Шыңғыс ханның төрт ұлы болды.<sup>2</sup> Әлемді осы төрт ұлына тарту еткен. Әрбір перзенті әлемнің гүлденген елдерінің төрттен бірін билеген. Тарихи кітаптардың бір жерінде төрт ұлыс аталатын болса, онда әңгіме Шыңғыс ханның төрт баласы туралы айтылып отыр деп білу керек. Ғалым Мырза Ұлықбек «Тарих» жазып, әлгі тарихты «Төрт ұлыс» атаған.

Сол төрт ұлыстың бірі – моғол. Моғолдың өзі екіге бөлінеді. Бірі – моғол, екіншісі – Шағатай. Бұл екі топ бір-бірін мұқатып ат қойған. Шағатай моғолды «жете» деп, ал моғол болса шағатайды «қара тобыр» деп атаған. Қазіргі Шағатайдың ішінде олардың патшаларынан, Бабыр патшаның балаларынан басқа ешкім қалмаған. Олардың мұраға қалған жерінде Шағатайлардың орнына әртүрлі адамдар қоныстанған.

Бірақ моғолдардан [202-б.] Тұрфан мен Қашғар маңында отыз мыңдай адам қалған, ал Моғолстанды өзбек пен қырғыз бөліп алған. Қырғыздар да моғол тайпасынан бола тұра хандарға көп қарсылық жасағандықтан, олар

---

<sup>1</sup> (اوروغ): ұрық

<sup>2</sup> Жошы, Шағатай, Үгедей, Төле

моғолдардан бөлектеніп кеткен. Моғолдар тұтастай мұсылман болып, ислам дініне кірген. Ал қырғыз сол күйінде кәпір болып қала берген, сол себептен де моғолдардан іргесін бөлектеген. Мұны ұзағырақ түсіндіруіміздің мәні мынада: қазір моғолдар ең шетте жатқан әрі халқы аз ел болып отыр. Олардың ісі жайындағы әңгіме моғолдардан басқа ешкімге қажеті жоқ. Сол себепті қадірлі кісілер мен ғалымдарға мұндай ауыр міндет – «Тарихты» жазуды жүктеп, қиын жағдайға тап қылмайын деген ойға келдім. Қабілет-қарымымның жеткіліксіздігі мен мүмкіндіктің жоқтығы маған кедергі бола алмады, қауқарсыз қауырсынмен дәптердің шарасыз беттеріне мүмкіндігінше жазуға болатын оқиғаларды түсірдім.

Авторлардың салтында<sup>1</sup> оқырмандар шығармадан кемшіліктер мен қателіктер байқап қалса, түзетіп, қарсылық көрсетпесе екен деп олардан кешірім сұрайды. Бірақ мендей жазған құлдың кешірім сұрауға батылы да жетпейді. Өйткені олар қателік пен кемшілік бар деп айтатын болса, мен бастан-аяққа дейін қате және кемшілікке толы екенін анық білемін. Әрбір қарсы сын-пікір орынды. Сондықтан мұны жазғандағы мақсат – «естелік кітап»<sup>2</sup> болсын дегенім. Өйтпесе тарихтан өткен моғол хандарының есімі замана парақтарының бетінен мүлдем жойылып кетпесін және моғол хандары өз ататегінің шежіресі туралы білуді қажетсінсе, осы еңбектен біле алады. Бұл жерге ислам діні таралғанға дейін, өткен тарихтағы моғол хандары туралы шығармада олардың есімінен басқа ешнәрсе еске алынбайды, себебі кәпірлердің бәрі, тіпті Жамшид пен Заһһақтың құдіретіне ие болса да еске алуға лайық емес. Бұл кісілердің әрекеттері құдіреті күшті Алланың қаһарына ұшырауға лайық.

Аттарын да атаудың өзін артық санадық.

Бұл «Тарих-и Рашидидің» аяғы 952<sup>3</sup> жылдың зул-нижа айының [203-б.] соңғы күндері Құдайдың құлы, дос-жарандар арасында Мырза Айдар көреген деген атпен мәлім мен Мұхаммед Айдар ибн Үсейін көреген таққа отырғанына бес жыл толғаннан кейін әсем Кашмирде жазылып бітті [204-б.].

---

<sup>1</sup> (داب): дәп – салт-дәстүр

<sup>2</sup> (بیاد نامه): естелік кітап

<sup>3</sup> 1546 милади жылдың 3 наурызында



## ИСЛАМ ӨРКЕНИЕТІ ЖӘНЕ ТҮРКІЛЕР

Ислам әлемінде VIII–XV ғасырлар аралығында дүниеге келген ғылыми жаңалықтар мен әдеби туындылар әлем мәдениеті мен өркениетінің даму бағысына жаңаша қарқын мен бағыт берді. Соның ішінде түркінің ұлы ғалымдары мен ақындарының туындылары Ислам өркениетіне мол үлес қосты. Сол себепті ислам ғылымы мен әдебиетін тану – түркі дүниесі үшін бүгінгі заманның өзекті тақырыбы. Өйткені қазіргі түркітөктес Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Әзірбайжан және Кипр мемлекеттерімен бірге автономиялық Татарстан, Алтай, Саха, тағы басқаларының исламның дамуына қосқан үлесі, олардың адамзат тарихына жасаған ортақ еңбегі саналады. Сол үшін ислам тарихын зерттеп-зерделеп, екшеу аса маңызды. Ол қазіргі түркі ұрпақтарына ислам дүниесімен танысуға әрі өзара сыйластықтарын арттыра түсуге сеп болады.

Түрік халықтарының ортақ әдебиеті б.з.д. VII–VI ғасырлар аралығында Афрасиабтың өліміне байланысты (кейбір болжамдарға қарағанда б.з.д. II мыңжылдыққа дейін) айтылған жоқтау өлеңдерінен басталады. Ол жоқтау ауыздан-ауызға тарап, ғасырлар өткен соң оны Маһмұд Қашғари ел аузынан жинап, «Диуани лұғат ат-түрк» кітабына енгізді. «Төрттік» түрінде жырланған жоқтау түркітөктес халықтардың көркем әдебиетінің бастауы болып саналады. Кейін ол Қ.А. Йәсауидің «Диуани хикмет» шығармасындағы төрттіктер арқылы өз жалғасын тапты. Қазақ хандығы дәуірінде һәм одан кейінгі кезеңде қазақ ақындары мен жыраулары төрттік формасының өміршең екендігін көрсетті. Оның үлгісін Дулат Бабатайұлы, Абай Құнанбайұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы сынды ақындар шығармасынан молынан көруге болады. Қазақ әдебиеттанушы-ғалымдары «төрттікті» кейде «төрт таған» немесе «төрт тармақ» деп те айтып жүр.

Зерттеулерге қарағанда, парсытілдес ақындар түркі «төрттігінің» формасын алып, өздеріне тән уәзіндік өлшеммен жырлай бастады. Оны «рубаи» деп атады. Рубаи «төрттік» деген мағынаны білдіретін араб сөзі болғанымен, жырлану өлшемі арудық болғаны үшін түркінің төрттігінен ерекшеленеді. Иран ақыны Омар Хайямның (1123–1197) рубаилары әлемге танымал болған. Сондықтан кейде ғалымдар қазақтың көне мирасы болған төрттікті жаңсақ түрде рубаи деп жазады. Түркілердің ежелгі дәуір әдебиеті түркі даласына ислам діні енгенге дейін ерлік, әдет-ғұрып, жоқтау сияқты тақырыптар төңірегінде көбінесе аталған төрттікпен жырланып келді.

Түркілердің ортағасырлық әдебиеті VIII–XV ғасырлар аралығын қамтиды. Оның бастау кезеңі араб халифатының әскері түркі даласына ислам дінін та-

рату үшін қадам басқан VIII ғасырдың бастапқы жылдарынан басталады. Халифат әскері талай рет жорық жасады. Ол жөнінде араб тарихшылары өз еңбектерінде жазған. Соның бірі – Нәршәхидің «Бұхара тарихы» атты кітабы. Соған қарағанда түркілер әу баста іле-шала ислам дінін қабылдай қоймаған. Бірақ түркілердің әскері мұсылман халифатының көмегімен шапқыншы Қытай әскерін жеңіп, күйреткен 751 жылдан кейін түркі халықтары ислам дінін емін-еркін қабылдай бастады (751 жылғы оқиға жөнінде араб тарихшысы Ибн Әсир жазбаларымен қоса Қытай деректерінде де айтылады). Содан бастап түркі даласында әдебиет жаңа мазмұндағы тақырыптармен де байи түсті. Бұл бастау араб, парсы, түркі мәдениеттер тоғысында өзіндік тарихи-саяси ерекшелігімен күрделеніп тұрды.

Күрделі күрмеудің бірі – араб тілі исламның бастапқы ғасырларында үстемдік құрып, парсы мен түркі тілдері оның көлеңкесінде қалып қойғандығы еді. Бұл үрдіс екі-үш ғасырға созылып, тіпті парсы-түркі тілдері қолданыстан шығып, жойылып кету алдында тұрды.

Сол кезеңде араб тілінің үстемдік құруының бірнеше себебі болды. Оның бастысы – Құран Кәрім – Алланың сөзі араб тілінде болғандығы. Онымен қатар тағы да үш себеппен байланысты болды. Біріншіден, Мұхаммед (с.ғ.с.) Алла тарапынан пайғамбарлыққа тағайындалған соң игі істерінің бірі – аударма саласына ерекше көңіл бөлді. Пайғамбар сол заманның өркениетті Грек, Иран, Үнді елдеріндегі әртүрлі саладағы шығармаларды араб тіліне тәржімалауды бұйырды. Пайғамбар іргесін қалаған аударма ісі одан кейінгі уақытта да жалғасын тауып, 850 жылға дейін сол дәуірдің тамаша ғылыми хәм әдеби туындылары араб тілінде сөйлеп үлгерді. Араб тілі Құран Кәрімнің негізінде өзге де ғылыми дүниелермен байып, өз заманының ғылыми сөздік қорын байытып, мол қазынаға айналды. Сондықтан ұлы ойшылдар мен ғалымдар араб тілін қажетсініп тұрды. Әбу Насыр әл-Фараби, Харезми, Ибн Сина, Зәкерия Разимен бірге жүздеп саналатын түркістандық, ирандық ғалымдар араб тілінде оқып, жазды. Екіншіден, Ислам халифатының тізгіні арабтардың қолында болғандықтан саяси билікке жақын жүрген түркі мен парсы шенеуніктері де араб тілін үйренуге ден қойды. Үшіншіден, экономиканың да қарқынды дамуы араб тілінің пайдасына шешіліп тұрды. Төртіншіден, араб тілі мен графикасын парсы, түркі, тағы басқа мұсылман болған елдерге үйретуді Үммейие халифаты күштеп те енгізе бастады.

Осы себептермен өз күшіне енген араб тілі мен жазуы Аббас халифаты кезінде парсы мен түркілер арасында ғылымның қарқынды дамуы әрі сол елдердің бір-бірімен жақынырақ қарым-қатынаста болуына негізгі құрал болды. Араб, парсы және түркі сахарасындағы қалаларда ғылым мен мәдениетке арналған барша халыққа қызмет көрсететін орталықтар ашылып, араб тілінің дамуына негіз болды. Яғни медресе, мешіт жанындағы дәрісханалар, ханқаһлар, кітапханалар мен кітап дүкендері жұмыс істеп жатты. VIII ғасырдың соңына қарай Бағдат қаласында жүзден аса кітап сататын дүкен



мен кітапты көшіретін орталықтар, сондай-ақ көптеген мешіттің жанында кітапханалар болған. Ирактағы Маусыл қаласында 950 жылы ауқатты бір жанның қаржылай көмегінің арқасында үлкен орталық кітапхана салынды. Оқырмандар кітаппен бірге қажетті қағазын сол жерден ала алатын. Жалпы орталық кітапханалар барлық мұсылман қалада тәулік бойы толассыз жұмыс істеп жатты. Ислам өлкелерінде ғалымдар мен ақындар зор құрметке ие болғандықтан ерекше ықыласпен білімге сусындаған талапкерлерді қаланың орталық алаңдарында ашық ауада жинап, сабақ өтуді үрдіске айналдырған еді. Сол заманда құлдықта болған адамдар бостандық алып, ұл-қыздарын алты жасынан бастап мешіт жанындағы медреселерге беріп оқыта алды. Жалпыға арналған медреселерде оқу тегін болған, кейбірінде ақылы болғанмен марадымсыз ақша төленетін болғандықтан бәріне білім алу мүмкіндігі жасалған. Исламның сол бір алтын дәуірінде Иранның Рей, Ирактың Бағдат, Маусыл шаһарларымен бірге Бәсре, Түркістанда Мәрв, Харезм, Тараз, Баласағұн, тағы басқа қалаларда білім ошақтары көп болған. Үш елдің аумағында жүздеген медресе, кітапхана, кітап дүкендерінің болғаны оқушы қауымның санын арттырды. Мұның өзі үш ел арасына сауда жасап жүрген саудагерлерге зор табыс көзі болды. Өйткені сол дәуірде сауда керуендерінің бір құнды тауары кітап болған. Соның арқасында үш елде де исламдық және ислам қағидаларына негізделген сопылық әдебиет дами түсті. Орта ғасырда ғылым мен әдебиеттің дамуы өте қарқынды жүрді. Сондықтан қазіргі заманда дүниежүзінде араб тілінде алты жүз отыз мыңнан астам қолжазба бар. Парсы тілінде екі мыңға жуық, түркі тілінде он мыңдаған қолжазба әлем елдерінің түрлі қолжазба қорында сақталып келе жатыр.

Ислам тарихында бір шындыққа атүсті қарауға болмайды. Ол аталған үш елдің ғылымымен бірге қоғамдық ортасында да араб тілінің үстемдігі еді. Бұл үрдіс Үммейие халифаты (661–750) билік құрған жылдары айрықша сезілді. Әсіресе Үммейие саясатында арабтардан өзге халықты кемсіте «әжәм» деп атағаны парсы жұртына ауыр тиді. Сол себепті ирандық ұлтшылдар арабтардың ұлттық саясатына қарсы шықты. Нәтижесінде халифаға қарсы Иран көтерісшілерін басқарған Әбу Мүслим Хорасани жеңіске жетіп, Үммейие династиясын халифаттан құлатып, Аббас әулеттерінің халифат тағына отыруына сеп болды.

Аббас халифаты (750–1258) мұсылман және өзге ұлттарға ымырашыл саясат ұстанды. Дегенмен араб тілінің ықпалынан Иран елінде парсы тілі ұмыт болып бара жатқан шақта тілі парсы, діні ислам сүнни әнафи болған Саман әулеттері халифаттың нұсқауы бойынша Хорасан мен Мауараннәһрде (892–1005) әмірлік тізгінін ұстады. Хорасанда әмір болған Мансұр ибн Саман парсы тарихы мен мәдениетіне айрықша көңіл бөлгені соншалық – оның басқаруымен ежелгі Иран тарихының деректері жинақталып, жаңа парсы – дәри тіліне проза түрінде аударылды. Бұл жинақ аталмыш әмірдің құрметіне «Шаһнама Мәнсұри» деп аталды. Кітап – Иранның ежелгі дәуір патшаларының



өмірін баяндайтын шығарма. Әмір Мәнсұрдың өлімінен кейін ол қолжазба ержеткен ақын Әбілқасым Фирдаусидің қолына тиді. Ақын «Шаһнама Мәнсұри» жинағын өзі қосқан қосымша тарауларымен прозадан поэзияға айналдырды. Ел құрметіне бөленген бұл нұсқа «Шаһнама Фирдауси» атымен бүгінге дейін әлем жұртшылығына әйгілі болып келе жатыр. «Шаһнама» жыры Иран жұртшылығының парсы тіліне құмартуына себеп болып, парсы тілінің жандануына мықты негіз қалады. Фирдаусидің де мақсаты парсы елінің ұлттық санасын ояту еді. Ақынның көздегенін өзі жырлаған мына өлең жолдарынан байқай аламыз:

Отыз жылдай тауқымет шегіп, ана тілімді тірілттім,  
Сол арқылы парсыларды өз тіліне жүгінттім.  
Замананың желі менен бораны да жоя алмас,  
Әсем, зәулім сарайды мен сөзден салып құбылттым.

Фирдауси осындай ұлттық биік армандары үшін қазіргі кезде Иранның ұлттық шайыры болып саналады.

«Шаһнама» парсылармен қатар түркі халықтарының да парсы тіліне қызығушылығын оятты. Сол себепті түркі ғалымдары мен ақындары парсы тіліне жүгіне бастады. Сөйтіп түркі тілі араб пен парсы тілдерінің ықпалында өз болмысынан алыстап кете барған заманда Қара хан әулеті билікке келіп (840–1212), түркінің ұлттық болмысын сақтап қалудың жолы тек қана елінің тіл, дін, діл бірлігі екендігін алға тартты. Сондықтан Қара хан мемлекетінің дінін Ислам сүнни әнәфи етіп жариялады. Түркі тілінде шығармалар жазылуын ескертті. Бұл кезеңде Жүсіп Баласағұн дидактикалық «Құтты білік», Маһмұд Қашғари «Диуани лұғат ат-түрік», Қ.А. Йәсауи сопылық сарындағы «Диуани хикмет» туындысын түркі тілінде жырлады. Сөйтіп олар түркілік сана оянуының жаңа кезеңіндегі бастау-бұлақтары болып тарих жадында қалды. Сол кездегі саяси билік пен зиялы қауым өздерінің көздеген мақсатына жеткеніне тарих куә. Өйткені түркі халықтары қазіргі уақытқа дейін исламның сүнни әнәфи мәзһабына түркі тілі мен әдет-ғұрыптарын сақтап келеді. Сол кезеңдегі әдеби шығармалар әдебиеттің ұлттық идеологияны іске асырудағы маңызды құрал екендігін де дәлелдеп берді.

Фирдауси өз шығармасымен парсы жұртының ұлттық санасын оятып, елеулі қызмет жасады десек, Қ.А. Йәсауи түркілермен қоса Ислам әлемінің мәдени-саяси кеңістігіне өлшеусіз үлес қосты. Оның шығармасының артықшылығы исламдық мазмұнында болды. Қ.А. Йәсауи бастаған исламның сопылық әдебиеті Баһаеддин Нақышбанд, Қажы Бекташ, Ашық Паша (1272–1333), Жүніс Әмре (1238–1320) сынды ұлылармен Орталық Азия және Анадолыда түркі халықтарының рухани тұтастығын күні бүгінге дейін қамтамасыз етіп келеді.

Исламға негізделген әдебиет пен ғылыми салалар қарқынды дами бастағаны соншалық – 750–1050 жылдар ислам өркениетінің ренессанс –

қайта өрлеу дәуірі іспеттес Еуропада өріс алған келешектегі ғылымның ғажайып жетістіктеріне негіз қалап берді. Оған араб, парсы мен түркі ойшылдары бірлесе отырып өлшеусіз үлес қосты. Әдебиет түрлі жанрда, ғылым түрлі салада зор табыстарға қол жеткізді. Мұхаммед ибн Мұса Харезми (770–850) алгебра мен алгоритм ғылымын дүниеге әкелді. Әбу Насыр әл-Фараби (870–940) философия, логика, музыка секілді салалардың жаңа биігін қалады. Энциклопедист-ғалым ретінде Әбу Рейһан әл-Бируни (973–1048/50) тарих, математика, астрономия, география, топография, физика, медицина, геология, минерология, т.б. ғылыми салаларда адамзат ғылымына орасан зор үлес қосты. Әбу Әли ибн Сина (980–1037) – терең ойлы философ, медицина ғылымының данышпаны. Оның медицина саласында жазған «Канун» атты еңбегі ХХІ ғасырдың табалдырығында орыс тіліне аударылып, 12 том болып 30000 данамен жарық көрді. Мұны исламияттың ғылымдағы жарқын табысы деуге болады. Сол кезеңдерде Ислам әлемінде ғылымның асқан даму барысын зерттеген Джордж Сартон исламның ғылыми кезеңін жетіге бөліп, әр кезеңді оның бастауына ғылыми жаңалық алып келген бір ғалымның атымен атады. Онда: «1. Жабыр ибн Һәйян кезеңі – VIII ғасырдың екінші жартысы; 2. Мұхаммед Харезми кезеңі – IX ғасырдың бірінші жартысы; 3. Зәкерия Рази кезеңі – IX ғасырдың екінші жартысы; 4. Мәшуди кезеңі – X ғасырдың бірінші жартысы; 5. Жузжани кезеңі – X ғасырдың екінші жартысы; 6. Бируни кезеңі – XI ғасырдың бірінші жартысы; 7. Омар Хайям кезеңі – XI ғасырдың екінші жартысы», – деп көрсетті. Адамзат ғылымына нұрын шашқан бұл кезеңдерде араб, парсы, түркі ғалымдары қай ұлттың өкілі екендігіне қарамастан ислам дінінің өркендеуіне жүрек қалауымен де, санасының таңдауымен де аянбай қызмет етті. Соның арқасында әлемдік ғылымның қарқынды дамуына негіз қалаған болса, екінші жағынан үштік өздерінің де әлем өркениеті керуенімен ілесіп жүре беруіне мүмкіндік жасады. Соның ішінде түркі халықтары түркілік санамен бірге исламның тарихын, дүниетанымын ақындары мен ғалымдарының шығармалары арқылы тани білді. Сондай-ақ әлем әдебиетіне ықпалын тигізе білді. Оған дәлел орта ғасырда шығармаларын түркі тілінде жазып, түркілік әдебиетке бастау-бұлақ болған: Жүсіп Баласағұн, Маһмұд Қашғари, Қожа Аһмет Йәсауи шығармалары. Әрі XV ғасыр аясында әлемге мәшһүр болған ең соңғы даналары: Әлішер Науаи, Ұлықбек, Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр есімдерімен сабақтасады.

Түркістан өлкесінде туып-өскен ұлы даналардың Ислам өркениетіне қосқан үлесі үш топта көрініс тапты. Бірінші тобы – шығармаларын араб тілінде жазғандар. Олар: Мұхаммед ибн Мұса Харезми (770–850), Әбу Насыр әл-Фараби (870–940), Әбу Рейһан әл-Бируни (973–1048/50), Әбу Әли ибн Сина (980–1037). Екінші тобы – туындыларын парсы тілінде жазып мұраға қалдырғандар: Низами Гәнжи (1141–1209), мәулана Жалаледдин Руми (1207–1273). Үшінші тобы – еңбектерін түркі тілінде жазған түркі ақындары мен ғалымдары. Олар: Жүсіп Баласағұн «Құтты білік», Маһмұд Қашғари «Диуани

лұғат ат-түрік», Қожа Аһмет Йәсауи (1041–1167) «Диуани хикмет», Әлішер Науаи (1441–1501), Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр (1483–1530), Мырза Айдар Дулат (1499–1551). Бұл тізімді әрі қарай жалғастыра беруге болады. Сондықтан ІХ–ХV ғасырлар аралығындағы Ислам өркениетінің ұлы жетістіктері араб, парсы және бүгінгі түркітөктес халықтардың ортақ рухани қазынасы болып саналады.

Ислам өркениетін, тарихын рухани және саяси билік тұғырынан бес кезеңге бөліп қарастырамыз. Мұхаммед (с.ғ.с.) (570–632) Меккеде дүниеге келіп, Алла тарапынан пайғамбарлыққа тағайындалып, дүниеден өткенше (610–632) рухани билігін орнатты. Пайғамбардан соң ислам дүниесінде саяси биліктің төрт кезеңі басталды. Оны тарихта Ислам халифаты деп білеміз.

Халифаттың бірінші кезеңі – Ислам тарихындағы ең маңызды кезең. Онда төрт халифа пайғамбардың орынбасары ретінде ислам дүниесіне билік жүргізді. Олар: Әбубәкір (632–634), Омар (634–644), Осман (644–656), Әли (656–661) (оларға Алланың рақметі жауғай). Қазақ жырларында оларды «шәдияр» дейді, бұл «төрт жар, дос» деген мағынаны білдіреді. Бұл кезеңде Құран кітабының жинақталып, қалыпқа келуі, ішкі алауыздықтың жойылуы, Рұм мен Иран империяларының күйреуі ең басты табыстар болды. Бұл кезең (632–661) жиырма тоғыз жылға созылды.

Екінші Үммейе, Аббас және Осман халифаттар билік құрған кезеңде түркілер тек қана білім мен ғылым саласында қорғаумен шектелмей, исламды саяси тартыстардың қыспағынан аман алып шығуға айтарлықтай ерлік жасап, қанды шайқастарда ұлы жеңістерге жетелеп отырды. Түркілер арасынан исламның нығаюы мен дамуы жолында аянбай тер төккен көптеген тұлғаны атауға болады. Ислам діні әлемнің төрт тарапына қанат жайып, беки түсуіне үлес қосты. Сондай-ақ Қара хан Боғра, Сейфеддин Құтз, сұлтан Бейбарыс, Берке хан, II сұлтан Мұхаммед фтиһ (жеңімпаз) Ислам дінінің өрлеуіне ерекше үлес қосып, исламның жаңа бір белеске көтерілуіне негіз қалады.

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұхаммед Риза Әкими. Мұсылмандардың ғылымы. 6-басылым. – Иран: Ислами фәрһәнг, 1368. – 419 б.

2. Жеменей И. Мырза Хайдар Дулат – тарихшы, қаламгер. – Алматы: Зерде, 2007. – 360 б.

3. Сұлтанов Т.И. Алтын Орда / ауд. Р. Шаймерденов. – Алматы: Мектеп, 2004. – 176 б.

4. Жеменей И. Қос өзен: қанаттас түркі, парсы ақындары: оқу құралы. – Павлодар: Brand Print, 2010. – 276 б.



## АЛТЫН ОРДА – ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІ

«Тарих-и Рашиди» дерегі бойынша Қазақ хандығы 1465 жылы құрылды. Түркілердің саяси тарихы Шыңғыс ханның саяси сахнаға шығуымен жаңа бағыттарға бет алды. Ол үшін оқырман ойы жаңарсын деген ниетпен Шыңғыс хан тарихының шығуы мен өркендеу кезеңін саралап шығайық.

Шыңғыс хан Есугейұлы (1162–1227) басында Темүжін атымен аталып келген. 1206 моңғол-түркі тайпаларының құрылтайында хан сайланған соң Шыңғыс хан атауына ие болды. XIII ғасырдың басынан, 1206–1227 жылдарда көшпенді түркі тайпаларын біріктіріп, тарихта Моңғол аталған ұлы империясын құрды. Шығыс хан империясы Қытайдың солтүстігі, Иран, Түркістан (Орталық Азия), Кавказ бен Шығыс Еуропаның бір бөлігін қамтыды. Шыңғыс хан қайтыс болар алдында жаулап алған елдерін өзінің төрт ұлы: Жошы, Шағатай, Үгедей мен Төлеге үлестірді. Шыңғыс ханның төрт ұлының төрт ұлысы былай болды.

Жошы хан ұлысы: Ертістен Орал тауына, одан оңтүстікке қарай Каспий теңізі мен Арал теңізіне дейінгі жерлерді, Орта Азиядағы иеліктерінен солтүстік Хarezм мен Сырдария аймағын қамтыған. Жошы хан ұлысының түркілер мен ислам тарихында орны ерекше. Өйткені Жошының ұлы Бати хан 1242 жылы Алтын Орда мемлекетін құрды. Ол 1502 жылға дейін өмір сүрді. Оның соңғы билеушісі Шейх Аһмет 1495–1502 жылдарға дейін аты болып, заты болмаса да тізгінді ұстап отырды.

Алтын Орда мемлекет ретінде бірнеше ерекшелікке ие болды. Олар:

1. Шамамен, 6 млн км<sup>2</sup> кеңістікте мемлекет құра білді.

2. Алтын Орданың құрушысы Бати хан 1240 жылы Саксын қаласының орнына Астрахан қаласының солтүстігінен 120 шақырым қашықта Сарай қаласын салды. Қаланың халық саны 600 мың адам болған. Онда ондаған мешіт, медресе мен сауда орындары болған. Ол қала «Бати сарай» және «Көне сарай» деп те аталған. Сарай кезінде үлкен сауда және мәдени орталыққа айналған. Сарай қаласы жайында көптеген жазба деректер бар. Олардың бірсыпырасы мыналар:

а) Ата Мәлік Жовейнидің «Тарих-е Жаһангошай» еңбегі парсы тілінде үш томдық болып 1260 жылы жазылған. Сарай жайында: (1-том, 222-б.)

«باتو در مخيم خویش که در حدود ایتیل داشت مقام فرمود و شهری بنا نهاد که آن را سراى ميخوانند»

ә) Араб текті ирандық ақын Обейд Закани (1300–1371) өлең жолдарында Сарай қаласын тілге тиек еткен. Онда:

غر قه كنم به قلزم اتيل وجود خویش  
گر بشنوم دهند به شهر سراى قرص.

б) Шарафеддин Әлі Йәзди «Зафарнама» еңбегін парсы тілінде 1424–1425 жылдары жазған.

в) Үндістанның ражасы Аннадраждың (آنندراج) тапсырысы бойынша Мұхаммед патша (Шад) парсы, моңғол, түркі, араб, рұм, грек, санскрит және бүгінгі үнді сөздері негізінде дайындаған Аннадраж сөздігінен оқи аламыз. Аталған сөздік алғаш рет Үндістанның Лакхнау қаласында 1888 жылы жарыққа шықты. Кейін 1335 (1956 милади) жылы Мұхаммед Дәбир Сияғи тарапынан Теһранда басылды. Екінші рет 1363 (1984 милади) жылы Теһранда жеті том болып жарық көрді.



Үндістан, Лакхнау

3. Моңғол атымен даңқы шыққан империя негізінде құрылған болса да оның халқының негізгі құрамын түркілер құрайтын. Мемлекеттің тілі де түркі тілі болған. Алтын Орда мемлекетінің түркілік сипатымен 1325–1352 жылдар аралығында 27 жыл Мароккодан бастап Қытай, Үндістан, Таяу Шығыс, Мысыр, Африка, Шығыс Еуропа және Түркістан елдеріне саяхаттап, әлемдегі ең ұзақ қашықтықтар мен елдер территориясын бағындырған Мароккодан шыққан араб саяхатшысы Мұхаммед ибн Абдолла ибн Мұхаммед ибн Бәтутенің (1304–1377) «Сапарнама» атты еңбегінен оқып таныса аласыз.

4. Жошы хан ұрпағы құрған Алтын Орда мемлекеті Қыпшақ мемлекеті деп аталды. Оның басты артықшылығы – жауынгер қыпшақ түркілері кейінгі тарихта ислам әлемінің және Мысыр мен Сирия елдерінің саяси тағдырына сүбелі үлес қосты. Себебі Қыпшақ даласы түркілердің әскери қайнары болған. Тарихи зерттеулерге қарағанда, түркілердің жауынгерлік қуаты қыпшақ түркілері болған. Оның негізгі құрамы қазақ түркілері екенін анықтау қиын емес.

5. Алтын Орда мемлекеті Мысырдағы Мәмлүк патшалығымен (1250–1517) тығыз саяси байланыста болған. Мәмлүк патшалығын құрған ханшайым Шежіреддүр дегенмен негізінде Әззеддин Айбек болған. Сондай-ақ Мысыр мәмлүктерінің әскери күші қыпшақтар болғандықтан мемлекеттік тіл араб, кебти және қыпшақ тілі болған. Кебти (قبطی) – Мысырдың ежелгі тілдерінің соңғы африкалық-азиялық түрі. Ол II–XI ғасырлар аралығында белсенді қолданыста болған. Бірақ XV ғасырда қолданыстан шыққан.

Сондай-ақ Алтын Орда мемлекеті Ирандағы Елхандар патшалығымен жақын қарым-қатынаста болған. Әсіресе Елхандар билігінің негізінде 1335–1432 жылдар аралығында, жүз жылға жуық Иранның бір бөлігі Иракты билеген. Бағдат, Тәбриз және Басра қалаларын астана етіп пайдаланған Жалайыр династиясымен жақын байланыста болған. Сондықтан Алтын Орда мен Жалайыр патшалығы арасындағы саяси байланыстың зерттеп-зерделенуі өте маңызды. Шыңғыс ханның немересі Төлеулы Һелаку хан Иранда 1256 жылы моңғолдар патшалығын құрды. Иранды жаулап алуда жалайыр, ақ қойынлы, қара қойынлы сынды көптеген түркітөктес тайпа қатысты. Олар кейін Иранның әр аймағында өздері үкімет құрып, билік етті. Ирандағы моңғолдардың патшалығы Елхан деп аталды. Елхандар патшалығы Иранда 1256–1349 жылдар аралығында билік басында болды.

Алтын Орданың екінші билеушісі Берке (1209–1266) он жылға жуық билік құрғанда (1257–1266) ислам дінін қабылдап, Мысырдағы Мәмлүк патшалығымен одақ құрып, ислам дінінің нығаюына зор үлес қосты. Һелаку (Құлаку) 1258 жылдың 29 қаңтар–10 ақпаны аралығында аз уақыт ішінде Аббас халифатының астанасы болған Бағдат қаласын жаулап алып, Аббас династиясының 508 жылдық билігін құлатты. Содан кейін Шам мен Мысырды жаулап алмақ болды. Бірақ Қарақорымда тақта отырған ағасы Мөңке қағанның қайтыс болғанын естіп, Шамға шабуыл жасамақ болған ниетінен



қайтпай, әскерге қолбасшы етіп Кетбұғаны тағайындап, өзі Қаракорымға жүріп кетеді. Кетбұға Шамға шабуыл жасап, Әин әл-жәлут мекенінде Құтз басқарған, Бейбарыс қоштап қатысқан шайқаста жеңіліп, қаза тапты. Неләку (Құлаку) Қаракорымнан оралған соң Құтз бен Бейбарыстан өш алмақ болды. Бірақ Берке ханның ислам дінін қабылдағанын естіп, онымен соғысты. Алайда Беркені жеңе алмай, Құтз бен Бейбарыстан өш алуға мұршасы келмей қалды. Содан Мысыр мен Шам Құлакудың басқаруындағы келесі бір шабуылдан аман қалды.

6. Алтын Орданың ендігі бір ерекшелігі – мәдениетке өте мән бергендігі. Сондықтан күні бүгінге дейін көптеген тарихи жәдігерлер мен әдеби туындылар мұра болып қалған. Сондай-ақ демократияның бір көрсеткіші – түрлі дін мен сенімдерге еркін қарайтын болған. Сондықтан қыпшақ түркілері билік құрған Қыпшақ даласы еркіндіктің қазынасы болған. Сарай қаласының мәдени маңызынан басқа Алтын Орда заманында ауыз әдебиеті өзгеше бір биік белестерді бағындырды. Оған Мұрын Сеңгірбекұлы жыраудың (1859–1954) «Қырымның қырық батыры» жатады. Бұл жырды түркілердің ортағасырлық әдебиеті жайында біртұтас объект ретінде қарастырған жөн. Десек те XIII–XIV ғасырлардың әйгілі ақындары, мәселен, Рабғузи, Харезми, Сейф Сараи және басқалар жайында Бейсембай Кенжебаев (1904–1987), Ханғали Сүйіншәлиев (1918–2008) сондай-ақ ортағасырлық әдебиет жайында Әуелбек Қоңыратбаев (1905–1986), Рахманқұл Бердібай (1918–2012) сынды әдебиеттанушы-ғалымдар еңбек жазған.

Міне, осындай артықшылықтарға ие, «XV ғасырдың 30–70 жылдарында орталығы Төменгі Еділ бойында болған Алтын Орда біржолата ыдырады да, оның бөлшектенген орнында бірнеше жаңа мемлекет пайда болды. Бұлар: Қырым хандығы, Қазан хандығы, Астрахан хандығы, Сібір хандығы, Қазақ хандығы, сондай-ақ басқа да бірқатар саяси бірліктер – Үлкен Орда (Еділ мен Днепр арасындағы далада), Ноғай Ордасы (орталығы Жайықтың төменгі ағысы өңіріндегі Сарайшықта) болған еді». Сондай-ақ «Жошы әулетінің Алтын Ордадан кейінгі кезеңдегі саяси құрылымының барлығынан ұзағырақ өмір сүргені нақ қазақ сұлтандарының мемлекеті мен Қырым хандығы болды» (Сұлтанов Т.И. Алтын Орда / ауд. Р. Шаймерденов. – Алматы: Мектеп, 2004. – 81-83 б.)

Жошы мемлекеті не Алтын Орда мемлекеті немесе Қыпшақ мемлекеті Қыпшақ даласында құрылған. Сонымен бірге оның негізгі саяси-әскери күші қыпшақ түркілері болғаны соншалық – барлық моғұл тайпалары мен ұлыстары біржолата түркіленіп кеткен болатын. Қазақ хандығы шын мәнінде Жошы мемлекетіне лайық мұрагер болды. Оған айғақ Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» атты кітабында берген бағасы. Онда: «Қазақтың хан мен сұлтандарының арасында ешкім ол ұлысты Қасым хандай берік қолға алып билеген жоқ», – деп баға берген (Қазақ болып қалыптасқан ғасырлар. – Тараз: DanAi, 2015. – 111-б.). Бабырдан кейін оның туған бөлесі және шәкірті

Мырза Мұхаммед Айдар Дулат «Тарих-и Рашиди» кітабында: «Алайда Қасым хан Қыпшақ даласын түгелдей өзіне қаратып алғаны соншалықты – Жошы ханнан кейін ешкім де ол сияқты мұндай билікке қол жеткізген емес», – деп Қазақ хандығының іргесі Қасым хандай ханымен берік қаланғанын айғақтап берген (Қазақ болып қалыптасқан ғасырлар. – Тараз: DanAi, 2015. – 15-б.).

Қазақ хандығы 1465 жылы құрылды. Ол 1847 жылға дейін қазақ халқының саяси тіреніші болып өмір сүрді. Мемлекеттің саяси күші ретінде 382 жыл өмір сүру тарих үшін аз уақыт емес. Сол себептен Қазақстан Республикасы Қазақ хандығының тарихи мұрагері болып 2015 жылы 550 жылдық мерейлі тойын өткізді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тойдың мән-маңызын: «Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеу біз үшін өте керек, әсіресе, жастар үшін. Біздің тарихымызды зерттеу керек. Біз тәуелсіздігімізді қарапайым емес уақытта таптық, қиыншылықтардан өттік. Енді жағдайдың жақсаруымен, біз тарихқа, рухани құрамға назар бөлуіміз керек. Елдің тәуелсіздігі халықтың ішкі көңіл күйінен, оның бір-біріне қатынасынан басталады. Қазақтардың мынадай мақалы бар: «Егер төртеу бірге болса – береке келеді, егер алтау бөлек болса – барлығы жоғалады» деп баяндады. Сол 550 жылдық тойда қазақ хандарының аты-жөні мен өмір сүрген жылдары жазылған кестесі таратылды. Ондағы кестеде жылнамалар былай көрсетілген:

Керей (1465/66–1473/74) – бірінші қазақ ханы, Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі.

Жәнібек (1473/74–1480) – Қазақ хандығының шаңырағын көтерушілердің бірі және (жорамал бойынша) Керей хан қайтыс болғаннан кейін оның басқарушысы.

Бұрындық (1480–1511) – Керей ханның ұлы. Қазақ хандығының шекарасын кеңейтудің бастамасына негіз қалады.

Қасым (1511–1521) – Жәнібек ханның ұлы, «қазақ жерлерін біріктіруші». Хандықты нығайтты және кеңейтті, «Қасым ханның қасқа жолы» атты заңдар жинағын қабылдады.

Мамаш (1521–1522) ханның тұсында ішкі таластардың кесірінен Қазақ хандығы Ноғай Ордасына төтеп бере алмады.

Таһир (1522–1531/32) – билігі қырғыз тайпаларына да таралған бірінші қазақ ханы.

Бұйдаш (1531/32–1533/34) – аласапыран және тартыстар дәуірінің басқарушыларының бірі.

Тоғым (1533/34–1537) – «аласапыран кезеңнің» соңғы ханы.

Хақназар (1538–1580) – қазақтар мен қырғыздардың ханы. Тартыстардан кейін хандықты бұрынғы қалпына келтірді, оның шекарасын кеңейтті, Мәскеумен байланысты ретке келтірді.

Шығай (1580–1582) Ташкент билеушісі Баба сұлтанға қарсы күресті.

Тәуекел (1582–1598) Оңтүстік Қазақстан жерлерін қосудың арқасында хандықтың аумағын кеңейтті.



Есім (1598–1628) Қазақ-Бұхара соғысында жеңіске жетіп, хандықты нығайтты, оның заңдарын жетілдірді, сыртқы қауіп-қатерді бейтараптандырды.

Жәңгір (1629–1652) қазақ рулары мен тайпаларын біріктіре отырып, жоңғарлардың Жетісуға жүргізген экспансиясын тоқтатты.

Тәуке (1680–1715) билер институтын құрып, билік реформасын жүргізді; «Жеті жарғы» заңдар жинағын жасады. Ол басқарған кезең – Қазақ хандығының алтын ғасыры.

Әбілқайыр (1718–1748) – Кіші жүздің ханы. Балқаш көлі мен Бұланты өзенінің бойындағы шайқастарда жоңғарларды талқандады. Ресейдің бодандығын қабылдаған бірінші хан.

Нұралы (1748–1786) – Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың ұлы. Хан атағын патша үкіметі бекіткен бірінші патша.

Абылай (1771–1781) – саясаткер-дипломат, жоңғарлармен күресте қазақтардың қолбасшысы. Қазақ жерін біртұтас мемлекетке біріктіруші.

Уәли (1781–1819) – Орта жүздің ханы Абылайдың ұлы, Ш. Уәлихановтың атасы. Әкесі сияқты орыс-қытайға бұлтару саясатын жүргізді.

Жәңгір (1821/23–1845) – Бөкей (Ішкі) ордасындағы үш ханның соңғысы. Аса көрнекті реформатор: жерге жекеменшікті енгізіп, сауданы, білімді және т.б. дамытты.

Кенесары (1802–1847) – Абылайдың немересі, казактардың соңғы ханы. Қазақ халқының отарлыққа қарсы күресінің көшбасшысы.

«Ұлан-байтақ Қазақ жеріндегі мемлекеттік тарихтың басталғанына үш мың жылдай уақыт болды. Скифтердің, одан кейінгі сақтардың, ғұндардың, үйсіндердің, қаңлылардың тарихы Қазақстанның ежелгі дәуірдегі тарихының маңызды бір бөлігі болса, олар мемлекеттік тарихтың бастаулары болып саналады. Түрік дәуірінде мемлекеттік нығая түсіп, ол қағанат (империя) деңгейіне дейін көтерілді. Ал Алтын Орда дәуіріндегі мемлекеттіктің тарихы баршаға мәлім. Бірнеше ғасыр бойы Еуразия аумағындағы жалғыз империя болған Алтын Орда өзінің тарихи міндетін атқарып, өз жолын оның орнында құрылған ұлттық сипаттағы мемлекеттерге береді», – деп қазақ тарихының терең тұңғиығына бойлау қажеттігін ескертіп отырған зерделі тарихшы-ғалым Берекет Кәрібай (Кәрібай Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: Сардар, 2014. – 520-б.)

«Бүгінгі шаңырағы еңселі Тәуелсіз Қазақстанның тереңде жатқан этно-саяси тарихына бойлай бастасаңыз, ел болып еңсе көтеруіміз және қазіргі ұлан-ғайыр аймаққа біржолата қожалық жасауымызға Түркілер қауымдастығы құрған Ұлы Түркі қағанатының берік бастау, мызғымас ірге болғанын ұғына бастайсыз» (Омарбек Т. Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 9-б.)

Ал тарихи шындықты жүрек елегінен өткізген Мағжан Жұмабаев ақын тамыры терең тарихымызды былай жырлаған:

## Түркістан

Түркістан – екі дүние есігі ғой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.  
Тамаша Түркістандай жерде туған  
Түріктің Тәңірі берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып-өскен.  
Тұранның тағдыры бар толқымалы,  
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Арыстан елге Отан болған Тұран,  
Тұранда қазағым да хандық құрған.  
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы  
Тұранның талай жерін билеп тұрған.

Бұл Тұран – ежелден-ақ алаш жері,  
Тұрансыз тарқамаған алаш шері.  
Тұранның топырағында тыныштық тапқан  
Алаштың арыстаны – Абылай ері...

Тұран түркі даласының ежелгі дәуірдегі атауы болған. Авеста дерегі бойынша, б.з.д. VII–VI ғасырлардан бастау алады. Түркістан деп, болжам бойынша, Ибн Әсир тарихында жазып кеткен 751 жылғы Атлақ шайқасынан кейін аталған. «Алайда сақтар, тұрандықтар, түркітекті халықтар тарих бойынша түрлі саяси-әскери себептерге байланысты парсылармен тығыз қарым-қатынаста болғаны үшін түркі мен Иран халықтарының тарихын бір-бірінен бөле-жара қарастырып, зерттеу мүмкін болмай тұрған сияқты» (Жеменей И. Парсы және түркі жазба деректеріндегі қазақ тарихы. – Алматы: Сардар, 2019. – 21-б.)

Алтын Орда империялық қуатын сарқып, іштей іріп-шіріп жатқан кездерде Ресей мемлекеті ішкі алауыздықтарынан құтылып, ұлы мемлекетке тән ішкі саяси құрылымын жөнге келтіріп, төңірегіндегі мемлекеттерді уысында ұстауға немесе біржолата жойып жіберуге дайындалып жатты. Бұл тарихи заңдылыққа немқұрайлы қарайтын елдер үшін екі жол бар: 1. Мемлекеттігімен біржолата қоштасу; 2. Мемлекет атауын өзге империялық күшке тәуелді болып сақтап қалу. Бұл жағдайда шахмат ойынының ойыншысы емес, фигурасы болып өмір кешуге мәжбүр. Онда ұлық тарихын ұмыт қалдырмаса, қайта тірілу мүмкіндігіне ие болып, үміт сәулесімен саяси Тәуелсіз Ел болуға іргетасын нығайту жолынан таймай, ымырашыл саясатпен жаппай билік пен халықтың ұлттық саяси психологиясы оянғанша өмір сүруге бекінеді.

Осы орайда «Тарих-и Рашиди» еңбегінде Шыңғыс хан ұрпағы саналатын Тоғлықтемір хан және оның ұрпақтары: Саид хан мен ұлы Рашид хан таққа отырып, автордың өзі және оның дұғлат тайпасының тұлғалы адамдарымен жауласқан жайттарды жазып, өзін Үндістанға кетуіне себеп болған оқиғаларды айтқан. Автордың Тоғлықтемір хан және оның ұрпақтарын жазып тарихта қалдыру негізгі мақсаты болған. Дегенмен сол Тоғлықтемір хан және оның ұрпақтарын Мауараннәхрден Қашғарға қуып шыққан Әмір Темір болды. Сол себепті Әмір Темір туралы молырақ мәлімет беруді жөн көрдік. Сондай-ақ автордың туған бөлесі Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр да оған өмірде де, шығармашылық жұмыстарда да үлгі-өнеге болғанын еңбегінен аңғарамыз. Сондықтан Мұхаммед Бабыр жайлы да әңгіменің кеңінен болғанын дұрыс деп санадық. Бұл еңбектің тағы бір қыры – Иран патшасы Шаһ Исмайыл мен Шейбани ханның арасында болған тартыстарды тілге тиек етеді. Иран патшасы мен Шейбани арасындағы шайқастардың тарихи мәні зор. Сондықтан Ирандағы Сәфәви патшалығы туралы да қысқаша бір тарау арнадық. Соның негізінде екеуара соғыстарының басты себеп-салдарын оқырман тереңдеу ұға алмақ.



## ӘМІР ТЕМІР (1336–1405)

Әмір Темір 1336 жылы Кеш (Шаһрсәбз) уәлаятының Қожа Елғар қыстағында дүниеге келді. Әкесі Төрағай түркі тайпаларының Барлас руынан болған. Әмір Темір сол заманның қалыптасқан дәстүрі бойынша Шыңғыс хан тұқымының бірімен үйленген соң «көреген» дәрежесіне ие болды. «Көреген» сөзі түркі тілінде «күйеубала» деген ұғымды білдіреді. Негізінен Шыңғыс хан ұрпағынан тараған қыздармен үйленген түркі әмірлеріне берілді. Өйткені ол атау қоғамда өзіндік абырой-беделге ие болған. Сол себептен Әмір Темір ұрпақтары құрған империя «Көрегени империясы» деп аталатын. Кейде қате бола тұра «Моңғол империясы» деп те аталып келді. Бүгіндері «көреген» сөзін сол «күйеу» мағынасында түрікмендер қолданады.

Ибн Арабшаһ (1289–1450) Әмір Темір соғыста жарақат алып, ақсақ болғанын жазған. «Ақсақ» сөзінің парсышасы «ләнғ» делінеді. Қазақтар қысқартып «лан» дейді. Сонда Әмірлан деп айтылады. Сондықтан Әмір Темір тарихи деректерде: 1. Көреген Темір; 2. Темірлан; 3. Саһибқыран деген үш түрлі атқа ие.

Әмір Темір туралы аңыз бен ақиқатқа толы әңгімелер және жазба деректер мейлінше көп. Тарихта өте көп зерттелген саяси тұлға. Әкесі Төрағай баһадүр Кеш уәлаятының беделді әмірлерінің бірі болған, тек жауынгерлік пен батырлық сипатымен ғана емес, сонымен бірге ғалымдарға айрықша ықыласпен қарап, ұдайы қамқоршы, қолдаушы болып жүрген. Төрағай баһадүр 1360 жылы қайтыс болды. Ол кезде Әмір Темір бой түзеген еді.

Әмір Темірдің ірі қолбасшы ретінде аты 1379 жылы Хarezм қаласын жаулап алу кезінде шықты. Сосын араға көп уақыт салмай Хорасан өлкесін бағындырды. Артынша 1382 жылы Горған, Мазандаран, Систан, Герат пен Ал-е-Керат аймақтарын жаулады. 1398 жылы Фарс, Ирактың бір бөлігін, Лорестан, Әзірбайжан өлкелерін жаулап, Жалайыр әулеттерінің билігін ол аймақтарда жойды. Содан кейін Каспий жаққа бет алып, онда көптеген халықты қырғынға ұшыратты. Кіші Азия, Үндістан, Иран мен Орталық Азияны бағындырған Әмір Темір Қытайға шабуыл жасауды өз жоспарына енгізген кезде, алпыс тоғыз жасында Қазақстан жерінің оңтүстігінде орналасқан Отырарда дүниеден озды. Сосын өз патшалығының астанасы Самарқандта жерленді.

Тарихи деректерге қарағанда, Ниязи қыстағы Әмір Темірдің мұралық мүлкі болып есептеледі. Аталмыш қыстақ әкесіне тиесілі болған. Сондықтан әкесі ауқатты отбасылардың қатарында балаларының жақсы білім алуына мүмкіндік жасай алған.

Әмір Төрағай баласының дүниеуи һәм діни білім алуына барлық жағдайды жасағандықтан Әмір Темір жастайынан сауат ашып, өз дәуірінің түрлі пәнін – мәселен, емшілік, математика, астрономия және мемлекет істері мен тарих пәнін үйренген.

Шағатай әулеттерінің билігіндегі Жетісу мен Қашғар уәлаятының беделді дулат әмірлерінің көмегімен Тоғлықтемір таққа отырған соң, 1360 жылы Мауараннәһрды Шағатай әулетінің билігіне қайтару үшін жорыққа шықты. Жазба деректерге қарағанда аталған жорықта тұңғыш рет Әмір Темірдің есімі аталады.

Қаранас патшаларының әулетінен Әмір Құзғын 1358 жылы қаза тапты. Шағатай империясы дағдарысқа ұшырап, екі хандыққа бөлінді. Бірі – Моғолстан, Іле өзенінің жағалауы, Түркістанның шығысында орналасқан. Онда моңғолдар билік етіп, моңғол салты бойынша өмір сүретін. Тіпті ислам діні де ол жерге табан тірей алмаған-ды. Екіншісі Мауараннәһр еді. Оның халқы – ислам дінін қабылдап, түркіленіп кеткен моңғолдар. Бұларды «қаранас» деп атаған. «Қаранас» термині үш мағынада қолданылды:

1. Иран мен Үндістанның шекаралық аймақтарында тұратын түрлі моңғол тайпаларынан құралған халық;
2. Мауараннәһрдың түркіленіп кеткен моңғол тайпалары;
3. Түрік-моңғол әмірлерінің әулеттері. Олардан Ғазан хан билік тізгінін өз қолына алған.

Тоғлықтемір Мауараннәһрды Шағатай билігіне қайтармақшы болып 1360 жылы аттанғанда Қашқадарияның әкімі Қажы Барлас қарсылық көрсете алмай, қашып кетті. Әмір Темір де Тоғлықтемірге қарсы шығу күші жоқ екенін сезіп, оның билігін мойындады. Есесіне Тоғлықтемір де Қашқадарияның билігін Әмір Темірге тапсырды.

Әмір Темір мен Тоғлықтемірдің одақтасуы ұзаққа созылмады. Өйткені көп ұзамай Әмір Темір Балхтан Кабулға дейінгі аралықтағы аймақтың билеушісі Әмір Қазанның немересі Әмір Үсейінмен одақтасты.

Әмір Үсейін Әмір Темірдің қолдауының арқасында бірталай талас-тартыстан соң өзінің атадан мұраға қалған өлкесін қайтарып алды. Сол шайқастардың бірінде Әмір Темір денесінің оң жағынан, қолы мен санынан жарақат алады. Содан бастап Ақсақ Темір атанды.

Сараи Мәлік Хатун Ғазан ханның қызымен үйленіп, «көреген» лақап есімін алды.

Әмір Темір тірі кезінде өзінің Шыңғыс хан ұрпағы екендігін ауызға алған емес-ті. Темір шежіресіне арналған бір шежіреде Темірдің тегін Шыңғыс ханға жеткізіп жазған. Алайда Темір қашанда Шыңғыс ханның ұрпағын сыйлап тұратын. Тіпті өз билігін заңдастыру үшін Шыңғыс әулеттерінің бірін Самарқандта хан деп жариялап, соның атынан өзі билейтін. Әрі өзін «Ұлы Әмір» деп атайтын. Мәселен, Сүиерғұтмыш ханды 1370 жылы хан деп жариялады. Ол 1384 жылға дейін хан болды. Мұның бәрі тобырдың арасында

тек қана Шыңғыс әулеттері хан болуы керек деген төрелік заңына сай әрекеті. Дәл осындай жағдай Едігеде болған. «Едіге 1393 жылы Өріс ханның немересі Темір Мәліктің ұлы Темір Құтлықты Ақ Орданың ханы деп жариялады» да, өзі «Әмір Едіге» атауын қанағат тұтты.

Әмір Темір мен Әмір Едігенің аса биік саяси күшке ие болуының бір көрінісі – Шыңғыс ханның өз заманында ұрпақтарына жасап кеткен саяси билігінің мықты мұрагерлік механизмін бұза білгендігінде. Сондай-ақ Орталық Азияда түркі халықтарының мәдениеті мен әдебиеті түркі тілінде дамып жатты. Сондай-ақ түркілер арқылы араб-парсылардың мәдени-әдеби туындылары жалпы көпшілікке тарады. Әрі Шыңғыс хан ұрпақтарын ассимиляцияға ұшыратып жатқан да түркілер болды. Бірақ оларды ерекше құрмет тұтуды да өмірлік дәстүрге айналдырды. Бұл үрдіс әсіресе көшпенді түркілер арасында басым болды.

Әмір Темір саяси өмір жолында әлемді жаулауды мақсат етті. Оның Иран, Сирия, Анadolы, Үндістанға жорықтары тарихшылар үшін белгілі жайт екенін білеміз. Бірақ Қыпшақ даласындағы Әмір Темір мен Тоқтамыс ханның Өріс ханға қарсы одақтасуы әрі Өріс хан әулеттерінің Темірмен бірігіп Алтын Ордаға қарсы әрекеттері, Едігенің де билікке таласуы түркі халықтарының маңдайалды тұлғаларының қақтығысына жол ашты. Бірақ соның бәрі түркі халықтарының келешек саяси-экономикалық және мәдени кеңістігіне қаншалықты зиян келтіргені жөнінде жазылған еңбекті көре алмай келеміз. Сондықтан «Тарих-и Рашиди» еңбегінде қамтылған 1346–1546 жылдар аралығындағы оқиғалар тарихи-саяси тұрғыдан жан-жақты зерттеліп, зерделенуі керек. Өйткені түркі халқы көбінесе өзгеден гөрі өздері бір-біріне кереғар әрекет жасап, саяси күйреуге әкеліп отырды.

Мәселен, Тоқтамыс ханның Алтын Орда мемлекетін Әмір Темірдің ықпалынсыз дербес билеп отырғысы келгендіктен, өзге мемлекеттердің саяси қолдауына зәру екенін сезіп, Литвамен жақындаса бастады. Сондай-ақ 1395 жылдың көктемінде Алтын Орда мен Мысыр арасындағы Әмір Темірге қарсы одақ құру әрекеті байқалды.

Тоқтамыс ханның саяси одақтас іздеу әрекеттерінен қауіптен бастаған Әмір Темір 1395 жылдың бірінші наурызында оған хат жазды. Бірақ жазған хатынан онды нәтиже шыға қоймаған соң шайқасқа бел буды.

Әмір Темір мен Тоқтамыс хан арасындағы келіспеушілік бір-бірімен шайқасуға итермеледі. Соның нәтижесінде екі жақтың әскері арасындағы ақтық шайқас 1395 жылдың 15 сәуірінде Кавказдың солтүстігіндегі Терек өзенінің шатқалында өтті. Тоқтамыс жеңіліп, шегінуге мәжбүр болды. Әмір Темір әскеріне Алтын Орда астанасы Сарай қаласына бет алуға жол ашылды. Соңында Сарай Берке мен Еділдің төменгі жағасындағы қалалар тоналды. Есепсіз байлық олжаланды. Көптеген жергілікті халық – әйел, бала-шаға түгелдей күң мен құлға айналды. Қыпшақ империясының кең даласы да ойран болды. Халық саны азайды. Экономикалық қуаты жойылғаны соншалық

– одан кейін өркендеуге шамасы жетпей қалды. Өйткені Қиыр Шығыс пен Еуропа арасындағы сауда-саттыққа Алтын Орда территориясы алтын көпір іспеттес еді. Міне, дәл осындай трагедияның болғанын Әмір Темірге арналған «Зафарнама» шығармасынан баяндап көрейік: «...Әзіреті Саһибқыран Қажы Тархан (Астрахан) маңына жеткенде Әмірзада Пір Мұхаммед Жаһангир, Әмір Жаһаншаһ, Әмір Шейх Нұреддин және Темір Қожа Ақбұғаны жасақталған әскерімен Сарай жаққа жөнелтті. Өзі таңсәріде таңдаулы шағын атты топпен Қажы Тархан жаққа (حاجی طرخان) бет алды. Ол жерде жанды да жансыз заттың бәрін тонады. Сол аймақтың әкімі Мұхаммедиді мұз қатқан судың астына батырып жіберді. Ол балықтарға жем болды. Жеңімпаз әскері Еділ өзенінің мұз қатқан суынан өтіп, Сарай қаласын жаулап алып, өртке орады. Далалықтарды малымен қоса талан-таражға салды. Сарайды ойрандады. Оны Сарай тұрғындарының табандылық көрсеткені үшін кек алу есебінде жасады. Содан қосыны Шынжыр сарайды (Зәнжир сараи) (سرای زنجیر) талқандауға кірісті. Өйткені әзіреті Саһибқыран Парсы және Ирак аймақтарын жаулауға аттанғанда олар Мауараннәһрге шабуыл жасаған екен. Сондықтан Шынжыр Сараи аталатын Қазан Сұлтан ханның әйгілі сарайын ойрандап, тас-талқанын шығарды.

Әмір Темірдің саяси әрекеттері мен қаталдығы туралы ойланып қорытынды жасайтын жайттар жеткілікті. Дегенмен Әмір Темір және оның әулеті билік құрған кезеңдер Мауараннәһр, Хорасан, әрісі Ауғанстан мен Үндістанда әдебиет пен өнердің түрлі саласын жаңа бір сатыға көтерді. Бұл дәуірде парсы-тәжік әдебиеті Әбдірахман Жәмидің әдеби шығармаларымен гүлдене түсті. Жәмидің «Һәфт аурәнг» (Жеті тақ) шығармасы Темір мен оның ұрпақтарына арналды. Өйткені Жәми назарда ұстаған Әмір Темір, Халил Сұлтан, Шаһрох, Ұлықбек, Әбілқасым Бабыр, Әбусаид, Мырза Үсейін Байқара атымен танымал жеті билеуші – өз заманында әдебиет пен мәдениеттің өрістеуіне елеулі үлес қосқан тұлғалар. Парсы әдебиетінің шарықтауымен қатар Мауараннәһр мен Хорасан астанасы Гератта түркі тілінде шыққан көркем әдеби шығармалардың да саны мен сапасы биіктей түсті. Түркі әдебиетіне қомақты үлес қосқандар қатарында Әлішер Науаи, Мәулана Лүтфи, Дүрбек, Хафиз Харезми, Атаи, Сәккаки, Гедаи, Сейіт Қасыми сынды ғалымдар мен акындарды айтуға болады.

Әмір Темір қазақ даласына теңдесі жоқ ғажап ғимарат салғызды. Ол – Қожа Аһмет Йәсауи мазарына арнап салдырған кесене. Бұл жайында сол дәуірдің тарихшысы Шарафеддин Әлі Йәзди 1424–1425 жылдары жазған «Зафарнама» атты кітабында баяндаған. Ол: «Темір Сейһуннан өтіп, Аһангаран, Женас ауылының маңында қыстап шығу үшін әскеріне қыстық үйлер салдыртады. Содан Йәсі ауылына барып, сондағы Йәсауи бейітіне зиярат етеді. Ол Шейх, имам Мұхаммед Әнәфия ұрпағынан екендігі айтылады.

Әмір Темір Шейхтың мүбарак мазарына арнап кесене тұрғызуды бұйырады. Ғимарат күмбезінің биіктігі және ішінің қалыңдығы бұйрықтағыдай болуы шарт деп көрсетілген. Сондай-ақ күмбездің түрлі түсті таспен



безендірілуі, есіктері қайнатылған темірден, ал хауызы қайнатылған тастан қалануы тапсырылған. Мазардың мәрмәр тасы Тәбриз қаласынан әкелініп, тиісті көлемде нақышталсын деп жұмыстарын Мәулана Ұбайдолла Сәдрге тапсырады. Бір жылда аяқталсын деп бұйырады», – деп жазған.

Қорыта айтқанда, Әмір Темірдің өмірі мен жорықтарын бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады:

Әмір Темір бастапқы балалық шағын әке қамқорлығында өткізді, сосын жиырма бес жасында парасатына арқа сүйеп, бақылаушы және үлкендердің бұйрығын орындаушы ретінде өмір кешті. Кейінгі жылдары жасы қырықтан асқан Темір жанартаудың балқып толқынданған отындай ағысы көптеген елдің аумағына жетіп, қысқа уақытта жерлерін басып алып, тұрғындарын қанға бөгеді.

Әмір Темір жастығында қара күш емес, парасат иесі екенін байқатты. Оған дәлел – 1360 жылы Тоғлықтемір хан Кеш қаласына шабуыл жасағанда жиырма бес жастағы Әмір Темір ханның жойқын күшіне қарсы шыға алмайтынын бірден сезіп, асқан зеректікпен ханның билігін мойындап, қаланы ойрандап-тонаудан аман алып қалды. Сосын Кабулдағы Қызғұнның немересі Әмір Үсейін ханзадамен достасудың қисынын тапты. Әрі оның қарындасы Олжай Түркан ханшайыммен үйленіп, «көреген» атағына ие болып, абыройын асқақтатып, ел билеушілердің ішкі дүниесіне жақынырақ үңілуге мүмкіндік алды. Әмір Темір мен Әмір Үсейіннің достығы Олжай Түркан ханшайымның өлімімен аяқталды. Тіпті тақталастық жауластыққа айналды. Бірнеше рет шайқасты. Соңғы соғыс Бәлх маңындағы Үндіуан қамалында Әмір Үсейіннің жеңілісі әрі өлімімен аяқталды. Осылайша Әмір Темір 1370 жылдың рамазан айында Бәлхта дербес биліктің туын желбіретті. Сол кезде өзін Саһибқыран деп атады. Сонда Әмір Үсейіннің төрт жесірімен үйленген соң Мауараннәһрге аттанып, Самарқанд қаласын өзінің астанасы етіп жариялады.

Әмір Темір жорықтарының екінші кезеңі 1370 жылғы тәуелсіз патшалығын жариялаған соң басталды. Бұл бастамасы Әмір Темір өзін Құран хафизы деп жариялаумен ерекшеленді. Бұл – Құран кітабын жатқа білетін білгір маман екенін растайтын атау. Әмір Темір бұл жариялықтан кейін бесжылдық жорықтарын 1370–1375 жылдары бастады. Бұл жорықтарында үш рет Хarezмге шабуыл жасайды. Бірақ мардымды нәтиже болмады. Бес рет Сейһун өзенінің ар жағындағы Жете хандығына жорық жасады.

Келесі жорығын 1379 жылы Хarezмді жаулап алумен бастап, Моғолстан мен Қыпшақ даласын бағындыру ниетімен жалғастырды. Сосын 1381 жылы он жасар ұлы Миран шаһты Хорасан өлкесін жаулауға үлкен қосынмен аттандырды. Артынша өзі оларға қосылып, Нишабур мен Герат қалаларын басып алды. Сосын 1357 жылға дейін Павәнд әулеттерінің қолында болған, одан кейін Мәрәши әулеттерінің билігіне өткен Иранның солтүстігінде орналасқан Мазандаран өлкесіне шабуыл жасап, өз билігіне алды.

Әмір Темірдің келесі бесжылдық жорықтары 1392–1396 жылдары жүзеге асты. Бұл жорықтарында жаулаған әрбір қаланы ағайын-туыстарының бір



баласына тапсырып отырды. Осы жолы Мәскеуді де жаулап алған соң Үндістанға аттанды. Үндістанды кейін 1399 жылы жаулап, қалалар мен аймақтарын бөліске салып, әмірлерін тағайындаған соң Самарқандқа оралды.

Әмір Темір 1399 жылы жорығын Әзірбайжан, Лорестан, Арманыстан, Гүржістан, Шеруанды жаулап алумен жалғастырды. Әмір Темір аталған жылдың күзінде соңғы һәм ең ұзақ мерзімді жорығын бастаған еді. Бұл «жеті-жылдық жорық» деген атауымен Батыс өлкелерден басталып, Мысыр мәмлүктері және Осман патшаларымен болған шайқастар еді. Әмір Темір осы жорықты бастамас бұрын Самарқанд билігін үлкен ұлы Жаһангир шаһтың баласы Мұхаммед Сұлтанға, Әндіжан тағын Омар Шейхтың ұлы Ескендірге тапсырды. Әмір Темірдің жорығы Ираванға 1400 жылдан 1404 жылға дейін созылды. Осы аралықта қазіргі Сириядағы Шам мен Һалап, сондай-ақ Бағдат қалаларын жаулап алды.

Әмір Темір 1400 жылдың соңына қарай Сивасқа жорыққа шығу алдында сақтық шара ретінде әйелдері мен әмірзадаларын Миран шаһтың ұлы Омар баһадүрдің басқаруымен Самарқандқа жіберді.

I Баязид (1360–1402) пен Әмір Темір арасында 1402 жылғы Анкарада болған шайқаста Әмір Темір жеңді. Баязид тұтқында намыстанып, өзіне қол жұмсады. Ол ойын 1403 жылдың наурыз айының сегізінен тоғызына қараған күні Ақшаһарда іске асырды. Әмір Темір Анадолы шайқасынан кейін 1403 жылдың шілде айында Гүржістанға бет алып, ол жерді жаулаған соң Қытай елін жаулау ниетімен жолға шықты. Сол мақсатпен Сыр жағалауының шығысында орналасқан Отырар қаласына жеткеннен кейін ауруға шалдығып, 1405 жылдың рамазан айында, жетпіс бір жасында дүниеден озды.

Темір көзі тірі кезінде Самарқанд қаласында аса көркем мазар ғимаратын өзіне арнап салдырған еді. Сол кесенеде анасы Бибі ханым мен бірнеше отбасы мүшесі жерленген болатын. Әмір Темір өлген соң сонда жерленді.

Әмір Темір отыз алты жыл көптеген елді бағындырып, салтанат құрды. Одан отыз бір ұл, немере, шөбере, шөпшек қалды. Соншама елді қатал саясатымен өзіне қаратқан Әмір Темір ол елдердің мәдениеті мен әдебиетінің өркендеп, дамуына да айтарлықтай үлес қосып, ғажайып жәдігерлерді адамзат тарихына мұра етіп қалдырды. Әмір Темір өлген соң Қара қойынлы мен Ақ қойынлы тайпалары оның кең-байтақ билігін ұрпақтарына тарылта бастады.


Әмір Темірдің өмірлік ұстанымы мен мінез-құлқы Әмір Темірдің қатал ұстанымына қайшы нәзіктік пен әсемпаздық талғаммен бетпе-бет қойып бейнелейді. Өйткені ол соғыс кезінде жауларына қаншалықты қатал болса да, ғалымдар мен өнерпаздарға ерекше ілтипатпен қараған.

Әрбір жорығында кездескен көптеген ғалымдар, суретшілер, құрылысшылар, өнер иелері тағы басқа сондай білімдарларды өз астанасы Самарқандқа ертіп алып келетін. Сондықтан Әмір Темір билік құрған кезең ғылым, өнер мен мәдениет дәуірі болды. Әмір Темір білім мен өнерді ерекше сүйетін. Ол

бағындырған қаланың тұрғындарын өлтіруге бұйрық берген жағдайдың өзінде ғұлама-ғалымдар, діни тұлғалар, өнерпаздарға тиіспеуді бұйыратын. Мәселен, Әлі Сияпуш деген бір сопының өтініш қабыл алып, Анадолияда көптеген тұтқынды бостандыққа жіберген. Сондай бір рауаятқа қарағанда: Әмір Темір Иранның әйгілі шайыры Хафиз ширазиды (1327–1388) қабылдап, онымен сұхбат құрған. Әмір Темір Исфаһан қаласын жаулап, қырғынға ұшыратқан соң 1388 жылы Шираз шаһарына бет алды. Ол кезде Мансұр әл-Мұзәффәр қала әкімі Дезфул жақта болатын. Сондықтан болар, тұрғындар шаһардың қақпасын ашып, Әмір Темірдің кедергісіз кіруіне мүмкіндік берген. Есесіне Әмір Темір тек қана әкімнің туыстарын тұтқындап, өлтірді. Бірақ бірде-бір қала тұрғынына зиян келтірмеді. Дәулет Шаһ Самарқанди «Ақындар шежіресі» атты кітабында жазғандай, Әмір Темір қаланың төріне жайғасқан соң Шираздың ұлы шайыры Хафизді жанына шақыртты. Оған: «Мен семсерімнің күшімен әлемнің басым бөлігін жаулап алдым, мыңдаған қаланы ойрандасам да сүйген Самарқанд пен Бұхарамды гүлдендіріп, әсем қалаларға айналдырдым. Ал сен болсаң «Егер Шираз сұлуы менің көңілімді аулай алса, Үнді қалы үшін Самарқанд пен Бұхараны берер ем» деп жырлапсың. Сонда Самарқанд пен Бұхарадай қаланы бір үнді қалына сыйлай салыпсың», – депті. Хафиз бірден бас иіп, тағзым етіп: «Әй, Сұлтан! Менің осындай орынсыз тартуларым болғаны үшін осы сорлы күйге түскенім ғой», – деп жауап қайырыпты. Әмір Темір шайырдың бұл жауабына риза болып, оған қошемет көрсетіп, сый-сияпат тапсырыпты.

Әмір Темірдің ғалымдарды сыйлайтын себебі оның өзі оқымысты болатын, өз заманының маңызы зор араб, парсы, түркі, моңғол тілдерін еркін білген.

Әмір Темір көшпенді салт бойынша киіз үйде тұрып, жерде дастарқан жайып тамақтануды ұнататын, тай-жылқының етінен жасалған кәуапты қалайтын. Қырық жасынан бастап бес уақыт намазын бірде-бір рет қаза етпестен оқып жүретін мұсылман сүнни әнәфи (ханафи) мазһабында болған. Самарқанд қаласының гүлденуіне ерекше көңіл бөлгені соншалық – тіпті соғыс кездерінің өзінде Самарқанд қаласын абағтандыруға жаулап алған өлкелерінің шеберлерін жіберіп отырған. Осылайша Самарқандта көптеген сарай мен мешіт тұрғызды. Бұйрығын орындамаған адамдарға қатаң шара қолданатын. Темірдің бұл мінезін білген басшылар оның үкімін бұлжытпай орындайтын. Өзіне қиянат жасағандардың терісін тірідей сыпырып алғызатын. 1941 жылы Темірдің қабірін ашқанда арада ғасырлар өтсе де сүйек қаңқасы бастапқы калпында аман қалғаны айтылады. Оның сол аяғы оң аяғынан қысқалау екені де байқалыпты. Бас сүйегінде сақалынан бірнеше тал қынамен боялған күйінде қалған екен.



Әмір Темірдің Франция патшасы VI Шарльға жазған хаты

Қателікке толы бұл хатты Сұлтания аймағының шіркеу басшысы II Жан Әмір Темір атынан 1402 жылдың тамыз айында жазған. Париж қаласының ресми құжаттар мұрағатында № 937 нөмірімен сақтаулы тұр. Онда Әмір Темір Франция мен өз патшалығы арасында саяси-экономикалық қарым-қатынасының нығая түсуіне пікір айтып, құрмет білдірген.



## **БАБЫР ЖӘНЕ ӘУЛЕТТЕРІНІҢ АЛТЫН ДӘУІР ИМПЕРИЯСЫ**

Ислам дүниесінің өркендеп, қанат жаюына өлшеусіз үлес қосқан Бабыр мен оның әулеті Ислам тарихында мәдениет пен өнерді бағалау мен дамыту жолында өзгеше орын алған.

Бабыр империясының негізін қалаушы Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр 1526 жылы құрған патшалық тағына небәрі төрт-бес жыл отырып, 1530 жылы дүние салды. Патшалық 1526 жылдан 1857 жылға дейін Үндістан құрлығының үлкен бөлігін, яғни бүгінгі Үндістан, Пәкістан, Бангладеш және Ауғанстанның бір бөлігіне билік құрып келді. 1707 жылға дейін өркендеудің биік шыңына жетіп, кейін бірте-бірте төмендей бастады. Сол себепті еуропалық ғалымдар 1526–1707 жылдар аралығын Бабыр патшалығының ұлы дәуірі, 1708–1857 жылдарды Бабыр патшалығының кіші дәуірі деп бөліп қарастырған. Бабыр патшалығының соңғы билеушісі II Баһадүр шаһ 1857 жылы үкіметтің билік тізгінін Британия патшалығына тапсырды.



## **ЗӘҺИРЕДДИН МҰХАММЕД БАБЫР (1483–1530)**

Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың саяси-әскери жетістіктерінің басты ерекшеліктері 1526 жылы Үндістанда негізін қалаған империясы ұрпақтары арқылы 1858 жылға дейін, яғни 323 жыл бойы саяси билігін жүргізді. Екіншіден, саяси үстемдігін елдің мәдени-рухани табыстарға жетуіне жұмсай білді. Осы екі бағытта Бабыр өміріне тереңірек зер салайық.

Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың шығармалары XII ғасыр аясында дүниеге келген Жүсіп Баласағұн, Қожа Аһмет Йәсауи, Маһмұд Қашғари сынды түркі әдебиетіне қалдырған мұралары қатарында әлем мәдениетінің өрісін кеңейте түсті. Өйткені Бабыр сол дәуірдің соңғы түркілік әдебиетінің кемеңгер ақыны Әлішер Науаимен қанаттас, шығармалары әлемнің көптеген тіліне аударылды.

Зәһиреддин Бабырдың тегі атақты қолбасшы, әлемді жаулаушы әйгілі Әмір Темірдің бесінші ұрпағы болып келеді. Ферғана өлкесінің астанасы Әндіжан қаласында дүние есігін ашқан. Түркінің Барлас деген тайпасынан шыққан Бабырдың әкесі Омар Шейх мырзадан небәрі 12 жасында айырылды. Бұл жайында Бабыр: «Тәңірі Тағаланың қолдауы, жаратылыс төресі болған әзіретінің шарапаты, шәдиярлардың риясыз ниеті кеңістігінде сейсенбі күні, рамазан айының бесінде, сегіз жүз тоқсан тоғызда (1494 милади) Ферғана уәлаятында он екі жаста патша болдым», – деп жазады «Бабырнама» [1-б] кітабында.

Бабырдың анасы – моңғолдың Шыңғыс ханнан тараған екінші ұлы Шағатайдың ұрпағы. Ферғана даласында ол кезеңде «моңғол» сөзін моғол дегендіктен, халық Бабыр мен оның ұрпақтарына «моғол» атын берген. Бұл атау кейін Үндістанда Бабыр құрған империяның да атауына айналды. Ал шын мәнінде Бабыр – Барлас атты түркі тайпасынан тараған ұрпақ. Әрине, анасы моңғол текті болғаны үшін Зәһиреддиннің бет-әлпеті моңғол мен ортаазиялық кейіпке ұқсас, кең жауырынды, қарасы аз қысыңқы көзді, аққұба жүзді болып келген. Ол өзінің түп нағашыларын аса ұнатпаған. «Бабырнама» еңбегінде: «Қашанда жаманшылық пен бұзақылық моңғол ұлысынан болып келген» [86-б.] немесе «Моңғолдар періштелердің руынан болса да, олардың мәртебесі арта түспейді, тіпті, олардың алтынмен құйылған есімдері де адамға аса сенім туғызбасы хақ», – деп атап көрсетсе де оның құрған империясын еуропалықтар «моңғол» не «моғол» деп атап келді.

Бабыр кішкентайынан Әндіжанда тәрбие алды. Небәрі 12 жастағы баланың жастығына қарамастан мемлекеттік кеңес Әндіжанның патшалық тағына отыруын жөн санады. Сонымен қатар көршілер, сұлтандар, бектер мен

хандардың көптеген туысы әлі тәжірибесі аз ханзаданы жолдан тайдыру үшін амал-әрекеттерін жасап бақты.

Осылайша билікке жастайынан араласып, саяси түйткілдерді бүге-шігесіне дейін меңгерген Бабыр талай белестер мен асуларды бағындырып, тарихта өз қолтаңбасын қалдырды. Әмір Темірдің ұрпақтары тұсында, XIV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың алғашқы ширегінде әдебиет қарқынды дамыған. Сол кездегі Науаи, Жәми сынды ірі ақындардың қатарында Бабырдың да орны айрықша болды. Саяси-экономикалық жағдай тұрақсыз болып тұрған дүрбелең кезеңнің өзінде әдебиет, өнер, ғылым салалары Әмір Темір ұрпақтарының назарынан тыс қалған емес.

Бабыр тәжік, өзбек, қырғыз елдерімен аралас-құралас жатқан Ферғана уәлаятының тағына аласапыран заманда отырды. Ол бабаларынан мұраға қалған иеліктерді сақтап қалу үшін Әмудария мен Сырдария аралығында бір орталыққа бағынатын мемлекет құрмақшы болды, бірақ талпынысынан еш нәтиже шықпады. Себебі бір жағынан Жетісу аймағындағы Моғолстан хандарының, екінші жағынан өзіне бәсекелес атақты Мұхаммед Шейбаниің жорығына төтеп беру мүмкін емес еді. Осы арада Бабыр өз елінен қуылып, Кабул мен Үндістанға жол тартты. Жат жерде Кабул, Бадахшанды өзіне қаратып, патшалық құрып, ғимараттар, мектептер мен медреселер салдырды. Үндістанға жасаған бірнеше жорығы нәтижесінде ол Ганганың аяғына дейінгі, Кабулдан Бенгалға дейінгі аралықты өзіне қаратты. Агра қаласын империясының астанасы етіп, қала ішіне су жүретін каналдар, монша, ғибадатханалар, кітапханалар салдырды. Өз жанына қаламгер, сәулетші, әнші, музыканттар мен тарихшы-ғалымдарды жинады және Орта Азия елдері һәм Ресеймен сауда-саттық қарым-қатынасын арттыра түсті.

Атақ пен даңқ Бабырға 30 жылдан астам уақыт Орта Азия үшін болған күрестен кейін жетті. Қажыр мен еңбек, төзімділік пен байсалдылықты бір бойына сыйдыра білген ол Орта Азия даласына да мықтап табан тірегісі келді, Темір империясының астанасы – Самарқандтан өз билігін жүргізгісі келіп, Самарқандқа жорықтар жасады. Бірақ нәтижесіз болды. Өйткені Бабыр туған және он екі жаста сонда патшалық тағына отырған Әндіжанға алаңдап, оны қорғайын деп Самарқандтан да айырылғаны бар. Бұл жайында: «Әндіжанға бола Самарқанд иелігін бердік, Әндіжан да иеліктен шықты. Бұл жерден қуылып, ана жерге жете алмай қалған ғапыл дегенге сай болдық. Өте ауыр болды. Өйткені патша болғалы мұншама нөкірден һәм уәлаяттан айырылған емеспін. Өзімді білгелі мұндай азап пен тауқымет көрмеген едім» [72 б.], – деп жазған.

Бабыр отбасылық қарым-қатынас ережелеріне мұқият қараған. Сондықтан текті жерден үйленген әйелдерінің ешқайсысын ренжіткен емес. Кабул гаремдерінде оның 18 баласы дүниеге келді. Тап осы жерде ол сұлу да ажарлы Маһим ханымды кездестірді. Ол Бабырдың мұрагері Іһмаюн мен қызы Дилдар Бегім және ұлы Һиндалдың анасы болған.



Ал кейін әскери жорықтарында Пәштун тайпасынан тарайтын Жүсіп Зей руының қолбасшысы болған кісінің қызы Бибі Мұбарикамен үйленді. Бибі ақылды әрі сұлу болған. Бабыр жорықтарда оны ұдайы өзімен бірге ертіп жүрді. Сол үшін ауғандар соғысқан кездерде Бабыр мен ауғандар арасының шиеленісіп кетпеуіне күш жұмсайтын. Мәселен, ауғандар тұтқынға түскенде Бибі араша түсіп, оларды босатып жіберуді Бабырдан сұрап, «Мені шын ұнатсаң, соларға рақым-мейірімінді төге гөр!» – дейтін. Сондай-ақ елінің басына түскен ауыртпалық пен қиыншылықтарды жеңілдетуді патшаға өтініш жасап жүріп, көндіретін. Бабыр оның ақылына, пәк көңіліне сенетін. Бірақ Бибі Мұбарика сұлуының бір қыздан кейін ұл бала көтере алмайтын жағдайы Бабырды қатты толқытты. Десек те Бабырдың бұл дүниедегі дәптерінің соңғы парағын Бибі Мұбарика жапты. Бұл жайын жазбамыздың соңында оқисыз.

Бұрын айтқанымыздай, Бабыр Үндістанда Моңғол империясының негізін қалады дегендер бар. Ал шын мәнінде Бабыр моғолдарға бар-жоғы «көреген» ретінде қатысы бар еді. Бабыр моғол емес. Ол – түркінің Барлас тайпасынан шыққан жан. Сондықтан оның Үндістанда құрған патшалығын Бабыр империясы деп атаған жөн. Бабыр Үндістанды жаулап, 1525–1530 жылдарда бес жылдай сонда билік құрды. Бабыр және оның ұрпақтары Үндістан жерін билегенде елдің мәдениеті мен сәулеті жарқырай түскенін зерттегендер айтқан. Иранның әйгілі энциклопедиялық көптомдық Мұхаммед Мүйін атты кітабында: «1526 жылы Солтүстік Үндістан жерінде Бабырдың басқаруымен Жаңа Моғол ұлы империясы дүниеге келді. Агра қаласында орналасқан Тәж-Маһал, Маржан мешіті күні бүгінге дейін бірегей сәулет өнері ретінде Бабыр империясының даңқы асқақтап тұруына өз үлесін қосып келеді. Бабыр саяси істердің білгірі болғандықтан ол құрған мемлекет ұрпақтан-ұрпаққа өз жалғасын тауып, 1858 жылға дейін, яғни 323 жыл бойы Үндістан елінде билігін жүргізген», – деген қорытынды жазған.

Иран елі Әмір Темір әулеті билік құрған кезде идеологиялық, діни және мәдени бағыттарда оң өзгерістерге қол жеткізді. Өйткені Әмір Темір шаһзадаларының басым көпшілігі ақын немесе ақынжанды, әдебиетсүйер жандар болған. Олардың парсы мен түркі тілдерін жетік меңгеруінің арқасында парсы тілі мен әдебиетінің Түркістаннан Үндістанға дейінгі аралықта кеңінен қолданысқа енуіне септігін тигізді. Осының өзі түркілердің әлем әдебиетіне парсы поэзиясы арқылы да өз үлесін қосқанын айғақтайды.

Түркі мен парсы әдебиеті бір-бірімен біте қайнасып, ұштасып жатқандығы Бабырдың түркі тілінде жазған «Бабырнама» атты естелік кітабында айқын көрініс тапқан. Сондай-ақ туған бөлесі Мырза Айдар «Тарих-и Рашиди» еңбегін парсы тілінде жазғанын ескерсек, Түркістан мен Мәураннәһрде түркі мен парсы әдебиеті тығыз қарым-қатынаста болғандығын байқатады.

Бабыр шығармашылығы – орта ғасырда түркі әдебиетінің поэзиясын ғазал, рубаи жанрлары арқылы дамыта отырып, «Бабырнама» туындысымен прозаның

тамаша үлгісін танытқан. Ол ескі парсы, түркі-шағатай, үнді, тәжік тілдерінің білгірі болған. Соның арқасында «Бабырнама», «Мұфәссәл» (аруд жөнінде), «Рисале-и һәрбия» («Шайқас жайындағы трактат»), «Рисале-и мусика» («Музыка туралы трактат»), «Мұбайын» (шариғатқа байланысты «Өсиетнама»), және «Хатт-е Бабыри» («Бабыр жазуы») атты шығармалары бар. Әрі Қожа Аһмет Аһрардың «Рисалейе Вәлидие» атты еңбегін парсышадан түркі тіліне тәржімалаған. Бабыр қаламгер-ғалым ретінде ғана емес, Үндістандағы Бабыр империясының негізін қалаушы, ержүрек қолбасшы, мемлекет қайраткері ретінде де тарихи ірі тұлғалар арасында ерекшеленіп тұрады.

Бабыр «Бабырнама» естеліктерін қарапайым, тартымды түркі тілімен 1519–1530 жылдар аралығында жазған десек те, кітап 1494–1529 жылдардағы оқиғаларды қамтиды. Еңбектің басты артықшылығы – сенімді мәліметтер бергенімен аса құнды. Бұл еңбекте Бабырдың өмірімен кеңінен таныса отырып, көптеген пайдалы дерекке тап боламыз. Сондай-ақ кітапта Орталық Азия, Ауғанстан, Үндістан һәм Пәкістан елдерінің сол дәуірдегі тіршілігі, тарихы, географиялық ерекшеліктері мен экономикалық-әлеуметтік ахуалынан да мол мағлұмат бар. «Бабырнаманың» бір түркі және бірнеше парсы тіліндегі нұсқасына қарағанда бәрі 1529 жылғы оқиғаны жаза бастаған, бірақ аяқталмаған. Сонда «Бабыр неге әңгімесін аяқтамай қойған?» немесе «Аяқталған жазбасының бір бөлігі жоғалып кетті ме?» деген сұрақ туындайды. Бұл сұрақтарға жауап табу келешек зерттеушілер еншісіне қалады.

Бабырдың 119 ғазал, 200-ден аса рубаиы болған. Бабыр өмір сүрген кезеңде Әмір Әлішер Науаи, Шаһ Исмайыл Сәфәви (Хәтаи) сынды түркі ақындарымен терезесі тең болып, XV–XVI ғасырдағы түркі әдебиетінің биік тұлғасы ретінде көріне білді.

Бабыр – табиғатынан жан-жақты дарын иесі. Себебі ол семсер ұстауда, оқ атуда, тұлпар мінуде, адам жанын ұға білуде, жеке немесе топтасқан адамдарды басқара білуде аса қабілетті болған. Өмірінің қиын сәттерінде де өз ұстанымына шексіз сенімділік танытып, Алланың жәрдемінен үміт үзбеген. Қатал да залым болмаған, керексіз жерде қан төкпеген, өртеп күйретуді ұнатпаған. Бірақ бір нәрсені қажет деп дйттесе, ең қатаң шараларға барудан да бас тартпаған ерекше дарынды тұлға болған.

Бабырдың қаламынан туған өлеңдер жинағы, әдебиет теориясы, тарихи оқиғалар, географиялық мәліметтер мен қолжазбалар әр ғалымның ізденісін қажет етіп тұрған құнды дүниелер болып саналады. Бабырдың бөлесі Мырза Айдар алғашқылардың қатарында «Бабырнама» қолжазбасын оқып, оны көшіріп жазған. Бірақ оның көшірген нұсқасы әзірше табыла қойған жоқ. Мырза Айдар Бабырдың кітабын «Тарихтың оқиғалары» деп атаған. Бабырдың әкесінің өлген жайын «Бабырнамадан» түркі тілінде айна-қатесіз өзінің «Тарих-и Рашиди» кітабына көшіріп жазған. Онда: «Дүйсенбі күні, Рамазан айының төрті. Омар Шейх кептер мен кептерханасымен бірге ұшып сұңқар болды. Отыз тоғыз жасында еді» («Бабырнама». – 7 б.). Шындығына келсек, Мырза



Айдар «Бабырнама» шығармасын жақсы оқығаннан кейін «Тарих-и Рашиди» кітабын жазуға бел буғанын байқауға болады.

«Бабырнаманың» аудармаларын сөз еткенде алғаш рет XV ғасырда Әбдірахман хан парсы тіліне аударып, «Вақеат-е-Бабери» («Бабыр дәуірінің тарихи оқиғалары») деп атап көрсеткен. Кейін «Бабырнама» атауымен дүниежүзінің 32 тіліне аударылған.

Қазақ тарихына қатысты «Бабырнама» еңбегін қазақтың ойшыл, даңқты ақыны Абай Құнанбайұлы «Қазақтың қайдан шыққаны туралы» атты әңгімесінде пайдаланғаны мәлім. Қазақ тіліндегі аудармасы 1990–1993 жылдары тарихшы Байұзақ Қожабекұлы тарапынан іске асты.

«Бабырнама» Үндістан мен Орталық Азия үшін құнды тарихи еңбек болып есептеледі. Оның әдеби стилі, көркем туынды ретіндегі жанрлық негізі жайлы ортақ пікір қалыптаспаса да, шығарманың басты кейіпкері Бабырдың өз образын сомдап қарастырғандығы үшін мемуарлық (ғұмырнамалық) шығарма қатарына жатады. Онда Бабыр өзін бояусыз суреттеген. Шығармасында өзіне тән қасиеттерді мақал-мәтелдер, даналық сөздер арқылы беріп, шеберлігін көрсете білген. Сондықтан ғалымдар еңбегін ішкі жан дүниесін эмоциялық тұрғыда, тарихи-философиялық негізде сипаттайтын туынды деп есептеді.

Бабыр шығармаларында кездесетін философиялық, психологиялық және лирикалық элементтері өзі өмір сүрген кезең үшін жаңашылдықпен тең. Себебі ол туындыларында тек өз ойын шебер жеткізуді ғана емес, оқырманмен сырласу секілді тәсілдерді де қолдана білген. Бұл тәсіл орта ғасыр жазбаларында кездеспеген жанрдың бірі болатын. «Бұл жағдай жаныма қатты батты, көзімнің жасын тыя алмай, көп жыладым» не «менің өлгім келді» дегені жан дүниесіндегі шарасыздықты оқырманның алдына жайып салып, онымен сырласа кеткенін байқатады. «Үлкенді-кішілі бауырларым азды-көпті жамандық жасағанымен, оларға өшпенділік ойлау маған жат қылық көрінетін де, жамандыққа жамандық жасау әркімнің қолынан келеді деп көңілімді жұбататынымын» деген монологтер автопсихологиялық лирикалық кейіпкер бейнесін ашып көрсетеді. Мемуарлық (өмірбаяндық) т.б. жанр түрлерінде қолданылатын ішкі ой – монолог, диалог, түс көру, еске алу т.б. көркемдік тәсілдер психологиялық прозада еріксіз күрделеніп, кейіпкердің жан дүниесіне тереңдей еніп, рухани әлемді қазбалай талдауға талпынады. Өйткені жанрдың табиғаты мен стиль ерекшелігі соны талап етеді. «Бабырнама» – философиялық жағынан һәм психологиялық тұрғыдан да бейнелі шығарма. «Ата-бабаларымнан қалған иеліктен айырылған соң, басқа жерден бақ сынау шешімі келді» деген жолдарынан Үндістанға жорық жасап, жаулап алғаны үшін үнді жұрты мен ұрпақтарының алдында ақталғысы келетінін сездіретін сияқты.

Бабыр шығармасында дидактикалық тағылымды шығыстық үлгіні шебер пайдалана біледі. Ол: «Бұзықтық пен зинақорлық Сұлтан Маһмұд мырзаға бақытсыздық алып келді, оның ұлдарының бәрі жас кезінде дүние салды», – деп жазады [8, 48-б.]. Табаламаса да үндеу салғандай болып отыр. Тағы

бірде шиеленіскен оқиғаны баяндай келіп: «Құсайын Бақидың жағдайын естіп, жолын торып, оны оп-оңай қолға түсірді. Бақиды өлтіріп, оның әйеліне үйленді, бірақ ол өз опасыздығының сазайын тартты. Адамға жамандық жасасаң, алдыңнан шығадының кері келді» деп, кеселді қылықты сынға алды. Шығармасында ол кейіпкерлерінің азғын қылығын» Қожа Абдолла ұяттан безген, зинақор, бұзылған адам еді. Соның салдарынан ауруға ұшырап, үстін жара қаптап, ақыры аяқ-қолынан айырылып, сал болып, біраз жыл қорлық көріп, ғұмыр кешті де, осы ауру оның түбіне жетіп, бұ дүниемен қоштасты» деген жолдары арқылы әшкерелейді. Ізгілік атаулыны сүйіп, шығармаларында «Қайырымдылыққа жол сілтеген адам жасампазбен бірдей бағаланады» дейді ол ар-ождан мәселесін сөз еткен тұста. Бабыр осылайша келер ұрпақтың жүрегін оятып, оларды озат мақсат-мұраттарға тартуға ұмтылады.

«Бабырнамада» молынан қолданылған өлең үлгісінің бірі – ғазал. Класикалық түркі поэзиясындағы лирикалық жанрға жататын ғазал – Бабыр шығармасының ішінде ерекше дамытқан жанр. Бұл жанрдың образдық жүйесін бірнеше ғасыр бойы араб әдебиетінің өкілдері, кейіннен парсы және түркілер қалыптастырғаны белгілі. Бабыр сынды өз заманының озық өкілдері өздеріне дейін бірнеше ғасыр бойы қалыптасқан дәстүрді, әдеби ережелерді ұстанды. Ирандағы Омар Хайям іспетті түркі поэзиясында Бабыр да ғазал, рубаи жазудың хас шебері атанды. Парсы-тәжік жазба поэзиясында ғазал жанрымен алғаш өлең жазған Рудаки болса, Бәлхи, Дәкики, Санаи, Қожа Хафиз, Сағди секілді Бабырдың поэзиялық мұрасы – осы Шығыс алыптарының шығармашылығын түркілік таныммен байытқан дәстүрлі жалғасы. Бабыр әсіресе Науаи сынды көркемсөздің хас шеберінен үлгі алып, солардың ақындық дәстүрін дамытты.

Түркі поэзиясына Бабырдың тағы бір қосқан үлесі – төрттаған жанры (төрт тармақты парсыларда арудық өлшеммен жырланып, өзіндік ережеге сай «рубаи» деп аталды). Көлемі шағын мұндай лирикалық өлеңдер философиялық, танымдық, тәрбиелік, сүйіспеншілік мәселелері жөнінде сөз қозғайды. Бір сөзбен айтқанда, төрттаған – көлемі шағын болғанымен, мүмкіндігінше мол мәліметті жинақтап, тұжырымдап, оқушысын белгілі бір қорытынды ойға жетелейді. Мазмұн, пішін жағынан болсын рубаи жанрын түркілік ортаға орнықтырып, мінсіз төрттағандар қалдырған Науайдан кейін Бабыр еді. Оның төрттағандарында нәзік сыршыл сезімге толған мағыналық ұйқас сыртқы көркемдік бітіммен үйлесе келе ақын талантын айғақтай түседі.

Бабыр төрттік түрінде өз жүрегіне жақын көретін аяулы адамына деген өкпе-назын, онсыз жүрегінің жалғызсырайтынын жел бейнесі арқылы білдіруге тырысады. Бабыр өлеңдерінде көтерілген сан салалы тақырыптарды жинақтай келе зерттеуші И.Ч. Хаккулов оның рубаиларын шартты түрде екіге бөледі. Біріншісі – дәстүрлі тақырыпта жазылатын төрттағандар, ал екіншісі – белгілі бір жайттарға байланысты жазылған рубаилар. Ғалым Бабыр шығармашылығында осы екінші арнаның басым түсетінін ерекше атап көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Бабыр қатардағы патша, қолбасшы, ақын, жазушы болмаған. Ол адамдық қасиетінің жоғары болғанымен ерекшеленген. Бабырдай тұлғалы адамның биік болуы тектілікке де байланысты. Себебі сондай даңқ пен мансапқа ие бола тұрып, шайтани нәпсіге жол бермей, тақуалық пен имандылықтың арқасында сенімін одан әрі шыңдай түсті. Оның ізгі қасиеттері зерттеушілер назарынан тыс қалған емес. Ірі тұлға ретіндегі көрінісі саясат пен әдебиетте ғана емес, парасатты сардар ретінде майдандағы іс-әрекетінен де көрініс тапқан. Сонымен бірге адамзат тіршілігіне жасаған игілігі де саудасаттық қатынастарда ұстанған саясатында орын алды. Дос-жаран мен ағайын-жекжатқа барынша мейірлі болды. Тіпті жақын ағайындарының адамзатқа лайықсыз өрескел қылықтарын сынап білді. Мысалы, немере ағасы Маһмұд мырзаның адамзатқа жат қылықтарын «Бабырнама» кітабында бүркемелемей-ақ сынайды. Ол бойын жамандықтан аулақ ұстап жүргені үшін де өзін жападан-жалғыз сезініп, бір Алламен сырласуға жүгініп, илаһи махаббатын сопылық сарындағы поэзиясына өзек етеді.

Өмірінің ақырғы сапарына аттанар алдында өз билігін ұлдарының үлесіне бөліп берді. Атап айтсақ, Үндістан өлкесінің ауқымды аймағын үлкен ұлы Һұмаюнға берді. Сосын Пенжаб, Кабул, Кандаһар аймақтарын иеленген ұлдары Һұмаюнға бағынуы тиіс деген үкім шығарды.

Зәһиреддин Бабыр аласапыран саяси тартыстың ортасында жүріп, талай белесті бағындырып, 1530 жылы желтоқсанның 26-сы күні, небәрі 48 жасында Агра қаласында дүние салды. Бірақ тағдырдың жазмышымен қазіргі Ауғанстан Ислам Республикасының астанасы Кабул қаласындағы «Бабыр бағы» деген саябақта жерленді.



Кабулдағы Бабыр бағы

Бабыр Агра қаласында қайтыс болғаннан кейін Кабул қаласына жерленуі де жайдан-жай болған жоқ. Ол Үндістанға сан рет жорық жасағанда солтүстік

бағытынан өтуге мәжбүр болатын. Ол аймақ Поштун тайпасының билігінде болған. Ол тайпаның басшысы Жүсіп Зи болатын. Олар Пишавәр қаласының солтүстігінде орналасқан Суат шатқалын мекендейтін. Олардың арасында өте беделді Шаһ Мәнсүр деген ақсақал болған. Бабыр Үндістанға жорықтарында аталған аймақтан аман-есен жүріп-тұруға сол ақсақалдың Биби Мұбарике атты қызымен үйленіп, құдандылық жолмен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Биби Мұбарике бір қыздың анасы болған. Тайпалық салт-дәстүрге орай Бабырды өз күйеуі ретінде қатты сыйлаған. Сондықтан Бабыр қайтыс болғанда оның мәйітін түйеге артып, Агра қаласынан Кабулға жеткізіп, ерекше сән-салтанатпен жерледі. Сосын Бабырдың алғашқы астанасы Кабулда үш айдай тұрақтап, кейін Делһиде өз бауыры және Бабырдан туған қызымен өмірінің соңына дейін тұрды.

### Түйін

Мырза Айдар Дұғлат «Тарих-и Рашиди» кітабының авторы Бабыр патшамен туған бөле болған. Жүніс хан қыздарының бірі Құтлық Нигар ханым – Бабырдың әкесі Омар Шейхқа, енді бірі Хуб Нигар ханым Мырза Айдардың әкесі Мұхаммед Үсейін Мырзаға тұрмысқа шыққан. Бабыр бөлесінен он алты жас үлкен болған. Мырза Айдар жетім қалғанда бірнеше жыл Бабырдың қамқорлығында болып, оның тәрбиесін алған. Бұл жөнінде, сондай-ақ Бабыр туралы көп жайтты Мырза Айдар «Тарих-и Рашиди» еңбегінде жазған. Бабыр да «Бабырнамада» бөлесі жайлы сөз қозғайды. Мырза Айдар «Бабырнама» шығармасын оқып, көшіріп жазған соң «Тарих-и Рашиди» еңбегін жазуды ойлап, іске асырған. Мырза Айдар өз еңбегінде Бабырдың әкесінің өлімін: «Дүйсенбі күні, рамазан айының төртінде Омар Шейх Мырза жардан кептерханасымен бірге ұшып, сұңқар болды. Отыз тоғыз жасында еді», – деп «Бабырнамадан» түркі тілінде қаз-қалпында беріп, шығармамен етене жақын таныс екендігін растайды. Мырза Айдар мен Бабырдың қарым-қатынасын екеуінің шығармаларында берілген мәліметтерге қарап зерттеп жазу – кез келген ізденушіге тамаша тақырып. Сол арқылы Орталық Азия, Иран, Ауғанстан, Үндістан тарихының саяси-мәдени байланысының бір қырына қанық бола аласыз.

### Әдебиеттер

1. Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама (түркі тілінде) / Шығарушы топ: Һедәйәтолла һедәйәт және әулеттері. – Ауғанстан: Мазаршәріп, 1387. – 555 б.
2. Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама / Орыс тілінен аударған Байұзақ Қожабек. – Алматы: Жалын, 1990 – 320 б.
3. Мырза Мұхаммед Айдар Дулат. Тарих-и Рашиди. Парсы тіліндегі текстологиялық қолжазбасы.
4. Уикипедия-қазақша.
5. Жеменей И., Жеменей А. Тарих-и Рашиди энциклопедиясы. – Тараз университеті, 2014. – 220 б.



## НӘСИРЕДДИН ҺҰМАЮН ШАҢ (1508–1556)

Нәсиреддин Һұмаюн – Бабыр құрған патшалықтың екінші патшасы, Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың ұлы. Ауғанстанның Кабул қаласында дүниеге келіп, қырық сегіз жасында Үндістанның астанасы болған Делһи қаласында қайтыс болып, сонда жерленді.



Делһи Һұмаюн патшаның кесенесі

Һұмаюн бар-жоғы он екі жасында билік дәмін тата бастады. Ол 1520 жылдан – 1529 жылға дейін Бадахшан уәлаятының билеуші әмірі болды. Бұл жайында Мырза Айдар Дулат «Тарих-и Рашиди» кітабының екінші дәптерінің «Саид ханның Бадахшанға екінші жорығы және сол күндерде болған оқиғалардың себептері жайында әңгіме» атты сексенінші тарауында егжей-тегжейлі баяндап береді. Онда: «Бабыр патша 1529 жылында Һұмаюн мырзаны Бадахшаннан шақыртып алды. Бұрын айтылғандай, бұл оқиғаның мән-жайы былай болған: Мырза хан ибн Сұлтан Маһмұд мырза ибн Әбусаид мырза Бадахшанда қайтыс болғанда одан Сүлеймен атты бір ұл қалды. Бабыр оны өз жанына алып кетіп, Бадахшанды үлкен ұлы Һұмаюнға тапсырды. Һұмаюн патша 1520–1529 жылдары Дәдәхшанда патша болды. Бабыр Үндістанды жаулап алып, мемлекет бағын жаулардың қаптаған тікенінен тазартқан кезде патшадан ержеткен екі ұл болған: Һұмаюн мырза, Камран мырза. Камран мырзаны Қандаһар тағына отырғызды. Һұмаюн мырзаны өз жанына шақыртты. Өйткені кенеттен өле қалса, орынбасар дайын болсын деп ойлады. Бадахшан тұрғындары Һұмаюн



мырзаға: «Бадахшан Өзбек аумағында орналасқан. Өзбектің көңілінде ежелден кек бар. Біздің әмірлер оларға қарсы, бұл уәлаятты қорғап қала алмайды», – деді. Һұмаюн мырза: «Дұрыс айтасыз, бірақ мен әкемнің бұйрығынан аттай алмаймын. Дегенмен барғанда тез арада бауырларымның бірін осында жіберемін», – деп елді жұбатып, Үндістанға бет алды. Бабыр «ажалы жақындай түскенде Һұмаюн патшаны Бадахшаннан шақыртып алып, барлық әмір мен жаһан жұртын оған, жанын Жаратушыға тапсырды. Һұмаюн патша әкесінің орнына таққа отырған соң, Бабыр патшаның күйеубаласы һәм онымен жақын жүрген үлкен лауазым иесі Мұхаммед Заман Мырза ибн Бәдиһ әз-Заман Мырза ибн Мырза Сұлтан Үсейін сынды өзге де беделді шенеуніктер Һұмаюнға қарсы даңғыра қағып, қынадағы дабылын шулатып жатты. Һұмаюн патша соның бәрін парасатпен басты.

Әкесі мұраға қалдырған Үндістандағы аймағының барлығын иелігіне алып, Гәжратқа жорық жасап, оны да жаулады. Бірақ бауырлары мен әмірлердің қарсылықтарына орай Гәжратты тастап, кері оралды». Һұмаюн шаһ 1530 жылдан 1540 жылға дейін бүгінгі Ауғанстан, Пәкістан және Үндістанның солтүстігінің басым бөлігіне билік етті. 1540 жылы Шир шаһ Сури (1486–1545) деген бәсекелесі патшалық тақты Һұмаюннан тартып алып, бес жыл отырды (1540–1545) Шир шаһ Суриден кейін оның ұлы Ислам шаһ Сури патшалық тізгінді қолға алып, он жылға жуық билік етті (1445–1454). Һұмаюн патшаның Шир шаһ Суриден жеңілу себебі туған бауыры Камран мырзаның таққа таласуынан болды. Сол бәсекелестің салдарынан Һұмаюн шаһ әлсіреп, Шир шаһ пен Баһадүр шаһтың шабуылына төтеп бере алмай, 1539 жылы Бегзар мекенінде болған шайқаста жеңіліс тапты. Асылында, Һұмаюн шаһ әскерінің әлсіз екенін байқап, соғыспай-ақ Биһар мен Бәнгал аймақтарын Ауған патшасы Шир шаһқа тапсырмақ еді. Бірақ ауған әскері қапыда Һұмаюн шаһ әскерінің сыртынан тап беріп, шабуыл жасады. Андаусызда қоршауға алынған Һұмаюн шаһтың әскері әуре-сарсаңға түсіп, жан-жаққа үдере қашты. Абайсыздықтың кесірінен үнді әскерінің көбісі Гәнжиз өзеніне батып, мерт болды. Сөйтіп Һұмаюн дүрбелең соғыс майданынан аман-есен құтылды. Есесіне Шир шаһ ауғандардың қаһарман тұлғасына айналды.

Һұмаюн бұл оқиғадан кейін Шир шаһпен қайта шайқасуға дайындалды. 1540 жылы Конуж мекенінде оның әскерімен соғысып, тағы жеңіліске ұшырады. Басын аман алып қалу үшін тәж бен тағынан безіп қашуға тура келді. Әуелі бауыры Камран мырзаның иелігіндегі аумаққа қашпақ болды. Бірақ бауыры оның паналауына рұқсат бермеді. Һұмаюн амалсыз Сенд өзені арқылы Иран жаққа бет алды. Оны Иранда I Шаһ Тәһмасп (1514–1576) қабылдады. Содан 1554 жылы, он бес жылдан кейін тағын ауған бәсекелестерінен қайтарып алды. Сөйтіп, екінші рет Үндістанда 1555–1556 жылдары патша болды. Һұмаюнның соңғы патшалық мерзімі ұзаққа созылған жоқ. Өйткені тағдыр жазып, Делһи қаласындағы кітапханасының баспалдағынан абайсызда құлап, дүние салды.





Ғұмаюн-шаһ Тәһмасп Сәфәви патшаның құзырында.

Бұл сурет Исфahan қаласындағы Чехел сүтун сарайының қабырғасына салынған

Ғұмаюн патша өнер, әдебиет пен мәдениетке өте жақын болды. Бұл Әмір Темір ұрпақтарының басты ерекшелігі ретінде тарихта өшпес із қалдырды. Ғұмаюн шаһтың өнерпаздарға жылы қабақ танытқаны Иранның көптеген шебер, құрылысшылары мен сәулетшілері Ауғанстанның Қандеһар мен Кабул қалаларында шеберханаларын ашып, шыңдала түсіп, кейін Үндістанда басқа шеберлердің жетекшісі болып, архитектура саласында Үнді-Иран мектебін қалыптастырды. Ғұмаюнның қолдауы мен қорғауының нәтижесінде сурет, сәулет, өрнектеп жазу, кітап шығару салаларында үлкен туындылар дүниеге келді. Солардың бірі – әйгілі қылқалам шебері Кемаледдин Бехзад. Ғұмаюн қайтыс болған соң бір жылдан кейін жұбайы Әмиде Бану бегім Үндістанның Делһи қаласында марқұмның мазарына зәулім кесене құрылысын бастады. Сегіз жылда, яғни 1565 жылы аяқтап, төңірегін көркем баққа айналдырды. Сол үшін оны «жаннат бағы» деп атауға негіз болды. Оның архитектурасын жасаған Герат қаласының шеберлері: Сейіт Мұхаммед пен әкесі Мирек Ғияседдин.

### Түйін

Мырза Мұхаммед Айдар 1540–1551 жылдарда Кашмир аймағын Ғұмаюн патшаның рұқсатымен әрі оның атынан биледі. Бұл жайында өз еңбегінде кеңірек жазған.



## АКБАР ША Һ (1542–1605)

Жалаледдин Мұхаммед Акбар қазіргі Пәкістанның Амәр кут аймағы Сенд жағасындағы Ражиот қамалында 542 жылы дүниеге келді. Анасы – Әмиде Бану бегім. 1605 жылы өзіне астана болған Аграда қайтыс болды. Мазары Агра маңындағы Сикандрада орналасқан.

1556 жылы 27 қаңтарда әкесі Һұмаюн қайтыс болған соң Акбар төрт жасында Пәнжаб тағына отырды. Содан Үнді құрлығын жарты ғасырға жуық, 1605 жылға дейін биледі. Акбар он тоғыз жасына дейін кеңесшісі, ұстаз Байрам хан Түрікменнің ақыл-кеңесімен билік құрып, одан кейінгі кезде өз нұсқауымен тікелей елді билеуге көшті. Ол Бабырдың немересі, Һұмаюнның ұлы, Бабыр империясының үшінші патшасы ретінде қайырымды, батыр әрі парасатты болғандықтан «Ұлы Акбар» атанып, Үндістан тарихында ең беделді саналатын Ашука патшамен қатар қойылған.

Акбар патшалық таққа отырғанда атасы Бабыр шаһтан мұраға қалған Пәнжаб өлкесін одан әрі кеңейтіп, Гәжраттан Бәнгалға дейін дамытты. Ол билікке келген бастапқы жылдары Пәнжаб патшалық территориясында таққа таластан бүлік шығып, қақтығыстар өршіп тұрған. Акбар соның бәрін басып, елде тыныштық орнатты.

Акбар шаһ ішкі бүліктерді жойған соң үнді дініндегі Ражиот патшалығына жорық жасады. Оларды Ислам дінімен жақындату үшін 1562 жылы Ражиот елінің Жуда атты шаһзадасымен үйленді. Олар ұзақ жыл балалы болмай келген соң Аллаға жалбарынып, сол заманның атақты сопысы Шейх Сәлим Үсейнидің (1418–1572) құзырында болып, оның Аллаға мінажат етуін сұраған. Соңында Алла тілектерін беріп, 1569 жылы ұл бала дүниеге келді. Оның атын Сәлим сопы Нүреддин Мұхаммед деп қойды. Құдайдан тілеп алған бала ер жеткенде әкесінен билік тағын тартып алғысы келіп, қарсы шықты. Бірақ жеңіліс тауып, әкесі қайтыс болғаннан кейін Жаһангир шаһ есімімен таққа отырады.

Акбар шаһ Ражиот елінің шаһзадасы Жудамен үйленсе де олардың Акбарға қарсылық тартысы бітпеді. Сондықтан Акбар 1568 жылға дейін олардың Ражиот Шитур қамалын қоршауға алды. Қарсы жақ соңғы демі біткенше шайқасып, әл-қуаттары сарқылғанға дейін тіресті, соңында қамалдың ішінде өздеріне қол жұмсайды. Содан Акбар шаһ қорғанды жаулап алады. Ражиот елі аталған жеңілістен кейін де Акбар шаһқа қарсылықтарын жалғастыра береді

Акбар шаһ билік құрған (1556–1605) жылдары Батыс Еуропа елдерінде христиан дінінің екі тармағы болған католик пен протостан арасында қанды қақтығыстар өршіп тұрды. Сондай-ақ Иран елі шийт мәзһабын ресми

мемлекеттік мәзһаб деп жариялаған соң Сәфәви мен Османи мұсылмандар патшалығы арасында шийт пен сүнни бағыттар ретінде қанды жауластықтар ең жоғары деңгейде жүріп жатты. Акбар шаһ өз заманының сондай сорақы оқиғаларына куә болып, өзі билік құрған Үндістанда мұндай кертартпалыққа жол бермеуге тырысты. Сол үшін мұсылман мен үнділерге бірдей адал қызмет жасап, олардың татулығын қамтамасыз етуге көп күш жұмсады. Акбар шаһ кешірімді жан болғаны үшін билік құрған қырық тоғыз жылында Үндістанда бейбіт пен тыныштықты қалыпты түрде сақтай білді. Елдің дамуы мен гүлденуіне мүмкіндік берді. Үндістандағы түрлі діни ағымдарды татулық пен келісімге шақырды. Тіпті Үнді, Ислам, Сик, Христиан, Каруака мен Зәрдөшт діндерінің элементтерінен «илаһи» дінді шығарды. Ол өзін Ислам дінінің өкілі санай отырып мұсылман емес азаматтардың наным-сенім еркіндігін қамтамасыз етуге тырысты.

Акбар шаһ илаһи діннің негізін қалауда Шейх Мұбарак пен оның ұлы Әбілфәзл Әллами идеясына жүгінді. Илаһи дін нәпсіқұмарлық, шәһуат, жемқорлық, алдау, жалақорлық, зұлымдық, үрейлендіру мен тәкаппарлық сынды мінездерден сақтану керектігін айтқан. Жануарларды өлтіруді жаман деп санаған. Ерлік, шыдамдылық, тақуалық, тазалық, жанкештілік, келешекті ойлану, пәктік пен шапағатты болуды негізге алған. Бұл сектаның он тоғыз мүшесі болған, оның тек біреуі ғана үнді азаматы болған делінеді. Бұл наным илаһи дінмен ешқандай байланысы болмаған. Сол себептен ұзаққа бармай ұмыт бола бастады. Тіпті Акбар шаһ та өмірінің соңғы жылдары ондай нанымды ұмытты. Бірақ ол дін ретінде сол заманның көпінді қоғамын қанағаттандырған.

Акбар таққа отырған соң астананы Делһиден Агра шаһарына ауыстырып, жаңа бас қаланың гүлденіп, дамуына көп еңбек сіңірді. Сонымен бірге шаһ Үндістанның жарты аралында билік құрған территориясын өткен тарихында қол жеткізе алмаған кеңістік пен айбынды биік белеске жеткізе білді. Оның билік аумағы батыста Қандаһар қаласынан – Шығыс Бәнгалдың Дака шаһарына дейін, солтүстікте Кашмирдің Саринагар қаласынан – оңтүстіктегі Аһметнагар шаһарына дейінгі жерге жайылып жатты. Акбар шаһ билік еткен жылдары империясының жер көлемін кеңейтумен бірге мәдениет пен әдебиеттің де өрістеуіне зор үлес қосты. Өйткені өзі ғалым һәм өнерпаз адам болған. Акбарды зерттеушілер архитектор, шебер, инженер, өнертапқыш, қару жасаушы, геолог маман ретінде таниды. Сондықтан оның өмірбаянын уәзірі Әбілфәзл Әллами «Акбарнама» деген атпен парсы тілінде жазып шығарды. Екінші маңызды кітап «Аиин-е Акбари» («Акбари дәстүрлер») деп аталды. Бұл еңбекті Акбар шаһтың бұйрығы бойынша Әбілфәзл Әллами жазды. Акбар шаһ Әлламиді жоғары бағалап, оны сарайдың тоғыз жауһарының бірі деп атаған.

Тағы бір тарихнама – 1585 жылы «Тарих-и Әлфи» деген атпен пайғамбардың қайтыс болған жылынан бастап, Ғазан хан патшалығының басталуы, яғни Акбар шаһтың таққа отырғанына отыз жеті жыл өткенге дейін кезеңді қамтитын

тарихи кітап Акбар шаһтың сарай ғалымдары: Аһмет Тәтәви, Асефхан Қәзвини тарапынан жазылды.

Үндістан елінде Ислам мәдениеті кең қанат жайып, исламдық-үнді архитектуралық өнердің жаңаша түрі пайда бола бастады. Үндістанда исламдық өнер туындылары Әмір Темір әулеті билік еткен 1526–1858 жылдары дүниеге келді. Бұл көбінесе патшалар мен ханшайымдарға арналып салынған мазар ғимараттарында айқын көрініс тапты.

### **Түйін**

Акбар шаһ өзінің әке-аталары сияқты өнер мен әдебиетке ерекше көңіл бөлді. Әсіресе ислам тарихына, бабаларының өткен тарихына мән берген. Содан болар, өзінің салтанат құрған тарихын аталар жолының жалғасы іспеттес қарады. Сондықтан Шейх Әбілфәзлге «Акбарнама» атты тарих жазуға тапсырыс берді. Сондай-ақ ислам дінінің мыңжылдық тарихын: пайғамбардың дүниеден өткенінен бастап, өзінің соңғы жетіжылдық билігіне дейінгі аралықты қамтитын тарихнаманы жазуды ғалымдарға тапсырды. Оның соңғы нүктесін Аһмет Тәтәви мен Асефхан Исфәһани қойды. Аталған екі еңбек те Мырза Айдардың «Тарих-и Рашидиін» тарихи дерек ретінде пайдаланды. Тіпті Мырза Айдар дүние салған елу жылдан соң «Тарих-и әлфи» атты кітапта оны өзге аттастарынан ажырату үшін «Дұғлат» лақап есімін берді. Содан бастап Мырза Мұхаммед Айдар Дұғлат толықтай қолданысқа енді.



## НҮРЕДДИН СӘЛИМ ЖАҢАНГИР (1569–1627)

Нүреддин Сәлим Жаһангир 1605–1627 жылдары әкесі Акбар шаһ қайтыс болған соң Үндістанда патшалық таққа отырды. Сол заманның дәстүрі бойынша патшаларға берілетін атауларды қосқанда толық аты-жөні – Ұлы сұлтан Жомарт қаған, Әлемге пана шаһ, Жеңістің атасы – Нүреддин Мұхаммед Жаһангир Ғази падиша.

Жаһангир әділ патша болған деседі. Сонымен бірге дін мәселесіне мұқият қараған, өзінің діни көзқарасы Ислам сүнни болған. Қытай мен үнділердің дініне, тіпті шийттерге де оң көзбен қарамаған. Жаһангирдің өзге елдермен саяси-мәдени байланысы діни ғақидаларына негізделген сыңайлы.

Жаһангирді әкесі Акбар шаһ ерекше жақсы көрген. Әкесінің асқан сүйіспеншілігіне қарамастан жиырма бес жасқа таяғанда, 1593 жылы ауырып жатқан әкесін уландырмақ болған сарай ақсүйектерінің қастандығына қатысып, оны қатты ренжіткен. Содан әке мен бала арасы суып кеткен. Бұл оқиғалар Жаһангирдің жүйкесіне әсер етпей қоймады. Өйткені ол ар азыбын жеңілдету үшін ішімдікке әуестене бастады. Ішкілікке берілгендігі соншалық – 1600 жылы әкесі оны кездесуге қабылдамай қойған. Осылай екеуінің арақатынасы шиеленісіп кетті. Бұл жайттар олардың жаулары үшін ыңғайлы сәт тудырды. Үндістанның солтүстік-батысында Рана Әмір Сингдің (Рана-Чәтур ражаларының атағы) әмірлері бүлік шығарды. 1601 жылы Акбар шаһ олардың бүлігін басуды баласына тапсыруға мәжбүр болды. Бірақ Жаһангирдің масылдық жалқау мінезінен Акбардың идеясы жүзеге асқан жоқ. Керісінше сол кезде Акбар шаһ бүлікті басуға Декән аймағына аттанған еді. Сол кезде Жаһангир өзгелердің азғыруына алданып, әкесінің тағын иелену ниетімен Агра қаласын жаулап алуға аттанды. Бірақ әжесі оның бұл ниетінен бас тартуын өтініп, райынан қайтарды. Сосын Жаһангир басқа амалын іздеп, Аллабад қаласына барып, өзінің тәуелсіз патшалығын жариялады. Акбар соған қарамастан баласының дербес болуын құптап, тиісті билік аумағын оған тапсырды.

Жаһангир 1622 жылы Үндістанның солтүстігіндегі Кангерех атты мықты ескі қамалды жаулап алды. Бұл жеңістің қуанышынан қамал төңірегінде тұрып жатқан үнділердің сиыр малын кие тұтатынына қарамастан сойғызып, мешіт тұрғызуға бұйрық берді. Шамамен осы жылдан кейінгі жылдары Жаһангирдің асығы алшысынан түспей, ойлағанына қол жеткізе алмай жүрді. Өйткені дәл сол жылы Иранның Сәфәви патшалығы Қандаһар қамалын жаулады. Сол кезде Жаһангир сырқаттанып қалғандықтан ұлы Хоррәм сұлтанның (Шаһ Жаһан)

ирандықтарға қарсы шығуын өтінді. Бірақ Шаһ Жаһан әкесінің өтінішін іске асырған жоқ. Себебі әкесінің әйелі Нұр Жаһан мен оның бауыры Асеф ханның арам ойынан қорықты. Өйткені мемлекет астанасы Агра қаласынан алыстай қойса, олар ойын іске асырып, патшаның кеселін сылтауратып, тақты иемденуі мүмкін еді. Нұр Жаһан кім? Жаһангир 1611 жылы ирандық Мейр Ниса (лақап аты – Нұр Жаһан) деген жесір әйелмен үйленеді. Ол бұрынғы Бэнгал өлкесінің әкімі Шир Ауғанның қатыны болған. Екінші жағынан, Нұр Жаһан Шаһ Тәһмасп Сәфәвидің сарайында қызмет атқарған шенеуніктің немере қызы екен. Үшіншіден, әкесі Мырза Ғияседдин Ширази (Итимаддауле) Ақбар шаһ заманында оның сарайында қызмет атқарып, қысқа уақытта жоғары лауазымдарға қол жеткізген. Ал Жаһангир билік құрған кезде жоғарылап, бас уәзірлік мансапты да иеленген. Міне, осындай себептерге байланысты Нұр Жаһан мемлекеттік билік төңірегіне жақын жүріп, билік дәмін татқан. Нұр Жаһанның тағы бір артықшылығы – әзілқой, парасатты һәм сұлу болатын. Сондай тартымды ерекшеліктерімен Жаһангирді өзіне қатты ғашық еткен. Жаһангир оның тартымдылық қуатына байланып жүргенде ол мемлекет ісіне араласып, өз ойын іске асырып, көптеген тамыр-танысын сарайға тартып үлгерді. Мәселен, Нұр Жаһанның бауыры Асеф хан елдің бас уәзірі болып, мемлекеттің тағдырын Нұр Жаһанмен бірге тізгіндеп отырды. Соның бір айғағы – Нұр Жаһанның қызы Аржмәнд Бану бегім (кейін тарихта Мүмтаз Маһал деген атпен әйгілі болған). Жаһангирдің туған баласы Хоррәм сұлтанмен үйленеді (ол да кейін Шаһ Жаһан атанған). Жаһангир Нұр Жаһанға аса ынтық болғаны соншалық – оның кесірінен 1620 жылдары екі рет жеңіліске ұшырап, Қандаһардан айырылып қалса да, сүйген жарына деген сүйіспеншілігі мүлдем кемімеді. Нұр Жаһан да Жаһангир үшін қиын-қыстау кезеңде арқасүйер нағыз жар бола білген. Оған 1626 жылғы оқиға дәлел. Сол жылы Делһи гарнизонының басшысы Мұһаббат хан патша сырқаттанып жатқанда оған қарсы бүлік шығарған. Нұр Жаһан парасаттылық танытып, сол бүліктің отын өшіріп, бүлікшілерді тұтқынға алған екен.

Шаһ Жаһан әкесінің тілін алмау себебі Нұр Жаһан әкесінің науқасын сылтауратып билігін алып қояды деп қауіптенді. Сол үшін әскерінің шаршаңқы екенін айтып, Қандаһарға кетуден бас тартты. Біраз өткен соң Шаһ Жаһан ашықтан-ашық әкесіне қарсы шықты. Оған Асеф хан мен хан Ханан қолдау көрсетті. Бірақ Шаһ Жаһан өзіне сеніп, Аграда қалған жоқ. 1624 жылы Бэнгалға кетіп қалды. Оның ізіне түскен екі бауыры: Пәрвиз бен Мәһабәт хан сонда барып шайқасты. Жеңіліске ұшыраған Шаһ Жаһан Бэнгалдан Дәкән жаққа қарай шегінуге мәжбүр болды. Келесі жылы Мәһабәт хан Бэнгалда әмір болды. Бірақ Нұр Жаһан мен Асеф ханнан сескенип, оларға қарсы болды. Мәһабәт ханның Жаһангирге қарсы шығып жүрген себебі өзі жақсы көретін әйгілі сопы Шейх Аһмет Сәрһендиге қысым жасап, тіпті, шейхтің шығармаларын түкке тұрғысыз деп жоққа шығарып, оны 1619 жылы Гуалияр сарайында қамауда ұстағаны. Мәһабәт хан бұл қатаңдығын қош көрмеген соң Жаһангирге қарсы

шабуылдар жасай бастаған. Жаһангир хан Мәһабәттің бүлігін басу үшін әскерге қолбасшы етіп Асеф ханды тағайындап, майданға аттанды. Бірақ Асеф ханның айла-шарғысы жеткіліксіз болып, Мәһабәт ханның қосынынан Бәһт өзенінің жағалауында оңбай жеңілді. Соның кесірінен Жаһангир мен Нұр Жаһан тұтқындалды. Нұр Жаһан амалын тауып, қамаудан құтылды. Бірақ Жаһангир тұтқында қалды. Мәһабәт хан Бәнгал тағына Жаһангирді отырғызып, өзі оның атынан билік етті. Кейінірек Асеф хан Жаһангирді құтқаруға әрекет жасап, өзі мен ұлы тұтқындалып қалды. Біраз уақыттан соң Нұр Жаһан Жаһангирдің әскерімен тұтқиылдан Мәһабәт хан ордасына шабуыл жасап, Жаһангирді құтқарып алды. Жаһангир бостандыққа шыққан соң Асеф ханды аман алып қалу үшін Мәһабәт ханмен татуласты. Осы жайтты пайдаланып Мәһабәт хан Шаһ Жаһан жаққа қосылды. Кашмирге қарай бет алған Жаһангир жол-жөнекей науқастанып, 1627 жылы кенеттен қайтыс болды. Жаһангирді Пәкістан мемлекетінің Панжаб өлкесінде орналасқан Лаһур маңындағы «Шаһ Дара» бағында жерледі. Жаһангир кесенесінің әсем көрнісі бүгінгі заманда мыңдаған саяхатшыны қызықтырып, тамашалауға тартып тұрады.

Жаһангирдің алты ұлы болған: Хұсрау, Мирза, Пәрвиз, Хоррәм, Шәһрияр, Жаһандар. Олардың арасынан Хоррәм әкесінің патшалық тағына отырды. Хоррәм тарихта «Шаһ Жаһан» деген атпен әйгілі. Өйткені ол сүйген жары Мүмтаз Маһалға әлемге мәшһүр «Тәж Маһал» атты (махаббаттың мәрмәр ғимараты) кесенесін салдырды.

## **Түйін**

Жаһангир өнер мен әдебиетке құштар һәм дарынды тектілердің ұрпағы болғанын жазушылық қабілетімен көрсетті. Ол «Түзек Жаһангири» атты шығармасында өзінің өмірбаяны туралы жазды. Екінші жағынан ұдайы өнер иелеріне қолдау көрсетіп, көптеген сурет пен көркем жазу туындыларын жинақтап жүрген. Сол туындылардың бірсыпырасы қазіргі заманда әлемнің біраз мұрағатында өнерсүйер қауымның көзайымына айналып отыр. Сондай-ақ Жамаледдин Үсейін ибн Фәхрреддин Асан Инжуи Ширази лақап атымен танылған Озд-әд-дауле деген ғалым Жаһангирдің қолдауын көп көргендіктен, парсы тілінде жазған түсіндірме сөздігін оның құрметіне «Жаһангир сөздігі» деп атаған.





## ШАҲ ЖАҲАН (1592–1666)

Шаһабеддин Мұхаммед Лаһурда 1592 жылы дүниеге келіп, 1666 жылы Агра қаласында өмірден өтті. Ол 1628 жылы таққа отырған соң Шаһ Жаһан деген атпен танымал болған Бабыр патшалығының бесінші билеушісі еді. Отыз жыл Үндістанның ауқымды территориясын өз уысында ұстап, зор абыроймен 1628 жылға дейін салтанат құрды. Ол өмірлік серігі Әржімәнд Бануға ессіз ғашық болған. Оның сүйікті жұбайы тарихта Тәж-Маһал атымен танымал.

Шаһ Жаһан кең-байтақ Үндістан жерінде сән-салтанатпен билік құра білгені үшін де үлкен саяси тұлға болды. Өйткені Үндістан тарихында бірде-бір патша саяси билікпен бірге өнер мен әдебиет тізгінін қатар ұстап, әлемдік туындылар тудыра алатындай етіп қолға ала білген емес. Оның билігінің мәңгілік көркі өз заманында мұра болып қалған ғажайып өнер туындылары болса, екінші қыры – адамзатқа ғажап үлгі боларлық ғашықтық өмір жолы. Оның өміріндегі іс-амалдары махаббат пен өнер туындысымен ұштасып, руханият пен әсемдікке мәңгілік сипат сыйлап тұрғандай көрінеді.

Ғашықтық жырына құлақ салғанда алғаш байқайтынымыз, Тәж-Маһалға шексіз махаббаты елес береді. Онымен 1612 жылы үйленіп, он сегіз жыл бірге тұрды. Ол Тәж-Маһалдан он төрт бала сүйді. Онсыз күн өтпейтіндей барлық жорығында жанында алып жүрді. Шаһ Жаһан таққа отырғанына бір жыл өткен соң жорыққа шыққанда жүкті сүйіктісі Тәж-Маһал да онымен бірге сапарлас болған. Сол сапарда жары ауыр кеселге тап болып, төсек тартып қалады. Сондай ауыр жағдайға түскен жарының жанында болған сәтте Тәж-Маһал Шаһ Жаһанға екі өтініш айтады. Бірінде: «Мен өлгеннен кейін ешкімге үйленбе», – десе, екіншісінде: «Менің қабіріме зәулім кесене тұрғызсаң, екеуіміздің махаббатымыздың белгісі болып қалар еді», – деп көз жұмып, бақиға аттанған.

Шаһ Жаһан оның өтінішін мүлт жібермей орындады. Тәж-Маһалдың өлімінен кейін, 1658 жылға дейін тағы да отыз жылға таяу билік тағына отырса да ешкіммен үйленбеді. Екінші өтінішін де орындап, әлемнің жеті ғажайыбының қатарына қосылатын зәулім кесене тұрғызды. Қазіргі заманда оның зияратына миллиондаған адам барып, саяхаттайды. Соның арқасында мемлекет бюджетіне мол қаржы түсіп, ел экономикасына зор ықпалын тигізуде. Үндістанның Агра қаласының тұрғындары туристік табыстарының мол болуы сондай асқақ махаббаттың арқасында деп риясыз алғыс айтып жатады Өйткені, олардың ойынша, бұл жемістің бұлағы – адамзатқа өнеге бола алатын махаббат. Ал махаббат кесененің жарқын тұғыры, бекем іргесі деп біледі. Мұнда жүректегі махаббат пен түйсіктегі өнер ұштасып жарқырап тұр. Тәж-Маһал

кесенесінен де керемет басқа архитектуралық асқақ туындылар бар. Мәселен: Асеф кесенесі, Агра қорғаны, Делһидегі қызыл қамал, Лаһур қаласындағы Шалимар бағы. Осы сынды көптеген өнер туындылары – түркі халықтарының баға жетпес әлем өркениетіне қосқан үлесі.

### **Түйін**

Әмір Темір бастаған саяси-мәдени көш қанша қанды оқиғаға толы болса да, адамзаттың мәдени-рухани әлеміне теңдесі жоқ өнер туындыларын мұраға қалдырды. Бұл керемет ескерткіштер түркі дүниесінің бір бұтағынан көрініс тауып отырған ғажайыптар десек артық емес. Ал адам баласының махаббатқа деген адалдығы ретінде Шаһ Жаһанның соңғы жылдарын мысал етіп айтуға болады. Өйткені Шаһ Жаһан 1658 билік үшін балаларының қарсылығына тап болып, қамауға алынды. Сонда Шаһ Жаһан оларға бір өтініш айтқан. Онда: «Мені күн сайын Агра өзенінің арғы жағында орналасқан Тәж-Маһалды тамашалау мүмкін болатындай балконға орналастырсаңыз риза болар едім», – депті. Олар өтінішін құп алған соң өмірінің қалған сегіз жылын қамауда отырып, Тәңіріне жасаған ғибадатында махаббаттының рухына дұға етумен өткізген екен.

Сондай-ақ түркілердің әсемдік пен асылдыққа мол мұраларын Орталық Азия, Мысыр, Таяу Шығыс, Анadolы, Қытай, Үндістан, Пәкістан, Иран, Ресей, тағы басқа елдердің кеңістігінен көре аламыз.



Тәж-Маһал кесенесі. Үндістан, Агра



Екі ғашықтың: Шаһ Жаһан мен Тәж-Маһалдың қабірі.  
Тәж-Маһал кесенесі, Агра



## СӘФИЛЕР ДИНАСТИЯСЫ

*Патшалық саяси жүйе: 1502–1723–1729 милади жылдарда Иранда билік құрған.*

*Астанасы: Тәбриз қаласы*

*Кейінгі астаналары: Қазвин мен Исфahan*

*Діні: мұсылман шийт*

*Патшалық атауы: Шейх Сәфи есіміне орай Сәләви*

*Саяси құрылымы: патшалық режим, негізін қалаушы бірінші шаһ Исмайыл*

*Патшалықтың негізі қаланған жыл: 907 (1502)*

*Құлаған жылы: 1135 (1723)*

Иран елін 1502–1723 жылдар аралығында екі ғасырдан аса басқарған Сәфи династиясы болды. Сәфиеддин деген Әрдебил қаласында атақты сопы болған. Ол шейх Заһед Гилани атты ғұламаның мектебінен өткен соң оның қызына үйленген. Ұстазы һәм қайын атасы қайтыс болған соң «шейх» атағына лайық болып, оның орнын басты. 1334 жылы өзінің шийттік бағыттағы сопылық мектебін қалыптастырып дүние салды. Кейін сопының әулеті Иранда таққа отырып, саяси биліктің тізгінін қолға алғанда Сәфилер (Сәфи әулеттері) патшалығы деп аталды. Бұл әулет патшалығының негізін қалаушы I Исмайыл 880 һижри хуршиди (1501 милади) жылы Тәбриз қаласында таққа отырды. Бұл патшалықтың соңғысы шаһ Сұлтан Үсейін, 1101 һижри хуршиди (1722 милади) жылы ауған әскерінен жеңіліп, салтанатынан айырылды.

Сәфи патшалығының басты маңыздылығы – екі ғашықтың шийт мәзһабын Иран мемлекетінің ресми ұстанымы етіп жариялауында. Бұл бағыт күні бүгінге дейін Иранның саяси-діни ұстанымы болып келеді. Иран шийттік мәзһабты қабылдаған кезден бастап Анадолыдағы сүнни мәзһабтағы Османлы халифаты және Орта Азиядағы сүнни Шейбан ханымен арасындағы мәзһабтық соғыстар басталды. Қазірге кезде сүнни мен шийттер арасындағы діни-саяси шиеленіс күшейіп, Ислам әлемін өртеп жатыр. Әлемнің отарлау күштері мұсылман қауымның екі бағытын олардың алауыздығына пайдаланып, ұдайы жауластық сезімін қоздырып отыруға таптырмас сылтау ретінде қолдануда.

Сәфилер билігінің екінші ерекшелігі – Ислам дүниесінің халифалық жүйесіне қарсы Иран мемлекетінің ежелгі патшалық режимін қайта құрды. Сол себептен Османлы халифатына ұдайы қарсылық көрсетіп, шайқасып келді. Иран елінің патшалық режимі 1979 жылы Ислам төңкерісінің жеңісінен соң біржолата құлады. Оның орнына Иран Ислам Республикасы құрылды.

Бірақ шийттік он екі имамдық мәзһаб Иран Ислам Республикасының Конституциясында мемлекеттің ресми мәзһабы болып жазылған.

Зерттеушілердің айтуына қарағанда, шейх Сәфи әу баста шийт мәзһабында болмаған. Ол сүнни шафи болған екен. Бірақ шейх Сәфи Әрдебилдің баласы шейх Сәдреддин Мұсадан туған немересі қожа Әли Сияпуш заманында әскери-саяси бір топтың шийттік мәзһабқа ауысуынан кейін Сәфәви патшалығының да ұстанымына айналған.

Шейх Сәфи мен оның әулеттері әзірбайжан түркісімен сөйлеген. Тек І Исмайыл шаһ түркі һәм парсы тілдерін үйреніп өскен. Сәфиердің ататегі негізінде әзірі түркі, күрд, гүржі мен гректен құралған екен. Сәфи патшалары мұсылмандар арасында үлкен беделге ие болу үшін өздерін Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың ұрпағы санаған. Бірақ бұл шындыққа жанаспайды.

Шейх Сәфи сүнни шафи мәзһабында болып, түркі тілінде өлең жазған. Өлеңдері «Сафат-әт-Сафа», «Селселатол Нәсәб» кітаптарына енген дейді. Әрдебил қаласында тұрған. Оның әулетінен шығып, Сәфәви патшалығының негізін қалаған шаһ Исмайылдың өлеңдері «Хатаи» деген лақап атымен «Хатаи диуаны» атты жинақта шыққан.

Сәфәви патшалығы бірінші шаһ Исмайыл тарапынан шийт мәзһабы мемлекет болып құрылды. Бұлар әу баста Аққойлы, Қарақойлыларды жақтап, Османлы халифатына қарсы шайқаста оларға көмектесіп жүрді. Кейін бұлар басына киген дулығалары қызыл түсті болғаны үшін «Қызылбастар» деген атаққа ие болған. Қызыл қалпақтарында он екі тілік шийттің он екі имамдық жақтаушысы екенін анықтайтын белгісі ретінде болған. Исмайыл әйгілі шейх Жүнейдтің мектебінен өтіп, діни басшылыққа қол жеткізген соң аса қаталдықпен шийттік мәзһабы Иранда ресми түрде орнықтырды. Сәфи әулеттерінің билігін қолдаған түркі текті ру-тайпалар болған. Шамлу, Астахлу, Тәклу, Рұмлу, зу-әл Қәдәр сынды тайпалар Сирия, Анадолы өлкелерінен көшіп келіп, Иранның әртүрлі аймағын қоныстанған. Сәфи патшалығы құрылған соң оларды қолдағаны үшін әлгі тайпа басшыларын аймақтарға әкім етіп бекіткен. Олар кейін Иран үкіметінің әскери күшіне айналған.

Моңғол ұрпақтары Иранды билеген жылдары діни бостандық болғаны үшін түрлі діни ағымдармен бірге шийттік мәзһабың өрісі кеңейе түсті. Шийттер сан жағынан да, саяси-қоғамдық бедел жағынан да сүнни мәзһабын жақтаушылардан төмен болған. Бірақ Сәфи әулеттері билікке келген соң күштеп шийттердің санын көбейтті, Иранның саяси билігінің тізгінін қолға алды.

Сәфи әулетінің патшалығында сарай мен әскер тілі түркіше болған. Исмайыл шаһ пен Аббас шаһ түркі тілінде өлең жазып, поэзия жинағын шығарған. Француз саяхатшысы Жан Шарден 1664–1671 жылдары Иран елінде болған кезде: «Түркі тілі сарай мен әскерлердің тілі болған, әйелдер мен ерлер арнайы түркі тілімен сөйлесетін, әсіресе, ақсүйек отбасылар» деп мәлімет қалдырған. Бұл Сәфи әулеттінің шыққан жері түркі өлкелері болғанын айғақтайды. Сәфи

династиясының патшалығы өнер мен құрылыс жұмыстарына ерекше көңіл бөлген.

### Сәфәви патшалары

- Бірінші шаһ Исмайыл (880–930)
- Бірінші шаһ Тәһмасп (930–984)
- Екінші Исмайыл шаһ (984–985)
- Шаһ Мұхаммед Ходабәнде (985–996)
- Бірінші шаһ Аббас (996–1038)
- Шаһ Сәфи (1038–1052)
- Екінші шаһ Аббас (1052–1077)
- Шаһ Сүлейман (1077–1105)
- Шаһ сұлтан Үсейін (1105–1135)
- Екінші шаһ Тәһмасп (1135–1145)
- Үшінші шаһ Аббас (1145–1148)
- Үшінші шаһ Исмайыл (1179–1193)

**P.S.** Шаһ Исмайыл – Иран елінде ресми түрде шийттік Сәфи әулеттерінің патшалығын құрған тұңғыш патша. Оның Шейбанимен (Шаһибек хан) екеу-ара болған шайқасы, шаһ Исмайыл және Сәфи патшалығының саяси ұстанымы жайында «Тарих-и Рашиди» шығармасының «Шаһибек хан мен шаһ Исмайыл арасындағы дау-дамайдың басталуы мен Шаһибек ханның оның қолынан қаза табуы жайында әңгіме», «Шаһибек ханның шаһ Исмайыл ханның қолынан қаза тапқаны туралы хабарының жеткені әрі Кабул мен Құндыздан патшаның кетуі жайлы әңгіме» атты тарауларында біраз мәлімет берген.



## МЫРЗА АЙДАР (ҚАЙДАР) ДУЛАТТЫҢ ИСЛАМДЫҚ ДУНИЕТАНЫМЫ

Мырза Мұхаммед Айдар (1499–1551) – өз заманында «Дуғлат» лақап есімімен танымал болған, қазақ ұлтының Дулат руынан шыққан әйгілі тарихшысы, қоғам қайраткері. Оның парсы тілінде жазған «Тарих-и Рашиди» және шағатай тілінде жазылған «Жаханнама» еңбектері әлем өркениетіне қосқан зор үлес ретінде ғылыми ортаға белгілі.

Мырза Айдар Дулат имам Әбу Ханифаның жолын ұстанған және өзі билік еткен Кашмир халқының бір дінде болуын қалаған. Ол мемлекеттік тұрғыдан елдің ынтымағын арттыра түсетін негізгі факторлардың бірі екенін жақсы ұғынған. Өйткені адамзат тарихында бұрын да, қазіргі уақытта да дін мемлекеттің баянды болуына мықты тірек екенін ел басқарған басшылар терең түсінген. Мысалы, ежелгі Иранның Ахеменид әулетінен шыққан ұлы Дарий (б.з.б. 521–486) патша: «Мемлекеттің баянды болуында тіл мен діннің бір болуы керектігін» (Риза) баса айтқан. Ал тілі мен діні бір болмаған елдің ділі де түрленіп, алауыздыққа жол ашатыны анық. Бұған мысал ретінде түркі халықтарының ортағасырлық тарихынан «ұйғыр халқының ілгерідегі буддизмге, зооастризмге, несторианға, даосизмге сеніп, діни нанымдағы алауыздықтарға барып, бірін-бірі жек көріп, ұзақ уақыт бойына бір-бірімен қырғи-қабақ күн кешкен немесе дін үшін қырқысып отыратын алты бақан алауыз тарихын» [13] айта аламыз. Ұйғыр халқының түрлі діни ағымдағы өкілдерінің өзара қырылысуы да ел ынтымағына дін факторының қаншалықты ықпалы бар екендігін дәлелдей түседі. Сондай-ақ жайнап гүлденген Ливан мемлекетінің түрлі діни ағымдар мен секталардың көбейіп кетуі салдарынан қаншалықты зардап шегіп жатқанын айтсақ болады. Көпдінді елдің ынтымағын бұзу пейілі жаман отаршыл күштерге қиынға соқпасы айқын.

Діни ағымдар, жасанды діндер мен секталардың саны артқан сайын елдің алауыздығы өрши түсетінін әбден зерделей білген Мырза Айдар Кашмирді билеп тұрған кезде елдің дін бірлігіне айрықша көңіл бөліп, оның барысын қадағалап отырғанын «Тарих-и Рашиди» еңбегінің 101-тарауы: «Кашмирдің діни сектасы жайында әңгімесінде» егжей-тегжейлі баяндап береді: «Кашмир тұрғындарының барлығы (Исламның) Ханафи мәзһабын ұстанды. Нәдір сұлтанның әкесі Фатх шах билік жүргізіп тұрған кезінде осы жерге Шамс атты кісі келді. Ол Ирактың талышынан болатын. Өзін Нұрбахши деп атады. Ол бүлдіргіш жаңа діни нанымды (сектаны) таратты, оны «Нұрбахши мәзһабы» деп атады. Ол ашықтан-ашық кәпірлікті уағыздады, ел арасына «Фикһ-е әхват» атты кітапты таратты. Кітабын сол күйінде Үндістан ғұламаларына жібердім.



Олар сол кітаптың өзіне пәтуа жазыпты. Үндістан ғұламаларының пәтуасында: «Мейірімді, рақымды Аллаһтың атымен!... бұл кітапты оқып... авторының жалған ілімін ұстанып және Құран мен жалпыға мәлім сүнни мәзһабы һәм жамағаттың ортақ пікіріне қарсы шыққаны, бұл ілімнің хақ жолындағы жүрттың діни сектасының ешқайсысына жатпайтыны белгілі болды». Ал олар тәубеге келіп, ол ілімнен бас тартса, онда оларға Әбу Ханифа рәһмәтоллаһи әлейһи (Алла оған разы болсын) мәзһабы жолын ұстануға бұйрық берілуге тиіс» [1, 475-476 б.]. Діни ғалымдардың жоғарыда берген пәтуасынан кейін Мырза Айдар Дулат Кашмирдің билеушісі ретінде елді діни алауыздықтан сақтап қалу мақсатында саналы түрде өзінің терең білімі және парасатының арқасында дін атын жамылып, Исламның таза сеніміне қылау түсірмек болған діни секталарға жол бермес үшін әрекет жасағанын аталмыш еңбегінде айқын байқатады: «Қазіргі уақытта Кашмирдегі барлық сопының күпірлікке бет бұрғаны сондай – олар адал мен арамды білмейді, неге рұқсат етіліп, не нәрсеге тыйым салынғанынан мақұрым. Тақуалық пен әулиелікті олар түнімен ұйықтамау, тамақ ішуді тежеу деп ұғады. Табылған нәрсенің бәрін олар талғамай жей береді. Қайсысы арам, қайсы адал екенін айырмай, бәрін бірдей қабылдай береді және олардың бәрі ашкөздік пен сараңдық танытып қана қоймай, шарифатқа кереғар келіп, уақыф мүліктеріне (дін жолында мұсылмандардың әлеуметтік жағдайына арналған қор, дүние-мүлік) қол сұғуға тырысады. Олар ұдайы пайғамбарлық туралы армандайды, «анандай болады», «мынандай болады» дегендей сәуегейлік жасайды. «Болашақта болады» және «өткенде болған» деп тылсымнан тыс көріністер жайлы мәлімдейді. Олар бір-біріне тағзым етеді. Мұндай масқараға қоса қырық күн намаз оқу үшін оңашаланады. Білім мен білімділерді жамандап, оларға жеккөрінішпен қарайды. Шарифатты тариқаттан тыс деп санайды. Сөйтіп осы тариқатты ұстанушылар шарифатпен санаспайды. Мұндай Құдайдан безгендер басқа ешбір жерде кездескен емес. Алла тағала барлық мұсылманды осындай бақытсыздық пен пәледен өзінің пәк санасына алып сақтасын және барлығын тура жолға һәм шарифаттың ақ жолына түсірсін (Мұхаммедтің және оның ұрпақтарының құрметіне). Аллаға шүкір, осы жолда жеңіс берсін. Қазір ешкімнің де ашықтан-ашық ондай бос сөзді айтуға батылы бармайды, (ол ілімді) барлығы мүлде мойындамайды әрі өздерін сунниттер мен мұсылман жамағаты санатына қосады. Өйткені Алланың құлы – мен пақырдың қаталдығы оларға мәлім еді. Ал егер де, жоғарыда айтылғандай, бірдене байқала қалса, онда оларға өлімнен басқа шара қолданылмайды. Алла тағаланың көмегімен һәм менің ынта-жігерімнің арқасында бұл пәле (нұрбахшиа) бір-ақ жойылады деп сенемін әрі бұл бейбақтар сырттай өздерін мұсылман етіп көрсетіп жүргеніндей, барлығы да Ислам дінін іштей қабылдайды деп үміттенемін. Екі дүниенің Жаратушысы, әумин!» [1, 289-290 б.].

Міне, жоғарыда келтірілген жолдарда Мырза Айдар Дулаттың Хақ тағаланың тура жолын ұстану үшін қаншалықты табанды болғанын, өз өмірінде де

тер төгіп еңбек еткенін көреміз және осы шынайы әрі адал қызметі үшін өзі де, әзіз отбасы мүшелері де Алла тағаланың хақ жолында шаһид болғанын зерделі зерттеулер арқылы байқаймыз.

Шығыс әдебиеті өзге елдердің әдебиетінен өзіндік тәсілдер арқылы ерекшеленеді. Мәселен, Шығыс ақындары шығармаларында әйгілі ақындардың өлең жолдарын пайдаланады. Тіпті тарихи-әдеби еңбектердің авторлары да өз туындысының құндылығын арттыру мақсатында әрі көркемдік айшықтар беру үшін әйгілі ақындардың шығармаларын қолданған. Сондықтан көркем-сөз сол заманның аясында жан-жақты ғалымдар мен шешендер арасында өзіндік беделге ие болған. Осыған орай түркі ғалымдары көптеген өнегелі сөзді жинақтап, шығарманың сәнін келтіру үшін сөз арасында түркі не парсы тілдерінде жазылған шығармалардан мысалдар келтірген. Осы тұста айтарымыз: Шығыс, оның ішінде түркі әдебиетінің теориясы хақында XV ғасырдың ұлы ғалымы, түркі халқының әдебиет теориясын араб-парсы әдебиетімен салыстыра жазған тұңғыш әдебиеттанушы-ғалым шейх Ахмед Құдайдад Тарази «Фонун әл-бәлаға», яғни «Көркемсөз өнері» атты еңбегінде (1436–1437 жылдар аралығында жазған) сөз өнерінің түрлі әдеби жанры мен оның қыр-сырын жан-жақты аша білген. Алла бұйыртыса, аталмыш еңбек те көп ұзамай араға ғасырлар салып өз оқырманымен қауышпақ.

Жоғарыда аталған әдеби тәсілді пайдаланағанда ғалымдар және ақындар тек шайырлар мен сөзшендердің жырларымен ғана шектелмей, Құран Кәрім және пайғамбар хадистерінен де мысалдар келтіріп, өз шығармасына арқау еткен. Себебі түркі ғалымдарының арасында Ислам діні жоғары бағаланды. Осы үрдіс Мырза Айдар Дулаттың шығармашылығында да көрініс тапқан. Мәселен, оның «Тарих-и Рашиди» еңбегінен мұны көруге болады. Мырза Айдар өзі жазған 200 жылдық тарихи оқиғаларға көркемдік пен әсерлілік беру үшін әрі халықты Ислам дініне баулу мақсатында «Құран Кәрім» сүрелерін, аяттарын және пайғамбарымыздың хадистерін пайдалана отырып, Ислам дүниетанымының терең мәні мен қасиетін айқын да орынды мысалдармен көрсете білген. Мысалы, кітаптың 61-тарауында, яғни «Қырғыздарға қарсы жорық және Мұхаммед қырғыздың тұтқынға алыну себептері жайында әңгімеде» оның жолдары мен Құран Кәрім аяттарын өте орынды қолданғанын көреміз: «Хан өзімен бірге бірнеше сенімді адамды алып, алыстан олардың әскерінің ордасы мен жайлауын көріп қайтты.

Күнді қара бұлт жұтты, Жүніс қатты қамықты.  
Амал тапты, аузына кіріп кетті балықтың.

Жаушылар жар салып, «он адамның төртеуі жақсы қаруланып, әскердің ортасында тұруы керек, алтауы шабуылға дайын болуы тиіс» деп хабарлады. Содан әркім әскери қару-жарағын әзірлеуге кірісті. Түн ортасынан өткен еді. Сол кезде олар осы әдіспен бірінің артынан бірі жолға шықты. Таң арайы

сауыт киген әскердей жалындап, жеңіс таңының шығыс сұлтаны жалауын батыс әскерінің үстінен желбіретіп оған соққы берген кезде, ханның әскері сол далада сап түзеді. Әскерлер сап түзеген жерінен тапжылмай тұрып, мына аятты оқыды: «Біздің аяттарымызды (насихаттарымызды) өтірік санайтындар – саңыраулар, мылқаулар, қараңғы түнекте қалғандар» (Құран Кәрім, 6-сүре, 39-аят) [3, 392-б.].

Демек, Мырза Айдар бұл тарихи-әдеби мұрасын Ислам қағидасына сай иман жолына арнап жазғандай десек артық болмас. Өйткені ол исламдық шығыстың классикалық әдеби әдістерін өз идеялары мен ойларын баяндауда аса шеберлікпен іске асырған.

Мырза Айдар Орталық Азия мен Кашмир өлкесіндегі әртүрлі діни ағымдарды және Ислам дінінің канат жайып өркендеуін зерделі түрде зерттей білгендігін оның өз еңбегінде қалам түрткен діни ағымдар туралы жазбаларынан біле аламыз. Түркі халықтарының билеушілері мен ғалымдары Орталық Азиядағы саяси-әлеуметтік жағдайларды назарда ұстай отырып, Ислам дінінің түркі халықтары арасына кеңінен таралуына идеологиялық тұрғыдан мән берді. Өйткені олар үнемі Қожа Аһмет Йәсауи, Нәжмеддин Кобра, Баһаеддин Нақышбанд сынды сопылардың жолын ұстанған ізбасарларымен жақын қатынаста болды. Мырза Айдар Кашмирді билеп тұрған кезінде діни ғалымдармен кеңесіп тұрғандықтан әрі олардың құтпаларын тындап, соларды іске асыруға тырысқандықтан, Ислам шарифатынан ауытқыған «шамасин» – «күнге табынушы» тура жолдан адасқандарға тойтарыс бере білді. Мырза Айдардың бұл шығармасында діни ағымдар мен түрлі секталар елдің ынтымағын бұзатын басты себептердің бірі болса, дінсіздік, яғни кәпірлік адам өмірін қараң дүниеге жетелейтін сол басты себептердің екіншісі болып саналатындығы айтылады. Яғни адамның рухы тазалықтан, биіктерге самғаудан адыра қалатындығын, содан өз биігін байқай алмай әуре-сарсаңға түсіп, өзінен де, өмірден де түңілетін сәттерге тап болатындығын меңзейді. Сондай-ақ тіл мен діннің бірлігі тікелей әсер еткендігін өткен тарихи тәжірибелерімізден зерделеуге болады. Осындай жайттарға орай көпұлтты, көпдінді елімізде өз мүддемізді қорғаудан қапы қалмастан жаһандану процесінде әлемдік өркеніетке өз болмысымызды өзіндік ұлттық сипатта таныта білсек, аталған шығармадағы тарихқа енген тұлғалардың қателіктерін қайта жасамас едік. Өйткені қазақ халқының түркі тегінен ұлт ретінде қалыптасып жатқан кезеңінде Ислам дінінің іргесі мықты қаланғанын Мырза Айдардың идеологиялық және практикалық тұрғыдан аса сауатты іс-әрекет жасағанынан аңғаруымызға болады. Мырза Айдардың Ислам дінін берік ұстанғанын «Тарих-и Рашидиді» ағылшын тіліне аударған Е.Д. Росстың кітабына Н. Илиас 1895 жылы 25 наурызда жазған алғы сөзінде: «Ол – табанды да батыл сүнни мұсылман», – дей келе, «Оны өз аталық шежіресін әмір Болатшыдан бастап жазғанынан-ақ білеміз. Өйткені әмір Болатшыдан бұрынғы аталары мұсылман болмағаны үшін шежіреге алынбаған» (Тегран), – деп түйіндейді.

Мырза Айдар Дулатты Ислам әлемінің қайраткері ретінде оның ғазуаттарға қатысқанынан, Кашмирді билеп тұрғандағы саяси ұстанымынан және діни ғалымдарды аталары сияқты ерекше құрмет тұтқанынан-ақ аңғарамыз. Сондай-ақ Мырза Айдар өзі сопы болмағанымен, тура жолда жүрген сопыларды қатты сыйлайтынын Нәм олардың тақуалық өміріне еліктеп, барынша өзінің жан дүниесін пенделік нәпсіден пәк ұстауға тырысатынын айтуға болады. Себебі Мырза Айдар еңбегінде Орталық Азия халықтарының мәдени-рухани және саяси өрісіне айтарлықтай із қалдырған Қожа Ахмет Йәсауи, Нәжмеддин Кобра, Баһаеддин Нақышбанд (1318–1389), Қожа Әһрар, Әбдірахман Жәми, Шейх Фаридаддин Аттар сынды мәшһүр сопылардың есімін ерекше ілтипатпен атайды. Бұл да болса Мырза Айдардың дін мәселесіне аса сауатты және байыпты қарай алатындығының белгісі іспеттес. Өйткені шын мәнінде Ислам діні араб қайраткерлерінің арқасында Орталық Азияға ене бастағанда, парсылардың саяси-мәдени ықпалы күшті болғанымен, түркі ғалымдары бар ынтасымен Ислам қағидасына сеніп, оны түркі тіліндегі әдебиеттермен дәріптеп еңбек етпегенде, оның саяси өрісіне араласпағанда, Түркістан топырағы біртұтас Ислам дінінің сүнни мәзһабы Ханафия жолын ұстанбас еді. Йәсауия, Кобрауия, Нақшбандия тариқаттарының арқасында түркі елі Исламдық сенімдегі тұтастыққа қол жеткізе білді. Соның игі нәтижесінде қазіргі уақытқа дейін түркі әлемінде діни секталық алауыздық туындамай, рухани ынтымақтастықпен өмір сүріп келе жатыр. Әйтпесе билікті ұнататын түркілік психологиясының кесірінен өзара тақталаста тарихта куә болған қақтығыстар бітпес мәңгі жанжалға ұласар еді. Дәл осы тұрғыдан, яғни түркі халықтарын Ислам дінінің сүнни Ханафи мәзһабына тұтастай баули білгендері үшін Йәсауи, Кобрауи, Нақышбанди сынды ұлы мұсылман сопыларды құрмет тұтып, олардың салған ынтымақ жолын алауыздыққа алып баратын діни секталардың қарқынды ағымынан қорғап қалу қазіргі және ертеңгі ұрпақтың міндеті деп білеміз.

Қорыта айтқанда, біріншіден, Мырза Айдар өз еңбегін жазуда идеологиялық бағыт ұстанды, екіншіден, саяси ұстанымы да идеологиясына қызмет жасады, үшіншіден, шығыстық әдеби дәстүрі бойынша әдеби стилі де көздеген идеологиясына сәйкес болған-ды. Мырза Айдардың өмір жолы мен саяси ұстанымының шығармашылық стилімен үндесіп жатқандығы кездейсоқтық емес-ті. Сондықтан оның өмірі мен шығармашылығына негіз болған Ислам қағидаларын жете тану еңбегінің идеологиялық бағыттарын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Түркі тілінің халық арасында кең қанат жайып, өріс алуына Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари, Қожа Ахмет Йәсауи сынды ойшылдар көп үлес қосқанымен, саяси биліктегілер түркі тіліне елдердің ынтымақ тірегі болуы үшін өзіндік мемлекеттік концепциясын жасай алмады. Ал ол өз кезегінде кеңестік дәуірде түркі тілдерінің бір-бірінен алшақтауына алып келді. Өйткені шағатай тілі барлық түркі халқының ортақ әдеби тілі ретінде кеңес дәуірі басталғанша

қолданыста болғанымен, мемлекеттік концепциясы жасалмағандықтан түркі халықтарының ортақ ынтымақ тірегі болып қала алмады.

Ислам дінінің Орталық Азияға кеңінен тарауы сопыларға байланысты болғандықтан, олардың рөлі айрықша екендігі Мырза Айдар еңбегінде нақты көрініс тапқан. Мәселен: «Саид ханның тәубесіне келуі жайында әңгіме» атты тарауында: «Ханнан әлденеше рет естігем», ол айтатын: «Бірде түнді ішімдік ішумен аяқтаған соң, түн етегі түріле бір нәрсе есіме түсті.

Түні бойы құмарлық: күндіз де – мас, түнде – мас,  
Киелі уақыт өтті деп зарлағанды ол тыңдамас.

Енді міне, уақыт жетті, енді иманыңа келіп, Аллаңмен қайта қауышуың керек. Осы ой көңілге орныққан соң да бәрібір маскүнемдік асқынып кеткен шығар деп күдіктендім. «Кімнің оған шыдамы жетіп бас тарта қояр дейсің. Ал бұл тіршіліктің шараптан басқа қандай ләззаты бар дейсің?» – деп ой-қиялмен жатып ұйықтап кетіппін. Оянғанымда жыландай жиырылып, құмарлығымды басу үшін шарап сұрадым, оны алып келді. Бірақ кешегі ой көңілімде орныққан еді. Сейіт Мұхаммед Мырзаны шақырып: «Менің мына істен жаным киналып жүр, осыған тәубе еткім келеді», – дедім.

Немере ағам көп уақыттан бері шейхтардың қатарында Йәсауи тариқатын ұстанып жүрген. Сондықтан ішімдіктен бойын аулақ ұстап, ханның мына іс-әрекетіне, мінез-құлқына ренжулі еді. Хан осы мәселе жөнінде кеңесе бастағанда ол жылап, ханның бұл пікірін құптап, қолдады. Хан тәубе етіп, достарының жиынына барды. Түнгі жолдастар тамақ орнына шарап ішіп, әлі думандатып жатыр екен.

Өзін-өзі жоғалтқан біреулері, жартылай мас секілді енді бірі,  
Қолына ұстап құмырасын, оқып өлең отыр-ау енді бірі.

Бір жақта отыр әндетіп әнші,  
Даяшы жүр-ау ішкізіп тамшы.

Хан осы арада «думаншылардың әрқайсысын әр жаққа алып барыңдар» деп бұйырды. Сөйтіп қызу әңгіменің шырқын бұзды.

Чәңгі де сынды, күйші де кетті,  
Жоғалтып әнін әнші де кетті.  
Шарапханалар да жабылды мүлдем,  
Жүгірмектер кетті маңында жүрген.

Думаншыл және сауыққұмар адамдар қорланып, орнынан тұра алмастай жаншылды. Қадірменді ғалымдар, ізгілікті жандар, сондай-ақ сопылар мен

тақуа адамдар мейірбан Аллаға шүкіршілік жасай бастады. Дикандар мен қара халық сәждеге жығылды. Ал қалған жұртшылық көкке қол созып дұға етті. Хан істеген істеріне өкініш білдіріп, күндіз-түні күнәларынан арылу үшін Алладан кешірім өтініп жалбарынды.

Қиялға мас асау жас ақырында ұғынды,  
Қариялар тәрізді ғибадатқа кірісті [1, 239-240 б.].

Осында Мырза Айдар баяндап отырған оқиғаларын оқырманға әсерлі етіп ұсыну мақсатында табиғатты түркілік әскери рухының көріністерімен теңестіріп беріп, шығармасының көркем түрде шығуына аса мән береді. Сондықтан ол Саид ханның ахуалын баяндағанда өлең жолдары арқылы әңгімесін әрлендіріп, одан әрі көркемдігін арттыра түседі.

«Әдеби тілді ажарлау аз, құбылту керек. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлілігі үшін де орасан тәсіл қажет» [2, 229-б], – деп академик Зейнолла Қабдолов айтқандай, Мырза Айдардың өз әңгімесін өлең жолдары арқылы құбылтуы, әсерлілігін арттыруға ұмтылуы, әдеби тәсілдерді орынды пайдалануы сөз өнеріндегі ерекше дарынды майталман екендігін көрсетеді.

Мырза Айдар бұдан кейінгі «Ханның дәруіш болуы үшін хандық тағынан бас тартқысы келгендігі жайында және өз шешімін қалай өзгерткені жөнінде әңгіме» атты тарауда немере ағасы Сейіт Мұхаммед мырза Йәсауи шейхтарына аса құрметпен қарап, олардың тариқатын құптайтынын шегелей айтады: «Сопылармен сұхбаттас болғандардың бірі – менің немере ағам еді, Алла оны жарылқасын, ол Йәсауи шехтарын құрмет тұтатын және оның уағыздарын орындайтын, соның қағидасын ұстанатын, жағымсыз тағамдардан сақ болатын» [3, 410-б]. Осыған қарай Йәсауи тариқаты ғасырлар бойы түркі халықтары арасында өз бояуын жоймастан, олардың саяси-мәдени өміріне жақын араласып келе жатқанын байқай аламыз.

Мұсылмандар арасында Ислам діні сүнни мәзһабының таралуына парсы және түркі халықтарының ақындары, сопылары мен ғалымдары елеулі үлес қосты. Мәселен, Иран текті шейх Жүсіп Хамадани сүнни мәзһабының Ханафия фикһын ұстанған ұлы сопылардың бірі-тін. 940 жылы Сұлтан Сатуқ Боғра хан өз мемлекетінің дінін ресми түрде ислам діні деп жария етсе де, исламияттың алға жылжып өрістеуі өте баяу болатын [12, 221-223 б.]. Бірақ Қожа Ахмет Йәсауи мен оның ізбасарларының тынымсыз күресі арқасында түркі әлемі ислам дінінің сүнни мәзһабына бірауыздан бекінді. Сүнни мәзһабы үшін Жүсіп Хамадани, Қожа Аһмет Йәсауи, Нәжмеддин Кобра, Нақшбанд, Әлішер Науаи, Әбдірахман Жәми, Абдолла Ансари, Шейх Аттар, тағы басқа ислам дүниесіне әйгілі сопылар тарапынан ғасырларға созылған күрестің үздіксіз жүргізілгендігінің арқасында түркі халықтарының арасында исламның сүнни мәзһабы орнықты. Бұл саяси тұрғыдан да ел ынтымағының кепілі болған-ды.



Адамзаттың түрлі тарихи тәжірибелерінен байқағанымыздай, тәуелсіздігіміздің баянды болуына, қоғамымыздың түрлі індеттерден аман қалуына қазіргі уақытта ислам діні тікелей ықпал етеді. Алайда жетпіс жыл бойы кестік кезең ұстанған солақай саясаттың соққысынан еліміздің рухани дүниесі мен сенімі әлсіреді. Сондықтан елімізде түрлі діни секталар пайда болуы халқымыздың діни бірлігіне зиян келтіріп, ынтымағын әлсірету фактілерінің біріне айналмақ. Бұл жөнінде көптеген қаламгерлер мен ғалымдарымыз айтып та, жазып та жүр. Біз «Иман» журналында «Парламент назарына» айдарымен жарық көрген Рауан Берікханұлының мақаласынан үзінді келтіруді жөн көрдік. Онда: «Жаңа өмір» інжіл орталығы қызметінің тарихына келсек: 1992 жылы шілде айында Целиноград, Қарағанды қалаларына екі миссионер жіберілген.

1992–1994 жылдары Алматы, Қарағанды, Теміртау, Семей, Өскемен қалаларының стадиондарында өткен жиындарға 200 мыңға жуық адам қатысқан. Сол жылдары осы қалаларда шіркеулер салына бастады.

1993 жылдың маусым айында Қазақстанның 11 қаласына «Жаңа өмір» колледжін бітірген 25 миссионер жіберілген.

1994 жылы «Жаңа өмір» інжіл орталығында миссионерлік қызметтің негізі қаланды. 2000 жылы миссионерлер даярлайтын мектеп ашылды. 2001 жылы осы мектепті 27 адам, 2002 жылы 35 адам, 2003 жылы 36 адам, 2004 жылы 44 адам тамамдаған. Олар Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Моңғолияға дін таратуға жіберілген.

1994 жылы Орта Азия миссиясы ашылды. Дереккөзде былай делінген: «Казахстан имеющий стратегическое положение в Центральной Азии, является идеальным местоположением, где можно обучать и отправлять миссионеров в близлежащие страны, которые закрыты и ограничены для доступа Евангелии. В радиусе двух часов полета от Алматы проживает 88 народов, никогда не слышавших о Евангелии. Само население Казахстана весьма разнообразно представляет как минимум 100 народностей. В Алматы уже существует разнообразие этнических церквей, что может послужить хорошей моделью для будущей работы». Осындай ойлары бар бұл миссияның мақсаты:

- Орта Азия аумағында 100 шіркеу салу;
- Салынған шіркеулерге жаңадан миссионерлер мен қызметкерлер даярлау үшін оқу базасын күшейту;
- Жергілікті шіркеулердегі қызметке және миссионерлік іске жергілікті ұлт жетекшілерін даярлау;
- Жергілікті шіркеулерге евангелилендіру шараларын өткізуіне көмектесу;
- Қазақстан аумағындағы жергілікті шіркеулерде інжіл семинарларын өткізу;
- Биыл Қазақстанға және басқа көрші елдерге 10 шіркеу салу, 10 миссионер жіберу;
- Алматы облысының қалалары мен ауылдарына 50 шіркеу салу.



Мінеки, бұл – 15 жылдық тарихы бар орталықтың атқарған қызметі. Бір кездері «Қазақтың астанасы, орыстың баспанасы, ұйғырдың асханасы» болған Алматы бүгінде Орта Азияның евангелилендіру орталығына айналу үстінде.

Кімдер шоқынып жатыр? Тұрғылықты жері жоқ қаңғыбастар, жоқ-жітік, науқас, дімкәс, өмірден баз кешкендер, тағдырдың тауқыметін тартқандар. Бұларға тегін тамақ, таза киім беріліп, рухани қолдау көрсетіліп, қамқорлығына алған соң, оларды «осының бәрі – Иса Құдайдың ісі» деп сендіріп, шоқындырады. Ислам діні жөнінде хабары аз, сауаты жоқтар арақ ішіп, азып-тозып, кері кеткен кездерін мұсылман кезім деп есептейді. Бүгінгі түзелген күнін «құтқарылған шағым» деп санайды. Қазақтың құлағына жағатын «ұлт» ұғымын өз мақсаттарына тиімді пайдаланады. Осы шіркеуде 1997 жылы ашылған «Қазақ қауымы» бар. Әр жексенбіде тұрақты түрде 300-ден аса қазақ жиналады. Қазақстанның қалаларында 11 филиалы бар. Осы қауымда бес жылдан бері наурыз мейрамы тойланады. Мейрамның бағдарламасына қазақша ән-би орындау, киелі кітаптан уағыз оқу кіреді. Мұндағы қазақтар өздерін нағыз қазақпын деп санап, қазақ халқының атынан сөйлейді. «Иса қазақ болған» деп жүргендер де осылар. Ислам десе үрке қарап, кірпіше жиырылады. Бұлардың санасында исламды құбыжық санау қалыптасқан» [13, 26-б.], – деп жазды. Бұл мақаланы қазақ елінің қазіргі зары десек артық болмас. Өйткені тіл, дін, діл бірлігі бір халықтың ынтымақ тірегі екендігі тарихи шындық.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының рухын күйрету үшін оның Аллаға иманын әлсірету қажет. Өйткені ислам діні әр ұлттың рухани қорғаны екенін Африкада тәуелсіздік алған көптеген елдер мен өзінің еркін өмір сүру жолына күресіп келе жатқан мүміндер айғақ бола алады. Бұл жөнінде Сібір аймағындағы дінсізденіп, өздерінің ұлттық болмысынан айырылып, жойылып бара жатқан түркітөктес халықтар да куәлік береді. Сондықтан уақыттан ұтылмай жатып, халықтың ұлттық, имани санасының ояту тетігін таба білсек, қазіргі миссионерлік жойқын шабуылдарға төтеп бере аламыз. Өйткені қазақ халқы бүгінгі мен ертеңің өзі ойлауы қажет. Сөзімізді Ерлан Әбдірашитұлының «Шоқындыру жорығы» атты мақаласында келтірілген Кенияның тұңғыш президенті Джомо Кениатаның: «Миссионерлер Африкаға келгенде біздің жеріміз бар еді, ал олардың «Інжілі» бар еді. Олар біздің көзімізді жұмып қойып табынуға көндірді. Ақырында көзімізді ашқан кезде біздің жеріміз олардың иелігіне, ал «Інжіл» бізде қалды», – деген зерделі де өкінішті қорытындысын есте сақтай отырып, аталарымыз мың жылдан аса ұстанып келген ислам діні Отанымызға қорған екенін айтып аяқтаймыз.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Мырза Мұхаммед Айдар Дулати. Тарих-и-Рашиди. – Өзбекстан, Бируни атындағы Шығыстану институтының қолжазба қоры.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Мектеп, 1976. – 373 б.

3. Мырза Мұхаммед Айдар Дулати. Тарих-и-Рашиди. – Алматы: Тұран, 2003. – 616 б.
4. Мағनावият Юлдузлари / Баспаға дайындаған М.М. Хайруллаев. – Ташкент: Өбдолла Қадири, 1999. – 4-б.
5. Шейх Фәридеддин Мұхаммед Атгар Нишабури. Мантық-әт-тейір. / Баспаға дайындаған Сейіт Садық Гауһарин. – Тегран: Ғылым-фәрһанги, 1371. – 445 б.
6. Фазлолла Рузбиһан Хәнжи. Миһманнаме Бұхари / Баспаға дайындаған Пәнучеһр Сотуде. – Тегран: Тәржіма вә нәшір кітап, 1355. – 169 б.
7. Доктор Вәһаб Вәли. Йасауиша тариқаты Орталық Азиядан. Iran Shehakht жинағы. Иран Ислам республикасы, ТМД және Кавказ елдерінің ирантанушы қоғамы. – 1376 (1997). – 334 б.
8. Нүреддин Өбдірахман Жәми. Нәфәһат-ол-онс / Алғы сөз, түзету, қосымшасын жазған: Махмұд Абеди. – Тегран: Ителәһат, 1383. – 1214 б.
9. Ибн Батута. Сапарнаме. Екі томдық. I-том, үшінші басылым. – Тегран: Ғылыми-фәрһанги, 1361. – 879 б.
10. Рашидад-Дин Фазлоллах. Жами-ат-Тауарих / Түзеткен және Хашия жазған Мұхаммед Раушан, Мұстафа Мусави. Екі томдық. – Тегран: Алборз, 1373. – 1541 б.
11. Қожа Ахмет Йәсауи. Хикмет жинағы / Жинақты баспаға әзірлеген, алғы сөзі мен түсініктерді жазып, сөздікті және қазақша жолма-жол аудармасын жасағандар Мұхамедрахым Жармұхамедұлы, Мақсұт Шафиғи, Сәрсенбі Дәуітұлы; қазақша көркем тілге тәржімалаған Есенбай Дүйсенбай. – Алматы: Жалын, 1998. – 656 б.
12. Ахмет Йәсауи өмірі, шығармашылығы, дүниетанымы, өмірлік тәжірибелері: түрік тілінде / Құрастырған Мехмет Шекер, Неждат Йілмаз. – Ыстамбұл: Ұмыт, 1996. – 604 б.
13. Парламент назарына // Иман. – 2005. – № 2 (15).



### ҚҰРАН АЯТТАРЫ

Сүре аттары	Беті <sup>1</sup>
«Әл-Имран» сүресі	1, 4, 26, 38, 45
«Әл-Әзхаб» сүресі	2, 3, 55
«Әл-Фатиһа» сүресі	25, 42
«Әнғам» сүресі	10, 33
«Әһраф» сүресі	10
«Бақара» сүресі	2, 10, 34, 35, 49, 75, 78, 196
«Ғашия» сүресі	35
«Дұха» сүресі	35
«Жүсіп» сүресі	42, 44
«Зумәр» сүресі	44
«Инсан» сүресі	5
«Исра» сүресі	45
«Қариа» сүресі	35
«Маида» сүресі	3
«Мүлік» сүресі	2, 44, 70
«Нәба» сүресі	76
«Ниса» сүресі	68
«Нұр» сүресі	10
«Рәһд» сүресі	48, 49, 54
«Сад» сүресі	35, 41
«Саффат» сүресі	35, 70
«Сәба» сүресі	70
«Сәф» сүресі	4
«Тәубе» сүресі	3, 4, 21, 44, 51

<sup>1</sup> Тәжікстандағы Душанбе жазба деректер институтының колжазба қорындағы № 475 колжазба бойынша.

«Тәһрим» сүресі	187
«Уақиға» сүресі	6
«Һаж» сүресі	73
«Һұжырет» сүресі	49
«Шәһ» сүресі	58
«Шура» сүресі	3, 4
«Ясин» сүресі	106



## ЕСІМДЕР

Есімдер	Бегі
Аббас (баһадүр)	5, 51, 56, 57, 58, 80
Абдолкәрім	108
Абдолла мырза Ширази	118
Аға Сұлтан Сұлтаным	141
Адам	3
Айдеке	29
Айша хатун	61
Ақбұға	64
Ақтемір (баһадүр)	70, 80
Ақтемір	74
Аман Сәрбедал	72
Амансанжы	115, 126, 127, 132
Асан Сұлтан	99
Ат	101
Аушы би	73
Аһмет	4, 6
Әби-л-Аст	196, 197
Әбділшаһ	69, 70, 71, 72, 73, 74, 79, 80
Әбділшаһ Баһрам	65
Әбдірашид хан	187, 188, 189, 194, 200, 201
Әбтаһ шаһ	3
Әбу Ысқақ	63, 64
Әбубәкір Сыддық	4, 5
Әбубәкіргелді	57

Әбул жәһл	10
Әбу-л Мәали Термәзи	63
Әбу-л-Мұзафар Әбдірашид	8, 10
Әбілқайыр	115, 117, 128, 158
Әгіршақ	57
Әділ Мүмін	112
Әзіреті Қожа Насыреддин Ұбайдолла	134, 135, 152, 154, 159, 171, 178
Әзіреті Әли	10
Әлдішаһ	72, 74
Әли ибн Әбутәліп	5
Әлі Дәруіш	70
Әлі Миран	189, 191
Әлі Сейіт	195
Әлім Шейх	144
Әмзе	5
Әмір Әбділқұдыс	131, 141, 142, 152
Әмір Абдоләлі	158, 159
Әмір Ақбұға	71, 73, 80
Әмір Әлқисса	104
Әмір Әмид	29, 40, 43, 45, 48, 49, 52
Әмір Байан Солдыз	28, 30, 41
Әмір Бозруг Арханг	147
Әмір Болатшы	14, 15, 16, 31, 32, 60, 86, 87
Әмір Ғури	189
Әмір Дәуіт	48, 66
Әмір Жаку	45, 51
Әмір Жакуй	40
Әмір Жалаледдин	40
Әмір Жаппарберді	167, 168, 169, 170, 171

Әмір Зиаддин	146, 147
Әмір Ибраһим	121, 127, 147
Әмір Кәрімберді	115, 121, 127, 131
Әмір Қажы Барлас	24, 25, 26, 28, 29
Әмір Қажы Пір Күнжі	121
Әмір Қамареддин	60, 61, 65, 66, 67, 69, 71, 74, 76, 80, 81, 82, 83, 85, 87, 89
Әмір Қаражар	27
Әмір Мулад	74
Әмір Мұрат	51
Әмір Мұса	37, 62, 63, 80
Әмір Мүәиед	37
Әмір Нәжім	179
Әмір Сарыбұға	51, 71, 72, 73, 74, 80
Әмір Сейфеддин	40, 48, 51, 64, 78
Әмәр Сұлтан Әлі Жұрас	164
Әмір Темір	61, 81, 82, 83, 84, 85, 96, 107, 118, 119, 146
Әмір Торғай	25
Әмір Тұлан	81
Әмір Түлек	21, 34, 60
Әмір Үсейін	29, 30, 31, 32, 33, 39, 41, 42, 43, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 56, 57, 58, 59, 66, 67, 129, 47
Әмір Үшқара	76
Әмір Хұдайдад	60, 61, 67, 82, 83, 84, 85, 87, 88, 91, 92, 95, 101, 102, 103, 104, 105, 107, 110, 137
Әмір шейх Дулат	60
Әмірзада Жаһангер	65, 66, 67, 73, 76, 77
Әрран Туси	171
Әршәдеддин	8, 16, 19
Баба Сұлтан	190, 192, 195



Бабыр падишаһ	160, 162, 169, 177, 178, 179, 188, 189, 191, 202
Бабажақ	166, 170, 175
Бақыт Мәлік	78
Барақ хан	8
Барат қожа	79
Баһрам (жалайыр)	41, 69
Баязид	23, 28, 48, 70, 175, 176
Баян Темір	64
Бегей һәм Дәулетшаһ	44
Бекжақ	15, 23, 30, 31, 43, 44, 45
Бектемір	53
Бойдаш хан	117
Болат баһадүр	71, 72, 76, 77
Болат Бұға	50, 51, 53
Буруж оғлан	128, 129, 132, 135, 158, 199
Бұхари	16
Бұға солдыз	57
Бүзәнжер	10
Бұиан (күл)	122
Бұрындық	117
Герат пірі	10
Данешманд	74
Дәулет нигар	123
Дәулет сұлтан бегім	96, 160
Дәуіт	4
Дәуіт қожа	57
Дезек Бұлбұл	46
Делшад Аға	67, 68
Дос Мұхаммед	123, 124, 125, 126, 127, 132, 135, 136, 138, 139

Дулат	131
Дулат Сұлтан	147
Елшібұға	71, 72, 79
Есенбұға хан	10, 13, 14, 22, 89, 92, 109, 110, 111, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 126, 138, 164
Ескендір	3, 45, 175, 182, 183
Ескендір Зұлкарнайын	146
Ескендір оғлан	48
Жақыр	109
Жамал аға	124, 139, 140, 142
Жарас	21
Жауыршы	56, 57
Жаһангер	147
Жәбірейіл	4, 10
Жәмшид	1, 203
Жәнібек хан	117, 128, 161, 177, 189, 190
Жегірак	82
Жете патша	23
Жоғам Барлас	29
Жошы хан	128
Жүніс хан	109, 110, 111, 114, 116, 118, 119, 121, 122, 123, 124, 126, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 141, 142, 143, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 160, 161, 164, 173, 188, 195, 199
Жүсіп (пайғамбар)	70
Жүсіп	4, 68
Жүсіп кожа	45
Жүсіп Сыддық	42
Заһнақ	203

Зейнеп	197, 198
Зенде Чәшм	50, 53, 62, 64
Зинж-е	90
Ибрахим	10
Имин	48, 170, 180, 182, 193, 196
Иразан	119
Иразан барин	110, 111
Иса	4
Исан Дәулет бегім	121, 122, 130, 160
Исан Тайшы	98, 100, 115, 126, 127, 165
Итаршы	82
Ишан Мүлкег ата	95
Йарке Атаке	170
Йултемір	40
Кәлан	131
Кәми мұса	4
Кебек хан	8
Кейхсұрау	34
Кейхсұрау Хотлани	30
Кепек темір шереуіл	57, 59
Керей хан	117, 128, 161
Көкілташ	82
Көштемір Бекжакұлы	34
Күнжі (әмірлер)	82, 121
Қабылшаһ	47
Қадірберді	127
Қажы Маһмұд шаһ Иәсури	26, 28
Қажыбек	23, 53, 65
Қайдар	9, 10

Қарақол Аһмед	109
Қаракөз бегім	156, 159, 160
Қасым хан	117, 179
Қожа Асан (муридi)	101, 186
Қожа Аһмет	16, 22, 100, 101, 103, 108
Қожа Әлі	190, 191, 195
Қожа Баһаддин Нақышбанди	101
Қожа Баһаддин Маһмұд	187
Қожа Заһед	103
Қожа Қашғари	101, 103
Қожа Салбери	40
Қожа Тәжеддин Мұхаммед	171, 172
Қожа Фәхреддин	113, 114
Қожа Шәмсаддин	41, 55, 60, 67
Қожа Шәріп	92, 111, 113
Қожа Шәріп Қашғари	125
Құл Назар	138, 140
Құлтық	76
Құлтық Нигар	131, 133, 160
Құлтық Түркан Аға ханым	69
Қызыр қожа	61, 82, 83, 85, 87, 88, 89, 101
Қызыр Шаһ	137, 138
Ләйлі сұлу	194
Мақсұт Әлі	183
Мамаш хан	117
Мансұр хан	127, 166, 167, 168, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 180, 188, 196
Маһмұд хан	118, 130, 142, 145, 146, 147, 148, 151, 152
Мәулана Әршәддин	171

Мәулана Мұхаммед Аттар	125
Мәулана Хүрдәк Бұхари	57
Мәулана Шожаеддин Маһмұд	16
Мәуланзада Самарқанди	57
Мәлік баһадүр	50, 51, 54
Мәлік Мұхаммед	153
Мәлік ханым	63
Мәриям	4, 10
Мәжнүн	194
Мәһтүм ханым	100, 127
Меңлік	13, 14
Меһр Нигар	122, 131, 132, 133, 160
Мизраб	147
Мир аға	61, 82
Мирак	119
Миран	110, 111
Мұса	201
Мұхаммед (с.ғ.с.)	4, 5, 6, 62, 171
Мұхаммед Бек	80
Мұхаммед дәруіш	70
Мұхаммед Қайдар	88, 113, 123, 124, 125, 126, 132, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 145, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 157, 188, 191, 192, 204
Мұхаммед Қожа	50
Мұхаммед Сұлтан	78, 174, 181, 189
Мұхаммед Үсейін	88, 140, 145, 148, 152, 157, 159
Мұхаммед хан	89, 90, 101, 111
Мұхаммед шаһ	88, 107, 109, 110, 115, 182, 192

Мұхаммед барлас	192, 199, 201
Мырза Әбубәкір	124, 125, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 147, 152, 166, 167, 168, 170, 178, 179, 180, 182
Мырза Әлі кішік	116
Мырза Әлі Тағай	191, 193, 195, 196, 197, 198
Мырза Бабыр	118
Мырза Байсұңқар	162
Мырза Сейіт Аһмет	137
Мырза Сұлтан Аһмет	130, 132, 133, 134, 147, 148, 151, 152, 153
Мырза Ұлықбек	90, 92, 93, 94, 104, 108, 110, 111, 113, 118, 119, 120, 202
Мырза Шаһроһ	90, 91, 93, 110, 120
Нақыш-е Жаһан хан	89, 101
Нұх (пайғамбар)	52
Олжайту Әперді	48, 51
Омар ибн Хаттаб	5
Омар шейх	73, 74, 80, 124, 130, 131, 133, 134, 139, 151, 152, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 169, 172, 175, 199
Орын Сұлтан	123
Осман ибн Аффан	5, 106, 107
Осман мырза	153
Өртебура	85, 86
Өртөбе хан	14, 161
Өріс	73, 81
Перғауын	201
Пір Мұхаммед	78
Пір Хакберді	121
Рашид хан	117, 174, 181, 182, 189, 190, 191, 192, 193, 194, 195, 196, 197, 198, 199, 201

Салар оғлан	67
Сансыз мырза	123, 124, 126, 135, 136, 139, 146
Сариқ	34
Сатилмиш хатун	13
Сатуқ хан	107, 109
Саһибқыран	25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 7, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 53, 54, 56, 57, 58, 59, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 77, 78, 79, 80, 81
Саһиб Дәулет	168
Сейіт Аһмет	91, 92, 93, 111, 112, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 169, 172, 175, 199
Сейіт Мұхаммед	140
Сейіт Әлі	88, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 98, 99, 111, 112, 113, 114, 115, 121, 122, 123, 126, 135, 136, 137, 138, 142, 146
Сейіт тегі Мұхаммед қази	155, 156, 178
Сопы Мырза бекжек	172
Сұлтан Аһмет Танбал	175, 176
Сұлтан Әбусайд	115, 116, 118, 120, 122, 126, 129, 130, 132, 133, 146, 147, 152
Сұлтан Әлі	107
Сұлтан Кебек	125, 126, 132
Сұлтан Маһмұд	154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 165, 166, 167, 169, 175, 176, 177
Сұлтан Мәлік	111
Сұлтан Мәсуид Қабули	146
Сұлтан Мәхтұм ханым	159
Сұлтан Нигар ханым	147, 16
Сұлтан Рашид	88
Сұлтан Санжар	147



Султан Саид	166, 169, 170, 171, 172, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 181, 183, 185, 187, 188, 189, 190, 195, 196, 197, 198
Султан Уэйис	147
Султан Уэлад	153
Султан Үсейін	105, 106
Султан Ханым	124
Султан Хатун	100
Султан Хэлел	169, 171, 176, 177, 188, 190
Султан Саид хан	9, 88
Сүйініш Қожа хан	179
Сүйер Ғатмыш	107, 118
Сүйлеуман	3, 4, 39, 46, 51
Сүлеймен	46, 164, 165
Табан баһадүр	53, 54
Тастемір	14, 15
Таһир хан	117
Тәуекел ханым	83
Темір	114
Темір қожа	51, 56, 57
Темір Мырза	93
Темір өзбек	81
Термешырын	23
Тоғлық Қожа Қажыбек	34
Тоғлық Солдыз	34
Тоғлықтемір хан	7, 8, 10, 13, 14, 16, 18, 20, 22, 23, 28, 31, 32, 40, 59, 60, 82, 83, 86, 88, 89, 188
Тоқтамыш оғлан	81
Тұман аға	67
Тұрмыш	71, 72
Түмен күнжі	121

Түмен солдыз	70
Түркан арлат	69
Түркен	71, 72
Тіленші арлат	51, 53
Уәйіс хан	91, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 104, 107, 108, 109, 110, 119, 127, 187
Ұзын Сұлтан ханым	96
Ұлық Тоқтемір	23, 40, 43, 44
Ұлықпан Сұлтан	99
Үнді шаһ	57
Үсн Нигр	125, 136
Үшқара	37, 66
Фарһад Әперді	51, 53
Халтай баһадүр	71, 74, 80
Хан Назар	138, 139, 140
Ханберді бекжек	115
Ханзада бегім	160
Хафизеддин Кәбир	16
Хытай баһадүр	61
Хуб Нигар ханым	160
Һарун	201
Һаман	201
Һәмдәми	54, 72
Шағатай хан	14, 23, 47, 89
Шадике	95
Шайесте	111, 112, 113
Шарібек хан	87, 158, 159, 161, 162, 163, 166, 167, 175, 176, 177
Шарафеддин Әлі Йәзди	110, 111, 120
Шаһ Бегім	147, 160, 181

Шаh Бұдағ	158
Шаh хан	174
Шаh Исмаил Мерв	177, 179
Шәмh-е Жаһанхан	89, 101
Шейх Абдолла	147
Шейх әбу-л Ләйс Самарқанди	63, 64
Шейх Әлі	61, 74
Шейх Бұрханеддин	76
Шейх Жамал Хәр	129, 130, 131, 133, 135, 154
Шейх Жамаладдин	10, 17
Шейх Мұхаммед	41
Шейх Мұхаммед Солдыз	65, 69, 70
Шейх Нүреддин ибн Сарбұға	96
Шейх Саид Казеруни	196
Шейх Хәвәнд Тәһур	157
Шейбан	198
Шенкөм	34
Шенкүм ноян	52
Шер Әлі оғлан	90, 91
Шер Мұхаммед	90, 91, 94, 95, 96, 97, 101
Шереуіл	53
Шереуіл Дохтой	13, 14
Шир Баһрам	33, 34, 41, 45, 51, 53, 61
Шыңғыс хан	7, 16, 31, 85, 86, 91, 98, 128, 202
Ілияс	127
Ілияс Йәсури	78
Ілияс Қожа	30, 32, 40, 43, 45, 52, 59, 60
Ілияс Шаh	137, 138
Інжу Мәлік	14



### ЖЕР-СУ АТТАРЫ

Аби Шур	32
Адун кури (қорған)	62
Айкөл	18
Аксума	80
Ақ қияс	115
Ақар	50
Аксу	15, 16, 18, 20, 102, 112, 115, 121, 122, 124, 125, 126, 127, 136, 137, 138, 148, 149, 150, 166, 167, 168, 171, 172, 180, 182, 190, 196
Алабұға	115
Амуие (өзен)	57
Андехұд	71
Арафат	3
Арғашлар	66
Арпа иази (дала)	67
Арһәнг	33
Арыс	172
Атбасы	15, 67, 74, 115
Атақұм	77
Атруж	113, 114
Ахси	133, 134, 166, 167, 175, 176, 177, 190
Ахсикент	15
Әзірбайжан	120
Әндіжан	15, 93, 102, 112, 115, 116, 122, 130, 133, 134, 151, 154, 157, 162, 169, 171, 177, 178, 179, 184, 188, 191, 195, 199
Бағлан	59
Бадахшан	51, 82, 130, 141, 142, 146, 152, 157, 160, 176, 181
Бай	102, 112, 168, 170
Бақабұлаң	108

Балти	182
Бѳдах	32, 33
Бѳлх	57
Бѳлур	181, 182, 192
Бѳтѳма	5
Белжуан	34
Бѳһрин (қауым)	44
Бисутун (тау)	55
биш Кабада	98
Боғам	80
Бѳхара	16, 73, 163, 178, 179
Вѳхш (ѳзен)	29
Гѳрмсир	45
Герат	129
Даруға	100
Дѳрбѳнд-ѳ Аһѳнин	30
Жақшыман	15
Жаладан Пол-ѳ Сѳнгигѳ	34, 35, 37
Жалайыр	73
Жаркент	15, 102, 123, 124, 136, 137, 140, 142, 143, 147, 166, 180, 194
Жѳр (ѳзен)	159
Жейхун (ѳмудария)	25, 28, 30, 56, 59, 71
Жете ұлыс	74
Жетікент	122, 126, 176, 179
Жеһде	40
Жовейн қаласы	29
Жұлдыз жайлау	121
Заған	118
Ианги һисар	123, 124, 141, 166, 176, 180
Иѳзйд	120
Йѳсі	69
Ирак	83, 90, 107, 111, 116, 118, 120, 129
Йѳнгі	62, 94, 116
Канд-ѳ Бадам	50

Камияй	162
Карши	24
Касан	15
Кат	73
Катак	17, 18, 19
Кашмир	90, 182, 194, 199
Кабул	169, 177, 188
Кәһл	39, 41
Күнгеі бет	14
Керзеуан	71
Кермине	73
Кеш	24, 27, 26, 28, 39, 40, 56, 78
Көктөбе	65, 84
Көкінек	57
Көлкүт (тайпа)	29
Кулак	33, 41
Күкүт	100
Қағба	10
Қаддуғаш Иари	143
Қажыр (көл)	81
Қара қаңлық	97
Қара қожа	83
Қарақорым	16
Қарақыстақ	67
Қарасман (қорған)	63
Қаратоғай	128, 199
Қаратөбе	80
Қарашық (тау)	79, 80
Қаратегін	197
Қаршы	59, 69, 94
Қашғар	15, 21, 61, 116, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 132, 135, 136, 137, 138, 140, 141, 142, 143, 145, 146, 147, 148, 150, 151, 81, 82, 83, 91, 92, 102, 109, 111, 112, 113, 114, 154, 159, 166, 168, 177, 180, 181, 182, 183, 187, 192, 195, 196,

Қамула (құмыл)	171
Қалыш	177
Қозыбасы	117
Қойсу	115
Қусан	14, 15, 112, 168, 170, 171, 180
Құндыз	30, 32, 87, 130, 142, 148, 176, 177, 189
Құсан	102
Қыбымын (мекен)	43
Қыпшақ	73, 181
Қытай	83, 127, 171, 172, 180, 183
Лафәт	5
Луб Катак	83, 95, 100
Маңлай сүбе	14, 15, 112
Марғинан	134, 135, 162
Мауаранәһр	23, 28, 30, 31, 46, 83, 90, 114, 115, 116, 135, 158, 169, 178
Мәдина	105, 106, 197
Мазарат	15
Мәруа	3
Мекке	101, 102, 104, 105, 107, 196, 197,
Моғол	6, 7, 8, 10, 16, 19, 20, 22, 31, 32, 59, 60, 61, 64, 65, 71, 72, 74, 80, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 89, 91, 93, 94, 95, 97, 98, 101, 102, 103, 104, 108, 109, 110, 111, 112, 115, 116, 117, 120, 121, 122, 126, 127, 130, 132, 133, 134, 135, 143, 145, 148, 150, 151, 154, 156, 163, 164, 165, 166, 167, 169, 170, 179, 177, 179, 180, 184, 188, 189, 190,
Мыңбұлақ	98
Нәсәф	59
Нәхшәб	59
Отырар	79
Ош	152, 154, 157
Өзбек ұлысы	117
Өзбекстан	115
Өзкент	69, 81

Өрегебе	161
Пайтак	67
Пұтхана	10
Рабат	73
Рұм	83
Сайрам	62, 65, 115, 154, 181
Сали-Сарай	33, 48, 56, 58
Самарқанд	28, 30, 31, 45, 46, 56, 57, 59, 64, 65, 66, 69, 71, 72, 76, 77, 79, 81, 83, 93, 94, 95, 104, 108, 110, 111, 112, 113, 116, 118, 120, 130, 133, 154, 155, 156, 157, 159, 162, 163, 176, 178, 179, 189
Самғоз	15
Сарыұйғыр	15, 82, 96
Сәбзевар (уәлаяты)	29
Сәнгер иәғаш ( сегәз ағаш)	62, 76
Се Пайе	71
Сейһун (өзен)	50, 77, 128
Тайхан	32
Тараз	116
Тарбұғыр	14
Тарым	100
Тасарғы	40, 43
Ташкент	23, 45, 50, 95, 115, 129, 130, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 163, 164, 166, 167, 178, 179
Тәжік	19, 21
Тибет (тау)	180, 182, 183, 194
Тұрфан	15, 17, 83, 100, 114, 125, 126, 132, 169, 172, 174, 177, 180, 199
Түркат	100
Түркістан	1, 46, 47, 83, 95, 102, 115, 120, 128, 161, 181
Тұтлық	178
Үндістан	1, 56, 182, 199
Үш бәрхан	112



Фараиб	71
Фарман	67
Фарс	120
Ферғана уэлаяты	15, 115, 120, 130, 133, 151, 154, 155, 176, 177, 178, 179, 181, 189, 190
Хан ауласы	108
Хансалар	122
Харезм	70, 71, 82, 176
Хас	73
Хаст	142
Хатлан	33
Хисар	130, 160, 178
Хожент (өзен)	23, 45, 4650, 69, 155, 164, 176
Хозар	40, 41
Холжентке	28
Хораше	29
Хорасан	24, 25, 26, 29, 90, 94, 104, 105, 107, 116, 118, 120, 122, 129, 135, 146
Хоган	15, 17, 82, 100, 102, 137, 138, 139, 140, 180, 198
Хўзар	26
Хўсрау	176
Һазаре	74
Һәм Шахрохия	154
Һендукеш	30
Һибэт	100
Чалеш	125, 169, 172, 174, 177
Черчен	83
Шағатай (жўрты)	16, 22, 112
Шанакбўлақ	23
Шарын	65, 169, 177, 188
Шатыр (көл)	89
Шаһзада	73, 74
Шаһрсэбз	23, 28
Шаш	102, 120

Шираз	120
Шу	104, 117
Шұбартау	56, 58
Шынас (өзен)	50
Шынжыр (сарай)	69
Ыстықкөл	15, 80, 108, 112, 115, 121
Іле	99, 127
Урсанг	183, 194



### ТЕРМИНДЕР

Аб-е Пәрак	159
Адам сәфи	4
Адаш (дос)	145, 146
Арқанут (ру)	86
Атабек	189
Әбдал	124
Әмір әл-муминин	5
Бабулай (ру)	127
Бадам	193
Балшық (шайқас)	60
Барин әмірлері	115
Бәдір соғыс	196
Гәз (ағаш)	123
Гүрзі	75
Ғазауат (соғыс)	83, 127, 194
Ғазел	186
Дәруіш	124
Дулат (ру-тайпа)	65, 137
Ескендір айнасы	3
Жалайыр	23
Жаһаннам	8
Жәде тасы	51
Жәр (соғыс)	161
Жорас (тайпа)	115, 123
Жошы ұрпағы	116
Иллаһи	1, 2, 24, 34
Ислам (дін)	7, 8, 10, 20, 21, 22, 83, 89, 188
Итшыбын хафиз	172
Кәләм	6
Кәлла	72, 73, 89

Кәллал (кітап)	120
Керейт	61
Көк ешкі	15
Куфра өзбек	61
Қалмақтар	132
Қаңлы (тайпа)	23
Қарақанут (тайпа)	23
Қаһариан	75
Қоналқа (салт)	84
Құрейш тайпа	196
Қыпшақ	179
Қырғыздар	169, 191, 192
Лағли (лақап есім)	146
Маңлай рәсімі	23, 56, 65
Мәулана	16, 17, 19, 20, 21, 22
Мәкру	156
Мирханд	147, 154, 165
Жұмбақ	120
Намаздыгер	143
Обсерватория	90
Оштор Әбдал	95
Өзбек	8, 178, 192
Салай бегім (соғыс)	112
Сарышаян шоқжұлдызы	56
Сәуан	5
Селселат әл-арефин	155
Сопы	7
Тақуа	2
Тәуһид	7
Уәд	5
Ұлысбегі	60
Хандмир Һерәви	147, 165
Хатлан (әскер)	41
Хирургия	157
Һатәм	3

Ҳаримәлік	70
Шағатай	8, 23
Шағатай ұрпағы	173
Шемен (ауру)	81
Шолпан	1
Шолпан шертер	200
Шылаухана	84



## ӨЗГЕРТІЛМЕГЕН СӨЗДЕР СӨЗДІГІ

### БІРІНШІ ДӘПТЕР

*Көк ешкі* – Тас Темір елге жеткенде оның жалғыз сұр ешкісі қалған болатын. Сондықтан ол «Көк ешкі» лақабына ие болды [15-б.]. Қазақ тілінде мұндай балама түріндегі тіркес жоқ. Бірақ «көк байтал» тіркесін Жамбыл қолданған: «Көк байтал көрдің бе аттан қалысқан, ауыздықпен алдына алысқан».

*Күрте* [2-б.] – арасына мақта салып матадан не былғарыдан тігілген қысқы жылы киім.

*Шөл* [25-б.] – шөлейт, сусыз, ылғалы жоқ.

*Ұлыс* [26-б.] – рулық бірлестік, әулет.

*Ел* [30-б.] – жұрт, халық, қауым. Туған жер, өскен орта.

*Сал* [37-б.] – терен судан өту үшін бір-біріне байластырған бөрене кеспелтек ағаштар.

*Қарауыл* [37-б.] – нысана.

*Қосын* [40-б.] – жауынгерлер тобы, әскер. Жауынгерлер тұратын жер.

*Тас арығы* [40-б.] – тастан жасалған арық.

*Қол* [43-б.] – әскер, жасақ, жауынгер.

*Байрақ* [43-б.] – жалау, ту.

*Түркістан (Йәсі)* [46-б.] – Қазақстан Республикасындағы тарихи қала. Қ.А. Ясауи мазары қаланың рухани-мәдени өрісіне ерекше әсер береді. Сондықтан да Түркістан бүкіл түркілер үшін қасиетті қала болып саналады. Осыған орай Елбасының мақұлдауымен Түркістан қазақ елінің рухани астанасы болып жарияланды. ЮНЕСКО шешімімен 1500 жылдық тарихы 2000 жылы тойланды. Ол қалада түркітөктес халықтардың жастары білім алатын Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 1991 жылдан бері жұмыс істейді.

*Құрылтай* [47-б.] – көп адам қатысып, халықтық мәселелер қаралатын үлкен жиналыс.

*Той* [47-б.] – халық көп жиналатын, салтанатты, қуанышты мереке, мейрам.

*Елші* [49-б.] – мемлекеттер арасындағы жоғары рангтегі дипломатиялық өкіл.

*Жұрт (юрт)* [59-б.] – ел-жұрт, халық. Көшіп кеткен ауылдың, үйдің орны.

*Жарлық (ярлик)* [64-б.] – заң күші бар өкіметтің жоғары органының әмірі, қаулысы.

*Көктөбе* [65-б.] – мекен атауы.

*Сайрам* [65-б.] – Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында орналасқан аудан.

*Қарақыстақ (Қарақыстау)* [67-б.] – мекен аты.

*Аяқ* [68-б.] – жұмысты тыңғылықты істеп бітіру.

*Палас* [77-б.] – еденге төсейтін алуан түсті алаша тәрізді төсеніш.

*Ақсу* [80-б.] – мекен аты.

*Қаратөбе* [80-б.] – мекен аты.

*Олжа* [80-б.] – күтпеген жерде пайда болған көлемді табыс.

*Қошқар (қочқар)* [81-б.] – қойдың күйекке түсетін піштірілмеген еркегі.

*Көл* [81-б.] – айналасы тұйықталған су тоспасы.

*Құсшы* [81-б.] – құс салатын, құс аулайтын адам.

*Қымыз* [84-, 93-б.] – бие сүтінен ашытылып жасалған тағамдық әрі шипалық қасиеті мол, қышқыл дәмді сусын.

*Қоналқа* [84-б.] – қонып шығатын жер, түнейтін орын.

*Сауын* [84-б.] – сүт беретін, сауылатын мал.

*Кас* [84-б.] – кесе, шыны аяқ, пиала.

*Отырар* [85-б.] – Оңтүстік Қазақстан облысындағы ортағасырлық тарихи қаланың орны.

*Қор (қорамсақ)* [85-б.] – жебе салып жүруге арналған арнайы қалта.

*Тараз* [95-б.] – Қазақстанның оңтүстігіндегі ежелден келе жатқан қала. Жамбыл облысының орталығы. ЮНЕСКО-ның арнайы қаулысымен 2000 жылдық тарихына арналған той 2002 жылдың 25-26 қыркүйек күндері өтті.

*Шылау (жылау)* [99-б.] – ат басындағы жүгеннің шаужайы.

*Орамал* [103-б.] – бет және қол сүртуге арнайы жасалған төрт бұрышты мата.

*Көреген* [108-б.] – күйеубала, қазіргі кезде түрікмендер осылай атайды.

*Қоналқа* [113-б.] – қонағасы.

*Қазақ* – Қазақ хандығы 870 (1465–1466) жылы құрылып, 940 (1533–1534) жылға дейін өмір сүрді. Одан кейін жойылды [117-б.]. Қазақ хандығының құрылуы жайындағы автордың өзі нақтылап айтқандай, оның дұрыс не бұрыс екендігін бір Алла біледі. Қазақ хандығы қилы тағдырды бастан өткізіп, соңғы ханы Кенесары шәһид болған 1847 жылға дейін өмір сүрді. Одан кейін жалпыхалықтық ұлт-азаттық күресі басталып, «Алаш» ұлттық саяси партиясының құрылуымен жалғасты. Алаш қайраткерлерінің саяси күресі бүгінгі Қазақстан Республикасының территориясын қалыптастырып, мемлекет шекарасын бекітті.

*Жайлау (илақ)* – [121-б.] жазда жайлайтын, биік таудағы не шүйгін шөпті жазықтағы мал жайылымы.

*Жетікент (Итікент)* [122-б.] – мекен аты.

*Сансыз* [123-б.] – есебі жоқ, көп.

*Дәб* [138-б.] – аймақтық қолданыста (әдет-ғұрып).

*Қыстау (қышлақ)* [152-б.] – малшылардың мал қыстататын қысқы мекені.

*Дастарқан* [156-б.] – үстіне ас-тағам қою үшін жайылатын қалың мата.

Жатыс (ятыш) [160-б.] – жатқан қалып, күй.

Сүт Емген Баһадүр [164-б.] – батыр есімі.

Ұрық [202-б.] – аналық организмнің құрсағында өсіп-жетілетін ұрпақ.

### فرهنگ نامه مختصر

- کلمات و اصطلاحات قزاقی و اسامی شهر های قزاقستان در دفتر اول :
1. کوک اوچکو: کوک/سبز رنگ، اوچکو/بز./ ص 15/
  2. چول/شول/ : صحرای خشک و بی آب. ص/25
  3. الوس : قوم، طایفه. ص/26
  4. ایل : خلق، جماعت، قوم. زادگاه، وطن. ریشه قومیت، ملیت. ص/30
  5. سال : کلک: چیزی شبیه قایق که با چوب و تخته و چند خیک باد کرده درست می کنند و بوسیله آن از روی آب عبور می کنند. در عربی نیز کلک می گویند. در فارسی جاله هم گفته اند. ص/37
  6. قر اول : در اینجا معنی /نشان، رد/ منظور نظر است. ص/37
  7. قوشون : در قزاقی امروزی به صورت/قوسنن/ نوشته و خوانده می شود. /گروه نظامی، اردوگاه نظامی./ ص/40
  8. تاش اریغی /تاس ارنق/ نهر سنگی/نام مکانی است. ص/40
  9. قول : گروهان، لشکر. ص/43
  10. بیراق: /بایراق/: پرچم، لوا، بیرق، علم، رایت. ص/43
  11. ترکستان : یکی از شهرهای واقع در جمهوری قزاقستان است. در جنوب کشور در ایالت قزاقستان جنوبی قرار دارد. از اهمیت ویژه مذهبی و دینی برخوردار است. زیرا در آن شهر مقبره عارف بزرگ و بنام ترکستان بزرگ خواجه احمد یسوی واقع است. به طور تخمینی سال تولد وی 1103 میلادی و سال وفاتش 1228 میلادی می باشد. الله اعلم. زادگاه ایشان در شهر یسی نزدیک شهر ترکستان امروزی است. از این رو به یسوی مشهور است. کتاب خواجه احمد بنام /حکمت/ شهرت عام و خاص در بین ترکان دارد. و تا به امروز کارهای تحقیقی بسیاری در باره حیات و اثر معروف آن عارف پاکزاد به انجام رسیده است. از سویی بنای با شکوه ای که با فرمان و مدیریت امیر تیمور بر آرامگاه ایشان ساخته شده، اهمیت شهر ترکستان را دوچندان کرده است. به خصوص بعد از استقلال جمهوری قزاقستان در سال 1991 و اعلام این شهر به عنوان /مرکز روحانی و معنوی/ اهمیت آن در بعد جهانی مورد تایید سازمان جهانی یونسکو به تصویب رسید. با این اسم یعنی ترکستان در کتاب به کرات بر می خوریم .
  12. قورلتای: شورای عمومی نمایندگان اکثریت. ص/47
  13. طوی: جشن، عروسی. ص/47 و در صفحات مختلف.
  14. ایلچی:/ایلشی/ سفیر، نماینده مخصوص، قاصد، واسط، دلال. ص/49
  15. یورت:/جورت/ موطن، زاد بوم. ص/59
  16. یارلیغ/جارلنق/ فرمان یا حکم قانونی که از طرف رییس اول کشور صادر می شود. ص/64
  17. کوک توبه: /کوک- سبز رنگ، /توبه – تپه، بلندی/ موضع کوک توبه شهر آلماتی قزاقستان شهره خاص و عام است. امروزه مکان سیاحت سیاحان است. آیا با کوک توبه مذکور در کتاب مطابقت دارد یا نه ؟ بر ما معلوم نیست. ص/65
  18. سیرام /سایرام/ شهری است واقع در ایالت قزاقستان جنوبی. ص/65
  19. قزاقستانق:/قزاقستاو/ نام مکان. و به معنی /پناهگاه زمستانی بزرگ. ص/67
  20. ایباق: خدمتگذار، خدمت کردن. /ایباچی- خدمتکار، ساقی./ ص/68
  21. پلاس:/پلااس/ نوعی فرش شبیه گلیم. ص/77
  22. آق سو: نام مکان. به معنی: آب صاف، شفاف و سپیده رنگ. ص/80



23. قرا توبه: نام مکان. /قرا - سپاه، سپاه گون/ توبه - تپه، بلندی. /ص/80
24. الجه: /اولجا/ غنیمت جنگی، سود باد آورده. /ص/80
25. قوچقار: /قوشقار/ گوسفند نر اخته نشده. قوچ. غوچ. /ص/81
26. کول: دریاچه. /ص/81 و در صفحات مختلف.
27. قوسجی: /قوسشی/ شکارچی، شکارگیر، صیاد پرندگان. /ص/81
28. قمیز: دوغی که از شیر مادیان تهیه می شود. تا امروز همچنان از نوشیدنی های معمول و محبوب در بین قزاق هاست. /ص/84 و دیگر صفحات.
29. قونالغه: محل فرود مهمانان، اتراقگاه. /ص/84
30. ساوین/ساوین/ گاو شیرده. /ص/84
31. کاس: /کاسه/ پیاله /ص/84
32. اترار: در گذشته های تاریخی از شهر های بنام بوده است. در سنگ نبشته های معروف به اورخون-بینسی و آثار یعقوبی، طبری و مقدسی با اسامی دگرگونه از اترار یاد می شود. تربند و فاراب از نام های قدیمی آن شهر است. از اترار علما و ادبای بسیاری برخاسته اند. که یکی از برجسته ترین آنها فیلسوف بزرگ ابو نصر فارابی (950 - 870) بوده است. در 1218 میلادی به فرمان خیر خان حاکم شهر اترار و نماینده محمد خوارزمشاه یک گروه پانصد نفری از تجاران چنگیز خان را به قتل می رساند. این واقعه انگیزه ای برای چنگیزخان برای حمله به مناطق کدایی می شود. حمله مغولان به اترار در سال 1219 میلادی آغاز حملات مغولان به آسیای مرکزی و ایران و دیگر مناطق جهان بود. شهر در حملات تهاجمات مغول ها به دست نیروهای جنگی چنگیزی ویران شد. کم و کیف واقعه اترار هنوز که هنوز است باید به دقت مورد مطالعه و تحقیقی جدی تر و عمیق تر قرار گیرد. بعد از ویرانی حملات مغول ها شهر دو باره آباد شد. زیرا یک سیاح ارمنی در نوشته های خود به سال 1255 میلادی از اترار به عنوان یکی از شهر های بزرگ کناره های رودخانه سیحون (سیر دریا) یاد می کند. یک تاجر فرانسوی نیز در سال 1320 میلادی در نوشته های خود اترار را در ردیف یک شهر بزرگ جهان قلمداد می کند. مرگ امیر تیمور جهانگشا (1405- 1336) در آن شهر، چهره تاریخی اترار را بر جسته تر نشان می دهد. بعد از مرگ امیر تیمور شهر در پی کشمکش های سیاسی و پی آمد های جنگی آن برای حاکمیت در منطقه بین جانشینان تیموری، شییبانی ها و خانات قزاق به ویرانه بدل گشت. امروزه محل تاریخی شهر اترار در جنوب جمهوری قزاقستان در محدوده ایالت قزاقستان جنوبی واقع است. و تحت حمایت دولت توسط باستان شناسان بومی و خارجی کندوکاو علمی آن همچنان ادامه دارد. و تا به امروز به نتایج بسیار با ارزشی که می تواند زمینه های جدیدی برای تحقیقات علمی باشد دست یازیده است. /ص/85
33. قور: /قورماساق/ کمانچوله، کماندان، ترکش، تیرکش، تیردان. /ص/85
34. قمیز: این نوشیدنی که از شیر مادیان تهیه می شود، علاوه بر رفع تشنگی، خاصیت درمانی دارد. و برای درمان بسیاری از بیماری ها مورد استفاده عوام الناس است. قمیز به عنوان نوشیدنی مفید جزو مصرف روزانه اهالی قزاقستان است. /ص/93
35. طراز: /تراز/ تالاس: امروزه مرکز ایالت جامبول در منطقه جنوبی قزاقستان است. از اهمیت خاص تاریخی و فرهنگی بر خوردار است. بعد از اعلام استقلال جمهوری قزاقستان در سال 2002 میلادی با تأیید و تصویب سازمان یونسکو جشن دو هزارمین سالگرد بنای شهر تراز برگزار شد. در جشن مذکور نمایندگان سیاسی و فرهنگی جمهوری اسلامی ایران شرکت فعالانه ای داشتند. و رایزنی ج.ا. ایران کتابچه ای با نام /شهر تراز در آیین شعر فارسی/ به عنوان هدیه به جشن منتشر نمود. که در آن ابیات مربوط در وصف ویژه گی های شهر تراز در اشعار شاعران پارسی گوی توسط مولف این سطور گرد آوری شده بود. از شاعرانی که در شعرشان به وصف ویژگی تراز پرداخته بودند، می توان رودکی، فردوسی، اسدی طوسی، خاقانی، گرگانی، فرخی و سوزنی سمرقندی را نام برد. تراز در قزاقستان اولین شهری است که در آن مسجد بنا شد. به نوشته ابوبکر محمد بن جعفر النرشخی در کتاب /تاریخ بخارا/ اسماعیل ابن سامان در سال 893 میلادی مسجدی برپا کردند. نرشخی چنین می نویسد: /چون خیر وفات امیر نصر به امیر المومنین معتضد بالله

رسید منشور عمل ماوراءالنهر به امیر اسمعیل بداد، در ماه محرم به تاریخ دویست و هشتاد، و وی به همین تاریخ به حرب به طراز رفت، و بسیار رنج دید. و به آخر امیر طراز بیرون آمد، و اسلام آورد با بسیار دهقانان، و طراز گشاده شد. و کلیسای بزرگ را مسجد جامع کردند. و به نام امیر المومنین معتضد بالله خطبه بخواندند. ص-118 تاریخ بخارا/. از طراز مولف کتاب /تاریخ جهانگشای/ عطا ملک جوینی هم دیدن کرده است. و در کتاب /هفت اقلیم/ محمد امین رازی از شهر طراز یاد می شود. ص/95

36. جلاو: /شنلاو/ افسار. ص/99

37. جلد: /جولده/ پاداش، جایزه، انعام. ص/99

38. روی مال: /ورامال/ دستمال ص/103

39. گورگان: /کوره که ن/ این کلمه تا به امروز در معنای /داماد/ در بین ترکمن ها رایج است.

ص/108 و در دیگر صفحات کتاب به کرات آمده است. ص/108

40. قونالغه: /قوناغاسی/ در اینجا به معنی/ضیافت، مهمانی/ است. ص/113

41. قزاق: /ابتدای دولت سلاطین قزاق از سال هشتصد و هفتاد ( 1466 - 1465) بوده. والله اعلم. تا نهمصد و چهل ( 1534 - 1533 ). بعد از آن سال قزاق بالکلیه مستاصل شد. / مولف کتاب همان طوری که خود اقرار کرده و می گوید: /الله اعلم./ به حق منصف است. چون آنچه را شنیده می نویسد، خود به چشم ندیده که آن را به تحقیق حتم دانسته بنویسد. چون بر ما و بر تاریخ معلوم است، آخرین خان قزاق /کنساری خان/ در سال 1847 قربانی توطئه تزار روسیه شده و به دست، دست نشانندگان قرقیزیش به قتل رسید. پس از آن واقعه حاکمیت خانان منطقه ای قزاق و حاکمیت دست نشانده های محلی در سرزمین قزاق حاکم شد. از اوایل قرن بیستم جنبش نیروهای آزادی خواهان قزاق در تشکل های مختلف بر علیه حاکمیت استعمار روسیه تزاری به فعالیت پرداختند. و در جریان مبارزات آزادیخواهانه تجربیات زیادی در امور سیاست بین المللی کسب کردند. در نتیجه موفق به ایجاد حزب آلاش شدند. و در سال های 1917-1920 دولت مستقل /آلاش اوردا/ توانست امتیازات سیاسی و فرهنگی قابل توجه ای به نفع ملت نو پای قزاق از حاکمیت جدید روسیه شوروی به دست آورد. یکی از مهم ترین آن مشخص کردن مرزهای امروزی جمهوری قزاقستان است. که خود زمینه ای شد برای کسب و احقاق حقوق ملی قزاق ها و تشکیل دولت جمهوری سوسیالیستی قزاقستان. امروزه جمهوری قزاقستان بعد از اعلام و کسب استقلال در شانزدهم دکابر 1991 میلادی با مساحت 9. 2724 کیلو متر مربع از نظر وسعت جغرافیایی نهمین کشور دنیا و بزرگ ترین کشور آسیای مرکزی است.

و جمعیت آن قریب هفده میلیون می باشد. ص/117

42. بیلاق: /جایلاو/ چراگاه تابستانی. ص/121

43. یتی کنت: /جتی کنت/ هفت ده، هفت شهرک. ص/122

44. سانسز: نام شخص. معنی لغوی آن/ بی شمار، نامحدود. ص/123

45. داب: کاربرد محلی دارد. به معنی/آداب و رسوم/. ص/138

46. قشلاق: /قستاو/ پناهگاه زمستانی. ص/152

47. دستارخوان: سفره. ص/156

48. یاتیش: /جاتئس/ حالت خوابیده، وضعیت دراز کشیده. ص/160

49. سوت ایمکان بهادر: نام یکی از بهادران. معنی لغوی/ شوت ایمکان - شیر خورده/ ص/164

50. اوروغ: نسل، تخم ولد. تخم، دان. ص/202

51. کرتته: جلیتغه، نیمتنه. ص/



«ТАРИХ-И РАШИДИ» ЕҢБЕГІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН  
ТҮРКІ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АУДАРМАСЫ

БІРІНШІ ДӘПТЕР

شعر ترکی:

قیسی گلشن نینگ یوزونگ دیک بیرگل رعناسی بار  
قیسی گل نینگ بیرمینینگ دیک بلبل شیداسی بار  
حور بیرله جنت الماوانی کونگлом نیلاسون  
یارنینگ کو بیده یوزمینگ جنت الماواسی بار  
یوزی اوزره کامل و زلفین پریشان کورگالی  
ای سعید آشفته کونگлом نینگ عجب سوداسی بار [6-185].

Бақшада өскен гүлдің қайсысы саған тең келер,  
Сайраған мыңдаған бұлбұл қайбір гүлде бар екен?!  
Көңіл жаннаттың алма бағын хурмен бірге не қылсын,  
Жар ауылында жүз мың жаннаттың алма бағы барында  
Толық айдай жүзін, желпілдеген шашын көргелі,  
Әй, Саид, абыржаған көңілім – іңгәрліктің тұтқыны.

وله ایضا- برد الله مضجعه - :

شکر لله حالتیم ظاهر بولوبتور یارغه  
ایمدی بار آیینده اوزنی کورسانگ اغیارغه  
سیر اوچون گیرسه گلستان ایچره اول سرو روان  
بنده بولسون سرو آزاد اول قد و رفتارغه  
غصه دین فان یغلاسام عیب ایتمانگیز زارنی  
بس کیلا المام تمامی بو دیده خونبارغه [6-186].

Әлһамдулла, жағдайыма жар қанықты,  
Өзін көрсең, өзгелерге танытты.  
Бақ ішіне кербез қайынды көрейін деп кірсе егер,  
Бойшаң қайың оның жүрісіне құл болар.  
Құсадан қан жыласам, айып етпеңіз, зарына,  
Қан жылады ұзақ уақ келе алмаған жарына.

ايضاً :  
عهد قىلدىنگ كه وفا قىلغاي سين  
يوق كه جانيمغه جفا قىلغاي سين  
اتماسين غمزه اوقى بىرله منى  
قورقادو رمين كه خطا قىلغاي سين  
منكا دير سين كه وفا قىلغوم دور  
ايلكا قىلغانچه مينكا قىلغاي سين [6-186].

Уәде еттің, опа етіп жүргейсің,  
Жаныма жапа етіп жүрмегейсің.  
Назды оғыңмен мені атпағайсың,  
Қорқамын, қате атып кеткейсің.  
Маған опа қылам деп айтқансың,  
Елге қылғаныңды маған неге қылмайсың?!



## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Қазақ тарихының дерекнамалары .....	7
«Зафарнама» .....	7
«Бабырнама».....	9
«Шейбанинама» .....	17
«Мехманхана Бұхара» .....	21
Мырза Айдар Дулаттың өмір жолы.....	27
Қазақ хандығы және «Тарих-и Рашиди» кітабы.....	72
«Тарихи-и Рашидидің» көркемдік табиғаты .....	74
«Тарих-и Рашиди» еңбегінің аудармалары һәм қолжазба нұсқалары жайында әңгіме.....	93
Кіріспе.....	98
1-әңгіме. «Тарих-и Рашидидің» басталуы.....	107
2-әңгіме. Тоғлықтемір ханның бастапқы ахуалы.....	110
3-әңгіме. Тоғлықтемір ханның ислам дінін қабылдауы .....	112
4-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. Тоғлықтемір ханның Мауараннәһр аймағына жорығы жайлы .....	116
5-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. Саһибқыранның әмірлермен мәжілісі және оның Жейһун жағалауынан оралуы, сондай-ақ Тоғлықтемір әмірлерімен кездесуі жайлы .....	117
6-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. Тоғлықтемірдің Мауараннәһр өлкесіне екінші жорығы туралы.....	120
7-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. Тоғлықтемірдің өз ордасына оралуы туралы.....	122
8-әңгіме. Ілияс қожа хан туралы.....	124
9-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. Әмір Үсейін мен Әзірет Саһибқыранның Тайханға және Бадахшанға жорығы әрі олардың падишаһларымен бейбіт келісімге келуі жайында.....	125
10-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. Әзірет Саһибқыранның Пол Сэнгин жағалауынан ұрысқа шығуы және Жете әскерінің кейін шегінуі туралы .....	128
11-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. Саһибқыранның көрген түсі, ондағы жақсылық нышаны және оның Ілияс Қожа ханмен шайқасуға ниеті туралы.....	131
12-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. Әмір Үсейін мен Әмір Темірдің Жете әскерімен шайқасы және олардың жеңісі туралы .....	133
13-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. Әмір Үсейін мен Саһибқыранның Қаболшаһ оғланды хан сайлау жөнінде шақырған құрылтайы туралы .....	137
14-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. «Балшық соғысы» туралы әңгіме және оның ерекшеліктері.....	140
15-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. Жете әскерінің Самарқандты қоршауға алуы.....	147
16-әңгіме. Ілияс Қожа ханның ісі аяқталуы және ол дүние салғаннан кейінгі болған оқиғалар әрі әмір Қамареддиннің такка отыруға жүргізген күресі туралы .....	149

17-әңгіме. Қамареддиннің өмірі жайында .....	151
18-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. Саһибқыранның Жете аймағына, яғни Моғолстанға үшінші жорығы туралы .....	154
19-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. Өзірет Саһибқыран мен Делшад Ағанын үйлену тойы .....	157
20-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. Өзірет Саһибқыранның Хarezмге үшінші рет жорығы және Сарбұға, Әділшаһ пен Баһарам Жалайыр бүліншілігі салдарынан жол ортасынан қайта оралуы .....	160
21-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. Өзірет Саһибқыранның Жетеге, яғни Моғолстанға төртінші рет жорығы жайында әңгіме .....	163
22-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. Ханзада Жаһангердің қайтыс болуы жайында ...	166
23-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. Саһибқыранның әскерін Қамареддинге қарсы жорыққа аттандыруы жайында әңгіме .....	168
24-әңгіме. «Зафарнамадан» үзінді. Өзіреті Саһибқыранның көк тектес әрі жұлдыздай самғаған әскерімен Жете, яғни Моғолстанға бесінші рет жорыққа шығуы жайында .....	170
25-әңгіме. Әмір Қамареддин ісінің аяқталуы жайында .....	171
26-әңгіме. Қызыр хан Тоғлықтемір хан ұлының өмірінің алғашқы кезеңі жайында ...	172
27-әңгіме. Мұхаммед хан жайында әңгіме .....	177
28-әңгіме. Шер Мұхаммед хан бин Мұхаммед хан жайында .....	179
29-әңгіме. Уәйіс хан өмірінің бастапқы кезеңі жайында .....	180
30-әңгіме. Әмір Сейіт Әлі және оған қатысты әңгімелер .....	181
31-әңгіме. Шер Мұхаммед хан мен Уәйіс ханның арақатынасы жайында .....	184
32-әңгіме. Уәйіс ханның хандығы жайында .....	185
33-әңгіме. Құдайдад әмірдің Меккеге қажылық сапары және өмірінің соңғы күндері жайлы .....	188
34-әңгіме. Уәйіс ханның шейіт болуы жайында .....	191
35-әңгіме. Уәйіс хан шаһид болғаннан кейінгі оқиғалар .....	193
36-әңгіме. Жүніс хан мен Иразанның Самарқандқа Мырза Ұлықбектің жанына баруы .....	194
37-әңгіме. Иразан жеңілгеннен кейін Есенбұға хан Ибн Уәйіс ханның хандық құруы жайында .....	195
38-әңгіме. Әмір Сейіт Әлінің Қашғарды алуы жайында .....	196
39-әңгіме. Есенбұға ханға әмірлердің қарсылық көрсеткен күндерінен .....	198
40-әңгіме. Жүніс хан хандығының бастапқы кезеңі жайлы .....	201
41-әңгіме. Жүніс ханның өмірі жайында толығырақ әңгіме .....	202
42-әңгіме. Жүніс ханның Моғолстанға келуі .....	204
43-әңгіме. Сансыз Мырзаның әкесі Әмір Сейіт Әлі қайтыс болған соң Қашғарда билік жүгізуі және оның соңғы күндері жайында .....	206
44-әңгіме. Дос Мұхаммед ханның хандық етуі жайында .....	207
45-әңгіме. Жүніс ханның Мырза Сұлтан Әбу Саидтан екінші рет қайтып оралуы туралы .....	209
46-әңгіме. Дос Мұхаммед ханның өлімінен кейінгі оқиғалар, Жүніс ханның билік құруы, Буруж Оғлан ибн Әбілқайыр хан Өзбектің өлтіру тарихы жайында .....	211
47-әңгіме. Шейх Жамалдың оқиғасы және Жүніс ханның оның қолына тұтқынға түсуі жайында .....	213

48-әңгіме. Шейх Жамал Хәр өлтірілгеннен кейін Жүніс хан мен Мауараннәһр билеушілері арасындағы оқиғалар .....	215
49-әңгіме. Мұхаммед Айдар Мырзаның Қашғарда билік жүргізуі жайында .....	218
50-әңгіме. Әбубәкір Мырзаның билік жүргізуі және өмірінің бастапқы кезеңі жайында .....	219
51-әңгіме. Хотан мырзалары .....	220
52-әңгіме. Мырза Әбубәкірдің Хотанды алуы және Хотан мырзаларын өлтіруі .....	221
53-әңгіме. Әбубәкірдің Мұхаммед Айдар Мырзаға жасаған айласы және Мұхаммед Айдар Мырзаның оның құрған торына түсіп, өз әмірлерінен айырылуы .....	222
54-әңгіме. Жүніс ханның Мұхаммед Айдар мырзаға көмек беруге әрекеттенуі және Мырза Әбубәкірмен соғысып жеңілуі .....	224
55-әңгіме. Жүніс ханның Мұхаммед Айдар Мырзаға жәрдем беру үшін Жаркентке екінші рет жорыққа шығуы және Мырза Әбубәкірден жеңілуі .....	226
56-әңгіме. Жүніс хан баласы Сұлтан Маһмұд ханның өмірінің бастапқы кезеңі .....	228
57-әңгіме. Жүніс хан мен Мұхаммед Айдар Мырза арасындағы Аксуда болған соғыс және қатты қақтығыстар жайында .....	230
58-әңгіме. Мұхаммед Айдар Мырзаның Қашғарға, Мырза Әбубәкірге жорығы және оған тұтқынға түсуі .....	233
59-әңгіме. Жүніс ханның және Моғол ұлысының Ташкентке келуі. Сұлтан Аһмет Мырза, Омар Шейх Мырза және Сұлтан Маһмұд хан арасындағы келісім .....	234
60-әңгіме. Жүніс ханның істерінің аяқталуы .....	237
61-әңгіме. Сұлтан Аһмет Мырза мен Сұлтан Маһмұд хан арасында Жәрде болған шайқас .....	238
62-әңгіме. Сұлтан Маһмұд хан мен әкем Мұхаммед Үсейін Көрегеннің (Алла қабірін нұрландырғай) туыстығы .....	240
63-әңгіме. Сұлтан Маһмұд ханның Ташкентті билеп тұрған кезіндегі оқиғалар және оның күйреуі мен өмірінің соңғы күндері .....	242
64-әңгіме. Сұлтан Аһмет хан жайында .....	244
65-әңгіме. Мансүр хан жайында (Алла оның күнәларын кешірсін) .....	247
66-әңгіме. Мансүр ханның ұлы Шаһ хан жайында .....	252
67-әңгіме. Сұлтан Аһмет ханның ұлы Саид хан жайында .....	253
68-әңгіме. Сұлтан Саид ханның мақтан етерлік қасиеті және ерекше мінезі .....	259
69-әңгіме. Сұлтан Саид хан ұлы Әбдірашид хан жайында .....	263
70-әңгіме. «Тарих-и Рашидидің» бірінші кітабының аяқталуы жайында .....	272
Ислам өркениеті және түркілер .....	274
Алтын Орда – Қазақ хандығының бастапқы кезеңі .....	280
Түркістан .....	286
Әмір Темір .....	288
Бабыр және әулеттерінің алтын дәуір империясы .....	296
Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр .....	297
Нәсиреддин Һұмаюн шаһ .....	306
Ақбар шаһ .....	309
Нүреддин Сәлим Жаһангир .....	312
Шаһ Жаһан .....	315
Сәфилер династиясы .....	318

Мырза Айдар (Қайдар) Дулаттың исламдық дүниетанымы.....	321
Құран аяттары.....	331
Есімдер.....	333
Жер-су аттары.....	346
Терминдер.....	353
Өзгертілмеген сөздер сөздігі. Бірінші дәптер .....	356
«Тарих-и Рашиди» еңбегінде кездесетін түркі өлеңдерінің қазақ тіліндегі аудармасы. Бірінші дәптер .....	361



*Мұхаммед Айдар Дулат*

## **ТАРИХ-И РАШИДИ**

### **1-кітап**

Редакторы *А. Ермаханова*  
Компьютерде беттеген *Т. Есжанов*  
Мұқабасын безендірген *Я. Горбунов*

Мұқабаны безендіруге Нұржан Қарымсақов салған сурет пайдаланылды

**ИБ № 13200**

Басуға 18.11.2019 жылы қол қойылды. Пішімі 70х90<sup>1</sup><sub>[16]</sub>  
Көлемі 22,9 б.т. Тапсырыс № 8094. Таралымы 200 дана.

Сандық басылыс. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71  
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды